

94

95-97

**Ж.Б.Аширбекова, Л.Т.Қожакеева, А.Т.Қаипбаева,
Е.Т.Берлібаев, А.А.Нұрмұхамбетов,
К.М.Рүстем, А.Е.Абдиханова**



**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА
550 ЖЫЛ:
ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ**

УДК 94(574)(0 75.8)

ББК 63,3(5 Қаз) я 73

К17

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Ғылы
кеңесі ұсынған.*

А в т о р л а р ұ ж ы м ы:

Ж.Б.Аширбекова, Л.Т.Қожакеева, А.Т.Қаипбаева, Е.Т.Берлібаев,
А.А.Нұрмұхамбетов, К.М.Рүстем, Абдиханова А.Е.

Пікір жазғандар:

Құдайберген Ә.Н. - тарих ғылымдарының докторы, профессор
Төлебаев Т.Ә. - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қ17 Қазақ хандығына 550 жыл: тарихы мен тағлымы. Оқу.

Ж.Б.Аширбекова, Л.Т.Қожакеева, А.Т.Қаипбаева, Е.Т.Берлібаев,
А.А.Нұрмұхамбетов, К.М.Рүстем, Абдиханова А.Е. – Алматы: «
Баспасы, 2016. – 320 б. ISBN 978-601-224-728-2

Қазақ хандығының мемлекеттілігін айшықтау бүгінгі Тәуел тарихымыздың ең өзекті мәселесі. Оқулықта қазақ халқының ұлттық сипатта мемлекеттілігінің тарихи тамырының терең бойлағандығы, көне дәуірден бас алатындығы дереккөздер негізінде дәйектеледі. Байырғы сақ, ғұн, үйсін, кан тайпалық бірлестіктер қауымдастығы заманынан бүгінгі күнге дейін болған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, үдерістерді, тарихи заңдар мен заңдылықтарды аша отырып, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясымен тарихи сабақтастық тұрғыда тұтас қарастырылады. Кітаптың мазмұны кең ауқым дереккөз қорына негізделген және оқытудың бүгінгі күнгі талаптарына сәйкестендіріліп, Отан тарихы ғылымының соңғы жетістіктері ескеріліп толықтырылған.

Танымдылық мазмұны бар аталмыш оқулық жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына және оқытушылардың педагогикалық әрекетінде пайдалануға арналады.

УДК 94(574)(0,75.8)

ББК 63,3(5 Қаз) я 73

ISBN 978-601-224-728-2

© «Полиграфия-сервис и К^о» баспасы, 2016

© Алматы, 2016

«Хандықтың құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көксактардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің кара шаңырағын атажұртта сақтап қалған қазақ»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен Қазақ хандығы құрылуы Ұлы дала елінде ежелгі сак дәуірінен бастау алып, түркі халықтары тарихымен ұштасып жатқан, ұзақ мерзімді қамтыйтын қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті қазақ хандығының құрылуына жол салды. XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығына дейін үш жарым ғасырлан астам өмір сүрген хандық дәуір қазақ тарихында қазақ мемлекетінің қалыптасуында өзіндік тарихи тағылымы терең тәлімдік маңызды кезең.

2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы болып тарихта қалды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылдың 11 қарашасында Қазақстан халқына арналған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында Қазақ хандығының 550 жылдығы тарихын лайықты атап өту мен насихаттау Жана Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие өзекті мәселе екендігін атап өтіп, аса маңызды мемлекеттік маңызы бар шараның басталуына жол салып берді. Қазақ хандығының тарихы, түркі халықтары тарихымен ұштасып жатқан, ұзақ мерзімді қамтитын Отандық негіздегі ғылым саласы. Қазіргі кезеңде Қазақстан тарихы бойынша біршама оқулықтар жарық көрсе де, еліміздің тарихының әлі де болса, жете қарастыратын қалтарыстары баршылық. Аталған мәселелерді басшылыққа ала отырып осы оқулықта бұрын сынаржак қарастырылып келген тарихи оқиғаларға жаңаша баға берумен қатар, Қазақстан тарихының кезінде жазуға тиым салған «актаңдақ» беттерін бүгінгі биік талаптар тұрғысынан саралап

қарастыруды мақсат еттік. Оқулықта Отанымыздың қазақ хандығы пайда болуымен даму тәжірибесін жан-жақты шежіре-баянның жүйелеп, ғылыми-танымдық тұрғыда оқырман назарына ұсынуға алғашқы қадам жасалды. Сондай-ақ халқымыздың тарихын жастардың зердесіне құйып, оларды осы тарихтың тағлымымен таныстырудың, әсіресе ЖОО-да оқып жүрген студенттердің тарихи санасын бүгінгі талаптар тұрғысынан қалыптастыруда белгілі-бір үлес қосады деген ойдамыз.

Оқулықты жазуда мына мәселелер басшылыққа алынды: Қазақ жерінде қалыптасқан тайпалық одақтар мен мемлекеттердің қызметімен қазақ хандығының пайда болуы мен дамуын кешенді тұрғыда қарастырылды. Оқулықтағы материалдар қоғамдық-саяси ойлардың қалыптасуы қоғамның экономикасымен идеологиясы дінімен, құқықтық білімімен тығыз байланыста болатынын көрсетеді және белгілі қоғамдық, саяси қайраткерлердің шығармаларын қазіргі заманмен байланыстырып талдауды басшылыққа алуға үйретеді.

Осы мақсатқа негізделіп құрылған оқулық жоспары үш тараудан, 8 бөлімшеден тұрады.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (14.12.2012 ж.) Жолдауында, еліміздің «Мәңгілік Ел» болу жолындағы ұлы мұратын ұсынды. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.

Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Қазақ хандығы тарихын ой елегінен өткізу тек тарихшылардың ғана емес, сонымен бірге қоғамтанудың басқа салалары өкілдерінің де күш жігерін шоғырландыруды талап ететін күрделі міндет болып табылады.

Қазақ хандығы тарихы бүгінгі Ұлттық идеямыздың басты тірегіне айналып отырған «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтас идея. Қазақ хандығы тарихын лайықты насихаттау мен оқыту Жаңа Қазақстандық Патриотизм мен Мәңгілік ел ұлттық идеясын жүзеге асырудың басты құралы болып табылады.

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ
ЖЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ**

**1.1. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ТАЙПАЛЫҚ
ОДАҚТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТЕР**

Сақтар тайпалық одағының тарихы. Кез келген өркениетті ел өз тарихының тамырын тереңнен іздестіреді. Тарихының бастауын ежелгі дәуірден тартқан мемлекет мызғымас саяси-идеологиялық сана қалыптастыра алатындықтан, онда ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдық келісім және демократиялық өрлеу, нарық пен ғылым байланыстары дамиды. Сондықтан да ұлттық келешегі мен болашағы үшін өткенге бет бұру, одан сабақ алудың маңыздылығы ешқашан төмендеген емес.

Жалпы, «казак мемлекеті дегенде екі ой келеді. Біріншісі – Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік тарихы да, екіншісі – Қазақстан аумағындағы қазақтың ұлттық мемлекетінің тарихы. Қазіргі біз өмір сүріп отырған Қазақстан аумағында сонау қола дәуірінен кейін, яғни б.э.д. екінші мыңжылдықтың басында алғашқы мемлекеттілік ұйымдар қалыптаса бастады. Мемлекет деген не? Тайпалар бірлестігі қоғамды қалыптастырады, ал қоғам өз ішінде белгілі бір дәрежеде қоғамдық қатынастарды қалыптастырады. Осы қарым-қатынастар мыңдаған, миллиондаған іс-әрекеттер туғызады. Осының бәрін реттейтін, бір жөнге келтіріп отыратын ұйым керек. Ол – алғашқы мемлекетілік ұйымдар. Қазақстан жерінде мемлекеттіліктің пайда болуына қатысты көптеген теориялар бар.

Қазак хандығы құрылғанға дейін Қазақстан жерінде 20-ға жуық мемлекет болған. Сақтарды мемлекеттік ұйым болды десек, одан кейінгі ғұндар да мемлекет құрды. Ғұн билеушісі Модэ шаньюй Қытайдың өзін мойындатқан, қытайларды туыскандық және бейбітшілік жөніндегі шартқа қол қоюға мәжбүрлеген. Ол шарт елу жыл бойы күшінде болып, қытайлықтар ғұндарға салық төлеп тұрған. Одан кейінгі Үйсін, Түрік, Түргеш, Оғыз, Қыпшақ мемлекеттері бар. Бұлар тұтас ел аумағын қамтымаса да, казак

жерінде мемлекеттіліктің болғанын көрсететін фактілер. Енді осы мемлекеттерге жалпылама шолу жасап өтсек.

Б.з. бұрынғы I мыңжылдықтың басында мал шаруашылығы мен егіншіліктің едәуір дәрежеде қарқынды дамуы, кең өндірісінің жолға қойылуы сол қоғамдағы өндіргіш күштің дамуын басып озды. Темірді пайдалануды үйрену, одан әртүрлі еңбек құралдарын жасау да өндіргіш күштердің даму қарқынын күшейте түсті. Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар санының өсуі мен өндірістің даму деңгейі арасында теңсіздік пайда болды.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде басталған көшпелі мал шаруашылығына ауысу ежелгі Қазақстан тайпаларының тарихи дамуының жана кезеңімен байланыстырылды. Осылайша шаруашылықтың үрдісі дамуы нәтижесінде б.з.бұрынғы бірінші мыңжылдықтың басында Солтүстік Үндістанды, Ауғанстанды, Орта Азияны және Қазақстанның кең байтақ аумағын сак тайпалары мекендеген. Сак тайпалары Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Днепр бойын мекендеген скифтердің және төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтардың, Кир мен I Дарий парсыларының және Александр Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған.

Б.з.б. I мыңжылдықтан жаңа дәуірге дейін Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс аумағында Ассирия мен Мидия мемлекеттері қалыптасады. Б.з.б.VI ғасырда Мидия державасын Ахеменидтер мемлекеті алмастырады. Оның негізін бір топ парсы тайпаларының көсемі болған II-Кир қалады, ол б.з.б.550 жылы Мидияны талқандап өзіне бағындырып, орасан зор империя құрады, оған тіпті Орта Азияның оңтүстік аудандары да кірген болатын. Кейінірек ахеменидтер Орта Азияның солтүстік аудандарын да өздеріне бағындырып алды. I Дарийдің бұйрығымен қашалып түсірілген Вехустин жазуында Ахеменидтер мемлекеті құрамына (б.з.б. 530-522жж. аралығында) Орта Азия мен Қазақстан аумағында болған Парфия мен Хорезм, Бактрия мен Согдиана. Сака енгендігі, олардың халықтарын Ахеменидтер жаулап алғандығы немесе бағындырғандығы айтылады. Сака немесе сактар деген кімдер еді.

Көне парсы, элам және аккад тілдерінде құрастырылған Дарий мен Ксеркс патшалардың жазбалары, сондай-ақ көне ирандықтардың зороастриялық діни кітаптарының жинағы

Авестада, I Дарийдің Бехистун жазбасында, Ксеркстің еңбектерінде сақтар туралы мәліметтер берілген. Бұл мәтіндерде Ахеменид империясы бірнеше дүркін қактығыскан солтүстік-шығыс елдерінің (Иранға қатысты) тарихи фактілері мен кейбір тайпалардың аттары бар. Дарий мен Ксеркстің уақыты дәл көрсетілген жазбаларына карағанда, «Авестаны» зерттеудегі ең басты қиындық сол, онда мейлінше әр түрлі дәуірлерге қатысты мәліметтер жинақталып, араласып кеткен. Сақтар ежелгі парсылармен тығыз қарым-қатынас жасаған, тіпті б. з. б. VI-V ғасырларда Ахеменидтер империясының құрамына да кірген. Ахеменидтік сына жазба деректемелерінде сақтардың төмендегі үш тобы көрсетілген, олар:

1. Хаумаварға-сақтар (хаом сусының қайнататын сақтар),
2. Тиграхауда-сақтар (шошак бөрік киетін сақтар),
3. Тиай-парадрайа-сақтар (теңіздің арғы бетіндегі сақтар)

Алғашқы екі топ Геродотқа таныс болды, бұларды ол амюргия-сақтар және ортокарибантия -сақтар деп атайды. Ғылымда сақтардың бұл топтарының Орта Азия мен Қазақстан аумағында шоғырланғаны туралы көптеген болжамдар бар. Олардың біреуіне сәйкес Шаш (Ташкент ауданы), Солтүстік Қырғызстан аумағында және Қазақстанның оңтүстігінде тиграхауда-сақтар мекендегені, бұл сақ тайпаларының этникалық аумағы кеңірек болған, оған Оңтүстік Орал өңірі мен Таулы Алтай да енген. Ташкент аймағында, Солтүстік Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде тиграхауда сақтары өмір сүрген. Оған екінші бір дәлел, Есік обасынан табылған алтын киімді адамның басындағы сәукеле, оның биіктігі-70 см.

Ал теңіздің арғы жағын мекендеген сақтар Арал теңізінің шығыс жағасындағы, дәлірек айтқанда, Орталық Қазақстанда өмір сүрген сақ тайпаларын жатқызуға болады. Оларды жазба деректерде дайлар, аргиппейлер, исседондар т.б. деп атайды.

Хаомаварға сақтары Орта Азия жеріндегі тайпалар екені өзінен-өзі белгілі. Өйткені, онда жүзім өсіріліп, оның суынан сусын жасайтындығы ерте орта ғасыр мезгілінен де белгілі.

Қазақстан даласында әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуына және шаруашылықтың прогрессивті түріне көшуіне байланысты өмір сүрген Сақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың ең жоғарғы сатысына көтерілді.

Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар-казіргі Қазақстан, Орта Азия мен Шығыс Түркістан жерін біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта мекен еткен ежелгі тайпалар.

Ежелгі жазбаша деректемелердің сақтардың тайпалық одақтарына қатысты мәліметтерін екі топқа:

1) антик деректемелерінің деректері: Геродот (б. з. б. V ғ.), Ксенофонт (б. з. б. VI - V ғғ.), Птолемей (б. з. б. II ғ.);

2) ахеменидтік (ежелгі парсы) сына жазбалары топтарына бөлуге болады.

Грек және латын тілдеріндегі антик деректемелері өте құнды. Олардың арасында Геродоттың тоғыз «Тарих» кітабынан ертедегі Қазақстан тарихы үшін төртінші кітабы неғұрлым маңызды, онда Дарийдің скифтерге қарсы жорығын суреттеуге байланысты Еуразия тайпалары туралы неғұрлым толық деректер жинақталған.

Ахеменид заманының тарихы жөнінде Ксенофонт, Ктесий және кейінгі кезең авторлары-Беррос, Арриан, Полиен, Диодор, Полибий, Плиний, Помпей Трог, Птолемей, Страбон бірқатар құнды деректер қалдырды. Алайда бұларда Қазақстанның ежелгі тайпалары мен халықтары туралы нақты ақпарат көп емес. Оларда келтірілетін тайпалар мен халықтардың аттарын басқа мәліметтермен салыстыру өте қиынға соғады. Сондықтан жазбаша деректемелер маңызды дегенмен де археологиялық деректемелермен салыстырғанда көмекші рөл атқарады.

Тайпалардың қоныстануы туралы жазбаша дерек мәліметтерде біздің дәуірімізге дейінгі VII-IV ғасырларда, яғни ертедегі темір дәуірінде Қазақстан және Орал далаларында сақтар мен сарматтар үстемдік құрды. Савроматтар туралы алғашқы деректер Геродотта бар: «Танаис өзенінің (қазіргі Дон өзенінің) арғы жағы енді скиф өлкесі емес, бірақ ондағы алғашқы жер иеліктері савроматтардың қолында-деп жазған.

Алайда «сақтар», «скифтер», кейініректегі «түріктер» терминдері сияқты, «савроматтар» терминін де авторлар көбіне екі мағынада: тайпалардың өз атаулары ретінде және тілі мен мәдениеті жағынан туыстас тайпалардың үлкен тобын біріктіретін термин ретінде қолданған. Грек-латын деректемелері көбіне бұл этнонимді жиынтық мағынада, савромат бірлестігінің әр түрлі

тайпалар құрамын тікелей көрсете отырып (Үлкен Плиний, Эфор, Псевдо-Скилак, Эвдокс) колданады. Сөйтіп жазбаша деректемелер б. з. б. VII-IV ғасырлардағы Қазақстан аумағында бірқатар тайпалар мен тайпалық топтарды орналастыруға мүмкіндік береді: оңтүстікте бұлар тиграхауда-сақтар, грек деректемелеріндегі массагеттер және дахтар (дайлар); батыста - савроматтар (ежелгі аорстар), орталық аудандарда - исседондар, солтүстік-шығыста-аримаспылар. Бұлардың бәрі рулық-тайпалық бөлімшелер ретінде тілі жағынан туыс және мәдениеті жағынан жақын сақ және сармат тайпаларының этникалық-мәдени бірлігіне кірген.

Сақ тайпаларының атауы әр елде әртүрлі аталған:

- гректер- азиялық скифтер;
- парсылар- күдіретті еркектер;
- ирандықтар- жүйрік атты турлар.

Көне дерек көздерінде, негізінен Авестаға жүгінесек, бактриялықтар, соғдылар мен хорезмдіктердің теріскей жағын, Қазақстанның далалы аймақтарын «желдей жүйрік атты турлар» мекендеген. Турлар парсы дерек көздерінде сақтар деп аталады, бұл «нағыз ерлер» деген сөз, ал грек авторларының туындыларында олар «скифтер» деген атпен аталады, мұның өзі көшпелілер атауының синонимі іспеттес еді.

Көне грек тарихшылары сақтарды “скифтер” немесе “азиялық скифтер” деп те атағаны мәлім. Бұл сақтардың материалдық мәдениеті мен қоғамдық құрылысы жағынан оңтүстік Сібір тайпалары және Ресейдің еуропалық бөлігінің далалық аймақтарын мекендеген скиф тайпаларымен ұқсастықтары болды. Көшпелі сақтар Евксин (Қара теңіз) мен Азов теңізі аралығында жатқан ұлан-ғайыр өлкені де бұдан үш мың жылдай бұрын мекен еткен екен. Бұл туралы көне грек тарихшысы Геродот жазып қалдырған мол деректер бар.

Б.з. I ғасырында көне рим оқымыстысы Үлкен Плиний: «Яксарттын (Сырдария көне заманда осылай аталған) арғы бетінде скиф тайпалары тұрады. Парсылар оларды сақтар деп атады.... Скиф халықтарының саны қисапсыз көп... олардың ішіндегі ел-жұртқа әйгілі болғандары: сақтар, массагеттер, дайлар, исседондар... аримасптар», деп жазды. Ал парсылар сақтарды кезінде “сақ”, “сақа”, “саға” деген. Осыған орай, сақтар елін

“Сахстан” деп те жазатын болған.

Біздің заманымыздан бұрынғы VIII-III ғасырлар аралығында сақтардың этникалық құрамын қалыптастырған көптеген тайпалар болғандығы көне тарихтан жақсы мәлім. Олар: массагеттер, кемерлер, асылар, дахтар (дайлар), аримаспылар, аргинпейлер т.б. тайпалар. Сақтардың Еуропаға қоныс аударған алғашқы легін тарихта “кемерлер” деп атап кеткен. Өйткені олар біздің заманымыздан бұрынғы II-I ғасырларда-ақ Қара теңіз жағалауын мекен еткен.

Гректер мен парсылар скифтер мен сақтар атын айтқанда, бәрінен де бұрын туыс тайпалардың сансыз көп одағын атаса керек. Олардың ішінде ең көбі массагеттер болған, Геродот олар туралы былай деп жазды: «Бұл халық Аракс (Сырдария) өзенінің арғы бетінде, исседондарға қарама-қарсы тұрады... Киетін киімдеріне, тұрмыс салтына қарасақ скифтерге ұқсайды. Олар атпен де, жаяу жүріп те соғысады. Соғыстың осынау екі тәсіліне жетік, садақпен де, сүнгімен де шайқаса біледі; әдетте, ай-балтамен де қаруланады. Олардың барлық бұйымдары алтын мен мыстан... Олар егін екпейді, үй жануарларының етімен, Аракс өзені шаш-етектен кенелтетін балықпен қоректенеді. Олар сүт ішеді...».

Массагеттер соғыс өнерін жетік меңгерген ежелгі тайпалардың бірі саналады. Олардың жеткілікті дәрежеде атты және жаяу әскері болған. Массагеттер қару-жарақтары мен әшекей бұйымдарын мыс пен алтыннан жасайтын болған.

Бұл тайпалардың қай араны қоныстанғандығын қазір ашып айту қиын, себебі ежелгі авторлар тілге тиек боларлық географиялық атауларды көрсетпейді. Жазба дерек көздері мен археологиялық материалдарды талдай келе археолог К.А.Ақышев иран дерек көздеріндегі тиграхауда сақтарына ортокаривантия скифтері сәйкес келеді, өйткені екі атау да «шошақ бөрікті сақтар» деген мағына береді деп пайымдайды. Сонымен қатар, Персеопольдегі Ксеркс сарайы барельефтеріндегі сақтар бейнесі моңғол пішіндес және шошақ бас киімін киген; ғалымдардың пікірінше бұлар тиграхауда сақтары. Моңғол пішіндестердің таралған орталықтарының бірі Жетісу болуы мүмкін, соған байланысты ол тиграхауда сақтары Жетісуда өмір сүрген деген пікірге келді. Сақтардың аримасп және «грифтердің алтынын қорғаушылар» тайпалары алтын кенді Алтайда тұрғанға ұқсайды.

Қазіргі Қазақстан жерін сол көне дәуірлерде мекен еткен сақтар тайпасын асылар деп атайды. Асылар негізінен Асы өзенінің аңғарынан бастап, Талас, Шу, Іле өзендері аңғарларында мал бағып, егін еккен. Бұл тайпаның негізгі мекені Жетісу өлкесі болған. Асылардың өзіндік жоғары мәдениеті болғанын археологиялық қазба кезінде табылған түрлі бұйымдар дәлелдеп отыр. Олар кезінде металл өңдеуді жақсы меңгерген. Қоладан, күмістен, алтыннан қару-жарақ, зергерлік бұйымдарын, түрлі еңбек құралдарын жасаған. Металдан түрлі тұрмыстық және әшекей бұйымдар жасау өнері бойынша массагеттер сол ежелгі дәуірдің өзінде-ақ мәшһүр болған.

Байырғы әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, салт-санасы, тұрмыс-тіршілігі жағынан казак қауымына ең жақын тұрған сақ тайпаларының бірі-дахтар. Олар басқа тайпалар ішінде өздерінің жауынгерлік дәстүрімен, соғыс өнерін жетік меңгеруімен ерекшеленеді. Дахтар бейбіт өмірде жылқы, түйе, қой бағып, егін салған, диханшылықтың түрлі салаларымен айналысқан. Басқа да сақ тайпалары сияқты дахтар да Күнге, Айға, Отқа тағзым еткен. Ата-баба рухына, аруаққа сыйынған. Дахтар Арал теңізі мен Сырдария жағалауларында, Каспий теңізі мен Әмудария аралығындағы ұлан-байтақ өлкеде көшіп-қонып жүрген көшпенділер еді.

Б.з.б. VIII-VII ғасырлардағы Қазақстан, Сібір мен Орта Азия сақтары Ассирия, Мидия, Урарту, ал б.з.б. VI ғасырдан бастап Персия, кейінірек Грекия секілді ежелгі дүние өркениеттерімен байланыс орнатқан болатын. Геродот және басқа авторлар парсылар мен сақтардың соғыстары туралы, Ираннан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аймақты бағындырып, өзін құдайларға теңеген және ешқашан жеңілмеймін деп санаған ахеменид патшасы Кирді сақтардың жеңгендігі жайлы жазып кетті.

Геродоттың жазуы бойынша, парсы елінің патшасы Кир б.з.б. 539 жылы Вавилонды жаулап алған соң, бірден сақтар еліне жорыққа аттанады. Геродот өз «Тарихының» бірінші кітабында: «Вавилонды жеңгеннен кейін (б.з.б. 539 жылы болған) Кир массагеттерге соғыс ашып, оларды бағындырмақ болды» деп жазады. Сақтар елінің мәликасы, патшасы Тұмар өз елін ішкі және сыртқы жаулардан қорғау үшін жан аямай күресетін ержүрек әмірші болған. Соғыс өнерін жетік меңгерген қолбасшы. Өз

халқының қамқоршы көсемі. Сондай-ақ мейірбанды ана.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бастап тарихқа деген көзқарас өзгеріп, енді тарих жазыла басталды. Жаңа ғасырда мемлекетіміздің тарихи-мәдени мұраларын толық зерттеу мен қайта қалпына келтіру мақсатымен «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылу барысында археологиялық зерттеулер қарқынды жүріп, көптеген ескерткіштер зерттеліп, есепке алынды. Осындай маңызды зерттеулердің көбеюіне қарамастан Жетісу саяхатының материалдық мәдениеті аз зерттелген. Кеңес заманында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Алматы қаласының жанындағы Есік қаласынан табылған «Алтын адамнан» кейінгі зерттеулер мүлдем тоқтап қалды деп айтса да болады.

Жаңа бетбұрыс кезеңінде қазақ халқының төл тарихы заңдылықтарға лайықталып, жаңаша баяндалып жатқанда ежелгі тарихтілі-археологиялық ескерткіштердің бүгінгі күнге дейінгі зерттеліну деңгейін айқындау өте қажетті іс.

Сақ заманының осындай құнды ескерткіштері соңғы жылдары көптеп табылуда. Атап айтар болсақ, 1999 жылы Атырау облысының, Жылой ауданындағы Аралтөбедегі қазба жұмыстары Ә.Марғұлан атындағы археология институты ұйымдастырған қазақ-француз-итальян біріккен халықаралық экспедициясының, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданындағы Берел қорымынан тапқан құнды дүниелері және Зайсан ауданы Шілікті елді мекенінен тапқан «Шілікті алтын адамы». Бұлардың бәрінде де «ан стиліндегі» туындылар, ыдыстар, қару-жарақтар және аттар, олардың әбзелдері табылды. Археологиялық бұл деректер Қазақстанның шығысынан батысына дейінгі орасан зор кеңістікті сақтардың мекендегенін және олардың мәдениеті мен өнерінің өркеніет көшінен қалмағанын тағы да нақтылай түседі.

Қытай өзендері мен Дунай өзенінің аралығындағы Ұлы дала мәдениеті өзіндік жеке мәдениет ошағы екендігін сақ дәуірінің мәдениеті айқын дәлелдейді. Ұлы дала мәдениеті Ніл, Тигр, Ефрат, Хуанхэ, Үнді өзендерінің бойында қалыптасты. Келесі бір жағынан, бұл мәдениет ошағы Греция мен Кіші Азия, Шығыс Жерорта теңізі және Месопотамия мәдениеттері секілді Азия мен Еуропа шекарасына орналасқан. Бұл мәдениет ошағының әуелгі кезде этномәдениеті жағынан өзіндік ерекшелігі бар еді, ал бертіні

келе баска мәдениеттермен етене араласып кетті.

Батысында Жаулы ойпатынан, шығысында Жонғар Алатауына дейінгі, солтүстігінде Мойынқұм шөлі, Балқаш және Алакөл көлдерінен, оңтүстігінде Талас, Қырғыз және Теріскей Алатауына дейінгі аумақты қамтитын Жетісудың заттай мәдениетін тануға деген ынтызарлық ХІХ ғасырдың 60-жылдары оянғаны белгілі.

Қазақстанның Кеңестік Республика болып орнағаннан кейінгі жылдардағы кең көлемдегі қазба жұмыстарын жасау және табылған олжаларды салыстыра талдау жұмысының басталуы КСРО-ға Тарих және заттай мәдениетті зерттеу институты мен КСРО-ға Қазақ бөлімінің қосыла ұйымдастырған археологиялық экспедициясын басқарған А.Н.Бернштамның есімімен тікелей байланысты. Ол 1936-1952 жылдары аралығында Талас өңірін, Шу мен Іле аңғарын, Оңтүстік Қазақстанды және Памир-Ферғана аймақтарын зерттеді.

Кейінгі уақыттарда Жуантөбе І, Қадырбай ІІІ, Бесшатыр, Қалауыз І, Алтынемел І сияқты қорымдардан б.з.д.-VIII-IV ғасырларға жататын елу шақты оба қазылды.

Зерттеу материалы ретінде Жетісудың ерте темір дәуіріне жататын археологиялық ескерткіштер алынды.

Сақ тайпаларының ескерткіштері негізінен алғанда обалар түрінде кездеседі.

Жетісуды мекендеген сақтар мәдениеті 2-ге бөлінеді:

1. Ерте сақ кезеңі- б.з.б. VIII- VI ғасырлар.
2. Соңғы сақ кезеңі- б.з.б. V-III ғасырлар.

Шоғырланған сақ қорымдары, соның ішінде патша обалары Шу, Талас, Іле өзендері жағалауларынан, Қырғыз, Іле мен Жоңғар Алатауы, Кетпентау беткейлерінің, Кеген мен Нарынқол таулы аңғарынан, Ыстық көл қазан шұңқырынан табылған.

Қатардағы сақтардың жерленген орындарын қазған кезде темір пышақтар мен қанжарлар, қола түйіршіктер, бір шетінде барыс басы бейнеленген білезік, ақ моншақтар, төлкелі садақ ұштары мен түрлі қыш ыдыстары табылған. Қыш ыдыстар негізінен түбек секілді құймалы және ілмек тәрізді ұстағышты, сонымен қатар дөңгелек келген шағын шыны-аяқ, мойыны қысқа әрі тар шар пішінді ыдыстар, ілмек тәрізді ұстағышы бар сапты-аяқтар да ұшырасады.

Өркелкі әрі қызықты материалдар Есік обасынан алынды. Адам қаңқасы жатқан жерден алтыннан жасалған киімге тағылған көптеген әшекейлер табылды. Жанына қару-жарак, т.б. заттар қойылған. Бас киімді әрлендірген көлемі әркілы алтын тіліктер, қапсырмалары мен тоғалары бас сүйектен жоғары орналасқан.

Бас киімдегі арқарлардың алтын мүсіні бас сүйектен 65см жерде жатты. Алтын қапсырмалардың бір бөлігі бас киімнің бүлінуі, үгітілу нәтижесінде өздерінің бастапқы орналасу қалпын өзгерткен. Бас сүйектің сол жағында алтын жүзік, мойын омыртқа тұсында жабық алтын алқа жатты. Мойын омыртқадан жамбас сүйектеріне қосылған жерге дейінгі денесі ішкі және сыртқы киімді әшекейлеп тұрған алтын қапсырмалармен, тоғалармен, ұсақ қаптырмалармен көмкерілді. Ұсақ үшбұрышты тоғалар қола қаптырмаларға негізделген. Белінің тұсында сыртқы киім үстінен белдеудің төртбұрышты жапсырмалары табылған. Мұндай жапсырмалар саны 16, олардың үшеуі ірі, қалған 13-і ұсақ. Барлық қапсырмалардың келесі бетінде сопақша-тік бұрышты форидағы күміс құлақшалар жапсырылған; ірілерінде олар төртеу, ал ұсақтарында екеуден. Үлкен жіліншік балтыр сүйектің сыртқы және ішкі жағында қолаға негізделген тік бұрышты ұсақ алтын қоршаулар жатқан. Олар мата шалбарға жиектеле тігілген. Лақыттан барлығы 4 мыннан астам алтын бұйымдар жинастырылған. Жерлеу лақытынан қыштан, ағаш пен металдан жасалған 31 ыдыс табылған. Сондай-ақ күміс қасық пен ағаш ожау табылды. Ыдыстар белгілі бір жүйемен қойылған. лақыттың оңтүстік қабырғасында ағаш, ал батысында қыш пен металл ыдыстар жайғастырылған. Қыш ыдыстар құмыралар мен тостағаннан тұрады. Табақ, тостаған мен ожау қайыңнан дайындалған. Табактар тік бұрышты тұрпатта, сыртқа қайырылған жиектері онша биік емес. Тостағандар нашар сакталған, әйтсе де жекелеген ірі бөліктерінен олардың тұрпаты мен көлемін қайта қалпына келтіруге болады. Металл ыдыстар күміс пен қоладан жасалынды. Қоладан құйылған тостаған ернеуі тік, түбі жайпак және іші-сырты алтыннан жалатылған. Екі шыны-аяқ пен қасық күмістен жасалыпты. Тостағаншаның бірі көлемді, кеңінен қайырылған, ернеуі шығыңқы бүйіріне, одан әрі түбіне жалғасады. Ернеуінің сыртқы жағына 32 дөңгелек бедерленген, ал ішкі жағына, соның ішінде ортаңғы бөлігіне орталық шеңбер

бейнесіндегі ою-өрнек түсірілген. Тостағанша қоладан жасалынған Түбі бөлек жасалған және сегізжапырақ тұрпатты, аса биік емес тығырыққа кептеледі. Соңынан ыдысқа тойтарма шегемен жабыстырылған.

Сырдария мен Арал маңындағы сак заманының қорымдарындағы қабір шұңқырларында құрал-саймандар өте аз әрі ескерткіштердің көпшілігі тоналған. Көптеген көмбелер арасынан ең көрнекті бұйымдар Быжы шатқалынан шыққан. Оның құрамында ерте сак кезеңінің тік бұрышты, сопақша және қосымша тесігі бар қоладан құйылған ауыздығы бар. Білтелердің үстінде кесік шығыңқы тік бұрыш пен шаршы тәріздес ою-өрнек түсірілген.

Ғұрыптық табакшалар, құралдар, қару-жарақтардан тұратын қола бұйымдары көмбелері арасынан қазандар ерекше көзге түсті. Олардың тұрпаты көбіне сфера тәрізді келген, үш аяқша тіреумен көтеріліп тұрады. Аяқша тірсумен кейде арқар мүсінімен әшекейленген, кей ретте жыртқыш аңның немесе малдың тұяғына ұқсаттырылып та жасалды.

Есік қорғаны, жалпы Іле бойына, тіптен одан да кен аймаққа, яғни оңтүстік-шығыста Шелек, Шарын, Кеген, Қарқара өзендері жағалауларына, солтүстік-шығыста Қаратау, Ақсу, Лепсі. Аяғоз алқаптарына созыла орналасқан обалар жүйесі, олардан да ары Шілікті және Пазырық қорғандары өткен тарихымызға тиесілі ескерткіштер ғана емес, бүгінгі жанғыру жолында тұрған ұлттық санамыздың бедел-бедері де. Егер кейінгі ұрпақ ол мұралардың ішкі мазмұнын дәл де терең ұғынып, осы ескерткіштер арқылы өткен аға буындармен елдік мәселесінде өзара табиғи сабақтастықты сезініп, олардан бүгінгі жалпыұлттық тіршілігіне қажет күш-қуат ала біледі. Іле обалары «тірінің өліге салған жер асты баспанасы» ғана емес, сонымен бірге сак қоғамының дамыған мәдениетін, қалыптасқан дүниетанымын, нәзік эстетикалық талғамын куәландырады. Сак қорымдары туған жеріміздің ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, байлығын қастерлеу керек кейінгілерге аманат екендігінің белгісі.

Оба қорымдарының топографиясы және олардың көп болуы ерте кезде Қазақстан аумағының оңтүстік-шығысының толық игерілгендігін көрсетеді. Жерлеу ескерткіштерін негізінен биіктігі 20 метрге жететін «патша»

обалары құрайды. Осындай обалардың көп жинақталуы жөнінен Жетісуға ОртаАзияда және Қазақстанның басқа аудандарында тең келетіндері жоқ.

Қазақстанның Батыс Қазақстан өлкесінде екінші Алтын адам табылды. Жем өзенінің сол жағалауындағы Аралтөбе қорғаны 1999 жылы зерттелді. Аралтөбе қорған-қорымынан сақ дәуірін бейнелейтін көптеген бұйымдар, құрал-саймандар, ыдыстар табылды. Сондай-ақ, қорымнан еркек пен әйелдің мүрдесі табылды. Ерекше құрметпен жерленген бұл адамның киімі алтынмен әшекейленген.

1956 жылы қазба жұмыстарын жүргізу нәтижесінде Жуантөбе және Биже өзенінің бойындағы қорғандар зерттеледі. Олардан ат әбзелдері, күнделікті өмірде пайдаланатын заттар, әшекей бұйымдар табылған. Бижені зерттеу барысында одан маңызды заттай дерек-кола қанжар-акинақ табылды. Бұл қанжар жергілікті сақ мәдениетінің Пазырық мәдениетімен байланысты деген болжамның дәйегі болса керек. Ал Жуантөбеге келетін болсақ, ол да сақ мәдениетінің алдыңғы кезеңіне жатады. Жерленгендердің жанынан табылған қола ауыздықтары, пышақтар, сүйек пен ағаштан жасалған тарақтар, моншақтар, тартпалардың қола айылбастары және ке-рамикалық ыдыстар. Жуантөбе мерзімін б.з.д. VI-V ғасыр деп мерзімдейді. Аталмыш қорымда обалар топтасып орналасқан.

Б.з.б. III-б.з.ІV ғасырларда Қазақстан территориясында көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың әуелгі таптық мемлекеттері пайда болды. Өндірістік қағынастардың дамуына байланысты сақ қоғамының орнына ірі әрі тұрақты таптық бірлестіктер құрылды.

- Жетісуда - үйсіндер;
- Сырдарияның орта ағысында - қаңлылар;
- Орталық және Батыс Қазақстанда - ғұндар.

Сонымен, көшпелілер - қоғамдық құрылымы, мемлекеттік деңгейге жеткен және өзіндік материалдық мәдениеті мен өнері бар көшпелі өркениетті жасауда жоғары дәрежеге жетті.

Сарматтар тайпалық одағының қоныстануы және саяси тарихы. Савромат-сарматтар Орталық Азия мен Қара теңіз өңірі мәдениеттерін байланыстырушы тайпа. Олар Босфор мемлекетімен саяси-экономикалық байланыс орнатты. Алдыңғы Азия, Солтүстік

Кавказ, Парфияға жаулаушылық жорықтар жасады.Сарматтардын тайпалық одағына: роксаландар, аландар, аорстар, сирактар кірді. Аорстардын аты кейініректе, б. з. б. II ғасырда грек-рим жазушыларына белгілі болған. Олар Оңтүстік Жайық өңірінен және Қазақстан жерінің шектес солтүстік-батыс аймақтарынан шыққан болуы керек. Мұндай қорытынды Жайық-Елек өзендері аралығы мен Еділ-Дон арасындағы ескерткіштер тобының тығыз этникалық-мәдени байланыстарын көрсететін археологиялық деректермен сәйкес келеді.

Сөйтіп жазбаша дерсктемелер б. з. б. VII - IV ғасырлардағы Қазақстан аумағында бірқатар тайпалар мен тайпалық топтарды орналастыруға мүмкіндік береді: батыста-савроматтар (ежелгі аорстар), орталық аудандарда - исседондар, солтүстік-шығыста - аримаспылар. Бұлардын бәрі рулық-тайпалық бөлімшелер ретінде тілі жағынан туыс және мәдениеті жағынан жақын сармат тайпаларының этникалық-мәдени бірлігіне кірген.

Сармат атауы антик деректерде б.з.б. III ғасырдан белгілі. Б.з.б. II ғасырда савроматтар қазіргі Батыс Қазақстан жеріне баса көктеп еніп, Қара теңіздің солтүстік аймақтарына дейін жеткен.

Бұл тайпалар жөнінде грек, рим тарихшылары (Геродот, Диодор, үлкен Плиний, Полибий) жазып кеткен Савромат-сарматтар - Орталық Азия мен Қара теңіз өңірі мәдениеттерін байланыстырушы тайпа. Олар Босфор мемлекетімен саяси-экономикалық байланыс орнатты.

Роксаландар б.з.б. I ғасырда Мидия шекараларына дейін жетсе, кейін олардың осы ізін Арал теңізінің солтүстігін мекендеген аландар басып өткен. Сарматтар жаулап алған елдердің саяси өміріне араласып отырған. Роксаландар Понтий пағшасы Митридтен соғыста скифтерді жақтаған, ал кейінірек Митридатпен одақтасып, Риммен соғысқан. Аорстар римдіктерге көмектесіп,сирактарды жаулауға қатысқан,себебі сирактар Босфор патшалығының одақтасы болды. Аландар ғұндарға қосылып Испанияға дейін барған.

Сармат қоғамының сипаты - әскери демократиялық болып ондағы ішкі және сыртқы мәселелерді әскербасылар шешті. Ішкі және сыртқы мәселелерді әскербасылар шешуде бүкіл қауым мүшелерімен ақылдаспай, тек әскери жасақ қатарындағылармен ғана санасты. Ерлер мен әйелдердің

әйелдерде жасак құрамына кірген. Сарматтарда әйелдердің когамдағы ролі баска көшпелі тайпаларға карағанда жоғары болды.

Сарматтар тілі – иран тілі болғанымен ғұндардың келуімен олар түркіленіп, түркі тілінің ықпалына көшкен. Батыс Қазақстан жерін мекендеген сарматтардың бет-пішінінде еуропеодтық белгілер басым болған. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған ескерткіштерде сарматтардың кейінгі дәуіріне жататын сүйектерде монғолоидтық белгілер көбейе бастағаны байқалған. Савроматтардың кейініректегі ұрпағы, олардың мәдениетін жалғастырушы тайпа-сарматтар. Бұл тайпалардың өмір сүрген уақытындағы айырмашылықтар, мәдениетіндегі өзгешіліктер оларды кейде бөліп, кейде савромат-сармат деп біріктіріп атауға негіз болады.

Б.з.ІІІ-Үғ.ғ далалық тайпаларының өнері – полихромдық стиль болды. Б.з.б.І мыңжылдықтың басында Алдыңғы Азия мен Шығыс Жерорта теңізі елдерінен тараған бұл зергерлік өнер б.з.б. ҮІІ-Ү ғасырларда Қазақстанға келді. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Ертістің жоғарғы жағындағы Шілікті, Орталық Қазақстандағы Жыланды, Батыс Қазақстандағы Бесоба қорғандарынан және Алакөл ойпатындағы қабірлерден табылған алтын бұйымдар безендіру және зерлеу тәсілдерімен жасалынған. Қазіргі таңда полихромдық стиль қазақ шеберлерінің зергерлік өнерінде жалғасын табуда.

Сарматтардың негізгі шаруашылығы-көшпелі мал шаруашылығы болды. Олар төрт түлік малдың ішінде негізінен қой мен жылқыны өсірді. Қара теңіз жағалауын, Еділ мен Жайық бойын мекендеген сарматтар мал шаруашылығымен қоса егіншілікпен әрі ара кідік аңшылықпен де айналысты.

Климаты аса катал континенталды келетін аймақтың қысқы күндерінде малшылар малға табиғи панасы бар, жері ойлы-қырлы аудандарға көшіп отырған. Батыс Қазақстандағы мұндай жерлер оңтүстік пен батыс беттегі ағынсыз өзендері мол шағылды аймақтар, жалпы сырт сілемдері мен үлкен өзендер алқабы болып табылады. Көшпелілер әдетте ағашы мен бұтасы тоғайлы, қопал жерлерді таңдап алған. Көктем шығысымен қысқы қоныс өрістерін тастап кетіп отырған. Олар от пен судың, мал азығы қорының қалпына келуіне, сөйтіп ел-жұрттың қайта оралып қыстауына жағдай жасаған. Жалпы алғанда сарматтар шөбі шүйгін жерлерді

іріктеп пайдаланып, ол жердің шөбі қапталғанан кейін, жаңа жайылымға көшетін болған. Осының нәтижесінде су көздерінен алыс жатқан жалпақ жазықтағы кең жайылымдар, мал айдап көшіп өткенде ғана болмаса, өте аз пайдаланылған.

Савромат ескерткіштері: Целинный I, Синтас, Бесоба қорымдары. Бұл ескерткіштер Ақтөбе облысы, Елек өзенінің орта аңғарында шоғырланған. Орал өңірінде Целинный-I ескерткіші зерттеліп, 100-ден астам обалар табылды. Ерекшелігі, мәйіттің басын батысқа қаратып, екі мәйітті бірінің үстіне бірін қойып екі деңгейде жерлеген. Салыну мерзімі б.з.б. VIIғ. Бесоба қорымында абыз әйелдер жерленген. Олардың бастары оңтүстік-батысқа қарата қатар қойылған.

Қазақстан аумағындағы ғұндар. Б.з.б. I мыңжылдықта Орталық Азияның байтақ жерін этникалық құрамы әртүрлі тайпалар мекендеген. Шаруашылықтың дамуы, тұрмыстың ортақтығы, саяси бірлік оларды өзара жақындатып, ірі тайпалық бірлестіктер құрыла бастайды. Ғұндар Орталық Азиядағы тұңғыш көшпелі империя (б.з.б. III-б.з. I ғ.) тайпалары батысқа миграция жасаған. Ғұндар Қазақстанға Орталық Азиядан (б.з.б. I ғасырдың соңы мен б.з. I ғасыры аралығында) келді. Бұл "халықтардың ұлы қоныс аударуы" атанған тарихи оқиғамен тұспа-тұс кезен.

Ғұндар Шығыс және Орталық Қазақстанда Юсбань мемлекетін құрған (б.з. II-IV ғғ.). Ғұндардың мемлекеті шығыста Ұлы мұхиттан басталып, батысқа Тарбағатай тауларына дейінгі кең құлаш жайып жатты. Кейбір зерттеушілер бұл мемлекеттің батыс шекарасы Арал теңізіне, тіпті Каспий теңізіне де барып тіреді деген болжам айтады.

Б.з.б. II ғ. аяғында Қытай деректерінде "ғұн" атауы кездеседі (хунну немесе сюнну). Ал еуропалық жылнамашылар оларды гунни деп атаған. Ғұндардың этникалық тегі туралы мәселе әлі анықталып жеткен жоқ. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы аталары деп болжайды. Ғұндардың күдіреті тасып тұрған кезде, олардың бірлестігіне басқа бірнеше тайпалар қосылған, сондықтан "Ғұн" атауы этникалық болудан гөрі саяси одақ атауына қарай айналындыраған.

Ал әлемдік тарихнамада айтылып жүрген ғұндарға тоқталар болсақ, ғылыми әдебиетте бұл атаудың хунну, хун, сюнну түрінде кездесетіндігі белгілі. Ескерте кететін бір жайт, отандық

тарихнамада «ғұн» терминін қолдануда бірізділік жоқ. Ғылыми әдебиеттерде, оқу құралдары мен оқулықтарда «хұн», «хунну», «сюнну» секілді терминдер қолданыла береді. Бір ғалымның бірнеше термині өз қалауынша қолдана беруі жиі кездеседі.

Ғұндар тарихындағы мәселелерге қыруар әдебиеттер арналған. Дәлірек айтсақ, қытай, орыс, қазақ, жапон, ағылшын, француз, неміс және тағы басқа халықтардан шыққан көптеген зерттеушілер ішінде өз өмірін осы Ғұн тарихын жазуға арнағандары жеткілікті және олардың әрқайсысының өз орны, өз жаңалықтары, өз көзқарастары бар. Янғи, Ғұн тарихындағы кейбір мәселелерде бұра тартқан, жан-жаққа жүргізіліп айтылатын пікірлердің көптігінің бір себебі Ғұн тарихына қызығушылықтың көптігінен де болар. Бірақ, уақыт өткен сайын осы көп талас-пікірдің ортасынан шындыққа жақындары суырылып шығады да, қалғандары өз мәнін жоғалтады. Осылай ұзаққа зерттеулердің жиынтығы Ғұн тарихындағы мәселелердің ақиқат түрде баяндалуын қамтамасыз етеді.

Армян дерек көздерінде де «ғұн» атауы ұшырасады. 5-7 ғасырлардағы армян дерек көздерінде аталмыш термин һоп (к) деп берілген. Этнонимдердің ұқсастығына қарап зерттеушілер һоп мен һип бір мағынадағы сөз деп пайымдайды. Кейбіреулер хондарды Кавказдық тайпалар десе, мамандардың басым бөлігі оларды түрік тілді халық деп топшылаған. Дегенмен зерттеушілер аталған терминнің мән-мағынасына, шығу төркініне үніле қоймаса да, армян дерек көздерінде ғұндардың терминдері мен лауазымдары түрік тілді екендігіне назар аударады. Келешекте көне армян дерек көздеріндегі түрік тілді халықтарға катысты жайттар отандық тарихнамада арнайы зерттелуі тиіс, себебі бұл деректемелер арқылы Кавказ бен Орталық Азия халықтарының ежелгі замандардағы тарихи-мәдени байланыстарын нақтылай түсуге болады.

«Юечжи» атауы да отандық тарихнамада азды-кемді кездесіп тұрады. Оны бірқатар мамандар «ұлы иозы» деп атап, «ұлы жүз» сөзінің түпкі мәні ретінде қарастырады. Деседе ұлы иозы тайпаларының ежелгі Қазақстан тарихындағы орны жеткілікті дәрежеде қарастырыла қоймаған. Тарихи деректерде усуньтер құрамында сақтарда юечжилер де бар екендігі көрсетіп тұрғандығымен, оның мойындағысы келмейтін өзге пайғылдағы

зерттеушілер сақтарды да, юечжиларды да батысқа қарай көшіп кетті деген сөздерден таймайды. Расында, юечжилерді екіге бөлінгендігі (ұлы иозы және кіші иозы), олардың бес тайпасы Кушан империясының негізін қалағандығы тарихи шындық. Дегенмен дерек көздері юечжилердің Қазақстан аумағы мен онымен шекаралас аймақтарда қалғандығын растайды. Кейбір мамандар оны «ружы» сөзімен атаған дұрыс деп ойлайды. (Н.Мұхаметханұлы). Юечжилерге қатысты көрксм аудармашылар «нүкіс» сөзін де қолданған. Алайда мұның өзі азды-кемді күмән туғызады. Бұл атаудың қайдан шыққандығы, не себепті осылай алынғандығы жайлы ешқандай мәлімет берместен КХР көркем аудармашылары неге екендігі белгісіз аударма кітаптарда оларды «нүкіс» деп тәржімалаған. Мұны кейбір зерттеушілер аталмыш этнонимнің мән жайына бармай-ақ, кейін кенінен пайдаланып жүр. Нәтижесінде ежелгі Қазақстан тарихындағы тайпалар мен халықтардың атауын бағамдауға едәуір нұқсан келуде. Ғұн тайпаларының бір одаққа бірігуіне негізгі себеп қытайлықтардың бұларға қарсы төрт ғасырға созылған кескілескен соғысы себеп болды. Хан империясы кезінде қытайлықтар ғұндарды талай рет басып алмақшы болды, бірақ ғұндар іргелес тайпалармен бірігіп, қытайлықтардың шабуылдарына батыл тойтарыс беріп отырды. Ғұн тайпаларының бірігіп топтасуы б.з.б. 109 жылы “Ғұн үйінің өрлеуі” кезінде іске асты. Оларды бір одаққа біріктіру әйгілі Мөде /Богда/ батырдың есімімен байланысты. Мөде ғұндарды күшті державаға айналдыру үшін реформалар жүргізді. Мөденің басшылығымен Ғұндар Саян-Алтай тайпаларына және Үйсіндерге шабуыл жасап, оларды өзіне қаратты. Мөде батыста Юечжей тайпаларына жорық жасап, оны бағындырды. Б.з.б. 20-жылдары ғұндар Ордосты қаратып алды. Ал, б.з.б. 2000 жылы Қытай Хань әулетінің негізін қалаушы Лю Баньмен соғысып, оны жеңді. Ұлы Қытай қорғаны салынуының бір себебі осы Ғұндардың шабуылы болды. Қытайдың “Жылнама” атты байырғы кітабында айтылатын тұрағы жоқ, үйі жоқ Ғұндар бәле болды ғой” деп келетін жолдар Ғұндардың Қытай еліне қатты қауіп төндіргендігін көрсетеді. Б.з.б. 188 жыл қытайдың Хань императоры Мөдемен “Тыныштық және туыстық” туралы шартқа қол қойды. Мөде қытай ханшасын өзіне әйелдікке алды, ал Хань империясы ғұндарға жыл сайын салық төлеп тұруға тиісті болды. Соғыстың нәтижесінде Забайкальеден

Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхе өзенінің орта бойына дейін созылып жатқан жердің бәрі ғұндардың қол астына көшті.

Басшының билігі мен әскери күші оның әскер үлесіне емес, тұрғындарының санына қарай Ғұндар Рим империясына үлкен қауып туғызды. V ғасырдың 30-жылдары ғұндардың басшысы Аттила Румыния және Венгрия елдеріндегі ғұндарды өзінің қол астына жинап, Рим империясының аудандары Паннония мен Мезияны басып алған соң, Франция жеріне өтеді. Жаулап алған жерлердегі халықтарды қырып жойып, қалаларды бүлдіріп, селоларды өртеп, бүкіл Еуропа елдерінің үрейін ұшырды. Н.А.Машкин “Ертедегі Римның тарихы” деген кітабында, 375-376 жылдары вестготтардың Қазақстан даласынан келген ғұндармен біріккен күрестері ежелгі Рим империясының құлауына әкеп соқты деген қорытынды жасады.

Ғұн ұлысының шанырағынан шыққан Азиялық Ғұн /48-156 жж./, Батыс Ғұн /350-557 жж./, Ақ Ғұн /367-560 жж./, ұлыстары, Табғаш дәулеті /386-557 жж./. Олардың еңсесін көтеріп, ел болуына атсалысқан Түмен, Моде /Боғда/, Баләмір, Жұлдыз, Қаратұн, Айбарыс, Октар, Әділ /Аттила/, Теңізек, Күнхан, Шамхан сияқты ерлердің есімі тарихтан белгілі. Арғын, Алпын, Үйсін, Қаңлы, Ұғыр, Қыпшақ, Қырғыз, Оғыз, Қарлық сияқты тайпалар мен ел-жұрттар да Ғұндардан тарап, тарихта өшпес із қалдырған.

Б.з. IV ғасыр - оңтүстік Орал даласына, Дунайға жетіп, “ғұндар” деген атпен Венгрияға қоныстанды.

Ғұндар тарихы, әсіресе, жауынгершілік жорықтармен белгілі. Аты аңызға айналған үлкен ақыл иесі, қаһарман жауынгер, көреген қолбасшы, әккі саясаткер, айлакер дипломат Аттила (Еділ) басшылығымен ғұндар еуропалық елдердің біркатарын тізе бүктірген.

Тарих ғылымында ғұн шаруашылығының жүйесі алғашқы қауымдық немесе экстенсивті мал шаруашылығы деп сипатталады. Ғұндар өмірінде мал шаруашылығының маңызы ерекше болды. Көшпелілер тұрмысында мал қысы-жазы тебіндеп бағылған.

Ғұндардың басты шаруашылығы жылқы және қой бағу. Оларда сонымен қатар отырықшылық пен егін шаруашылығы да болған, қолөнері де дамыған. Тұрмыста қажетті бұйымдарды металдан, тастан, ағаштан, сүйектен, мүйізден, балшықтан жасаған. Керамика ісі өркендеген. Олар Қытай және т.б. елдермен сауда

жүргізген. Ғұндардың қолөнер кәсібі күшті дамыған (металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан, керамикадан жасалды). Сауда дамығандығын жібек маталар, айналар, нефриттен істелген бұйымдар көрсетеді.

Сыма Цянь былай деп жазды: “Қытайдың солтүстігінің сырт жағын мекендей жүріп, олар өздерінің малымен бір жайлымнан екінші жайлымға көшеді. Үй малынан жылқы, ірі қара және қой-ешкі өсіреді: біразы түйе, есек ұстайды. Шөптің қалың, судың мол болуына қарай бір жерден екінші жерге көшіп жүрді... Шонжарларынан бастап бәрі де үй малының етімен тамақтанды, олардың терісін киім қылады, жүн мен ан терісін жамылады” Ғұндардың өмірінде жылқы ерекше маңызды рөл атқарады. Ал қойдың етін, терісін, жүнін пайдаланады. Қой терісі мен жүннен киім, аяқ киім жасайды, жүннен киіз басылды.

Ғұндарда сонымен қатар егіншілік пен аншылық та дамыған. М.Қашғари (ХІ ғ.) - ғұндардың отырықшылыққа көшкенін және гүркілене бастағанын жазады. Баспанасы - киіз үй. Ошақ тастан қаланып, оның үстіне қола қазан орнатылған. Ғұндар ошақты қадір тұтқан.

Ғұндар отырықшылықты да білген. Деректемелерде “Солтүстік жерлерде суық ерте түседі, сондықтан тары себуге қолайсыз болса да, ғұндардың жерінде тары себіледі”, - деп жазылған. Байкал сыртындағы Нижне-Иволгинс қала жұртын қазған кезде еденді сылаған балшық арасынан туралған сабан шықты. Нақ осы жерден қысқы, тұрақты жартылай жертөлелердің жұрты табылды, олар қрандар жүйесімен жылытылған. Тары дөңдері, шойын түрендер, темір орақ, тас дәнүккіштер және астық сактайтын ұрылар шықты. Адам жерленген ағаш қималар да ғұндарда отырықшылық болғандығын дәлелдейді.

Ғұн қоғамында патриархалдық-рулық қатынастар үстемдік етті. Ғұндар 24 руға бөлінген, оларды рубасылары (аксақалдар) басқарған. Рулық құрылыстың аксақалдар кеңесі және халық жиналысы сияқты институттары сақталды. Ғұндарда жылына 3 рет бірінші, бесінші және тоғызыншы айларда жиналыс өткізіліп, мемлекеттік іс талқыланып, көк (аспан) құдайына арнап құрбандық шалынған. «Сюй» деп аталатын күні көк рухына құрбан шалынды сол жиналыстарда рубасылары мемлекеттік істерді талқылап, ат жарысы мен түйелердің жарысын қызықтайтын болған.

Елді шаньюй басқарды, оның қолында шексіз билік болды. Одан кейін түменбасылар деп аталатын бекзадалар тұрды. Олар шаньюйдің ұлдары, інілері немесе жақын туыскандары болатын. Барлығы 24 түмен басы және олардың әрқайсысының көшіп жүретін өз жері болды. Түменбасылар өз иеліктерінде мыңбасылар, жүзбасылар тағайындайтын. Шаньюй өзіне бағынбайтын немесе жазықты болған түменбасылардың жерін қайтарып алатын, өздерінің жүзбасылары мен оңбасылары жөнінде түменбасыларының да нақ сондай құқығы болды. Лауазымдар мен шендер мұраға калдырылды. Ғұндарда соғыс тұтқындары және бағынышты өңірлердің халқынан тұратын құлдар болған. Олар үй қызметшілері, бакташылар, колөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланылды.

Үйсін тайпалар одағы. Үйсін мемлекеті Қазақстан аумағында б.з.д. II-б.з. IV ғасырларда өмір сүрген байырғы мемлекеттердің бірі. Үйсін мемлекеті Орталық Азия тарихында, әсіресе Қазақстан тарихында аса маңызды рөл атқарады. Өйткені, ол-Қазақстан территориясында құрылған ең алғашқы мемлекеттік құрылым. Сондай-ақ өзінен кейінгі Қазақстан аумағында құрылған көшпенді немесе жартылай көшпенді елдерге мемлекеттік үлгі-өнеге көрсетті. Басқаша айтқанда. Қазақстандағы мемлекеттіктің алғашқы үрдісін қалыптастырды.

Орталық Азияны, Қазақстанды Шығыс Түркістанмен, одан ары Қытаймен жалғастырып жатқан Іле аңғары батысында Балқаштың құмынан бастау алып, шығысында Құлжа қаласына дейін шамамен 600-700 шақырымға созылып жатқан табиғи-географиялық тұрғыдан бөліп алғысыз тұтас бір өңір. Міне осы өңірде біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтың соңғы жартысында және біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында артында жазба және археологиялық ескерткіштер арқылы терең із қалдырған Үйсін мемлекеті және оның мәдениеті қалыптасты. Қытай елінің және басқа дерек көздері арқылы ғұн, қаңлы, үйсін сияқты көне этникалық құрылымдардың тарихын зерттеу отандық тарихнаманың іргелі міндеттерінің бірі болып табылады.

Үйсін мемлекеті қазақ халқының ұлттық құрамының бір саласын қалыптастырды. Ертедегі үйсіндер-көптеген ру-тайпалардың одақтастығы және ол ұлттық мәдениет қалыптастырудың өткінші кезеңінде болған.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы Қазақстан аумағында ежелден өмір сүрген үйсіндер, үйсіндерге қосылған сақтар мен ұлы үйежылар, қанлылар, аландарға (яньцай) ілгері-кейінді келіп қосылған хұн немесе түркі тілдес ру-тайпалар (түркеш, қарлық, кимақ, қонырат, қыпшақ, жалайыр, дулат, найман, керей, уақ, алшындар, әлімұлы, байұлы, т.б.) сан ғасырлар бойы бір аймақта ортақ өмір сүру барысында өзара сіңісіп, біртұтастануының нәтижесінде XIV ғасырда қазақ халқы дербес ұлт болып қалыптасты.

Ал, Қазақстан территориясында үйсін, қаңлы, аландардан басталған мемлекеттік құрылым оншақты мәрте басқалай атаумен қайта құрылып, ыдырау барысында жетіліп отырды. Сонын нәтижесінде, Қазақстанда ХҮ ғасырдың ортасында ұлттық мемлекет-Қазақ хандығы құрылды. Сондықтан, қазақ халқының және Қазақстандағы мемлекеттік құрылым тарихындағы үйсіндердің алатын тарихи орны аса маңызды. Қытай жазбаларына сүйенсек, үйсін, юзчилер (ұлы жүз) тайпалары сонау Қиыр Шығыстағы ата мекендерінен біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда Тәңірі (Гималай) тауының немесе Ерен қабырғаның герістігіне келіп мекендеген.

Үйсін - сақтар мен хұндардан кейін өмір сүрген ірі тайпалық одақтардың бірі. Үйсін тайпасының одағы Балқаштан Ыстықкөлге дейін - қазіргі Жетісу өлкесін жайлаған.

Үйсіндердің тарихы туралы қытай тарихшылары Су Бейхэй, Лин Хэн, Чин Кывэйлерде зерттеген. Су Бейхэй Хан патшалығы кезіндегі үйсіндердің көне мекені туралы зерттесе, Лин Хэн Үйсін мемлекетінің Батыс хан патшалығымен жүргізген қарым-қатынастары туралы жазған. Ал, Чин Кывэй Үйсіндер мен Ұлы жыужының ата мекені және олардың қоныс аударулары туралы жазған. Бұл ғылыми еңбектер біз үшін өте құнды.

Үйсіндердің тарихын қытай жеріндегі қазақ тарихшылары Н.Мыңжанұлы, Н.Мұхаметқанұлы т.б. тарихшылар тікелей қытай деректерін пайдаланып жазып жүр. Бұл зерттеушілердің бір артықшылықтары орыс тілді аудармашыларға қарағанда, үйсіндер туралы жазылған кейбір ауыр сөздердің дәл мағынасын берулері. Әсіресе жер, адам, ру-тайпалар атауларын аударғанда немене қоғамдық-әлеуметтік терминдерді ғылыми тұрғыда зерттеулері. Мәселен, тарихшы Н.Мыңжанұлы үйсіндер туралы жазғанда

оқылуы, аударылуы, түсінігі қиын сөздерге ерекше мән берген. Үйсіндердің алғашқы мекен жайлары туралы Жапон тарихшысы Х.Макуа анықтауға көңіл бөлсе, К.Ширатори тарихта талас болып жүрген Үйсіндердің Ұлы күнбиін кім өлтірді деген мәселеге көңіл бөліп, өзінің ғылыми жұмысында оны б.з.д. 176 жылы Ұлы юзлердің өлтіргендігін дәлелдеген. Түрік елінің тарихшысы Бахаддин Өгел өзінің «Ұлы Хун империясының тарихы» атты екі томдық еңбегінде хұндар мен үйсіндер арасындағы қарым-қатынастар туралы және олардың Қытаймен, Ұлы юзерлермен жасаған саяси байланыстарына жеке-жеке тараулар арнаған. Әсіресе Үйсіндердің ата мекені, орын ауыстыруы, Ұлы юзлермен жүргізген соғыстары туралы алуан түрлі деректер келтіріп жазған. Сонғы кезде Үйсіндер туралы қытай тарихшыларының жазған мақалаларын жазушы, тарихшы Қ.Салғараұлы қазақшаға аудартып, топтамаларын шығартып айтарлықтай еңбек етіп жүр. Сол жинақтардың ішінде «Таным тармақтары» атты жинақта үйсіндер туралы өте жақсы құнды ғылыми мақалалар бар.

Қытай деректерінде екі Хан патшалығы тұсындағы батыс өңірдегі 36 мемлекеттің ішіндегі Үйсін мемлекеті ең күшті ел болып саналған. Осы үйсіндердің қуатты ел екендігін байқаған Батыс Хан патшалығының патшасы үйсіндерді өз жақтарына тартып, ғұндарға қарсы кою үшін өз елшілерін жіберіп құдандалы ел болуды ұсынады. Қытайдың Боваң кінәзі Жаң Чиэп Хан У-ди патшаға бұл ұсыныстың өте пайдалы екендігін айтады. «Қазір тәңірқұт Хан патшалығына жаңа қиындықтар тудырып отыр. Ал үйсіндердің жері бос жатыр... Осы орайда үйсіндерге шын ниетпен мол сыйлықтар беріп, оларды шығыстағы бұрынғы мекендеріне көшуге көндіру, оларға Хан патшасының қызын беруі, өзара келісім орнату жүзеге асырылса, онда бізге тиімді жағдай туып, ғұндардың оң жақ қанаты жабылады» деп ұсыныс жасайды. У-ди патша бұл ұсынысты қабылдап, Жан Чиэннің өзін қолбасшы етіп, 300 адамды оған басқартып, құны миллиондаған қаржыны құрайтын алтын, қағаз, мақта және басқа бұйымдармен үйсіндерге елшілік аттанған. Елшілік үйсіндерді өздерінің бұрынғы шығыстағы Хыши дәлізіндегі мекендеріне қайта оралып, біріге отырып ғұндардан қорғауға көндіру тапсырылады.

Жаң чиж шамасы б.д.б. 115-жылы Үйсін еліне жетіп қытай патшасының ұсынысын тапсырады. Елжау бидің шығысқа орапу

ниеті болмағанымен, ғұндардың шапқыншылық жасауы мүмкін деп қауіптенгендіктен, Хан патшалығымен іліктік келісім жасауға барады. Ал патша қызы Шижиүн ханшаны алуға қалың мал ретінде мыңдаған жылқы беріп, өзіне он жақ (батыс жақ, яғни кіші жақ) әйелі кылып алады. Алайда бұл хабар ғұндардың құлағына жетіп, олар да қызын Елжау биге береді. Оны Күнби сол (шығыс жақ, яғни) үлкен жақ әйелі кылып алады. Ғұндар сол жақты, яғни шығысты қасиетті деп санаған. Сондықтан Күнбидің Ғұн ханшасын Хан патшасынан жоғары қоюы, Үйсіндердің Хан патшасынан жасқануынан гөрі, ғұндардан жасқануының басым екендігін байқатады.

Екі ұлы елдің Ғұн және Хан патшасы үйсін Күнбиі Елжауды өз жақтарына қаратуға әрекет жасап, онымен жақын жақсы қарым-қатынаста болу үшін қыздарын беріп күйеу етуге дейін барулары, Үйсін елінің жәй ру-тайпалық құрылыста өмір сүріп қоймай, ірі қуатты мемлекеттік дәрежеде өмір сүргендерін көрсетеді. Ал Елжау бидің скі елдің арасын тең етіп ұстай білуі оның тек қолбасшы ғана болып қоймай, халықаралық-мемлекетаралық қарым-қатынаста да стратегиялық тактикасының мықты болғандығын көрсетеді.

Алайда бұл үш мемлекеттің арасындағы саяси жағдай да онша тұрақты болмаған. Аяғашқы тыныштықты бұзған ғұндар болды. Олар үйсін мемлекетінің шығыс жағындағы көршісі Чесілерді ғұндар б.д.д. 86-74 жылдары өздеріне қаратып алуға әрекет жасайды. Ондағы мақсаты - тоғыз елдің жол торабын өз қарауларына алып, Хан патшалығының батыс елдердегі байланысын үзіп тастау болса, екіншіден үйсіндерге жорық жасап, оларды өздеріне бағындыру еді.

Үйсіндердің шығу тегіне қатысты аңыз бар. Алғашында олар Монголияның бір өңірінде өмір сүреді. Оларды Тыда Нань доу - ми басқарды. Бірде оларға юечжилер шабуылдап, билеушілерін өлтіреді. Бірақ оның жас баласы тірі қалады. Бір күні оны тәрбиешісі қалдырып, өзі тағам іздестіруге кетеді, қайта оралғанда ол сәбиді қасқыр қаншығы емізіп жатқанын, ал аспанда тұмсығында еті бар қарға айналып ұшып жүргенін көреді. Баланы Құдайлардың халқының патшасына (шаньюйге) алып барады. Шаньюй баланы тәрбиелеп өсіреді, кейін үйсіндерге билеуші етіп қояды. Күшейіп алған соң ол батысқа қоныс аударған юечжиді

талқандайды да, Үйсін мемлекетінің чегізін қалайды.

Үйсін тайпаларының тарихын жазуда, археологиялық материалдарды жазба деректермен байланыстыра отырып, зерттеуде Қазақстан Ғылым академиясының академигі Ә.Марғұлан және атақты археолог, ғалым А.Бернштам зор айтуға тұрарлық еңбек сіңірді. Ал республикаға белгілі археолог А.Г.Кушаев Іле өзенінің бойындағы үйсін тайпаларының ескерткіштеріне қазу жұмыстарын жүргізіп, олардың өмір сүрген уақытын кезеңдерге бөліп, бір жүйеге келтірді. Жетісу жерін мекендеген сак және үйсін тайпаларының тарихымен ұзақ жылдар бойы тарихшы К.Ақышев жан-жақты айналысты.

Ә.Марғұлан, К.Ақышев, Т.Омарбеков сияқты тарихшы-ғалымдар археологиялық материалдар мен жазба деректерді салыстыра отырып, үйсіндердің шаруашылық өмірі мен тұрмысы, мәдениеті мен өнерін біржүйеге келтіріп, олардың тарихын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Қытай жылнамаларындағы көшпенділерге, Орталық Азия елдеріне қатысты деректер ең алғаш орыс тіліне аударылып, әлемге мәлім болды. Қазақ тарихына қатысты деректік материалдар қытайдың «26 тарих» аталып кеткен жылнамаларында қамтылған. Соңғы жылдарға шейін ол материалдармен біз Н.Я.Бичуриннің (Иакинф) «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» (С-Петербург, 1850) аталатын 2 томдық және Кюнердің «Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока» (1961) кітаптары арқылы танысып келдік. Ол «Тарихнамада» бірінші рет кездесетін қазіргі Қытай тілі (фонетикасы бойынша) деген ескі иероглифтен тұратын атауды «Усунь» деп орыс тілінің ерекшелігіне бейімдеп транскрипциялаған. Ал, одан соңғы пайымдауда айтылатын Үйсіндер «xing go-көшпенді мемлекет» деген сөзді ол «Это кочевое владение» деп тәржімалаған. «Ханьнамадағы» «Wu sun go-У сунь го-Үйсін мемлекетінің үлкен күнміі Чыгу (Қызыл аңғар) қаласында тұрады» деген сөзді ол: «Усунь. Правление усуньского большого гуньми в городе Чигу»,-деп аударған.

Бұл жөнінде жазба деректер мен тарихи мәліметтер Қытайдың "Тарихи естеліктер" және "Хань хандығының тарихы" атты шежіре-кітаптарда кездеседі. Мысалы, "Хань

хандығының тарихы" атты кітабының "Үйсіндер" деген тарауында әрі қысқа, әрі нұсқа үлгімен былай делінген: "Үйсіндер тайпасы тегінде Ұлы жүздер мен бірлікте Дун Хуанда жасайтын еді. Сол себепті, алғашында олар хұндарға бағынған болса да, келе-келе өз алдына билік құрып, әбден күшейген соң хұндарға бой ұсынғысы келмей, олардан аулақтанып кетті". Дәл осындай мәлімет "Тарихи естеліктер" атты кітаптың "Ферғана" деген бөлімінде де бар. Онда үйсіндер тайпасының Хандыби атты көсемін хұндар өлтірді десе, екіншісі Хандыбиді Ұлы жүздер тайпасы өлтірді дегенге саяды. Кейін келе үйсіндер Ұлы жүздерді жеңіліске ұшыратады. Ұлы жүз тайпасы Батысқа қоныс аударып барып, Бактрияны басып алады. Ал, үйсін Күнбиі олардың жерін мекендейді. Сондықтан үйсін тайпаларының ішінде саяқ тайпалары мен Ұлы жүз тайпаларының тұқымы бар делінеді. Алғашында оншалықты іргелі ел болмаған үйсін тайпасы сол жеңісінен кейін Ұлы жүз тайпасы мен саяқ тайпаларының бірталайын өздерінің құрамына енгізіп алған соң жаңы, саны бірден артып, көбейген көрінеді. Мұны біз тарихтағы үйсін тайпаларының тәуелсіз тайпалық бір мемлекетке айналуына басты себеп болған жағдай деп қараймыз. Бұл жөнінде "Хань хандығының тарихы" атты кітабының "Ферғана" тарауында былай деп жазылған: Үйсін Ферғананың Шығыс-Солтүстіктегі екі мың шақырымдай келетін өңірінде орналасқан. Олар мал бағып, көшпелі тұрмыс кешкен Хұн тайпаларымен салттас келеді, әрі он мыңдаған сайлаулы әскер ұстаған жауынгер елі. Ол тегінде Хұн тайпаларына бағынышты болған. Кейін келе күшейіп, өз тізгінін өзі алғаннан кейін Хұн тайпасына сәлемде бермейтін болған. Бұдан аңғарылып отырғандай, үйсін тайпасы Ые және Ыстыккөл өңірлеріне келіп орналасқаннан кейін, қандас тайпалар одағы болған Хұндар одағынан іргесін бөліп алып, өз алдына билік құрған көрінеді. Алайда, қытай деректері осы тұстағы жазбаларда қандас тайпаларды ыдыратудың қаскүнемдік айла-шарғыларын өз билеушілерінің іс-әрекеттерін де жасырмайды. Олар үйсіндерді желіктіріп, Хұндардың тайпалық одағына қарсы соғысуға итермелеген. Бұл мақсаттарын жүзеге асыру үшін қытайлар қыздарын үйсіндерге ұзатып, ондағы ел басқарған атқамінерлер мен елеулі адамдарды тарту-таралғымен өздеріне тартқан. Бұл жөнінде Қытай жазбаларындағы "Хань хандығының тарихы" атты

кітаптың "Үйсіндер" атты тарауында: "Үйсіндер Шығыстағы атамскендеріне қайтадан көшіп келіп қоныстанатын болса, Хань хандығы қыздарын беріп, құдандалы жекжат болып, хұндар бірлігіне қарсы тұрмақшы" деген сөзін арнайы түрде жеткізген. Онда қытайлықтардың сол тұстағы Жян Ду бектігінің қызы Ши Жунді «хан қызы» деп үйсіндерге өтірік айтып, олардың Күнбиіне ұзатып жібергендігі анықта айқын жазылған.

Үйсіндердің ата қонысы және оның батысқа қоныс аударуы жөнінде әркім әр түрлі көзқарас айтып жүр. Оның түпкі себебі - деректер мәселесі, қытай тарихшысы Сыма-Цянь мен Бан Гудың "Ханнамасы" мен "Тарихи жазбаларында" мынандай деректер бар: "Үйсін мемлекетінің жері ұлан-байтақ кең, әрі жазық, жауын-шашыны көп, ауа райы суық, тауларда қалың қарағай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Малмен бірге жайылым-суат жағдайымен көшіп жүреді. Әдет-ғұрпы хұндарға ұқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4-5 мың жылқы болды. Халқы қайсар, батыл келеді. Сенімсіздік істерге де қатты өшігеді, ұры-қарысы көп. Ең күшті мемлекет. Бұрын хұнға бағынышты болған, кейін күшейді де, оның бұғауынан құтылып, оған бағынбайтын болған. Шығыс жағы хұндармен, солтүстігі қаңлымен, батыс жағы Ферғанамен, оңтүстігі қалалық мемлекеттермен шектеседі...",-дейді.

Батыс Хань хандығы заманында үйсін жұрты Іле өзенінің оң-сол қанатын мекендейтін. Бұл олардың ежелгі қонысы емес еді. Олардың бұрынғы мекенінің қайда болғандығы жөніндегі пікір таластар күні бүгінге дейін толас тапқан емес. Нанди бидің кезінде үйсіндердің мекені Дуньхуан мен Цилян-Шань алқабы болғаны да тарихи шындық. Чжан Шоуцзие "Тарихи жазбалардың нақтылы мәні" кітабында "үйсіндер Чжанго дәуірінде Гуачжоуды мекендеген" деп өте дұрыс көрсетеді. Ол тағы да: "Үйсін түбін қуганда сак нәсілінен" дейді. Үйсіндер иузейлер тарапынан Дуньхуан өңірінен қуылған кезде өте ауыр зардаптар шеккенімен, тұқымымен бір жолата құрып біткен жоқ. "Тарихнамада. Перғана баянында" айтылатындай, ғұндар үйсіндердің бала Күнбиін бағып алғаннан кейін, ол барған сайын атпалданып, әскер бастап, сол елге көп еңбек сіңіреді. Тәңірқұрт Күнбидің тоз-тоз болған бұқара-жұртын оның қол астына қайтадан жиып беріп, Батыс өңірді ұзақ уақыт өз әмірінде ұстайды. Бұдан Дуньхуан өңірінен тағы да

көптеген жұртының үркіп, батысқа кеткендігін байқаймыз. Жоғарылардан біз бұрындары Дуньхуаң, Цилян-шань алқабында көшіп-қонып жүрген үйсіндер иузейлер тарапынан ығыстырылып шығарылғаннан кейін, Құмыл, Жемсары, Бесбалық алқабына ауып келіп, Манастың шығысындағы жерлерде тіршілік еткендігін байқаймыз.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдары қытай жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректік материалдарды қазақ тіліне аудару ісі қолға алына бастады. Оған қытай тілін жетік меңгерген қандас бауырларымыздың арасынан мамандардың шығуы негіз болды. 1987 жылы Байләулет Аблаханұлы мен Го Уынчиң мырзалар ежелгі қытайдың «Хәннама» атты жылнамасындағы «Батыс өңір баяны» аталатын бөлігіндегі үйсіндерге қатысты материалдарды қазақ тіліне аударып, «Батыс өңір және үйсін мемлекеті» деген атпен жариялайды. 1995 жылы Шығыс Түркістандағы Қоғамдық ғылымдар академиясының жанынан Жакып Мырзаханұлының жетекшілігінде ғылыми жұмыс тобы құрылып, жоғарыда аталған «26 тарихтағы» қазақ тарихына қатысты деректік материалдарды қазақ тіліне аудару ісі қолға алынады. Осы бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесі «Жұнго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деген атпен араб графикасында 1998 және 2002 жылдары 2 том болып, Пекиндегі Ұлттар баспасынан жарық көрді.

Қытайда өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап үйсіндер тарихын археологиялық ескерткіштер негізінде зерттеу ісі жолға қойыла бастаған. Оны Шыңжан археология институтының ғылыми қызметкерлері жүргізеді. Олардың бұл қызметі Қазақстан археологтарының Бесшатыр және Есік обаларын зерттеу жұмысымен шамамен бір мезгілде басталған. «Ежелгі үйсін елінде» жалпы бұл ғылыми тақырыппен шұғылданған немесе бүгінде жұмыс жасап жүрген он бестен астам ғалымдардың аты-жөні аталады. Археолог-ғалымдар Уаң Биңхуа мен Уан Миңжы бірігіп жазған «Үйсін туралы зерттеу» атты монографиялық еңбек 1989 жылы Үрімшіде жарық көрді. Оны қазақ тіліне аударған Н.Мұхаметханұлы.

Үйсін мемлекетінің өмір сүрген мезгілі Қытай жылнамаларының көрсетуіне қарағанда үйсіндердің ел болып,

мемлекет құруы шамамен б.з.д. II-ғасырдың бас кезі. Жоғарғы билеушісі ретінде Нэнду би аталады. Ол көрші нүкіс, (ғұн, ұлы йүзілер деп те айтылады) тайпасымен болған шайқаста мерт болады да, халқы босып ғұндарды паналайды. Сөйтіп үйсіндер дербес елдік сипатынан айрылады. Нэнду бидің ұлы Елжау бидің (екінші аты Лапкөк) тұсында үйсін мемлекеттігі қайта жанданады. Н.Мынжанұлы: «б.з.б. 3-ғасырдан заманымыздың 10-ғасырына дейінгі 1200 жылдың Үйсін тарихында, Үйсін күн-билері әулетінің тек он ұрпағы жөнінде ғана нақты дерек сақталғанын» айтып, олардың шежіресін, өмір сүрген мезгілін береді .

Б.з.д. II-ші ғасырдың екінші жартысында үйсіндер мемлекеті қуатты күшке айналып, өзін төңірегіндегі елдерге, Хән және Ғұн патшалықтарына мойындатады. Кемеліне келген Үйсін мемлекетінде 120 мың түтін, 630 мың адам, 188 800 салт атты әскері болды. Археолог-ғалымдар Уан Биңхуа мен Уан Миңжы «мейлі халық саны жағынан болсын немесе әскер күші жағынан болсын, олар (яғни үйсіндер) Хән әулеті дәуірінде өмір сүрген Батыс өңір жеріндегі басқа елдермен салыстырғанда, әр жақтан алда тұрады», -деп түйіндейді. Бұл сол тарихи кезеңде-ақ мемлекет аралық жақындасудың, ең жоғарғы дәрежеде мойындаудың көрінісі болатын.

Синолог профессор Н.Мұхаметханұлының дәлелді тұжырымдарына карағанда кезінде Н.Я. Бичурин (Иакинф) Үйсіндерге байланысты "xing guo –көшпенді мемлекет" деген сөзді "кочевое владение" деп мағынасын өзгертін аударған. Ғалымның әбден орынды айтылған пікірінше "төл деректегі "го"- "мемлекет" деген бір ғана иероглифтің аударылмай қалуы, Қазақстан тарихын зерттеу ісінің дамуына бір жарым ғасыр кедергі келтірді"

Өйткені үйсіндердің оңтүстік бетіндегі, яғни Сыр бойындағы сак елінде мемлекеттіктің айқын нышандары бұдан да бұрын (б.з.д. VI ғ.) байқалған еді. Ал Іле бойы, Жетісудағы үйсіндердің бүлөнірде мемлекеттіктің алғашқы үлгі-өнегесін калыптастырғандығы дау туғызбаса керек.

Б.з.д. 16 жылы солтүстік иеліктегі қытай билеушісі Уйжынжаң деген "Үйсін елін біріктіруге қарсы шығып, беделді үйсін күнбиі Силы биді өлтіреді. Міне бұл оқиғаға ішкі қырқыстар қосылып, "Үйсін елі бұрынғы күш-қуатынан айырылып, еңістей

береді", - деген тұжырым жасайды.

Үйсін қоғамында жылқы малы, арғымақ ат, тұлпар байлықтың, ерліктің, сұлулықтың, мәңгіліктің символы. Хән патшасына үйсіндер қалың малға мың жылқы айдатады. Ал қытай билеушісі үйсін жылқысын "Тәңір Тау сәйгүлігі" атайды. Үйсін қоғамы біртектес болмады. Онда тайпа мен рудың дәулетті адамдары, абыздар және қатардағы бұқара малшылар мен егіншілер болған еді.

Үйсіндерде билеуші әулет қалыптасқан. Үйсіндердің арғы тегі жөнінде қытай жазбаларында жүйелі жазылған деректер бар. Б.з.д. бір мың жылдықта хатталған «Зо жуан - Зо чжуань» деген жинақта «Күн иі», «Күн роң» деген этнос атаулары кездеседі. Бұндағы «күн» деген иероглиф-тек қытайшада «күн» деген дыбысты шығару үшін қолданған таңба. Ол өзінің әуелгі «аға» деген мағынасын білдірмейді. Ал, «иі», «роң» деген иероглифтер-«бұратаналар», «жабайылар» деген мағынаны аңғартатын тұрақты сөздер. Сонда, «күн»-ге «иі»-ді немесе «роң»-ды қосып айтқанда, одан «Күн бұратаналары» немесе «Күн жабайылары» деген мағынаны білдіретін термин шығады. Қытайдың б.з.д. бір мыңжылдықта жазылған деректерінде: «Күн иі елдері Қытайдың батыс өңіріндекөшіп-қонып жүрді», - деп жазылған. Осыған қарағанда, ол өздерін «Күн әулетіміз» немесе «Күннен жаралғандармыз» деп атаса керек. Бұл шығыс халықтарының ертедегі дүниетанымына сай келеді. Сондықтан, қытай авторлары олардың «күн» деген түбір сөзіне «иі» немесе «роң»-ды қосып, оларға «Күн бұратаналары» деген ат қойған. Қытай авторлары ежелгі замандағы көшпенділерді атағанда қашанда олардың атының соңына «жабайы» деген мағынаны білдіретін иероглифті немесе жыртықштарды аңғартатын «фан чуан фан» таңбасын қосып жазатынды. Сондықтан, өздерін «Күн әулетіміз» дейтіндерді «Күн иі»-«Күн бұратаналары» деп атау қытай авторларының әдетіне айналған құбылыс.

Осы Күн бұратаналары б.з.д. ІҮ ғасырлардағы қытай жазбаларында «yun xing rong» (үйін шын роң-«үйін әулеті жабайылары») деп аталған, олар Шығыс Тянь-Шань өңірінде өмір сүрген. Б.з.д. ІІ ғасырдың басында «Үйін шын роңдар «Усұньдер» деп аталған.

Оңқай бидің қаза болуы үйсін елін екіге бөліп әлсіретеді.

Үйсін аксүйектерінің іс-әрекеттері бәйынша Күнби болған Най би елге жұғымсыз билеуші болса керек.

Най бидің билігі кезінде талас-тартыс күшейіп, елден береке кете бастайды. Ол таққа отырысымен, Оңқай бидің жесірі Жиейүй ханымды алуға әрекет жасайды. Ханым хан патшалығының үйсін елінде жүрген екі елшілерімен ақылдасып, Най биді Шығу қаласында өлтіруге әрекет жасайды. Алайда бұл әрекет сәтсіз болып, Най би жарадар болып қашып құтылады. Най бидің баласы әскер әкеліп, Шығу қаласындағы екі елші мен Жиейүй ханымды қоршауға алады. Бұл хабарды естіген Қытайдың Батыс өңір өкіл әкімі араша түсіп, елшілер мен ханымды қоршаудан босатып алған. Хан патшасы екі елдің арасындағы жақсы жағдайдың шиеленісіп кетпеуі үшін Най бидің көңілін сұратып, оған көптеген алтын-күміс, асыл бұйымдар тарту етеді. Жақсы дәрігер жіберіп, қымбат бағалы дәрілермен емдейді. Сөйтіп Хан патшасы екі елдің арасындағы жағдайды қайта қалпына келтіруге тырысқан. Ал екі елшіні шақыртып алып үйсін күнбиінің көңілін орнықтыру үшін екеуінің де басын кестірген.

Хан патшалығына тәуелді болып қалады. Екіге бөлінгеннің өзінде өз іштерінде билік үшін талас жүріп жатты. Бір кезде екі елді (ғұндар мен хан патшалығы) өзінен көмек сұрауға тәуелді еткен Үйсін мемлекеті енді екіге бөлініп, солтүстік бөлігі ғұндардан көмек сұрап тәуелді болса, ал оңтүстік бөлігі Хан патшалығынан көмек сұрап тәуелді болып қалған.

Қоғамның дамылсыз алға қарай дамуы б.д.б.І ғасырдың орта кезінде Кіндік Азиядағы елдердің тарихи сахнасына және жаңа өзгерістер енгізіп жатты. Бұл аймақта алғашқы болып империя құрған ғұндар да екіге бөлініп, оңтүстік бөлігі Хан патшалығына тәуелді болса, ал солтүстік бөлігі батысқа қарай ығысып, Алтай, Саян тауларын мекендеген дыңлин, қырғыз және қыпшақ тайпаларын өзіне қосып, үйсін, қаңлыларға қарай жылжыған. Бұл тарихи саяси уақиғаларға зер салып отырған Хан патшалығы Солтүстік ғұндардың батыстағы үйсіндерге қарай жылжып бара жатқанын сезіп, Шуанди патша үйсін еліне елші етіп бұрын онда болған Фың Лиану ханымды жібереді. Фың ханым Ұлы күнбидің қол астындағы бектерге, қолбасыларға сый-сияпат жасап, алтын зерлі тақия таратып, Ұлы күнби Шынбидің өкімет билігін күшейтуге көмектеседі.

Хан патшалығының ойлағаны дәл келеді. Б.д.б. 49 ж. солтүстіктің тәңірқұты Шөже (Жі-жы) өз әскерімен Кіші күнмо жеріне келіп, Өжет биге өзіне қосылуын талап етіп елші жібереді. Өжет би бұл талаптан үзілді-кесілді бас тартып, елшілердің басын кесіп, хан патшалығына жібереді. «Хан патшалығы тарихы, ғұн шежіресі» хабарында өзі (Өжет би) 8000 мың әскерімен Шөже тәңірқұтка қарсы тұрған. Алайда Өжет би бұл шайқаста жеңіске жете алмайды. Бірақ майданда жауына қарсы тұра алатындығын көрсете білген.

Ғұндардың тәңірқұты Шөже үйсіндерді өз күшімен жене алмайтындығына көзі жетіп, енді ол Қанлы елінің ханымен жақындасады.

Үйсін мемлекетінің қоғамдық құрылысы. Қытай деректерінде үйсіндердің мемлекеттік қоғамдық құрылысы жөнінде көптеген мағлұмағтар кездеседі. Мәселен, «Хан кітабының», «Батыс өңір шежіресінің», «Үйсін мемлекеті» деген гараудың өзі үйсіндердің мемлекеттік дәрежесіне ерекше көңіл бөлінгендігін көрсетеді. Сонымен қатар деректердегі «Усунь-го» Үйсін мемлекеті немесе «Синьго» Көшпелі мемлекет, не «Бу-цзу» Тайпалар одағы бұл үйсіндердің мемлекеттік дәрежесін білдіретін сөздер бекер айтылмаған. Мұндай сөздерді үйсіндер мен қытайлықтардың ғасырлар бойы бірге жасап, көрші жатқанын бір-бірімен қарым-қатынас арқылы мемлекеттік дәрежеде саяси байланыста болғандығы олардың жылнамаларында жазылған. Сондықтан да үйсіндерде мемлекеттік қоғамдық құрылыс болмады деп жүрген пікірлер жәй ғана бос сөз. Мұндай мемлекеттің басында отырған адамды сол «Хан кітабының» «Жаң Чиэн өмірбаяны» бөлімінде (Жай Чиэн - қытай елшісі) ол өзінің патшасының алдында берген жауабында ғұндар арасында тұрғанында, (оны ғұндар 10 жыл тұтқын еткен) үйсіндердің билеушісінің лақап аты Кунмо деп естідім дейді. Ал Жапон ғалымы Бэй-ниау-кужи өзінің «У-сұндар жөнінде дерек» атты макаласында у-сүн (Үйсіндер) мемлекетінің билік атауында «ми» иероглифі көп кездеседі. Мысалы: Нэндыу-ми, М-жиау- ми т.б. Мұндағы «ми» иероглифі түрік тіліндегі «би» мағынасында, бұл сөз - елбасы деген деген ұғымда дейді. Бұл сөзден «Күнмо» Күнби яғни елбасын өзінің елін - мемлекетін күндей билеуші, билік жүргізуші деп ұғынған жөн. Жапон ғалымының және бір көңіл бөлгені, үйсіндердің Күнбиінің

(Күнбиінің Ж.С.) жас кезінде иесіз далада қалып, қасқыр мен қарға баққан аңызы мен түріктің бабасын да далада қасқыр емізіп өсіргені жөніндегі аңыздың ұқсастығы. Бұл ұқсастықтан үйсіндердің де түркі тұқымдас екендігіне ешбір дау болуы мүмкін емес.

Сонымен Күнби үйсін мемлекетінің ең жоғарғы билеушісі болған, Оның билігінде елдегі қарулы күштердің жоғарғы қолбасшылығы болды. Мемлекет оң, сол және орта қанаттарға бөлініп үш әскери-әкімшілік бөлікпен басқарылды. Күнбиге рутайналар бірліктерін басқаратын бектерге бағынды. Күнби ортала отырып он қанат пен сол қанатты басқарушылардың үстінен өзі бақылау жүргізіп отырған. Үйсін елінде де басқа да Кіндік Азиядағы елдердегідей басқарудың ондық жүйесі қолданылған. Күнби мұрагерлік тәртіпті ұстаған. Ол өзіне қараған ел-жұртын балаларына бөліп, мыннан әскер беріп және көшіп қонатын жазжайлау, қыс-қыстауларын белгілеп беретін.

Ежелгі үйсіндердің материалдық мәдениеті әжептәуір толық зерттелген. Жетісудағы, негізінен алғанда Іле, Талас және Шу аңғарларындағы қоныстар мен қорымдарды қазу барысында табылған материалдар біраз мәліметтер береді. Олар үйсіндердің тұрғын жайларының сипатын, олардың ішкі көрінісін елестетуге, еңбек құралдары мен қару-жарағын білуге, керамиканың эволюциясы мен оның негізгі үлгілерін зерттеуге мүмкіндік туғызды. Жоғарыда ертедегі үйсіндердің жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір салты қыстау-қоныстар мен қала үлгісіндегі бекіністі қалалар салынуына себеп болған атап өтілді. Ертедегі қытайдың жазбаша деректемелеріндегі азын-аулақ мәліметтер шынында да солай болғанын қуаттайды.

Қытай жазбаларында алғаш ежелгі Қазақстан жерінде құрылған мемлекеттердің шаруашылығы, қоғамдық және мемлекеттік құрылымы, тәлім-тәрбиесі, діні мен әдет-ғұрпыжөнінде бағалы мәліметтер бар. Олар көшпенді халық болған, жермен айналысуды білсе де, негізінен мал бағумен шұғылданған.

Жетісуда мал өсіру, мал шаруашылығының өнімдерін қоғам қажеттілігіне қызметке қою, сол арқылы табиғи ортамен өзара үйлесімділікте, келісімде өмір сүре алу мәдениеті адамзат тарихында бұрын болмаған дәрежеге көтерілді. Өмірге жаңа бай

тіл, ғажап поэзия, рухани құндылықтарды жадына сақтап, ауызша жеткізу дәстүрі келді. Көшпелі және отырықшы тұрмысты ұштастыра өмір сүру өркениеті қалыптасты.

Үйсіндердің әлеуметтік жағдайы жоғарыда үйсіндердің археологиялық ескерткіштерінің зерттелуіне байланысты жазылды. Міне сол зерттеулерден алынған материалдар үйсін елінің әлеуметтік-экономикалық жағына толық болмаса да жартылай жауап бере алады. Әсіресе Іле бойындағы обалардан алынған материалдар үйсіндер қоғамында теңсіздіктің болғандығын айдан анық көрсеткен. Мәселен рулық зираттарда құрылымның үлкен-кішілігімен және жерлеу рәсімінің байлығымен қайран қалдыратын аксүйектер зираттарының табылуы кездейсоқ емес. Шығыс Жетісуда Теңлік обасында бір обаға атакты әйел жерленген. Оның киімі мәнерлі үлкен-кішілі алтын қаптырмалармен сәнделген, құлақтарында сәнді бедерленген сырғалары бар, шашына немесе бас киіміне алтынмен шебер қаңғалған ауыр түйреуіш түйрелген. Жанына сәндік заттардан қола айна және алтын жапырақша жолақтармен өрнектелген ағаш қобдиша (шкатулка) қойылған. Мұндай обалар батыс Жетісуда Қаракөл және Бураһин обаларын қазғанда олардан алтын мүсінді қаптырмалар, аң стиліндегі әшекей бұйымдар, қару-жарак, ағаш, қыш ыдыстар табылған. Мұндай үлкен обаларға атакты адамдар мен ірі байлар немесе олардың әйелдері жерленген. Ал орташа обаларда орта шаруашылығы бар халықтың көпшілік құрамын құрайтын ерікті, қатардағы қауым адамдары жерленсе, ұсақ-кіші обаларда тәуелді ұсақ өндірушілер мен құлдар жерленген. Үйсіндерде құлдық болғанымен, құлдықтың еңбегі өндірістің көзі болмаған. Үйсіндердегі құлдықтың басты пайда болар көзі соғыс кезінде қолға түскен тұтқындар болды. Мәселен қытай жазба деректерінде б.д. бұрынғы I ғасырда үйсін күнбиі ғұндарға тұтқиылдан шабуыл жасап, 40 мыңға жуық аламдарын тұтқындап өздерімен бірге алып кеткен. Құлдардың екінші бір шығу көзі борышты болған адамдар. Ал кейбір жағдайларда ірі байлар өздерінің кедей туыстарын құлға айналдырған деген жорамал бар. Жалпы, мырзалар олардың отбасы мүшелерін күтетін малай ретінде құлдарды пайдаланған. Негізінен құлдар еңбегі қолөнер бұйымдарын, мал бағу, егін салу сияқты жұмыстарға пайдаланған.

Қытай деректері үйсіндерде мал-мүліктеріне ерте кездерден-

ақ жекеленіп кеткенін хабарлайды. Мәселен, Үйсін байларының немесе шонжар ақсүйектерінің әрқайсысында 4-5 мың жылқыға дейін болғандығы хабарланады. Деректерде жеке меншікті көрсететін жылқыға салған таңбалары бар. Алайда жайылымды жер ортақ болған. Ал б.д.б. I ғасырдың басында, дәлірек айтқанда б.д.б. II жылғы «Хан кітабы», «Үйсін мемлекеті» тарауында Үйсіндердің жайылым жерлері бірте-бірте жекешелікке көше бастағандығы жазылған. Әсіресе күнбидің жеріне кіруге болмаған. Тан Шігүдін түсіндірме сөздігінде «Кунмидің жайылым жеріне кірмеу керек. Олай болған күнде, онын жазалауына ұшырайсын» деп жазылған. Мұндай деректерден жерге меншік көзінің күшейе бастағанын байкатады. Меншіктің пайда болуының бір себебі рулық, қауымдық немесе жеке меншік иелерінің ерекше бір белгілі таңбалармен таңбалауы. Мұндай ерекше таңбаларды ойлап тауып оларды пайдаланудың басты мақсаты ең алдымен әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты болды. Археологиялық қазба жұмыстарының кезінде қыш ыдыстағы таңбалар, үй малдарына, мініс аттарға салынған таңбалар табылған. Мәселен, таулы Алтай жеріндегі сак обаларынан патшалар жанына бірге жерленген аттарының таңбалары болған. Малға таңба салу үйсіндерден кейінгі олардың жалғасы болған түркі дәуірінде де, қазақтарда да бүгінгі күнге дейін орын алып келеді.

Обалардан, қала қоныстардан табылып жүрген қыштан, металдан, тастан жасалған мөрлер жеке меншіктің пайда болғанының дәлелі. Бұл тұжырымды 1967 жылғы Талас аңғарындағы Қараша қорымының 23 обасынан табылған (Үйсіндердің обасы) Үйсіндердің қыш мөрі растай түседі.

Үйсіндердің бұл мөрлерінің табылуы күтпеген жай емес еді. Қытай деректеріне қарағанда үйсіндердің кейбір әскер басылары мен чиновниктерінде алтын және мыс мөрлері болған. Обалардан, қоныстардан табылған қыш мөрлер қарапайым халықтың неғұрлым қалың тобының да өз мөрлері болғанын дәлелдейді. Ал қытай жылнамаларында жазылып жүрген шонжарлардағы мөрлер күнбилер сарайы жанындағы лауазымды адамдар билігінің белгісін көрсетсе, ал қарапайым тас және қыш мөрлер, әр түрлі қожайындардың меншігін ажырату үшін пайдаланған.

Қытай елінің "Тарихи жазбалар", "Хәннама" атты жылнамаларынан Үйсін, оған көрші әрі туыс Ғұн және басқа

көшпелілердің қалыптасқан өмір сүру салты, шаруашылық жүргізу дәстүрі, жалпы өркениеттік ерекшеліктері жөнінде біраз мағлұматтар алуға болады. Мәселен, «Ханнама» жылнамасының «Батыс өңір» тарауында үйсіндер жөнінде: «Жері ұлан-асыр жазық, ауа райы жаңбырлы, салқын келеді. Тауларында қарағай, самырсын көп өседі. Жер жыртып, егін екпейді. Халқы сұлы, шүйгін қоныс қуалап көшпелі малшылықпен шұғыл-данады, әдет-ғұрпы ғұндарға ұқсайды. Елінде жылқы көп. Байларында 4-5 мың жылқы бар» деп көрсетеді.

Ал «Уйнама. Үйсін баяны» аталатын дерек көзінде Үйсін елі жөнінде «... қала ұстамай, малдың жағдайына қарай судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуып көшіп жүреді», - деген мәліметті оқимыз.

Бұл берілген мәліметтерден Үйсін елінің негізгі байлығы мен берекесі шүйгінді өріс пен мыңғырған мал, әсіресе жылқы және қой болғандығын аңғарамыз? Үйсін Елжау күнбиі Қытай елінен Шижүн ханшаны айттырғанда қалыңдыққа мың жылқы айдатады. Хан патшасы үйсіндерден сыйға алған асыл тұқымды арғымақтарды «тәңірім сәйгүлік» атайды.

Қытай жазба дерек көздері үйсіндерді көшпелілер ретінде сипаттайды. Оларда үйсіндер «егіншілікпен де, бау-бақша өсірумен де айналыспайды, тек оты мол суы мол жерлерге мал-жанымен бірге көшеді де жүреді» - деп жазылған.

Расында да мал шаруашылығы үйсіндердің өмір тіршілігінде шешуші рөл атқарады. Жетісудің табиғи жағдайы! Мойынқұм мен Балқаш өңірін қоныс еткен қыстаулардан бойлық бағдарымен жүріп отырған, жаз күндері мал қонданып, қысқы мерзімге әзірленіп-әлденіп алатын, тау бастарындағы шөбі шүйгін шалғынды жайлауларға көшіп баруына қолайлы болатын. Бұл аймақта жайлау мен қыстау аралары онша қашық емес 30-100 шақырым шамасында болады. Үйсіндер ұзақ уақыт қыстаулары мен жай-лауларында, әсіресе көктем мен күзгі жайылымдарында отырып қалады екен. Олар сол арадан тұрақты үйлер салып, оның қасынан егін егіп, бау-бақша өсіретін болған. Үйсіндердің отырықшы болып, егіншілікпен айналысқанының бір дәйекті дәлелі-олардың тұрақты тұрғын үйлері, қора-жайлары, саздан көптеп жасалған ауыр аяқ-табақтары, дәнүккіштері, тас кетпендер меп әртүрлі дақылдар қалдықтары бар мекен-жайлардың болуы.

Археологиялық материалдарға қарағанда, үйсіндер тарихының ертедегі кезеңінен кейінгі кезеңіне жақындаған сайын егіншілік рөлі артып отырған. Ендеше үйсіндер шаруашылығы кешенді-малшаруашылықты-егіншілік болған.

Үйсіндер жылқы, қой, ешкі, сиыр, түйе малдарын өсірген. Қой мен жылқы көп болған. Жылқының әртүрлі тұқымы, оның ішінде асыл тұқымды арғымақтар да болды. Үйсіннің Теңлік обасынан табылған алтын қаптырмада шоқтығы биік айғыр мінген салт кісі бейнеленген. Ахамен әулиенің астанасы болған Персиополь сарайында бедерленген сак жылқысы мен Теңлік обасындағы жылқыны салыстырар болсақ, олар бір-біріне өте ұқсас келеді.

Үйсіндер ет және өнімдерімен азықтанды, жинасты-рылған бидайдан нан пісірді, бау-бақшада өсірілген көкөністерімен де коректенді.

Аяқ-табакты қыруар көп етіп дайындаған. Оны әйелдер саздан жасаған, ал еркектер қайыңнан шағын үстел-табактар, зерендер, қымыз құятын ожаулар ойып жасаған.

Сондай-ақ үйсіндерде қыстау, көктеу, жайлау және күзеудің көшпелі мал шаруашылық жүйесі болған. Үйсіндер ұзақ уақыт қыстаулар мен жайлауларында, әсіресе көктем мен күзгі жайылымдарында отырып қалатындықтан, сол арадан тұрақты үйлер салып, оның қасынан егін егіп, бау-бақша өсіретін болған. Тұрғындардың үлкен бөлігі жайлаудағы еркін өмірге рақаттанып жатқанда, қоныста қалғандары егістікпен айналысты, күзгі өнімдерін жинастырып, руластарын астықпен камтамассыз етті. Біртіндеп тұрғындардың бір бөлігі отырықшылыққа түбегейлі көшті, бұған халықты күйретіп кеткен соғыс, жұт, мал індеті секілді жағдайларда әсер етіп отырса керек.

Үйсін және оның басқа көшпелі көршілері белгілі дәрежеде егіншілікпен де айналысқан, «үйсін қоғамында салыстырмалы түрдегі тұрақты қоныстар» болған, ал астанасы Чекүк қаласы бұл елдің саяси, экономикалық және мәдени орталығы деген ұстанымда.

Үйсіндер жартылай отырықшы ел болған. Үйсіндердің отырықшы болып, егіншілікпен айналысқанын тұрақты тұрғын үйлер, қора-жайлар, саздан көптеп жасалған ауыр аяқ табактар, дәнүккіштер, тас кетпендер мен әртүрлі дақылдар бар мекен-

жайлар, дәйекті түрде растайды.

Кіші Алматы өзенінің сағасынан табылған үйсін қыстауы да бар. «Горный гигант» совхозының табылған жерінен үйсіндер тұрағы табылды. Оны осы жерден ар-шылған түрлі ыдыс-аяқтар дәлелдеп отыр. Үйсіндер сақтармен кандас, туыстас болып келеді. Үйсіндер монғолоид нәсілімен араласқан еуропейдтер деген болжам бар. Сақтарға карағанда үйсіндерде мұндай белгілер көбірек. Мұның өзі олардың көшіп-қонып араласуына байланысты болса керек.

Үйсіндердің мал шаруашылығы туралы мағлұматтарды көп жағдайда археологиялық қазба жұмыстары кезінде олардың зираттары мен қоныстарынан алынған үй жануарлары мен ан сүйектерінен байқауға болады. Зираттарынан ұсақ малдың, ал қоныстардан ірі қара сүйектері табылып отырады. Дегенмен ежелгі заман авторлары да үйсіндердің мал шаруашылығымен айналысқандықтары туралы жазған. Бірақ олар «үйсіндер малға азық пен су үшін көшіп-қонып, жақсы жайылым іздеп жүрген» деп қысқаша ғана тоқталады. Жалпы айтқанда бұл пікір дұрыс болғанымен, үйсіндердің мал өсіру жағдайына онша сәйкес келмейді. Өйткені үйсіндердің мал өсірудегі тәсілдері басқа да малмен айналысатын елдерге карағанда, жергілікті жағрафиялық жағдайға байланысты өзіндік ерекшелігін сақтады. Ол ерекшелік Жетісу аймағында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын қатар жүргізудің әдіс-тәсілдерін ұштастыра білулерінде.

Мәселен, палеознологиялық зерттеу кезінде Талдықорған обл. Кербулақ ауд. жерінде Шолақжиде қыстауынан жайлауға көшкен өздерін үйсіндерміз деп жүрген қазақтар (Қызыл кезеңде 1978 ж.) қыстауларының жанындағы егіндік жерге егін салып көшкен. Шамасы егін салудың мұндай тәсілі сол ежелгі үйсіндерден жалғасып келе жатқандығына ешбір күмән жоқ. Бұл пікірге басты дәлел: Ақтас 2 (Шығыс Жетісу) және Луговой (Батыс Жетісу) қыстау қоныстарын зерттегенде, олардың бірнеше мәдени кабаттан тұратындығы, астыңғы мәдени кабаттар ертедегі үйсіндер кезі болса, үстінгі мәдени кабаттар қазақтардыкі екендігін археолог К.А.Ақышов дәлелдеген.

Ал бұл қыстау-қоныстардан алынған сүйек материалдарға сараптама жасағанда, Луговой қонысындағы тұрғындардың қолда баққан малдарының 33,1% ірі қара болса, ал Ақтас қонысының 48,4

% кой, 32,7 % жылқы болған. Екі қоныстағы айырмашылықтан мынаны байқауға болады. Біріншіден, Батыс Жетісудың Талас, Шу өзендерінің жазық жерлерінде отырықшы егін шаруашылығымен айналысудың қолайлылығы басым болса, екіншіден, бұл аймаққа Оңтүстік Қазақстанның және Орта Азияның егіншілік ықпалының басым болуы.

Үйсіндерде мал шаруашылығының ішінде әсіресе жылқы өсірудің жақсы дамығандығын қытай жылнамаларынан жиі кездестіруге болады. Олтуралы меншік катынасында айтылды. Үйсін байларында 5-6 мың жылқыдан кем болмайтындығы, Хан патшаларының қыздарына үйленген үйсін күнбилерінің қалың мал үшін мыңдаған жылқы берулері немесе жылнамалардағы ұлы, кіші күнбилердің 30-40 мыңнан астам атты әскерлері болуы, Үйсін аксүйектерінің байлығы жылқымен бағаланатындығы жөнінде жылнамаларда жылқы туралы кездесетін деректер Үйсіндердің қой мен жылқы малын басым түрде өсіргендігін көрсетеді. Қытай жылнамаларында Үйсіндердің таулы аудандарда Қодас пен Қашыр өсіргендігін де хабарлайды. Кейбір деректерде қалың малға жылқымен бірге 1000 қашыр берді деген. Малдың бұл түрі көшкенде жүк артуға пайдаланылған. Үйсіндер түйе де өсірген. Қазба жұмысының кезінде үстіне шөгіп жатқан алтын сакина табылған.

Ғылыми зерттеулерге қарағанда Жетісуда асыл тұқымды жүйрік жылқы өсірілген. Көрші елдердің сыншыларының айтуынша, үйсіндердің жылқыларының төзімділігі мен жүйріктігі үшін, Даванның «кәтерлі аспан» аттарынан кейінгі екінші орынға қойған. Қытай жылнамаларында үйсіндердің жылқысын «Бәтыс шек» деп атаған. Археологиялық зерттеу кезінде, Теңлік обасынан табылған алтын қаптырмадағы салт аттан үйсін жылқысының тұқымын білуге болады. Бейнеде аттың ірі, биік екендігі бұлшық еттерінің шығыңқы келуі, басы үлкен құйрық жалы өрілген. Үйсін жылқысының бұл бейнесі б.д.б. 1 мың жылдық пен б.д.1 м.ж. арасында белгілі болып жүрген Евразия жылқылары бейнелерінің бәрінен де ерекше екендігі байқалады. Ал Персепоп бедеріндегі сак жылқысына және Сібірден табылған (Петр коллекциясы) алтын қаптырмадағы суретте жыртқыш ан жұлмалап жатқан жылқы бейнесіне көп жағынан ұқсас.

Сонымен, қорытындылай келгенде, үйсіндердің мал

шаруашылығы жаппай көшпелі болмай, негізінен жартылай көшпелі мал шаруашылығы болған деген тұжырым жасауға болады.

Үйсіндердің егіншілікпен және отырықшылықпен айналысатындығын және оны ғылыми жағынан дәлелдеу археологиялық зерттеулерге сүйенеді. Жоғарыда ол туралы айтылады да. Бұл жерде сол айтылғандар дәлел ретінде келтіріледі. Мәселен Кеген ауданы жеріндегі Актас қыстауын зерттегенде, үйсіндердің егін салумен айналысқандарын көрсететін құрал-саймандардың табылғандығы. Ондай құралдардың ішінде кол орақ, кол диірмен бар. Кейбір кол диірмендердің пайдаланылғандығы сонша, жұқарып сынып қалған. Ондай сынықтардан 15-і, ал бүтіннен 11-і табылған. Мұнда кол диірмендердің табылуы қоныс тұрғындарының егіншілікпен айналысқандығына айтпаса да түсінікті.

Ал қоныстың төңірегін зерттеген кезде тұрғындардың суармалы егіншілікпен айналысқандары айқындалған. Оның басты айғағы 60 шаршы метрден 150 шаршы метрге дейін өңделген жерге арық-тоғандар тартылған. Арықтардың арнасы табиғи көлбеулігіне байланысты су өздігінен ағатындай етіп жүргізілген. Мұндай әдісті білудің өзі тұрғындардың егін шаруашылығымен айналысуда тәжірибелерінің бар екендігін байқатады.

Археологиялық зерттеулер жүргізілген Жоңғар Алатауының Шолақжиде (Іле өзенінің оң жағында) және Шу-Іле (Шу аңғары) тауларының қойнаулары мен баурайларында салынған қыстаулардың жанында егістік болған жерлер жиі кездеседі. Алайда егін егуге қажетті құрал-саймандардың табылғандығына карамастан, үйсіндердің қандай дақылдарды еккендері белгісіз. Дегенмен көрші қырғыздар жерінде зерттелген бір үйсін обасынан алынған ыдыстың түбінен тары мен арпаның қалдығы табылғанына қарап осындай дақылдар көрсетілген жерлерде егілген деп тұжырым жасауға болады.

Шығыс Түркістан жерінде жүргізілген археологиялық жұмыстардың кезінде Манғолкүре ауданының Шаты деген жеріндегі үйсін моласынан темір соқа табылған. Қытай жеріндегі казак тарихшысы Н.Мыңжанұлы соқаның салмағы 3 қадақ дейді.

Жетісу жерінде үйсіндердің ондаған обаларына қазу жұмыстары жүргізілген және олардың мекенжайлары зерттелген.

Үйсіндердің қорымдары тау сілемдерінде, таулы алқаптар мен өзен жағалауларына орналасқан. Әдетте олар өзен бойын қуалай созылып жататын обалар тізбегі болып табылады.

Обалардың көпшілігі диаметрі 6-20 және 0,5-1,5м топырақ, тас киыршық немесе топырақ-тас аралас үйінділер болып келеді. Үйсін қорымдарында өзгелермен салыстыра қарағанда, тым үлкен, диаметрі 50-80м және биіктігі 8-12м обалар кездеседі. Сондай обалардан тіпті таланып-тоналғандарының өзінен-археологтар алтыннан жасалған көптеген әшекейлерді-киім қапсырмаларын, алтын сырғалар мен қола айналарды, ағаш кобдишаларды тауып алып келеді.

Үйсін обаларының осындай бітім-болмысын бағалай келіп, қытай археологтары "оба - тірінің өліге салған жер асты баспанасы" деген тұжырымға келеді. Ғалымдардың пікірінше Іле бойындағы обалардың құрылымы үйсіндердің "өз дәуірінде ағаш, тас пен камыстан үлкен де, күрделі құрылыстар сала білгенін" айғақтайды.

Үйсін қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік археологиялық олжалардан айқын көрінеді. Қорғандар көлемі жағынан 3-ке бөлінеді:

- үлкен-диаметрі 80м, биіктігі 15м;
- орташа-диаметрі 15м, биіктігі 4м;
- кіші-диаметрі 10м, биіктігі 1м.

Үйсіндер обалары салынған уақытына қарай 3 топқа бөлінеді: б.з.б. III-II ғ. ерте қорымдар: Қапшағай- III, Отеген-III, Қызыл-еспе, Қызылауыз-III, Қызылқайнар. Ерекшелігі- солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеліп салынған, әр тізбекте 5-6оба бар. Обалар астындағы жерге қазылған шұңқырлар шығыстан батысқа, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа созыла жатты. Шұңқырлар көлденееннен бөренелермен жабылды, сонынан үстіне тас үйілді.

Мүрделер шұңқырға шалқасынан, басы батысқа, солтүстік батысқа қаратылып жатқызылды. Бас сүйектің қасына бірнеше қыш ыдыстар, саптыаяқтар, жайпақ тостаған мен жартылай сфера тәрізді табакша, мойны тар құмыралар қойылды.

Қола және темір пышақтар, қола және алтыннан жасалған сырғалар, темір түйреуіштер, қола айналар да ұшырасады. Зерттеушілер мерзімін б.з.б. Iғ. мен б.з. Iғ. деп шамалайды,

Енді бірде олар "...Тәңір таудың солтүстік баурайындағы саға-сағалардың сыртқы далаларында алып қорымдар төбе-төбе болып тізіліп жатыр. Бұлардың таған аумағы шамамен 200-300м., биіктігі 7-8м. Олар сайын даланың керманғаз төсінде тау-төбе болып көркейе, айбындана көз тартады. Бұлардың Үйсіндердің жоғары жік ақсүйектерінің қорымы екендігі дау болмаса керек",- деп көрсетеді.

Қытай археологы Хуан Уынби Шынжаңның Моңғолкүре ауданындағы үйсін обаларының орналасуына байланысты К. Ақышев баяндаған жағдайды қайталайды. Ол: "Олар оңтүстіктен солтүстікке қарай бестен, үштен тізбектелген, сыртқы ормен төрткіл пішінді қоршалған. Солтүстік - батысында тағы екі қатар қорын бар, бір қатарында II оба, енді бір қатарында сегіз оба бар, олар сыртқы ормен дөңгелектене қоршалған",-деп жазады.

Үйсін обалары Іле аңғарының дерлік бүтін бойына таралып орналасқан. Қытай археологтары өз зерттеулерінде Үйсін ескерткіштері көбінесе Тәңіртау жотасынан Іле өзеніне дейінгі кең маңғар далалық белдемге, алайық Моңғолкүре, Текес, Күнес, Тоғызтарау, Нылқы аудандарына тараған"-деп жазса, өз ретінде К.Ақышев "Бұл зираттар, Іле Алатауының солтүстік етегінен басталып, Іле өзеніне құятын тау өзенінің жағалауына орналасқан патша қорғандарының құрамына жататын зираттардың бірінен саналады", -деген ойды білдіріп одан ары "Батыс-қа қарай Талғар өзенінің жағалауында Жаңа-Александровка зираты, онан әрі қарай осы бағытта Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің жағалауларында қорғанды зираттар (қазіргі уақытта бұлардан тек жекелеген ғана қорғандар сақталған) бар. Мұндай зираттар Қаскелең және Күртіөзендерінің маңында да кездеседі; ал Іле өзенінің сол жақ жағалауында атақты Бесшатыр, Түрген өзенінің оң жақ жағалауында Қаракемер зираттары орналасқан. Патша зираттары одан әрі шығыс және оңтүстік-шығысқа қарай Шелек, Шарын, Кеген, Қарқара өзендерінің жағалауларын, солтүстік-шығысқа таман Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз алқаптарын және белгілі Шілікті зираты (Зайсан қазан шұңқыры) және Пазырық қорғандарына дейінгі жерді алып жатады", - дей түйіндейді.

Бұл тұжырымның негізгі екендігін екі беттегі қорымдардың құрылымындағы өзара ұқсастық растай түседі. Мәселен, кабірдің

төрт қабырғасы жұмыр бөренелерден каланады, олардың ұшы бір-бірімен киюластырылған. Сондықтан да олар орнықты әрі тегіс орналастырылған. Қабірдің төбесі 2-3 қат бөренелермен жабылған. Қабірдің табанына (астына) қабірдің бойымен ұзынынан жақсы өңделген карағайдан еден төселген. Мәйіт еденге төселген матаның (немесе киіздің) үстіне шалкасынан жатқызылып, басы батысқа берілген. Киіз қабірдің ішкі қабырғаларына да ілінген.

Бірқатар көркемдік жағы жоғары туындылар өздерінің тікелей қолданыстағы мәнінен басқа, кейде үйсіндердің діни түсінігі, дүние танымы туралы мәліметтер береді. Үйсіндердің жерлеу дәстүрі: мәйіттің қолы қапталына созылып, басы батысқа қаратылып жатқызылған. Ертедегі үйсіндер өлген адам тіріледі деп есептеген. Адамды жерлегенде ыдыстан бастап, барлық тұтынған заттарын бірге көмген.

Қорыта келгенде, біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырларда іргелі ел болған Үйсін мемлекеті түркі халықтарының түп қазығы екендігіне құман болмаса керек. Үйсіндер сақтармен қатынас, туыстас болып келеді. Үйсіндер моңғолид нәсілімен араласқан еуропейдтер деген болжам бар. Сақтарға қарағанда үйсіндерде мұндай белгілер көбірек. Мұның өзі хұндардың көшіп-қонып араласуына байланысты болса керек. Қытай жылнамаларында Үйсіндердің және бір жиі кездесетін әдеті әменгерлік туралы. Бұл бүгінгі Жетісу Үйсіндерінде ғана емес бүкіл қазақ халқында сақталған. Ежелгі үйсіндермен бүгінгі үйсіндердің арасында уақыт жағынан алшақтық болғанымен, туыстық дағынан ешбір алшақтық жоқ. Оған басты дәлел ежелгі үйсіндер мен бүгінгі таңдағы өздерін Үйсіндерміз деп жүрген қазақтардың арасындағы әдет-ғұрып, салт-сана, діни наным-сенімдер сол қалпында сақталған.

Қаңлы мемлекеті. Кангюй мемлекетіне қатысты тарихи деректер және этникалық тарихы. «Тек» деген-ғылымдағы «генезис», «генеология», қазақы түсінік бойынша «түп-түкиян», «үрім -бұтақ», «заузат», «сой» мағынасындағы ұғым. Ол жеке адамға да, бір ру елге де, бір тұтас тайпа мен халыққа да қатысты айтыла береді.

Біз қарастырып отырған қаңлы тайпасының атауы-«қаңлы» сөзінің өз басы қаңлы этносының шығу тегін (этногенезін, ұлттық

төркінін т.б.) білдіре алмайды. Өйткені ру-тайпа атауы (этнонимі)-этнолингвистикалық құбылыс та, ал оның тектілік қасиеті (этногенезі)-этногнеологиялық құбылыс.

Ендігі кезекте осы «қанлы» немесе «кангюй» этнониміне азды-кемді тоқталып кетелік. Негізінен алғанда, «қанлы» этнонимінің төркіні, шығу тегі мен сан түрлі нұсқалары академик Ә.Қайдар тарапынан кеңінен қарастырылып, зерттеушінің «Қанлы» атты монографиясында көрініс тапты, оны қанлытанудың темірқазығы іспеттес еңбек деуге болады. Онда автор түрік халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған қанлы тайпасының 40-тан астам атауы бар екендігін есептеп шыққан. Монографияда кеңестік, шетелдік және қазақстандық көптеген ғалымдардың (Ш.Ш.Уалиханов, Ш.Құдайбердиев, Ә.Х. Марғұлан, Ә. Құрышжанов, т.б.) аталмыш атауға қатысты ой-пікірлерін жүйелеген автор «қанлы» атауына байланысты өзен-су идеясы мен арба идеясына негізделген екі көзқарас кеңінен таралғандығын айтады.

Қанлы этникалық тобының тарихи әдебиеттерде әр түрлі мәнде кездесетін

Қанлы тегінің сактар мен гүндарға қатыстығын қолдаушылар да баршылық.

Тарихшы ғалымдардың көбісі ХҮ ғасырда халық болып қалыптасқан қазақтардың тегін, төркінін осы өлкеде барлыққа келген, түп - тұқиянын тым тереңнен бастайтын, біріне - бірі жалғасып, бірінен - бірі туындап, өсіп - өнген үйсін, қанлы, қыпшақ т. б. тайпалар негізінде пайда болған этникалық феномен деп қарайды. Алайда, қазақ этносының ежелгі тарихын жазушы ғалымдар қазақ ұлтының «шежірелі дарағынын» түбір - тамырын «қазақ даласы» деп қарап, ондағы ең алғашқы адамдар қауымының пайда болуын б.д д. 2 миллион 40 мың жылға жатқызса, одан кейінгі қауымды «далалықтар» деп атап, олардың пайда болу мерзімін б. д. 40 – 10 мың жыл бұрынғы дәуір деп қарайды. Одан кейінгі қауымды автор «протосактар» деп қарап, олардың өмір сүрген дәуірін біздің жыл санауымыздан 10 – 3 мың жыл бұрын деп санайды. Одан кейінгі дәуірді ғалым «түркі халықтары» деп белгілеп, оған «қазақ ұлтынын» қалыптасуының алдындағы тарихи деңгейді «қыпшақтардың» үлесіне беріпті.

Көне дәуірдің Қазақстан аумағындағы тайпалық одақтары

орналасқан картасын қарайтын болсақ, Қаңлы иеленген мемлекетті негізінен сақ тайпалары - Оңтүстігінде тиграхауда сақтары, хаомовара сақтары, батысында - сарматтар, аргипеилер, солтүстігінде - исседондар, аримаспылар, ал шығысында - үйсіндер қоршап тұргандығын көреміз.

Соншама көп иран тілдес сақ ру - тайпаларының арасында қаңлы тайпасының Кангюй - Кангха - Хорезм мемлекетінде түркілік рухты, түрік тілін, салт - дәстүр, өзіндік мәдениетін сақтап қалуының бір себебін біз сақ ру - тайпаларының тым ерте түркіленіп, түркі тайпаларымен мидай араласып, өзара сіңісіп кетуіне байланысты болса керек», - деп жобалаймыз.

Қаңлы тегін осылай, сан жаққа жүгіртіп, «түркі» деген өзінің негізгі тегінен аулақтатудың бірнеше себебі бар. Ең біріншісі, бұл тәрізді пікірлер, әрине, бұдан 22-25 ғасыр бұрын алғаш түркі әлемінде танылған қаңлы тайпасының дәл сол кездегі тілін, сол тілде жазылып қалған ескерткішін зерттеп, көзі жетіп барып айтылған пікір емес. Екіншіден, бұл тәрізді пікірлердің қалыптасуына көне қаңлы тайпаларының ерте замандарда иран тілдес сақ тайпалары мен аралас – құралас бірге жасап, біте қайнасып кетуіне байланысты болса керек.

«Кангюй мемлекеті» деген атау ойдан туындаған қиял емес, қағазға хатталып, қытай қолжазба қорында сақталып, ғасырлар аттап жеткен тарихи деректер негізінде қалыптасқан ұғым.

Осыншама құнды және өте көне (б.з.д. III ғ.) тарихи ұғымды, халқымыздың этникалық мәдениеті мен өркениетті бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, есте жоқ ескі замандарда өткерген өміріміздің шынайы бейнесін көз алдымызға елестетіп, есімізге салуға, оларды тереңінен тануға себепкер болып отырған да осы көне деректер мен мағлұматтар.

Жалпы қаңлыға, сондай-ақ Қаңлы// кангюй мемлекетіне қатысты бар барша тарихи деректерді екі топқа бөліп қарауға болатын сияқты. Соның ең көп тобы да және көнесі мен негізгісі-Қытай елінде дүниеге келген жазба деректер де, екінші тобы-басқа елдерінде, басқа тілдерде (түркі, иран, араб, славян, грек, жапон, ағылшын, неміс т.б.) жарияланып келген деректер.

Қаңлы мемлекетіне қатысты қытай жазба ескерткіштері көптеп саналады. Осы

Бұл бес бектік түгелдей Қаңлы мемлекетіне қарайды деп

аякталады бұл мәтін.

Бұл мәтін Бан Гудың «Ханнаманын» 96-бумасы «Жунго тарихнамаларындағы казакқа қатысты деректерден» алынып, батыс өңірінің баянына қатысты Хань патшалығы Уди тұсындағы осы өңірдегі 36 түркі т.б. елдермен байланыс, алыс-берісінен туындаған деректердің толық жинағында беріліп отыр, яғни бұл-ҚХР Шыңжаандағы ханзу, казак мамандарының казакшаға аударып, түсініктемелер беріп, қайта жариялаған соңғы еңбегіндегі мәтін. Онда: «Қаңлы (Қаңға) елі ханының қысқы ордасы Лугатнукта тұрады. Ал, жазда Бәтен қаласына көшеді. Бәтен Чаң-Аннан 12 мың 300 ли шалғай жерде. Бәтеннен Лугатнукка дейін салт аттыға бес күншілік жол. Чаң-Аннан қаңлы ханның жазғы ордасы Паннукта... дейін 9 мың 104 ли. Қаңлыда 120 мың түтін 600 мың жан, соғысқа жарамды 120 мың алам бар. Шығысы басқактықтан 5 мың 550 ли шалғай. Ғұрып-әдеті ұлы патшалармен үксас. Бұл ел шығыс жағындағы ғұндардың шыжымында».

37-баян: Хань шуанди тұсында ғұндар өз ішінен бүлініп, бес тәңірқұт билікке таласты. Хань патшалығы ханзаданы сүйемелдеп, таққа отырғызды. Бұған зығырданы қайнаған Тезек тәңірқұт Хань елшілерін өлтірді де күдір, жері шалғай қаңлыға барып паналады. Содан кейін басқақ Ган Яншу, кіші аламан басы Чин Таң бесінші-алтыншы аламанбасылар мен Батыс өңір елдерінің жасақтарын аттанысқа келтіріп, қаңлыға жорық тартып, Тезек тәңірқұтты жер бетінен жойды. Мұның барысы «Ган Яншу, Чин Таңдардың өмірбаянында» баяндалады.

Бұл деректерді Я.Н.Бичуриннің екі томдық еңбегі «Собрания сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» атты кітабының Қазақстанда жарияланған «Средняя Азия и Восточный Туркестан» кітабында жазылған. Я.Н.Бичурин материалдарында: «Қаңгюй мемлекетінің жерінде Хорезм, Согда, Сырдария аймақтары жатады» деп көрсетіледі. Онда: «Страна Кан-эта древняя страна Кангюй» деген дерек бар.

«Қаңгюй лежит почти в 2000 ли от Давани на северо-запад. Это кочевое же владение; в обыкновениях совершенно сходствует с юечжысцами; имеют до 90 000 Қ.Салғараұлының «Қытай деректері: атаулар мен терминдер» деген Анықтамалық жинағында: «Қаңли. Өзінің аталуы қаңлы. Таң патшалығының Сұң патшалығына ауысқан кезінде олар Моңғол үстіртінің батысы мен

Алтай тауының екі жақ өңірін мекендеді. Олар Лиан патшалығына бодан болып, зүфудың бір тайпасы болды. Кейін олар Лиан патшалығының езгісіне шыдамай, батысқа қарай Балқаш көлінің батыс терістігіне көшіп кетті. Бірақ олардың біраз бөлегі ата мекенінде қалды. Жин Мемлекетінің елшісі Угусунжундуэн Моңғол хандығына елші болып барғанда, Орта Азияда Шыңғыс ханмен дидарласқан кезде, қаңлы тайпасының жерінен өткен. «Юебань» этнонимін соңғы жалдыры қайта қарастырған мамандардың бірі Б.Еженханұлы болып табылады. Ол «Юебань этнонимі туралы», «Юебань» елі туралы Қытай дерегінің Н.Я.Бичурин аудармасын қайта оқығанда секілді кесек-кесек мақалаларында бұл мәселені бүге-шегесіне дейін қарастырды да «юебань» атауының төркінін анықтауға тырысты. Автор «юебань» этнонимінің ХІХ ғасыр зерттеушілері тарапынан қарастырылғандығын жаза келіп, Нейман оны Прокопийдің «Euligsia» деп атаған Арал теңізі Шығысындағы елдердің жалпы атауының бір нұсқасы, Томашектің «жапан дала» деген мағына беретін «ябань» деп аталғандығын, Н.А.Аристовтың дулудың 5 тайпасының біріне кіргізгендігін айтып өтеді. Б.Еженханұлы Қытай тілінде екі иероглифтен тұратын «юебань» этнонимін қайта транскрипциялап, оның «албан» атауына сайма-сай келетіндігін дәлелдеген. Зерттеушінің сөздерін толық құптауға болады. Бұл жерде, біріншіден- ежелгі және орта ғасырлардағы Қытай тілінің дыбысталу заңдылықтары ескерілген, екіншіден – басқа тарихи-этнологиялық мағлұматтар бойынша да аталмыш этностың өзіндік ерекшеліктері көрсетілген.

Б.з.б. ІІ ғасырда "халықтардың ұлы қоныс аударуы" деп аталатын оқиға нәтижесінде Орталық Азияда бірнеше жана мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Соның бірі - Қаңлы мемлекеті.

Мысалы, кангюйлердің астанасы көне деректемелерде Битянь деп көрсетілген. Мұны Қазақстан тарихының оқулықтарынан да жиі кездестіруге болады. Бірақ, көптеген оқулық авторлары Битянь қаласының қай жерде орналасқандығын айта қоймайды. Көбіне «қаңлылардың астанасы-Битянь» деген сөздермен шектеледі.

Жазба деректерге қарағанда қаңлы елі 5 бөлікке бөлінген. Әр бөліктің кіші хандары болған, олар ұлы ханға бағынышты болды.

Лауазымдық қызмет мұрагерлік жолмен берілді. Соғыс тұтқындары құлға айналдырылып, құл еңбегі ұсақ малды күту, мал өнімдерін өңдеу, кейде колонер кәсібі және егін егуде қолданылды.

Б.з. қарсаңында Қаңлы ірі мемлекеттік бірлестікке айналып, Қытай, Рим, Кушан, Парфия, Кавказ мемлекеттерімен жан-жақты байланыс жасады. Қаңлылар әскери одақ құрып, көрші тайпалар - гүн және үйсіндермен соғысты. Қаңлы мемлекеті өз жері мен өтетін Ұлы Жібек жолын үнемі бақылауда ұстауға ұмтылды.

Қаңлы мемлекетіне қатысты өзекті мәселелердің ең бастысы-оның құрамы мен құрылымын айқындау. Көне Кангюй мемлекетінде де және одан кейінгі оның табиғи жалғасы саналатын Қаңха-Хорезм мемлекетінде де «қаңлы шекарасын» белгілейтін ала бағаналар қойылған емес. Біріншіден, ол кездердегі мемлекет шекарасы екі ел арасындағы жер бедеріне, оның табиғи географиялық срекше белгілеріне байланысты анықталған, екіншіден мал шаруашылығымен шұғылданған көрші мемлекеттер (сонын бірі Кангюй мемлекеті) малдын маусымдық өріс-жайылымына байланысты географиялық шекарамен шектелмеген, он-солы 1000 шақырымдық аумақта еркін көшіп жүрген. Үшіншіден ертедегі Кангюй мемлекетінің өзі билеп-төстеп келген төл аумағымен қатар оған қосымша 5 иелігі және тәуелді етіп ұстап, салық жинаған (мәселен суыр, құндыз, т.б. осы сияқты бағалы аң терілерін міндеттеп алып тұрған) көрші елдері де (мәселен, Аландар) болған. Қытай деректерінде көп айтылатын 5 иеліктің өздерін сипаттайтын кейбір деректер олардың өздері де қала маңына шоғырланған кішігірім патшалықтар мен далада қалыптасқан хандықтар болғандығын көрсетеді. Бірінші шеңберге Қаңлы мемлекетінің өз басына тән негізгі мемлекеттік жер көлемі кіруі тиіс. Б.д.д. II ғасырда Чжан-Цзяннің мағлұматы бойынша белгіленген Кангюй мемлекетінің өз үлесіндегі жер аумағымен, екіншісі XIII ғасырға дейінгі Кангюй Қаңха-Хорезм мемлекетінің үлесіндегі жер аумағымен өлшенуге тиіс. Екінші шеңберге бір-біріне жалғаса дамыған Кангюй- Қаңха-Хорезм мемлекетінің аталған құрамына бағынышты оларға тәуелді иеліктер мен шеңберге бектіктер, кішігірім қала патшалықтары мен дала хандықтарының өріс-қоныстары жатады. Үшінші шеңберге Кангюй- Қаңха-Хорезм мемлекетінің сыртындағы өріс-қоныстары жатады. Қаңлылардың түркі әлеміне кең тарап кетуіне 1-ден ол ең

көне және байырғы тайпа, 2-ден өзінше қалыптасқан тарихи тағдыры, 3-ден эмиграциялық, демографиялық өміршең табиғаты т.б. ерекшеліктері жатады.

Қанлы мемлекетінің б.д.д. II ғасырда қалыптасқан басқару жүйесі туралы қытай жазбалары мен деректерін қорыта келе, қытайтанушы Н.Мұхаметқанұлы ол жүйенің төмендегідей 5 деңгейін атап көрсетеді:

«Рәміздер» деп отырғанымыз - түркі монғол сияқты алтай тобына жататын көшпелі тайпалармен ұлыстардың тұрмыс салтында сонау көне замандардан бері келе жатқан, о баста көшпелілердің мал шаруашылығына қатысты меншіктілікке, одан дамып, аталық-рулық тайпа ұлыстық жіктелуге байланысты пайда болған сол меншіктілік пен өзара жіктелуді тұрақты түрде айқындап, айыру үшін зеректікпен ойлап табылған символдық белгілер.

Көшпелі түркі монғол халықтарының дәстүр салтында рәміздердің 5-6 түрі қалыптасқан. Олар: ен, таңба, ұран ту, ағаш, құс, аң. Аталмыш рәміз түрлерінің пайда болуы себептері жоғарыда атап көрсеткендей, үнемі көшіп-қонып, араласа өмір сүрген қауымның қаптаған малдың ішінен өзіне тән, меншікті өз малын бірден танып алу үшін қолданылған ен-таңба салу дәстүрі, ру тайпа ұлыстар арасында болып тұратын ұрыс-керіс не жаугершілік кезінде ата-баба әруағын шақырып, ер намысын қоздыратын, жұртты ру-тайпа мүддесіне жұмылдыру үшін қолданылған ұранды сөздер пайда болған.

Бұлардан тыс табиғаттың ғажайып күштеріне табынған көшпелі халықтардың ерте замандағы салтында өсімдік дүниесінен ағаштың түрлерін жан-жануарлар дүниесіне қыран құс, жыртқыш аң атауларын өзіне пір санап киелі символетіп белгілеп алу дәстүрі де болған. Осы символдық белгілерді айқындап, ру тайпаларға сәйкес таратып қалыптастыру әдетте өте мәртебелі атак лауазымы жоғары тұлғалардың міндеті болған.

Ен – таңба. Малға қатысты қолданылатын ен таңба атынан да көрініп тұрғандай ен және таңба рәміздерінен тұрады. Ен салу қазақ дәстүрінде ұсақ малдардың құлағын тіліп, кесіп, ойып тесіп жырып т.б.

Осы тәрізді тәсілдермен жасалатын рәміздік белгілердің бір түрі. Әрбір мал иесінің, аталықтың рудың уақ малына салынатын

ені болған; осыған байланысты: кесік ен ойық ен, тілік ен, қиық ен, кез ен тағы осы терізді еннің сан алуан аттары қалыптасқан.

Таңба. Таңба ірі қара малдың жанбасына сауырына, кейде алдыңғы қолына күйдіріп басу арқылы жасалатын символдық белгі. Күйдіріп басылған таңба – малдың терісінде өшпейтін жойылмайтын сол малдың белгілі бір ата, ру, тайпа адамына тән екендігін паш ететін символдық белгі. Тайға таңба басқандай» деген сөз осыдан қалған. Ұрланған малды жоқ қылмаса, жасыру, не таңбасын өзгертіп жіберу қиын болған. Ірі қара малға салынатын таңбалар мен ертеде сол малдың иесі болып саналатын жеке аталық пен ру-тайпаның символдық белгісі ретіндегі таңба атаулары арасында тікелей байланыс болған. Шынып-да да, малына салынған таңбаның сол малдың иегері – бір атадан тараған ұрпаққа телінуі, не керісінше, аталас ұрпаққа берілген таңбалардың символдық белгілерінің графикалық символы олардың өзіне тән малдарына да басылуы әбден мүмкін нәрсе. Бірақ таңба жайы сөз болғанда мал таңбасы емес, көбіне-көп ру-тайпа

Ұран, ту. Қазақ дәстүрінде ұран мен ту ар - намысқа бақытты өмір үшін күрес пен батырлыққа байланысты қалыптасқан ұлттық, ру - тайпалық рәміздердің біріне жатады. Ұран, ту рәміздері де саяси әлеуметтік өмірге қажетті символдық мәні бар құбылыс. Сондықтан да болар, ұран мен ту қазақ ұрпағы үшін сол бір жауынгерлік өмірдің бір бөлінбес бөлігі, ажырамас атрибуты болып қалады. Ұранды да, туды да, жоғарыда аталған басқа рәміздер сияқты, елдің игі жақсы жандары, елбасы, хан, сұлтандар, билер батырлар таңдап анықтайтын болған. Ұрандар таңбалар сияқты, барлық аталықтар мен ру тайпаларда бірдей бола беруі міндетті емес. Бұлар көбінесе жаугершілік жағдайында ортақ жауға қарсы күресуде әр тайпа өз ұранын дәріптеп бір жерге шоғырланса, кей жағдайға бір тұтас қол болып бірнеше ру тайпа бірігіп бір ұранмен, бір тудың астында да тұруы мүмкін. Қаншы мен Шанышқылы туыс екі тайпаның ортақ ұраны - «Айрылмас!» Бұл аңыз бойынша: белгілі бір тарихи жағдайда екі тайпа ел жақсылары бас қосып, ақ боз аттың қанына қолын батырып құран ұстап ант етіп «бұдан кейін, бейбіт өмірде де, жаугершілікте де бірге болайық!» деп, серттесіп, «Айырылмас!» ұранын қабылдаған екен. Ен таңба, ұран, ту таратуға қатысты жабайы аң, қыран құс, ағаш түрін меншіктеу дәстүрі қазақ ру тайпаларында ертеде болғанын

көрдiк. Бiр кезде пiр тұтып төтем сачалатын бұл құстар мен аңдар ағаштар сол ру тайпалардың не туына, не ұранына айналып кеткенiн көреміз. Қаңлылардың «Бәйтерек!», «Асқар!» ұраны сондай-ақ «Абылай!» ұраны осының айғағы болып саналады.

Мемлекет болған жерде оның жерiн, елiн қорғайтын қарулы қолы, әскери күшi

Қаңха-Хорезм мемлекетiнде қалыптасқан әскери күш ұстау дәстүрiне байланысты С.П.Толстов өте көп деректер келтiредi. Солардың кейбіреулерiн атап өтейiк. Мәселен, ол Александр Македонский заманындағы Рим империясының құлауына түркi мемлекетi - Парфияның жер қайысқан қалың қолы себеп болғандығын, ол кезде мемлекет тағдырын қиян-кескi соғысы, мұздай болып қаруланған атты әскер шешкенiн айта келiп, бұл дәстүрге Қаңха-Хорезм мемлекетi де ерекше мән бергенiн, көне Хорезм жерiнен табылған сан алуан қару – жарақтар мен оларды жасаушы ұста жабдықтарымен көп нәрсенiң сырын ашатын сияқты. Көне Хорезм жерiнен табылған бай археологиялық олжалардың арасында тенгелер мен табакшалардың бетiндегi саяси символдың негiзi болып саналған атты әскер бейнелерiн талдап – таратады. Ол оны:

«Мы показали ,что отсюда , из Кангха – Хорезма этот образ пришел в сакскую чеканку I в. на Нижнем Инде, ибо Массagetское племя сакаровков, вторгшиеся сюда из Сеистана , начало свой путь от Хорезма и вожди его, как и вожди парфян, вероятно, были связаны родственными узами с домом Сиявушидов» ... деп түсiндiредi.

Кангхи – Хорезмнен табылған тенгелердегi атты әскердiң мiнгендерi ұзын аяқты ақал - теке тұқымы емес, аласалау келген, жүнттай семiз, әрi мықты ат тұрпатында суреттелген. Табылған табакқа (көзеде), салынған салт әскер суретi I ғасырдың аяғындағы Хорезмге, не солтүстiк Орта Азияға жатады деп анықтайды автор. Оның : «Крупный боевой конь, чулкообразное налучие, длинный лук, длинная пика и длинный прямой меч...» деп қорсеткенi. Бұл заттар табылған жер – б.д.д II ғ. Жамбас қала, Базар қала Қаңлы// Кангюй мәдениетiне тән қалалардың орындары екен.

Академик С.П. Толстов өз зерттеуiнде Сырдарияның бойында Ескендiр Зұлқарнайынмен болған құнды шайқаста оған қарсы шыққан жергiлiктi скифтердiң қатарында кангюй – хорезм

атты әскерлерінің болуы ықтимал деп көрсетеді. Қару – жаракпен мұздай болып құрсанған бұларды тек ауыр оқатқыштармен ғана («стрелометная машина») мертіктіруге болатын еді дейді. Ол әскерлердің қарулары әртүрлі болды, белдерін алтынды белдіктермен буынып, аттарын теңгемен қапталған (чежуйчатые) пластика жабулармен жабулаған еді.

Салт атты әскер қару-жарағын сипаттай келе, автор: “Этот своеобразный, совершенно определенных историко-культурных условиях - в условиях скрещения оседло-охотничье-рыболовческих традиций древней речной земледельческих культуры - с влияниями сложившихся в условиях кочевой степи форм стрелькового оружия. Кангха - Хорезм дает нам оптимальные условия для этого скрещения” – деп көрсетеді.

Қаңлы қарулы қолдары тек мемлекет құзырында ғана емес, Қаңха-Хорезм мемлекеті құлағаннан кейін де қаңлы жұртшылығы қалын отырған аймақтарда да сақтағып келгендігі белгілі.

XIII ғасырдың басында (1219 ж.) Шыңғыс ханның жер қайысқан қалын қолы Қазақстанның оңтүстік өлкесіне қаптап кіргенде сол кездегі хорезмшах Мұхаметтің құзырындағы жер мен қалаларды қорғау үшін Шыңғыс қолына бірінші болып қарсы шыққан Мұхаметтің анасы, тегі қаңлы Түркен хатунның өзіне ғана бағынған 20 мыңдай сардарлары мен сарбаздары болған, моңғолдардың қоршауында қалған Отырар қаласын 6 ай бойы бермей, ерлікпен қорғаған қаланың әкімі қаңлы Қайырхан болатын. Оның қол астындағы сарбаздарының көпшілігі қаңлылар еді деп жазылған тарихи деректерде.

Қазақстан жеріне, еліне ғасырлар бойы баса - көктеп кіріп, ел – жұртын қан қақсатқан жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы қан төгіс, жойқын соғыстардың барлығында да қаңлы қауымның ер – азаматтары белсенс қатысады. Соның бір мысалы ретінде 2 облыс қаңлы ауылының Жетісу жеріне қоныс аударып келуін айтуға болады.

Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейінгі Кангюй – Қанха – Хорезм мемлекеті ыдыраған дәуірлерде де қаңлы тайпасы қалын отырған хандықтар мен қағанаттарда да тек қаңлылардан құралған әскери күштердің болғандығы белгілі. Мәселен, Қадырғали Жалайыридың “Жылнамалар жинағында” “Ұрыс хан әскерінің оң қанатында 2000 қол қаңлылар, ал сол қанатында – “Алаш мыңы”

болды деп көрсетіледі.

Қаңлы полкі. XIX ғ. Қокан хандықтарының архивінде сақталып келе жатқан мыңдаған іс қағаздары мен құжаттардың А.Л. Троицкая жариялаған Католгінде көшпелілер полктарының лауазымды әскер басшыларына азық – түлік жіберілуіне байланысты сол полктардың аттары мен орналасқан мекен - жайлары аталады. Мәселен: Уч – Курган , Кар - тепа, Науқанд, Джулка, Карван, Канглы, Бурубашы, Наукот, Туя -Буон . Осы дерекке карағанда Қокан хандығында да XIX ғасырдың өзінде бірыңғай қаңлылардан құралған бір полк әскер болғандығы белгілі.

Міне, бұл деректерден біз Кангюй мемлекетінен басталған әскери күш жабдықтап ұстау дәстүрі көпке дейін созылғандығын көреміз. Бұл қаңлы қауымның биік рухын, өз жері мен ел - жұртын қорғауға деген патриоттық сезімнің биіктігін көрсетсе керек. Қытай мен Монғол империяларының құзырында жүрген көптеген қаңлылардың ел басқару, ғылым – білім, өнер саласында ғана емес, сонымен қатар жоғары дәрежелі әскери лауазымды қызметтерді де атқаруы олардың жауынгерлік рухын сипаттайтын қасиет.

Қазақ халқының құрамына енген ірі тайпалардың бірі қаңлылар. Олар қытай жазба деректерінде кангюлар деп аталса, ал парсы және үнді діни кітаптары “ Авеста” мен “Махабхарата” кангха болып кездеседі. Түркі руналық жазуларында Кангю-тарбанд деген кенттің /каланың/ аты бар. “Кангюй, Кангха, Кангю-Тарбанд” сөздерінің көрнекті ірі елдерінің жазба деректерінде сақтауының өзі қаңлы тайпалар бірлестігінің жай ғана ру-тайпалық деңгейінде өмір сүріп қоймай, олардың мемлекеттік дәрежеге көтеріліп, ол елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасағандарын да көрсетеді. Ал кангюй немесе қаңлы этнонимінің мағанасы немесе оның пайда болған мерзімі осы күнге дейін белгісіз. Ғылыми пікірлер бойынша, қаңлы тайпаларын, қытай жазба деректері қаңлыларды сак тайпаларының жалғасы, олардың ұрпақтары делінген.

Қытай дерек көздеріндегі сол Қаңлы мемлекеті, қалай болғанда да, қазіргі Қазақстан аймағы, Арал өңіріне орныққан. Ғұндар түстік шығыста қаңлылармен көрші тұрған. Ал, Қаңлылардың иелігі Ертістен басталып, Шу мен Сарысу өзендеріне дейін созылып жатқан. Ғұндардың түстік шығысы – Аландардың иелігі. Қытай тарихшылары Қаңлы жерін казактардың Отаны деп

кабылдауының өзі бір ғанибет. Мәселен, ежелгі деректерге толы еңбектің авторы Хэ Цютао Қанлы тікелей казактардың елі деп тұжырымдайды.

Шынына келгенде, Кангюй тарихи жағынан да, жағрапиялық, ұлыстық жағынан да Қазақстанмен, казактармен көп жағдайда тығыз байланысты. Сырдарияның төменгі және орта ағысы, Арал өңірі казак халқы туының, бас біріктіруінің және қалыптасуының ошағы. Ол өзінің өркен жаюын осы арадан бастаған. Дәл осы Қанлыдан, Сырдарияның көне заманындағы атауы – Кангден талай тайпалар мен ұлыстар өз атауын алды. Мәселен, канғар /кенгерес/ - бесене, акыр аяғында, қала атауы осылайша пайда болған. Қазактардың мемлекет құруға деген талпынысының дәл тегін емес. Олар, түптеп келгенде, Қазақ хандығының тірек-ошақтары болды.

Қытай деректері қанлылардың европеоид нәсіліне жағатынына ешқандай күмән қалдырмайды. Одан “Ықпалды Кан әулеті Кангюй әулетінің бір тармағы... Тұрғындары шүңірек көзді, қыр мұрынды, қаба сақалды” дегенді оқимыз. Қанлылардың сыртқы еуропалық бейнесі жөніндегі деректер б.д. I ғасырынан қалған Қанлы қорғандарының /Қорғантөбе жұрты, Самарқан облысы/ археологиялық қазбаларының материалдары арқылы да бекітіле түседі. Қанлыға кіретін Хорезм, Соғды тұрғындары парсы тілдес болса керек. Аландардың нәсілдік-лингвистикалық тегі жөнінде айрықша күмән-күдік жоқ. Сармат-Алан тайпалары да европеоид нәсілді, парсы тілді болған. Аммиан Марцеллиннің /330-400/ сөзіне қарағанда, аландардың барлығы сұңғақ бойлы, әдемі, сары шашты болған. Халықтың атауы таудан шыққан. Сөйтіп, Қазақстан аумағындағы ежелгі үш мемлекеттің екеуінің: Қанлы мен Яньцай тұрғындарының өздерінің көне европеоидтік генетикалық тегін сақтап қалғанын, олардың парсы тілдес болғандығын байқаймыз.

Аландар мен Қанлылардың да абзал қасиеттері баршылық. Табансыздау үйсіндерге қарағанда, қанлылар “тентек те тәкаппар... еркін де тәуелсіз” тайпа, деп жазады қытай жылнамасы. Қанлылар Қытайға бағыну былай тұрсын, Чжичжиді қуаттап, оны өз жерінде құрмет көрсетіп қарсы алды. Одақтасын тіпті ол Қытай әскерлерінің қамауында қалғанда да қолдап, аса биік қасиет танытты. Византия императоры Константин Багрянородныйдың /X

ғ./ сөзіне карағанда, сегіз тайпадан тұратын бесенелердің “ержүрек, абзал” деген мағананы білдіретін “қанғар есімді үш тайпасы бар.” Ал қанғарлар – ежелгі қанлылардан тікелей ұрпағы. Жаужүректік пен адамгершілік қасиетке аландар да кенде емес. Ғұндарды “ғаламат жауынгерлер” деп атаған римдік тарихшы Аммиан Марцеллин аландардың да ғажайып жау жүректігін жоғары бағалайды. “Аландардың барлығы асыл тектен,- деп жазады ол,- олар бастықтарын күні бүгінге дейін майдан даласында айрықша көзге түскендерден сайлайды”.

Ұзақ тарихы бар Қанлы мемлекетінің жері, сәулет құрған табиғи ортасы, өскен өлкесі дегенде, ерекше атап өтуге тұрарлық бір нәрсе, ол – шөп-шөлейт, ұшса, құс қанаты талатын, жүгірсе, ан шөлдеп жолда қалатын күмедисен далалары мен қатар солардың ішіндегі ең құнарлы, сулы – нулы өлкесі болуында. Оңтүстік өлке, Сыр бойы. Қаратау жотасы деп аталып, көне тарихтардың өзінде қанлы қауымына телініп, «Қанлы жері» деп танылып келген бұл аймақ – шынында да, қанлы әулетінің қасиетті де қадірлі төл мекені, көне де байырғы Отаны.

Бұл айтқанан басқаша бір жат ұғым тумаса керек. Жер-Алла тағаланікі, бірақ оның иесі – Адам, қоғам, қауым, ел – жұрт деген аталы сөз бар. Сондықтан да, адам баласы қай жерде болмасын тұруға, бақытты өмір сүруге, өсіп - өнуге хақылы. Сол себепті де бұл өңірде бұрын да, бүгін де, болашақта да сан ұлт пен ұлыстың, ру – тайпаның өкілдері өз мекен – жайым деп тұра беруіне хақылы.

Адам баласының жер бетінде пайда болғанына 2 миллион жылдан астам уақыт өтіпті деп жорамаушыларға сенетін болсақ, түркі халықтарының пайда болғанына да аз мерзім болмаса керек. О бастағы Алтайдағы ортақ қауымдық дәуірден 5 этностық топтын (түркі, моңғол, тұңғыс – манжұр, жапон, корей)бөлініп шығып, озінше жеке – дара этникалық қауым болғанынына да талай ғасыр өткендігі даусыз. Ал – таистика ғылымының бүгінге дейін айқындап отырғаны – осы аталаған тілі жақын 5 этникалық топтын тым ерте дәуірлерде Алтай аймағынан әр түрлі себептерге байланысты жан – жаққа тарап кеткені.

Өз алдына дербес ел болып, өсіп-өнген ертедегі алтайлық тайпалардың, ең алғашқы атамекені қазіргі ішкі Моңғолиядағы Алтай – Сяньби тауы мен соның айналасындағы кең алқаптар.

Н. Я.Бичуриннің мағлұматы бойынша түркі тілдес этностар

осы өлкенің өзінде де ертеде хандық құрып, өзін - өзі басқарып, елдік салтанатын жасап келген көшпелі ел болғандығы ескертіледі. Демек, басқа да түркі тайпалары сияқты қаңлы тайпасының да «қаңлы» деп аталудан әлде – қайда бұрын Алтайды жайлағандағы дау тудырмаса керек. Бірақ көптеген дерек көздері Алтайдан жөнкіле көшіп, жан – жаққа тараған алтай этностық қауымының түркі тайпаларының ішінен ең ерте, есте жок ескі дәуірлерде Сыр бойы мен Қаратау алқабына көшбасы болып, алғаш келген де қаңлы тайпасы екендігіне куәлік береді. Егер «бұл өлкені одан да ерте дәуірлерде иран тілдес тайпалар мекендегенін» мойындасак, онда соларды толық түркілендірген тайпалардың бірі қаңлылар болғаны.

Сонғы 23-25 ғасыр беделінде бұл жердін байырғы тұрақты иелерінің бірі – ежелгі іргелі ел болған қаңлылар.

Ферғананың екінші аты–Давань. Кезінде Давань Шығыс Түркістан-Қашқария арқылы Қытаймен көршілес ел саналады. Қытайдың Давань-Ферғананы басып алу ниеті болғандығы белгілі. Каньгюй мемлекетінің Ферғана – Даваньмен көрші болғандығын «История династии Цзинь» атты кітапта айтылған.

Міне, сондықтан да болар, б.д.д. 101 ж. болған Ферғана-Қытай соғысында кангюйліктердін көршілік парызын атқарып, ферғаналықтарға жәрдемге келгені жайында алғаш Я. Бичурин айтқан болатын.

Қазақстанның оңтүстік өлкесіне көне түсінікпен қарайтын болсақ, ол Арал, Каспий теңіздері жағалауларынан Әмудария мен Тянь-Шань тауының етектеріне дейін созылып, Шу өзені бойымен Қаратауға жалғасатын географиялық аумақты қамтитын ұлан – гайыр жер.

Ең көне ұзақ тарихы бар байырғы түркі мемлекеттерінің бірегейі – Каньгюй мемлекеті және оның табиғи жалғасы – Каньгюй –Қаңха-Хорезм мемлекеті.

Орта Азия жерінде көне дәуірде әр түрлі уақытылы тайпа бірлестіктері мен одақтастықтары жиі болып тұрған. Мәселен, бұл туралы мына деректе: «Объединения кыпчаков, кангалы, карлуков были начального типа, организациями, «с зачатками некоторых функций государство», обществами, в которых» далеко зашел процесс классовой дифференциации» делінеді. Екінші бір деректе: Орта ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азияда жасаған қыпшақ,

қанлы, қарлұқ тайпаларының тайпалық одақтастығы түбегейлі емес, уақытша болғандықтан мемлекеттік сипатқа ие бола алмаған, деп түсіндіріледі.

Шыңғыс хан дәуіріне дейінгі және одан кейінгі орта ғасырлық Азиялық мемлекеттерден Кангюй мемлекетінің территориясымен жанаса, не оның белгілі аймақтарында саяси билігін жүргізіп, не оған бағынышты болып келген мемлекеттердің қатарына, мәселен, кезіндегі Ғұн, Қытай мемлекеттерін, Батыс түрік қағанатын, Қараханидтер мен Қарлұқтар мемлекеттерін, Моңғол империясы мен Моңғолдар мемлекетін, Қыпшақ – оғыз бірлестігін т.б. жатқызуға болады.

Кангюй мемлекеті – V-VIII ғасырлар арасында өзінің билігін тоқтатып, тұтастығын жоғалта бастайды. Оның басты бір себебі: Бұмын қаған бастаған Түркі мемлекеті жылдан бастап күшейіп, Қытаймен қарым – қатынасын нығайтып Елханталып әуден күшейіп, оның інісі – Істеми (Естемес) 572 ж. Дейін Батыс түркі мемлекетінің аумағын кеңейтіп, Шығыста – Чин империясынан, Батыста – Жейхун, Сейхунға дейін, Жетісу, Хорезмге дейін өз иелігін жүргізеді, 555 ж. Еділге дейін жетеді.

Асанбай Аскарлов «Ұлы Тұранның ұлдары деген еңбегінде осыны айта келіп: Одан да арыда, көне дәуірде ұлы даланың төсінде Хундар, Үйсіндер, Қаңлылар мемлекеттері салтанат құрған» деп айтады.

Археологтар қаңлылар мекендеген аудандардан қазба жұмыстарын жүргізіп, көптеген қорымдар мен қоныстарды тапты. Оларды қауыншы, отырар - қаратау, жетіасар археологиялық мәдениеттері деп бөлді.

Қауыншы мәдениеті - Ташкент төңірегіндегі аймақ. Бұл мәдениеттің ең жақсы зерттелген ескерткіші - Сырдария жағалауындағы Шардараға таяу орналасқан Ақтөбе қонысы.

Отырар - Қаратау мәдениеті — Сырдария өзенінің орта ағысы тұсындағы Қаратау беткейлеріне Таласөзеніне дейінгі аралық. Бұл мәдениет ескерткіштерінің маңызды орталығы-Отырар алқабы. Арысөзенінің сол жағалауынан 20 шақты төбе табылды: Пұшық-Мардан, Қостөбе, Шаштөбе, Ақайтөбе, Шалтөбе т.б. Ең үлкені- Көк-Мардан. Бұл мыстан балшықтан жасалған кеспектер табылды, онда тары, күріш, бидай, арпа, бұршақ сақтаған. Отырар алқабындағы Мардан-күйік қорымындағы ер

адам кабірінен мөр) табылды. Мөр Ұлы Жібек жолы арқылы Ираннан әкелінген. Ескерткіш II-ғасырларға жатады.

Жетіасар мәдениеті - Қуандария мен Жанадария аңғарлары аралығы. Бұл-б.з.б.І мыңжылдықтың ортасы - б.з.Імыңжылдығының ортасы аралығындағы Аралтеңізініңшығыс жағында өркендеген мәдениет. Жетіасар мәдениеті ескерткіштерінің шоғырланған жері - Қуандария бойы (150 қала орны және 100-деген қорымдар).

Бұлай бөлудің өзі біріншіден материалдық мәдениеттегі заттардың жасалу мерзімдеріне байланысты болса, екінші олардың жасалуы жағынан болған өзгерістер ескерілген. Сонымен қатар әрбір аймақтың, ауданның жергілікті өзгерістеріне де көңіл бөлінген немесе әрбір мәдениеттің бір-біріне тән ортақ қасиеттерінің болғандығы анықталған. Ал ондай жергілікті өзгерістер, ортақ қасиеттер, нәрселердің түрлерінің көбесуі, тек дамудың алға жылжудың көрінісі екендігін ескертеді.

К.М.Байпаковтың ұсынып отырған басты бір пікірі Арыс өзені мен Отырар аймағында б.з.б. I ғ. мен б.з. I ғ. ас және алан тайпаларының келіп орналасуы мүмкін дейді. Ал оларды қаңлы тайпасының қол астында болған бес аймақтың бірі Сусемен салыстырады. К.М.Байпаков мұндай пікірді көрсетіліп отырған жерлерден табылған қос тұтқалы көзелердің Кавказдың терістігінен табылған қос тұтқалы көзелермен ұқсастығын салыстыра отырып айтады. Оған екінші дәлел етіп, жазба деректерге сүйенеді. Шындығында бұл көңіл бөлінетін мәселе, жазба деректерде Қаңлы тайпалары Кавказ жеріндегі тайпаларға өздерінің ықпалын жүргізсе, ал алан, сармат тайпаларымен өте жақын бейбіт-туыстық қарым-қатынаста болған. Бұл мәселе әлі де болса, археологиялық және тарихи жағынан шешімін күтуде.

Қаңлы тайпаларының қыстақ-кенттеріне және оның аймағына жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстар олардың шаруашылығынан, саяси өмірінен, әлеуметтік-экономикалық жағынан материалдар береді. Алғашқы көзге түсетін басты мәселе шикі кірпіштен жасалған тұрғын жайлардың орындары. Үй-жайдың жанынан салынған қора-қопсы, шаруаға қажетті жайлар. Жалпы, жазба деректерде жазылғандай «Қаңлы халқы балшықтан жасалған луалдың ішінде өмір сүреді» деген хабарлар бекер айтылмаса керек. «Жу патшасының тарихы» деген шығарманың

«Қаңлы» бөлімінде былай делінген: «Қаңлы елінен алтын, күміс, асыл заттар, хош иісті майлар, кілемдер, қымбат аң терілері шығады. Көп елдермен сауда жасасқан едәуір қалалары да болған». Археологиялық зерттеулер арқылы ашылған «Жеті асар,» «Алты асар,» «Қауыншы,» «Ақтөбе,» «Алтын төбе» сияқты қаңлылардың елді мекені, қыстақ, қала, қорғандарының жұрттары, жер суландыру құрылыстары, канал, арықтардың, бау-бақшаның орны табылды. Қаңлылар, ыдыстар жасаған. Темір мен қоладан өндіріске қажетті бұйымдар істеген. Қытай жазба деректерінің мәліметі бойынша қаңлы елінің ресми жазба заңы болған.

Аландар қаңлылардың солтүстігіндегі көптеген көшпенділер аландар мекендеді. Олар Арал бойы мен Каспийде мекендеді. III ғ. б.з.б. Алан тайпасының Қара теңіз жағалауына, бір бөлігі Оңтүстік Түркия мен Иракка кетті. Қалғандары б.з. I ғ. қаңлылардың қол астына енді. Көптеген тарихшылар аландарды иран тілдес адамдарға жатқызады.

Көне қаңлылардың салттық әдет-әдет ғұрыптарына өлікті жерлеу рәсімдері мен діни дәстүрлері, ұлттық ойын-сауық өнері де жатады.

Қытай жылнамаларында жазылып, сақталған деректер негізінде автор, әсіресе ойын-сауыққа қатысты бірер қызықты мағұлматтарды да келтіреді. Қаңлылар кезінде қытайлар үшін ойын-сауық мәдениеті, музыкалық аспаптары, ән-әуен шығару, оларды орындау өнері дамыған ел саналған. Қытай жылнамаларында: «Қаңлыларда үлкен және кішкене барабандар, пипа, бес ішекті аспап, яғни жетіген және басқа аспаптары бар», деп жазылған. Ал, «Көне таңнамада» қаңлы адамдары «қымызқұмар», «өлеңші, биші келеді» деп көрсетіледі. Музыка өнеріне байланысты тағы бір қызықты дерек: «Сүй патшалығын құрушы Ян Шан патша өз ордасында жеті түрлі музыка өнерін ұстағандығы айтылды. Олардың біріншісі мен екіншісі- қытайдың орталық өлкелеріне тараған өзінің ұлттық өнері; үшіншісі – корей өнері; төртіншісі – үнді өнері; бесіншісі- Бұхар өнері; алтыншысы- күшан өнері ; жетіншісі – қаңлы өнері; делінеді.

Тағы бір қызық дерек: «Жоу патшалығының Уди патшасы солтүстік бұратаналардан қыз алғалы бері, Қаңлы мемлекті батыс бұратаналар өнерінің иесі болды. Оларды дауысы бойынша жіктегенде, өлеңдері орта дауыс-қоныр дауысқа жатады. Музыка

асапаптары- сыбызғы, барабан, қос барабан, және дұмба аспаптары бір қосын болып, жетіадам орындайды», деп жазған.

«Жоу патшалығының Уди патшасы бұратаналардан бәйбіше алған соң Батыс өңіріндегі елдер көп келетін болды. Сонымен кушан, бұқар және қанлы музыкалары Шаңаде тоғысты. Қанлы музыкасын орындаушы басына қара желек салады, үстіне жібектен тігілген, жеңі гүлденген, ұзынкөйлек киеді. Биді екі адам орындайды Олар жағасы кестелі қызғылт түсті келетін жұқа шапан киеді, ауы кең сым (шалбар) киеді, аяғына қызыл бұлғары етік киіп, белін ақ белбеумен буады. Билегенде құйынлай шыр көбелек айналады. Бұны «Бұратаналар ырғағы» деп атайды. Музыкасы екі сыбызғы, бір барабан және бір қос барабан, бір дұмбадан тұралы» делінген. Автор «осы деректерден, қанлы елінде ансамбльмен орындалатын музыка өнерінің де болғандығын және оған қоса билейтін ойын-сауық өнерінің қалыптасқандығын байқауға болады. Демек, сол кезде қытай патшалықтары Батыс өңірдің ару қыздарын бәйбішелікке алып, олардың өлең билерін тамашалауға құмар болғандығы Батыс өңіріндегі қанлы қатарлы елдердің ойын-сауық өнерінің күдіреті болса керек. Сол кезде қанлы биші қыздарының мын бұралып билеген биін көрген қытай ақындары қатты шабыттанып, жалынды өлеңдер де жазып қалдырған көрінеді. Солардың бірі қытайдың классик ақыны Бэй Жүй-нін жазған «Биші бикеш» деген өлеңі екен. Көне түркі тайпаларында да осы ескерткіштердің болғандығын Ә.Х.Марғұлан талай ескерткен еді. Қанлы мәдениеті туралы айтылған пікірдің бірінде: «Археологические исследования средней Сырдарьи установили, что там имеется много могильников и поселений. Среди последних первоначально было исследовано поселение Каунчи около Янги-Юла. Рядом с ним находится Джунский Могильник. Специалисты-археологи называют культуру средней Сырдарьи последних веков до н.э.-первых веков н.э. Каунчинско- джунской. Основной ареал ее потом расширился, доходя до Карамазарских гор и Самарканда. Это культура есть культура Кангюя. По своему происхождению она безусловна местная. Средий верований кангюйцев на основании археологических данных выявляется верование в Фарн- божество, входившее в зороастрийский пантеон. Это божество являлось охранителем и покровителем правителей, а вместе с тем дома, семьи, здоровья. Оно олицетворялось, в

частности, в образе барана. Именно поэтому жители Канюя делали ручки своих сосудов зооморфными- в виде барана (пережитки этих представлений сохранились у таджиков до наших дней)...».

Кангюй //Кангханың көне мәдениетін зерттеген ғалымдардың бірі С.П.Толстов, мәселен, ол мәдениеттің басталуын б.д.д. ІҮ-Іғғ. жатады деп қарайды. Демек, бұл қазақ топырағында бұдан бұрын қалыптасқан мәдени ошақ болмады деген сөз. Қанлы тайпасының тікелей қатысы бар мәдени ошақтарға төмендегілерді жатқызуға болады.

1.2. ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ

Президент Н.Ә Назарбаев “Тарих толқынында” атты кітабында: „Түркілер өзге мәдениеттердің жетістігін қабылдаудың ғажайып бірегей қабілетін танытты, оны өздерінің ерекше жағдайларына қарай бейімдеп, шебер пайдалана білді”, деп жазған. Ілгері де айтылған және басқа мәселелер бізге бұрынғы ата – бабаларымыздың имандай сыры, жан даусы, кейінге қалдырған үлгі өсиеті, асыл аманаты. Тарих атаулының өткен өмірді сөз ететіні белгілі.

Алайда, тарихтың тағлымы бүгін мен болашаққа қызмет етеді. Осыдан мың жарым жылдай бұрын тас ұстынға өшпестей болып қашалған Күлтегін жазбаларындағы тұжырымды ойлардың Қазақ хандығы мен қазіргі Қазақстан жұртшылығының да арман-мұраттарымен үндес естілетіні қайран қалдырады.

«Өткенді білмей, қазіргінің мәнін және болашақтың мақсатын түсіну мүмкін емес», -деп М.Горький айтып кеткендей бүгінгі таңдағы түркі халықтарының түп-тамыры болып табылатын көне түркі қағанатының саяси тарихы, мәдениеті, шаруашылығына үнілетін болсақ, Түркі империясы ғұндардан кейінгі екінші ірі еуразиялық империя болғандығы анық. Осы көне түрік дәуірі - ежелгі ортағасыр кезеңі (VI-XII-ғ.) қазіргі Қазақстан жерлерінде тілдік және саяси жағдайлардың өзгерулеріне тікелей байланысты болып келеді. Осы кезде бұл жерлерде түркітілдес халықтар этникалық және саяси үстемдікке ие болады. Өзгерістер негізінен Орталық Азия даласының шығыс бөлігінде оқиғаларға байланысты болды. VI-ғасырдың орта шенінде аталған өңірде түрік

деп аталатын тайпалар одағының мемлекеті - ұлы Түрік қағанаты бой көтерді.

VI ғасырдың басында бүгінгі казак жерінде аса күрделі бетбұрыстар болған. Алтай-Сібір, Моңғолия жерінде түрік тайпаларының үстем тап өкілдері бірігіп, әскер күшіне сүйенген Түрік қағанаты атты ерте феодалдық мемлекет құрды. Олардың жері шығыс Кореядан бастап, Орта Азияның жерінде камтылған. Қазақстанда бұл қағандықтың құрамына кірген.

Түркі қағанаттың саяси-әскери бірлестік ретінде қалыптасқан мекені - Жетісу. Жетісу мен Шығыс Қазақстан жужан мемлекеттің шет аймақтары болатын. Осы аймақтарда орналысқан тайпалар - теле - 492 жылы жужандарға қарсы шығып, тәуелсіздік мемлекет құрады. Дегенмен де, 516 жылы жужандар жана құрылған мемлекетті тағы да өздеріне бағындырады. 545 ж. теле тайпаның Ашина руы жужандарға қарсы күресті басқарады. 551 ж. ашина руының батыры Бумын, Қытаймен бірігіп, жужань мемлекетінің ғалқандайды. Сонымен, түркі тілдес тайпаларының ішіннен шыққан теле тайпа Жетісуда мемлекетінің негізін құрып, көрші мекендерді өзіне бағындыру үшін саясат жүргізеді. "Түрік" атауының тұңғыш рет аталуы қытай шежірелерінде кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді сюнну-ғұндар деп атаған. Ерте Түркі мемлекеті -Түркі қағанаты 552 жылы құрылды. Оның негізін салған - Бумын каган 553 жылы қайтыс болады. Оның мұрагері - Қара-Ыстық-хан - билігі бір жылға толмай, қайтыс болады. Мұқан-каган (553-572 жж.) билік құрған жылдарда Түркі қағанаты Орта Азияда саяси үстемдікке ие болады. Олар Маньчжуриядағы кидандарды, Енисейдегі қырғыздарды бағындырады, бұларға Солтүстік Қытай алым-салық төлеп тұрады. 563-567 жылдары эфталит патшалыпын басып алады. Міне, осыдан кейін олардың жері Каспий теңізінен Солтүстік Индияға дейін және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан. Түркілер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізіне дейін баратын Жібек жолына иелік етті.

Бұл мемлекет туралы жазба деректер түрік тайпаларының өз тілінде жазылған «Үлкен күлтегін», «Танықок» құлпытастарындағы жазуларынан белгілі. Махмұд Қашқари, Рашид-ад-диннің тарихи жазбаларынан көптеген құнды деректер алуға болады. Византия, Қытай тарихшылары да мол мәлімет

береді. Қазақстанның тарихында бұл мерзім «Түрік дәуірі» (VI-XIII ғ.ғ.) деген атпен белгілі. Қазақ жерінде көрсетілген мерзімде бірнеше феодалдық мемлекеттер өздерінің саяси-әкімшілік биліктерін жүргізді.

Қазақстанда алғашқы қауымдық құрылыстан кейін V ғасырдан феодалдық қатынастар орнай бастады (немісше феодал-«жер», аль-«иесі», яғни жердің иесі деген ұғымды береді.). Ортағасырлық тайпалардың арасында негізгі екі тап: феодалдық табы мен шаруалар табы қалыптасады. Феодалдар мал мен жердің негізгі иесі болады. Феодалдық қатынастардың орнауы Қазақстанның оңтүстігінде басқа өңірлерге карағанда жедел жүрді. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының басты ерекшеліктерінің бірі осы феодалдық-патриархаттық қатынастардың орнауы болды.

Түркілердің тарихы VII – VIII ғасырларда жазылған Орхон – Енисей жазбалары арқылы белгілі. Ол ескерткіштер – бір замандарда түркілер мекендеген Енисей өзенінің маңайынан табылған құлпытастағы жазулар. Сондықтан олар Орхон – Енисей жазуы деп аталып кеткен. Ескерткіштер VII – VIII ғасырлардағы түркі тайпаларының іргелі елі Түркі қағандығының тұсында тасқа қашалған Білге қаған (хан), Күлтегін (әскер басы), Тоныкөк (ақылшы, кеңесші) сияқты атакты адамдарға арнап тұрғызылған құлпытастағы жазулар.

Орхон – Енисей құлпытастарын алғаш Г. Спасский зерттесе, 1889 жылы орыс ғалымы Н. М. Ядоинцев Монғолия жерінен оның жана нұсқасын тауып ғалымдар назарына іліктерді. Ескерткіш жазуын белгілі Дания ғалымы В. Томсен оқып, 1893 неміс тіліне аударды. Академик В.В.Радлов басқарған Ресей археологиялық экспедициясы 1894 жылы бұл жазба ескерткіштерді орыс тіліне аударды [Амажолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 1- кітап. (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: “Білім”, 2002.]

Ескерткіш текстері Түркі қағандығы дәуірінде қолданылған түркі және Қытай жазуларымен екі тілде тас бетіне ойылып жазылған.

Бұл мұралар сол ежелгі дәуірдегі Еуразияның шетсіз – шексіз кең даласын жайлаған түркі халықтарының шаруашылық, қоғамдық - әлеуметтік, саяси және мәдени тіршілігі мен өмір салтын жан – жақты сипаттап көрсетеді. Сол тарихи кезеңнің

тынысы, түркі халықтары өміріндегі ірілі – уақты оқиғалар, сол дәуірдің көрнекті мемлекет қайраткерлерінің тарихи істері белгілі бір белгілі бір дәрежеде баяндалған. Осы жағынан алғанда, Орхон – Енисей жазба ескерткіштері ішінен ерекше кезге түсетіндері “Күлтегін”, “Білге қаған” (785) және “ Тоныкөк ” (шамамен 726) жырлары. Бұл жырларды бірінші Түрік қағанатының 630 жыл күйреуімен, екінші Шығыс түркі қағанатының құрылуымен байланысты оқиғалар, Білге қаған, Елтеріс қағанның кеңесші – ақылгөй Тоныкөк пен Күлтегін батырдың ерліктері сөз болады.

Жырларда атап көрсетілгендей, ежелгі Түрік қағанаты негізінен мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі мемлекет. Ол рулық – тайпалық құрылымы жағынан бодундар, (он- ок бодун) ретінде, әлеуметтік жағынан қаған – бектер, әскери – тайпалық аксүйектер, кара халықтан тұратын қауым, ал әскери басқарылу құрылымы жүйесі жағынан ел деп сипатталады.

Орхон – Енисей жазуларындағы басқа көңіл аударатын мәселе халық – тайпаларының тағдырының әрқилы болғандығы. Өлбетте, олардың тағдыры өздерімен көршілес елдермен және өз ағайындарының тағдырымен тығыз байланысты еді. Сол жаугершілік дәуірдегі түркі халықтарының тіршілігі әсте жайбаракат емес – ті себебі, олар өздерінің алыс – жақын көршілерімен, кейде өздерінің туыстас тайпалармен жанжалдасып, жауласып отырған. Ежелгі Түркілер ат құлағында ойнаған жауынгер ел болған, жауласудан қорықпаған, олжа табу үшін, т.б себептермен алыс жақын көршілеріне, қарсы жорыққа шығып, жиі соғысып жүрген. “Тоныкөк” жырында: Асусыз Алтай тауынан асып, өткелсіз Ертіс өзенінен өтіп, түркештерге шабуыл жасап, қағанын тұтқынға түсірдік, шадын өлтірдік” – дейді. [Салғараұлы Қ. Түрік әлемі «Тарихты қайта пайымдау» Астана, Елорда-2000-476бет]

Үздіксіз жүргізілген соғыстар, сырттан болған шапқыншылық, алым-салықтың ауыртпалығы, ішкі қайшылықтар мен так үшін қактығыстар түркі елінің берекесін кетіріп, қатты әлсіреткен. Оның нәтижесі туралы жырда: “ Түркі халқы қырылды, әлсіреді, жойылды. Түркі халқы жерінде тіршілік қалмады” – делінген. Бұл түркі халықтарының ішкі қайшылықтары ушығып, ел басына кара бұлт төнген кезі. Түркі кезінде Қытай империясының жансыздарының зымиян әрекеттері

бел алды, олар түрік халықтары бір – біріне айдап салды, ағайындарды – ағалар мен інілерді, халық пен бектерді өзара ұрыстырды, елде алауыздық пен сатқындық етек алған. Соның нәтижесінде түркі мемлекеттерінің берекесі кетіп, күйреп, ол патшалық құрушы қағанның басын жалмаған. Жырда Бірінші түрік қағанатының күйреуі (630 ж) оның басты себептері негізінен дұрыс баяндалған.

Әрине VI ғасырдың ортасында дүниеге келген Бірінші түрік қағанатының құрылуы, дамуы мен күйреуі осы жыр жазылған уақыт (шамамен 731 ж.) тұрғысынан алғанда атам заманда болып өткен оқиға болатынды. Дегенмен, Түркі қоғамы мен мемлекетінің қоғамдық – саяси мәселелерін баяндауда аталған жырларда шындықтан ауытқымауға, нақтылы тарихи көзқарас шеңберіне шықпауға ұмтылыс бары байқалады. Түркілер жайлаған орасан зор аймақта жауласумен қатар достасу, алыс – беріс, сауда, т. б. Сияқты қоғамдық – әлеуметтік, саяси қарым – қатынастар тоқтамай жүріп отырған. Өмір өзінің қалыпты арнасына түсіп елдің экономикалық және саяси қуатының артуы күшейген. Осыған байланысты жырда: «Еліміз қайта ел болды, халқымыз қайта халық болды» делінеді. [Амаишолов К.Р. Түркі халқының түп тамыры (тарихи этнографиялық шолу). // Қазак тарихы. 1993. №1. 47 – бет.]

Әйгілі ғалым Л.Н Гумилев айтқандай. ұлы далалағы көшпенділер империясы көп ғасырлар бойы төңірегіндегі отырықшы елдердің қай – қайсысының да экономикалық – мәдени дамуына елеулі ықпал етіп, тарихында өшпес іздерін қалдырып отырған. Оны біз Орхон – Енисей жазбаларынан айқын көреміз. Ежелгі дәуір мұралары бізге сонысымен де құнды.

«Түрік» сөзі (қытайша «тукюе») б.д. VI ғасырында бірінші рет көшпелі халықтың атауы ретінде пайда болды. Бұл ғасырда Түркілер Монғолиядан және Қытайдың Солтүстік шекарасынан Қара теңізге дейін созылып жатқан Ұлы көшпелі империяның негізін қалады [Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-том. Алматы. 2001. 296 –бет.]

«Түрік» этнонимі алғаш рет аталуы Қытай жылнамаларында кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар Түріктерді сюнулердің (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған. Шежірелерде бұл кезде Қытайдың Вэй княздігінің солтүстік өңірлеріне Солтүстік –

батыс жактың бірінен келген түріктер жыл сайын шапкыншылык жасап. ойрандап кететін болды деп хабарланады. [Салғарин Қ. Түріктер, жужандар. – Алматы, 1999. 42 бет]Олар туралы келесі бір мәліметтер бүкіл құрлықтағы тарихтың талай ғасырлар бойғы дамуынын өзек болған оқиғаларға байланысты.

Түркі қағанатына 552 – 744 жж. негіз болған басты 4 тайпа: түркі (ашина), оғыз (теле), кыпшак (сір) және кыргыз болатын. [Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в древние времена. Том 1., М-Л., 1950. С 228]

546 жылы теле тайпалары қазіргі Монғолияның Оңтүстігі мен Орталық бөліктерін мекендеген және бұл жерлерге үстемдік еткен аварларға (жуань- жуань) қарсы жорық жасайды. Батыс жақтан қаптай енген теле әскерінің сан жағынан қаншалықты көп болған белгісіз, бірақ олардың нөпірі сұсты болған деп топшалаанады, өйткені телелердің құрамына көптеген тайпалар енген, ал олардың қуатты аварларға аз күштерімен қарсы тұра алуы екіталай еді. Түркі қағаны Бумынь күтпеген жерден қатты шабуыл жасай отырып, бей – берекет жатқан теле әскерін қапылыста басып, кескілескен шайқастан кейін оны күйрете женеді де, телелерді 50 мыңнан астам әсокерін түркілер тұтқынға алады. Даланың әдеттегі құқығынын қағидаларына сәйкес тұтқынға алынған әскерлер өзін - өзі жәнүшінін әскеріне косып алынатын еді. Осы кезден бастап, бұрын аварларға вассалдық тәуелділікте болған түріктер енді олардын бәсекелестеріне айналады. Мұнын бір көрінісі авар қағаны Анағуйға келіп, авар қағанының қызын Бумыньға әйелдікке бер деп үзілді – кесілді талап еткен түрік елшілігі болды. Мұнын өзі қағанмен тең құқықтылығын көрсетуден гөрі оны басынғандық еді. Авар қағаны Анағуй: “ Маған бас иетін – вассал бұлай деуге қайтіп дәтің барды?” – деп Бумыньға жаулаушыларын жібереді [Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы. “Білім”, 1994. 27- бет.].

572 жылы Мұқан қаған қайтыс болады. Онын інісі, әрі мұрагері Тобохан Чжоу империясымен қатынасын үзбей, Ци империясымен бітімге келеді. Чжоу салық жарнасын төлеуден бас тартқан кезде, бұрынғы жағдайдың қалпына келуі үшін түріктердің әскер күшімен сес көрсетуінін өзі жеткілікті болады. Түріктер жортылуынан қорыққан Ци империясы бітім салығын төлеймін деп күллі қазынасын сарқады. Бұл мемлекеттердің тәуелділігі Мұқан

мұрагері Таспар (Тобохан) қаған кезінде тіпті күшейе түсті. Таспар қаған: Тек Оңтүстіктегі екі бала (Чжоу мен Ци) бізге бағынышты болып тұрса болғаны, онда кедейліктен қорықпаймыз – дейді екен [Салгарин Қ. Түріктер, жужандар. – Алматы, 1999. 42 бет].

Түрік қағандары Ашина әулетінен тарағандардан ғана сайланатын. Қытай мәліметтеріне қарағанда елде ханды жариялаудың күрделі рәсімі болған: бекзаттар оны ақ киізге отырғызып. Күн жолының ыңғайымен қаумалаған қалың жұрттың құттықтаған айқай кiquы үстінде шеңберді тоғыз рет айналып, дереу жібек бұғау салып, оны қолма – қол босаңсытып одан неше жыл хан болғын келеді?” – деп сұраған. Бірақ сұрақтың ел басқару мерзіміне анықтау ісінде қандай рөл атқарғаны жайлы түріктер тарихында онша мәлім емес. Бәрінен де дұрысы, бұл әдет хан тйпа көсемі болып саналатын кездін салты есебінде сақталып қалған тәрізді. Тәж – нақты мұраға қалдыру күрделі жүйе арқылы жүргізілетін болған [Гумилев Л. Н. Көне түріктер. Алматы. “Білім”, 1994. 44 бет Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: “Жалын”, 1994.].

Көшпелі Түрік қағанатының ел басқару құрылымы үштік жүйеге негізделген. Олар қағанатты тардуш(оң канат), төлес (сол канат) және ічрекі (орталық) деп үшке бөлген.

Күлтегін мәтініне жүгінсек: Ілгері “оңтүстікке), кейін (солтүстікке) аттанып жинады, басын қосты (жинақтады). Барлығы жеті жүз ер (сарбаз) болды. Жеті жүз ер бас қосқанда елін аңсаған халыққа, құлданған, күнденген халыққа Түрік төрінен (өкіметінен) айырылған халыққа, Ата – бабам төрін (өкіметін) құрып орнықтырды. Төлес, Тардуш канатқа (бөліп), шабғу, шад (ат) берді.

Қағанатты Тардуш Төлес канатқа бөліп басшыларына шабғу, шад лауазымы сыйлағанын мәлімдеген. [Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары: тарихнамалық – деректанулық талдау. – Астана, 2003. 51 бет]

Түрік қағандығында қағаннан бастап ру - тайпа бастығы бектерге дейін жиырма сегіз дәрежелі лауазым иелері болған. [Салғараұлы Қ. Түркі қағанаты жөнінде бірер сөз // Ақиқат. 2006. №1 13- 17бет]

Далалық көшпелілер қағанаты – мыңдаған жылдар бойы ел басқару сабақтастығы үзілмеген, үкіметтік әкімшілік жүйесі

қалыптасқан байырғы халықтардың бірі болды.

Түрік қағанаттарының құқықтық жүйесі жете зерттелмеген. Ол туралы деректерде де аз айтылады. Түріктердің құқығының негізгі бастауы қайнар көзі - әдет ғұрып болған. Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңының негізгі ірі – ірі жеті баптан тұрған: 1 –бап. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы кесілсін (мемлекеттің бүгіндігін сақтау талабынан туған); 2- бап. Түркі жұртының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін; 3 – бап. Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілсін; 4 – бап. Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (ат – қағандықтың соғыс күші); 5 – бап. Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін; Сонымен қатар, Түрік қоғамында малға, түрлі қарулар мен өндіріс құралдарына жекке меншік болған. Жер жеке адамның жеке меншігі болмаған. Жер қауымның, ру – тайпаның меншігінде болды. Түріктер көшпелі халық болғандықтан отбасы патриархалдық сипатта болды. Әке отбасы басшысы болды әрі оның айтқаны орындалатын. Түрік қағанатында қылмыстық жазаның әр түрі қолданылды. Сатқындық, әсеркер тәртіпті бұзғаны үшін, қағанға қарсы шыққаны т.б. жағдайларда өлім жазасы қолданылды. Мал ұрлағаны үшін оның құны 10 есе артығымен төленді.

Сот билігі қағанның және оның атынан іс жүргізетін бұйрықтар мен тархандардың қолында болды. Сот ашық түрде екі жақты толық тыңдау арқылы жүргізілді.

Түркі қағанаттары сол кезең үшін дамыған мемлекеттік құрылыс жағдайында өмір сүрді. Оның мемлекеттік аппаратында көптеген лауазым иелері қызмет етті.

552-553 жылдары түркілер Орта Азиядағы қуатты мемлекеттердің бірі – эфталиттерді бағындырды. Отырықшы аудандардың байлығын иеленуге ұмтылу түркілердің батыстағы, Орта Азиядағы онан арғы саясатының негізі болды. Олар эфталиттерінің батыс тармағына міне осы арада кездесті, ал эфталиттердің иелектері Каспий теңізіне Солтүстік Үндістанға және Шығыс Түркістанға дейінгі жерді алып жатқан еді. Өзінің әскерінің орасан зор, икемді құрамына карамастан, мұндай күшті жалғыз жеңіп алуға түріктердің шамасы келмейтін. Олар үшін соғыс сасанилік Иранмен әскер Одақ жасасқаннан кейін ғана

табысты бола бастады. Эфталиттерге вассалдық тәуелділікте болған Иран оларға ұзық уақыт бойы жыл сайын күміспен салық төлеп тұрды, мұны осы мақсат үшін арнайы соғылған пехлеви жазумен коса эфталит жазуы бар теңгелер көрсетеді. Сондықтан түріктердің эфталиттерге қысым жасауы Иранның сасанилік билеушілеріне қолайлы болды.

Иран шахы Хосрав Ануширван эфталиттермен қырғи қабақ болып жүрген түркілермен Одақ болуға 564 жылы ұсыныс жасаған болатын. Түркілер Ирандықтардың ұсынысын қабыл алып, қағанның Оңтүстік аймағын билейтін Бумын қағанның ағасы Естемидің қызын Хосравқа әйелдікке береді. Сонымен Қағанның эфталиттерге қарсы қайыра соғыс ашуының сәті түсті. Иран шахы Хосрав I Ануширван эфталиттерге салық төлеуін тоқтатып, соғысқа дайындалды.

Эфталиттер одақтасы – жужандарды жоғалтқаннан кейін мазасызданып, 553 жылы Қытаймен қарым – қатынас орнатуға тырысады, бірақ Батыс Вэй империясының билеушісі Юйвынь Тай түріктермен одақтас болатын, сол себепті де эфталиттер ынтасына онша ықылас білдірмесе керек. Тіпті эфталиттердің өз арасында ауызбірлік болмаған. Катулф атты бекзада Гатфар патшаны соғысқа жібергісі келмейді, бірақ патша намысына тигесін, өз руластарын тастап, нарсы шахына қашып кетеді.

Белсенді соғыс әрекеттері 560 ж. Гатфардың өзі арандатуға кіріскесін, басталып кетеді. Қағанның шахиншахпен жасаған қарым – қатынасынан секемдеген патша, олардың жақындасуына кедергі жасау үшін қолынан келгеннің бәрін жасамақ болады. Соғдия арқылы кетіп бара жатқан елшілер, қашып құтылып, осынау қайғылы хабарды Естеми ханға жеткізген салтаттыдан басқасы – түгелдей бауыздалды. Енді соғыс болмай қалмайтын еді. Естеми қол астындағы күллі әскерін жинайды, олардың арасында бұған дейін эфталиттердің боданы болып келгенбасқа тайпалар бартұғын. Хұсрав Ануширван одақтасының алдын алып, 562 ж. эфталиттерді бірінші рет жеңіп шығады, бірақ соғыс бұнымен аяқталмайды.

Түріктердің алдыңғы легінің құрбандығына Шаш (Ташкент) шалынып, түріктер қалда тұрғындарын қырып салады. Сосын түріктердің басты күші Шыршық өзенінен көктей өтіп, Маймурғте әскерінің алдыңғы тобымен қосылады.

Естеми Византия императорынан батыс түріктерге көмек беруін сұрап елші жібереді. Ал оның әскері Батыста Иран әскерінің қолдаумен эфталит жеріне Шығысына басып кірді.

Шешуші шайқас Бұхара түбінде болып, эфталит патшасы Гатифара жеңіліс тапты. Амударияның оңтүстігіндегі эфталит жерінің бәрін Хосрав өзіне қосып алады.

Соғыс сегіз күнге созылады, акырында эфталиттердің күл талқан болуымен бітеді (565ж). Аман қалғандар бас қосып, эфталит мемлекетінің дербес дәурені өткенін түсініп, Гатфарды тақтан құлатады да Шағаниан бегі Фағоништі патша етіп сайлайды, оған Хосрав Ануширванға бағынуды міндеттейді, олардың пікірінше, енді түріктерге тек сол ғана қарсы тұра алады. Хосрав бір мезгілде қағанның хатын және Фағоништің бағынатыны жайлы ұсынысын алғанымен, екеуіне де жауап қайтармайды.

Түрік эфталит соғысы біткен бойда – ақ Шығыс пен Батыстың арасындағы керуен жолдары бойында жатқан жерлерді бөлуге келгенде одақтастар арасында араздық басталды. Бұл жерлерді иелену жол асуларын кеңінен пайдалануға, жібек, сәнді бұйымдар, т.б. саудасын бақылауға, Шығыс пен Батыс арасындағы тауар айырбасына белсене қатысуға мүмкіндік беретін еді.

Орта Азия үшін VI ғасыры экономикалық және мәдени өрлеу дәуірі болады. Қалалар өсіп, байи беореді, егін шаруашылығы, қол өнері мен сауда – саттық өркендеп, гүлдене түседі. Сол заманда соғдылар нағыз тәжірибелі және епті көпес – делдалдар қызметін атқарады. Олар ежелгі керуен жолын пайдаланып, Қытай мен Жерорта теңізі арасында тиянақты байланыс орнатады. Бірақ сауда- саттыққа жужандардың қанталапай қаракшылығы, эфталиттердің ұдайы көршілерімен үздіксіз жүргізген соғыстары кесірін тигізеді. Түркілер Соғдиана мен даланы біріктіріп жібереді де, сауда – саттық үшін кереметтей қолайлы жағдай тудырады, сол себепті де соғды көпестері түркі хандарының адал бодандарына айналды. Сөйтіп Орта Азия қағанаттын тұтас бөлшегіне айналады. Осы жағдай эфталиттердің кек алуға деген жолын кесіп тастайды да, сол аймақта тұйықталып қала беруге мәжбүр етеді.

Эфталиттер мен Солтүсік Қытай патшалықтарын күйреткеннен кейін, түркілер саяси ғана емес, экономикалық күдіретке де ие болады, өйткені Батыс пен Шығысты қосып жатқан ұлы керуен жолы солардың қолына келіп түседі.

Орта Азияны жаулап алғаннан кейін түркілер Қытайдан Жерорта теңізінің елдеріне келетін сауда жолдарының елеулі бөлігіне, яғни “ Ұлы Жібек жолына билік етті ”. [Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы. “Білім”, 1994. 39 бет]. Түрік қағанатының сыртқы қарым – қатынасындағы негізгі факторы – Ұлы Жібек жолы екендігін айрықша көрсетеді. Ұлы Жібек жолының сыртқы саясаттағы маңызын негізінен екі бағытта көрсетуге болады.

1. Жібек саудасы.

2. Сауда жолының геостратегиялық маңызы [Ақышев К. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Алматы.1994. 102 бет].

Жібек маталарын сатып алушы Византия еді. Иран, Византия империясында, әсіресе, Сирия мен Египетте жібек матасын шығару жоғары дәрежеде дамыды. VI ғасырда Византияда, Иранда өзіндік шикізат көзі пайда болды [Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир (издание третье, допалненное). – Алматы, 2000. С 268]

581-588 жылдары бұған дейін ыдыранқы күйде болған Қытай жұрты Суй династиясының қол астына біріктірілді; Онда жасалған экономикалық реформалар Қытайдың экономикалық және әскери қуатының тез өсуін қамтамасыз етті. Қытайдың күшеюі тұсында Түркілердің басшы топтарының, әсіресе Ашин руының ішінде әртүрлі араздықтар мен ашаршылық қатар жүріп жатты. Қытай тарихшысы бұл орайда түркілер нанның орнына ұнтақталған сүйекті пайдаланды деп көрсетті. Түркі аристократиясы үздіксіз соғыстар жүргізіп, басып алған жерлерінде жеке билік орнатуға ұмтылу саясаты қарапайым көшпенді халықты қалжыратты. Оған 581- 583 жылдары жұт келіп қосылды. Осының бәрі қағандықты дағдарысқа еріксіз алып келді [Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: “Білім”, 2002.].

Түркілердің Қытаймен қарым – қатынасы шиеленісіп кетті. Өйткені VI ғасырдан бастап Түркілерге қарсы пұғыл Қытайдың ең басты саясатқа айналған. Қытай феодалдарымен чиновниктернің негізгі мақсаты – Азияға түгелдей өз билігін орнату еді.

Осы мақсатпен Қытай империясы 602 жылы Түркілерге қарсы соғыс жариялап, күйрете соққы берді Осы кезде Түркілердің өз ішінен теле тайпалары (оғыздар) көтеріліске шықты. Көтеріліс Солтүстік Шығыстағы Селенгіден Оңтүстік батыстағы Тянь –

Шаньға дейінгі аралықты қамтиды. Тек Шиби қаған тұсында (609 – 619) Шығыс Түркі қағандығы аз уақытқа шиеленісті бәсеңдетіп, саяси көрегендік таныға білді. Қытайдағы азамат соғысы (613-618 жж.) және Суй ждинастиясының құлауы, оның орнына Тань үйінің келуі (618 – 907 жж) Түркі қағаны Шиби және оның кіші інісі Ел (Эль) қағанға (620-630 жж.) оңтүстік шекараларды соғысты жалғастыруға мүмкіндік берді. Бірақ осы кездері қағандықтағы жағдай елеулі өзгеріске ұшырады.

Түркі рулары одағының жорықтар арқылы үйреншікті пайда табуы келмесе кетті. Түркілер құрған мелекет өзінің сексен жылдық тарихында көп өзгерістерге түскен. Биліктің бәрін өз қолында ұстаған қаған жалпы халықпен байланысын үзіп, аз ғана аристократиялық топтын мүддесін қорғады. Соғыстар соларға ғана тиімлі болды. Елдің негізгі бөлігі мал шаруашылығының өнімдерімен күнелтті. Түркілердің басым көпшілігін жорықтардан гөрі асыл тастар мен мата саудасы қызықтырды. Қол астындағы елінің мұн – мұқтажымен санасқан кейбір қағандар Қытайдың империялық үкіметіне сауда қатынасына кедергі жасамау жөйінде жиі – жиі өтініш жасап тұрды. Бірақ Қытай үкіметі шекарадағы сауданы саяси бақылау құралы ретінде қарап, неше құбылтып шектеп отырды. Бұдан шекараға жақын аймақта бейбіт сауда жүргізуге тырысқан. Қытай жер өңдеушілері мен Түркі малышылары зардап шекті. 620 – 629 жылдары Ел (Эль) қағанмен оның әскер басшылары санмындаған әскерді тынымсыз жабдықтауды, атты әскерді толықтыруды қолға алды. Соғыстан түсетін табыстар мен сыйлықтарға қанағаттанбаған қаған өз халқына салынатын салықты өсіре берді. Салық өсіресе жұт жылдары (627 – 629 жж) халыққа өте ауыр тиді.

Ел қаған өзінен бұрынғылардың рулық тайпалық ел басқару жүйесіне өзгерістер енгізді: басты посттағы басшыларды түсіріп, олардың орнына Қытайлықтар мен соғдылықтарды қойды. Жат жұрттықтардың басқаруындағы халық шектен тыс қанауға түсіп, өз билеушісіне қарсы күрес ашуға мәжбүр болды. 629 жылы Ел қаған Шаньсида көтерілісшілерден жеңіліс тапты. Оған қарсы бұған ілесе оғыз тайпалары көтерілді. Қытай императорының әскері осы жағдайды пайдаланып, қағанат жеріне басып кіреді. Жат жұрттық ба сшылар теріс бұрылып кетіп, Ел қаған тұтқынға түсті. (630ж) Осылайша бірінші Түркі қағандығының тарихы аяқталды. [Бизақов

С. Түркі әлемі. – Алматы, 1998. 69 –бет] 80 жылдай өмір сүрген кезінде қоғамдық дамудың биік сатысына көтерілді. А.Н.Бернштам бұл жөнінде мынадай қорытынды ұсынды: “ Ертедегі Түркіледін қоғамдық құрылысы феодалдық қатынастарыдн ең ежелгі формаларының бірі болып саналады. Ашин державасы рулық – тайпалық қоғамның орнына әскери демократиялық қоғам құрды. Ашин династиясы өзінің кейбір белгілерімен Спартаға ұқсас боды, бірақ рулардан әлдеқайда қуатты еді. Қағандықтың негізгі күші басқару жүйесі мен әскері болды. Түркілер темір өндіруден жалпы әлемдік тарих сахнасына шықты.

Түрік империясы тұсында (VI – VII ғғ.) Орта Азияның экономикасы мен мәдениеті гүлденіп өсті. Сауда жер өңдеу және қол өнер өте тез дамыды. Жібек керуені Қытайдан Византияға қарай Бұхара, Самарқан, Ташкент, Қашқар, Турфан арқылы үздіксіз ағылып жатты. Түркі империясының құрылуы мен ыдырауы түркі халықтарының батысқа қарай жылжуына алып келді. Шығыс пен Батыс мәдениеті араласып, бірін – бірі байытты.

Түрік қағанатының күшін біріктірмей, оны әлсін - әлсін зор шығынға душар еткен қарсылықтың бірі мемлекет ішіндегі алауыздық. Осының кесірінен ата жауға жұмсалатын күш екінің бірінде – ақ өзара тартысқа, бақталастыққа бағыттталып, ортақ күш ыдырай берген. Бұл жағдай Күлтегін жазуларында: “ Бектерінің, халықтарының түзу еместігі үшін, тағаш халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, інілі – ағалының дауласқандығы үшін Түркі халқы елдігінен жойылды” деп көрсетілген. Күлтегін жазуындағы: “ Елді халық едім, елім енді қайда, кімге елдік жасаймын, қағандық халық едім, қағаным қайда? Қай қағанға күш қуатымда берермін” деген зор нала сөздер әлемді айбары асқан мемлекеттің ойраны шыққанын көріп, күйінуден туған жанайқай. Мұны білікті мақсат, ел бірлігі үшін тегеурінді, дәйекті жұмыстар жүргізілмей, намыссыз жандар биік басына шығып, айбынды елді аяқ асты еткеніне ашыну, баққұмар, таққұмар, жетесіз, тексіздердің асыл халықты қор еткендігіне қарата айтылған қарғыс деседі болады. Түркі ұлыстары мен тайпаларының күш біріктіріп, ауызын арандай ашқан жалмауыз дұшпанға қарсы шығудың орнына өзара қырқысуы қатарынан озып туған небір есіл ерлердің жігерін құм еткен. Бір ғажабы – бұдан мың жарым жылғы Түрік бірлігі проблемасы еш заманда да өзінің

маңызын жойған емес. Түрік ынтымағының арасына сына қакқысы келетіндердің заһарлы, кесеапат, жымыскы әрекеттерінің салдарына туыскан ұлыстарды бір – біріне арандату оқиғалары сонғы кездерге дейін орын алып келгенінде ұмытуға болмайды [Бердібай Р Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы, 1996. 114 бет.]. Түркі империясы ғұндардан кейінгі екінші ірі еуразиялық империя болды. Түріктердің бірнеше мемлекеті болды. Көне Түркі мемлекеті (552 – 603); Батыс Түрік қағанаты (603 –704); Шығыс Түрік қағанаты (603 – 679); Екінші Түрік қағандығы (607 – 744); Түргеш қағандығы (704 – 756); Қарлұқ мемлекеті (756 – 970).

Тарихи дәуірлерден күні бүгінге дейінгі кезеңдерде түрлі географиялық аймақтарда тарих сахнасына шыққан Түрік мемлекеттерінің Түріктік сипаты олардың құрылымдық дәстүрінде көрініс тапқан болса керек. Жалпы алғанда, түрік мемлекеттері мен қауымдастықтарын әлеуметтік мәдени, әскери, қаржылық және басқару, әсіресе ұлттық мәдени тұрғысынан қарастырғанда, Түрік дүниесі ұғымы пайда болады. Осы жалпы құндылықтарды мемлекеттер мен қауымдастықтар аясында танымдық әрі ұлттық мүдде тұрғысынан алып қарастырудың маңызы зор. Әсіресе, түркістан, Еділ-Орал және Қара теңіздің солтүстігінде пайда болған түрік тайпасынан кейін басқа бір түрік тайпасы немесе тайпалары тарих сахнасына шығып отырған. Басқаша айтқанда, саяси күшін жоғалтқан этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалар орнына басқалары келіп отырған. Өйткені, түрік мемлекетінде этатист жанұя, көшпенділер немесе тайпалардың ауысу процесі кезінде мемлекеттің негізгі қағидалары, яғни түрік мемлекетінің құрылымдық дәстүрі жалғасып отырған. Мысалы, Селжұк мемлекетін Оғыз қауымының Қынык тайпасынан шыққан Селжұқоғлулардың әулеті құрған. Бұл мемлекет ыдырағаннан кейін Осман мемлекетін дәл осындай жолмен Оғыз қауымының Қайы тайпасынан шыққан Селжұқоғлуларының әулеті құрған. Мұнда құраушы тайпалар мен жанұялардың әр түрлі болғанына қарамастын, мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі уақыт өтісімен өзгерістерге ұшырамай сақталып қалыңды, яғни, оның негізгі элементтері Селжұктерден Османдықтарға өтіп, жалғасын тауып отырған. Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек хандар құрған Қазақ хандығы туралы да осыны айтуға болады.

Тарихтағы түрік мемлекеттерінің тағы бір екекшелігі

«Әлемдік Мемлекет» құру идеясының болуында. Бұл орайда түрік мемлекеттерінің билік жүргізу шегін әлемдік билік ұғымы арқылы түсіндіруге болады. Оғыз қаған дастанында «Шатырымыз – көк жүзі, туымыз - күн» деген сөз әлемдік мемлекет ұғымын айқын түрде түсіндірді. Түрік мемлекеті ұғымын ең дұрыс жолмен түсіндіретін бұл анықтаманы тағыда біраз тереңдетіп айтар болсақ, түрік мемлекеттері әлемді билеу жолында басып алған барлық жерлердегі халықтарға діни, мәдени, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан құқық берген. Осылайша түріктер өздері қоныс тепкен аймақты өз Отанымыз деп есептеп, өздерімен бірге өмір сүрген басқа қауымдары өз ұлтынан алшақтатпады. Демек, түріктердің әлемдік мемлекет ұғымында жаулап алынған барлық жерлері олардың отаны ретінде қабылданып отырған. Мұны Тұранда жүздеген жылдар бедерінде қоян-қолтық өмір сүріп келген иран тілдес тайпалар мен түріктер мысалынан көруге болады. Әрине олардың Арасында діни негізде дұрдараздықтар өшіп отырған. Тұрандықтар дәстүрлі діни нанымдарын ұстанған болса, ирандықтар Заратуштарға бауыр басқан. Осылайша олар Иран мен Тұранға ажыраған. [Л.Н. Гумилев. Тысячелетие вокруг Каспия М.,1993.-С.57-58] Ұлы Жібек жолы бойындағы (Жетісу, Шығыс Түркістан) қалаларында қоныстанған иран тілдес соғдылықтарды түрік қағандары өздерінің қамқорлығына алғандықтан, олардың бәрі кейініректе түрікленіп кетті.

Түрік тілінде сөйлейтін және ортақ дәстүрлерге ие болған түріктер тарихта көптеген мемлекеттер құрған. Түрік қауымына тән дәстүрлер («Түрік мемлекеттерінің құрылымдық дәстүрі») мен ой-пікірлер мен өмір сүру салттарының кейбір өзгерістерге ұшырауы салдарынан түрік мемлекеттері арасында да айырмашылықтар пайда бола бастаған. Сонымен қатар түрік мемлекеттерінде өзгермейтін кейбір құндылықтардың болғандығын айта аламыз. Ғасырлар бойы әр түрлі географиялық аймақтарда өмір сүрулеріне және неше түрлі діндерді (буддизм, мани, иудаизм, христиандық, мұсылмандық) қабылдауларына қарамастан, мыңдаған жылдар тарихы бар түріктердің мемлекеттік ұғымын бейнелеген түрікшедегі тұрақты сөз тіркестері бүгін де қолданылуда және олардың мағыналары көп өзгерістерге ұшырай қоймаған[Әбдушәріп Сайран, Мәдуан Сейткали. Қазақтар және Түрік әлемі: мемлекеттіктің бастаулары: Алматы «Білім» - 40-41

бет].

Адамзат дамуында өзіндік сүбелі орны бар Алтай төнірегі түрк текті жұрттар үшін әуелден қасиетті мекен, құтты қоныс. Көне тілімізде «алтын» деген мағынаны білдіретін бұл байтақ аймақтың тау-тасы, өзен-көлі жазығы мен төскейі сынсыған тарих, қадау-қадау ата-баба іздері.

Әсіресе, ел-жұртымыз үшін ерекше етжақын асыл жауһарлар Шығыс Алтайдың арғы бетіндегі Орхон, Енесай, Селеңгі өзендерінің құйкалы алқаптарында жатыр. Тарихқа түрк жұрттарының YI-YIII ғасырлардағы дәуірлеген заманының тапжылтпас айғағындай боп бүгінге жеткен «көне түрк жазба ескерткіштері» деп аталатын сол жәдігерліктердің ұлтымыз үшін ғана емес, күллі әлем дәрежесіндегі салмағы тым биік. [Бейжанбайұлы Ж. Арғы түріктер ақиқатының ізімен. 191 бет]

Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңының негізгі ірі-ірі жеті баптан тұрған. 1- бап. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы кесілісін (мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туған); 2-бап. Түрік бұдун (жұртының) мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілісін; 3-бап. Қағанат ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілісін; 4-бап. Сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (ат- қағандықтың соғыс күші); 5-бап. Ұрланған бағалы мүлік үшін он есе артық айып төленсін [Аманжолов К.Р. Түркі халықтар тарихы 1-кітап. Алматы: «Білім», 104-105б].

Қарахан, Қарақытай, Оғыз және Қимақ қағанаттарының тарихы. Қарахан Әулетінің мемлекеті (942-1210 жж.). Негізін салған Сатұқ Боғра хан (915-955). 940 (942) жылы. Сатұқ Баласағұн билеушісін құлатып, өзін жоғарғы қағанмын деп жариялайды. Осы кезден бастап Қарахандар мемлекеті тарихы басталады. Қарахан мемлекетінің құрылуы мен оның ерте тарихында басты рольді Қарлұқ конфедерациясының тайпалары атқарды. X ғасырдың соңына таман Қарахандар иелігі Батыста Амудария мен Сырдария арасындағы Мәуереннахрдан бастап, Шығыста Жетісу мен Қашғарға дейін созылды.

Қарахан мемлекеті шекаралары тұрақты, толып жатқан еншіліктерге бөлінетін. Еншілік иелерінің құқтары зор болатын. Олар өз атымен теңгелер шығаруға дейін, кейде тіпті

лауазымдарын өзгерте алатын. XI ғасырдың отызыншы жылдарының соңында Ибрахим ибн Насырдың тұсында мемлекет екіге бөлінеді: біріншісі, орталыпы Бұқарда болған, қарауына ходжентке дейінгі Мәуереннахрды қосып алған Батыс хандығы, екіншісі - қарамағына Тараз, Исфиджаб, Шаш, Ферғана, Жетісу мен Қашғар кіретін Шығыс хандығы. Оның астанасы Баласағұн қаласы. Осымен Қарахан мемлекетінің еншіліктерге бөлінуі заңды түрде бекітілді.

Арслан-хан кезінде қарахан мемлекеті одан сайын бөлініп кетеді: әрбір еншілік өз тәуелсіздігін құру үшін таласады.

1056 ж. Қадырханның ұлы Йинал-тегін өкімет мұралыпы жолындағы күресте інісі Сүлейменнің иелігін басып алады. Бірақ ұзамай ол у беріліп өлтіріледі. Тәж-таққа Йинал-тегіннің баласы Ибрахим ие болады, бірақ ол да біраздан кейін Барысхан әміршісімен болған соғыста қаза табады. Осыдан кейін Шығыс қағанатын 15 жыл бойы (1059-1074) Қадырханның балалары Юсуф Тоғрулхан мен Боғрахан харун басқарады. Олардың тұсында Ферғана Шығыс қағанатқа күшпен қосылады. Екі қағанат арасындағы шекара Сырдарияны бойлай өтеді. Тоғрул қайтыс болғаннан кейін оның еншілігі Боғрахан харунның (1075-1102)-Қашғар, Баласағұн мен хотан қожасының қолтастына көшеді. 1089 ж. бастап ол Салжұк сұлтаны Мәлікшахтың кіріптар вассалына айналады. 1102 ж. Боғрахан қайтыс болғаннан кейін, көп ұзамай Мәуереннахрға Баласағұн мен Таластың иесі Қадырхан Жабраил шабуыл жасап, Амударияға дейінгі жердің бәрін басып алады, тіпті Салжықтардан Термезді тартып алмақшы болады, бірақ олардан жеңіліп қалады. Сұлтан Санжардың басқаруы кезінде (1118-1157) салжықтар Мәуереннахрда шексіз билігін жүргізеді, бірақ бұл кезде Қарахан әулетінің саяси құлдырауының белгісі біліне басталды.

Бұған бас себебі - қидан мемлекетінің құрылуы және оның жүргізген сыртқы әскери саясаты болып табылады.

XII ғасырдың екінші жартысында қидандар Батыс Түркі қағанатына қауіп төндіре бастайды. 1141 жылы Қарахан-Салжықтың әскерін талқандағаннан кейін Қарахандар мемлекеті екі хандығының билігі де қаракытайлар қолына көшеді. 1210 жылы шығыс Қарахандар әулеті наймандармен соғыста жеңіледі. Ал 1212 жылы Хорезм шах Мұхаммед батыс қағанаттың соңғы қағаны

самаркандық Османды өлтіреді, ұзамай Қарахандардың Ферғана тармағы да жоқ болады. Қарахан әулетінің мемлекеті тарихы осылай аяқталды.

Қарахан әулеті мемлекетінде аса маңызды әлеуметтік-саяси институт әскери-мұралық жүйе болды. Хандар өз туыстарына белгілі бір территорияның, сол уақытқа дейін мемлекет найдасына деп алынған салықты өздері жинап алу құқын берді. Мұндай салық "икта" деп аталады, ал оны жинаушыны "мукта", немесе "иктадар" деп атаған. Халық көшпелі, жартылай көшпелі болды. Мемлекеттік дін ретінде - ислам діні болды. Исламның (960 ж. Мұса жариялады) енуіне байланысты, араб әрпіне негізделген жаңа түркі жазуы қалыптасады. Түрік этносының ой-санасы өседі. Жүсіп Баласағұн есімі кен мәлім болды.

Қара қытайлар мемлекеті (1128-1213 жж). Олардың құрылуы Орталық Азияның қидан тайпаларымен тығыз байланысты. Кидандар (цидань, кита, хита) б.з. 4 ғасырдағы жазба деректерде моңғол тілді тайпалар ретінде аталады. Олар Қытайдың солтүстік жағында Маньчжурия мен Уссури өлкесінің территориясын мекендеген. 924 жылы Алтайдан бастап, Тынық мұхитқа дейінгі жер Қидан мемлекетінің (Ляо империясы) қолтастына өтеді.

1125 жылы Сунь Қытайы мен Чжурчжень мемлекетінің біріккен күші Ляо империясын құлатады. Қидандардың бір бөлегі чжурчжендерге бағынады, ал қалғандары Елюй-Даши басқаруымен батысқа қарай Шығыс Түркістан мен Жетісуға таман - жылжиды. Олар енисей қырғыздарының жерін басып өтіп, Еміл өзенінің бойына жетеді. Сол жерге аттас қала салады. Кидандардың батыс бөлігі Жетісудың бір бөлігіне қарап, жергілікті түркі тілдес халықпен араласып кетуі нәтижесінде, келімсектер қара қытай аталып кетеді.

1128 жылы Қарахандар әулетінен шыққан Баласағұнды иемденуші өздеріне қысым жасаушы қаңлылар мен карлұқтарға қарсы шығады. Қаракытайлар көсемі Елу Дашы Баласағұнды басып алып, Жетісуда өз мемлекетін орнатады. Жетісу, оңтүстік Қазақстан, Мәуереннахр мен Шығыс Түркістан қаракытай мемлекетінің құрамына кіреді. Қарахандар әулетін қаракытайлар өз вассалына айналдырады.

Қаракытай мемлекетінің басшысы Гүрхан деп аталады. Оның ордасы - Шу өзенінің алқабында болатын. Баласағұн орталық

болып қала берді. Әскерде тәртіп қатал болған. Ел ішінде аула басынан салық жинай жүйесі енгізіледі - әр үйден бір динардан салық алып отырады. Гүрхан жақындарына жер-суды тарту етпейді, олар бәсекеші болып кетеді деп қауіптенді. Қаракытайлар Жетісудың оңтүстік бөлігін, Исфиджабтың солтүстік-шығыс аймағын, Құлжа өлкесін басқарады. Бірінші гүрхан Елюй-Даши 1143 жылы қайтыс болды. 1169 жылы оның баласы - Елюй-Чжилугу - таққа отырады. Өзі христиан болғандықтан, мұсылман дініне қарсы шығады. Оның Жетісудағы мұсылман халқын бағындыру саясаты қарсылыққа толы болды. 1208 жылы бастап Жетісуға қоныс аударған найман тайпалары да осы ішкі саясатты бұзбайды. Жетісу аймағы өзара қырқыстар, мұсылмандық қозғалыстар орталыпына айналады. Жетісудағы осы жағдай 1218 жылға дейін, яғни Шыңғыс-ханның әскері келгенше созылды.

Кимак қағанаты (X). Кимақтар 7 ғ. қытай деректерінде айтылады. Синологтар оны "яньмо" тайпасымен бір деп қарайды. 840 ж. Орталық Монғолиядағы Ұйғыр қағанаты ыдырағаннан кейін оған енген тайпалардың бір бөлігі (еймұр, баяндұр, татар) кимак бірлестігінің өзегіне келіп қосылады. Сол кездері жеті тайпадан: еймұр, имек, қыпшақ, татар, баяндұр, ланиказ, ажлардан тұратын кимак федерациясы құрылады. Кимак патшасының титулы - "байгу" деп аталады. Ал 9 ғ. соңы мен 10 ғ. басында Кимак қағанаты құрылғаннан бастап, олардың ханы түріктің ең жоғары лауазымы - қаған атын алады.

X ғасырдың ортасынан бастап, кимак қағанаты 4 болысқа бөлінетін болады. Кимак тайпаларының одағы қандас-туысқандық байланысқа негізделген құрылым болмаған, ол территориялық-әкімшілік қарым-қатынас принциптеріне сүйенген. Қимақтарда жазу-сызу болғанын араб саяхатшысы Әбу Дулафтың (10 ғ.): "оларда қамыс өседі, олар сонымен жазады"- деген сөзі дәлелдейді. Олар тәңірге, ата-баба рухына, сондай-ақ кейбіреулері христиан тектес дін - манихейлікті ұстанған. Қимак қағанының Ертістегі ордасы Қимекияға (Имекияға) апаратын керуен жолдары болған.

XI ғасырдың басында Кимак қағанаты күйреді. Оның құлауының екі себебі бар: өздерін өздері билеуге ұмтылған қыпшақ хандарының орталықтан бөлінуге тырысушылығы, және қағанатта ішкі талас - тартыстың күшеюі және Орталық Азияның көшпелі тайпаларының қаптап кетуі.

Оғыз мемлекеті (IX-XI ғғ. басы). IX-XI ғғ. Сырдың орта, төменгі ағысында, сонымен қатар Батыс Қазақстанды да қосып алатын территориясында оғыз тайпалардың саяси бірлестігі құрылды. "Оғыз" деген терминнің этимологиясы әлі де анықталмаған. Махмуд Қашғари, Марвази еңбектерінде, оғыздарға жататын руларды атап кеткен: қынық, баят, язғыр, имур, карабулак, тугырка, т.б. Оғыздар 2 экзогамды фракциядан құрылған. Бұлар - бузук және үшүк (учук).

ҮІІІ ғасырдың ортасында түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, Шу алқабына кетеді. Осы жерде олардың "Көне Гузия" деп аталатын ордасы болды. XI ғасырдың бас кезінде оғыздардың көсемі қарлұқтармен, кимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді, сөйтіп Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірі мен даласын басып алады. 9 ғ. соңында олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жснелді де, Орал мен Еділ арасын қоластына қаратады.

Печенегтермен соғыс олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға мүмкіндік берді. Оғыздар құрамына Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларының үнді-европа, финн-угор тектес ежелгі компоненттері және Жетісу мен Сібірдің халаджылар, жағарлар, чаруктер, қарлұқтар, имурлер, байандұрлар тайпалар кірді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ процесс болды.

IX ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басында оғыз тайпалары Сырдың төменгі ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан зор территорияны мекендейді. Оғыздар туралы алғашқы деректерде IX-XI ғасырда араб деректерінде мысалы, әл-Якубидің (IXғ.) еңбегінде айтылады.

Орта Азия мен Шығыс Европаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы X ғасырда оғыз мемлекетінің астанасына айналды. Оғыз мемлекетінің халқы - түркі және иран тілінде сөйлеген. "Жабғы" атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған. Оғыз жабғыларының орынбасарларын Күл-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер өкіметі мұрагерге - "иналамиға" - беріліп отырған. Жабғы мемлекетінде оғыз әскерінің "сюбаши" деп аталатын бас қолбасшысы манызды роль атқарған. Оғыздар мал

шаруашылығымен айналысты. Отырықшылықта қатар дамыды. Жент, Сауран, Қарнак, Сүткент, Фараб, Сығанак деген қалалары болды. Құл саудасы дамыды. Оғыздар мәжусилер болып, ел ішінде бақсы-балгерлер ықпалын жүргізді. Біртіндеп ислам діні де ене бастады.

Оғыз мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды орны болды. 965 жылы олар Киев Русымен одақтасып хазар қағанатын талқандайды. 985 жылы оғыз жабғысы орыс кінәздарымен бірлесіп Еділ Бұлғариясын талқандады. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуаты өсуіне әсер етті.

X-XI ғғ. Оғыз мемлекеті елеулі дағдарысқа ұшырайды. Оған алым-салыққа қарсылық білдірген оғыз тайпалары көтерілістері себеп болды. Салжықтармен, қыпшақтармен болған соғыстарға шыдамай, оғыз мемлекеті XI ғасырдың ортасында біржола құлайды. Жартысы қыпшақтардың қысымынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, жартысы Мәуереннахрдағы қарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті-Қыпшақ тайпаларына араласып кетті. Қазақстанда туып-өскен философ әрі энциклопедияшы ғалым Әбу насыр Әл-Фараби (870-950) мұсылман шығысында Аристотельден кейінгі "Екінші ұстаз" ретінде мәлім болды. Ол Бағдатта, Дамасқда, халеб қалаларында болды.

Әл-Фараби философиясының негізі-аристотелизмді эманация туралы неоплатондық іліммен ұштастыру болып табылады. Оның философиясының бірегей, дербес сипатына ешкім күмән келтірмейді. Негізінен идеалист бола тұрып, Әл-Фараби материалистік пікірлер де айтқан. Мәселен, ол ең жоғарғы дүниенің бар екенін және оны түйсік арқылы танып-білуге болатынын мойындаған, адамның жанын денемен байланысты қараған. Нақ осы себептен де мұсылман дін басылары философты діннен безген деп те кінәлаған. Дүние, Әл-Фараби көзқарасы бойынша материалдық элементтерден құралатын заттардан тұрады. Қозғалыс дегеніміз денелердің қасиеті. Оның математика, музыка, астрономия және т.б. туралы еңбектері бар. Еңбектерінің аттары: "Ғылымның шығуы", "Музыканың ұлы кітабы", "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат" және т.б.

Түркі әдебиетінің көрнекті өкілдері Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари.

Жүсіп Баласағұн 1017 жылы туды. 1069-1070 жылы "Құтты

білігі" (Құтадғу білігі) атты 6520 бет тұратын поэма жазды. Автор идеалды қоғамның нормаларын, ондағы түрлі топтарға бөлінген адамдардың мінез-құлқын, ережелерін, билеушілер мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін сипаттайтын терең мағыналы философиялық-дидактикалық шығарма.

Махмұд Қашқари (XI ғасырда) автордың айтуынша Қарахан әміршісі Насыр ибн Әли тұқымынан шыққан. Ол ел аралап түркілердің сөздерінің мағынасын, өлеңдерін, жұмбақтарын, ертегілерін, әдет-ғұрыптарын жазып алады. Байқауларын жинақтап "Диуани лұғат-ат-түрк" (Түркі тілдерінің сөздігі) деген еңбек жазды. Бұл еңбекті ежелгі орта ғасырдағы түріктердің халықтық өмірінің нағыз энциклопедиясы дегенге болады.

Қала халқының мәдени өмірінде ислам дінін уағыздаушы, сопы акындардың ішінде Ахмет Иассауи (1103-1166) шығармалары ерекше орын алады. Ол оңтүстік Қазақстандағы түркі халқы арасында ислам мен мұсылман дінінің тарауына зор еңбек сіңірді. Оның өлеңмен жазылған "Диуани хикмет (Даналық жайындағы кітап) деген еңбегі бар.

Орта ғасырдағы тарихи және география әдебиеттерде Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс және Орталық Қазақстанда, Талас, Қырғыз, Іле және Жоңғар Алатауларының бөктерлерінде, Қаратаудың күнгей және теріскей беттерінде, Сырдария, Арыс, Шу, Талас, Сарысу, Кеңгір, т.б. өзендердің аңғарларында егіншіліктің, қала құрылысы мен сәулет өнерінің жоғары дәрежеде дамығаны айтылады. VI – XIII ғасырдың басында қалалардың пайда болу, даму тарихын археол. деректер де растауда. Қазба жұмыстарының барысында қалалардың терең тамырлы материалдық мәдениет дәстүрлері болғаны анықталды. Ол дәстүрлер Қапшы мен Үйсін заманындағы ежелгі егіншілік қоныстардан бастау алады. VI— VII ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюына байланысты экономикалық өрлеу басталды. Саяси және экономикалық орталықтар бірте-бірте қалаларға айнала бастады. Ортағасыр қалалары үш бөлікке бөлінеді:

- 1) Цитадель – қаланың ішкі бекіністі бөлігі; билеуші ордасы орналасқан;
- 2) Шахристанда (Шаһристан) цитадель төңірегіндегі

аксүйектер мен саудагерлер және оларға қызмет етушілердің тұрғын үйлері орналасты. Ол қаланың экономикалық орталық болды. Шахристан әдетте мұнара, кіретін қақпалары бар дуалдармен қоршалған. Оның айналасында қолөнершілер мен кедейлер қоныстанған рабат орналасқан. Кейінгі кезеңдерде рабаттар да дуалмен қоршалды. Археологиялық қазбалардан жинаған материалдар қалаларда қол өнерінің қалай дамып, қандай дәрежеге жеткендігін шамалауға мүмкіндік береді. Орта ғасырларда қыштан ыдыс жасау ерекше дамыды. Көзе, саптаяқ, табақша, дастархан, құм түрлері көптеп жасалды. Қала тұрмысында тоқыма, әйнек үрлеу, зергерлік, ұсталық, ағашты және сүйекті бедерлеп ою жоғары дәрежеге жеткен. Әйнек бұйымдар жасау өндірісі кен өріс алған. Ежелгі Тараз, Отырар, Ақтөбе, Талғар, т.б. к-ларда әйнек әзірленген. Металдан шырағдан мен оның тұғыры, ағаш соқа түрені, орақ, кетпен, қару-жарак (найза, садақ жебесі, т.б.) ұста аспаптары (балға, төс, қысқаш, т.б.) сияқты бұйымдар жасалған. Сүйек пен мүйізден бойтұмар, пышак сабы, ойын сүйектері, түймелер, т.б. ұсақ-түйек бұйымдар дайындалды. Бұл кезеңде егіншілік шаруашылықтың жетекші салаларының біріне айналды. Егіншілікпен ауыл ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындары да шұғылданды. Қазақстандағы елді мекендер мен қала тұрғындары егіншілікпен, бақ және жүзім ш-мен шұғылданғаны туралы жазба деректерде көп айтылады. VI– VII ғасырларда Қазақстан халқының көпшілігі жартылай көшпелі және көшпелі тұрмыс кешті.

Түркілердің келуімен бірге Қазақстан жерінде тізбектелген балбалдармен қоса антропоморфтық тас мүсін, қатар-қатар тас қоршаулар пайда болды. Осы тұста темір үзеңгілер, садақ жебесінің, қанжардың жаңа түрлері, қылыш соғылды. Металл жапсырмалармен безендірілген жауынгерлік белбеу кең тарайды. VI – VIII ғасырдан қалған бейіттерге өлген кісіні мінген атымен бірге жерлеу рәсімі тән. Бейіттердің сыртқы белгілері мынадай: астыңғы жағы төрт бұрышты немесе шаршы пішінді болып келеді де, үстіне аласалау етіп тас немесе топырақ үйеді. Өлген кісінің мәйіті тұрқы сопақша етіп қазылған шұңқырға жерленеді, жанына заттары, әсемдік бұйымдары, қару-жарактар қойылады. Атты шұңқырдың түбінен жоғарырақ тұстан ойылған кертпешкеке төрт аяғын бауырына бүгіп, қырынан жатқызып көмген. Кейде бейітке аттың

басы немесе денесінің бір бөлігі ғана қойылған. Бейіттерден қару-жарақ, ер-тұрман, тұрмыстық бұйымдар, қос жүзді семсерлер, ағаш қынапты қылыштар табылды. Қынаптың сырты былғарымен қапталып, өсімдік суреттерімен безендірілген. Жебелер ұшы әр түрлі – үш қырлы, төрт қырлы болып келеді, үш қанаттысы, жапырақ секілді жалпақтары да кездеседі. Жебе ұзындығы 40 – 80 см мөлшерінде көк теректен жасалған, кейде қызыл түске боялған. Аттын ер-тұрманы, темір ауыздықтар, үзегілер және жүген әшекейлеріне карағанда түркі ісмерлері әшекейлік жұқа темірлерді, айылбастарды жасауға өте шебер болған. Әдетте айылбастар қола мен темірден істеліп, жапсырмалар мен әшекейлерге қола, күміс, алтын пайдаланған. Олардың бетіндегі күрделі суреттерде барыс, жылан, бұғы, күшпен сияқты аңдар мен өсімдік жапырақтары бейнеленген. Әсем белбеу жапсырмаларының көбі жүрек пішіндес. Сондай бір жапсырма әшекейдің бетінде жолбарысқа найза түйреп тұрған салт аттының суреті бейнеленген. Төрт бұрышты айылбастар, сүйектен істелген алқалар да табылды. Қызылқайнардан (Жетісуда) табылған алқа қонус тәрізді етіп істелген де, бетіне сілеусін басының суреті өрнектелген.

Археологиялық материалдармен қоса жазба деректер де түркілердің киім-кешегі жөнінде пайымдауға мүмкіндік береді. Сыртқы киім теріден, басқа киімдер жүн және жібек матадан тігілген. Ол кезде жұрт шапан киіп жүрген. Шалғайы солдан оңға қарай қаусырылған, денеге қонымды, ықшам шапанның сыртынан белбеу буынған, белбеуге қынаптағы семсер және пышақ, шақпақ, қайрақ, ұстара, т.б. ұсақ-түйек салатын кісе ілінген. Шалбардың балағын тұмсығы қайққан, жұқа ұлтанды, өкшесіз етіктің қонышына салып жүрген.

Қазақстан – тас мүсіндер көп тараған аймақ. Олардың арасында шынайы өнер туындылары да кездеседі. Мыс., әйгілі қошқар мүйіз тастар. Тас қашаушылардың (мүсіншілердің) шеберханалары болғаны, оларда түрлі мүсіндер жасалғаны мәлім. Мүсін жасауға тұрқы ұзын тастар (орташа биікт. 0,5 м-ден 2,8 м-ге дейін) таңдап алынған, тастың беті бедерлеу немесе ойып кейіптеу әдісімен өңделген.

Мүсіндерде көбінесе еркектің суреті салынған, кейде әйел бейнесі де кездеседі. Әдетте, еркектер шапан киген, кіселі белбеулі, асынған қаруы бар қалпында бейнеленеді. Кейде жалаң бас, кейде

бас киімді болады. Көптеген мүсіндерде адам оң қолымен, кейде екі қолымен бірдей ыдыс немесе үлкен саптыаяқ ұстап тұрған күйінде, ал базбір мүсіндерде адамның беті немесе басы ғана бейнеленген.

Аксүйек өкілдерінің мүсіндері жасалған. Олар, әдетте, қырынан немесе жалпағынан қаланған төрт бұрышты тас қорғандармен қоршалған бейіттердің басына қойылған. Мүсіндердің арқасы қоршауға, беті шығысқа қаратылып орнатылған. Мұндай ескерткіштер өлікке ас берілетін төбелердің басына да қойылған. Кейде бейіттің қоршауларынан шығысқа қарай кейде қатар-қатар тізілген тас бағана – балбалдар орнатылған, олардың арасында антропоморфты мүсіндер де бар. Тас мүсіндер тұрақты иконографиялы мәдени сипаттағы ескерткіштер. Ислам қағидаларының таралуымен байланысты адамды бейнелеу дәстүрі жойылды. Бұл дін едәуір кейінірек сіңген солт. аудандарда ғана адамның тас мүсінін жасау дәстүрі едәуір уақыт бойы сақталып келді.

Қазак жерінде VI–VIII ғасырларда айналыста болған ақша пішінін сипаттайтын материал тым тапшы. VI–VIII ғасырлардағы теңгелерді билік басындағы рулардың өкілдері шығарған. Олар бұл ақшаларға өздерінің белгілерін – рудың идеограммалық таңбаларын түсірген. Бұл таңбаларға қарап билеушінің руын, сондай-ақ, қай рудың ежелгі ру екенін анықтауға болады. VI–VIII ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстанның ең ірі саяси-экономикалық аудандарының бірі Отырар қаласы болды. Бұл қаланың және оның төңірегіндегі тұрғындардың тұрмысы шет аймақтарға елеулі ықпалын тигізді. Отырар қолөнершілері шығарған өнім Қаратаудың күңгейі мен теріскейіндегі, Сырдарияның орта ағысы мен Арыс аңғарындағы көптеген қалалардың базарларында сатылды. Отырар маңында ақшалы сауданың өріс алғанын Отырартөбенің өзінен және оның төңірегіндегі қалалардың ескі жұртынан (Мардан-Күйік, Құйрықтөбе) табылған заттар дәлелдеді. Жазба деректерде Сырдария бойындағы кейбір қалалар хараджды дирхемнің екі түрімен: мусейябимен және хорезмимен төлегендігін дәлелдейтін мәліметтер бар. Қарахан әулетінің ақша шығару ісі Самани әулеті заманынан қалған мұраны пайдаланған. Бұрынғыша “қара дирхемдердің” барлық түрлері айналымда жүре берді, олардың ішінен неғұрлым ұзағырақ пайдаланылғаны гитрифи

түріндегі “мыс тектес” ақшалар болды. Бұған қоса, рынок нарқы зорлықпен енгізілген дирхемдердің жана түрлерімен толықтырылды. Егер XI ғасырдың басында жоғары сапалы күміс дирхемдер айналымда жүрсе, XI ғасырдың II жартысының басынан бастап құрамындағы мыстың мөлш. 35%-ға дейін жететін тенгелер шығарылғаны белгілі. Күміс ақша күйеу XI ғ-дың соңғы ширегіне дейін созылды. Шамамен XI ғасырдың орта кезінен бастап Қарахан мемлекетінің ақша жасайтын үйлерінің бір бөлігі біраз уақыт мыс пен қорғасынның қорытпасынан құйылған дирхемдер де шығарып тұрған. XII – XIII ғасырларда дирхемдер мыстан жасалып, бетіне күміс жалатылатын болды, оларды күміс жалатылған дирхемдер деп атады. “Күміс дағдарысының” пайда болуына Орта Азияда күміс қорының азайғандығы себепші болды.

XII – XIII ғасырлардың бас кезіне дейінгі аралық қала өмірінің өркен жайған, тауар өндірісі өскен, сауда дамыған кезең болды. Өндірістің қаулап өсуі рынокты алмасу құралымен көптеп қамтамасыз етуді талап етті. Күміс қоры таза күміс тенгелердің пайда болуына мүмкіндік жасай алмады. Самани әулеті мен қарахан әулеті тұсында тауар орнына жүрген алтын динарлар енді айналым құралына кірді. Алтын ақша айналымында тұтас тенгелер ғана емес, сонымен бірге олардың әр түрлі көлемдегі және салмақты бөлшектері де айналымға қосылды. Көптеген ақша жасайтын үйлерде алтын динарлар шығарылды, олардың сапасы мен салмағында оқта-текте айырмашылық болды. Әйтсе де олар бір мезгілде айналымда жүре берген. Бұған Орта Азия жерінен табылған ақша қазынасы дәлел бола алады. Ұсақ бөлшек сауда үшін мезгіл-мезгіл мыс ақша шығарылып тұрған.

Жалпы, ертедегі және дамыған ортағасырлық мемлекеттер кезінде феодалдық қатынастардың нығаюы, мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы, отырықшы егіншілік пен қалалардың өсуі, бірігіп, топтасуға бағытталған этнос өзгерістердің күшеюі Орта Азия, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропа халықтарымен экон. және мәдени байланыстар Қазақстан халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің өсуіне ықпал етті. Мәдениетті архит. құрылыстар пайда болып, исламның таралуына байланысты қалаларда мешіттер салынды. Сәулет және сән өнерінің ескерткіштері – Тараздағы Айшабиді және Қарахан мазарлары салынды. Көзе, әсіресе құйма көзе жасау ісінде жана белгілер (ыдыс-аяқ түрінде, сондай-ақ оның өрнектері

мен бояу түсінде) – хромдау, жылғырату, әр түрлі өрнек түрлері (өсімдік бұтақтары, жапырақтары, накышты араб жазулары, геометриялық пішіндер), т.б. пайда болды. Бұл жергілікті көзе ерекшеліктерін сақтай отырып, оларды Мауераннахр, Хорезм көзелеріне жақындағты. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ және ұйғыр тайпалары мен халықтары тілінің негізінде көне түркі руна жазуларын ығыстырып шығарған араб графикасындағы түркі жазулары калыптасты. XII – XIII ғасырлардың әдеби ескерткіштерінің басым көпшілігі түркі этносының (негізінен қыпшақ-оғыз, қарлұқ-ұйғыр топтары) жергілікті тілдерінің даму бағыты етек ала бастағанына қарамастан, жалпы түріктік, тайпааралық “түркі” тілінде жазылды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген ғалым, әдебиетші, ақындары араб тілінде жазды. Оңтүстік Қазақстан мәдениетінің дамуына Отырардан (Фарабтан) шыққан, мұсылман әлеміне белгілі ұлы философ және ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабидің ғыл. қызметі дәлел. Ол әлемдік мәдениет, әсіресе көне, араб, үнді-иран мәдениеті жетістіктерімен тығыз байланысты жергілікті мәдениет дәстүрлерімен тәрбиеленіп өсті. Әл-Фараби адамның ақыл-ойы мен болмысының диалектик. бірлігін ашып берді; астрономия мен геодезия, архитектураның матем. негіздері, муз. мен эстет. теориялары бойынша зерттеулер жүргізіп, бірқатар әлеум. және логик. трактаттар жазды. Филос. дидактик. “Құтадғу білік” поэмасының авторы Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), түркі тайпаларының тілі, фольклоры және этнографиясына арналған белгілі “Диуани лұғат ат-түрік” шығармасының авторы Махмұт Қашқари, сондай-ақ, мәдени-тарихи және әлеуметтік тұрмыстық жайлардан мәлімет беретін “Диуани Хикмат” өлеңдер жинағының авторы Қожа Ахмет Насауи (XII ғ.) түркі тілдес әдебиеттің көрнекті өкілдері болды.

Қазақстан монғол дәуірінде. Монғолдар мемлекетінің құрылуы. Шыңғыс-хан шапқыншылығы. Мемлекеттің құрылуы. XIII ғасырдың екінші онжылдығында Қазақстан территориясы Шыңғыс-хан бастаған соғыс құмар татар-монғол тайпаларының шапқыншылығына ұшырады. Бұл тайпалар Азияның ішкі шалғай аудандарының ұлап – байтақ жерін иеленген еді. Монғол тайпалары әлеуметтік-экономикалық дамудың түрлі сатысында болатын, «орман халқы» және кошпелі қыр халқы деп аталатындарға бөлініп өмір сүрді. «Орман» тайпалары негізінен аң аулаумен, қыр

тайпалары көшпелі мал шаруашылығымен айналысты және бұлар сан жағынан басым болып, монғол қоғамының саяси өмірінде жетекші роль атқарды.

XII–XIII ғасырлардың межесінде монғол қоғамында феодалдық қатынастардың қалыптасу процесі жүріп жатты. Бұл қоғам екі топқа бөлінеді: нояндар және езгідегі араттарға бөлінді. XIII ғасырдың басында татар – монғол тайпаларының басын біріктірген Монғол феодалдық мемлекеті құрылды. Бұл мемлекеттің негізін салушы Борджеген тайпасынан шыққан Темучин болды. Ол бір дерек бойынша 1162 жылы, екінші дерек бойынша 1155 жылы бай ноян Есугей – бағадұрдың отбасында дүниеге келген. Шешесі -Меркет қызы, руы қоңрат. Темучин ер жете келе көшпелілер үстінен билік жүргізу үшін, тайпалар арасындағы күрес жағдайында негізгі қарсыластарының барлығын жеңіп, 1203-1204 жылдары монғолдың бүкіл тайпаларын өзінің қол астына біріктірді. Егер бұрын Монғолияны мекендеген тайпалардың көпшілігі татар деген (сн қуатты тайпалардың бірі аты) белгілі болса, енді мемлекеттің нығаюына байланысты монғолия тайпалары өздерін монғолдар деп атай бастады да, бұл термин жинақтаушы этникалық – саяси мәнге ие болды.

1206 жылдың көктемде Орхон өзенінің сағасында Темучинді жақтаушылардың, монғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы болып, онда ол Шыңғыс-хан деген атпен монғолдардың әміршісі болып салтанатты түрде жарияланды. Шыңғыс хан деген сөз монғолша «көктем жаралған» деген ұғымды білдіреді. Сөйтіп, Орталық Азияда құдіретті күшті Шыңғыс-хан империясы құрылды.

Шыңғыс-хан құрған мемлекеттің негізіне әскери тұрғыдан ұйымдастыру принципі алынды. Бүкіл территориясы мен халқы он канат (барунғар), сол канат (зунғар – жонғар) және орталық (гол) атты үш әскери-әкімшілік округке бөлінді. Әрбір округ «түменге» (түмендер) бөлінді. Олардың әрқайсысы он мың адамнан тұрды, «мыңдар» – он «жүздеп», ал «жүздер», - «ондықтан» құралды. «Қасиетті аңызға» сәйкес, бүкіл Монғолия Шыңғыс-ханның туыстарымен оны қолдаушылардың биілігіне таратылып берілген 95 «мыңға жіктелді». Бұдан басқа Шыңғыс-ханға 10 мың өзіне шын берілген таңдаулы жауынгерлерден тұратын кешігі (гвардиясы) қызмет етті. Оның көмегімен Шыңғыс-хан нояндар мен басқа феодалдарды өзіне тәуелді етіп ұстады.

Бар билікті өз қолына алған Шыңғыс ханның алдына қойған басты мақсаты – ішкі саяси — әлеуметтік қайшылықтарды болдырмау. Ол үшін көрші жатқан халықтардың жерін басып алу, соғыс жолына түсу, үстем тап өкілдерінің мүдделерінен шығу үшін, жаулап алған халықтардың байлығын тонау, оларды феодалдық кіріптарлыққа салу.

Шыңғыс - хан шапқыншылығы. Моңғолдардың алғашқы жаулап алудың құрбаны болған Сібір жерлері. 1207 – 1208 жылдардың қысында Шыңғыс- ханның үлкен баласы Жошы Енисей қырғыздарын және Сібірдің оңтүстігінен басқа да «орман» халықтарын бағындырды. 1207 – 1209 жылдары Шыңғыс-хан бастаған монғолдар танғұттық Си – Ся мемлекетін жойып, шапқыншылықпен басып алса, одан кейін ұйғырларды өздеріне тәуелді етті, ұйғырлардың басқарушысы идиқұт Баршық өзін Шыңғыс-ханның вассалы деп таныды. 1215 жылы олар сол кезде Цзинь мемлекетінің астанасы болған Чжундуды (Пекинді) басып алды. 1227 жылдың қарсыңында Қытай империясы Хуанхэ өзенінің солтүстік жағындағы бүкілиелігіненіс жүзінде айырылды.

Моңғолдардың Қазақстан территориясын жаулап алуы . Ұлыстардың құрылуы. Шыңғыс-хан қолының негізгі жорықтарының бірі Қазақстан мен Орта Азия жеріне жасаған жорығы болды, бұл жорық оларға Шығыс Еуропа мен алдыңғы Азияға жол ашты. Шыңғыс-хан Қазақстан мен Орта Азияға жасаған жорығына зор мән беріп, оған ұзақ әрі мұқият әзірленді. 1211 жылы Жетісуда Шыңғыс-ханның қолбасшыларының бірі Құбылай бастаған отрядтары пайда болды. Қарлұқ әміршісі Арслан-хан, орталығы Алмалықта болған тәуелсіз иелік құрған Бұзар-хан да өзін Шыңғыс-ханның вассалдарымыз деп таныды.

Моңғолдардың батысқа қарай жылжуы 1218 жылы қайта басталды. Өз басының жеке жауы найманның ханы Күшлікті талқандап, бай қалалары бар Жетісуды өзіне қарату үшін оған Жебе ноян бастаған әскер тобын жіберді.

Жетісуді Шыңғыс-хан аса көп қарсылықсыз – ақ басып алды. Моңғолдарға қарсы тұруға жарамай қашып кеткен Күшлік-ханның жігерсіздігіне, оның діни құдалауларына, салықпен зар илеткен зорлық – зомбылығына ыза болған найманның феодалдары Шыңғыс-ханға мойынұсынатынын білдіріп, өз әскерлерімен оның қызметіне кірді, ал Күшілікті моңғолдар Бадахшанда Шығыс

түркістандағы Сарыкөлде қуып жетіп, басы алынды. Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға жол ашылды. Қазақстанға басып кіруге «Отырар опаты» деп аталатын жағдай себеп болды.

1218 жылы Шыңғыс-хан Орта Азияға Омар Қожа Отрари, Жамал Марағи және басқа саудагерлер басқарған сауда көруенін жіберді, 450 адамы бар 500 түйелік сауда керуені 1218 жылы жаз айында Отырар қаласына келіп жетеді. Отырар әміршісі Ғайыр-хан Иналшық саудагерлерді жансыз тыңшылар деп күдіктеніп, оларды қырып тастауға бұйырып, керуенді тонап алды. Шыңғыс-хан Ғайыр-ханды қолыма бер деп талап етті, бірақ Хорезмшах II Мухаммед бұл талапты орындамағаны былай тұрсын, сонымен бірге Шыңғыс-хан жіберген жазықсыз елшілерді өлтіруге әмір етеді. Осының өзі Шыңғыс-ханның Хорезмге қарсы соғыс ашуына себеп болды, алайда бұл соғыстың себептері оның бүкіл жаулап алу соғыстарының негізіне алған себептер болатын.

1219 жылы қыркүйекте 150 мыңға жуық Шыңғыс-ханның қалың қолы Ертістен Сырдарияға қарай қаптайды. Шағатай мен Үгідей бастаған түмендер Отырарды қоршауға алады. Жошы бастаған әскерлер Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларды алуға аттанады. Үшінші бөлік Сырдарияның жоғарғы ағысындағы қалалар мен қыстак – кенттерді алуға, ал Шыңғыс-хан өзі кіші баласы Төлей мен Бұхараға қарай бет ады.

Отырар қаласы алты ай бойы берілмей қарсыласады. Тек Хорезмшах II Мұхаммед көмекке жіберген Қараджа – Хаджибтің Суфи хан қақпасын ашып шығып, өз отрядымен моңғолдарға берілгенде ғана моңғолдар осы қақпа арқылы қалаға лап қойды. Қараджа – Хаджиб өлтірілді. Алайда, моңғолдарға қаланы алу үшін тағы бір ай уақыт керек болды. Қамалды қорғаушылар тегіс қырылғаннан кейін барып, қала 1220 жылы ақпанда алынды. Ғайыр-хан қолға түсіп, Шыңғыс-ханның алдында әкелген жерде қатал жазаланып өлтірілді.

Сөйтіп, Отырар қамалын жермен – жексен етіп, Шағатай мен Үгідей бастаған моңғол отрядтары Шыңғыс-ханға келіп қосылды. Бұл кезде Шыңғыс-хан Бұқара мен Самарканд арасындағы жолда болатын.

Сырдария бойындағы басқа қалалардың тұрғындары да ерлікпен қорғанды. Соның бірі Сығанақ қаласы еді. Жеті күнге

созылған шабуылға қала тұрғындары табан тіресіп қарсыласты. Брак көп ұзамай Сығанақ жеңілді. Моңғолдар қаланы талап, халқын аяусыз қырды. Сол сияқты қарсылық көрсеткен Үзкент, Баршынкент қалалары алынып, қарсылық көрсеткен Ашнас қаласының тұрғындары да қырғынға ұшырайды. 1219-1220 жылдар арасында бүкіл Сырдарияның бойындағы қалалар мен қыстақ кенттер моңғолдардың қол астына түседі.

Сыр бойындағы қалалардың қарсылығын жеңгеннен кейін Шыңғыс-ханның әскерлері Орта Азияның ішіне баса көктем еніп, 1219 жылдан 1221 жылға дейін моңғолдар бүкіл Орта Азияға ойран салып өтті. Хорезмшах II Мухаммед Иранға қашып, кейін Атырау теңізі аралдарының бірінде өлді. 1220-1221 жылдардағы қысқа жорықтардың нәтижесінде моңғолдар Хорезм жерін тегіс жаулап, Орта Азиядағы соғыс кимылдарын аяқтады. 1221 жылдың көктемінен бастап соғыс Хорасан, Ауғаныстан және Солтүстік Индия мемлекеттерінің жеріне ауысты. Моңғол қолбасшылары Жебе мен Субедей нояндар басқарған 30 мыңдық әскер Солтүстік Иранны басып өтіп, 1220 жылы Кавказға кірді. Олар алаңдарды, половцыларды және Қалқа өзінінде орналасқан орыстарды (1223 жылы) тас-талқан етіп жеңді. Моңғолдар орыс жерінің оңтүстік аймағын ойрандап, қазақ даласы арқылы 1224 жылы Шыңғыс-ханның Ертістегі ордасына қайта оралды. 1225 жылы Шыңғыс-хан Моңғолияға қайтып келді.

Сонымен, 1219 – 1224 жылдардағы моңғолдар шапқыншылығы нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс-хан империясының құрамына кірді. Ұлыстардың құрылуы. Ұлан – ғайыр көп жерлерді жаулап алған Шыңғыс-хан өз көзінің тірісінде осы жерлерді төрт ұлына енші етіп үлестірді. Шыңғыс-ханның үлкен Ұлы Жошыға Ертіс өзенінен Орал тауларына дейінгі жерлер, одан ары батысқа қарай «моңғол атынын» тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар, Оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Амударияның төменгі жағындағы аймақтар мен Сырдария өңірі де Жошы ұлысына кірді. Бұл жерлер «Жошы ұлысы» деп аталады. Шыңғыс-ханның екінші ұлына Шағатай, Қашқария, Жетісу, Мауараннахр тиді. Үшінші ұлы Үгедейге Батыс Моңғолия мен Тарбағатай аймағы берілді. Кенже ұлы Төлей әкесінің қара шаңырағы Моңғолияны мұраға алды. Сонымен бірге моңғолдың тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын

алды, ал қалғаны үш баласының әрқайсысына 4 мың адамнан бөлініп берілді. Бұл ұлыстардың барлығы Қаракорымдағы (Монголиядағы) ұлы хан Шыңғыс-ханға бағынатын болды. Жошының ордасы Ертіс алқабында, Шағатайдың ордасы Іле алқабында болды. Үгедейдің ордасы қазіргі Шәуешек қаласының маңында орналасты.

Сонымен, Қазақстанның барлық жері монғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі – Жошы ұлысының, Оңтүстік және Шығыс Қазақстан Шағатай ұлысының, Жетісудың Солтүстік Шығыс бөлігі Үгедей ұлысының құрамына кірді.

Батыйдың (Бату) Европаға шабуылы(Алтын Орда).Батыйдың жорығы. 1227 жылы 25 тамызда Тангуттарға қарсы 2-ші рет жасаған жорық кезінде ауырып Шыңғыс-хан қайтыс болды. Қайтыс болғаннан кейін балалары мен немерелері соғыс жорықтарын жүргізе берді. 1225 жылы Қаракорымда моңғол аксүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еуропаға жана жорық жасауға шешім қабылдады. Моңғол әскерлерін Шыңғыс-ханның мұрагер немересі Жошының баласы Батый (Бату) басқаратын болды. Батый атасы Шыңғыс-хан сияқты өте қағал және қанқұмар жаулап алушы еді. Батыйдың самсаған әскері 1236 жылы Кама өзені бойындағы Бұлгарияны, Мардваларды талқандап, 1237 – 1240 жылдары орыс жеріне келді. Орыс халқы моңғол басқыншыларына ерлікпен қарсылық көрсетті. Рязань, Москва, Владимир түбінде моңғол әскерлерімен кескілескен ұрыстар болды. Орыстың шағын ғана қаласы Козельск тұрғындары жеті апта бойы моңғолдарға жан аямай қарсылық көрсетті. Бірақ сан жағынан әлдеқайда көп моңғолдар қаланы басып алып, оны жермен жексен етті. 1239 жылдың басында моңғол әскерлері Еділ өзенінің ту сыртынан Руське қарсы екінші жорыққа аттанды. Қызу ұрыстар жүргізе отырып моңғолдар Переяславль қаласын, одан кейін Чернигов жеріндегі Глух қаласын алды. 1239 жылғы қазан айында олар Чернигов қаласын қоршауға алып, оны өртеп күлге айналдырды. 1240 жылдың күзінде Батый әскерлері Киевті қоршады. Киев халқы ұзақ уақыт қаланың сыртында, тіпті моңғолдар қала ішке басып кіргеннен кейін де қарсылығын тоқтатпады. Олар түгелімен дерлік қырғынға ұшырады. Аса бай мәдениет ескерткіштері бар ертеден келе жатқан орыс қаласы тағылықпен талқандалды. Онан соң, моңғол армиясы батыс Европаға үздіксіз ілгерілеп, Польшаны,

Германияны, Австрияны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, т. б. ойрандап, Еділ бойына қайта оралды. Жеті жылдық жорық (1236 – 1242 жж.) нәтижесінде батыста Днестрге, шығыста Ертіске, Оңтүстікте – Солтүстік Кавказға дейінгі жерлер Батыйдың қоластына кірді. Батый иеліктерінің құрамында Оңтүстік шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Орыс княздіктері де (Русь) Батыйға тәуелді бодан (вассал) болды. Орыс княздары Алтын ордаға кіріптар екенін мойындап, оның хандарының қолынан «княздік құруға жарлық» алады. Алым – салық төлейді, бірақ толық болмаса да дербестігін сақтап қалады.

Алтын Орда (1236 – 1242 жж.). Жеті жылдық жорықтан орналған кейін Батый орталығы томенгі Еділде орналасқан 1242 жылы (1243 ж.) тарихи әдебиетте Алтын Орда деген атқа ие болған зор мемлекет құрды. Алтын Орданың астанасы Сарай – Бату (қазіргі Астрахань маңында) болды, кейінірек астанасы Сарай – Беркеге көшірілді. «Алтын Орда» ұғымы біртекті емес бір жағдайда Алтын Орда деп Батый мен оның Мирасқоры Беркенің жеке иелігіндегі жерлерді, яғни Еділ бойы мен Солтүстік Кавказды айтқан, ал енді бір орайда түгелдей Жошы ұлысы айтылады. Батый (1227 – 1255-56 жж.) зор беделге ие болды және моңғол империясын өзінің қолдауымен таққа отырған ұлы хан Мөңкемен (1251-1259 жж.) бірге биледі. Алайда Батый да, оның мирасқорлары да Алтын Орданың тағында біртұтас мемлекетті басқарушылар болмады. Жошы ұлысы үлестерге оның көптеген ұлдарына ыдырады. Батый хан Шығыс Еуропаға жасаған жеті жылдық (1236-1242 жж.) жорығынан кейін Арал теңізінің Шығыс Солтүстігі жағындағы жерлерді ағасы Орда – Еженге берді. Бұл Ақ Орда деп аталды. Арал теңізінің солтүстігіндегі жерлерді інісі Шайбанға берді, ол Көк Орда деп аталды. Шайбанға қарасты төрт ру ел: қосшы, найман, бұйрат, қарлық тайпалары еді («Әл-Омари «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы», (1т., 235 бет.)

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес қыпшақ, қаңлы,

найман, коңырат, керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті – Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойында коңыс аударған монғолдар аз болған жоқ. Олар жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңісіп кетті.

Алтын Орда өзін билеген хандары:

Батый	1242 – 1256 (1259) жж.,
Берке	1257-1266 жж.,
Мөнке-Темір	1266-1280 жж.,
Туда Мөнке	1280-1287 жж.,
Төле Бұқа	1287-1291 жж.,
Токты	1291-1312 жж.,
Өзбек	1312-1342 жж.,

Жәнібек 1342-1357 жж. тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Батый монғолдарға ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастаған Алтын Орда хандары өздерін тәуелсіз деп септеді.

Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында үстем дінге айналды. Алтын Орда хандығы феодалдық мемлекет болды, ол берік мемлекеттік бірлестік болмады. Оның халқы ала-құла, әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әрқелкі, экономикалық негізі әлсіз еді. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі – сыртқы қатынастар асқына түсті. 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен соң, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасында хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алып, бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін мүлдем әлсіретті. Оның үстіне Алтын Орда үстемдігі астында езілген қалың бұқара мен тәуелді халықтардың азаттық күресі етек алады. 1380 жылы Куликов даласындағы зор шайқаста Алтын Орданың Мамай бастаған қалың қолын орыс князьдерінің жеңуі Алтын Орданың құлауын тездетті.

XIV ғасырдың аяқ шенінде, яғни 1391 – 1395 жылдары Ақсақ Темір Алтын Ордаға бас көтертпестей етіп екі рет күйрете соққы берді. Осыдан соң ол бірте – бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Токтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы одан әрі қажытты. XV ғ бірінші жартысында онан бұлғарлар, қазан (1445 жылы) мен Қырым (1449 жылы) бөлініп шықты. XV ғ ортасына қарай Астрахань, Сібір хандықтары, Ноғай

Ордасы құрылды. 1480 жылы орыс князьдіктері моңғолдардан толық тәуелсіздік алды.

XIV ғасырдың орта кезі мен XVI ғасырдың бас кезінде Оңтүстік Шығыс Қазақстан – Шағатай мемлекетінің ыдырап кетуі салдарынан – Орта Азияның солт.-шығысында, Жетісу мен Шығыс Түркістанда құрылған Моғолстан мемлекетіне кіреді. Моғолстанның өз шекаралары батыстағы Ташкент пен Түркістан өңірлерінен шығыстағы Баркөл мен Хами қ-на дейінгі; солт-те Балқаш, Тарбағатай мен Қара Ертістен оңтүстіктегі Ферғана мен Қашғарияның егінді аймақтарына дейін созылып жатқан “7 – 8 айлық жол” болатын. Моғолстан халқының құрамында дулат, қанлы (бекшік), керейіт (керей), үйсін, аркенұт, баарин, арлат, барлас, т.б. түрік және түріктенген моңғол тайпалары болды. Моғолстанның алғашқы хандары Тоғлұқ Темір (1347-1362 жж.) мен Ілияс қожа Шағатай әулетінің билігін қалпына келтіруге тырысты. XIV ғасырдың 70 – 80 жылдарында Қызыр-Қожа (1388 – 1389 жж.) мен әмір Қамар әд-Дин дулат, Енке төре және басқаларына, Темірмен соғысуға тура келді. Қызыр-Қожаның ұлы Мұхаммед хан (1408 – 16/18 жж.) мемлекетті басқарған кезде елдің жағдайы біршама нығайды. Ол мемлекетті бір орталыққа бағындыру үшін ислам дінін енгізуге күш салады. Уәйіс хан (1418-28 жж.) ел билеген жылдары мемлекет ойраттармен, темір әулетінен шыққан билеушілермен күресті.

Есенбұға (1429-61/62 жж.) тұсында, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр хандығынан Жетісуға Жәнібек пен Керей бастаған қазақтың бір бөлігі көшіп келеді. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін Әбілхайырдан тараған шайбани (шибани) тұқымының Шығыс дешті Қыпшақтағы билігі аяқталады. Олар бастаған көшпелі өзбектердің бір бөлігі (қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр, қоңырат, т.б. тайпалар топтары) 16 ғасырдың бас кезінде Мауераннахрға қоныс аударады. Қазақстан жерінде қалып қойған тайпалар қазақ хандарының қол астына қарайды. Алтын Орда ыдырау кезінде пайда болған аса ірі мемл. бірлестіктің біреуі – Ноғай ордасы 14 – 15 ғасырларда ол Батыс Қазақстан аумағының бір бөлігін иемденді. Ноғай ордасы Едіге тұсында жартылай тәуелсіз ел ретінде онашаланып шығады. Едігенің ұлы Нұраддин (1426-40 жж.) кезінде Ноғай ордасы күшейіп, дербестікке қол жеткізеді. Басқа да көшпелі мемлекеттер сияқты, Ноғай ордасының

шекарасы да сыртқы саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырады. 15 ғасырын II жартысында ноғайлар Жайықтан өтіп, шығыс пен оңтүстікке қарай жылжи бастайды. Сырдария бойындағы қалалар үшін күрес жүргізіп жатқан Әбілхайыр ноғайларға қарсылық көрсете алмады. Ноғай ордасының құрамына түрік және түріктенген моңғол тайпалары мен тайпалық бірлестіктері кірді. Маңғыттарды есептегенде, оған қыпшақ, қанлы, қоңырат, найман, үйсін, алшын, тама, аз (ас), т.б. ру-тайпалар енді. ХҮІ ғасырда Ноғай ордасы Орыс мемлекетімен сауда-экон және саяси байланыс орнатады. Бұл мемлекеттің тарихы Еділ бойы мен Сібірдегі, Орта Азия мен Қазақстандағы көрші мемлекеттер тарихымен аса тығыз байланысты. Ноғайлар тарихы әсіресе көшпелі өзбектер (Әбілхайыр хандығы) мен казактар тарихына айрықша жақын. Казан және Астрахан хандықтарын Ресей қосып алғаннан кейін, ішкі қыркыс салдарынан Ноғай ордасы бірнеше лербес ордalarға бөлінді. Оның Қазақстан жеріндегі бір бөлігі казактардың Кіші жүзінің құрамына кіреді. ХҮ ғасырдың II жартысы мен ХҮІ ғасырдың I ширегінде казак халқының негізгі этникалық аумағын мемлекет етіп біріктіру халықтың да, Қазақ хандығының да қалыптасу үрдістерінің аяқталуын тездетті. Қазақ хандығының Әбілхайыр хандығы мен Ак Ордадан, сол сияқты Моғолстаннан бір айырмашылығы – оның олардан гөрі кең, тиянақты этн. негізі – қалыптасып біткен халқы болды. Моңғол жаулаушылығынан кейін тұңғыш рет Шығыс Дешті Қыпшақтың, Түркістан мен Жетісудың күллі түркі рулары мен тайпалары түгелге жуық бір мемлекетке біріктірілді.

XIV-XV ғасырларда Қазақстанды мекендеген халық мал шаруашылығымен де, егіншілікпен де айналысты. Ашнас, Үзгент, Акқорған, Сүткент, Сауран, Сарайшық қалалары дамыды. Архитектуралық ескерткіштер: Қожа Ахмет Иасауи мазары, Алаша хан, Жошы хан, Болған ана мазарлары бой көтерді. Қыпшақ тілі (немесе түркі тілі) үстем тілге айналды. Дешті Қыпшақ тілінде жазылып бізге жеткен мұра – 1245 жылдары құрастырылған түрік-араб сөздігі. Өзінің сипаты жағынан алғанда бұл түсіндірме сөздік қыпшақ (құман) тілі ескерткіштерінің бірі – “Кодекс куманикустын” (XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың басы) тіліне жақын. Сыпыра жырау, Қодан тайшы, Асан қайғы мен Қазтуған жыраулар шығарм-тары дамыды. “Ер Тарғын”, “Қамбар батыр”,

“Алпамыс батыр”, “Едіге батыр” жырлары пайда болды. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” лирик. эпосы да ортағасырлық бірегей туынды болып табылады.

Моңғолдар жаулап алуының зардаптары. Шыңғыс-хан әскерлерінің басқыншылығы жаулап алған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ең ауыр апат болды, ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси әлеуметтік, этникалық дамуын ұзақ уақыт тоқыратты. Орасан зор регионның экономикасы құлдырап кетті.

Моңғолдардың жаулап алуы салдарынан өндіргіш күштер талқандалып, адамдар жаппай қырылды, өркендеп тұрған қалалар жер бетінен ғайып болып, материалдық және мәдени қазыналар жойылып кетті, ондаған мың тамаша шеберлер мен колөнершілер құлдыққа айналды. Жаулап алған елдерде індеттер таралып, жаппай жокшылық басталды. Араб тарихшысы Ибн әл – Асыр моңғолдардың жаулап алуы туралы «бұл күн мен түн болып көрмеген, жаратылғанның бәрін жайлаған Орасан кесапат болды... жылнамаларда бұл секілді апаттын болғаны айтылмаған,» --- деп жазды. Қалалардың қирауы. Жергілікті халықтың қарсыласуын басу үшін Шыңғыс - хан жаппай қырып жою және күштеу, тұтас бір қалалардан түк қалдырмау тәсілдерін қолданды. Шыңғыс-ханның Орта Азияға баратын жолында жағқан Оңтүстік Қазақстанның Сырдария бойындағы қалалары мен қоныстары бұл тәсілдің алғашқы құрбандары болды. Моңғол әскерлері отпен өртеп, қылышпен қырып өзіне жол ашып отырды. Араб және парсы дерсктемелері түрлі елдердің халқын моңғолдар түгелдей дерлік қырып тастаған 30-ға тарта қалаларының атын келтіреді. Мәселен, моңғолдарға дейінгі уақытта 200-ге тарта елді мекен қалалар болса, XIII-XIV ғғ. 20-ға жуық қана қала қалған. Тіпті жуас қала атанған Баласағұнның өзі түп орнымен жок болып кеткен. Оны Мұхаммед хандардың мына сөзінен де көруге болады: «Баласағұнның өзі тұрмақ, оның орны қайда екені белгісіз». Оның ішінде оңтүстік Қазақстаннан Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент, Ашнас сияқты ірі қалалар қиратылып құрып кетті.

Жетісуда шаруашылықтың құлдырауы. Моңғол феодалдарының үстемдігі орнағаннан кейін туган ауыр зардаптарының әсері ешбір ұрыссыз – ақ басып алынған Жетісу жерлеріне күшті тиді. Бірақ, жазба деректемелер мен

археологиялық мәліметтер Жетісудағы қала мен отырықшы – егіншілік егісінің едәуір бүлінгенін, егістік үшін игерілген жерлердің өлкеде монғол үстемдігі орнығаннан кейін алғашқы ондаған жылдарда – ақ жайылымға айналдырғанын дәлелдейді. Француз королі ІХ Людовиктің монғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі Рубрук монғол шапқыншылығынан кейін 30 жылдан астам уақыт өткен соң, 1253-1255 жылдары Қазақстан территориясы арқылы өтіп бара жатып, егіншілік егісінің бұзылғандығы туралы, Жетісу қалаларының, оның ішінде Іле аңғарындағы қалалардың ғайып болғандығы туралы алғашқылардың бірі болып дәлелдемелер қалдырып кеткен.

Ұлыстар құрылғаннан кейін Жетісуға монғол көшпелілердің қалың топтарының келіп қоныстануы салдарынан егіс танантары, өңделетін жерлер күрт азайып, экономиканың көшпелі мал шаруашылығы секторы отырықшылық сектор есебінен күшейе түсті.

Елді мекендерді қирату, егістікті малға таптату, бау–бақшаны, ирригациялық жүйелерді жойып жіберу, отырықшы – егіншілікпен шұғылданатын халықтың қырылып, босып кетуі, оның көрші қалалармен және егіншілікпен шұғылданатын өлкелермен, соның ішінде, Оңтүстік Қазақстанмен экономикалық байланысының күрт азаюы – осының барлығы Жетісудағы шаруашылықтың құлдырауына және қалалардың өмір сүруінің экономикалық негізінің әлсеруіне әкеп соқты.

Тоқырау мен материалдық жағынан ғана әсерін тигізіп қоймай, Қазақстан жеріндегі халықтардың қоғамдық жағынан рухани мәдениетінің дамуына үлкен кесел келтірді. Өйткені монғол қоғамының даму деңгейі Қазақстандағы дамудың деңгейінен әлдеқайда төмен еді. Әскер күшіне сүйенген, жаулаушылыққа сай құрылған көшпелі әскери феодализмнің шапқыншылығы Қазақстан жеріндегі әлеуметтік – экономикалық формацияның дамуына тәжеу жасады. Әсіресе, жаңадан халық болып қалыптасып келе жатқан халықтың құрамының шырқын бұзып, қазақ мемлекеттігінің пайда болу процесін екі ғасырға кешпеуілдетті. Бұл шапқыншылық Қазақстан жеріне алым – салықтың ауыр зардабын, қайғы – қасіреттің, золық – зомбылықтың күшін орнатты.

Қорытып айтқанда, Шыңғыс – хан бастаған монғол басқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің кеселді зардабы

жағынан ең ауыр апат болды. Ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси, әлеуметтік, этникалық дамуын ұзақ уақыт тоқыратты.

Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы және тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі ХҮ ғасырдың II жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап, ыдырауына апарып соқтырды. Әсіресе, Әбілхайыр хандығы (1428 – 1468 жж) көптеген ұлыстарға бөлінді. Олардың басында Шыңғыс хан әулетінің әр тармақтағы ұрпақтары, көшпелі тайпалардың билеушілері тұрды. Әбілхайырдың өз ұлысында, қатал тәртіп орнатпақ болған шаралары халық бұқарасынын оған деген өшпенділігін күшейтті. Ақырында, халықтың бір бөлігі 1456 жылы Дешті Қыпшактан бөлініп Жетісудың батыс өңіріне көшіп келді. Оны Жәнібек пен Керей сұлтандар басқарды. Осы оқиға дербес казак мемлекетінің негізін қалады. ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы Қазак жеріндегі әлеуметтік - экономикалық және этникалық саяси өзгерістердің салдары Қазак хандығының құрылуына алып келді.

II ТАРАУ.

ҚАЗАХ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

XVI-XVII ғғ. тарих көшінде қалып қалған ұлттық сипаттағы мемлекеттердің бастауында Алтын Орда екені белгілі. Ал бұл мемлекеттің негізі қазақ елінің территориясында мекеп еткен ежелгі сак, ғұн, ұйсін, қанды, түркі тайпалары мен түркі дәуіріндегі қағанаттардың жалғасы болғаны белгілі.

Бірнеше тарихи мыңжылдықтарға созылған бұл үрдісте Қазақ хандығының қалыптасып, ол өзге ұлттық сипаттағы мемлекеттерден ұзақ өмір сүргені белгілі.

Қазақ хандығының тарихын теріснен зерделеп жүрген белгілі тарихшы ғалым Б.К. Кәрібаев: «Қазақ хандығы дәуіріндегі әрбір тарихи мәселенің маңызы ерекше болып саналады. Соның ішінде хандықтың құрылуы мәселесінің көкейтестілігі басқа мәселелерден бір табан алда тұр. Өйткені хандықтың құрылуы қазақ этносының тарих төріне шығуымен қатар жүріп, саяси және этникалық үрдістер бір-біріне тікелей ықпал жасайды. XV-XIX ғасырларда қазақ жерінде болған барлық тарихи үрдістердің бастауында XV ғасырдың ортасында құрылған Қазақ хандығы тұр» – деп орынды атап өткен.

Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі Мырза Хайдар ибн Мұхаммед Хүсейін Гургеннің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Бірақ өзі жазғандай, ол достары арасында Мырза Хайдар есімімен белгілі болды. Ортағасырлық мұсылман авторларының көпшілігінің деректерінде де ол осы есімімен кездеседі.

Мырза Хайдар белгілі де беделді дулат руынан шыққан, сондықтан ғылыми әдебиетте ол көбіне-көп Мырза Хайдар Дулат аталып жүр. Оның ата-бабасы кезінде ел билеген әулетті әмірлер болған. Шағатай ұлысының шығыс өңірінде – қазіргі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан, Шыңжаң аумағында патшалық еткен әулеттердің ханзадаларын қаласа таққа отырғызып, қаламаса тақтан түсіріп отырған да солар болған. Ортағасырлық мұсылман деректерінде бұл өлке Моғолстан деп аталған.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Гарих-и-Рашиди» атты еңбегі – Моғолстан хандығы тарихына арналған. Енбектің негізгі мазмұны – 1242 жылы Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ұрпағының шығыс жақ бұтағының тарихы мен дулат руын қотеруді қолға алған ұлыс ішіндегі айтыс-тартыс, дулат белділерінің Шығыс Түркістанды билеуінің жөн-жосығы баяндалған. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың алғашқы жартысындағы Моғолстан тарихы жөнінде негізгі, әрі бірден-бір дерек болып табылады. Сондықтан да бұл еңбекте Орталық Азияны мекендеген түркі халықтары мен тибет, кафир, кашмирліктер туралы да мол мағұлматтар кездеседі. Және ең бастысы, сол кездегі саяси жағдайға байланысты Моғолстанның батыс шегінде негізі қаланған Қазақ хандығы туралы да көп мәлімет келтірілген. Солардың маңыздысы, ол Қазақ хандығының құрылу уақытысына байланысты нақты датаның көрсетілуі болып табылады. Ол жөнінде деректе: «... Сол заманда Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алыбындағы Қозыбасыны береді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады. «Алла біледі». 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді.

Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым басқарып, Дешті Қыпшақ даласын толық биледі» деп, одан кейін билік құрған Мамаш, Таһир, Бұйдаш хандарға да тоқталып өткен. Қазақ хандығының тарихына қатысты осындай мәліметтерді автор екінші кітабының отыз үшінші тарауында да береді. Онда: «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер бір пәленің ісін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болады. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келеді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға

жеткен еді. Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолстанның бір шетін бөліп берді. Олар сол жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп тыныш өмір сүріп жатты.

Әбілхайыр хан дүниесалғаннан кейін өзбек ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналалды, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергелденде болғандықтан оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды» деген.

Осылай Қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабында болып, Дешті-Қыпшактан қоныс аударған қазақ тайпалары ежелден осы алапты мекендеген жергілікті тайпалармен етене араласып кеткен еді. Әбілхайыр хандығында орын алған аласапыран соғыс салдарынан күйзелген қазақ тайпалары, жаңа жерге келіп естерін жинап, экономикалық тұрмысын түзей бастаған. Біраз уақыт өткеннен соң Дешті-Қыпшак көшпенділері Әбілхайыр ханның қол астынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып, Қазақ хандығына келіп қосылып, деректерде берілгендей қазақ халқының санын көбейткен еді. Алайда жаңадан құрылған Қазақ хандығының экономикалық негізі алғашқы уақытта әлсіз болып, кейіннен оның қрамына кірген бірсыпыра қазақ тайпалар әлі де болса Әбілхайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай Ордасының және Батыс Сібір хандығының қол астында бөлшектеніп отырған болатын. Ал Әбілхайыр ханның назарынан бұл кезде өзінің хандығынан бөлініп кетіп Жетісуға қоныс аударған қазақтардың, бүгінде дербестене хандық құрып отырғандығын және оған көптеген тайпалардың ағылып қосылып жатқаны тыс қалмай, 1468 жылы қыста Әбілхайыр хан Қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанған. Алайда бұл сапары сәтсіз болып, осы жорық кезінде ханның өзі қаза тапқан.

Осы уақытқа дейін Қазақстандық тарихшы ғалымдар арасында Қазақ хандығының құрылу тарихы және оның алғашқы хандарының шығу-тегі мәселесі ұзақ уақыт талас тудырып келген.

Қазақ хандығының негізін қалаған Жошылық сұлтандар Керей мен Жәнібектің шығу тегіне қатысты да хандықтың тарихын зерделеген тарихшы ғалымдар арасында нақты бір пікір жоқ. Бұл

мәселеле зерттеуші ғалымдар екі топқа бөлініп кеткен. Бірінші топтаға ғалымдар хандықтың негізін қалаған сұлтандарды Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен таратса, ал екінші топтағылар, Жошының он үшінші ұлы Тұқай Темірдің ұрпақтары деген пікірлерін ұсынған.

Қазақ хандығының құрылу мәселесі ғылымда ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бері көтеріліп келеді. Қазіргі күнге дейін бұл мәселе бойынша біршама сұрақтарға жауап табылды деп есептеуге болады. Осылай өткен ғасырда басталып, бүгінгі күнге дейін зерттеліп келсе де, ғалымдар арасында нақты бір шешімге келмеген мәселе ретінде - Қазақ хандығының құрылған уақытына байланысты болып отыр. Себебі, Қазақ хандығының құрылу датасын нақты көрсеткен Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінен басқа жазба деректердің әзірге ғалымдар қолында жоқтығы. Сондай-ақ, көптеген зерттеушілердің: «хандықтың қалыптасуы және құрылуы бірнеше тарихи кезеңдердерді қамтиды» деген тұжырымдары, бұл тақырыптың әлі де болса өз шешімін толық таппағанын көрсетеді. Сондықтан да біз, Қазақ хандығының құрылу тарихын баяндауда мәселені тарихнамалық тұрғыдан қарастырамыз.

Бұл мәселе бойынша ғылыми тұрғыдан алғашқы болып өз ойын білдірген В.В. Вельяминов-Зерновтың пікірі ХХ ғасырдың 80-ші жылдарына дейін ешбір сынға ұшырамай, көпшілік мойындаған үстем пікір болып келді. Сондықтан да бұл пікір барлық оқулықтар мен энциклопедиялық басылымдарға негіз болды. Солардың бірі В.В. Вельяминов-Зернов еңбегіне сүйене отырып өзінің ойын айтқан ғалымның бірі А.П. Чулошников еді. Ол В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегінде Қазақ хандығының құрылған уақытын Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегіне сүйене отырып 860 (1456 ж.) жақшаға алып көрсеткен датаны, А. Чулошников жақшадан ашып көрсетіп, алдымен Қазақ хандығының құрылған уақытысын Әбілқайыр хандығындағы ХV ғасырдың ортасындағы жағдайды баяндай келе тоқталады «Орал өзенінен Сырдарияның төменгі ағысына дейін және Сарысуға дейінгі аймақты мекендеген өзбектер – алғаш әртүрлі тайпалардан құралған олардың өз ішіндегі талас-тартысқа байланысты әлсіз болды. ХV ғасырдың ортасында әртүрлі құлаған халықтардың көшіп келуімен күштерін толықтырып, Самарканд пен Хорезмге тонаушылық жасап, көршілеріне қауіп төндіре бастайды. Осы кезде

Темуридтер арасында да Самарқандқа қолы жетпейді. Бұқарада отырған Темірдің ұлы Мираншахтың ұрпағы Әбу-Сайд Әбілқайырдан көмек сұрайды. 1451 жылы Әбу-Сайдың шақыруымен Яксарттан өтіп, қарсыласы Абдулланы жеңді. Бірақ Әбілқайыр Самарқандты бірден бере салмай, көптеген бағалы сыйлықтар алып, Самарқанд билеушісі етіп Әбілқайырды тағайындайды. Бірақ көп ұзамай Әбу-Сайдқа қарсы болған өзге бір мырзаның әрекетіне байланысты, Мавренахрдың ішкі ісіне қайтадан араласады. Бұл өз кезегінде Әбу-Сайд пен өзге мырзаларға ұнамайды. Мұның көрінісі Әбілқайырдың өзі билік құрған кездің өзінде-ақ, шамамен 1456 жылы өздерінің билеушілеріне қарсы бір тобы – Жошылық сұлтандар Керей мен Жәнібек Шағатайлық Моғолстан ханы Есенбұғадан пана тауып, Моғолстанның батыс бөлігін, Шу өзені мен Жетісу жазығының оңтүстік бөлігіне орналасты.

Қай уақытта және қандай жағдайда хандық билік орнағаны бізге толық белгісіз. Бұл туралы жиыңыз мәліметті ХҮІ ғасырда жазылған «Тарихи Рашиди» еңбегінің авторы Мұхаммед Хайдар береді. Ол бірақта нақты мәліметтер бермейді. Себебі, алдымен ол 870 (1465-1466) жылы қазақ сұлтандары билік құрды десе де, сонында «Алла бәрінен жақсы біледі» - деп, өз сөзіне сенімсіздік білдіреді. Әбілқайыр хан дүниеден өткен соң (шамамен 1465 ж.) өзбек мемлекетінің ішкі дағдарысына байланысты, Керей мен Жәнібектің қасына 200 000 адам жиналды. Осы өзбек ұлысынан келіп жатқан адамдардың жана толқыны негізінде күшейе түсіп, хандық билік құру қажет болды. Сондықтан да Мұхаммед Хайдар Дулатидің өзі де сенімсіз болып 1465 жылды көрсеткен. Ал Чулошников осы кезден біршама кейін, бірақ 70-ші жылдарға дейін Қазақ хандығы құрылып қойған еді дейді. Себебі, бұдан кейінгі уақытта Жошылық Керей сұлтанды қазақ ханы деп атаған» - деп ғалым өзінің пікірін білдірген.

В.В. Вельяминов-Зернов пікіріне сүйенген ғалымның бірі М. Тынышбаев еді. Ол өзінің еңбегінде мынандай мәліметтер береді: «1456 жылы Алтын Орда ханы Барактың ұлдары Жәнібек пен Керей бастаған қазақтар, Шайбанилық Әбілқайырмен ұрысып қалып, Шағатайлық Есенбұға ханға келеді. Ал Есенбұға оларға Хантау ауданын береді» - деген. Мұнан әрі ғалым – «барлық авторлар қазақ тарихын осы ХҮ ғасырдың жартысынан бастап

берген, - деп ары карай «енді бір толқын өткеннен соң, казактар саны бірден 1 миллионға (1523 ж.), ал он төрт жылдан соң «казактардың бұл өңірде ешқайсысы қалмайды», енді 20 жылдан соң – алдыңғыдай саны көбейіп, калмақтарға, шағатайлар мен ноғайларға және Сібірлік Шайбанилықтарға қауіп төндірілген» деп жазды. Ғалым Керей мен Жәнібекке байланысты оқиғаларға қатысты В.В. Вельяминов-Зерновтың еңбегіне сілтеме беруіп, оның парсы тілінен өзі аударған текстін, даталарға байланысты берген жорамалдарын қолданса, ал кейінгі ғалымдар осы мәліметтерді қолданғанын байқаймыз.

Біздің ойымызша, «В.В. Вельяминов-Зернов «шамамен 860 жыл» деген сөз тіркесін мәтіннің арасына жақша ішінде беру арқылы оқиғаның қай жылдары болғандығын оқырманға түсіндірмек болған. Сондықтан да А.П. Чулошников пен М. Тынышбаевтардың жоғарыдағы пікірлері шындыққа сай келмейді» деп тұжырым жасаған ғалым Б.Б. Кәрібаевтың пікіріне қосыламыз.

Қазақ хандығының құрылу тарихын жан-жақты зерттеген ғалым Берекет Кәрібаев хандықтың құрылған жылы туралы пікір білдірген ғалымдарды үлкен төрт топқа бөлді.

Бірінші кезең – XIX ғасырдың 60-жылдары мен XX ғасырдың 20-жылдарындағы зерттеушілер Қазақ хандығының құрылған жылын 1456 жыл деп санады.

Екінші кезең – XX ғасырдың 30-40 жылдардағы зерттеушілері Санжар Асфендияров, М.П. Вяткиндер Қазақ хандығының көрші Ноғай ордасы, Мәуереннахр мен Орыс мемлекеттерімен қарым-қатынастарын қарастырады.

Үшінші кезең – XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы зерттеушілер Қазақ хандығының құрылу мәселесін жан-жақты, терең зерттей бастады. Әсіресе А.А. Семенов, С.К. Ибрагимов, В.Ф. Шахматов, М.Г. Сафарғалиев, П.П. Иванов, Б.А. Ахмедов, В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, М.Қ. Әбусейтовалар деректерді тікелей шығыс тілдерінен алып, аударма ісімен де айналысты.

Төртінші кезең – XX ғасырдың 90-жылдарынан бүгінге дейін т.И. Сұлтанов, Б.Е. Көмеков, К.А. Пищулина, М.К. Әбусейтовалар зерттеу жұмыстарын одан әрі тереңдетіп, жаңа концептуалдық негіз, тың пікірлер мен болжамдар жасады. Сондай-ақ Ә. Хасенов, С. Жолдасбаев, Б.Б. Кәрібаев, З. Қинаятұлы, Қ. Өскенбай, Н.

Атығаев, Г. Сәбденова, Е. Бұлановтар өз еңбектерінде тақырыптың жаңа қырларын аша бастады. Бұл кезеңдегі Қазақ хандығының құрылған жылы нағыз пікірталасқа ұласты. Ә. Хасенов Қазақ хандығы 1445 жылы құрылды десе, Қ. Салғараұлы, М. Мағауин: 1456 жыл деп көрсетті, С. Жолдасбаев 1458 жылға, К. Пищулина, Ж. Қасымбаевтар 1465-1466 жылдар аралығына тоқтады. И. Сұлтанов 1470 жыл деген пікір білдірді.

Ал Қазақ хандығының тарихнамасын зерделеген ғалым Г. Сәбденова: «Қазақ хандығының зерттеу тарихын екі кезеңге бөліп қарастырған жөн деп есептейді. Бірінші – 1945-1969 жылдар, екінші кезең 1969-1991 жылдар аралығын қамту керек» деген. Зерттеушінің пікірінше бірінші кезеңде шығыс тіліндегі деректер қоры шоғырланса, ал екінші кезеңде деректік қор одан сайын көбейіп, оны көптеген мамандар (археолог, лингвист, этнограф, т.б.) кенінен пайдаланып, Қазақстан тарихының бірқатар мәселелерін шешті» деген ой білдірген.

Белгілі ғалым Т. Сұлтанов Қазақ хандығының қалыптасуының алғышарттарын Шадидің (XVI ғ. басы) «Фатх наме» еңбегіндегі мәліметтер негізінде береді. Онда Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан көшіп кету себебін Әбілқайыр ханның үлкен ұлы, Мұхаммед Шайбани ханның әкесі Шах Будаг сұлтанның дүниеден өтуін және өзбек ұлысының ішінде Әбілқайыр ханның билігіне қарсы шығып, қайтадан билік үшін күрестердің басталуы себеп болды дейді. Алайда, «Фатх наме» авторы Шах Будаг сұлтанның неден қайтыс болғанын айтпаған. Бірақ ғалым, деректегі мәліметтерді талдай келе: «Шах Будаг сұлтан ұлыс ішіндегі билік үшін болған тартыстарда қаза болып, осыған байланысты Әбілқайыр хан «Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтарынан тараған сұлтандарды жазалай бастады» деген Бахр әл-ассар мәліметіне сүйене отырып, жазалаудан қашқан Дешті Қыпшақтағы Жошылық сұлтандар, Орыс ханның ұрпақтары 864 /1459-60 жылы өздерін мойындайтын тайпалармен бірге көрші мемлекет Моғолстанға кетеді. Алайда, қашқын болған Керей мен Жәнібек өздері көшіп кеткеннен кейін он жылдан соң Өзбек ұлысына келіп, Шығыс Дешті Қыпшақта жаңа мемлекет – Қазақ хандығының негізін салатынын білмеген еді дейді. Моғолстан – парсы тілінде «Моғолдар елі» дегенді білдіреді. Орта Азияда монғолдардың атауын «ң» әріпінсіз, «моғол» деп айтып, жазатын.

XIV ғасырдың ортасында моғолдар деп – бұрынғы Шағатаай ұлысының шығыс бөлігіндегі көшпенді хандардың әскери күшін құрағандарды атайтын.

Сол жылдары моғолдардың билеушісі болған Есенбұға хан – Керей мен Жәнібекті және Жошылық өзге де сұлтандарды құрметпен қарсы алып, оларға Моғолстанның батыс бөлігіндегі Шу мен Қозыбасы аймағын береді» дей келе, казак сөзінің мәні осы кезде қалыптасқаны жөнінде тоқталып кетеді. «Ал 1468-69 ж. Әбілқайыр хан дүниеден озған соң, Керей мен Жәнібек сұлтандарға Дешті Қыпшақтан қашып келгендердің санының өсуіне байланысты Жошылық сұлтандар күшейіп, 1469-70 ж. Моғолстаннан Өзбек ұлысына барады» деп, «Қазак хандығының нақты құрылу уақытын 1470-71 жж.» деп көрсетеді.

«Қазак хандығының құрылуын әлемдік тарих кеңістігінің көгінде қалыптасқан жаңа жұлдыз» - деп қарастырған белгілі ғалым Х. Әбжанов: «XV ғасырдың екінші жартысында (1465 ж.) Қазак хандығы Еуразияның сайын даласында кем дегенде екі мыңжылдық тарихты артта қалдырған мемлекеттер мен халықтардың өміршең жиған-тергенін, мәнді белгілерін, қағидаларын, салт-дәстүрін қабылдай, бойына сіңіре, жетілдіре жалғастырып, өзіне ғана тән қадір-қасиетімен, даралануымен алғашқы қадамын жасады» - деп орынды атап өткен.

Шығыстану институты жанындағы Тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық Ақпарат орталығы казак хандығының тарихын зерттеудің деректемелік негізін құру ісінде алдағы уақытта бес кезең бойынша жүзеге асыратындарын атап өткен. Осы орталықтың жетекші маманы М. Әбусейтова Қазак хандығының қалыптасу тарихы жөнінде төмендегідей пікір білдірген: «Қазак хандығының құрылу кезеңіндегі өңірдегі саяси жағдайдың қалай қалыптасқанына зер салғанда «анығы бір Аллаға ғана аян» деп аяқталатын бірқатар дереккөздерге қарағанда Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі ең негізгі дереккөздің бірі болатыны анық.

Хижра бойынша 870 жыл бізше жыл қайырудың II-1465 – VIII-1466 жылдар аралығына тура келеді. Демек, Қазак мемлекеттілігі бұдан 550 жыл бұрын қалыптасты деген сөз. Әрине, мұның өзі шартты дата. Өйткені, Қазак мемлекеті құрылуының алғышарттары бұдан көп бұрын толысты және ұзақ үдерісте

өркендеді. XIII ғасырдың басында монғол шапқыншылығынан Алтын Орданың құрамына қосылған қазақ даласы Жошының тұңғышы Орда-Еженнің ұлысының құрамында Ақорда деп аталады. Ақорданың халқы түркілер болды.

XIV ғасырдан бастап Алтын Орда құлдырап, құрамдас бөліктерге ыдырады. Қазақ даласы Жошы ұрпақтарының әртүрлі топтары мен ру-тайпа әмірлерінің қактығысқан күресі алаңына айналды. XIV ғасырдан бастап Дешті Қыпшақтың халқы өзбектер деп аталды. Фазлаллах бен Рузбихан өзбектердің құрамына шайбанилер, қазақтар, маңғыттар кіргенін айтады. Бұл терминнің өзі Шығыс Дешті Қыпшақта үстем билікке ұмтылған өзбектердің үш тобын атау үшін қолданылады. Олар Жошының бесінші ұлы Шайбан мен Жошының он үшінші ұлы Тоқа Темірдің ұрпақтары болатын. Осы соңғылар шайбанилерді жеңіп, қазақ хандары атанды. Қазақтар әуелде өзбек-қазақтар делінді. Бұл терминде Керей мен Жәнібек бастаған рулардың ауа көшуі көрініс береді.

Қазақ даласында Тоқа Темірдің ұрпақтары, яғни қазақ хандары жеңіп, шайбанилер Мауераннахр аумағына қуылғаннан кейін қазақ деген термин саяси және этностық тұрғыда Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық халқын қамтитын ортақ атау ретінде қалыптасты. Сөйтіп, Мұхаммед Хайдар Дулати қазіргі Қазақстан жерінің біртұтас Қазақ мемлекеттілігі шеңберінде қазақ хандарының билігіне бірігуінің бастамасы болған оқиға күнін біздің заманымызға дейін сақтады. Алғашқы хандар Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандар болды. Осы оқиға қазақ халқының қазіргі атаумен тарих сахнасына шығуын, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының саяси тұрғыдан топтасуын көрсетеді» - дей келе, Қазақ хандығының мемлекеттілігін қалыптасуы бірнеше кезеңнен өткенін атап өтеді.

Халықаралық Түрік Академиясының президенті, тарихшы ғалым Д. Қыдырәлінің пайымдауынша, «Қазақ хандығының құрылуы Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханға және елдің Қобыланды батырдың Ақжол биді өлтіруіне байланысты өкпелеп кетуіне ғана байланысты емес. Біздіңше, жүз мыңдаған халқы бар іргелі мемлекеттің құрылуына мұндай «өкпе» негізгі себеп бола алмайды. Оның көптеген тарихи, әлеуметтік, экономикалық және саяси астары болса керек» дей келе, «Қазақ хандығының құрылуының түпкі астарында Ибн Халдун айтқандай,

мүдде бірлігі жатты. Оны «Алаш аңсары» деп атауға болады» - деген.

Ал ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті мемлекет тарихы институтының директоры тарихшы ғалым Б. Аяған «Қазақ хандығының құрылуы бір мезгілде болған оқиға емес... 1470 жылы Әбілқайыр иелігіне Жәнібек пен Керейдің қайтып келуі және олардың жоғарғы билікті басып алуы, оқиғаның соңғы түйіні болған» деген Т.И. Сұлтановтың пайымын қолдай отырып, алайда «Қазақ хандығының құрылу датасына қойлатын нүктеге қалай болғанда да зерттеушілер айқындаған 1465 жылды алу қажет» деп есептейді. Бұл ойын ғалым авторлар ұжымымен жариялаған еңбектерінде тарақтатып баяндаған. Еңбек авторларының пайымдауынша «Қазақ мемлекеттілігінің негізі XIV ғасырда Әмір Темір шапқыншылығына тап болып, ыдырап кеткен Ақ Ордадан бастау алса, ал XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығы деп аталатын жаңа мемлекеттің қалыптасуына тиімді жайғайлар қалыптасқан еді» деп, Әбілқайыр хандығындағы ішкі тартыстар мен Моғолстан хандығындағы саяси қиын жағдайдың Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен жаңа саяси орталық құруына тиімді жағдайлардың туындауын атап өтеді. Бұл оқиғалар қай жылдары болды деген сұраққа, зерттеушілер ғалым Н. Атығасовтың ғылыми мақаласына сілтеме бере отырып, «Қазақ хандығының атамекенінде орнығуын, 1470 жылдан бастап Керей мен Жәнібек хандардың халықтың қолдауына сүйене отырып «Озбек ұлысындағы» оқиғаларға араласуын, яғни даладағы билікті өз қолдарына алуымен ұлттық мемлекеттің қалыптасып біткен» деп көрсетеді.

Енді осы Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарына тоқталар болсақ. Қазақ сұлтандары Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан бөлініп кетуінің себептерін анықтамас бұрын, осы оқиғамен тікелей байланысты «қашып кетті», «ажырап кетті», «көшіп кетті», «өкпелеп кетті» деген сөз тіркестерінің мәнін ашып алуды ұсынып, оны төмендегідей оқиғалармен байланыстыра баяндайды белгілі тарихшы-ғалым Б. Кәрібаев.

Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан бөлініп кету себебін Шәкәрім Құдайбердіұлы баяндағандай арғынның Ақжол биінің өлімімен байланыстырады. Оның өлең нұсқасына тоқталып өтсек:

«Қазактың Әз-Жәнібек ханы болған,
Билеген сыртын ноғай заңы болған.
Арғынның арғы атасы Дайыр жожа,
Дейтұғын бір әділ би тағы болған.
Ол биді Әбілқайыр жақсы көрген,
«Ақжол» деп оң тизеден орын берген.
Қобыланды кара қыпшак батыр еді,
Намыс қып күндестікпен шайтанға ерген.
Өлтірген аңдып жүріп Ақжол биді,
Қазакқа осы жұмыс ауыр тиді.
Қысқасы Қобыландыны өлтірем деп,
Жар салып Әз-Жәнібек халқын жиды.
Жалынған үш кісінің құнын ал деп
Алмаған «бізге керек емес мал» деп.
Бермеген Әбілқайыр Қобыландыны,
«Мұны өлтірсен қалған ел бұзылар» деп
Сондықтан өкпе қылып казак көшкен,
Қыпшакты шауып, жаншып қатты өштескен.
Шуағы Шағатайдың нәсілінсн.
Қараймыз Мұғыл Темір ханға дескен», - деп беріледі.

Осы оқиғаның Ақ Орданың заңды мұрагерлері Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған тобының көшіп кетуіне түрткі боғаны жөнінде белгілі ғалым Т.О. Омарбеков былай дейді: «... Ноғайлармен тайталаста Ақ Орданың билеушісі Орыс ханның немересі Барак хан 1428 жылы Ноғай ордасының мырзаларына қарсы күресте қайтыс болады. Мұның өзі Шығыс Дешті Қыпшак аймағында Жошының кіші баласы Шайбаннан тараған әулеттің күшеюіне алып келді. Олар әлі жас, кәмелетке болмаған Әбілқайырды такка отырғызды. ... Так үшін тартыс Орыс ханнан қалған әулеттің ішінде жасы да жолы да басқалардан әлдеқайда үлкен, ерлігімен, табандылығымен ерекше көзге түскен Керейді алға шығарды. Шын мәнінде Сыр өзені мен Қаратау аймағына дейін созылып жатқан алқапқа билік жасаған Керей Әбілқайырға қарсы сұлтандардың астыртын әрекеттерін белсенді басқарды. ...екі этно-саяси қауымдастыққа бөлінген Шығыс Дешті-Қыпшақтағы ахуалды Әбілқайырды қолдайтын кара қыпшақтардың әйгілі батыры Қобыландының арғынның атақты Ақжол биін жекпе-жекте өлтіруі ниеленістіріп жіберді. Ақжол биді жақтаушыларды

басқарған Керей амалсыздан, өзінің соңына Алаш қауымдастығының біраз тайпаларын ілестіріп, Батыс Жетісу аймағына қоғым аударды. ... Алайда 1462 жылы Моғолстан ханы Есебұғаның қайтыс болуынан кейін Моғолстанда қалыптасқан шырғалаң жағдай және әрі Әбілқайыр мемлекетінен үздіксіз қауіп-қатердің төнуі Керейдің туған інісі Жәнібектің қолдауымен, 1465-1466 жылдары жаңа мемлекеттің – Қазақ хандығының құрылғандығын елге жариялауға итермеледі» деген.

Сондай-ақ, Қазақ хандығының құрылуының алғышарттарын қарастыруда, Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайыр хандығынан көшіп кетуінің себебін әлеуметтік себептермен байланыстыру кеңестік тарихнамада қолдау тапқан еді. Сол уақыттағы болжамдар бойынша 1457 жылы қалмақтар әскерінен жеңілген Әбілқайыр хан мемлекеттік басқаруды қалпына келтіру мақсатында жана салықтар мен міндеткерліктер жариялайды. Хан саясатына наразы болған Керей мен Жәнібекке көшпелілердің бір тобы қолдау көрсеткен. Алайда мұндай әлеуметтік себептерге қатысты нақты деректік мәліметтер кездеспейді. Алайда зерттеуші-ғалым К.А. Пищулина: «Қазақ хандығының құрылуының себебі – Керей мен Жәнібектің көшіп кетуінде емес, Қазақстандағы ортағасырлық тұрғындардың шарушалық, әлеуметтік, саяси және этникалық дамуының нәтижесі» дей келе, ордаежендік сұлтандардың көшіп кетуінің әлеуметтік және саяси себептерін «ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының нашарлап кетуімен және Шибанилық Әбілқайырдың қалмақтардан жеңілуіне байланысты әлсірегенін пайдаланып, Шығыс Дешті Қыпшақтағы ордаежендік әулеттің билігін қайта қалпына келтіруге тырысқан» саяси оқиғалармен байланыстарады.

Ал Мұхамед Хайдар атап көрсететіндей «Моғолстан ханы Есебұғаның құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алыбындағы Қозыбасыны» беруінің ішкі себебі бар еді. Яғни Моғол ханының тағына таласқан ағасы Жүністің Темір әулетінен қолдау тапқан жағдайда Есенбұға қазақтардың әскери күшін өз мемлекетіне тірек етуді және қалмақтарға бірігіп тойтарыс беруді көздеген.

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей ханның нақты дүниеге келген уақыты тарихта белгісіз. Ал дүниеден өткен уақытын шамамен 1473-1474 жж. деп береді. Кереймен бірге

хандықтың негізін қаласқан, оның тірі кезінде ұлыстық денгейдегі хан дәрежесінде болып, Керей хан қайтыс болған соң, Қазақ хандығының тағына отырған Әз Жәнібек (Әбу Сайд) 1474-1475 жж. дейін билік құрып, қапыда қаза тапқан.

Тарихшы-ғалым Т. Омарбековтың пікірінше: «Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарихи Рашидиінде» «қазақ сұлтандарының билігі 870 жылдан» басталады деп көрсетуінің себебі, Қазақ хандығында билік құрған Керейдің ұлы Бұрындықтан басқалары Әз Жәнібек ханның ұрпақтары болғандықтан, хандықтың қалыптасу кезеңін Әз Жәнібектің таққа отырған кезеңінен бастаған» деген ой білдіреді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінде Қазақ хандары Бұрындық пен Қасым туралы былай дейді: «... Керей хан [қайтыс болғаннан] кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды. Жоғарыда аталған Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын, әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді.

... Қасым хан хан тағына отырмай жатып-ақ оның үстемдігінің күштілігі соншалықты жоғары болғандықтан, Бұрындық ханды ешкім ауызға да алмайтын. Алайда Қасым хан Бұрындық ханның қасында болуды қаламайтын. Өйткені оның жанында болатын болса, оны құрмет тұтуға тура келеді. Егер де құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Ал іштей жек көрушілік оған құрмет білдіруге жол бермейтін-ді. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын. Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті. Қасым хан одан мүмкіндігінше қашық жүрейін деп Моғолстан шекарасына кетіп қалды...» деген.

Алайда осы деректе Бұрындықтың ханның биліктен айрылғаны жөнінде «... Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жіберді. Сонымен Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді» деген мәліметтер берілген.

Негізінен Әз Жәнібек қайтыс болған кейін қыпшақтық дәстүр бойынша хан тағына Керей мен Жәнібектің балаларының ішінде жас жағынан ең үлкені Бұрындық (1480-1511) отырады. Алайда Бұрындық (Мұрындық) хан тағына бірден отырмай, оған сол уақыттағы саяси жағдайлар әсері болғаны жөнінде ғалым Т.О.

Омарбеков былай дейді: «... Мұхаммед Шайбанидің Қазақ хандығына қарсы жасаған жорықтары, жауынгерлік тұлғасы айшықталып, хан тағына отырған Бұрындық ханның саяси беделін түсіріп, керісінше ел арасында әскери қолбасшы Қасым сұлтанның беделін көтере түсті. Әсіресе, 1510 жылдың басында Қазақ хандығына қарсы Мұхаммед Шайбанидің төртінші, әрі шешуші жорығында Бұрындық ханның билігі құрдымға кетіп, ешкімге керексіз болып қалады. Тіптен Мәуереннахрға қоныс аударған төрт ұлына да қолдау көрмей, Самарқанда тұратын, аса бай, вакф иесі, кіші қызы Михр Сұлтан ханымның қолына барып, елден елеусіз күйінде өмір сүріп, сона дүниеден озған. Ал оның қазасы ханға көрсетілетін қошемет деңгейінде емес, қарапайым мұсылмандардың деңгейінде өткізіліп, Үргеніш маңына жерленген».

Қорыта айтқанда, Қазақ хандығының құрылуы түрлі хандықтарға қарап келген қазақ тайпаларының бір хандықтың астына жиналып, қазақ этногенезінде шешу рол атқарып, «қазақ» этнонимінің қалыптастырып, қазақтың этникалық территориясын біріктіре отырып, қазақтың халық болып қалыптасуына негіз болған еді.

2.2. XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ МЕН XVIII ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДАМУ ҮДЕРІСІ

XVI ғасырдың басы мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының даму деңгейі ел билеген хандардың жүргізіп отырған саясатымен өлшенді. Осы кезеңдегі ел билеушілерінің беделі мен саяси көрегендігі мемлекет мүддесінің қорғалуына, хандықтың тұғырын берік етіп, территориялық тұтастықты қалыптастыруға жалғасып жатты. Сәйкесінше мемлекеттің даму деңгейінің тежелуі сол замандағы ел билеген хандардың атымен және ұстанған саясатымен тығыз байланысты болып шықты. XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығы – ел болып, мемлекеттілік дәстүрін қайта жалғауына мүмкіндік алған халқымыздың жартығасырлық тарихының толысқан уақыты. Бұл тарихи жылдар алдымен мемлекеттің іргесін берік етіп,

казактардың атын тұнғыш рет Еуропаға танымал еткен Қасым ханның ел билеуімен тығыз байланысты.

Қасым хан туралы мәліметтер алғаш рет Шайбани ханның казактармен болған соғыстарын баяндайтын тарихи деректерде кездеседі. Аталмыш тарихи деректерде Қасым ханға «белгілі сұлтан және атакты баһадүр» деген баға берілген. Қазак хандығы тарихының негізгі дерек көзі болып табылатын Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегінде: «Ол әкесінің үлгісі бойынша барлық жағдайда Бұрындыққа бағынды, соған тәуелді болды» деп жазады. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы еңбегінде Қасым сұлтанның беделінің тым жоғары болғандығы әсерінен карапайым халықтың Қасым сұлтанды хан деп есептегендігі және Бұрындық хан туралы ешкім де ойламаған деген мағынадағы мәліметтер кездеседі. Хандықтың ішіндегі салқындықтың салдарынан Бұрындық хан өз кезегін Қасым сұлтанға беруге мәжбүр болады. Сұлтандар арасындағы мұндай салқындықтың басталуына 1509 жылғы тарихи оқиғалар да өз әсерін тигізген болуы керек. 1505-1509 жылдар аралығында Шайбани хан Қазак хандығына қарсы үш рет жорық ұйымдастырғаны белгілі. Бұл үш жорықтың ішіндегі 1509 жылдың қысында жасалған жорық барысында Бұрындық хан Жәнібек хан ұлдарына көмек берудің орнына, шегініп кетуге мәжбүр болады. Ел басқарып отырған ханның мұндай әрекеті сөз жоқ оның беделінің төмендеуі мен Қасым сұлтанның күшеюіне алып келеді.

Қасым хан ел басқару жылдарында казактар мен Шайбани әулеті арасындағы Сыр бойы қалаларын иемдену үшін бірнеше шайқастар болды. Осындай теке-тірес нәтижесінде Сайрам қаласы Қазак хандығының құрамына енсе, Ташкентті бағындыруға да сәтті талпыныстар жасалады. Мысалы 1512 жылы ұйымдастырылған осындай кезекті шайқаста Ташкент Қазак хандығының құрамына енеді. Қасым ханның территориялық тұтастықты қалпына келтіруге бағытталған саясатының нәтижесінде Қазак хандығының шекарасы ұлғая түседі. Мысалы хандықтың шекарасы оңтүстік-шығыста Жетісудың көп бөлігі, Шу, Қаратал, Іле өзендерінің алабы мен солтүстік-батыста Еділ, солтүстік және солтүстік-шығыста Ұлытау мен Балқаш көлі, Қарқаралы тау тарамдарына дейін жетсе, оңтүстігінде Сырдарияның оң жағалуына дейін жетеді. Сонымен қатар Түркістан аймағының қолайлы жерлеріне де өз билігін

орнатады. Демек казактардың этникалық территориясы Қасым хан тұсында Қазақ хандығына біріктірілген деп айтуға толық негіз бар. Мемлекеттің тұтастығы бір қалыпқа келуі халық санының да түгенделуіне жалғасады. Мысалы Қасым тұсында Қазақ хандығы халқының саны бір миллионнан асады деген нақты мәліметтер бар. Дегенмен Қасым хан бастаған казактардың мұндай табысы көршілес жатқан шайбани сұлтандарын тыныш жатқызбады.

Қасым хан басқарған Қазақ хандығы саяси институт ретінде өзінің ішкі және сыртқы байланыстарына ерекше мән берген. Осы жылдардан бастап Қазақ хандығы халықаралық саяси аренада өзін мойындатудың жолына түседі. Осы мақсатта Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекеті арасында дипломатиялық байланыс орнатылады. Осы жылдары Мәскеу мемлекетінде князь Василий III билік құрған болатын. Қасым хан елшілерінің орыс жеріне келуі казактардың Еуропалықтарға таныла бастауына арқау болады. Өйткені 1517-1526 жылдар аралығында Мәскеуде бірнеше рет болған австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейн казактар туралы өз мәліметін қалдырып, Еуропаға танылуына жағдай жасайды. Сонымен қатар мемлекеттің сыртқы саясатындағы стратегиялық маңызды саналған көршілес мемлекеттермен де арадағы байланыстарының бағыттарын сәтті анықтайды Қазақ хандығының құрылуынан бастап казактардың негізгі қарсыласына айналған Мұхаммед Шайбаниді талқандап, оның мемлекетін құлатады. Ал Моғолстан билеушісі Сұлтан Саид ханмен достық қатынас орнатады. Осы екі билеушінің кездесуі туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде бірнеше мәліметтер бар. Әрине негізгі келіссөздердің түпкі мақсаты Шайбандықтарға қарсы одақ құру болады. Алайда келіссөздер Моғолстан ханы үшін нәтижелі болмайды. Дегенмен Қасым хан үшін Моғолстанмен достық қарым-қатынас маңызды болғандықтан Сұлтан Саид ханды ерекше құрметпен күтіп алады. Ол турасында «Тарихи Рашиди» еңбегінде Қасым хан Саид ханды құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішіпейілділігін ұмытқан емес деген мағынадағы мәліметтер бар. Өйткені автор Қасым хан мен Сұлтан Саид хан арасындағы достық байланыстарды ерекше сипаттайды. Осы кездесу барысында Қасым хан Сұлтан Саид ханға өзінің екі жылқысының Оғылан Түрік атты біреуін сыйға тартады.

Қасым хан тек мемлекеттің сыртқы саяси басымдылықтарымен қатар, ішкі саяси топтасу мәселесіне де жетік мән берген. Ол үшін алдымен хандықтағы аксүйектердің әлеуетін әлсіретіп, керісінше мемлекеттің саяси, экономикалық, әскери қуатын арттыруға көп күш жұмсады. Осы бағытта нақты шараларды жүзеге асырып та отырды. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығында маслихат-сұлтандар мен ру басшыларының жиындары да болып тұрған. Егер де маслихат жылына бір рет шақырылып тұрса, ол мемлекеттің ең маңызды сыртқы саяси бастамалары, яғни соғыс жариялау, бітім жасау, жайылым жерлерді бөлісу, көшіп-кону жолдарын айқындау мәселелерін шешіп отырған. Сонымен қатар маслихат хан сайлау құқығына ие болды. Сөзсіз хандықтағы мемлекеттік билік ханның қолына шоғырланды. Хан заң қабылдаумен қатар, жарлық беріп отыруға құқысы болғанымен бұл істе хан өзінің жанындағы беделді билерден тұратын билер кеңесіне арқа сүйеіп отырған. Мұның басты ерекшелігі мемлекеттік барлық аппарат ханмен бірге көшіп қонып, көшпелілік жағдайында жұмыс жасады.

Кез-келген мемлекетке тән бір ерекшелік құқықтық қарым-қатынастар немесе заңның үстемдік құруы десек, Қасым хан осы мәселенің де біржақты етіп шеше алды. «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз тіркесі дәл осы жылдардағы үстемдік құрған заңның атауы болып табылады. Тек қана азаматтар арасындағы қарым-қатынастарды реттеп, бұзылған құқықты қалпына келтіруге тырысатын заңның болуы ғана мемлекеттіліктің басты белгісі болып табылады. Міне осындай мемлекеттілік белгісі дәл Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары жарық көріп, казак қоғамындағы құқықтық-нормаларды реттеу мақсатымен «Қасым ханның қасқа жолы» пайда болды. Қасым ханның заңы казакты құраған ру-тайпалардың саяси өмірінде ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалғаны белгілі. Осылайша негізгі бес тараудан тұратын заң Қасым хан тұсындағы казактардың күнделікті өмірінде аса маңызды болды. Ол заң төмендегідей тарауларды қамтыды:

1. Мүлік заңы (мал –мүлік, жер-су, қоныс дауларып шешу ережелері).
2. Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылатын жазалар).

3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар, ат, ердің құны т.б.).

4. Елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайлық, сөйлеу мәнері).

5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.)

Қасым ханның қазақ хандығын күшейтуге бағытталған мұндай әрекеттері сөзсіз ішкі тәртіпті ретке келтіру арқылы ғана нәтижелі болатындығын терең сезінуден туындады. Осы үшін де яғни, қазақ қоғамының ішкі топтасуы мен бірігуін ретке келтіріп, сыртқы саяси ахуалды Қазақ хандығының мүддесімен орайластыра алғандықтан да ортағасырлық авторлар Қасым ханға жоғары баға береді. Мысалы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес. Бұрындықты тіпті ешкім де елең қылған жоқ» десе, Заһир ад-Дин Бабыр өзінің «Бабырнама» атты еңбегінде Жошы ұлысында қазақтың бірде-бір ханы дәл Қасымдай ел билей алмағандығын алға тартқан. Қазақ хандығын нығайтқан Қасым ханның қай жылы қайтыс болғандығы туралы бірнеше мәліметтер бар. Мысалы Мұхаммед Хайдар Дулати мен Хайдар Рази өз еңбектерінде Қасым ханды 1518-19 жылы қайтыс болды десе, 1523-24 жылы өлген деген де мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар орыс деректерінде Қасым хан 1521 жылдың қысында, қантар-ақпан айларында қайтыс болған деген мәлімет бар.

Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы өзінің дәуірлеу биігінің шыңына көтерілді. Алайда Қасым хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығы өзінің даму тарихындағы күрделі кезеңдерге ұшырады. Өйткені Сарайшық қаласында қаза болған Қасым ханның өлімі өзара қырқысуларды өршітіп жіберді. Осылайша XVI ғасырдың басында Қасым хан тұсында күшейіп, халықаралық саяси аренада өзін-өзі таныта бастаған Қазақ хандығының жағдайы осы ғасырдың 20-жылдарынан бастап әлсірей бастады. Қасым ханның өлімі қазақ сұлтандары арасындағы билік үшін жүргізілген ішкі талас пен қырқыстар тудырып жіберді. Осы оқиғалар желісін «Тарихи Рашиди» еңбегінде Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ сұлтандары арасында дау-шар басталды» деп баға берген болатын. Қасым ханның баласы Мамаш әкесінің орнына хан болып тағайындалғанымен, әкесіндей билікті нық ұстап, мемлекеттің

бірлігі мен елдігін күшейтуде жарқын көзге түсе алмаған. Мамаш хан кейбір жазба деректерде Құмаш хан деген атаумен де кездеседі. Мамаш хан туралы тарихи деректерде мәліметтер өте аз. Ол туралы Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің жоғарыда аталған «Тарихи Рашиди» еңбегінде, Махмуд ибн Уәлидын «Бахр ал-асрар...» еңбегінде, Хайдар Рази өзінің «Тарих» атты тарихи деректерінде атап өткен. Осы тарихи деректер арқылы Қасымұлы Мамаш хан 1513 жылғы Қасым хан мен моғол ханы арасындағы келіссөздер барысында аты аталады. Моғолстан ханы Саид ханды күтін алуға жіберілген 30-40 сұлтанның ішінде Мамаш ханның да болғандығы туралы айтылады. Бұл жылдар Мамаш хан мемлекеттік билік пен ел басқару ісіне бейімделу мақсатында Қазақ хандығындағы ұлыстарында иелік етін тұрған.

Мамаш хан билікке келуімен так үшін Жәнібек ханның немерелері арасында күрес өрбіген. Әрине бұл сұлтандар арасындағы дау тудырған мәселе биліктің мұралануында жіберілген қателіктерге байланысты болуы мүмкін. Өйткені дәстүрлі қазақ қоғамында биліктің мұралануының өзіндік ерекшелігі болған. Ол биліктің әкеден балаға емес, керісінше әкеден ініге жалғасуы тиіс саналған. Керей мен Жәнібек ханнан басталған биліктің дәл осы мұралану түрі сақталғанымен, Қасым сұлтанның өлімінен кейін бұл дәстүр бұзылғанын байқауға болады. Сұлтандар арасындағы алауыздықтарды туғызғаны да осы болуы мүмкін.

Ішкі талас-тартыстың күшеюі сөз жок сыртқы саяси ахуалдың да әлсіреуіне алып келген. Мысалы Мамаш ханның билігі тұсында Қазақ хандығының территориясы едәуір азайып, тарыла түседі. Осындай ішкі талас-тартыс барысында Мамаш хан өзінің сауытына тұншығып қайтыс болады. Бұл турасында «Тарихи Рашиди» еңбегінде Мұхаммед Хайдар Дулати баяндаған болатын. Ал Махмуд ибн Уәли болса «ол бір ұрыста тапталып өлтірілді» деген мәліметтер келтіреді. Бұл оқиғалар желісі 1522 жылдар орын алған

Мамаш ханнан кейін Қазақ хандығының билігіне Тақыр хан келген болатын. Салыстырмалы түрде алған Тақыр хан Мамаш ханға карағанда ұзақ ел билеген. Өйткені көптеген зерттеушілер оның ел билеген жылдарын 1522 - 1532 жылдар аралығы деп көрсетеді. 1522 жылы Мамаш хан өлгеннен кейін Қазақ

хандығында билік үшін сұлтандар арасында күрес тағы да күшейген болатын. Міне осы теке-тірестерден кейін Тақыр хан ел билігіне келеді. Алайда осындай теке-тірестерді жеңіп шыққанымен, Тақыр хан тұсында да Қазақ хандығы дамуымен ерекшелене алмайды. Ол билік еткен 10 жыл ішінде Қазақ хандығындағы сұлтандар арасындағы алауыздықтар тоқтамады. Мысалы беделі күшті кейбір сұлтандар Тақыр ханның билігіне ашық қарсы шығып, өз ұлысын хандықтан бөліп алуға да ұмтылып отырған.

Тақыр ханның сыртқы саясаттағы жүргізген соғыстары да көп жағдайда табысты бола бермеді. Ел билеуге қабілеті төмен, әскери-саяси және елшілік істерге олақ адам ретінде аты шыққан Тақыр хан да ақсүйектер арасындағы қырқыстарды тия алмады. Қазақ хандығының сыртқы саясатында Қасым хан тұсында жеңілген немесе Қасым ханның мықтылығын мойындаған Шайбани әулетімен, Ноғай Ордасымен және Моғолстан хандарымен тағы да жауласты. Бұл соғыстарда казактар жеңіліп, Қазақ хандығы оңтүстіктегі және солтүстік-батыстағы жерінің біраз бөлігінен айырылып, оның ықпалы тек Жетісуда ғана сақталып қалды. Тахир хан Жетісуға қашып барып Моғолстан ханына қарсы қырғыздармен олақ жасасуға бел байлайды. 1527 жылдан кейін ол көбінесе қырғыздарды билейді. Сонымен қатар оның әлсіздігінен туындаған ойрат-жоңғарлардың да қарсылас атануына байланысты, Жетісуға жасаған олардың да шабуылына қарсы күресуге мәжбүр болады. Осындай соғыстар нәтижесінде мемлекеттік билік құлдыраудың алдына шығып, мемлекеттің шекаралық аумағы қысқарады.

Тіпті көрші елдердің шапқыншылықтарына да мардымды тойтарыстар берілмеген болатын. Өйткені 1522 жылы Ташкент билеушісі Сүйініш-Қожа хан, ал 1525-1526 жылдары Сүйініш-Қожа ханның ұлы, Мұхаммед ханнан Түркістан қаласының манында Тақыр ханды жеңеді.

Қасым хан тұсында достық қарым-қатынастарды ұстап келген ноғайларда қазақ ханының әлсіздігі салдарынан және оның жүргізіп отырған саясатының озбырлығынан казак-ноғай қатынасы да шиеленісіп, 200 мың адам Қазақ хандығынан Моғолстанға көшіп кетеді. «Тарихи Рашиди» еңбегінде Тақыр ханның тұсында оның әскери әлсуеті құлдырап кеткендігі туралы мәліметтер бар. Ал

ортағасырлық дәуірде сөзсіз әскер санының кемуі мемлекеттік және ұлттық мүдденің тапталуына алып келетін негізгі фактордың біріне айналып отырған.

Осылайша қалыптасқан саяси бытыранқылық салдарынан XVI ғасырдың 20-шы жылдары ішінде Қазақ хандығы сыртқы саясаттағы мемлекеттік мүдделерін қорғай алмайтын дәрежеге дейін түседі. Орталықтанған биліктің әлсіреуі қазақ хандығының жана қарсыластарының пайда болуына алып келді. Олардың қатарында қалмақ тайпаларын атап өтуге болады.

Жетісуға өз билігін орната алған Тақыр хан қырғыз тайпаларына да үстемдік жүргізуге талпынып отырғандығын атап өттік. Бұл әсіресе Тақыр ханның озбырлығына шыдамаған қазақ халқының одан теріс айналып, көшіп кетуімен тығыз байланысты. Қарамағына бағынатын адам іздеген Тақыр хан қырғыздарға өз үстемдігін орнатуды көздеген сынайлы. Өйткені Тақыр хан Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінде сұлтандар мен билердің қолдауына ие бола алмаған еді. Мұхаммед Хайдар Дулати Тақыр хан Қазақ хандығының ішкі өмірін, қоғамның топтасуы емес, керісінше қоғамды ыдыратушы қасиетінің көп болғандығын атап өтеді. Мысалы автор Тақыр ханды қазақтардың төрт жүз мыңдай адамы тастап кетіп, ханды жалғыз қалдырғандығын айтады. Ол турасында «Тақыр ханның билігі әлсіреген сайын оның қаталдығы мен аяусыздығы өсе түсті. Оның Әбілқасым деген інісі болды. Ханның қаталдығы содан шығып отыр деген оймен қарамағындағылар Әбілқасымды өлтіріп, өздері жан-жаққа тарап кетті» деген болатын.

Билігінің соңғы жылдарын Тақыр хан қырғыз тайпалары арасында өткізді және сол жерде қайтыс болады. Т.И. Султанов Тақыр хан туралы: «... Оның дипломатиялық, әскери таланты болмады, ... шексіз қаталдығымен, және әділетсіздігімен ерекшеленді. Сонымен қатар мемлекетті басқаратындай қабілеті болмағандықтан, жалпылама қарсылыққа душар болды. Өз халқынан қуылды» деген пікір білдірген болатын.

Тақыр ханнан билік кеткен соң Қазақ хандығындағы билік бірнеше тармаққа бөлінеді. Өйткені 1533-1538 жылдары бірнеше хан билік еткені белгілі. Мысалы Қазақстанның батыс бөлігінде Қожа Ахмет немесе Ахмет хан, Жетісу жерінде Бұйдаш хан, Мауреннахр жерінде Тоғым хандардың аты шығады. Осы

хандардың қоғамдық-саяси ашып көрсетуге тарихи деректердегі мәліметтер өте аз. Мысалы Бұйдаш хан басқа да тарихи деректерде Бұйлаш хан, Бойлаш хан, Бублаш хан, Бутлаш хан деп те кездеседі. Жәнібек ханның немересі, Әдік султанның ұлы Тақыр ханның інісі болып табылады. Тақыр хан қайтыс болған соң таққа, яғни 1532 жылы отырған. Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде Бұйдаш хан көп жыл ел билей алмаған. Дегенмен «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» сынды деректерде Бұйдаш хан 20 жылдан аса хан болған десе, Т. И. Султанов Шығыс деректерінің мәліметтеріне сүйеніп, Бұйдаш ханды 1559 жылы қаза тапқан деп есептейді.

XVI ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы Қазақ хандығының қоғамдық-саяси өмірі әртүрлі деректе әрқалай сипатталады. Оның бір себебі, сол жылдары қазақта бірнеше ханның болуынан.

Бұйдаш хан 1556 жылы Шығыс Түркістандағы моғол билеушісі Рашид ханның ұлы Абд ал-Латиф сұлтанның қазақтар мен қырғыздарға жасаған жорығына тойтарыс береді. Бұйдаш хан бастаған қазақ-қырғыз біріккен әскерімен соғысқан моғол сұлтаны жеңіліп, қаза табады. Бірақ Рашид хан бастаған әскер келіп, Бұйдаш хан жеңіліске ұшыраған болатын.

1559 жылы Бұйдаш хан Мауреннахрға жорығын ұйымдастырады. Бұл жорыққа 20-дан астам қазақ сұлтандары қатысқан болатын. Алайда бұл шайқас қазақтар үшін жеңісті болмаған. Сайрам манында шайбанилық билеушілермен болған ұрыста қазақ әскерлері дауылға тап болып, жеңіліс табады. Осы ұрыста Бұйдаш хан да қаза тапты деген мәлімет бар. Бұл туралы Қадырғали Жалайыр: «Бұйдаш хан Барақұлы Дервиш ханмен соғыста өлді. Бес ұлдың ұрпағы жиырма төрт сұлтан сонда шаһид болды» деген мәлімет келтіреді.

Әрине Бұйдаш хан мен Дервиш хан арасындағы соғыс Сыр бойындағы қалалар мен өңірлерге иелік ету мақсатында жүрген болатын. Жалпы Қазақ хандығы құрылғаннан өзекті болған Сыр бойы қалалары үшін талас-тартыстардың жалғасы болған Бұйдаш хан мен Дервиш хан арасындағы соғыс та осы сипатта өрбіген болатын. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде Бұйдаш ханның Мауреннахрға жорығы туралы екі аңызды келтіреді. Бұл аңыздар да біз жоғарыда айтқан қазақтардың дауылға тап болуымен тығыз байланысты сипатталады.

Қазақ хандығының дағдарысты жылдарында ел басқарған Ахмет хан туралы да, оның шығу тегі жөнінде нақты мәліметтер ешбір деректе айтылмайды. Қадырғали Жалайырдың еңбегіндегі «Ораз-Мұхаммед хан дастаны» атты тарауда негізінен Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері туралы айтады. Ахмет ханды Жәнібектің тоғыз ұлының бірінен тараған ұрпақ ретінде сипаттайды.

XVI ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы мен 30-шы жылдардың бірінші жартысында Ахмет хан Қазақ хандығының батысында билік еткен. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, Бұйдаш хан біз жоғарыда келтірген Тақыр хан 1524 жылы ноғайлармен соғысқан уақытта казактардың бір бөлігі оған бағынбай кеткендігі туралы айтылады. Міне зерттеушілер дәл осы бөлінген Ахмет хан деп есептейді. Өйткені жазба деректер мәліметтері Ахмет ханды ноғайлармен күресте болғандығын атап өтеді. Осылайша казак-ноғай шайқастарының бірінде Ахмет ханды Мұсаның немересі Орақ батырдың өлтіргендігі туралы мәліметтерді Қадырғали Жалайыр атап өтеді.

Қазақ хандығының дағдарысты жылдарында ел билеп, деректерде аты аталатын тағы бір хан - Тоғым хан болатын. Ол Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтанның ұлы болып табылады. Тоғым хан туралы ортағасырлық еңбектерде өте аз мәліметтер кездеседі. Тоғым ханның соғыстары турасындағы жекелеген әрі мардымсыз мәлімет тек Қадырғали Жалайырдың еңбегінде ғана айтылып кетеді. Бұл шайқас туралы бірқатар зерттеушілер жекелеген пікірлерін білдіреді. Солардың ішінде анағұрлым шындыққа жақыны ол бұл шайқасты 1537 жылы казак-моғол қатынасындағы Тоғым хан мен Рашид хан арасында болған деген пікірді атап өтуге болады. Ал Тоғым хан болса дәл осындай қактығыстар барысында қайтыс болған сынайлы. Өйткені мұндай қактығыстар XVI ғасырдың 20-30-шы жылдарында да өршіп тұрған болатын. Міне осындай бір күрестің бірінде Тоғым хан 37 казак сұлғанымен бірге қаза тапқан деген пікір бар.

Қасым ханнан кейін немесе XVI ғасырдың 20-30-шы жылдары Қазақ хандығының дамуында тежелу кезені болғандығы анық. Бұл әрине ішкі саяси топтасудың болмауы салдарынан орын алып отырған. Тақыр, Бұйдаш, Ахмет, Тоғым хандардың билігі де осының айқын дәлелі болып табылады. Дегенмен Қазақ

хандығының қайтадан күшіне еніп, Ғасым хан тұсындағы әлеуетіне тек Хакназар ханның билік ету жылдарынан бастап қайта ене бастайды.

Қасым ханның баласы Хакназар хан 1538 жылы билікке келеді. Оның билік еткен жылдарында қазақ хандығы қайта бірігіп, дами түскен болатын. Сондықтан да болар билік орталықтана түсіп, Хакназар Қазақ хандығын 42 жыл биледі. Салыстырмалы түрде алғанда қазақ хандарының ішінде Хакназардай ұзақ жыл ел басқарған хан болған емес. Оның ел басқару жылдарында өзін әскери-саяси істері саласында қажырлы да қабілетті қайраткер ретінде көрсетті. Сонымен қатар қалыптасқан аса күрделі саяси жағдайларда өзінің дипломатиялық дарыны мол саясаткер ретінде таныта білді.

Хакназар хан таққа отырған соң хандық үкіметтің билігін нығайтып, күшейтуге барынша тырысты. Қазақ хандығының уақытша әлсіреген жылдарында ел басқарған Тахир хан және Бұйдаш хан тұсындағы саяси бытыранқылығы басым болған Қазақ хандығын қайта күшейтті. Тахир хан тұсынан басталған қазақ-қырғыз одағын нығайтып, сол себепті де Хакназар хан «қазақтар мен қырғыздардың патшасы» деп те сол заманның тарихи деректерінде аталып жүрді. Әрине қазақ қырғыз одағының белгілі бір дәрежеде саяси маңыздылығы аса жоғары болды. Өйткені одақтас ретінде Хакназар Моғолстан хандарының Жетісу мен Ыстықкөл алабын жаулап алу әрекетіне тойтарыс берген болатын.

Хакназар хандық құрған дәуірде қазақ хандығының сыртқы жағдайында аса ірі тарихи оқиғалар да болып жатқаны белгілі. Ол әсіресе Қазақ хандығының геосаяси жағдайымен де тығыз байланысты. Өйткені осы жылдары орыс мемлекеті шығысқа қарай ірге кеңейту саясатын жүргізіп, 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахань хандығын Ресейге бағындыра алды. Осындай қысымға байланысты Еділ мен Жайық арасында ұлан-байтақ өңірді мекендеп, өз мемлекетін құрған Ноғай ордасы да ыдырай бастады. Мысалы Хакназар хан тұсында Ноғай ордасын билеген маңғыт мырзаларының арасында үкімет билігіне таласқан феодалдық қыркыс үдей түскен болатын. Бұл қыркыстар халық бұқарасын қатты күйзелтіп, жаппай наразылығын тудырды. Осы жылдары Ноғай ордасының билеушілерінің бірі болған Ысмағұл мырза ішкі феодалдық қыркыста өз ағасы Жүсіп мырзаны өлтірген болатын.

Өз кезегінде Жүсіп мырзаның балалары Ысмағыл мырзамен соғысуға бел байлап, осының салдарынан Ноғай ордасында өзара қырқысқан екі топ пайда болған болатын. Ысмағыл мырзаның тобы Мәскеу княздығына қосылуды жақтаса, оған қарсы топ Қазақ хандығына қосылуды жөн деп тапты. Қалыптасқан жағдайды пайдаланған қазақ ханы Хакназар Ноғай ордасының көп ұлысын өзіне қосып алу саясатын белсенді жүргізе бастады. 1557 жылы Ноғай мырзасы Ысмағыл орыс патшасы IV Иванға: «Менің туыстарым қазір Жайықтың арғы жағында, бізден қалып қойып, қазақ патшасына қосылып кетті» деген мәлімет берген болатын. Хакназар хан Ноғай ордасының ыдырауын пайдаланып Жайық жағалауындағы көшпелі тайпаларды қазақ хандығына қосып алумен қатар, территорияны ұлғайту саясатын да жүргізе бастады. Өйткені батысқа қарай көшкен Ысмағыл мырза бастаған ноғайларға шабуыл жасап ығыстыру арқылы жерді кеңейту саясатын жүргізді. Ол туралы орыс патшасы IV Иван ноғай арасына жіберген елшісі Семён Мальцев 1569 жылы орыс патшасына: «Хакназар патшаның, Шығай ханзаданың, Шалым ханзаданың қазақ ордалары, ал олармен қоса 20 ханзада ноғайға келіп, ұрыс болды» деп хабарлаған болатын.

Әрине бұл жайт Ноғай одағын құлдыратып, ауыр дағдарысқа тап қылды. Хакназар хан тұсында Қазақ хандығының күшеюі Ноғай ордасына қарасты қазақ тайпаларын Қазақ хандығына қосылу ниетін тудырды. Соның нәтижесінде Ноғай одағына қарасты көшпелі тайпалардың бір бөлігі қанлылар, қыпшақтар сынды тайпалар Қазақ хандығына келіп қосылды.

Әрине мұндай қазақты құраған тайпалардың көшуі Хакназар хан тарапынан тек қолдау тапты. Кейбір зерттеушілердің пікіріне қарағанда Хакназар ханның шабуылы ноғай тайпаларының Еділ мен Жайық өңірін тастап, Дон сахараларына қарай кетуінің бірден-бір себебі болған. Осы туралы Ахмет Заки Уәлиди: «1569 жылы Шығай, Хакназар, Шалым сұлтандар бірлесіп, Ысмағылдың баласы Орыс сұлтанға шабуыл жасады. Осыдан соң ұзақ тұрмай ноғай мырзалары ақырындап елдерін Жайық пен Еділдің батыс жағына, Дон сахараларына көшіруге, башқұрт елдерін тастауға мәжбүр болды» деген мәлімет береді. Сөзсіз ноғайлардың көшіп кетуі Қазақ хандығының жерін кеңейтіп, күш-қуаты мен беделін арттыруына себеп болды. Тарихи дерсктерде қазақ ханы

Хакназарды «казактар мен ноғайлардың ханы» деп атауы да дәл осы оқиғалар желісінен туындаған. Міне XVI ғасырдың ортасында ауыр дағдарысқа ұшыраған Ноғай одағы ішкі феодалдық қайшылықтар мен қырқыстардың және халық бұқарасының феодалдық үстемдікпен қанауға қарсы күрестерінің нәтижесінде 1569 жылдан соң мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатады. Осылайша Ноғай ордасына қараған казакты құраған тайпалар мен олардың этникалық территориясы Қазақ хандығына бірікті. Соның ішінде Ноғай ордасының астанасы болып келген Сарайшық қаласы да казак хандығына өтті. Бұл казак хандығының, казак тайпаларының және казактардың этникалық территориясын біріктіру және кеңейту жолында жасаған жеңісті кадамдарының бірі болды деп айтуға негіз бар. Әрине бұл саяси тұрғыдан маңызды болса, рухани тұрғыдан да маңызды жағы болды. Мысалы «Қырымның қырық батыры» сынды эпостық жырлар да казак мәдениетінің қазынасына қосылды.

Ноғай ордасының ыдырауы, оған қарасты казак тайпалары мен олардың мекендеген жерлерінің казак хандығына қосылуы хандықтың батыс, солтүстік және оңтүстік жағындағы жағдайда өзгеріс тудырған болатын. Бір жағынан Ноғай ордасының ыдырауының тиімсіз жақтары да болды. Мәскеу мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы кен өңірді алып жатқан Ноғай одағының ыдырауы нәтижесінде оның бір бөлігінің Қазақ хандығына қосылса, енді бір бөлігінің орыс патшасына бағынғаны белгілі. Бұл жайт шығысқа қарай кеңейіп келе жатқан орыс мемлекетінің шекарасын Қазақ хандығына жақындата түсті. Осылайша 1563 жылы Сібір хандығының билігін тартып алған Көшім хан ендігі жерде Қазақ хандығына деген қарсы саясат ұстана бастады.

Осындай күрделі жағдайлармен есептескен Хакназар хан Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгертуге мәжбүр болды. Мысалы өзінен бұрынғы казак хандары үнемі жауласып келген Мәуренахрдағы Шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылған болатын. Осылайша Орта Азияның ең ірі қалаларының бірі Ташкентті басып алуға бағытталған әскери қимылдарын тоқтатты. Сөйтіп шайбани әулетінен шыққан Бұхара ханы II Абдолла мен казак ханы Хакназар «қастаспай дос болып, өзара көмектесу» жөнінде келісімге келеді. Қалыптасқан жағдайға

байланысты Хакназар ханның бұл дипломатиялық іс-әрекеті дұрыс болған. Осының негізінде XVI ғасырдың 60 жылдарының соны мен 70 жылдарының басында екі коршілес елдер арасында соғыс кимылдары тоқтап, бейбітшілік орнады. Қазақ саудагерлері Орта Азия халқымен сауда-саттық қарым-қатынасында еркіндік алып, екі ел арасындағы экономикалық байланыс одан әрі дами бастады. Мұның өзі Қазақ хандығының ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, халқының шаруашылық өмірінің оңалуына тиімді болды. Бұл өз кезегінде Қазақ хандығын да нығайта түсті.

Бұхара ханы II Абдолла тұсында Ташкент маңын Барак ханның баласы Баба сұлтан билеген болатын. Ол өзінің ішкі және сыртқы саясатында Бұхараға бағынбай өз алдына ел билеп тұрды және үнемі Абдолла ханмен соғысқан болатын. Осылайша Баба сұлтан Бұхара хандығынан бөлініп шығуға әрекет етті. Қазақ ханы Хакназар өзбек хандарының өзара қырқысына араласып, біресе Абдолла ханды, біресе Баба сұлтанды қолдап екеуін де әлсіретуге тырысқан. Осы арқылы өздеріне Қазақ хандығының саяси жағдайын нығайтуды көздеді. 1579 жылы Абдолла хан Баба сұлтанға қарсы жорық жасаған болатын. Қазақ ханы Хакназар оның Баба сұлтанға қарсы ашқан соғысты, яғни Абдолла ханды қолдаған. Осы арқылы Абдолла ханнан Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы қайтарып алуға мүмкіндік алды.

1579 жылдың екінші жартысында казак сұлтандары әскерлерімен Ташкентке келді. Олар қайтадан Абдолла жаққа шықпақ болып, Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы астыртын әрекет істеуді жоспарлаған тұста, осы әрекетті сезген Баба сұлтан казак сұлтаны Жалымды, оның екі ұлын, Хакназар ханның екі ұлын өлтіреді. Сонымен қатар оның астыртын жіберген адамы 1580 жылы Хакназар ханды өлтірді.

Хакназар хан билікті нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсаған билеушілердің бірі болды. Өзінен бұрын бытыраңқы жағдайға түскен Қазақ хандығын қайта біріктіре де алды. Хакназар қазақ-қырғыз одағын одан әрі нығайтып, сол заманның тарихи деректерінде «казактар мен кырғыздардың патшасы» деп аталды. Қадырғали Жалайырдың айтуынша «Оның да атағы мен абыройы туралы көп айтылады. Алайда Хакназар хан өз араларында болған қактығыстарда қаза болған» деп екі ел арасындағы саяси қактығыстардың құрбаны болғандығын айтады.

Міне Қазақ хандығының нығаюуына үлес қосқан Хакназар хан қаза болған соң оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Жәнібек ханның немересі Шығай 1580-1582 жылдары хан болды. Ол бұл кезде сексен жаста болғанымен, қазақтардың ішінде беделді хан болды. Оның өміріне қатысты мәліметтер тарихта аз сақталған. Шығай хан қазақ хандығының сыртқы саясатындағы Хакназар хан ұстаған бағытты жалғастырды. Ол Әз Жәнібектің тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтанның баласы болатын. Әкесінің о бастан иеленген аймағы Сырдың төменгі ағысынан Арал теңізінің шығысына және солтүстігіне қарай созылып жатқан кең далада өскен ол, ноғайлар Башқұрт жеріне хан етіп бекіткен немере ағасы Хакназар 1537 жылы қазақ жеріне қайтып оралған соң, оның сенімді тірегіне айналды. Билікке деген құмарлығы жоқ, жақынға бауырмал, біртоға да байсалды Шығай хан жастайынан сұлтандар арасында да беделді еді. Осы кездерден бастап, ол ағасы Хакназардың моғолдарға және ташкенттік шайбандықтарға қарсы жорықтарына белсенді қатысты. Қазақ хандығы қайта күшейіп, Хакназар хан батысқа, ноғайлардың Шейх-Мамайлық ұрпақтарына қарсы жойқын жорықтарында да ол ханның сенімді тірегі болды. 1569 жылы күзге қарай Шығай сұлтан Хакназар ханның ноғайлардың билеушісі Дінмұхаммедке қарсы жорығына да басқа жиырма сұлтанмен бірге белсенді қатысты. Алайда орыс патшасы IV Иван астрахандықтарға көмекке жіберген жақсы қаруланған воеводалары ноғайларға көмекке келіп, қазақтарды талқандады. Ұрыс даласында бірнеше қазақ сұлтандарының денелері шашылып қалды. Мұндайдың талайын көрген Хакназар, қайта күш жинап, келесі жылы ноғайларға қайта тиісті. Мұнда да ханды қолдауда Шығай сұлтан ерекше көзге түсті. Өзі бұл кезде о дүниелік болған Бұрындық ханның қызы Дадым ханымға үйленген Шығай сұлтан өзінің туған қайынбикесі Бұрындықтың үлкен қызы Михр-Сұлтан ханым арқылы Бұқар билеушілерімен жақын байланыс орнатты. Жалпы, Бұрындықтың Михр-Сұлтан ханымнан басқа тағы екі қызының шайбандық сұлтандарға ұзатылғаны белгілі. Аталмыш қайынбикесінің және одан өсіп өнген шайбандық сұлтандардың бұл аймақта аса ықпалы болып, Самарқанның өзінде де, оның айналасында да үлкен аймақтарды өздерінің меншігінде ұстауы Шығайдың Бұқар билеушісі шайбандық Абдолламен жақындасуына жол ашты. Мұндай байланыстарда Абдолланың да

өз есебі бар еді. Ол Бұқараны билеумен шектелмей, бұрынғы Шайбан әулетінің қол астында болған барлық аймақтарға үстемдік жүргізуді көздеді. Сондықтан да ол Сібірде билікті шайбандық Ибрагим-Ибақтан тартып алған Тайбұға әулетіне қарсы күресуші Көшімді қолдап, оның хан тағына отыруына көмек көрсетті. Қысқа мерзімде Мәуереннахрды өзінің қол астына қаратқан Абдолланың жолына кедергі оған бағынудан бас тартқан ташкенттік шайбан билеуші Баба сұлтан болды. Ол алғаш Хакназар ханмен Баба сұлтанға қарсы бірігіп күресетін болып ант-су ішісіп, одақтасқан еді. Алайда Хакназар хан Баба сұлтанның айла-шарғысының құрбаны болып, 1580 жылы оның төтенше шабуылының нәтижесінде қаза тапқан соң, Абдолла қазақ сұлтандары арасынан жаңа одақтасты іздестірді. Мұндай адам табылды да. Ол жасы келіп қалса да әрқашан асықпай шешім қабылдайтын, байсалды да салмақты, ең бастысы самарқандтық шайбан сұлтандарымен әйелі жағынан бажалық, жегжаттық байланысы бар және әрқашан да Хакназардың мақсатына адал болған Шығай сұлтан еді.

Ол Шайбани мұрагерлерінің арасындағы қактығыстарды қазақ мемлекетін нығайту мақсатында ұтымды пайдаланды. 1582 жылы Бұхара ханы Абдолла қазақ ханы Шығай және оның баласы Тәуекел сұлтанмен күш біріктіріп, Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы Ұлытау жорығын ұйымдастырды.

Бұл шайқаста Шығай хан мен Абдолла арасындағы өзара көмек көрсететін келісім жасасқан. Шығай хан мен Абдолла хан өзара келісімге келер тұста Бұқара ханының елшісіне Шығай хан «Өзім тірі болсам ешқашанда Баба сұлтанмен достаспаймын, оны көргім де келмейді» деген екен. Абдолла ханға да керегі осы еді. Ол Ташкент пен Түркістан аймағында Баба мен Бұзағыр сұлтанмен, ал, Ферғанада Мехди, Абдол Гаффар, Хяшим сұлтандармен екі жақты күресті жүргізуде Шығай ханның қолдауына сүйенуді ойластырды. 1581 жылы маусым айында баласы, болашақ қазақ ханы Тәуекел сұлтанды және тағы басқа балаларын ертіп Абдолла ханның ордасына келді. Абдолла оны үлкен құрметпен күтіп алып, оның келу құрметіне айран-асыр той ұйымдастырып, зор қошемет көрсетті және оған ихта ретінде Ходжент аймағын сыйлады. Ол турасында Хафиз Ганыш «Ұлы мәртебелі өзіне тән мейірбандылық пен қайырымдылығымен Шығай ханға сыйластығы мен құрмет көрсетті. Оны аса мейірбандылығымен құрметтеп, ихта ретінде

Ходжент жерін берді. Ол Шығай ханға көмек көрсетуге уәде беріп, оның құрметіне патшаларға лайықты той жасады» деген болатын. Шығай сұлтан өзінің үлкен жанұясын осында, Абдолла өзіне сыйлаған қауіпсіз аймаққа орналастырды. Оның ішінде алғашқы әйелінен Сайдқұл сұлтан, Ондан сұлтан деген ұлдары, ал екінші әйелінен кейіннен қазаққа бас хан болған Тәуекел хан, Есім хан атты ұлдары, сондай-ақ үшінші әйелінен тағы да төрт ұлы болды. Сонымен қатар ханның басқа әйелдерінен де Күшік сұлтан, Абылай сұлтан, Әбу Сайд, Шах Мұхаммед тәрізді балалары болған. Хакназар ханның артында қалған екі баласы жоғарыда атап кеткеніміздей, әлі жас болғандықтан, ортақ жау Баба сұлтанға қарсы күресте одақтас бұқаралық Абдолла ханның оны Хакназардың орнына қазаққа хан сайлау әрекетіне қазақ сұлтандары қарсы бола қойған жоқ. Шындығында да, хан тағына отырған алғашқы күннен бастап Абдолламен бірге Шығай Баба сұлтанның сонына түсті және 1582 жылы оны өлтіріп, Хакназар ханның кегін қайтарды. Соғыста аса жаужүрек, дарынды қолбасы бола тұрса да, Шығайдың ата жау шайбандықтармен жақындасуы және солардың ықпалына түсуі қазақ сұлтандарына ұнай қоймады. Ол бұқаралық шайбан сұлтандарымен ғана емес, сібірдегі шайбан ханы Көшімнің бауыры Ахмед-Керейге өзінің бір қызын ұзатып, олармен де туыстасты. Осының бәрін байқап отырған, және шайбандық өзбектерге жұлдызы қарсы қазақ сұлтандары қартайып, күш қуаты қайтқан Шығайдан қашақтап, мүмкіндігінше одан дербес және аулақ болуға тырысты. Тіптен одан өзінің досы әрі туысы болған Хакназар ханның балалары да бөлек кетіп, оның қарсыласы болып табылатын ташкенттік шайбан билеушілерінің қоластына көшті. Осындайда ешкімге керегі болмай окшау қалған Шығай қазақ даласындағы билікті балалары Тәуекел мен Есімге тапсырып, өзі кезінде өзіне Абдолла хан сыйлаған Ходжент аймағына көшіп барды. Осында 1582 жылы қайтыс болды. Баласы Тәуекел бастаған қазақ сұлтандары оның денесін Бұқараға жақын маңдағы Құшкент елді мекеніндегі Әлиата қабіріне қойды. Алайда өзінің тағдыры осындай күрделі әрі аянышты бола тұрса да Шығай хан өзінің ұлдарын ел басқаруға, қазақ мүддесін қорғау жолында әркашан батырлық пен батылдық танытуға тәрбиелеген. Тынымсыз қанды жорықтарда және игі жақсылардың басы қосылған алқалы жиындарда есейген ұлдарын өзіне жақын ұстаған және оларды ел

басқару ісіне ерте араластырған ол тұтас әулетке үлгі болды. Әкенін қайраткерлік жолын жалғастырған оның соңында қалған балалары қазақ мемлекетінің билігін, бас тізгінін екі ғасырдай қолдарынан шығармай, сенімді ұстады. Қазақ елін тәуелсіздіктің шұғылалы жолына салып кетті. Басқасын былай қойғанда Шығай хан қазаққа Тәуекел, Есім тәрізді айбарлы да айбынды хандарды тәрбиелеп, лайықты так мұрагерлерін кейінге қалдырған. Мысалы ресми түрде Шығай хандық билікте отырғанымен, іс жүзінде ұлы Тәуекел сұлтан қазақ әскерін басқарып отырғаны осындай мұрагер дайындауының бір көрінісі болған деп айтуға негіз бар.

Шығай хан бастаған жорықтан Баба сұлтан жеңіліп, Дешті-Қыпшақ даласына кашуға мәжбүр болды. Біріккен өзбек, қазақ әскерлері Баба сұлтанды Сарысуға, Ұлытауға дейін қуды. Шығай хан сол жорықта қайтыс болды. Түркістанға қайтып келе жатқан Баба сұлтанды Тәуекел сұлтан өлтіріп, басын Абдоллаға әкеледі. Қас жауын жойғанға риза болған Абдолла хан Тәуекелге Самарқан өлкесіндегі Африкент уәлаятын тарту етеді.

В.В. Вельяминов-Зернов өз еңбегінде: «Жәдіктің ұлы Шығай ұзақ ғұмыр кешкен, шамамен 80 жылдай» деген болатын. Ал Т. Сұлтанов «Шығай тосыннан болған хан. Оның үлкен гаремі, көп әйелдері және ол үлкен отбасының басшысы еді. Биліктің пирамидасына Шайбанилық Абдолла ханның ықпалымен келді» десе, тарихшы А. Миллер: «Денесі мен рухы әлсіз, кәрі, 80 жастағы Шығай Қазақ ханы болды. Жәнібек әулетіндегі ең үлкені болғандықтан да билікке келді» деген мәлімет келтіреді. Осы мәселені зерделеген, Қойшығара Салғараұлы Шығайдың хандық билікке келуінің үш себебі бар деп көрсетеді. Олар: «Біріншісі Шығай сұлтанның өзінің жеке басының елге сыйлылығы. Оның көзсіз батырлығы жөнінде халықтың әлі күнге дейін жыр қылып, тамсана айтатынын дәлел етуге болады. Екіншісі Шығайдың ұлдарының Тәуекел, Есім, Ондан және тағы басқалары хандыққа тіреніш, ханға демеу болған. Үшіншісі Шығай Қазақ хандарының іргелі тұқымы Жәнібектің кенже ұлы Жәдіктің баласы болды және де Абдолланың әкесі Ескендірдің таққа отырып, ал, баласы оның атынан барлық істі тындыруы сияқты, Тәуекел де өз әкесін хан етіп, өзі барлық істерге белсене қатысып жүрген» деген болатын.

Бұл жөнінде М.Х. Әбусейтова: «Хакназардың өлімінен кейін Шығай Баба сұлтанға қарсы аттанды, осы ісімен келешекке үміті

зор Абдолла ханга адалдығын дәлелдегісі келді» деген пікір білдірген. Сонымен қатар XVI ғасырдың 80 жылдарынан бастап Шығай мен Тәуекел хандар Бұқара ханына қызметке кіргендігі туралы да ақпарат береді. Алайда Шығай хан тұсындағы Қазақ хандығының жүргізген саясатына мән берсек Бұқарамен терезесі тең одақтас ретінде сипаттауға болады. Осы екі ел бір мақсат пен мүддені көздеп, яғни Баба сұлтанدى құртуы ойы арқылы біріккенін де ескеру қажет. Сонымен қатар Абдолла ханның Шығай ханға құрмет көрсетіп, оған ихта ретінде жер беруі казактардың Бұқара хандығымен терезесі тең ел екенін және де Абдолла ханның Қазақ хандығында мүддесі болғаннан көрсетеді. Хан тағында Шығай екі-ак жыл отырды. 1582 жылдан кейін оның ағы деректерде кездеспейді. Бұл турасында Қадырғали Жалайыр «Шығай ханның хикаясы әркашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды. Ақырында ол да дүниеден өтті. Бұл күнде оның кабірі Күміскентте, Әли-Атаның қасында жерленген болатын» деп Шығай ханның соңғы күндерін айшықтаған.

Көптеген тарихшылар Шығай ханның Мауреннахрда, өз елінен тыскарыда қайтыс болғанына байланысты түрлі пікірлер айтады. Тарихшы М.П. Вяткин Шығайдың Мауреннахрға келуін, оның Бұқара хандығына өтуі деп қабылдайды да, оны казак ханының өз қуатының әлсірегенін сезіп, Абдолладан пана іздеуі деп түсіндіреді. Ал, А.П. Чулошников казактардың Талас өзені жағасында Баба сұлтанмен күресте жеңіліс табуы оларды сыртқы катынастарда әлсіретіп тастады, өйткені, оларға бүлікші Баба сұлтанмен шағат ұрпақтарынан шыққан моғол хандары екі жақтан қауіп төндірді дейді. В.П. Юдин Шығай ханды казактардың өзге хандары қуып жіберген десе. Ал, М.Х. Әбусейтова Шығай ханды казактардан бөлініп, халқына қарғанды болып, Шайбанилер арасына кетіп, жалғыздықта өлген Тахыр хан секілді дүниеден өтті деген тұжырымдар жасайды. Осы пікірлерді Қойшығара Салғараұлы ешбір негізсіз деп тауып: «Шығай хан Абдолла сұлтаннан Ходжентті алып, мұнда нақибанд ұйымының сопыларының қоршауында болған. Ол сырттан қаңғып өлмеген, ресми түрде казактың ханы атанған күйінде, өз жөнімен, өз ажалымен, өз иелігі Ходжентте жарық дүниемен қоштасқан» деген тұжырымды ой айтады және ең бастысы бұл шындыққа да анағұрлым жақыны болып табылады. Өйткені Шығайдан кейін хан

болған өзінің ұрпақтары Тәуекел, Есім сұлтандар өз әкелерінен жоғарыда келтірілген негізсіз пікірге сай, Шығай ханнан безінуі шындықтан алыс. Сондықтан Шығай ханды қаңғып өлді деуге негіз де жоқ секілді.

Шығай хан қайтыс болғаннан кейін билікке Тәуекел хан келеді. Хафиз Таныш осы хан туралы: «Батырлығы, ерлігі мен күштілігі жөнінде ол әлемде жалғыз еді және Дешті-Қыпшақта атакты болды. Оның сырт келбеті де сұлу, ақындық таланты да бар», – деп сипаттайды. И.В. Ерофеева Тәуекел ханды: «Қазақ хандығының басында тұрғандағы барлық кезеңінде Тәуекел өзін талантты және тез шешім қабылдай алатын қолбасшы, сыртқы саясатта шебер тактика пайдалана алатын хан ретінде көрсете алды», – және «Тәуекел жастық шағын елінен алыста Бұқара хандығында өткізіп, XVI ғ. 80 ж. өз әскерімен Абдолла ханға қосылып, бірігіп белсенді түрде Баба сұлтанмен күресіне қатысты». Шайбанилық Абдолла ханның сарайында жүргенде жас сұлтанға Бұқара ханы сыйластықпен өзіндік ерекше мейірімділікпен қарады. Қазақ сұлтаны Абдолла ханның баласы Абдал Момынмен және көптеген сұлтандармен әскери жарыстарда Тәуекел көзге түсіп, осы үшін де бірнеше рет «алтын жіппен тігілген халат, қымбат тастармен әшекейленген бас киім мен белбеусмен» марапатталғанын Хафиз Таныш жазады. Т. Сұлтанов «Тәуекел хандық билікке өте қиын кезеңде отырды. Бір жағынан Шайбанилық Абдолла, моғол және жонғар қатынастары шиеленісте болды. Осындай тұста Тәуекел өзін соғыстың білгірі, епті саясаткер екенін көрсете алды» деген пікір келтіреді.

Осыдан кейін, 1583 жылы жазда Тәуекел Абдолла ханның Әндіжан мен Ферғанаға жасаған жорығына қатысады. Бұл жорықта Тәуекелге Шайбанилық Махди сұлтан мен Баба сұлтанның ұлы Абдалл Ғаффарды өлтіру сәті түседі. Осы жорықтан қайтып келе жатып Хафиз Таныштың айтуынша: «Әндіжан мен Ферғанаға жорықтап қайтып келе жатқанда Абдолла ханның Тәуекелге теріс ниетінен күдіктеніп, оны тастап, өзінің Дешті-Қыпшағына кетіп қалды» деген мәлімет береді. Бұл мәліметтің белгілі бір дәрежеде шындыққа ұласатын еді. Өйткені Абдолла хан Жошы ұрпағы Тәуекелдің Орта Азиядағы билікті заңды түрде алғысы келеді деп санаған. Сол себепті де болар Абдолла қазақтарға Түркістан өңіріндегі 4 қаланы беремін деген уәдесін орындамаған болатын.

Осы сипаттағы қарым-қатынастарға қатысты Т. Сұлтановтың айтуынша: «Тәуекел Абдолла ханның қол астында қалып, өзінің құқықсыз хан ретінде жүруден бас тартады. Мәуереннахрдан Ұлы далаға Абдолла ханға қарсы әскер жинау үшін оралды» деген болатын.

Тәуекел хан Бұхара ханы Абдолламен жасасқан шартты бұзып, казак және өзбек билеушілері арасындағы жаугершілік қайта қоздады. Абдолла ханмен одақтан Тәуекел ханның бас тартуының себебі, біріншіден, Абдолла әуелдегі Түркістаннан төрт қала беруі туралы уәдесінен бас тартады, екіншіден, біздің ойымызша, басты себеп – Абдолла Тәуекел ханның беделінен, батырлығы мен батылдығынан қорқа бастайды, яғни Тәуекел ханнан өзінің бақталасы ретінде қауіп төнгенін сезді. Өйткені кезінде бүкіл Мәуереннахрды Тәуекелдің көмегімен Шайбани мемлекетінің қол астына біріктірген болатын. Тәуекел хан да Жошы ұрпағы болғандықтан, бүкіл Орта Азияны билеуіне толық құқығы болды. Тәуекел сыртқы саясатында хандықтың оңтүстігіндегі қалаларда билікті нығайтуға күш салады. Ендігі жерде ол Сыр бойындағы қалалар үшін Абдолламен күресті бастайды. 1586 жылы Ташкентті алуға әрекет жасайды. Абдолланың негізгі күштері Мәуереннахрдың солтүстігінде шоғырланды. Бұны білген Тәуекел хан Мәуереннахрдың оңтүстік аймақтарына шабуыл жасайды. Оның шабуылы Түркістан, Ташкент, Самарқанд қалаларына қауіп төндіреді. Бірақ Тәуекел ханның Ташкентті алуға жасалған алғашқы жорығы сәтсіз аяқталады.

1588 жылы оқиға казак халқының тарихында маңызды оқиғалардың бірі орын алады. Бұл жылы Абдолла ханның билігінің заңдылығын немесе заңсыздығын анықтайтын Ташкент көтерілісі орын алған. Бұл уақытта Абдолла хан Гератта соғысып жатты. Ол туралы Хафиз Таныш «бұл Ташкенттегі көтеріліс Абдолла ханның заңсыз хандық билікке келуіне қарсылық еді» дейді. Шайбанилық әулеттің дәстүрі бойынша ханды билікке шайбанилық әулет өкілдерінің қалауымен, мақұлдауымен отырғызатын. Бірақта, Абдолла билікке шайбанилық сұлтандардың емес, әмірлердің көмегімен келді. Өйткені, Абдолла тақтың заңды мұрагері болмағандықтан және шайбанилықтар хандық билікке Абдолладан жасы үлкен шайбанилықтардың бірін отырғызады деп қорқып, ол

әкесі өлгеннен кейін тез арада әмірлермен келісіп, өзін хан жариялайды. Сондықтан да, ықпалды әкесүйектер мен шайбанилық сұлтандар бүлік шығарған. Осылайша, көтерілісшілер Абдолла ханның даруғасын өлтіріп, қазақ сұлтаны Жан-Әліні хан етіп көтереді. Ташкент уәлиятіның билеушісі Өзбек сұлтан Абдолла мен басқа да шайбанилықтарға шабарман жіберіп, көмек сұрайды. Алайда, көмек келсе де, көтеріліс тоқтамады. Көп кешікпей бүлікшілерге Хакназардың ұлдары Мыңғытай мен Дін Мұхаммет сұлтандар келіп қосылады. Бұл көтеріліс үш айға созылып, бұқаралық сипат алғанымен тез басылып, жаншылды. Көтеріліс нәтижесінде Ташкент Бұхара хандығының қол астына қайта кіреді. Осылайша өзара келісімдер мен мүдделерге негізделген қазақ және Шайбан хандарының қарым-қатынастары тығырыққа тірелгендей болды.

Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саясатындағы басты елдердің бірі ол сөзсіз патшалық Ресей болды. 1594-1595 жылдары қазақ-орыс қарым-қатынастарынан Мәскеуге жіберілген Тәуекел ханның елшісі Құл Мұхаммед: «Ал Бұхара патшасымен уақытша бейбіт қатынастамыз» деген болатын. Бұл екі ел арасындағы қатынастарының уақытша бітімге келгенін көрсетеді. Осы арадағы мән беретін жайт Тәуекел хан орыс үкіметіне «қазақ және қалмақ ханы» деп беріледі.

Осы ретте Тәуекел хан мен орыс үкіметі арасындағы байланыстар да назар аударарлық. Бұл қарым-қатынастар қазақ ханы Тәуекелдің Мәскеу патшасы арқылы Бұхара хандығын жеңу үшін от қару сұрағаны белгілі болып отыр. Ол жайында зерттеуші А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, В.Я. Басин, М.Х. Әбусейтовалардың еңбектерінде қарастырылған болатын. Тәуекел хан қазақ хандығының сыртқы саясатын нығайту барысында орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастарды жандандырды. Қазақ ханы сыртқы саясатта өзін қолдайтын одақтастар іздеді. 1594 жылы Тәуекел хан Ресейге достық келісім жасасу үшін жоғарыда атап өткеніміздей Құл-мұхаммед басқарған Қазақ хандығының тұңғыш ресми елшілігін жібереді. Тәуекел ханның бұндағы мақсаты Ресей мемлекетінің көмегімен Абдоллаға қарсы күресті жандандыру, Сібір ханы Көшімге қарсы одақ құру және 1588 жылы орыс әскерлері ұстап әкеткен өзінің немере інісі, Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедті тұтқыннан босату болды. Оның жанында

казактың әйгілі тарихшысы Қадырғали Жалайыр бар еді. 1595 жылы елшіге орыс патшасының жауап грамотасы тапсырылды. Онда орыс патшасы Тәуекел ханға Қазақ хандығын «өзінің патшалық қол астына алатынын» және «ок ататын қару» жіберетінін уәде етті. Сонымен бірге мынадай талап қойды: «біздің патшалық қолдастымызда болғандықтан және біздің патшалық әміріміз бойынша Бұқара патшасымен және бізге опасыздық жасаған Сібір патшасы Көшіммен соғысып, біздің ұлы мәртебелі патшамызға жол салатын боласыздар». Орыс мемлекеті Қазақ хандығымен әскери одақ құрудан бас тартқанымен, Тәуекел хан орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасты үзген жоқ. 1595 жылы Мәскеуден орыс елшісі Вельямин Степанов Қазақ хандығына келді. Нәтижесінде екі мемлекет арасында сауда байланыстары жанданды. Бұл ретте Тәуекел хан орыс елінен Бұхараны бағындыру үшін от қару алуды көздесе, орыс елі қазақ елін өз боданына айналдыруға дайын тұрды. Бірақ қазақтарға от қару да бермеді. Өйткені, қазақтардың күшті халық екендігінен ноғайлар арқылы хабарлары болды және қазақтарға сұрағанын беру өздеріне қауіпті еді.

Зерттеуші Н. Атығасов бұл туралы: «Осы кезде қазақ билеушісі Тәуекел хан Шайбанилық Абдолла ханмен уақытша мәмілеге келуін пайдаланып, оған қарсы өзіне одақтас табуға кірісті. Ондай одақтасы Сефевилік мемлекет еді. Оларда Шайбанилармен үнемі соғыста еді» деген болатын. Бұл XVI ғасыр басынан басталған күрес екенін атап өту қажет. Және де қазақтар орыстармен одақтасудан үміттері үзілгеннен кейін осы шешімді қабылдаған секілді.

1594 ж. Қазақ елшісі Құл Мұхаммед Мәскеуге Сефевилерден елші келгенін естіп, онымен келісім жасауға талпынады. Ол өз мақсатын: «Біз қызылбашылармен бірігіп бұхаралықтарға қарсы күресуіміз керек» деп түсіндірген. Осы мәлімет Тәуекел ханның сыртқы жауларымен күресуге бағытталған одақ құру ниетінен туындаған болатын. Қазақ хандығы өзінің көздеген мақсатына жету үшін қазақ жеріне Құл Мұхаммедпен бірге орыс елшісі В.Степанов және Сефевилік елші Дервиш Магметті шақырады. Сефевилік мемлекетінің Аббас шахына қазақтар өз елшілерін жібереді. Алайда бұл қарым-қатынастар туралы мәлімет беретін дерек аз. Алайда сырттан одақтас табу әрекеті нәтижесіз аяқталған сыңайлы.

1598-1599 жылдары казактар үшін сәтті кезеңдердің бірі болды. Өйткені, осы уақытта Абдолла ханның үстемдігі саяси тоқырауға түсті. Абдолла ханға өз ұлы Абдал Момын да қарсы шығып, ол жағдай ұлын жақсы көретін әкесінің денсаулығына кері әсерін тигізді. Осыны көре білген қазақ ханы өз мақсатына жетудің кезеңі пісіп жетілгенін түсініп, Тәуекел хан жорыққа қайта аттанады. Тәуекелдің Мәуреннахрға жорығы туралы мәліметтер бірнеше парсы және тәжік тілдеріндегі деректерде кездеседі. Олардың қатарында Ескендір Муншидің «Тарихи аламара-ий Аббаси», Мұхаммет Аваздың «Зайя ал-Кулуб», Мұхаммадиар ибн Араб Катаганның «Мусаххир ал-билад», Қыпшақ ханның «Тарихи Қыпшақ» еңбектерін атап өтуге болады. Бұл деректерді 1598-1599 жылдардағы оқиғаның замандастары ол оқиғадан көп уақыт өтпей-ақ жазған. Сондықтан да, ол деректердің мәліметтері ерекше құнды.

Ескендір Муншидің мәліметі бойынша, Абдолла хан мен Тәуекел арасындағы соғысқа Абдолла хан өзінің сұлтандары мен әмірлердің әскерін жіберген еді делінген. Ташкент пен Самарқанд арасындағы жерде екі ел арасында соғыс жүреді. Бұл соғыста Абдолла хан әскері жеңіліске ұшырайды. Бұл жеңілісті естіген Абдолла хан тез арада жаңадан әскер жасақтап, оны өзі басқарады. Жорыққа дайындалып болғаннан соң, ол Гераттағы Күлбаба-көкіташ әмірге адам жібереді. Бұл кезде Тәуекел Абдолла ханның келе жатқанын естіп, далаға шегініс жасап, күте тұруды ойлайды. Бірақ Абдолла ханның денсаулығы күрт нашарлап, 1598 жылы көктемінде қайтыс болады. Осыдан кейін Бұхара хандығында саяси тұрақсыздық орын алып, билікке Абдолланың ұлы Абдал Момын келді. Көп ұзамай 1598 жылы жазда оны бүлікші әмірлер өлтіреді. 1598 жылы тамызда Абдал Момын қайтыс болғанын естіген Тәуекел хан Шайбанилердің жерін жаулап алу үшін белсенді қимылға көшеді. Ескендір Муншидің дерегі бойынша Тәуекел мен оның інісі Есім сұлтанның біріккен әскері 100 мыңға жуық дейді. Ал, Мұхаммед Аваз сонымен қатар, Тәуекелмен бірге 120 сұлтан болды деген мәлімет береді. Демек бұл жорыққа барлық қазақ сұлтандары жұмыла кіріскенін байқауға болады. Сондай-ақ Тәуекел ханның әскерінің құрамында дала өзбектері мен түркістандықтар да болғаны белгілі болып отыр. Тәуекелге сол кезеңдегі ықпалы күшті діни ұйымдар да көмектесті. Тіпті

Шайбани әулетінің кейбір ықпалды өкілдері көмек беріп, оның есесіне Түркістан мен Мауреннахрдағы билікті бөліске салуды көздегендер де болды. Мысалы, «Мұсаххир ал-билад» дерегі бойынша Өзбек сұлтан Тәуекелмен Абдоллаға кастандық ұйымдастырмақ болып, Абдолла ханның кек алуынан қорқып өз балаларын қазақ ханына жібереді және де бұл әрекеті үшін Тәуекел Түркістан мен Мауреннахрды жаулап алған соң тең бөлісеміз деп уәде берген екен деген сипаттағы мәліметтер сақталған. Осы мәліметтерге қарағанда Тәуекел ханның билікке келіп, Орта Азияны жаулап алуына Шайбанилық аксүйектер қарсы болмаған. Демек Тәуекел ханның Орта Азияға жорығы кенеттен және тұтқиылдан болған жоқ. Себебі, Тәуекел ханның жорығын Мәуреннахр тұрғындары мен билеуші топтары да күтті және көмек көрсетеміз деп уәде де берген болатын. Сондықтан да бұл жорық арнайы жоспарлы түрде дайындалған деуге негіз бар. Сонымен, Тәуекел хан Түркістаннан Мауреннахрдағы Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқандты Мийанкалаға дейін басып алып, Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқандта қалдырады. Ал өзі 70-80 мың әскермен Бұхараға беттейді. Бұхарада небәрі 10-15 мың әскермен Пір Мұхаммед атты шайбанилық сұлтан қаланы бекітіп, 11 күн бойы қаладан шықпайды. Он екінші күні Бұхараның барлық халқы шығып, кескілескен күрестен кейін Тәуекел ханның әскері жеңіліс табады. Мұны естіген Есім сұлтан ағасына артқа шегін деп өтінеді. Сөйтіп, олар шегініп, жорыққа қайта дайындалады. Осыдан кейін Пір Мұхаммед әскері Тәуекел әскерінің артынан қуып келеді. Екі жақ әскері ашық далада Ұзын сақал деген жерде қайта соғысады. Пір Мұхамметке көмекке Баки сұлтан келеді. Бір айдай күрестен кейін, көп сұлтандар мен ерлер қаза табады. Осы күресте Тәуекел хан да қатты жараланып, Ташкентке оралады. Сөйтіп, осы жерде қазақ ханы көз жұмады. Осы қысқа мерзімде Тәуекел хан Түркістан, Ташкент, Ферғананы өз иелігіне қосты. Оның Орта Азияға жорығы алдын-ала жоспарланған және де көп жылдар бойы дайындалған, нақты мақсаттарға жұмылдырылған күрес еді. Тәуекел хан Шайбанилық иелікті қосқанда ғана Қазақ хандығына байланысты шаруашылық-экономикалық, саяси-әлеуметтік окшаулануды жоя алатынын түсінді.

Тарихшы М.Х. Әбусейтованың айтуынша, Тәуекел хан өзінің басты мақсаты Мауреннахрды қазақтардың қол астына кіргізе

алған жоқ. Бірақ Түркістан, Ташкент, Ферғана белгілі бір кезендерге дейін қазақ жерлерінің құрамына кірді. Бұл өз кезегінде қазақ және ортаазиялық хандарының арасында Нақшбанди орденінің сопы шейхтерінің ықпалымен жасалынған бейбіт бітіммен нығайтылды. Қазақ хандарының Түркістанды билеуіне нақшбанди шейхтары өздерінің рұқсаты мен оң батасын берді. Шайбанилық Абдолла хан мен Абдалл Момын билікке басқа шайбанилықтар келіп қояды деп, бәсекелес, қауіпті адамдар ретінде оларды өлтіртті. Сөйтіп, шайбанилықтардан жалғыз ғана Абдолла ханның ағасы Пір Мұхаммед қана қалды. Осыдан кейін Шайбани әулеті өмір сүруін тоқтатады. Өйткені, Абдалл Момынның өлімінен кейін Бұхара тағына Шайбан әулетінің мұрагер қызы мен Джаннан туылған Баки Мұхаммед келіп, Аштарханилық әулеттің билігі орнайды. XVII ғасырлардағы оқиғалар жаңа бір тарихи кезеннің басталуымен сипатталады.

Тәуекел хан ел басқарған жылдары мемлекеттің сыртқы саясатының басым болған бағыттары мен мүдделерінің тапталуына жол берілмей, өзінің жеңістерімен көздеген мақсатына жетті деп айтуға толық негіз бар. Осылайша, Қазақ хандығы бір ғасыр бойы Түркістан аймағы үшін күресін түпкілікті оң нәтижемен шеше алды. Сөйтіп, ол өз мемлекетінің солтүстік-батыс шекарасындағы бейбіт жағдайды және Орта Азиядағы шайбанилықтардың алауыздығын, бұл әулеттің Аштарханилықтардың жаңа әулетімен ауыстырылғанын пайдаланып, сырдариялық қалалар үшін ұзаққа созылған күресті табысты тәмамдады. Абдолла ұрпақтарының өзара билікке таласы нәтижесінде Шайбани әулеті өмір сүруін тоқтатады. Тәуекел Орта Азияға жорығында тек қарулы күшке емес, Орта Азия халықтарының белгілі бір әлеуметтік топтарына сүйенді. Атап айтқанда, Тәуекел ханды лін иелері қолдады. Сонымен бірге Ескендір Мұңшы Тәуекел әскерінің құрамында «Түркістан тайпаларының және қырдағы өзбектердің» жауынгерлері болғанын айтады. Жалпы, Шайбани ұрпақтарының өзара қатығыстарынан шаршаған Орта Азия халықтарының басым бөлігі Тәуекел ханды қолдады десек қателеспейміз. Өйткені Шайбани тармағынан тараған Жошы ұрпақтарының өзі Мәуераннахрда Шайбани әулетін қазақ хандарының әулетімен алмастыруға ниет білдірген. Өкінішке орай, Мәуераннахр қазақ хандарының қолына толығымен көшпеді. Сөйтсе де, Ташкент

және оның аймағы 200 жыл бойы Қазақ хандығының құрамында болды. Түркістан қаласы Қазақ хандығының орталығына айналды. Шайбанилер әулетінің орнына келген Аштархани әулеті XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында Түркістан, Ташкент, Ферғана қалаларын қайтару үшін жорықтар жасады. Олар тек Ферғана қаласын қайтара алды. Ташкент, Түркістан, яғни Сырдария орта ағысының екі жағасындағы отырықшы-егіншілік аудандардың Қазақ хандығының құрамына енуі, Қазақ хандығының экономикасына, қоғамдық және саяси құрылысына күшті ықпал етті, Орта Азия мен Қазақстан арасындағы мәдени-сауда байланысы дамыды. Тәуекел ханның орнына 1598 жылы хан болған Есімнің Аштарханилер өкілдерімен жасасқан келісімі бойынша Қазақ хандығының құрамына қалаларымен бірге Түркістан аймағы, Ташкент қаласы атырабымен, біраз уақытқа Ферғана кірді. Осы кезде болған тағы бір тарихи оқиға – Көшім хан билеген Сібір хандығының жойылуы еді.

Бұрын Сібір хандығының қол астына қараған казак тайпалары Қазақ хандығына бірікті.

Тәуекел ханның тұсында-ақ батырлығы және тапқырлығымен көзге түскен сұлтандардың бірі - Есім хан болатын. Ол 1598 жылы билікке келіп 30 жыл ел басқарған. Демек 1628 жылға дейін казак тарихында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болып, ел басқарған. Есім ханға бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауераннахрға жасаған жорықта ерлігімен ерекше көзге түскені үшін берілген екен. Есім хан – Шығай ханның баласы. Хан тағына отырған соң Бұхарамен бітім-шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт, экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңдар жинағын құрастырып, казактарды бір орталыққа бағындыру саясатын белсенді жүргізуді көздеді. Туған ағасы Тәуекел ханнан кейін ел билігін қолға алған Есім хан Қазақ хандығын астанасы Түркістан қаласында тұрып, билік жүргізді. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Тәуекел ханмен Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығы құрамына қосты. 20 мың әскерімен өзі Самарқанда калып, Тәуекел хан 80 мыңдай әскермен Бұқараға аттанған тұста тұрақтылықты қамтамасыз етуге тырысқан.

Есім ханның тұсында атакты заңдар жинағы «Есім ханның ескі жолы» жарық көрген. Ол өзіне дейінгі дәстүрлі казак қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығынан құралған. Оның негізін Қасым хан тұсында «Қасым ханның қасқа жолы» атты заңдар жинағын құраған. Есім хан ғасыр бойы сұрыпталып, орныққан осынау жол-жоралғы, әдет-ғұрып жосындарын өз заманының әскери-саяси және әлеуметтік қажеттіліктеріне орай жетілдіріп жүйеледі. Кейінен казак қоғамында бұл заңдар жиынтығы «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалды. Дау шешіліп, төрелік айту құзыретін иеленген би казылардың оны білуі міндетті саналған. Мұның өзі кейін Тәукенін әйгілі «Жеті жарғысына» негіз болып, казак халқының мәдени-рухани және салт-дәстүр қалыптарының төлтумалығын шындай түсуге ықпал етті.

Есім хан ойрат қалмақтарымен күресте ерлік пен батылдықтың өнегесін көрсетіп, «Еңсегей бойлы ер Есім» атанады. Қалмақтарға қарсы күресте Есім хан Батыс Қазақстан жеріндегі ноғайлармен арадағы қарым-қатынасты күшейтті. Қазақ-қырғыз ынтымағын орнатуға күш салады. Есім хан билік еткен тұста Казак хандығының әскери қуаты күшейіп, 300–400 мыңға дейін атты әскер шығара алған. Ел билеудегі жол-жобалар мен әдет ғұрыптар туралы ережелер жинағы – «Есім ханның ескі жолы» казак елінде ХХ ғасырға дейін сақталып, қызмет етті.

Есім ханның атымен әйгілі «катаған қырғыны» оқиғасы белгілі. XVII ғасырдың басында Ташкент билеушісі Тұрсын мен Есім хан арасында билік үшін күрес шиеленісе түскен болатын. Катаған руы Орталық Азияны мекендеген ежелгі тайпа. Рашид ад-Дин катағандарды көшпелі ру - катакин деп атап, оларды Алұн қоаның үлкен ұлы Бугунхатакидан таратады. Бір қатар зерттеушілер соған байланысты катағандар Түркістанда тек Шыңғыс хан дәуірінде, Шағатай сарбаздарының құрамында соларға қызмет етіп, пайда болған деген болжам жасайды. Ал қарастырып отырған жылдары, яғни XVII ғасырдың бас кезінде Ташкент билеушісі Тұрсын хан әскерінің негізін катағандар құраған. Жалпы Тұрсын Есім ханға қарсы бірнеше рет бүлік шығарғаны белгілі. Бірақ барлығында жеңіліс тапқан. Сондай бір кезекті бүліктен кейін екеуін Есім ханды паналап Түркстанда жүрген Әбілғазы Бахадүр жарастырған деген мәліметтер де

кездеседі. 1627 жылы Моғолстаннан жағында жорықта жүрген Есім ханның ордасына Тұрсын шабуыл жасап, өзін хан жариялаған. Осындай сатқындыктан алдын-ала хабардар болған Есім хан Тұрсын ханды Ташкентке қарай шегіндіріп, оның Әндіжандағы, Піскенттегі, Жизактағы бар билігінен айырады. Нәтижесінде катаған руына арқа сүйеген Тұрсын хан жеңіліс тауып, өлтіріледі. Ол турасында Марғасқа жыраудың шығармасы былай деп баяндайды:

Ей, Катағанның хан Тұрсын!

Кім арамды ант ұрсын,

Жазықсыз елді еңіретіп,

Жер тәңірсіп жатырсын.

Хан емессің, қасқырсың,

Қара албасты басқырсың,

Алтын такта жатсан да,

Ажалы жеткен пақырсың!

Еңсегей бойлы Ер Есім

Есігінде келіп тұр:

Алғалы тұр жаныңды,

Пашкалы тұр қаныңды! – деген өлең жолдары қазақ тарихындағы ерекше кайғылы оқиғалар желісін баяндайды.

Жалпы Есім хан туралы халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер, дастан-жырлар көп. Оның қасында жүріп, оған толғау, жыр арнаған жыраулар болды. Есім ханмен етене араласқандығы шығармашылығынан анық танылатын жырау – Марғасқа. Мазмұнына Есім ханның ел билеушілік, қолбасылық қасиеттері, ерлік қимылдары арқау болған жеті мың жолдық «Еңсегей бойлы Ер Есім» аталатын тарихи-қаһармандық жырдың авторы болуы ықтимал деп жорамалдайды.

Есім хан тұсындағы Марғасқадан бөлек өзге де жырауларды атап өтуге болады. Олардың бірі - Жиёмбет Бортоғашұлы болды. Жалпы жыраулар тек ақындық немесе хан кенесшісінен бөлек үлкен батырлық пен ержүректіліктің символына да айналып отыр. Осы Жиёмбет Бортоғашұлы да Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы, қабырғалы биі болған. Жиёмбеттен қалған елеулі мұра - Есім ханға арналған толғаулары белгілі. Арнау-толғауларындағы Жиёмбеттің хан мен халық алдындағы үлкен еңбегі, жоғары беделі көрініс табуы. Жиёмбеттің

арнау-толғауында билеуші мен жырау арасында қайшылықтардың суреттелуі және хан дәрменсіздігінің әшкереленуі, толғаудың сыншылдық сипаты көрініс тапқан.

Есім ханның билігі аяқталған тұста өзінің әскери таланты мен саяси көрегенділігімен аты шыққан Жәңгір хан 1628 жылдан бастап ел билейді. Тарихи деректерге мән берсек оның билігі 1652 жылға дейін жалғасқан.

Қазақ тарихында ол Салқам Жәңгір деген атпен белгілі. Туған жылы белгісіз болғанымен 1652 жылы қайтыс болған. Шығу тегі Есім ханның ұлы. Ол хан тағына Есім хан өлген соң 1628 жылы отырғаны белгілі. Тарихи деректерге қарағанда Жәңгір хан бойы аласа, толық денелі кісі болған деседі. Сондықтан да халық оны “Салқам Жәңгір” атап кеткен. Оның тұсында Батыр контайшы басқарып тұрған жоңғар-ойраттардың күшеюі байқалды. Олар Қазақ хандығына үздіксіз шабуыл жасап тұрды.

Жәңгір ханның билік еткен жылдары жоңғар феодалдарының қазақ жерін жаулап алуға жасаған үздіксіз жорықтар кезеңіне сай келеді. Кейбір мәліметтерге сәйкес Жәңгір ханның ордасы Түркістанға таяу маңда орналасыпты. Жәңгір хан Бұхар хандығымен одақтастық келісімге келіп, жоңғар басқыншыларына қарсы күрес жүргізді. Сонымен бірге, ол қырғыздармен де осындай қарым-қатынас орнатуға ұмтылды. Мұның бәрі жоңғар шабуылынан қорғану мақсатынан туып еді. Дәл осы кезеңде Қазақ хандығы мен ойрат жоңғарлары арасындағы қарулы қақтығыстар жиілей түсті. Екі жақтың басшылары көшіп-қонуға жайлы жерлер және Сырдария өзені бойындағы сауда орталықтары үшін күрес жүргізді. Сол кезеңдегі тарихи мәліметтер бойынша, Жәңгір хан тұсында қазақтар мен ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас болған: 1. 1635 жылы, 2. 1643-1644 жылдардағы, 3. 1652 жылғы шайқас.

1635 жылғы шайқаста қазақ әскерлеріне Жоңғар хандығының негізін қалаған Батыр контайшы бастаған жер қайысқан қалың қол қарсы тұрды. Бұл ұрыстың нақты нәтижелері жөнінде мәліметтер жоқ. Дегенмен шайқас кезінде Жәңгір ханның тұтқынға түсіп, біраз уақыттан соң қашып құтылғаны туралы деректер кездеседі. Сол кезден бастап Жәңгір хан жоңғарларға үнемі шабуыл жасап тұралы.

Екінші ірі шайқас 1643 жылы қыста Батыр контайшының казак жеріне шабуыл жасауынан басталады. Орбұлақ шайқасы деп аталған осы жылы өткен шайқас көшпелі халықтың соғыс өнерінің керемет үлгісі болып табылады. Өйткені Жәңгір хан бастаған казак жасактары небәрі 600 сарбаздан тұрса, қарсылас болған жоңғар әскерінің саны 50000 құраған. Жоңғарлар Жетісу өңірінің үлкен бөлігін жаулап алып, он мыңға жуық адамды тұтқынға түсіреді. Жәңгір ханға көмекке 20 мың сарбазымен Самарқан билеушісі Жалантөс Баһадүр келеді. Жалантөс Баһадүр қолының көмегі аркасында Жәңгір хан бұл шайқаста жеңіске жетеді. Батыр контайшы шегінуге мәжбүр болады. Жеңіліске ұшыраған жоңғарлар бұл ұрыста он мыңға жуық адамынан айырылады. Сакталып қалған тарихи мәліметтер бойынша, бұл шайқаста Жәңгір хан зор қолбасшылық дарын мен әскери шеберлік таныта білген.

Жәңгір хан жоңғарларға қарсы күресте моғолдар жағынан көмек алу үшін біраз әрекет етті. Олармен тату көршілік қарым-қатынас орнату үшін екі рет елші жіберді. Бұл дипломатиялық тапсырма Жәңгір ханның ұлдары Тәуке мен Апақ сұлтандарға жүктелді.

1643-1644 жылдардағы шайқаста толық жеңілмеген жоңғарлар болашақта болатын соғысқа мұқият дайындала бастады. Жоңғар контайшысы 1643-1644 жылдардағы жеңілістен кейін бытыраған иеліктерін біріктіріп, Сібірдегі орыс қалаларынан қару-жарақтар және оқ-дәрілер сатып алады. 1652 жылы казактар мен жоңғарлар арасындағы үшінші ірі шайқаста казак әскерлері жеңіліске ұшырап, Жәңгір хан қаза табады. Әрине Салкам Жәңгір хан тұсындағы казак-жоңғар соғыстары салыстырмалы түрде алғанда аса ауыр бола қоймаған сынайлы. Әрине бұл ретте соғыстың ауыр не жеңілі болмайтыны анық. Бірақ осы жылдардағы соғыстың сипаты көбінесе тонаушылық сипатта болған. Ал жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін оның сипаты жаулап алушылық сипатқа қарай ойысады. Ол әсіресе Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін анық сезілді.

Тәуке хан – казак халқының тарихи санасында өзінің кемеңгерлігімен, даналығымен, ақылдылығымен, әділдігімен, бітімгерлігімен сакталған хандарымыздың бірі. Қазак халқының ауыз әдебиетінде Тәуке ханның осындай қасиеттерін ашып

көрсететін тарихи аңыз-әңгімелер жетіп артылады. Осыдан 200 жылдай бұрын Тәуке хан туралы ел аузынан естіген материалдарын жинақтай келе, қазақ тарихы туралы тұңғыш көлемді еңбек жазған А.И.Левшин оның тарихи тұлғасына мынадай сипаттама берген болатын: «Ол бірнеше жылдарға созылған кантоғис соғыстарды тоқтатып, өзара қырқысуларды тыныштандырды, ол өзінің ақылымен және әділеттілігімен басқаларды бағындыра білді, ол мықтыларды тыныштандырып, әлсіздерді біріктіру арқылы күштілерге қарсы тұра алатындай етті, ол жалпыға ортақ заң шығарып, сол заңмен өмір сүргізді, қазіргі күнде ол заң қазақтардың есінде сақталған». Ауыз әдебиетінің материалдары мен жазба дерек мәліметтеріне сүйенген еліміздің тарихшылары да Тәуке ханның жеке басының қасиеттері мен билік құрған жылдарындағы жүргізген саясатына оң бағалар береді. Қазіргі күнде тарихи білімдерге деген сұраныстардың артуына байланысты ежелгі және ортағасырларда Қазақстан аумағында өмір сүрген тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметтері, тарихи бейнеселері қалың көпшілікті қызықтырып отырғаны белгілі. Осыған сай, біз төменде қазіргі күнде тарих ғылымына кең танылған және сирек кездесетін тарихи материалдарға сүйене отырып, Тәуке ханның қазақ тарихында алатын орны мен өзіндік тарихи бейнесін ашып көрсетуге тырысалық.

Қазақстан тарихының кейінгі ортағасырлық кезені хандық дәуір деп аталды. Бұл хандық дәуір XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың алғашқы 30 жылы аралығын қамтитыны белгілі. Бір орталықтан басқарылған осы кезеңдегі қазақ мемлекетінде ішкі талас-тартыстар мен сұлтандар арасындағы келіспеушіліктерді жойып отырған хандар билік құрған. Ол хандардың бірі – хандықтың негізін қалаушы ретінде, ал екінші бір тобы – хандықты күшейтуші, нығайтушы ретінде, ал келесі бір тобы – хандықты әлсіретіп алушы ретінде тарихта қалғаны баршаға мәлім. Осы сипаттағы хандардың қатарындағы Тәуке ханның қандай маңызы болған деген мәселеде отандық тарихнамада шешімін тапқан мәселе. Тәуке хан қазақ тарихының хандық дәуірдегі ең соңғы ханы және қазақ мемлекеттілігінің, халқының тұтастығы мен бірлігін сақтау үшін күрес жүргізіп, «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын енгізген кемеңгер, әрі әділетті билеуші болған.

Тәуке хан – XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандары әулетінің өкілі. Ш. Құдайбердіұлы Тәуке ханды Жәңгір ханның қалмақ әйелінен туған ұлы деп жазады. Кей зерттеушілердің пікірінше Тәукенің қайтыс болған жылы мен сол тұстағы жасын мөлшерлей келе, оны шамамен 1635 жылдан кейін дүниеге келген деген пікір айтады. Шах Махмұд Чорастың дерегінде Жәңгір ханның Тәуке және Абак деген екі ұлы болғандығы, Абак сұлтанның үлкен ұл екендігі айтылады. Т.И. Сұлтанов Абак сұлтанның есімін нақтылап – Аппак сұлтан деп түсіндіреді. Ал Шәкәрімнің еңбегінде Жәңгір ханның екі ұлы болғандығы, біріншісі – Тәуке, ал екіншісі – Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уәлибақи. Жәңгірдің орнына Тәуке хан болғанда хандыққа өкпелеп Уәлибақи Ғайып ханға кетіп еді» деген мәліметтер қалдырады.

Тәуке ханның есімі жазба деректерде алғаш рет 1650 жылдардың басында кездесе бастайды. Осы жылдары Жәңгір хан жоңғарларға қарсы күресу үшін Шығыс Түркістандағы шағатайлық билеушілерге бірнеше рет елшілік жібереді. Сондай елшіліктің құрамында жас Тәуке сұлтан да Шығыс Түркістанға барып қайтады. Бұл кезде Тәукенің жасы әлі 20-ға да толмаған болатын. Жәңгір ханның жап-жас Тәукені елшілік құрамына қосудың ұлын мемлекеттік маңызды істерге жас шағынан баулуы деп қабылдаған жөн.

Г.И. Сұлтанов өте байкампаздық көрсетіп, оның әлі көмескі тұстары бар екенін аңғартады. Ол бұған қатысты пікірін былайша тұжырымдайды: «Тәуке хан әкесінен кейін бірден билікке келді ме, жоқ па, белгісіз» деген зерттеушілерге жана зерттеу нысанын анықтап береді. Ал кеңестік кезеңдегі және қазіргі кезеңдегі зерттеу жұмыстарында бұл мәселеден айналып өтеді. Олардың материалдарында 1652 жылы Жәңгірдің қаза тапқаны және 1680 жылдан бастап оның ұлы Тәукенің хан болғандығы жайлы айтылады да, екі ортадағы 28 жылдағы тарих жабулы күйінде қалдырылады. Бұл мәселе Тәуке ханға қатысты болғандықтан, біз төменде осыған қатысты өзіндік ой-пікірлерімізді оқырмандар назарына ұсыналық.

Алдыменен Жәңгір хан қаза тапқан жыл тұсындағы қазақ қоғамының ішкі саяси өміріне назар аударайық. Шәкәрімнің еңбегіндегі осыған қатысты мәліметтерді саралай отырып, Жәңгір ханнан қайтыс болғаннан кейін так үшін талас-тартыстардың

болғандығын байқауға болады. Онда «Жәңгірдің орнына әз-Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақи Гайып ханға кетіп еді» деген жолдар белгілі болды. А.И. Левшиннің бұған дейін Тәуке хан туралы келтірген мәліметін осы жерде тағы келтіруге тура келеді. «... Ол өзара қырқыстардан кейін халықты тыныштандырды, ол тайпалар арасында бірнеше жылдарға созылған қантөгістерді тоқтатты, жұрттың бәрін ақылымен және әділдігімен өзіне бағындыра білді...» деген ақпарат береді. Сөзсіз Шәкәрім Құдайбердіұлы мен А.И.Левшиннің келтірген мәліметтері Тәуке хан билікке келгенге дейін казак қоғамында так үшін талас-тартыстардың болғандығына көз жеткізуге болады. Ол әсіресе рутайпалар арасында да жанжалдардың өршігендігінен мағлұмат беріп отыр. Казак хандығының құрылуы мен саяси тарихы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген Б.Б. Кәрібаев ол турасында «А.И.Левшин осы талас-тартыстардың ұзақтығын «бірнеше жылдар» деп жазса, біздің ойымызша ол 28 жылға, яғни Жәңгір хан каза тапқан 1652 жылдан Тәуке хан билікке келген 1680 жылға дейін созылған. Тек Тәуке ханның билікке келуі мен жүргізген саясаты ғана ел ішіндегі барлық талас-тартыстар мен қантөгістерді, бітпейтін дау-жанжалдар мен өзара қырқыстарды тоқтатады. Сөйтіп, ел ішінде тыныш өмір қалыптасады. Салыстырмалы түрде алсақ, Тәуке ханға дейінгі 28 жыл бойғы қантөгіс қырқыстарға қарағанда Тәуке хан тұсында қалыптасқан бейбіт, тыныш өмір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болып саналады.

Ал енді осы 28 жыл бойғы өзара қырқысу кезені казак елімен көрінілес елдердің тарихында, оның ішінде олардың казактармен қарым-қатынасында қалай көрініс береді, неге олардың тарихында осы кезеңдегі казак хандарының есімдері аталмайды деген сұрақтарға жауаптар іздестіріп көрелік» деген пікір білдіреді және бұл шындыққа аса жақын пікір деп санауға болады. Зерттеушілер жоғарыда айтылған қысқаша баяндауларын түйіндей келе, «Жәңгір ханнан Тәуке ханға дейінгі жылдарды біздің тарихымызда әлі күнге дейін беймәлім болып отырған кезең деп атаймыз. Болашақта табылар тың деректер ғана осы кезенді түсінуге және осы кезеңдегі казак хандарының немесе ханының есімін анықтауға жол ашады деген ойдамыз» деп пікір білдіреді. Сонымен қатар «Тарихи әдбиеттердегі материалдардың бәрі Тәуке ханды 1680 жылдан бастап хан болған деп жазады. Оның билікке қандай жолмен

келгені белгісіз, ол туралы ешқандай деректе айтылмайды. Соған қарамастан ол жөнінде мынадай болжамдар айтуға болады. Егерде 1650 жылдардың басында Тәуке хан билік ету үшін өте жас болса, ал 1680 жылға таман оның жасы 40 пен 50-дің орта тұсында болатын. Бұл жас – ер адамның нағыз кемеліне келіп, ақыл-ойы толысқан, өмірлік тәжірибесі жетерліктей жас екені белгілі. Тәукенің ақылдылығы мен шешендігі, кеменгерлігі мен данышпандығы сияқты ерекше қасиеттері оны билеуші әулет өкілдері арасында айрықша көзге түсіртеді. Сондай-ақ, бұған дейін айтып өткеніміздей, оның ата-бабаларының хан тағын үзбей иеленуі, Жәңгір ханның тікелей ұрпағы болуы, жастайынан мемлекеттік істерге араласуы – оның тақты иелену мүмкіндігін арттырады. Біздің ойымызша, 1652-1680 жылдары өзара таластар мен қырқыстардан әбден титықтап шаршаған казак қоғамы, қоғамның алдыңғы қатарлы тобы мен өкілдері: кейбір сұлтандар, билер мен батырлар, дін басылары және тағы басқа әлуметтік топтың өкілдері Тәуке жағында болып, оны қолдаған дейміз. Сөйтіп олар Тәукені 1680 жылы хан тағына отырғызады» деп нақты тұжырым жасайды.

Тәуке ханның 30 жылдан астам билігі тұсындағы ішкі, сыртқы саясатының басты мақсаты – казак елінің бірлігі мен казак жерінің тұтастығын сақтау болды. Осы бағытта оның жүзеге асырған ең ірі шарасына «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын шығарып, өмірге енгізуі жатады. «Жеті жарғыны» қабылдаудың алғышарттары ретінде XVII ғасырдың екінші жартысындағы казак қоғамының ішкі және сыртқы саяси жағдайын хандық мүддесіне орайластыру болды. Қазак хандығының уақытша әлсіреу кезеңдеріндегі орталық биліктің болмауы немесе оның әлсіздігі заңдар мен тәртіптердің орындалмауы және бұзылуына, саяси өмір мен қоғамдық өмірде әлімжеттік принциптің белен алуына, ұрлық-карлықтың, зорлық пен зомбылықтардың көбеюіне және тағы осындай келенсіздіктердің кең етек жаюына алып келген болатын. Тәуке хан билікке келген бойда-ақ ең алдыменен ішкі қоғамдық өмір мен саяси жағдайды реттеуге күш салады. «Жеті жарғының» өмірге келуінің алғышарттары мен себептері осындай болған.

Осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген зерттеушілердің пікірінше 1640 жылы Батыр хонтайшы да жоңғар қоғамындағы қатынастарды реттеу үшін «Цааджин бичиг» деп

аталатын заңдарды шығарған екен. Зерттеушілер осы мәселеде И.Я.Златкиннің көрсетуі бойынша жоңғар заңы үш мақсатын анықтаған:

1) феодалдар арасындағы ішкі қатынастарды реттеу мен ішкі алауыздықтарды болдырмау;

2) саяси күштердің бірлігін қамтамасыз ету және сыртқы қауіптерге қарсы күрестерде өзара көмектесу;

3) феодалдық тәртіпті нығайту және хан мен князьдер билігін тұрғындар арасында күшейту.

Егерде 1640 жылғы «моңғол-ойрат заңының» мәтіні ғылымға белгілі болып, ол жөнінде тұжырымдар айтуға мүмкіндіктер болса, «Жеті жарғының» мазмұны жазбаша түрде сақталмаған немесе біздің кезге дейін жетпеген. Зерттеушілер тек ХІХ ғасырдың басында Г.Спасскийдің және А.И.Левшиннің ел аузынан жазып алған жекелеген бабтарға қарап қана тұжырымдар айтады. Аңыз бойынша Тәуке ханның бастамасымен қазақ қоғамындағы барлық қатынастарды белгілі бір құқықтық принциптер негізінде реттеу үшін, бұрынғы заңдарды жана заман талаптарына сай бейімдеу үшін үш жүздің атакты билері – үйсін Төле би, арғын Қазыбек би және алшын Әйтеке би, сондай-ақ тағы басқа белгілі билер Күлтөбе деген жерде бас қосып, «Жеті жарғының» әрбір бабын жеке-жеке талдап, қызу айтыс-тартыстарға түсіп күн сайын жиын өткізген екен. Содан бері ел аузында «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз қалған. Заңның жобасы дайындалып болғаннан кейін Тәуке ханның жарлығымен «Жеті жарғы» заңдық күшіне енеді де, халық оны «Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп атап кетеді.

Осы мәселеде ғалым Б.Б. Кәрібаев «Жеті жарғының» қазақ қоғамындағы алар орны мен атқарған рөліне жергілікті халықтың қандай көзқараста болғандығы туралы А.И. Левшиннің келтірген мәліметтерін бере отырып, Тәуке ханның заңдар жинағына, оның пайда болуы мен қолданысы және қазақ қоғамындағы орнына дәл баға береді. Ал А.И. Левшин сол замандағы елдің игі жақсыларынан жазып алған мәліметтерін былайша баян етеді: «Біздің халық тыныштықта өмір сүрген заман болған, бізде тәртіп те, заң да және әділеттілік те орнаған кез болған» дейді. Ал автордың өзі қазақ қоғамының Тәуке хан тұсындағы кезеңін «алтын ғасырға» теңеген болатын. Тәуке ханның заңынан басқа

оның ішкі өмірдегі жүргізген саясаты, әсіресе бірлікті, ру-тайпалық жанжалдарды тоқтатуға бағытталған іс-шаралары ел арасында кең таралып, ауыздан ауызға жетеді.

Зерттеушілер тарапынан «Жеті Жарғы» атауының шығуына қатысты пікірлері бір арнаға тоғысқанымен, осы мәселеде сұрақтар өте көп. Осы мәселеге қатысты зерттеуші-ғалым: «Қоғамтанушы ғалымдардың атаудың пайда болуы жөнінде әртүрлі пікірлер айтқаны белгілі. Олардың өзін жеке-жеке талдау ұзаққа созылады. Осыған байланысты «Жеті Жарғы» атауының шығуын түсіндірер тарихи деректің өзін оқырмандар назарына ұсыналық. «Төле бидің тарихы» атты дастанында Қазанғап Байболұлы «Жеті Жарғыдағы» заңдардың санын былайша көрсетеді:

«Жер дауы, баяндайын, біріншісі,

Ру, қоныспен меншікті ісі.

Иеленген жеріне жанжал болса,

Біреуге басымдылық қып озбыр кісі.

Үй іші мен баланы тәрбиелеу,

- Болған жосын заңының екіншісі

Ұрлық, қарлық, барымта – үшінші заң,

Баян егер бәрін де білген кісі.

Төртінші боп саналған мынау заңы,

Бір халықпен басқа ру болса дауы.

Ұлтын жаудан қорғамақ – бесінші бұл,

Алтыншы, жетінші – құн дауы, жесір дауы» - дей келе,

«Көріп отырғанымыздай, заң атауындағы жеті саны оның жеті құрамдас бөліктен тұратындығын, жеті заңның жиынтығы екендігін көрсетеді. Ол заңдардың әрқайсысы өз ішінде бірнеше баптардан тұратындығы белгілі. 1804 жылы жаппас руының ақсақалы Көбек Шүкірәлиевтен жазып алған Г. Спасскийдің жазбасында «Жеті жарғының» негізінен ұрлық, қарлық, барымтаға қатысы 11 бабы ғана айтылған.

Ал А.И. Левшин жазып алған нұсқады «Жеті Жарғының» 34-бабы ғана келтірілген. Бұл баптардың бәрі үзік-үзік, толық емес болса да, онда әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқықтар, дін, салық туралы мәселелер камтылған. Мұның өзі Тәуке хан заңының сол заманда қазақ елінің қоғамдық өмірінің барлық жақтарын камтығандығын көрсетеді. Жалпы, Тәуке ханның «Жеті Жарғысы»

мен онын осы заңды өмірге енгізуге байланысты жүргізген саясаты жөнінде мынадай тұжырымдар айтуға болады.

Біріншіден, Тәуке хан 1652-1680 жылдары казак қоғамындағы қыркысулармен дау-дамайларды, жанжалдар мен кантөгістерді болдырмаудың жолын іздестіріп, оларды әлімжеттік принциппен емес, құқықтық негізде шешуге күш салған. Бұрыннан келе жатқан Қасым хан, Есім хан тұстарындағы заңдардың кейбір баптарын жаңа талаптарға сай бейімдейді, жаңа баптар енгізеді. Сөйтіп, өмірге «Жеті Жарғы» атты заңды енгізеді. Ал өзі өз - Тәукс, яғни «әділ», «қайырымды» хан атанып кетеді. Екіншіден, Тәуке ханның заңы арқылы казак қоғамындағы ішкі бірлік толық болмаса да, біршама сақталады. Мемлекеттік әкімшілік басқару жүйесі, мемлекеттік құрылым, жалпы алғанда казак мемлекеттілігі өзін-өзі сақтап өзін-өзі жойып жібермей, керісінше, өзін-өзі сақтап қалады. Соның арқасында жоңғарлар мен аштарханилар әулетінен болған күрестерде казак жерінің тұтастығы сақталады» деп қорытындылайды.

Қазақтардың ежелден-ак күн көрісінің негізі мал шаруашылығы болды. Былайша айтқанда, мал қазақтарға іше тамақ, кесе киім, мінсе көлік қызметін атқарады. Бұл дәуірде сыртқы саяси жағдайдың күрт қиындауы жоңғарлықтардың казактың көп жерлерін басып алуы себебінен қоныстың тарылуынан болғанынан деп санау қажет. «Жеті Жарғының» үлкен бір бөлігін ел қонысы, жер дауын шешу деп тұжырымдауға болады. Онда казак қоғамындағы әрбір рудың көшіп-қонатын жайылымдық жері мен қыстауларын анықтап, белгілеп беру реттері айтылған.

Тәуке ханның әділдігі мен көрегендігін мәлімдейтін және халық арасында кеңінен таралған аңыз-әнгімелер өте көп. Сондай тарихи әнгіменің бірін 1748 жылы М.Тевкелев ру-тайпа басыларынан жазып алған. Әнгіме «Жетіру тайпалық бірлестігінің пайда болуы туралы» деп аталып, мынадай мазмұнға ие: «Жетіруга – Табын,Тама, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Телеу және Рамадан рулары кіреді. Олар алғашында жеке-жеке рулар болып, Тәуке ханның тұсында біріктірілген. Оның мынадай себебі бар: Қаракесек пен Байұлы деп аталатын Алшындар өте көп болып, жеке-жеке жүрген жеті рудың әрқайсысына әлімжеттік жасап отырған. Жеті рудың әрқайсысы Алшындарға ештеңе істей алмайды. Сол кезде олардың адамдары Түркістандағы Тәуке ханға

барып арыз айтады. Тәуке хан өте ақылды және халқы арасында зор беделге ие болатын. Тәуке хан аталған жеті руды біріктіреді, сол себепті жаңа бірлестік – Жетіру деп аталып келеді...» деп түсіндіреді. Жоғарыда атап өткеніміздей мұндай Тәуке ханның ақылдылығы мен әділеттілігі туралы тарихи аңыз-әңгімелер ел арасында көп кездеседі. Соның бірі ретінде халық арасында тарап, сол жылдардағы қазақтардың қарсыласына айналған жоңғарларға қарсы қазақ батырлары мен халқының басын біріктіріп, рухтандыру мақсатында мынандай әңгіме тараған екен.

«Бірде Тәуке хан өзінің айналасындағы қолбасшыларына тапсырма беріп отырып, әлгілердің тапқырлығын сыпамақ болады да, әңгіме барысында былай дейді:

- Мен мынаны білсем деймін. Жоңғар шапқыншылығын тоқтатып, олардың ордасын күл-талқан ету үшін қазақ халқына не қажет?

Біршама ойланған серіктері әр түрлі пікір айтқан көрінеді.

Сонда Тәуке хан:

- Бәрі дұрыс-ақ, тоқ етерін айтатын болсақ, қазақ халқына құдайдың құтты күні және болашақта да ауызбірлік қажет. Ол еліміздің мәңгілік қаруы, күш-қуаты және жеңістіріміздің күре тамыры, - деген екен».

Екінші бір тарихи әңгіме мынадай. «Қаптап келе жатқан жоңғар әскерлерін көрген қазақ сарбаздары біршама абыржып, тіпті кейбіреулері кашуға ыңғай бере бастайды. Қалың қолдың бұл халін дер кезінде байқаған Тәуке хан жанында тұрған серіктесінің біріне:

- Тез арада жылан тауып кел, - деп бұйырады. Алып келген жыланды ұстап тұрып, бүкіл әскер алдында:

- Бісміллә, Алла біздің жағымызда, тыныш жатқан ел едік, еліміздің даласын қанға бояған жоңғарлардың басын былай жұламыз, - деп ұстап тұрған жыланның басын жұлып алып:

- Алла жар болсын! Алаштың әруағы қолдасын! Алаш, Алаш! – деп жауға қарсы шаба жөнелгенде сарбаздардың рухы көтеріліп, артынан қоса жөнкіле жөнелген екен. Жыланның басын жұлу себебі, жоңғарлардың туында айдаһардың суреті болған». Бұл әңгіме қазақ-жоңғар қарым-қатынастары мәселесін қарастыру міндетін қойып отыр.

1653 жылы Батыр хонтайшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары мен кіші ұлдары арасында так үшін талас-тартыстар басталып кетеді де, ол күрес бүкіл жонғар қоғамындағы белгілі тайшылар мен батырларды скіге бөліп жібереді. Көп ұзамай билікке кіші ұлдар тобын басқарған Сенге хонтайшы келеді, бірақ ол ішкі өзара алауыздықтарды тоқтата алмайды. Ақыры 1670 жылдың сонына таман Батыр хонтайшының үлкен ұлдары – Цецен тайшы мен Цзотба батыр інілері – Сенгені өлтіреді. Сенгенің орнына таққа отырған оның кіші інісі – Галданның алғашқы саясаты – ағасы үшін үлкен ағаларынан кек алуға бағытталды. Сондай-ақ ол Жонғариядағы кейбір тайшылардың дербестігін жоюға, ішкі алауыздықтарды реттеуге, жалпы алғанда, билікті орталықтандыруға күш салады. XVII ғасырдың 70-ші жылдарының сонына таман ғана Галдан Жонғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, орталық билікті нығайта алады. Осылайша, ішкі саяси жағдайды ретке келтіргеннен кейін ғана Галдан көрші елдерге көз аларта бастаған. Оның басқа көрші елдерге жасаған жорықтары секілді, казактарға жорығы XVII ғасырдың 80-ші жылдарынан басталады деп зерттеушілер пікір білдіреді. Алайда оған дейін де ттонаушылық сипаттағы соғыстардың болып тұрғандығы белгілі. Сөзсіз бұл кезде казак ханы - Тәуке хан болатын. 1680 жылдан бастап Галдан Бошақту хан Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен аймақтарына жорықтар ұйымдастыра бастайды. Ол туралы 1722-1724 жылдары Цеван Рабданның ордасына барып қайтқан орыс елшісі Иван Унковский былай деп баяндайды: «Осы тауық жылы (1681) Галдан Бошақту хан қол ертіп жорыққа аттанып, Сайрамды қоршап алды. Ит жылы (1682) жорықтан қайтып оралып, ол Іле өзенінің жағасында қыстап шықты. Доңыз жылы (1683) тағы да Сайрамға аттанды. Жазда Галданның әскербасы Рабтан Сайрамды қиратты» деген мәліметтер келтіреді.

Зерттеушілер 1652 жылдан кейінгі жонғарлардың казактарға қарсы жасаған бұл ірі жорығы мұсылман авторларының шығармаларында көрініс тапқандығын айта отырып, «Тарих-и амнийя» еңбегінің авторы Мулла Мұса Сайрами жонғарлардың Сайрамды алуы туралы былай деп баяндағанын былай деп көрсетеді «...Біздің аталарымыздан естігеніміз бен жасы келген кәрі адамдардың айтуына қарағанда, осыдан 200 жылдай бұрын қазіргі Моғолстан жеріндегі хан орнына Іледе Құнтаджи деген қалмақ

келеді, оның билігі шығыста Комул мен Баркөлге дейін, батыста – Ташкент пен Сайрамға дейін, оңтүстікте Карангу-Тағқа дейін созылады. Ол кенеттен жорыққа шығып, Ташкент Сайрамын басып алып бағындырады да, билікті бір қалмаққа тапсырады. Оның қасына бірнеше қалмақты көмекші етіп қалдырады да, өзі Ілеге қайтып оралады. Сайрамдықтар қалдырылған қалмақтарды өлтіріп, бағынудан бас тартады. Сайрамнан қашып құтылған бірнеше адам Құнтажыға келіп болған оқиғаның бәрін айтып береді. Құнтаджи Ілеге соқпай, Сайрамға қайтып оралып, қаланы екінші рет басып алады да, тұрғындардың бір бөлігін өлтіріп, қаланы талан-таражға түсіреді. Қалмақ басшысы Сайрамның игі жақсы үш тобының әрқайсысынан 20 отбасыдан барлығы 60 отбасын бала-шағасымен, қызметшілерімен Ілеге алып кетеді. Оларды Іледе бір жылдай ұстап, сосын көне Тұрпанға жібереді...». Ең бастысы зерттеушілер осы еңбек авторын сайрамдық, оның ата-бабалары – деректегі 60 отбасының бірі екендігін анықтайды.

Жалпы жоңғарларға Сайрамды 2 рет бағындыруға тура келген. Бұл жылдары Тәукс хан билікке жаңадан келіп жатқандықтан, оның жоңғарларға қарсы қояр күші болмаған секілді. Тарихи аңыз-әңгімелер бойынша, осы Сайрам соғысында Кіші Жүздің батыры Тілеу батыр Айтұлы кіші ұлы Жолдаяк батырмен бірге көзге түскен және шайқастардың бірінде әкелі-балалы батырлар қаза тапқан. Олардың денелері қазақтың бас қаласы – Түркістанда, Қожа Ахмет Йассауи кесенесі жанына жерленген.

1697 жылы Сенгенің ұлы Цеван Рабтан билікке келеді. Осыған байланысты қазақ-жоңғар қатынасындағы жағдай күрт өзгереді. Цинь әулетінің жоңғарларға қатысты ұстанған жерді ғарышту саясаты олардың қазақ жерлеріне немесе «жаңа жерлерге» деген мұқтажығын тудырады. Сол себепті де Цеван Рабданның қазақтарға қарсы жүргізген саясатының сипаты өзгеріп, бұрынғы тонаушылық жорықтар, енді басқыншылық соғыстарға айнала бастайды. Оның қазақтарға қарсы алғашқы соғысы 1698 жылдың өзінде-ақ басталып кетеді. Әрине соғыс ашушы тарап алдымен өзінің кінәсіздігін ірі мемлекеттер алдында дәлелдеп алатындығы тарихи оқиғалар көрсетіп беріп отыр. Міне осы жайт жоңғарларда да қайталанатын. Ол турасында зерттеуші-ғалым мынандай тұжырымдық ойларын жеткізеді: «Жоңғар қонтайшысы өзінің іс-

әрекеттерін ақтау үшін Қытай императоры мен Ресей патшасына елшіліктер жіберіп, соғыстың басталуына Тәуке ханды кіналайды. Мысалы, Цеван Рабдан Қытай императоры Сюань Еге жазған хатында казак-жонғар соғысының бастауына Тәуке ханның іс-әрекеттері себепкер болғандығын айтып, жағдайды былайша түсіндіреді: «Соғысқа амалсыздан кіріскенін, оған Тәуке ханның сатқындығы себепші болғандығын, Тәуке ханның ұлы Галданда тұтқында болып, Галданның оны Далай-Ламаға жібергенін және Тәуке ханның өтініші бойынша Далай-Ламадан Тәукенін ұлын босатып, 500 адаммен еліне қайтарғанын, ал Тәуке ханның 500 адамды талан-таражға салып, Урхедей батыр тайшыға өлтіріп, оның адамдарын тұтқынға алғанын, сондай-ақ, Еділ бойымен Жоңғарияға келе жатқан Аюке ханның қызы, Цеван-Рабданның қалындығын Тәуке хан адамдарының тонауға ұшыратқанын, Ресейден келе жатқан жонғар саудагерлерін қазақтардың тонағандығын жеткізеді. Ал 1699 жылы Ресейге аттандырылған елшісіне Цеван-Рабдан өзінің «Мәскеуге адалдығын және оның дәлелі ретінде казак тұтқынынан босатылған орыстарды қайтарғандығын» айтуды тапсырады. И.Я.Златкиннің көрсетуі бойынша Цеван-Рабданның қайырымдылығы мен әділеттігіне сенуге болмайды. «Соғыс керек болса, сылтау табылады» дегендей, Цеван-Рабдан Галдан-Бошақты-ханның кейін Жоңғар мемлекетіндегі ішкі жағдайды тез арада ретке келтіріп, жана жерлерді бағындыруға даярлаған болатын. 1698 жылғы Цеван-Рабданның қазақтарға жорығы барысында ол казак жерінің Шу-Талас өзендері өңіріндегі тұрғындарды қырғынға ұшыратып, он мыңдай адамды тұтқынға алып кетеді. Жоңғар контайшысы Қытай императорының алдында өзін соғысқұмар емес екендігін, бейбітшіл екендігін көрсету үшін жоғарыдағыдай хат жазып, екі жақты соғыстың басталуына Тәуке ханды кінәлаған деп түсінеміз» деп ойын қорытындылаған.

Жоңғарлардың казак жеріне шапқыншылықтары бұдан кейін де жалғасып отырды. Дегенмен жоңғарлардың жекеленген өңірлерді ғана тонауға ұшыратқаны болмаса, казак елін толық бағындыруға, иеленуге бағытталған жорықтарына Тәуке хан тойтарыс беріп отырады. Тәуке хан тұсында казак қоғамында жүргізілген саяси-әкімшілік және құқықтық өзгерістер нәтижесінде казак елі өзінің қорғаныстық қабілетін көрсете біледі. Талай-талай

казак батырлары осы кезде ел үшін, жер үшін жан аямай жоңғарлармен соғысады, тіпті кей кездерде өздері бірігіп, жоңғарлардан кек алу үшін оларға жеңісті жорықтар ұйымдастырады.

Тәуке хан тұсында Қазак хандығының сыртқы саясатының басым бағыттар тек жоңғарлар ғана емес, өзге елдермен де тығыз қарым-қатынастар орнатуға бағытталды. Мысалы осы кезеңдегі казак-орыс қатынастары негізінен сауда-айырбас байланыстарын дамыту сипатында өрбіп отырған. Қазак жері ежелден тіпті, Ұлы Жібек жолы өрістеп тұрған заманнан Орта Азияға орыс көпестері керуендерінің жиі өтуімен ерекшеленеді. Осы қатынастарды көрсететін деректерде казак ханы туралы ешқандай мәліметтер ұшыраспайды.

Осы Тәуке хан тұсындағы Қазак хандығы мен көрші мемлекеттер арасындағы байланыстарды зерттеу жұмыстарын жүргізген Б.Б. Кәрібаев ол турасында: «Ал аштарханилар әулетімен қарым-қатынасқа келсек, бұл жылдары Бұхарада билікте Надірмұхаммед ханның (1642-1645) ұлы Абдалазиз хан (1645-1680) отырған болатын. Бұл кезеңде де Қазак хандығының аштарханилар әулетімен қарым-қатынасында аса ірі оқиғалар болмаған секілді. Егерде ондай оқиғалар болса, онда ол жөнінде жазба деректерде мәліметтер кездескен болар еді. Тек екі жақты қатынастар Тәуке ханның билік еткен кезінен бастап қана кездесе бастайды. Тәуке ханның Бұқара ханы Сұбханқұли ханмен 1687-1688 жылдары Ташкент мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізгендігі жөнінде ғана айтылады.

Ал енді орыс мемлекетімен Тәуке ханның жүргізген саясаты мәселесіне келсек, екі жақты байланыстар сауда және шекаралық істер төңірегінде дамиды. XVII ғасырдың соңында Ресейдің билігіне I Петрдің, Қазак хандығына Тәуке ханның келуіне байланысты екі ел арасындағы байланыстар жандана бастайды. Ресейдің Шығыс елдерімен жүргізген сауда жолдарының бір тармағы Қазакстан арқылы өткендіктен керуендердің қауіпсіздігіне кепілдік, тауарларға салынатын баж салығының көлемі мен мөлшері және Ресей мен Қазакстан шекарасының маңында тұратын тұрғындар арасындағы әртүрлі дау-дамайлар мен ірілі-ұсақты жанжалдар да елшіліктер арқылы шешіліп отырылады. 1683-1693 жылдар аралығында Тәуке хан жоғарыда аталған мәселелер

бойынша Ресейге бес елшілік жібереді. Тәуке ханның елшілері Сары мен Келдей, Тұманшы батыр мен Кабай, Құлтыбай Аталыковтар осы кезеңде Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстарды жүргізуде белсенділік танытады. XVII ғасыр соңындағы Тәуке ханның Ресеймен жүргізген қарым-қатынасы тең дәрежелес деңгейде жүргізіленін байқау қиын емес. Егерде бір себептермен қазақ елшілігі Ресейде ұсталса немесе олардың жұмысына бөгет жасалса, Қазақстан аумағындағы орыс елшілеріне де дәл сондай әрекеттер жасалған. Мысалы, 1693 жылы Тәуке ханның елшілері Сары мен Келдей орыс еліне аттандырылып, оларға сауда жасасу туралы шартқа қол қою міндеті тапсырылады. Бірақ та шекаралық кикілжіңдерге байланысты Тәуке ханның елшілері Ресейде тұтқынға алынады. Тәуке хан өзінің орыс патшасына жазған хатында «Адам атадан осы уақытқа дейін ұрылар үшін елші қамауға алу дегенді құлақ естіп, көз көрмеген еді», - деп өз ренішін білдіреді. Тәуке ханның табандылығы арқасында қазақ елшілері босатылып, екі жақты мәселе бейбіт шешіледі.

Жалпы алғанда, Тәуке хан көршілес елдермен жүргізген қарым-қатынасында, әсіресе аштарханилық әулетпен және Ресей мемлекетімен арадағы даулы мәселелерді бейбіт түрде шешуге және сол елдермен байланыстарын дамытуға күш салады.

Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының нығаюының басты себебі ел басқару ісін жетілдіруінде еді. Тәуке хан тұсында қазақ қоғамында батырлар мен билер институтын енгізу көп жетістік әкелді. Жалпы қазақ қоғамындағы би мен батырлардың орнын анықтау үшін олардың атқарған қызметі мен мағынасын ашып алу қажет.

«Би» сөзінің этимологиялық мәні әлі күнге ғалымдар арасында ортақ ұғымға ие бола алмай келеді. Г.Вамбери, В.В.Радлов «би» сөзінің төркінін ежелгі ғұн, сак дәуірлерінен іздеп, оған биіктікті, жоғарылықты яғни билеуші, билеу мәнін берсе, А.Леонтев пен А.И.Добросмыслов бұл пікірді қолдайды. Ал Құрбанғали халид, А.Оразбаева, Р. Сыздыкова, М. Қойгелдиев «бек» сөзінен «би» шыққан деген тұжырым жасайды. Көшпелі қазақ қоғамында Ұлы Даланың барлық аймақтарында дәстүрлі демократиялық билік нысандары ежелден көрініс тапқаны талассыз. Ел басқару және билік жүйесіне қатысты атаулардың дені

қоғамның құқықтық өмірінің әртүрлі буынын бейнелейді және ол атаулардың өзгеруі тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі мемлекеттің, қоғамдағы саяси жүйенің даму бағытына көбірек тәуелді болады.

Сайып келгенде, осы сыртқы факторлардың нәтижесінде тілге жаңа билік институттарының атаулары үздіксіз еніп жатады. Қазақ хандығында далалық демократияға негізделген сондай билік институтының бірі билер кеңесі деп аталған. Билер институты бұл қазақ қоғамындағы парламентаризм дәстүрлерінің құқықтық негіздерінің тым әріде жатқанын көрсетеді. Көрнекті түрколог Лев Гумилев «Республикалық құрылыс» деп атаған хандық құрылыс кезінде, яғни, қазақ мемлекетінде абсолюттік монархия ешқашан да болған емес.

Билер кеңесі бұған дейінгі хан кеңесі деген атаулық тіркестің үлгісінде дүниеге келген деп жорамал жасауға болатын тәрізді. Ал бұл сөзінің мағынасына келсек, қазақ тілінде ол бірнеше мағына беретіні белгілі. Егер бұған дейін бұл сөзі әлеуметтік категорияны білдіретін бек сөзінен туындап, сол мағынада ұғынылса, алғашқы ұлттық мемлекет құрылған сәттен бастап бисөзінің мән-мағынасы кеңейді. Біріншіден, ол хан кеңесшісі деген мағынаны берді. Екіншіден, Қазақ хандығының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының нәтижесінде елші болып баратын ресми өкілдер билерден құралатын болды. Үшіншіден, би сот билігін жүзеге асырушы адам болып есептелінді. Төртіншіден, билің алдыңғы міндетін атқаруға қажетті қасиеттердің негізінде оның сөзге ұста, шешен деген лексикалық мағынасы қалыптасты.

Хан сарайында, ұлыстардың мекемелерінде, ауылда, жиындарда билік айтып, ел арасындағы дау-дамайды шешетін, сөзге шешен, іске шебер, сауатты адамдар. Билер – халық қалауымен, тардың, хандардың ұсынысымен, талабымен, қолдауымен болатын өте көрнекті адамдар. Би лауазымы ауылдан тартып, хан сарайларында сақталып, өз қызметін атқарып келді. Би – көсем, шешен, акын, заңгер, елші, мәмілегер, жүрек жұтқан батыр, саясаткер, қоғам қайраткері, ойшыл ғалым, психолог, тәрбиеші. Сондықтан да халықтың билерді өзінше сипаттауы да жиі ұшырасады. Хандықтағы билер кеңесінің беделі күшті болғаны соншалық, хандар кеңестің келісімі мен қолдауынсыз мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шеше алмаған. Ханның қолында негізінен атқарушы билік шоғырланса, заң шығарушылық қызмет пен сот

билігін билер кеңесі атқарған. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын қарастырған зерттеушілердің көбісі билер институтын хандық және сұлтандық институттардан кейінгі үшінші Ұлы билер Төле, Қазыбек, Әйтеке өмір сүрген кезең – тарихымыздың тәлімі көп, ел үшін үлгі болатын ерекше кезені. Олар жаугершіліктің кесірінен ыдыраған халқының есін жиган, әділетті билік шешімдерінен айнымай, келешекке көз салып, үміт отын жағу арқылы көрегендік пен ұйымдастырушылық көрсете білген. Билердің оқығаны көп болмаса да, тоқығаны мол, парасатты, азаматтық тұғырлары биік қасиеттерін, рухани мол қазынасын жария ететін аңыздар мен шежірелер бүгінгі күнге де жеткен. Дегенмен, билердің атқаратын қызметі негізінен қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз етуге, яғни сот билігіне келіп саяды.

Қазақ билерінің өзіне тән ерекшелігі мен басқа халықтарда кездеспейтін қасиеті – дау-жанжалдарды мағыналы, шешендік сөздермен шешуі. Ең бастысы Тәуке хан тұсында үш жүздің билері ел тыныштығы мен ұлттың ұйысуына үлкен мән беріп отырған. «Билер кеңесі» Тәуке хан жүргізген реформаларды жүзеге асыруда үлкен үлес қосты, өзінің мемлекеттік функцияларын тұрақты түрде атқара отырып, сыртқы жауға тойтарыс беруге жұмылдыра алды. Қоғамдық саяси аренада халық арасынан шыққан ерен батырлар, ерен жанқиярлықпен ерлік танытты. Тәуке хан ел басын біріктіре отырып, ортадағы алауыздықтарды жоя білді. Үш жүз билерінің басын қосып, елді бірлікке, бәтуалыққа шақырды. Жерді пайдалану барысында туындаған дауларды әділдікпен шешуге тырысты. Тәуке хан ру басшылары мен билерге өз елінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жауға баратын жауынгерлердің ер-тұрманы мен көлігін, қару-жарағын қамтамасыз етуді міндеттеді. Мойнына қару асынған қазақ ел қорғаушысы ретінде танылып, сол себепті де құрметтелді. Тәуке хан кезінен «билер кеңесі» тұрақты кеңесу органына айналды. Кеңес мүшелігіне атақты билер, батырлар енді. Бұлар заң шығару функциясына ие болған кеңес еді. Бұл кеңесу органы шешімінсіз хан өзіндік бұйрық пен шешім шығаруға асықпаған. Хан қазақ қоғамындағы көкейкесті мәселелерді шешу үшін билер кеңесін шақыруға құқықты еді. 1693 жылы орыс елшілері келуіне орай шақырылған билер кеңесі немесе тұрақты күз айларында өткізілетін «халық

мәжілісі» сынды ханның ішкі және сыртқы саясатын анықтайтын органдар тұрақты жұмыс жасады.

Сөзсіз Тәуке ханның сыртқы саясаттағы жауласушы көрші елдермен арадағы байланыстарын реттеп, қазақ халқының сыртқы қауіпсіздігі мен ұлттық мүдделерінің қорғалуына атсалысқан – қазақ батырлары болғаны анық. Тәуке хан тұсында, яғни қазақ-жонғар соғыстары кезінде қазақ қоғамында батырлардың пайда болуына жағдай жасады. Демек XVII-XVIII ғасырларда әскери және саяси өмірде батырлар тобының көптеген пайда болуына әкеп соқты. Бұ кезенді зерттеушілер «батырлар институтының» аса бір гүлденген шағы, «батырлар дәуірі» деп атаймыз.

Бүгінгі таңда «батыр» сөзінің этимологиясы туралы әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Жалпы бұл мәселеге ең алғаш көңіл аударған Ш. Уәлиханов, В.В.Радлов, Л. Костенко сынды революцияға дейінгі оқымыстылар «батыр» сөзі түркі-моңғолдың «баһадүр» деген сөзден шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, батыл дегенді білдіретінін көрсеткен болатын. Батырлық көшпелі қоғамының ерекше әскери-саяси институты болды деп айтуға толық негіз бар. Батырлар көшпелі қоғамының әскери тәжірибесін, дәстүрін сақтаушы және оны келешекке дәріптеуші тарихи тұлғалар болып табылары сөзсіз.

XVIII ғасырда «батыр» сөзі екі түрлі мағынада қолданылған: біріншіден, батыр деп қарапайым халық арасынан шыққан – батыл, жауынгер, ержүрек адамды айтса, екіншіден жоғарғы тап, яғни хандар арасынан шыққан батырларды да атаған. Олардың қатарында Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Райымбек, Сағынбай, Баян, Сары, Тәттібай, Барақ есімі тарих бетіне ене бастаған тұғын.

Көшпелі қоғам үрдісіндегі батырлар институты дегеніміз – халық арасынан шыққан әскери саяси институт. Бұл институттың халық арасында кенінен қанат жаюы ең алдымен қазақ халқының төрт жағынан да үлкен қауіп ортасында орналасуы еді. Сол себепті де қазақ қоғамындағы батырлар институты жаудан қорғануда кәсіби дәрежеге жетті. Өзінің XVIII ғасырдағы қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін батырлар институты бірнеше сатыдан өткен:

1. Рулық құрылыс кезінде-ру, тайпалардың әскер басы, көсемі болған.

2. Феодализм дәуірінде оларда феодалданып, қоғамдағы аксүйектер табымен тенесе бастады.

3. XVII-XVIII ғасыр батырлар институтының гүлдену кезеңі. Яғни қазақ-жоңғар қатынастары кезеңіне тура келетін тарихи уақыт. Өйткені тарихшы-ғалым Н.Г.Аполлова «1710 жылғы Қарақұм құрылтайы ел басына түскен ауыр жағдайға байланысты батырлардың басым түскен жиыны болды» деген пікір білдіреді.

XVII ғасыр мен XVIII ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамындағы казак батырларының қалыптасуына саяси жағдай әсер етті деп айта аламыз. Жоңғарлардың жаулап алушылық соғыстары мен агрессиялық саясаты қазақ батырларын қорғану, ішкі тартыста ел бірлігін сақтап, ыдыратпау тәрізді күрделі мәселелер қазақ батырларына жаңа міндеттер жүктеді. Батырлар тек қана соғысу емес, сонымен қатар ел басқару істерін де қоса алып жүрді. Өйткені хан мен сұлтандар да, сонымен бірге би, рубасы ақсақалдар да батырлығымен көзге түскен сайын халыққа жақын бола түсті. Г.И.Спасскийдің деректері бойынша үш жүзге бөлінген 67 рутайпалық бірлестіктің жиырма бесінің билік басында батырлар болған мәлімет береді. Тіпті орыс бодандығын қабылдаған тұста Бөкенбай батыр мен Есет батырдың ант беруі де қалың бұқара халықтың қалауын білдіру немесе халықтың осы іске қатысты наразылығын басу амалы болған. Әбілхайыр хан орыс елшісі Тевкелевке «Бізді бірден-бір құтқаратын адам Бөкенбай батыр» дегені де осы батырлардың қоғамдық-саяси қызметінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Міне осындай халық арасынан шыққан ерекше дарынды адамдары өз айналасына жинай алған Тәуке ханның қайтыс болғаннан кейін жағдай мүлдем басқаша болып өзгерді. Ал ханның қайтыс болуы туралы мәселелер өте көп. Мәселе Тәуке ханның қайтыс болған жылы анықтауда болып отыр. Алғаш рет В.В.Вельяминов-Зернов шамамен 1718 жыл көрсеткен болатын. Содан бері тарихи әдебиеттер мен арнайы зерттеулердің бәрінде Тәуке ханның өлген жылы деп осы жыл көрсетіліп келеді. Тек соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде ғана бұл дата нақтыланып, 1715 жыл деп көрсетілуде. Егерде В.В.Вельяминов-Зерновтың көрсетуінде 1718 жыл шамамен айтылса, В.А.Моисевтің зерттеуіндегі мәліметте 1716 жылы қыркүйек айында Тобыл қаласына қазақ ханы Қайыптың елшісі келгендігі

жөнінде айтылады. Автордың бұл мәліметі нақтырақ болғандықтан, біз Тәуке ханның қайтыс болған жылы – 1715 жыл деген пікірді жақтаймыз» деп көрсетеді. Сонымен қатар Ресей жылнамаларында да 1715 жылдан кейін Тәуке ханның аты аталмауына байланысты да Тәуке ханды осы көрсетілген жылы қайтыс болған деп айтуға толық негіз бар.

Тәуке хан ұзақ жылдар бойы Қазақ хандығының астанасы болып келе жатқан Түркістан қаласында Қожа Ахмет Йасауи кесенесі маңына жерленеді. Бұған дейін айтып белгілі болған бұл кесене маңында оның әкесі Жәңгір хан, атасы Есім хан, сондай-ақ Шығай хан әулетінен тарайтын белгілі тұлғалар: Ондан сұлтан, Жәнібек хан және тағы басқа белгілі адамдар жерленген болатын.

Тәуке ханның артында қалған ұрпақтары туралы мәліметтер толық және жүйелі емес. А.И.Левшиннің дерегінде Тәуке ханнан Болат атты ұлы, одан Әбілмәмбет, ал Әбілмәмбеттен Болат хан, Әбілпайыздың тарайтындығын атап өтеді.

С.Жолдасбайұлы құрастырған «Қазақ хандарының ата-тегінің кестесінде» Тәуке ханнан Тұрсын, Мұрат, Болат хан, Сәмеке хан атты ұлдардың таралатындығы көрсетілген. Одан әрі Болат ханнан Әбілмәмбет, ал одан Болат, Әбілпайыз және Байтек атты сұлтандар өсіп-өнеді. Қазақ елінің XVIII ғасырдағы тарихында Тәуке ханнан тараған Болат, Сәмекелер, ал олардан кейін Әбілпайыз сұлтан өзіндік із қалдарған.

Осылайша, Тәуке ханға қатысты жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін қорытындылай келе, төменде мынадай жалпы тұжырымдар жасаймыз. Бірінші, Тәуке ханның арғы-бергі ата-бабаларының бәрі дерлік XIII-XVII ғасырлар аралығында Қазақстан аумағындағы саяси биліктің жоғары сатысында болып, осы ғасырлардағы саяси тарихта терең із қалдырған, қазақ елінің қалыптасуы мен дамуына өз үлестерін қосқан тарихи тұлғалар болған. Оз кезегінде Тәуке хан да өзі билік құрған жылдары ата-баба жолы мен дәстүріне сай Қазақ елінің дамуына еңбек сіңіріп, есімі ел есінде сақталып қалған тұлғалардың қатарына жатады.

Екіншіден, Тәуке хан билікке келгеннен кейін қазақ қоғамында ұзаққа созылған дағдарыстарды құқықтық негізде реттеу үшін «Жеті Жарғы» атты заңдар жинағын шығарып, оны қоғамдық өмірде кең қолданысқа енуіне бар күшін салады. Ішкі бірліктің біршама сақталынуы оның билік құрған жыларын

салыстырмалы түрде «алтын ғасыр» деген теңеуге алып келеді, халық оны өз-Тәуке деп атап кетеді.

Үшіншіден, оның билік құрған жылдары жоңғарлардың жойқын шабуылдарына төтеп берумен тұспа-тұс келеді. Тәуке ханның тұсында ішкі бірлік пен мемлекеттік биліктің сақталынуы жоңғар билеушілерінің жорықтарына төтеп беруге мүмкіндіктер береді. Басқа көрші елдермен бейбіт қатынастар орнатуға күш салынады. Жалпы алғанда, Тәуке хан қазақ елінің тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңнің ең соңғы және ең кеменгер ханы бола білген. Ол қайтыс болғаннан кейін қазақ елінің әр жүзіндегі кіші хандықтардың тарихы басталады.

2.3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы өте күрделі жағдайда өрбіді. Орталықтанған саяси билікті күшейткен Тәуке ханның өлімі сұлтандар арасындағы билік үшін талас-тартыстарды күшейтіп жіберді. Нәтижесінде сұлтандардың тақ үшін таласы қазақ халқын құраған жүздердің де өзара қырқыстарын тудырды. Бұл дегеніміз Тәуке ханның өлімі қоғамның топтасуы емес, керісінше ішкі ыдырауын тудырды. Демек XVIII ғасырдың 20 жылдары қазақ халқы үшін тарихта ел басына күн туған кезең болды деп айтуға толық негіз бар. Ойткені Тәуке ханның өлімінен кейін орын алған қиын-қыстау заманда ру-ру, ұлыс-жүз болып бөлініп, алауыздықпен өзара дау-жанжал, қақтығыстар мен бірін-бірі барымталау үдерісі қазақтардың арасында көптеп кездесе бастады. Өз заманында қазақтардың басын қосып, ішкі дау-жанжалдарды сәл де болса тежеп, уақ хандарды бір орталыққа біріктірген, елдің ынтымақтастығын күшейткен Тәуке ханның «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» кезеңі аяқталды.

Сонымен қоса XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығының сыртқы саясаты күрделене түсті. Солтүстік пен батыстан – Ресей мемлекеті, шығыстан – жоңғарлар, оңтүстіктен – ортаазиялық хандықтардың саяси қысымы күшейді.

Көршілес елдер тарапынан болатын шабуылдар халықты көп күйзеліске ұшыратып отырды. Әсіресе жоңғарлардың шығыстан

ойран салып ірі соққылар беруі, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өмірін қиындата түсті. Сыртқы саясаттағы жағдай қазақтарды орын алған жағдайдан шығу жолын іздеуге мәжбүр етті. Сонымен қатар қазақтардың патшалық Ресейдің бодандығын қабылдауына жол салған Кіші жүз ханы Әбілхайырдан жоңғар қаупінің жойылмауы себебі сыртқы қауіптен құтқаратын жол іздеуді талап етті. Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресейдің құрамына енуді ойластырды. Әбілқайыр ханның мақсаттары казак ауылдарының шаруашылық мұқтажымен де байланысты болды. Петербург билеушілеріне арқа сүйеп, аға хандыққа таласта қарсыластарын жеңуді де ойлады. Қазақ жері арқылы өтетін керуен жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету оның мақсаттарының бірі болды. Кіші жүз ақсүйектерінің талабы Ресеймен әскери одақ құру болған дегенде пікірлер бар. Бірақ тарихи тәжірибе көрсеткендей патшалық Ресей сынды қуатты мемлекет ешқашан да Тәуке ханның өлімінен кейін әлсіреген Қазақ хандығы сияқты мемлекетпен әскери одақ құрмасы анық. Мұндай жақындастық тек қана жаулап алу немесе отарлау, бодандықты қабылдау мақсатында ғана жүзеге асады.

1726 жылы Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, старшиндар Сүгір, Едікбай, Қажыбай, Құлымбай және басқалары Ресейге, оның қол астына өту туралы өтініш білдіру арқылы Қойбағарды жіберген еді. Алайда ханның өтініші ол жылы жауапсыз қалдырылды. Дегенмен Әбілқайыр хан өзінің патшалық Ресеймен бірігуі немесе бодан болу ниетінен қайтпай 1730 жылы қыркүйекте Уфа арқылы елші жібереді. 1731 жылы 19 ақпанда императрица Анна Иоанновна Кіші жүздің қазақтарын Ресейдің қол астына алу туралы грамотаға қол қояды. Әбілқайыр ханнан ант қабылдау үшін Ресейден сыртқы істер коллегиясының тілмәші, дипломат А.И. Тевкелев бастаған елшілік жіберілді. 1731 жылы 5 қазанда орыс елшілері Ырғыз өзені бойындағы Әбілхайыр ордасына келгенде, казак ақсүйектері арасында патшалық Ресейдің боданы болу мәселесінде бірізділіктің жоқ екендігі анықталды. Бұл дегеніміз казак сұлтандарының Барак сұлтан бастаған тобы Қазақ хандығының дербестігін сақтап қалу және патшалық Ресеймен бірігуге түбегейлі қарсы шығады. Барак сұлтанмен бірге Боғенбай батыр бастаған топ та Кіші жүзді Ресейге қосу жөніндегі шараларды аяқсыз қалдыруға тырысады. Дегенмен бұл қарсылық сәтсіз аяқталады. Өйткені А.И. Тевкелев казак

қоғамында беделі бар табын руының өкілі, аты шыққан батыр Бөгенбайға арқа сүйеп, осы мәселенің тез арада шешілуіне қол жеткізе алады. Нәтижесінде Кіші жүз ханы Әбілқайыр 1731 жылы 10 қазанда патшалық Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант берді. Кіші жүз ханы берген антынан кейін Бөгенбай батыр мен оның күйеу баласы Есет батырлар патшалық Ресейге адал болуға ант береді. Ант беру арқылы олар Ресеймен тату тұруға және орыс қарамағындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының қазақ жеріне шапқыншылығын тоқтата отырып, Ресейдің көмегімен жоңғарлар басып алған жерлер мен қалаларды қайтып алуды көздеді. Міне осылайша Кіші жүз ханы Әбілхайыр осы уақытқа дейін өзін мойындамаған сұлтандарды бағындыра отырып, өзінің беделін арттыруды көздеді. Сонымен қатар жекелеген зерттеушілердің пікірінше осы әрекеті арқылы Әбілхайыр хан үш жүздің басын біріктіріп өзі билеуді, хандықты балаларына сайлау тәртібімен емес, мұрагерлік жолымен қалдыруды жүзеге асырмақ болған деп санайды. Сөйтіп, ол жеке мүддесімен қатар халықты апаттан сақтауды да ойлаған. Осы ойына жетуде Бөгенбай, Есет батырлар мен Құдайменде мырзаларды өзінің қасына қосады. Сонымен қатар зерттеушілер Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдауының жан-жақты негіздерін теріске шығармай, Әбілхайырдың жеке көреген саясатын естен шығармау қажет деп есептейді. Өйткені Әбілхайыр хан ресейлік әкімшілікке сүйене отырып, барлық саяси қарсыластарының көзқарасын әлсіретуді, жекеше билікке күресуде әлеуетті қарсыластарынан жоғары тұруға үміттенген деген пікір білдіреді. Өйткені Әбілхайырдың және оның жақын серіктестері, беделді батырлар Бөгенбайдың, Жәнібектің, Есеттің және тағы басқалардың басты мақсаты барлық қазақ руларын біріктіру және Ресейдің формальды қамқоршылары арқылы орталықтандырылған мемлекет құру болды. Тарихшы З.У.Тоғанның айтуынша, 1730 жылы Тәукенің ұлы Болат хан қайтыс болған соң, қазақтың үш жүзі Әулиеатада құрылтай шақырылып: «бұл құрылтайға үш жүздің ұлы ханы Болаттың баласы Әбілмәмбет және Болат хан тікелей билігін жүргізген Ұлы жүздің сұлтандары, Шығай ханның ұрпағы және өз заманының қаһарманы Барак сұлтан билігін жүргізген Орта жүздің сұлтандары, Әбілхайыр басқарған Кіші жүздің сұлтандары қатынасады... Осы құрылтайда Әбілхайыр Әбілмәмбеттен үш

жүздің ұлы хандығын алмақ болып жөнсіз талап қояды. Сонымен үш жүздің берекесі бұзылады» деп айтқан болатын. Сонымен қатар автор осындай әрекеті арқылы Әбілхайырдың үш жүз бірлігіне жік салғанын ескертіп өтеді. Әбілхайыр үш жүз арасына жік сала отырып, үш жүзге ұлы хан, оған қоса Хорезм мен Қарақалпақ ханы болып билікті қолға алуды арман еткен деген де мәселелер тарихнамада бар. Алайда Әбілхайыр ханның тек орталықтанған қазақтың ұлы ханы болуды тек арман етіп қана қойған жоқ. Ол алдымен Қазақ хандығында қалыптасқан саяси жағдайды да жақсы көре білген деп есептейміз. Өйткені дәл осы хан атану үшін Ресей қоластына кіріп, қолдағы билігінен айырылып қалмау саясатын ұстанып қана қоймағаны шындық. Әбілхайыр хан Қазақ хандығына казак-орыс, башқұрт, қалмақтардан тепкі көріп отырған казактар әлсіз екендігін орыс билеушілеріне жеткізіп, оның өзіне хиуалықтар мен калмақтардан қорғану үшін көмек алуды да көздеді. Өз кезегінде патшалық Ресейдің Қазақ хандығын өз қарамағына алуы да бірнеше артықшылықтарды берді. Сондықтан қазақ хандары мен сұлтандарының мойынсұнуы орыс үкіметі үшін пайдалы болған. А.И.Левшин қазақтардың патшалық Ресей империясына бағынуы орыс үкіметі үшін барлық жағынан пайдалы болды деген пікір білдіреді де оны төмендегідей етіп белгілейді:

1) Бұл империя бір тамшы қан ағызбай бірнеше жүз мың халықты қосып алады;

2) Қазақтардың бағынуы Шығыс оңтүстік өлкелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) Қазақтар арқылы қорқынышты жонғарлар күшін әлсіретуге болады;

4) Қазақтарды пайдалана отырып, бүліншілік шығара беретін башқұрттарды басуға болады;

5) Қазақтарды пайдалана отырып Хиуалықтарды, Қарақалпақтарды бой ұсындыруға болады;

6) Қытай мен Үндістан секілді ірі мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға жол ашатын, әрі сонда кірудің кілтін қолға алады.

Қазақ хандығының патшалық Ресей құрамына енуі басқару жүйесін реформалау, жергілікті халықты рухани жағынан отарлау, әскери-жазалау шаралары белсенді жүргізіліп отырды. Сол себепті де Кеңес жылдарында қалыптасқан тұжырымдар, яғни

Қазақстанның Ресейге қосылуы дамытушылық факторы болды деген пікірге мүлдем қосыла алмаймыз. Өйткені, біріншіден, қазақтардың өз еркімен қосылмауына орыс әскері Оңтүстік Қазақстанды жаулап алумен аяқтаған болатын. Екіншіден, Ресей Қазақстанды жаулап ала отырып, шұрайлы жерлерін тартып алды, ежелден қалыптасқан көшпелі өркениеттің тамырына балта шапты. Қалыптасқан өмір сүру тәртібі мен тұрмыс-тіршілік сипатын өзгертті. Қазақтарды шоқындырмақ саясатын ұстанды. Империялық өкімет түптеп келгенде қазақтардың ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін түбірімен жоюға ұмтылысы көп нәрсенің ақиқатын ашып беруді талап етеді.

Кіші жүз ресейлік бодандықты қабылдаған соң Қазақстандағы жағдай күрделі болып қалды. Жонғарлардың ойран салып басып кіру қаупі арылған жоқ. Бұл дегеніміз патшалық Ресей қазақтарға жонғарларға қарсы соғыста ешқандай көмек көрсетпеген дегенді білдіреді. Керісінше зеңбірек құюды үйрету мақсатында тұтқындалған шеберлердің жонғарлар арасында өмір сүргендігі белгілі. Солардың бірі орыстар тарапынан тұтқындалған швед офицері Иоган Густав Ренат болған. Соның көмегімен Цеван Рабдан 1726 жылы шойын қорыту өндірісін аша алады. 1716-1733 жылдар аралығында И.Г. Ренат жонғарлар арасында өмір сүріп, соның 7 жылында зеңбірек құю ісімен айналысады. Сонымен қатар жонғар қолбасшылары арасында еуропалық соғыс жүргізу әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктері мен басымдылықтары туралы дәрістер оқыған. Міне осындай көмекке сүйенген жонғар әскері салыстырмалы түрде алғанда қуатты бола түсті. Тіпті Цеван Рабданға дейін Қалдан-Церен тұсында да жонғарлықтар шабуылымен қатар, олардың қару-жарақтары дами түскен болатын. Мысалы ол 1678 жылы Шығыс Түркістанды өзіне қосып алды. Ендігі жерде Жонғария мемлекеті Ресеймен, Қытаймен, Орта Азиямен сауда-саттық, алыс-берісін күшейтті. Әсіресе, байлығы мол Шығыс Түркістан шикізатын Ресейге қару-жаракқа алмастырып ала бастады. Сол замандағы өте ірі қару – зеңбіректің қалмақтарда болғанын П. Рычков сынды зерттеушілер жазған болатын

1731 жылдың аяғында Әбілқайыр және Бөгенбай батыр өздерінің елшілерін Орта Жүзге жіберіп, Семске ханға, егер Ресей бодандығын қабылдаса орыс әскерлерінің көмегімен өңірде

қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндігі жөнінде уәде берді. Семеке Әбілхайырдың ұсынысын қабылдады. 1732 жылы Орта жүздің кейбір бөліктері Ресей құрамына формальды түрде кірді. Алдағы оқиға көрсеткендей, Семеке Ресей империясымен келісімшартты сақтамауға тырысқан. Өйткені онын тарапынан Ресей бодандығындағы башқұрттарға шабуыл жасау фактілері кездескен. Жонғар шабуылшыларының қаупі Орта жүздің беделді феодалдарын Ресейге олардың өзінің құрамына алу туралы қайта жүгінуге мәжбүрледі. Анна Иоанновнаның 1734 жылғы 10 маусымдағы грамотасымен Семекенің және оның сыбайластарының өтініші қанағаттандырылды.

1732 жылы 24 қарашада Тевкелев өз міндетін аяқтап, Найзакескен жерінен кері жолға шықты. Осылайша 1733 жылы 2 қаңтарда Әбілхайырдың Петербургке жіберген елшісімен бірге Уфаға келді. Оның құрамында Әбілхайырдың ұлы сұлтан Ералы ханның немере інісі сұлтан Нияз, старшиналар Шандыбай, Мырза Құдай-Назар, Мырзагелді батыр және тағы да басқалары болды. Петербургтегі келіссөздің нәтижесінде Кіші Жүздің Ресей бодандығына кіруі ресми ресімделді. Сонымен қатар 1733-1734 жылдары Оңтүстік Қазақстанның кейбір билері мен беделді сұлтандары Ресей бодандығын қабылдауға деген ықыласын білдірді. Анна Иоанновна патшайымның 1734 жылғы 10 маусымдағы Жарлығы үкіметтің Ұлы Жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы келісімін куәландырды. Алайда Ұлы жүздің патшалық ресей құрамына қосылуын тежеп тұрған бірнеше факторлар болды. Оның қатарында алдымен Ресейден қашық орналасуын және ұлы жүз жеріндегі қазақ-жонғарлар қарым-қатынастарының тым белсенді болуымен байланысты еді. Сонымен қатар 1740 жылы ресейлік бағдарды ұстап тұрған Жолбарыс ханның өлтірілуі де бұл жоспардың жүзеге асуын ұзаққа жылжытты.

Сөзсіз Кіші жүз қазақтарының патшалық Ресейдің бодандығына өтуі орыс үкіметі тарапынан қазақ жерінің пайдалы қазбаларын анықтап, басқарудың тиімді жолдарын қарастыру мен бекіністер салудың негіздерін жасау мақсатында түрлі экспедициялар ұйымдастыра бастады. Жанадан біріктірілген қазақ жерлеріндегі көзқарасты бекіту үшін 1734 жылы мамырда Сенаттың обер-хатшысы И.К. Кириллов басқарған Орынбор

экспедициясы ұйымдастырылды. Ал қазақ жерінде болып, тәжірибесі бар А.И. Тевкелев оның көмекшісі болып бекітілді. Экспедицияның міндетіне Ресейдің құрамына кірген жерлерді жан-жақты зерделеу, табиғи ресурстарды барлау, Орск бекінісінің имаратын салу, орыс және қазақ иеленушілерінің арасындағы жаңа шекараны анықтау кірді. Бірқатар себептер және ең алдымен 1734-1738 жылдарда башқұрт көтерілісі Орынбор экспедициясының кеңейтілген жоспарын жүзеге асыруға келергі жасады. 1735 жылы орыс-қазақ саяси және сауда өзара қарым-қатынасын дамытуда маңызды мағынаға ие Орынбор қаласының негізі қаланды. 1737 жылы И.К. Кирилловтың қайтыс болады. Ендігі кезекте Кіші және Орта жүздердің сұлтандары мен старшындары және олардың елшілерімен жұмысты ұйымдастыру үшін В.Н. Татищев Орынбор өлкесінің жаңа бастығы болып тағайындалады. 1738 жылы тамызда Орынбор комиссиясының басшысы, тарихшы В.Н. Татищев Орынборда қазақ сұлтандарының съезін өткізді. Кіші жүз бен Орта жүзден барлығы 60-қа жуық старшын Ресейге берілгендіктен қуаттап екінші рет ант берді. 1740 жылы Орынборда өткен Кіші және Орта жүздің старшындары мен сұлтандары өкілдерінің съезі Ресей бодандығына кірудің алғашқы нәтижелерін бекітуге мүмкіндік берді. Оған қатысқан Әбілмәмбет хан және сұлтан Абылай қатысқан болатын. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатында орын алған жайттарды ескере отырып, яғни жонғар шапқыншылығынан Қазақ хандығының жерлерін қорғау мақсатында Ресей бодандығына қабылдауын өтінген болатын. Осылайша Кіші және Орта жүздердің сұлтандары мен старшындары тобының 1740 жылғы қабылдаған анты негізінде Ресейге тек қана Орта жүздің кейбір бөліктерін кіргізуге мүмкіндік алды. Ал Қазақстанның өзге де Солтүстік-Шығыс және Орталық өңірлері тек қана ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында, патшаның әскери-саяси акциялары салдарынан империя құрамына кірген болатын. Жоғарыда атап өткеніміздей, 1740 жылы Орынборда Кіші жүз бен Орта жүздің старшындары мен сұлтандарының съезі өткен болатын. Осы жиналыста Ресей бодандығының алғашқы нәтижелері қорытындыланды. Съезге қатысқан Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қазақстанды жонғарлардың шабуылдарынан қорғап қалу үшін Ресеймен келісімге келу керек деген пікірлер айтты. Осы жылы

Кіші және Орта жүздің бір бөлігінің сұлтандары мен старшындар тобы Ресей бодандығына ант берді.

XVIII ғасырдың ортасында Орталық Азияда маңызды өзгерістер болып өтті. Жоңғарлардың казактарға қарсы жауластық әрекеттері 1745 жылы Калдан-Церен кайтыс болғаннан кейін Жоңғар хандығының өз ішінде орын алған оқиғаларға байланысты әлсірей түсті. Жоңғарияның әлсіреуімен оның казак жерлерін жаулап алу қауіпі жойылды. 1748 жылы Әбілқайыр ханды Барак султанның өлтіруі Россия өкіметін мазаламай қалмады. Әбілқайыр тұсында калыптасқан саясатты жалғастыруға мүдделі Петербург сарайы Россияға бейімделушілік бағытын устаған феодалдық топтарға үміт артты. 1749 жылы Нұралы Кіші жүздің ханы болып тағайындалды. Алайда патша үкіметінің отарлау бағытындағы саясатының күшеюі жүздегі старшындардың ханға бағынбауының әртүрлі формасында көрінген ішкі саяси жағдайы шиеленістіріп жіберді. Бұл Орал мағайын ашық отарлау жолына түскен Орынбор әкімшілігіне және Ресейдің саясатын қолдаған Нұралы ханға қарсы күрес еді.

1756 жылы казактардың қысқы уақыттарында малдарын Жайықтың оң жағалауына өткізуіне тыйым салған патша жарлығы шықты. Жайық казактарының мүддесі үшін қабылданған үкімет шешімі оған қарсы көңіл-күйді күшейте түсті. Орыс селендерін көшпелілер шапқыншылығынан қорғауға бағыштап, патша үкіметі әсіресе Жайық өзені бойымен жылдамдата салған бекіністер мен басқада әскери құрылыстар казак жерлерін отарлау орталықтарына айналды.

Казак мемлекеттілігінің қалдықтарымен күресудің келесі кезеңі Кіші жүзде хан билігінің жойылуына әкеп соғатын Ресейлік басқарудың жаңа жүйесін енгізу әрекеттері болды. Алайда, Орынбор губернаторы барон Игельстромның әуел баста II Екатерина мақұлдаған бұл реформасының жобасы сәтсіздікке ұшырап, іске аспай қалды. Көп кешікпей Ресей саясатын жүргізуді қамтамасыз етпеген және батыр Сырым Датұлы көтерілісінің қыспағында ұшыраған Нұралы хан биліктен шеттетілді.

Шығысында Цин империясымен тікелей жанасатын, сондықтан Ресей империясы билеуші топтарының ерекше қам жасауын тұғызған Орта жүздегі жағдай бұдан біршама басқаша қалыптасты. Көбінесе Жоңғарияның циндер жаулап алған

иеліктерін құрайтын жерлерден Циньцзян имперлік уәлилігінің құрылуы казак-орыс және казак-қытай қарым-қатынастарына көптеген өзгерістер енгізді. Сөйтіп, патша өкіметінің осы аймақта әскери - әкімшілік әрекеттер жүргізуін едәуір дәрежеде тездетте түсті.

Орта жүзде әскери желілер салу казак жерлерін күрделі саяси жағдайда отарлаудың тіркес базасына айналды. Шекаралық желі үш бөлімнен тұрды: Оңтүстік-батыс жағынан - Сібір далалық бекінісінен Омск бекінісіне дейін ұзындығы 553 шақырым Горькая желісі, Омск бекінісінен Ертістің оң жағалауымен Малонарымск дала бекінісіне дейін, жалпы ұзындығы 1684 шақырым Өскемен бекінісінен Алтай тауларының батыс беткейі мен Қолывандық тау-кен заводтарының арасы арқылы Кузнецк бекінісі бағытында (Қолыванск желісі), ұзындығы 723 шақырым.

Бекіністердің құрылымы казактардың дәстүрлі қоныстарын тарылтты. Сібір әкімшілігі мен казак султандары арасында шиелініс тудырды. Аймақта патша өкіметі әскери әрекеттерінің күшеюі, циндік әскерлердің Қазақстан жеріне басып кіру қаупі Абылай бастаған ықпалды сұлтандардың Ресей бодандығын сақтай отырып, Цинь богдыханның сюзерендік жоғарғы өкімет билігін қабылдауына түрткі болды.

Қазақстанның Ресейге кіре бастауы кіші жүз ханы Әбілхайыр тұсынан басталса, Ресеймен арадағы байланыстар Абылай хан тұсында ерекше дамыды. Абылай хан Әбілмәмбет ханмен бірігіп, патшалық Ресейге адал болуға ант бергенімен, Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы көршілес Қытай елімен де тығыз қарым-қатынастар орната алған.

Абылай хан 1711 жылы қанішер Абылай ханның баласы Уәли султанның шаңырағында дүниеге келген. Оның азан шақырып қойған аты Әбілмансұр болатын. Жоңғарлар Түркестанды алып, Уәли султанды өлтірген кезде, 13 жасар бала мүлде панасыз қалады да, Әбілмансұр Ораз дейтін құлының арқасында жан сақтап, бұғанасы бекиді. Ұйпа – тұйпа болып жүргені үшін жұрт оны Сабалақ деп атап кеткен. Болашақ хан Әбілмансұр 1730 жылы ауыл адамдарымен бірге жоңғарларға қарсы шайқасқа қатынасып, өзінің асқан ерлігі, батылдығымен көзге түседі. Сөйтіп, Абылай 30-жылдардың аяғынан бастап, елдің саяси өмірінде тағдырлы соғыс және бейбітшілік проблемаларын

шешкен көрнекті тұлғаға айналды. Сол арқылы Абылай бүкіл күш-қарайтын жоғарғы билікті нығайтуға және қазақ хандығын ұзаққа созылған саяси дағдырыстан шығаруға бағыттады. Қазақ руларының Абылай төңірегіне топтасуы оның Жоңғарияға қарсы белсенді де нысаналы қимылдауына көп жағынан көмектесті.

1740 жылғы шайқаста Абылай қазақ жауынгерлерінің тікелей қолбасшысы болды. Қазақ әскері жоңғарларға қатты соққы берді. Жоңғарлар көп шығынға ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Абылай қазақ әскерлерін ұйымдастырып, жауға қарсы көтеріп, басын біріктіріп, негізгі әскери күшті жинап көрші мемлекеттерге қазақ хандығы біртұтас ел екенін көрсетті. Абылай сұлтан бұл кезде қазақтарды біртіндеп жоңғар шабуылдарынан құтқарып, елдің тыныштығын, халықтың тұтастығын, мемлекеттің егемендігін, тәуелсіздігін сақтап қалуды мақсат еткен. Бұл мақсатты іске асыру барысында ол Ресей империясының 1740 жылы тамыз айының 28 күні Орынборда өткен сұлтан Абылай «верным добрым и послушным ... и подданным быть ...» деп Ресей империясының өкіметіне деген адалдығын айтқан болатын.

1752 жылы Барак сұлтан қайтыс болғаннан кейін ол іс жүзінде қазақ жерлеріндегі бірден-бір толық құқығы билеушіге айналды.

Әбілмамбеттің мәртебесі 2 жақты болды. Бір жағынан, ол жоғарғы хан деп есептеле берді және Ұлы жүз бен Орта жүз қоңыстарын тексеру сапарына жиі шығып тұрды. Екінші жағынан Әбілмамбет Абылайға үлкен арқа сүйеді. Мәселен, 1763 жылы Орталық Азия елдерінің циндерге қарсы одағына қосылуға шақырып, өзіне жолданған хатты ол Абылайға жіберген.

Орта жүзде Абылай билігінің нығайуына елдің оңтүстік шекараларын нығайту жөніндегі белсенді қызметі себепші болды. 50-60 жылдардың басында қазақтардың қырғыздармен қатынастары ерекше шиеленісіп кетті. Алатаудың солтүстік жағындағы, Жоңғария құлағынан кейін қазақтар да, қырғыздар да көз тіккен Жетісу жайылымдары дау нысанасына айналды. 50 жылдардың аяғында бұл жерлерге Ұлы жүздің қауымдары берік орнығып алған еді, алайда 60-жылдардың басында жер дауы ашық соғысқа ұласты. 1760 жылы қырғыздар дулат және қоңырат руларының қоңыстарына шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде Абылай едәуір әскер жинап, тамыз айында Талас қырғыздарын

жеңіліске ұшыратты. Алайда, казактардың жеңіске жеткеніне қарамастан, 60 жылдарда жанжал шешілген жоқ. Бұған Қазақстанның халықаралық аренадағы күрделі жағдайын, қытайлардың басып кіру қауіпінің сақталуы, сондай-ақ күшейіп келе жатқан Қокан мемлекеті тарапынан қауіп тууы себебі болған еді. Дегенмен, 60-жылдардың аяғында Абылай Қазақстанның оңтүстігінде де өз жағдайын нығайтып алды. Ұлы жүздің казактары әділетті түрде оны өз мүдделерін қорғаушы деп біле бастады. Сонымен, 60-жылдардың аяғына қарай Абылай султан Қазақстанның көпшілігі бөлігінде жоғарғы билікті нығайтып алды. Орта жүз бен Ұлы жүз оған толық бағынды, Кіші жүздің көптеген билеушілерімен ол әулеттік қыз алысып, қыз берісу арқылы туыстық жағынан байланысты болды. Батыр хан мен Ералы султан оның одақтастары еді, тіпті Нұралы хан онымен санасуға мәжбүр болды. Әбден қартайған Әбілмәмбет ресми түрде жоғарғы билеуші болып қалғанымен, сол кезеңнің өзінде-ақ Абылай ресми хат алысканда хан деп атала бастайды. Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін ғана Абылай 1771 жылы жалпы казак ханы болып жарияланды. Бұл бір тұтас тәуелсіз казак хандығын сақтауға жасалған соңғы әрекет еді.

Тарихшы-ғалым Н. Мұхаметқанұлы «XVIII ғасырдағы Чин патшалығы мен казактардың қарым-қатынасы» атты мақаласында былай деп жазады: «1755 жылы Орта жүз ханы Абылай Чин хандығының елшілерін күтіп алған кезде, оларға Чин хандығына бағынышты болу ниетін білдірді: «Ұлы мәртебелі патшаның орталық ойпатты билеп отырғанын бұрыннан естуші едім, арада асқар тау, алып өзендер көп, жер шалғай болғандықтан тарту-таралғы апара алмадық. Міне, бүгін патшаның құдіреті шалғайды шарлап, Ілені сапырып, Лама дінін көркейтті. Қазақтар мен жонғарларға тыныштық орнатылды деп қуанып отыр. Мен шын ниетіммен мәртебелі патшаға қараймын». Ал бұл туралы А.Левшин былай деп жазады: «Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре отыра, ол өз қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр болғанымен шын мәнінде ешкімге де бой ұсынбаған тәуелсіз басшы болды» деген болатын. Екі ірі мемлекетпен дипломатиялық, сауда қарым-қатынастарын орнатып, кезінде жонғарлар басып алған Алтай, Тарбағатай өңіріндегі казак қоныстарын қайтарып алды. Қазақтар жаппай ата-мекендеріне

орала бастады. Жонғарлармен күресте халықтың басын біріктіруде ерекше рөл атқарды.

Цин агрессиясына тойтарыс беру және Қазақстанның шығысындағы жерлердің қайтарылуы Орта жүзде ғана емес, Ұлы жүзде де Кіші жүзде Абылай сұлтанның билігін нығайтты. XVIII ғасырдың орта шенінде казак елін жаулардан қорғау үшін Абылай Ресеймен және Қытаймен татулық, достық қатынас сақтап, олардың қолдауы арқасында жонғар басқыншылығын талқандауды жөн көрді. Ең ірі қауіп жонғарлардың басқыншылығы екендігін түсінді. Абылай сұлтан өзінің шебер саясаткерлігінің арқасында Ресей мен Қытай сияқты ірі империяларды өз саясатымен санасуға мәжбүр ете отырып, іс жүзінде елдің дербесігін, жерінің тұтастығын сақтап қалды. Абылай өткір ойлы, терсең білімді шешен адам болған. Бірнеше түрік халықтарының және де парсы, қытай, орыс тілдерін жетік білген. 1741 жылы Абылай сұлтан жонғарлардың қоршауында қалып, тұтқынға түседі. Тұтқында болған екі жыл ішінде олардың тілі мен жазуын үйреніп, жонғар хандығының ішкі саяси жағдайын жіті бақылап, бұл мемлекеттің күштілігі мықты орталықтанған билікке бағынуында және де халықтың бірлігінде скенін түсінеді. Абылай сұлтан және де бірге болған серіктері, барлығы отыз бес адам қалмақ тұтқынынан 1743 жылдың 5-і қыркүйегінде елге қайтып оралады. Абылайдың тұтқындағы екі жылдай уақыт ішінде өзінің қадыр-қасиетін жоғалтпай жоғары ұстауы, сөз жүйесіндегі тапқырлығы мен бағылдығы жауларын таңқалдырған. Қалдан Церен Абылайдың даналағына бас иіп, оған жоғары мәртебелі сый-сияпат көрсеткен және де «Абылай заманынан жүз жыл бұрын ерте туды, бүкіл әлемді билеу қолынан келеді» деп айтқаны белгілі болып отыр. Осы мәселеге байланысты орыс деректерінде былай жазылған: «Он, Аблай, от зюнгарцев с великим награждением отпущен, а именно: дана ему палатка, шитая золотом шуба, крытая парчою золотою, палатка железная складная, панцырь и прочее». Жонғарлардың қонтайшысы Қалдан-Церен «менің ұлымды өлтірген сен бе?» дегенде Абылай былай жауап берген екен «... баланды өлтірген мен емес, халық, менің қолым халықтың бұйрығын орындаушы ғана». Бұл оқиға туралы Үмбетей жырау «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» атты жырында былай дейді:

«Өлтірем деп Қалдан хан
Орайына Шарыштың,
Сөзіне қарсы сөз айтып,
Жауаптастың, қарыстың.
Қапияда тұтылдың,
Қалмакка бітеу жұтылдың,
Шешендік жолын тұтындың,
Үш ауыз сөзбен құтылдың» деген болатын.

XVIII ғасырдың 50-шы жылдары Жоңғар мемлекеті саяси дағдарысқа ұшырап, әлсіреп, ыдырай бастады. Бірақ Абылай хан ол елді қырып шапқан жоқ. Себебі Қытай империясымен Қазақ елінің арасындаға аралық немесе қакпа рөлін атқарған Жоңғар хандығының мүлдем жойылуы неге әкеліп соғатынын Абылай жақсы түсінген. Сондықтан да ол қалмақ халқының Қығай басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресін қолдады. Бірақ, қалмақтар ауыз бірліктен айырылды, соның нәтижесінде 1756-1757 жылдары Цин империясы Жоңғар мемлекетін жойып, халқын қырып тынды.

XVIII ғ. орта кезінен бастап Абылай қазақ елінің ерікті, іргелі біртұтас ел болуын, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етуін қалады. Ол елді отырықшылыққа көшіруді, Үш жүздің басын қосуды, туған Отанын жаудан қорғауды мақсат етті. Абылай хандық құрған кезде ханның жанында Кеңес болған. Оған барлық жүздердің өкілдері қатысып, маңызды мәселелерді қарайтын және де бүкілқазақтық Құрылтай шақырылып, соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау мен дамай, басқа халықтармен арадағы сауда мен дипломатиялық қарым-қатынас мәселелері қарастырылып отырды. Ташкент, Ходжент, Сайрам, Шымкент, Созақ, Түркістан қалалары азат болған соң, яғни қазақ хандығына қайтадан қарағаннан кейін, Үш жүздің бірлігінің көрінісі ретінде ежелгі Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы болып белгіленді. Мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау үшін, басқыншылардан елін қорғай алатын жауынгерлік қабілеті бар әскери күш жинап, оларды басқаратын тапқыр әскер басшыларын өзінің қасына жинай білген және де өзінің жоғары дәрежедегі қолбасшылық қасиеті бар екенін көрсете алған. Орыс казактары салып жатқан бекініс, камал-қалалардың манындағы жайылымды жерлерден айырылып қалмау үшін, орыс мұжықтарынан казактарға егіншілікті үйретуге әрекет

етті. Ал сауда-саттық жүргізу ісіне көп көңіл бөлгені де орынды еді. Бұрын айырбас сауда тек Орынборда ғана жүргізілсе, енді 1760 жылдары Троицкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілетін болды. Ертiс өзенiнiң сол жағын бойлай шығысқа Қытайға қарай «Абылай жолы» атты сауда жолы салынды. Қазақ хандығы мен Қытай арасындағы сауда-саттық биік дәрежеге көтерілді. Тарбағатай мен Құлжада жәрменкелер ашылып, олар қазақтарға малын, қолөнер бұйымдарын Қытай тауарларымен айырбастауға мүмкіншілік тудырды және Ресей мен Орта Азия мемлекеттеріне де Қытаймен сауда қарым-қатынасын орнатуға жол ашты. 1771 жылы үш жүздің өкілдері жиналып Абылайды бүкіл қазақтың ханы етіп сайлайды. Оның хан атағын Қытай императоры да, орыстың ақ патшасы да бекітеді. Ресей патшасы Екатерина II Абылайды хандыққа бекіту, әйтпесе, оған әлдебір нұсқаулар беру үшін оны талай рет Петербургке, не Орынборға арнайы шақыртады. Алайда Абылай хан ол шақыртуларға «Мені үш жүзге хан қылып халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ» деп жауап берген деген мәліметтер кездеседі. Шын мәнінде де Абылай ханның тұсында қазақ мемлекеті өзінің ішкі, сыртқы саясатын ешкімге жалғатпай дербес жүргізді. Ол өз мемлекетінің дербестігін бәрінен де жоғары санады. Сондықтан Цин империясы Жонғар мемлекетін қырып-жойып, шауып тастағаннан бастап Абылай бірнеше елшілер жіберіп, Қытай мемлекетімен бейбіт саяси қатынас орнатуға тырысты. Қытай империясы бірнеше қайтара шапқыншылық жасап, қазақ жерін жаулап алмақшы болды. Қытай мемлекетін жеңу оңай емес екенін түсінген Абылай хан онымен бейбіт келісімге келіп, сауда-саттыққа жол ашып, оны Ресей империясына қарсы қолданған. Қытаймен бейбіт қарым-қатынасты өрбіте отырып, Абылай Ресеймен де қалыптасқан саяси және экономикалық қатынасты үзбеген. Ресей империясы қазақ жерінің шекарасына бекіністер, қамал-қалалар салып, оларды орыс қазақтарымен толық жайғастырып жатқанда және де Жайықтың, Ертістің тағы басқа өзендердің жағасына қазақтар малын жаюына тиім салу жөніндегі жарлықтарын шығарғанда Ресеймен жағдайды шиеленістіруге бармай, мәселені дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ресей патшалығының отаршыл, басып алу саясатының құрбаны болу қаупі тұрғанын сезді.

XVIII ғасырдың 70 жылдары Түркістан аймағында тұратын казактарды қырғыздар шауып, мал-жандарын айдап әкетіп отырады. Казактар Абылайдан өздерін қорлықтан құтқарып, қорғауды талап етеді. 1779 жылы Абылай әскерлері қырғыздарды талқандап, басшысы Садырбаланы тұтқынға алады. Қырғыздар келісімге келіп, бітім жасауды өтінеді. Сосын, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ қалалары босатылады, ал 1781 жылы Ташкентті бағындырады, оны алым-салық төлеп тұруға міндетті етеді. Абылай хан «... өзі әулет басы ретінде рубасыларының гүрпы бойынша өмір сүру үшін Түркістанда қалды. Сонла 1781 жылы дүние салып, мүрдесі Қожа Ахмет Яссауидің мешіті алаңына жерленді» деген мәліметтер сақталған. Абылай хан мемлекеттің, казак халқының жағдайын шұғыл түзеді. Абылай кезеңі тарихта ең бір елеулі кезең болды. Жау қуылды, халық өз жерінде емін – еркін тұрмыс құрды, бірлікке, ұйымшылдыққа негізделген хандық билігі құрылды. Солай бола тұрса да Абылай хан көзі тірісінде Қазак елінің мемлекетінің тұрақты болуының тарихи жағдайын жасап үлгермеді. 1781 жылы Абылай хан дүние салғаннан кейін еліміздің тұтастығы ыдырап, Қазакстан тәуелсіздігінен айырыла бастады. Абылай хан – XVIII ғасырдағы тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Ол туралы орыс ғалымы А. Левшин былай дейді: «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғда ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді».

Бұл жерде Абылай ханның XVIII ғасырдан күйі жеткен санаулы күйшілеріміздің бірі екенін айта кеткен жөн болар. Себебі казак қоғамында күйдің алар орны айрықша. ең мол дерек көзі күй тілінде және күй аңыздары түрінде сақталған. Абылай ханның күйлерінің тақырыбы нақтылы өмір құбылыстарына арналған және де ел камы мен халық тағдыры жөнінде толғанған ойларын сипаттайды. Абылай ханның күйлері туралы Ш. Уәлиханов, А. Затаевич сияқты ғалым-зерттеушілер кезінде жазған. Олар: «Ақ толқын», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Қайран елім», «Қоржын қақпай», «Жетім торы» т.б. «Бұл күйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай ұрпақтарына сонау бір даңқты кезеңдерді

елестетеді» дейді Ш.Уәлиханов. Абылай ханның алға ұстаған саясаты, мақсаты – қазақ халқының бостандығы мен бірлігі, мемлекеттігі мен тәуелсіздігі еді. Алайда ол дүниесалғаннан кейін қазақ мемлекеті қайта бөлшектеніп ыдырай бастады. Ресей империясы қазақ жерін отарлауды қызу қолға алды. Оны іске асыру әр түрлі жолдармен іске асты, яғни әскери шеп бекіністер салу, қазақ жерін тартып алу, хандық билікті жою, рухани отарлау және т.б. Абылай кезінде қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы жақсарды. Қазақ халқы бірлікке, тәуелсіздікке, бейбіт өмірге ұмтылды. Абылай сұлтан болған кезінде ақыл-айласымен, сабырлы салмақтылығымен манайына Төле би, Айтеке би, Қазыбек би, Байдалы би, Сасық билерді, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақпақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай т.б. батырларды, Бұхар жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау сияқты сыншы-жырауларды топтастыра білді. Абылай ел арасында аса зор беделге ие болған. Қазақ халқының басқа халықтармен терезесі тең дамуы үшін жан аямай арпалысқан хан. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған Абылай деген ат тәуелсіздік, бостандық, бірлік, ерлік, азаматтық, мемлекеттік тәрізді ұғымдармен бірге айтылатын болды.

XVIII ғасырдың 30 жылдарының басында Қазақстанды қосу тек қана XIX ғасырдың ортасында аяқталды және күрделі қарама-қайшы процесс болып табылды. Қазақ жүздерін қосу әртүрлі саясаттан тыс және ішкі жағдайларға байланысты жүргізілді. Патшалық Ресеймен қатар, қазақ жерлерін бағындыруға тырысқан Британ империясы да болған еді. Сондықтан патшалық Ресейге Кіші және Орта жүздің ант беруі – Оңтүстік Қазақстанды, содан соң Орта Азияны Ресейге қосу патшаға Британ империясымен бақталастыққа жоғары тұруға мүмкіндік берді. Қазақ жерін тиімді басқару мақсатында патшалық Ресей әкімшілік-саяси реформа арқылы басқарудың дәстүрлі жүйесін енгізуге барынша тырысты. Ол үшін алдымен қазақ жеріндегі патша үкіметінің тірегіне айналуы тиіс болған қоныс аударушылардың көлемін арттыру қажеттілігі туындады. Осы мақсатта көшпенді қазақ тайпалары мен руларын құнарсыз әрі тиімділігі аз жерлерге ығыстыру үдерісі басталды. Қазақ жерлеріне орыс қоныс аударушыларын орналастыру үшін кең мүмкіндік ала отырып, халықтың басым бөлігіне бақылаусыз билік орнатты. Осылайша Ресей барлық

салада дерлік отарлау саясатын кеңейтті. Өздерінің қазақтарды ығыстыра отырып, қоныс аудару саясатын көшпенді қазақтар мен келімсектер арасында шаруашылық өзара қарым-қатынас жасау үшін мүмкіндіктер туғызады деген саясатпен алдады. Сонымен қатар сауаттылықты, сауданы жандандыруды тарату, казак ауылдарын осы жерден шығатын барлық салдармен бірге, капиталистік-өнеркәсіптік қатынастар орнатамыз деген сылтауларды да сәтті сіңіре білді.

Қазақстанның Ресейге қосылуы орыс үкіметі үшін маңызды саяси бастамалардың өзегіне айналды. Патшалық Ресей мемлекеті Шығыстағы өзінің мемлекеттік шекарасын кеңейтуге мүмкіндік ала отырып, мемлекеттік билікті орталықтандыру және күшейту шараларын да жүйелі жүргізе басталы. Осылайша Қазақ хандығы шекаралас болған көрші мемлекеттермен және де көршілес жатқан халықтармен сауда айырбастау және өзге де қарым-қатынас жасау ісі үшін де қолайлы болды. Мысалы Қазақ хандығы патшалық Ресейдің боданы болмай тұрып, патшалық Ресей Орта Азия хандықтарымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынасты жүргізуде IV Иван Қазан, Астрахань хандықтарын, Сібірдің Оңтүстік-Батысын жаулап алуы, Қам сауда жолдарын салуы өте маңызды болған. Осы арқылы өз кезегінде Қазақ хандықтарымен тікелей байланысқа түсуді жеңілдеткен болатын. Осылайша Ресей мемлекетінің Қазақстанға деген қызығушылығы да туындаған болатын. Бұл XVI ғасырдың II жартысында ерекше байқалған. Демек Қазақстанды өз құрамына енгізу саясаты жоспарлы түрде жүргізілгендігіне көз жеткізуге болады.

Қазақстан арқылы Орта Азия хандықтарымен транзиттік сауда жолдарын дамытуға мүдделі және көпестік керуендердің қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге тырысқан патшалық Ресей үкіметі Қазақ хандығының көршілес елдермен саяси жағдай және өзара қарым-қатынас жасауына нақты мүдделер білдірді. Жоғарыда атап өткеніміздей Мәскеу патшалары қазақ хандықтарымен тікелей байланыс жасауды орнатуға ұмтылды. Бұл жерде елшілік байланыстар үлкен рөл атқарды. Өз кезегінде, жоңғарлармен қатар Орта Азия хандықтарынан үнемі жоқшылыққа ұшырататын шабуылға тап болатын қазақтар Мәскеумен байланысты кеңейтуге де мүдделі болды. Қазақстанмен, Сібірмен, Орта Азиямен сауда байланысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Орыс мемлекеті

жер аударушылармен, көпестермен, елшілермен және әскери жасақтармен бірге Қазақстанға іргелес жатқан шекараға бекітілген бекініс-бекеттерін қарқынды түрде салуды бастады. Қазақстан шекарасына жақын орналасқан Батыс Сібір аумағындағы орыстардың алғашқы қаласы «Үлкен Обск Қалашығы» болды, ол Ертіс өзені құйылатын Обь өзенінің оң жағалауында орналасты. Ол орыс әскери жасақтарының Сібірге және Қазақстан шекарасына терең енуіне қызмет етті. Қазақ хандығының ішкі жай-күйі де, оның Ресеймен сыртқы экономикалық қарым-қатынасты қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызбады. Байқап отырсақ, 1731 жылға дейін-ақ қазақ сұлтандары мен хандары патшалық Ресеймен жақындасуға бірнеше рет әрекет еткен болатын. Мысалы 1717 жылы қазақтың кейбір көшбасшы сұлтандары Қайып және Әбілхайыр, қазақ руларындағы сыртқы саяси жағдайлардың қиындығын және сыртқы қарсыластар тарапынан нақты қауіпті ескере отырып, әскери одақ құру туралы І Петрге ұсыныс білдірген болатын. Алайда орыс үкіметі Швециямен болып жатқан соғыс және ішкі саясаттағы қиындықтар салдарынан қазақ руларындағы өзара жанжал нәтижесінен туындаған сыртқы саясаттарындағы қиындықтарды шешуге қызығушылық танытпады. Дегенмен онтайлы сәтті күте отырып, қазақ жерін Ресейдің бір бөлшегіне айналдыру саясатын, сонымен бірге Қазақстанмен қатар, жалпы Орта Азиядағы және Жоңғариядағы оқиғаларды бақылауды жалғастыра берді. Әрине І Петрдің тұсындағы орыс үкіметі үшін Ресей мемлекетінің құрамында қырғыз-қайсақ ордасының болуы бірқатар артықшылықтарға жол ашты. Ойткені тек патшалық Ресейдің шекарасын кеңейту және территориялық тұтастықты қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар Ресейдің шығыс шекарасын қауіпсіздендіруге мүмкіндік беретін еді. Сол себепті де І Петрдің жеке бұйрығына сай жоғарғы Ертіс желісінде 1716 жылы Ямышев, Омбы бекіністері, ал 1717 жылы Железинская, 1718 жылы Семей, Өскемен, 1720 жылы Коряков әскери-инженерлік ғимараттары және басқа да іскери-қорғаныс бекеттері салынған болатын. XVIII ғасырдың орта шенінде патша үкіметі бүкіл елде, оның ішінде Еділ бойы, Орал, Сібір мен Қазақстан өңірінде әскери бекіністердің ескі шептерінің жаракталуын жақсартуға және жаңа шептер салуға кірісті. Осы кезде оң жағалауда Жайық казактарының күшімен 14 қамал: Переволоцк, Чернорегенск,

Татишев, Нижнеозерная, Расыпная, Елек қалашығы, Жайық, Сахарная, Калмыкова, Көш-Жайық, Кулагина, Тополев, Баксай, Гурьев қамалдары салынды. 1769 жылдың қарсаңында Жайық шебі бойында гарнизон әскерлері бар, семьяларымен қоса қазақтар мен қоныс аударған шаруалар бар 15000-ға жуық адам тұрды.

1734 жылы Жоғарғы Жайық шебінің негізі қаланды. XVIII ғ. 30-40-шы жылдары Жоғарғы Жайық қамалынан Звериноголовск қамалына дейін 770 шақырымға созылған үй шебін құру аяқталды.

1752 жылы 9 қамал мен 53 редуттан тұратын әскери бекіністердің Ново-Ишим шебін салу аяқталды. Бұл шеп 540 шақырымға созылған Уйск шебін Ертіс шебімен жалғастырды. Ново-Ишим шебінде 2518 башқұрт, 2 драгун полкі, 800 казак, тұрақты әскерлердің, эскадроны болды.

XVIII ғ. 50-ші жылдарында ұзындығы 930 шақырым Ертіс шебін (Семей, Омбы, Железинск, Петропавл, Өскемен, Ямышев қалалары) салу аяқталды.

Сөйтіп, казак даласы әскери бекіністер шебімен біртептеп камту патша үкіметінің отарлауына кең мүмкіндіктер ашты. Әскери бекіністер шебінің бойында орыс, қалмақ, башқұрт халқы тез көбейді, казак станицалары мен шаруа слободалары пайда болды.

Патшалық Ресей империясы казак жерлерін түбегейлі отарлау саясатының бірнеше бағытын қалыптастырып, сол бойынша жүйелі жұмыс істеуді анық қолға алды. Демек отарлау саясаты мынадай бағыттарда жүргізілді:

- Казак мемлекетінің негізгі белгілерін;
- Казак жеріндегі әскери отаршылдық және казактардың патшаның отаршылдық және әскери тірегі рөлінің өсуі;
- Казакстанның Каспий теңізінен Ертіске дейінгі, Есіл мен Тобылдан Арал теңізі, Сырдария мен Жетісуға дейінгі аумағын айналдыра салған жаңа қалалар, қамалдар, бекіністердің бой көтеруі;
- Казак қоғамындағы барлық әлеуметтік топтардың құқығына шек қойылуы, бұл кейбір хан, сұлтан, билерді орыс әкімшілігінің ең төменгі топтағы шенеуніктеріне айналдырды; мұндай жағдаймен келіспегендер жазалау шараларына ұшырады.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін салыстырмалы түрде алғанда орталықтанған билік әлсірей түсті. Ал хандар мен

сұлтандардың билігі халық арасында кеңінен таралмай, олардың беделі де әдейі төмендетілді. Ендігі кезекте патшалық Ресей үкіметі хандық билікті түпкілікті жойып, өзінің жүйелі әкімшілік-территориялық құрамына заңды түрде енгізуді жоспарлай бастады.

Патшалық Ресейдің билеуші тобының Қазақстанның кең байтақ жерін өзіне қаратып алу арқылы империяның шеңберін ұлғайтудағы стратегиялық мақсаты орындалып, ендігі уақытта осы өлкені отарлаудың саяси негіздерін жасап шығу ісі аса маңызды саналды. Демек патшалық Ресей үшін алдағы уақытта қазақ өлкесін басқару үшін жаңа жүйе жасауға кірісті. Мұндағы негізгі мақсаты – аумақтық-әкімшілік жүйені қайта құру арқылы мұндағы жалпы халықтың ықыласымен хан сайлап келген қазақ халқын осынау демократиялық тарихи дәстүрінен толық айырып, қазақ жерін түгелдей дерлік Ресейдің мемлекеттік меншігі деп негіздеу болды. Әрине бұл мерзім аралығындағы әкімшілік басқарылуының тарихи ерекшелігін ашу үшін алдымен осы жылдардағы әкімшілік реформалардың қабылдануы мен жалпы тарихына назар аударуымыз қажет. Ол алдымен 1822-1824 жылдардағы әкімшілік реформалардан көрінді. XIX ғасырдың 20-шы жылдарында патша өкіметі қазақ қоғамындағы дәстүрлі басқару жүйесін жоюға бағытталған өзінің саясатында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгеннен кейін хандық билікті, рулық жиналыстарды толықтай жоюға кірісе бастады. Дәлірек айтсақ осы кезеңнен бастап патшалық Ресей саясатының қазақ жеріндегі жаңа кезеңі басталды. Өйткені XIX ғасырдың екінші онжылдығында Орта жүз және Кіші жүз жерлерінде басқару реформасының жүргізілуіне өте қолайлы жағдай қалыптасқан еді. Дәл осы уақытта қазақ жүздерінің ханы қайтыс болды. Осы жағдайды пайдалана білген патша өкіметі қазақ жеріндегі хандық билікті толықтай жою үшін, жаңа басқару реформасын жүргізе бастады.

Осылайша 1822 жылы орыстың ірі заңгері әрі мемлекет қайраткері, Сібір генерал-губернаторы М.М. Сперанский мен Орынбор генерал-губернаторы Г.К.Эссен жарғыны дайындауға кіріскен болатын. Бұл қазақтарды басқарудағы ең маңызды заңдардың бірі болып саналады. Патшалық Ресей саясаты тұтас хандықты бөлшектеп басқаруға бағытталды.

Жарғылардың басты мақсаты:

- Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірінде әкімшілік, сот, саяси басқаруды өзгерту;

- Рулық тәртіптерді әлсірету ;

- Орта жүздегі хандық билікті жою;

- Кіші жүздегі хандық билікті жою болды. Осылайша халықты орыстандырып, рухани тұрғыда мешеу ету көзделіп, елдің байлығын тонап-талау болатын. Мұндай әрекеттері «Жарғыда» баяндалмағанымен, ол негізінен «Жарғы» елге игілік әкелетін етіп көрсетіледі.

Патшаның басқарудағы жана жүйесі-өлкеде отарлау режимін орнықтырды. Нәтижесінде қазақ халқы еркіндігінен айырылды. Ата-бабалардан мұра болған жерлерін күшпен тартып алып, әскери бекіністер салына бастады. Атап айтқанда 1824 жылы Қарқаралы, Қокшетау, 1825 жылы Құсмұрың, 1826 жылы Баянауыл, 1831 жылы Аягөз, 1832 жылы Ақмола округтері құрылды.

Қазақстанды отарлау және оның территориялық тұтастығын Ресейдің мемлекеттік меншігіне айналдыру саясаты да белсенді қолға алына бастады. Бұл әсіресе 1860 жылдардан кейін орын алған саяси-әкімшілік реформалардың мәні мен мазмұнынан анық көрінді. Қазақстандағы 1867-1868 жылдардағы реформа патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Өйткені, ол әкімшілік құрылыс, жер қатынастары, сот құрылысы, халыққа білім беру, дін мәселесі сияқты қазақ қоғамының шешуші салаларының бәрін қамтыған болатын.

60-шы жылдардың ортасында Ресей Орта Азияны түгелге жуық, ал Қазақстанды толығымен өз иелігіне айналдырды. Енді Қазақстан үшін де империяның басқа ұлт аймақтардағы сияқты өзіндік ерекшеліктері бар арнайы тәртібі дайындалып, күшіне енгізілді. Бұл Қазақстанды Ресей империясының отары ретінде толығымен заңды түрде бекіткен 1867-1868 жылдардағы әкімшілік басқару реформалары болып табылады. Орыс патшасы II Александр екі ережені бекіту туралы жобаға қол қойды. Ереже екі жылға уақытша тәжірибе ретінде ғана деп енгізілгенімен ол іс жүзінде 25 жылға созылды.

II Александр бекіткен № 61 құжатта «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы» уақытша ереженің жобасы жарияланды. Түркістан генерал-губернаторлығы территориясы

жайлы жобада: «Түркістан облысынан Ташкент ауданын 1867 ж. Сырдария өзенінің арғы бетінен басып алынған жерден Семей облысының Тарбаға жотасынан Оңтүстікке қарай жатқан бөлінген құрамды екі облыс: Жетісу мен Сырдария облыстары бар Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды» - деп көрсетілген. Осындай әкімшілік басқару жүйесіне Шоқан Уәлиханов қарсы шығып өз ойын білдірген болатын: «біздің заманымызда халыққа етене жақын, ең маңызды, соның мұқтажына тікелей қатысты реформа-экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде көрінбек, өйткені, әрбір жеке адам және бүкіл адам баласы қауымдасып өзінің түпкі мақсаты материалдық әл-ауқатын жақсартуға тырысады. Прогресс дегеніміз де осыған сай келеді. Осы ойға жүгінгенде, адамның тұрмыс қажетін өтетейтін реформа ғана пайдалы да, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болып табылады.

Түркістан генерал-губернаторлығы 1867 жылы Ереже бойынша екі облыстан тұрды: Орталығы Ташкент қаласы болған Жетісу облысынан тұрды.

Жетісу және Сырдария облыстары басқару ісі генерал-губернаторға сеніп тапсырылды, оған сонымен қатар Түркістан әскери округі әскерлерінің қолбасшысы атағы берілді. Генерал-губернатор патша қалауы бойынша тағайындалды және босатылды.

1867-1868 жылдардағы реформа бойынша әкімшілік басқару жүйесі Генерал-губернаторға, ал облыстық басқару ісі әскери губернатормен облыстық басқармаға тиесілі болды. Әскери губернаторға облыстағы әскери және әскери-халықтық басқару жүктелсе, ал сондай-ақ Жетісуда орналасқан казак әскерлерін оның атаманы есебінде басқаратын болды. Облыстық басқармаға губерниялық басқару міндеті жүктелді. Ол жеке бөлімдері үшін белгіленген талаптарды басшылыққа ала отырып, оларды мүмкін болғанша жергілікті жағдайда қолдануға тиіс болды.

Қазақстанға әкімшілік басқару жүйесін енгізудегі патша үкіметінің алдына қойған басты мақсаты аймақтағы отаршылдық саясатын күшейту болды. Осыған орай, 1867 жылы 11 шілдеде патша жарлығымен империя құрамында Түркістан генерал-губернаторлығы құрылса, ал 1868 жылы Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтары құрылды. Реформаның ең басты және негізгі міндеті – казак даласын Ресейдің басқа бөліктерімен

бірте-бірте қосып жіберу үшін Ресейге бағынышты халықтарды бір басқару жүйесінің құрамына біріктіру болды. Осылайша жергілікті аксүйектерді биліктен ысырып тастап, ру басшыларын әлсірете отыру үшін ойға алған іс-шараларды онай жолмен тез жүзеге асырып отыру басты мақсат етіп таңдап алынды. Жалпы алғанда, реформалар патшалық үкіметтің қазақ даласының жергілікті тұрғындарын және аймақтық табиғат байлықтарын еркін пайдалану үшін патшалық Ресей үшін анағұрлым тиімді жағдай қалыптастыру әрекетінен туған еді.

1867-1868 жылдардағы реформа арқылы патша өкіметі қазақ даласын толық отарлауға тырысушылығынан туындады. Сондықтан да Қазақстан аумағы облыстарға бөлініп, ал облыстар әкімшілік орталықтарына, қазақ даласымен байланыссыз жататын әр түрлі генерал-губернаторлықтарға бөлшектенеді. Мысалы, Торғай мен Орал облыстары – Орынбор генерал-губернаторлығына қараса, Ақмола және Семей облыстары – Батыс Сібір генерал-губернаторлығына бағынышты болып келді. Ал Жетісу мен Сырдария жерлері болса Түркістан генерал-губернаторлықтарының құрамына кірді. Бұрынғы ішкі Бөкей хандығының аумағы уақытша Торғай облыстық басқармасына бағынышты болып қалғанымен, ол ұзаққа созылмай, 1872 жылдан бастап Астрахань губерниясының құрамына кіргізілді. Ал Манғыстау түбегінің аумағы 1870 жылы қазақтардың көтерілісіне байланысты Кавказ әскери округының билігінің қарамағына берілді.

Бұл тұстағы генерал-губернаторлардың билік шараларын іске асыратын басқару жүйесі мынадай үш бөлікке бөлінді: облыстық басқармалар, уездік басқармалар және жергілікті басқармалар болып табылды. Сөзсіз облыстық әкімшіліктің басқарма басшылығында әскери және азаматтық істерге билік ететін әскери-губернатор саналды. 1868 жылдардағы Ереженің 22-ші және 23-баптарында дала облыстарының әскери-губернаторлары облыстардағы әскери қолбасшыларға тенеістірілетіні айтылады және де олар өз облыстарының аумағындағы орналасқан қазақ әскерлерінің тағайындалған атамандары болып саналды.

Облыстар өз кезегінде уездерге бөлінді. Уездік басқарманың басшылығына орыс шенеуніктерінің ішінен таңдап алынып, олар уезд бастығы лауазымына облыстық әскери-губернатордың ұсынысы бойынша генерал-губернатор бекіткен жағдайда

тағайындалды. Жаңа әкімшілік жүйеге сай уездегі барлық билік жүйесі уезд бастығының қолына толығымен шоғырландырылды. Мысалы ереженің 42 және 65 баптары бойынша, уезд бастықтарына мынадай міндеттер жүктелді: жергілікті басқару орындарына жүктелген міндеттердің орындалуын қадағалау, уезде тыныштық пен тәртіпті сақтау, алым-салықтың жиналуын бақылау және халықтың денсаулығын сақтау. Уезде орналасқан әскери бөлімшелер, мекемелер мен бекіністер уезд бастықтарына бағынышты болды.

1867-1868 жылдардағы реформа ел мен жерді басқарудағы патшалық үкіметтің алғашқы буыны болып табылатын жергілікті басшылардың тағайындалуы мен қызметіне көңіл бөлді. Әрбір уезд болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Е.Г.Федоров «Қазақстан – патша үкіметінің отары» атты еңбегінде: «Патшалық казак тұрғындарының орталықтарын әдейі бөлшектеді, барлық басқару жүйесін бөлшектеу арқылы казак халқының мәдени дамуын тежеп, халықты қаранғылықта ұстауды көздеді», – деп көрсетеді.

Ережеге сай уездер территориялық белгі бойынша бір болысқа 1000-2000 киіз үй және бір ауылға 100-ден 200-ге киіз үй кіретіндей болып есептеле келе, өлке болыстар мен ауылдарға бөлінді. Болыстар көбінесе шаруашылық жағынан біріккен ауылдардан тұрды. Осыған байланысты жаңа Ереже казактардың рулық қатынастар бойынша тарихи бөлінуі заңды түрде жойыла бастады. Ру басында ақсақал тұрғанда, оның сөзі мен ісі билік күшке ие жағдайында патша үкіметінің дала тыныштығы үшін қорқуы заңды болатын.

1867 жылғы Ереженің 85-бабына сәйкес болыстардың басында казактардан сайланған болыс басқарушылары, ал ауылдардың басында сол сияқты сайланатын старшиналар болды. Осы жылдардағы Ережелерде «болыстық және ауылдық старшиналарды халық сайлайды» деп нақты көрсетілген. Бір қарағанда сайлау демократиялық негізде жолға қойылған ретінде сипатталғанымен, іс жүзінде патша үкіметі сайлауды өз мақсатына орай жүргізіп отырғаны белгілі болып отыр. Сайланған болыс басқарушыларын – облыстық әскери губернаторы, ал ауылдық старшиналарды уезд бастығы бекітетін еді. Отаршылар әкімшілігі ұсынылған үміткерлер көңілінен шықпаса бекітпей тастап, жаңа

сайлау белгілеудің де мүмкіндігі жоғары болды. Болыс басқарушыларын сайлауға – уезд бастықтары, ал ауылдық старшиналарды сайлауға болыс басқарушылары міндетті түрде қатысатын болы бекітілді. Болыс басқарушылары тікелей уезд бастығына бағынышты болса, оның барлық бұйрықтарын орындауға міндетті еді. Ал ауыл старшиналары болыс басқарушысына тікелей бағынышты бола отырып, болыс басқарушысына жүктелетіндей міндеттерді орындауға міндеттенді.

Елде орын алып жатқан территориялық-әкімшілік үрдістер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай өзгерістер әкеліп, отарлық саясаттың жаңа салық жүйесі енгізілді. Қазақстанда отырықшылық пен жер шаруашылығының көлемінің ұлғайғандығына қарамастан салық төлеушілердің басым бөлігін көшпенділер құрап отырды. Мәселен, олардың пайыздық көрсеткіші 1880 жылы 90,5 % құраса, 1897 жылы 82,0 %-ға жетті.

Жалпы XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформалардың болмысы туралы, қорыта айтқанда, мынандай түйін жасауға болады. Патша үкіметі Қазақстанға енгізген әкімшілік реформалары негізінде оның саяси дербестігін толығымен жойып, қазақ жерінде империя құрамындағы әкімшілік басқару жүйесін орнатты.

Демек Ресей мемлекетінің қазақ халқының саяси билігінен біржола айырып, өзінің толық отарына айналдыруға белсене кіріскен кезі XIX ғасырдың 60-шы жылдары болатын деп тұжырым жасауға болады. Ғасырлар бойы Орта Азияны жаулап алуға ұмтылып келген патшалық Ресей әуелі осы бағыттағы тек экономикалық қана емес, стратегиялық тұрғысынан сенімді қалқаны болып табылатын Қазақстанды империяның толыққанды отарына айналдыру қажет саналды. Ол үшін тек қазақ даласындағы әкімшілік басқаруды өзгерту арқылы ғана қол жеткізу мүмкін болатын.

1867-1868 жылдардағы реформалар нәтижесі көрсетіп бергендей патшалық Ресей халық тағдырына немқұрайлы қарады. Отаршылдық саясаттың белсенді жүруі үшін қызмет еткен генерал-губернаторлар қызметі мүлдем қадағаланбады.

1867-1868 жылдардағы «Ереже» бойынша облыстық басқарма орган болып бекітілгенімен, іс-жүзінде бәрі шартты түрде болды. Болыстыққа сайлауға ұмтылғандар көп болады. «Болыс

болуға ұмтылу көбірек жалақы алу және екінші жағынан алғанда бір болыстың тұрғындарынан салық жинауға қол жеткізумен, жиналған қаржыдан өзіне жасырын үлес алып қалумен түсіндірілді» - деп көрсеткен болатын Ф.К. Гирс.

1867-1868 жылдардағы әкімшілік басқару реформасы негізінде Оңтүстік Қазақстанда құрылған жаңа басқару жүйесі әскери басқыншылық сипат алды. Орыс әкімшілігі аппаратының билігі әскери күшпен, қарулы күзетпен нығайтылды, бұл жағдай өлкедегі халықтың отарлық езгіге түсуін күшейтіп рухани және материалдық жағынан қысым көрсетуіне жол ашқаны белгілі болып отыр.

«Уақытша Ереже» бойынша, қазаққа ең ауыр қауіпті тиген ормандарды Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жариялауы еді. Бұдан былай патша үкіметі қазақтың өз жерін өзіне тек «қоғамдық пайдалануға» ғана беретін болды. Жер мәселесінің осылай шешілуі патша үкіметін қазақ жерлерін жаппай отарлауға мүмкіндік берді. Ресейден қоныс аударып келгендерге құрылыс жұмыстары үшін, егіншілікпен, саудамен, қолөнермен айналысу үшін тегіннен-тегін жерлер, ағаштар алу құқығының берілуі жаппай отарлаудың бастамасы еді.

1867-1868 жылдардағы реформаларды дайындауға қатысып, Жетісуды ол шетінен бұл шетіне дейін аралап өткен А. Гейнс казак қоныстанушыларының бейбастық әрекеттерін былай деп өтінішпен баяндаған: «Жақын маңдағы ағаш атаулыны түп тамырымен қазып алып, тыш-типыл еткені сондай бұрын орман өсіп тұрған жерге келген кезде бір шыбықты да көрмейді». Сонымен бірге, казактар жаңа қоныс орнын тандаған кезде казактардан ең шұрайлы жерді тартып алып отырды, ал жергілікті халықты құнсыз, қуаншылық жерге ығыстырып отырды.

Толық жазасыздық жағдайда казак әскерлерінің жүгенсіздігі олардың кейде «казактар малын алуға шығып» оны тартып алып, ол жергілікті халықты құнсыз, ал «қарусыз казак өз құқығының қорғаушы құрбандығына ұшырап қалатын» жағдайға дейін жетті, - деп Жетісуда болған саяхатшы П.П. Семенов Тянь-Шанский ашу-ызымен жазған.

1867-1868 жылдардағы әскери тірек пункті міндетін атқарған казак қоныстары казактарды шұрайлы да құнарлы мекендерінен айырумен бірге, оның егіншілік мәдениетінің де дамуына кедергі

жасады, мал шаруашылығының дәстүрлі коньс аудару жүйесін бұзды. Патша үкіметі түрлі артықшылықтар берген казактар панасыз казак жұртына түрлі зорлық-зомбылықтар жасап отырды. Казактар казак жеріне, табиғатына немқұрайлы карап, орманды ысырапсыз пайдаланып, біразын тыи-типыл жоқ етті. Жоғарыда айтқанымыздай жергілікті халықтан тартып алынған егіншілікке жарамды жерлерді құнары таусылғанша пайдаланып, содан соң оларды тастап баска жерлерге кетіп отырған.

Казактардың ормандарды ысырапсыз пайдаланып, Жетісудың әсем табиғатына ауыр зардаптар тигізіп жатқанын Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман 1867 жылы казан айында Жетісу өңірінде болған кезінде өз көзімен көрген болатын. Ол казактардың мынандай әрекетіне ашуланып, 1867 жылы жазды: «Түркістан генерал-губернаторы құрылғаннан бері мен Жетісу облысындағы ормандардың сақталуына, олардың жөн-жосықсыз шабылуына, құрып кетуіне көңіл бөліп келемін. Дегенмен, соңғы 10 жыл ішінде өңірде ормандар азайып, құрып кету жағдайына жетіп отыр. Ормандарды сақтау тұрғындардың отынға, құрылыска деген күнделік қажеттіліктерін өтеу үшін ғана қажет емес. Ормандар жердің құнарлығын, тозбауын қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Ормандардың оталуы жердің өнімділігіне тікелей әсер етіп отырғаны байқалуда. Оған Қапал қаласы мен станциясының бүгінгі жағдайы дәлел бола алады. Онда казактардың көргенсіз әрекетінен ормандар жойылып, егістік алқаптар жарамсыз күйге түсті. Мен осыған 1867 жылы сапарымның кезінде облыс басшысына орманды шабуға шек қою үшін тиісті шаралар қолдануды тапсыруға мәжбүр болдым», - деп жазған болатын

Сонымен қатар, әскери күш ретінде отарлау саясатында белсенді рөл атқарған казактар, жергілікті халықты күшпен ығыстыру нәтижесінде алған құнарлы жерлерді игеруге келгенде айтарлықтай егіншілік мәдениетін таныта алмады. Оны мынандай мәліметтерден аңғаруға болады: XIX ғасырдың 80 жылдары Жетісу облыс басшылығы облыста тұратын казактардың шектен тыс артық жер иемденіп отырғандығын, ал жерлердің игерусіз жатқандығын мойындауға мәжбүр болып, казактар иеленген 214511 десятина жерді алып, оның 7529 десятинасын қалаларға, ал қалған бөлігін казактарға қайтарған.

Сонымен қатар, отаршыл билік орындары рухани саладан отарлауды көздеп, нығайтумен болды. Осы максатта шіркеу, монастырь салу үшін жерлерді талап, сонымен қатар, оған қаржыны аямай бөлді. Құлық-сұмдықтың түрлі жолдарын қолданған патшалық әкімшілік христиан дінін қабылдағандарға түрлі артықшылықтар жасап, оларға қолдау көрсететіндігін айтып үгіттеумен болды. Православие дініне өткендерге жәрдем ақша бөлінеді деп қызықтырды. Орыстандыру шокындыру ісі жоғарыда айтылғандай жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен генерал-губернатор Колпоковскийдің қоныс аударған орыс шаруаларын қазақтар арасына село етіп қоныстандыруға берілетін түрлі жеңілдіктерді де жасауға тырысты.

Дегенмен де отаршылдық саясат түрлі жолдармен жүргізілді. Соның ішінде жергілікті халықты қанау, мазақ ету, ұрып-соғу сынды әдіс-тәсілдер барынша жүргізілді. «Уақытша ережелердің» негізімен салық жүйесіне де өзгерістер енгізілді. Түтін салығы екі есе ұлғайтылып, әр шаңырақ жылына 3 сом төлеуі тиіс болды. Онымен қоса жергілікті әкімшілікті және ауылдарға келген патша шенеуніктерін «асырау», «баптап күту», халық ағарту ісін, жолдар мен көпірлер құрылысын өтеу сияқты міндеткерліктер де халықтың мойнына жүктелді.

Жоғарыда айтылғандай «Уақытша ережені» даярлағанда қарапайым халықтың жағдайы мүлдем ескерілмеді. Ата-қоныс жерлерінен айырылған халық алам айтқысыз мүшкіл жағдайда қалды. «Шағынатын, арызданатын жерін жоқ. Ауызынды ашсаң итжеккеннен бірақ шығасын» деп өз наразылығын білдірген Өмірқалиев ақын өлең шумақтарында былай дейді:

Жауға шабар елін жоқ,
Сакадай болып сайланып.
Төсек жады мырзалар,
Ала баспақ байланып,
Үй күшіктей үреді.
Отының басын айланып,
Жердін алды құрайып.
Дуан салып жайланып.
Датынды айтсаң орысқа
Сібірге кеттің айдалып.
Бейнең қандай болды екен

Қарасаңшы бір мезгіл

Қолдарына айна алып – деп жыр жолдарына қосқан болатын.

Сонымен империялық басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілген бұл реформалар отаршыл әкімшілік шеңдерін әлдеқайда кеңейтіп, қазақ даласында Ресей империясының мемлекеттік аппаратының белгілі бөлігін құрады. Патша үкметі әкімшілік билігін түгелімен өз қолына жинақтады, сөйтіп қазақ халқын Ресей империясының отарлау саясатының құрамына айналдырды.

Ал патшалық Ресейдің қазақ өлкесін басқаруға арналған келесі әкімшілік реформалар XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Қазақстанда 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы «Ережелер» бойынша жүзеге асырылды. 1886 жылы 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», 1891 жылы 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Төғғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданды.

Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарканд және Сырдария облыстары кірді. Орталығы Ташкент қаласы болды. Сырдария облысы 5 уезден, Ферғана - 5, Самарканд - 4 уезден тұрды. 1891 жылғы «Ереже» бойынша Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының орнына орталығы Омбы болған Далалық генерал-губернаторлығы құрылды. Демек генерал-губернаторлықтардың саны қысқарғанын байқауға болады. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Төғғай және Жетісу облыстары кірді. Жетісу облысы 1897 жылы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының қарауына берілді.

Өлке шеңберінде генерал-губернаторға шексіз билік берілді. Басқару аппараты – кеңсе, әскери губернаторлар өздеріне бағынышты облыстық басқармаларымен қоса генерал-губернаторға бағынды, ал облыстық басқармаларға жалпы жиналыс және кеңсе кірді. 1891 жылғы «Ереже» бойынша Ірі облыстық орталықтарда, нақтырақ айтқанда Верный, Орал, Петропавл, Семейде полиция басқармасы құрылды, ал уездік қалаларда полициялық пристав құрылды. Болыстық басқарушылар мен ауыл старшындарын бекіту әскери-губернатор құзырында болды.

XIX ғасырдың аяқ кезіндегі Қазақстанда 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы «Ережелер» бойынша жүзеге асырылды. Түркістан және Далалық

өлкелерінде жалпы империялық соттар жүйесі - әлемдік соттар, облыстық соттар және жоғарғы сот инстанциясы қалыптасты. Соттардың төтенше съезі әскери губернатордың рұқсатымен шақырылды және өлкелік құқығы берілген орыс шенеунігінің қатысуымен өткізілді.

Төменгі сот буыны – халықтық сот болды. Халықтық сот – империялық сотқа қосалқы, өз бетінше мәселені шеше алмайтын тәуелді буын.

Сонымен 1886-1891 жылдардағы сот ісіндегі өзгерістер «Ережелерде» әкімшілік, сот істерінің жүйесі бекітілген болатын. 1891 жылғы «Ережеде» сот істері 17 баптан құрылса, сот жүйелері Ресейдегі үлгімен құрылды. Халық соты үстем тап өкілдерінің мүддесін қорғайтын және жергілікті мұсылмандардың ісін қарайтын ең төменгі сот буыны болды.

Патша өкіметінің отарына айналған еңбекші қазақ халқы оған ақшалай алым-салық төледі. Олардың мөлшері әр түрлі болып өзгеріп отырды. Мысалы, 1844 жылғы «Ереже» бойынша әр түгіннен 1,5 сом жиналса, 1891 жылғы «Ереже» бойынша 4 сомға жеткендігін байқауға болады.

Тұтас алғанда 1886-1891 жылдардағы реформалар отаршылдық және феодалдық езгіні күшейте түсуге бағытталған еді.

Түркістан және Далалық өлкелерінде жалпы империялық соттар жүйесі әлемдік соттар, облыстық соттар және жоғарғы сот инстанциясы қалыптасты. Соттардың төтенше отырысы әскери губернатордың рұқсатымен шақырылды және өлкелік құқығы берілген орыс шенеунігінің қатысуымен өткізілді.

1860-1890 жылдар аралығында жүргізілген әкімшілік реформалардың басты ерекшелігі – қазақ даласын отарлық жүйеге берік негіздеу және қазақ жерін Ресейдің мемлекеттік меншігі ретінде танып, оны тиімді басқарудың алғышарттарын жасап шығару болды. Әрине тиімді басқару алдымен патшалық Ресейдің мүддесіне орайластырды. Бұл ретте сан жылдар мен ғасырлар көлемінде қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің мұралануы мен биліктің жіктелу мәселесі ескерілместен, қарама-қайшылық дәрежесінде жүргізілді. Осы мерзім аралығындағы әкімшілік реформалардың негізгі ерекшелігіне қатысты жалпы сипаттама біз жоғарыда келтірген мәліметтерге сай болса, оның

өзіндік ерекшелегі облыстар мен сол аймақтарға басшылық жасап келген генерал-губернаторлардың қызметімен тығыз байланысты болып шықты.

1860-1890 жылдар аралығында жүргізілген әкімшілік реформалардың түгел дерлік казак даласының дәстүрлі басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Ол әсіресе саяси-әкімшілік бөлініс пен биліктің тармақталуына тікелей әсер етсе, сонымен бірге қоғамның барлық саласына өзінің белгілі дәрежедегі теріс әсерін тигізді. Атап айтқанда мәдениет пен білім беру саласы, дін істерінде отаршылдық жүйенің белгісі бірден байқалып тұрды. Әрине әкімшілік реформалардың казак халқының дәстүрлі қоғамына теріс әсер еткенімен, отарлаушы үкіметтің мүддесіне толық сәйкес келді. Сондықтан 1860-1890 жылдар аралығында жүргізілген әкімшілік реформалар патшаның отарлық саясатының басты құралы болды деп айтуға толық негіз бар.

1860-1890 жылдардағы әкімшілік реформалар тек қана саяси-әкімшілік бөлініс қана емес, сонымен казак өлкесін рухани тұрғыдан да отарлауды басты мақсаты етіп алды. Олай дейтініміз дәл осы әкімшілік реформалар орыстандыру және христиандандыру саясатымен қатар жүргізіліп, тіпті бұл осы реформалар барысында заңмен де реттеліп отырған. Сондықтан әкімшілік реформалардың арнайы баптары білім және мәдениет саласына тікелей қатысты болды. Әрине әкімшілік реформалардың бұл баптарына түсінік беріп, анықтау бір қарағанда артықтау немесе керексіз де болып көрінуі мүмкін. Өйткені бұл мәселенің саяси қырларына қатысты болғандығының үлесі аз.

Реформаларды жүзеге асыруда патша үкіметі саяси-экономикалық іс-шараларымен қатар өлкені мәдени және рухани жағынан да отарлауға басты назар аударған болатын. Халық ағарту ісі патшалықтың сыртқы саясатының үлкен де маңызды саласы болып табылатын. Бұл сала патша үкіметі отарлау саясатының өзекті құралы десе де болады. Бұл саясат Ресейдің карамағындағы ұлттарды біртіндеп христиан дініне кіргізу арқылы орыстандырып, сөйтіп империяның тұтастығын арттыруға арналған еді. Осыған сай, 1867-68 жылдардағы реформада халық ағарту ісінде жүргізілетін шаралар жан-жақты қарастырылды. Сол құжаттар бойынша уездік қалаларда бастауыш мектептер ашу көзделген: «Дала тұрғындарына бастапқы білім беру үшін алғашқы кезде

уездік басқарма орналасқан жердің бәрінде ұлт айырмашылығына қарамастан ортақ мектеп ашу керек». Осыны негізге ала отырып талай мектептер, гимназиялар ашылды.

Жоғарыда атап өткеніміздей Қазақстанда халыққа білім берудің басты бағыттары 1860-1890 жылдардағы әкімшілік реформалардың, нақты атап айтқанда «Орал, Семей, Торғай, Ақмола және Сырдария, Жетісу облыстарын басқару туралы «уақытша срежелерде» анықталды. Ағарту ісінің дамуына қазақтарға өз еріктерімен қаржы жинау құқығы берілген. Дегенмен бұл мәліметтің өзі де білім беру саласын дамытуды желеу етіп, қосымша салық түрінде ақша жиналғандығына көз жеткізуге болады.

Салыстырмалы түрде алғанда казак өлкесінде осы әкімшілік реформа нәтижесінде ашылған орыс тілін насихаттап, христиан дінінің құндылықтарын түсіндіретін мектептер көптеп ашылды. Ал мұсылман дін өкілдеріне казак ауылдарында мешіттердің жанында казак тіліндегі мектептерді ашу үшін уездік басқармадан ерекше рұқсат алуы қажет саналды. Осындай өтініштер арқылы ашылған мектептердің негізгі шығыны казак шаруаларына жүктелді. Біздің пікірімізше бұл онсыз да әлеуметтік тұрғыдан қиындықты көріп келген казак шаруаларының ұзақ жылдар бойына мектепті қаржылай ұстап тұра алмайтындықтарын біле тұра әдейі жасалды. Сондықтан да казак шаруаларын іштен іріту мақсатында салыстырмалы түрде алғанда аз ғана ақы төлеп, казак станицаларындағы, орыс қыстақтарындағы мектептерге балаларын оқуға беруге рұқсат берілді. Алайда казак жастарын орыс мектептерінде оқытуда патша үкіметінің мақсаты тек балалардың сауатын ашу емес, сонымен қатар отаршылдық пиғылын жүзеге асыру болды.

Мектеп пен медреселерде казак жастарының білім алуына мейілінше қарсылық жасауы патша үкіметінің Орта Азия мен Қазақстанда ислам дінінің тарауына қарсылығының бір көрінісі болды десек қате болмас. Ойткені тәуелсіздікке дейінгі жазылған әдебиеттерде казактың дәстүрлі оқу орындарындағы ішкі тәртіп пен білім беру дағдысын дағдарысты жағдайда деп әсірелей суреттеу басым болғаны белгілі болып отыр, олар тек діни фанатизм мен ерте ортағасырдағы кертартпалықты күшейтетін білім беру орындары деп есептелінді.

Негізінде мұсылман мектептері мазмұны мен оқыту тәсілдерінің бірыңғай болуына байланысты жергілікті халықтарды, яғни қазақтарды діни-рухани тұрғыдан біріктіре алатын негізгі құрал болғанына күмән келтіруге болмайды. Сондықтан бодан болып отырған қазақтарды біріктіре алатын мұсылмандық факторға үлкен қауіп төніп, оның отаршылық жүйеге қарсы күш екенін білген патша өкіметі мектеп-медреселерді құрту мақсатында белсенді жұмыстар атқарды. Мысалы, өлкені зерттеп барлау жұмыстарын жүргізген өлкетанушылардың жұмысы қорытындысында: «біз әсіресе жергілікті ру-тайпалар мен ұлттардың ислам негізінде бірігіп іс-әрекет жасауынан сақтануымыз керек» деп айтылуы да исламның және медреселердің қазақ қоғамындағы атқарған ролінен хабар беріп тұрса керек. Сондықтан медреселер мен исламдық факторға қарсы күрес түрлі айла-тәсілдер мен шектеулер арқылы жүргізіледі. Бұларды тек фанатизм, қараңғылық ордасы етіп көрсете отырып, керісінше христиандық пен орыс тілінің мәртебесін ұлықтау тұрғысында насихат жүргізу қолға алынған. Керісінше ислам мен дәстүрді насихаттайтын медресе жұмыстарын үкімет тарапынан қаржыландырмау, қолдамау, қайта олардың XIX ғасырдың басынан бастап қазақ қоғамындағы білім берудегі медреселердің қысым салдарынан туындаған объективтік дағдарысын одан әрі тереңдетіп, акыры мүлде жойылуын тездету мақсат етілді. Біз жоғарыда атап өткеніміздей мектеп не медресе ашу үшін арнайы кеңселерден міндетті түрде рұқсат қағазын алу сияқты басы артық шаралар ойластырылуының өзі де осының дәлелі болып табылады. Тіпті мектеп ашуға рұқсат берілген күннің өзінде оларға қосымша талаптар беріліп отырды. Мысалы 1895 жылы 17 шілдеде қабылданған ережеде Түркістан өлкесінде медресе ашу жергілікті халықтардың қаражаттарымен ашылғанымен, міндетті түрде орыс тілі оқытылуын талап етілген және тек осы жағдайда ғана ашуға рұқсат берілген. Сөзсіз мұндай кедергілердің көп болуы, діннің әлсіреп, үкіметтік оқу орындарының беделінің өсетінін патшалық Ресей жақсы түсінген.

Дегенмен осы қалыптасқан мектеп ашу мен ашылған мектептердің сипатына қарасақ мынандай қорытынды жасауға болады. XIX ғасырдың аяғында дейін Қазақстандағы ағарту ісінің төмендегідей жүйесі қалыптасты деп айта аламыз. Олардың

катарында бастауыш оқу орындары, приход мектептерінің класстары, толықтырылмаған гимназия, орыс-казак аралас мектептер, ауылдық және сауаттылықтың негізіне үйрететін мектептер деп айта аламыз. Сонымен қатар осы әкімшілік реформалар жүргізілген жылдары орта оқу орындары, училищелер, қыздар мен ер балалар гимназиялары, мұғалімдер семинариялары да орта буындағы оқу орындарында тенестірілген болатын. Білім және ғылым саласына әсіресе отарлық саясаттың жүйелі жұмысын жүргізуі тиіс саналатын арнайы маман даярлайтын оқу орындары да ашыла бастады. Мұндай оқу орындарының қатарында казактың мұғалім даярлайтын мектептері, ауыл шаруашылық, мал дәрігерлік, Торғайдағы кол өнершілік мектебі, Оралдағы колөнер кәсіпшілігіне шәкірттер даярлайтын арнайы мектептер, Омбыдағы механикалық-техникалық училище, Атыраудағы теңізге жүзу ісін меңгеретін мектеп және тағы да басқа әр түрлі материалдық жабдығы бар оқу орындарды атап өтуге болады. Оқу ісінің ұйымдастырылу сапасына қарай 1872 жылы Омбыда және 1879 жылы Ташкентте ашылған мұғалімдер институттары ашылып, білім және мәдениет саласына түбегейлі өзгерістер енгізуі тиіс саналатын мекеме санатына жатқызылды.

XIX ғасырдың соңына қарай өлкеде екі сегіз класты ер балалар гимназиясы, жеті класты қыздар гимназиялары, Верный қаласында сегіз класты әскери гимназия, Оралдағы 6, 7 және 8 сыныпты ер балалар гимназиясы, Семейдегі төрт сыныпты ерлер, 5 сыныпты қыздар гимназиясы ашылға ие болатын. Сонымен қатар осы жылдардағы Қазақстанда ашылған приход мектептерінің бір ерекшелігі шіркеу жандарынан ашылған болатын. Демек бұл мектептер де діни сипаты басым әрі христиандандыру бағытын таңдаған оқу орындары қатарына жатты. Сонымен қатар жексенбілік сауат ашатын мектептер белсенді қызметтерін жалғастыра берді. Әрине мұндай мектептердің қатарында сондай-ақ білім беруде қалыптасқан оқу орындарының бірі ретінде, жағдайлары жасалмаса да мұсылман мектебі мен медреселерін де жатқызған жөн.

Патша өкіметінің кедергі жасауына қарамастан, мұсылмандық мектептер мен медреселер жастардың сауатын ашуға, инабаттылыққа баулуда белгілі рөл атқарғаны белгілі болып отыр. Пантюркизм мен панисламизмнің орын тебуіне қарсы күрес

дегенді желеу еткен облыстың генерал-губернаторлары осы мұсылман дінімен байланысты оқу орындарының, оқытушыларын әрдайым бақылауда ұстай отырып, қуғындау саясатын жүргізді. Сонымен қатар олардың мүшелерін әкімшілік шаралармен қыспаққа алып отырды. 1870 жылдың 26 наурызында қабылданған үкіметтің «бұратана» халықтар арасында сауаттылықты ашу туралы арнайы ережесінде мешіттердің жанында ашылған мектептерде орыс тілін оқыту міндетті деп танылды. Біздің пікірімізше бұл жергілікті халықтың орыс мектептерінен гөрі қазақ мектептеріне көптеп бала беріп, орыстандыру саясатына өздігінен қарсы тұруына қарсы қабылданған шара болды.

Шын мәнінде мұсылмандық және діни мазмұндағы оқу орындарында таза діни сарындағы пәндер мен қатар оқушылардың жалпы танымын кеңейтетін, ойлау қабілетін тереңдететін арнайы азаматтық пәндер де оқытылып келген болатын. Әрине, оқу бағдарламаларының бір жүйеге келмеуімен қатар, мұғалімдер мен оқытушылар құрамының біршама әлсіздігі, ауыл мектептерінің қалалық орталықтардан алшақ жатуы діни мектептерде білім беру ісіне нұқсан келтірді. 8 бен 20 жастың арасын қамтыған балалар тәлім-тәрбие, білім алатын мектеп уезд орталықтарының маңайында орналасқан барлық дерлік ауылдарда ұйымдастырылатын. Көшпенді өмір жағдайында үзбей оқып, сауаттылық көтерудің өзі қиын еді. Кейбір мектептерде тұрақты оқи алмай, тиіп-қашып сауатын ашып жүргендердің ішінде тіпті жасы 40-тан асып кеткен ересек адамдар да кездесетін.

XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан мектептерде білім беру жүйесі жалпы ресейлік ағарту – ісіне мейлінше жақын еді және әр түрлі нұсқаулар арқылы үкімет империяның орталық аудандарындағы білім беруді ұлттық аймақтарға таратуға әрдайым мүдделі болды. Торғай және Орал облыстарындағы қазақ және басқа тілдерде білім беретін оқу орындары Орынбор оқу округіне бағындырылды. Ақмола және Семей облыстарындағы оқу орындары Батыс сібір оқу округіне қарады. Әр түрлі сипаттағы оқу орындарындағы өзгерістерді ретке келтіріп отыру кеңсесі Томскі қаласындағы чиновниктерге бағындырылды. Сырдария және Жетісу облыстарындағы оқу орындарының қызметін қадағалау Түркістан генерал-губернаторлығына тапсырылды. Шыңжаңнан Жетісуға ойысқан ұйғырлар мен дүнгендер санының біртіндеп өсуі,

Оңтүстік қазақстан өңірінде басқа аудандармен салыстырғанда казактардың басымдылығы «орыс-түземдік» мектептердің көбірек ашылуына әсер етті. Осыған байланысты өзіндік ерекшеліктері бар әр түрлі буындағы мектептерде оқу ісін жолға қоюдың барысында казак жастарының араб таңбаларымен сауаттылығын ашуды дамытудың қажет екенін көрсетті. Патшаның отаршыл әкімдері казак даласында ашылған оқытушылар семинариясы мен орыс-түземдік мектеп дейтін аралас мектептер атаулының бәрін де шамаға қарай миссионерлік ағартушылық мақсатта ұстап отырған болатын. Ол туралы Ресей патшалығына казактардан кейін қосылған бүкіл Орта Азия халықтары арасында ашылған аралас мектептердің отарлық нұсқаулық талабы тұрғысынан қызмет атқарған туралы «...в Туркестанском крае был намерен держаться обрусительной политики при посредстве русской школы» деп атап көрсетілуі нақты дәлел бола алады. Өйткені бұл мәселе мемлекеттік саясат деңгейінде қойылуы себепті, Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон Кауфманның 1880 жылдың қараша айының 8 күні Халық Ағарту министріне жолдаған хатында казактарды ислам дінін терен қабылдаған көрші халықтардан бөлек ұстай отырып, орыс жазуы негізінде оқытылатын мектеп арқылы тезірек сіністіру міндетін алға қояды. Оның осы талабы 1881 жылдың 28 қаңтарында патша тарапынан нақтылы қолдау тауып бекітілген болатын. Демек бұл саясат – казактарды алдымен діннен, содан кейін дәстүрден ажырата отырып орыстандыру саясатын белсенді жүргізу көзделді.

Патша үкіметінің өлкеде шоқындыру, орыстандыру саясатының іске асуы барысы жайлы Қ. Кеменгерұлы «Қазак тарихы атты» еңбегінде былайша көрсеткен: «Қазакты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасында миссионер шыға бастады, бұлардың ісі ұлтқа зияндығы сезіле бастаған соң, казактар қарсы құрал қылып исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы казак жұмыскерлерден, рудан пана таба алмай тығылған ғашық адамдардың бірен-саран шоқынғандар болды» - деген мәлімет келтіреді. Егер де өз еркімен христиан дініне кірмеген казактар болса, ол жағдайда қорқытып, зорлап, аяусыз жазалап, ұрып-соғып кіргізді. Отарлық билік орындарда орыстандыру саясаты халық ағарту ісімен ұштастырды. Ресей империясы үстемдігі орнаған орыс тұрғындарына арналған оқу

орындары ашылып, қызмет ете бастады. Мәселен Жетісу өңіріндегі ең алғашқы-орыс оқу орны қазақтар қоныстанған Сергиополь станциясында 1852 жылы ашылған еді. Отаршыл әкімдердің қолдауымен Жетісуда алты станциялық мектеп, атап айтқанда Кіші Алматы, Сергиополь, Үржар, Лепсі, София, Капал станцияларында және бір поселкілік мектеп болды.

1867 жылы 25 қазанда Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман өлкедегі әскери-губернаторға халық-ағарту ісін қолға алу жөнінде нақты нұсқаулар жөнелтті. Оның Жетісу облыстық әскери-губернаторы Колпаковскийге жолдаған нұсқау хатында: «Халық ағарту ісіне империялық мүдде тұрғысынан қарап, облыста мектептердің санын көбейту жолында қолдан келген шараның бәрін жасаңыз» делінген болатын.

Мемлекеттік қазынадан бөлінген қаржы бастапқы кезде казак станциялары мен орыс поселкілеріндегі тұрғындардың балаларын оқытуға жұмсалды. Жергілікті казак-қырғыз балаларын оқытуға қазынадан қаржы болу көзделмеді. Дегенмен осыған қарамастан жергілікті халық балаларының орыс оқу орындарында оқымауы Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманды аландатқан болатын. Оның пікірінше, жергілікті халық балаларының орыс мектептерінде оқуы алдымен империяның тұтастығын қамтамасыз етуі тиіс саналды. Сондықтан да олардың православия дінін қабылдамағандығы кедергі болмауға тиіс деген болатын.

Патшалық Ресей көп тілді және империя құрамындағы аз халықтарды түгелдей шоқындыру мен орыстандыру саясатын тек славян халықтарымен араластырып жіберу арқылы тездетуге болатынын жақсы білді. Осы мәселеге мән беріп, яғни араластыру арқылы қазақтардың тілі мен дінінен ажырату арқылы орыстандыру саясатын ашық ұстанды. Осы мақсаттан туындаған 1869 жылы Мәскеуде арнайы түрде миссионерлік қоғам ұйымдастырылады. Сөзсіз біз жоғарыда атаған осы саяси идеологиялық мәселе дәл осы қоғамның атқарар жұмыстарының басым бағыттарын құрады. Сондықтан осы миссионерлік қоғам мүшелері де және патшалық Ресей де дәл осы славян халықтарынан құралған қоныстанушыларға үлкен сенім артты. Сөзсіз қоныстанушылар бұл істегі ең шешуші әрі ең әсері мол күш болып табылды. Осы тұрғыдан келгенде 1868 жылы «Қоныс

аударушылар комитеті» құрылып, қызу іске кірісуі миссионерлік әрекетті белсенді ете түсті.

Патша үкіметі жалпы отарланған бұратана халықтарды, оның ішінде елін біртіндеп, асықпай сақтықпен шоқындыру арқылы орыстандыру жолындағы ең басты тәсілдерінің бірі – қазақ халқының ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб емлесі негізіндегі жазуын қолданудан шығару болатын.

Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, ұғым мен нанымнан, тарихи естегі дәстүрлік жалғастығынан үзіп, рухани жағынан жүдете отырып, құлдық психологиясын сәтті сіңіруді көздеген және болашаққа бағдарланған, қазақтарды көнбіс құлға айналдыру мақсатын байқауға болады.

Бүгінгі таңда осы мәселеде шатастырушылық көп байқалады. Бұл әсіресе Ыбырай Алтынсариннің жеке басына қатысты. Өйткені қазақтар үшін орыс емлесінің негізіндегі әліпби алғаш рет жасаған Ыбырай Алтынсарин деген ғылыми түрде дәлелденбеген пікірлер жиі кездеседі. Дегенмен мұның қате қалыптасқан пікір екендігіне қатысты мынандай мәліметтерді келтіруге болады.

Орынборда ағарту министрі болған граф Д.А. Толстой қазақтар үшін арабша жазуды орыс емлесіне көшіру үшін арнайы мәжіліс шақырып, нақтылы нұсқауларда берді. Семей генерал-губернаторының 1878 жылы 26 қыркүйектегі «құпия» белгісі бар Батыс-Сібір генерал-губернаторына жазған № 9623 қатынас хатында: «...Во всех случаях когда приходится объявлять киргизам распоряжения правительственных мест на киргизском языке, употребляется русский алфавит. Обучение изложению киргизской речи этим же алфавитом вводится, на точном основании предложения Вашего Высокопревосходительства от 4 мая за № 26, в киргизских интернатах. Будет время, когда русский алфавит в степи возьмет верх над арабским» деп жазуы мәселенің түп тәркіні граф Д.А. Толстой ағарту саласында мемлекеттік миссионерлік саясатты жүргізуші қайраткер ретінде берген нұсқаудың сипаты барынша сезіліп тұр деп айтуға толық негіз бар.

1876 жылы патша ағзамның өзі қазақтар ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуды орыс жазуына ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. Дәл осы жылы граф Д.А. Толстой

Ыбырай Алтынсаринге орыс әліпбиін ешқандай өзгеріссіз сол қалпында қазақ жазуына қолдану жайында кенесіп, нұсқау берген. Осы мәселе жайында Ы. Алтынсарин «қазақтың облыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде: «...1876 жылы граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде ең алдымен талқыға салынған мәселе – қазақ арасына орысша хат таныту жолдары және бұл үшін қазақ тіліне орыс емлесін қолдануға болмайтындығы туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәслихаттарға Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы генерал-адъютант Н.А. Крижановский, Орынбор оқу округінің попечители Л.А. Лавровский, қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Н.И. Ильминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатысып, бұлардың бәрі де орыс емлесін қазақ тіліне қолдануға әбден болады деген қорытындыға келген еді» деп жазуы арқылы-ақ жергілікті отаршыл хакімдердің бәрі бас қосып, қазақтар қолданып келген араб жазуының орнына орыс жазуын қолдану туралы көптен бері алдын ала ойластырылып келе жатқан саяси мақсаттың ең буынды тұсын толық түрде ашып беріп отыр. Яғни патшаның өзі қол қойып, жарлық берген жылы оның қазақ даласындағы билеушілері мен миссионер ғалымдары сол жылы бұл мәселені жүзеге асыруға нақтылы кірісіп, бір шешімге келуінен көп нәрсенің сыры айқындалып тұр.

Әрине Ы. Алтынсарин орыс білімі қазақ халқының рухани дамуының жолы деп қана қараған жоқ, оны Қазақстанның дамуына септігін тигізетін, яғни қазақтардың орыс халқынан ғылыми және тәжірибелік білімін үйрететін басты құрал деп санады. Осы мақсатта 1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебін ашты. Мұндай оқу орнының ашылуы сөз жоқ айрықша мәнді оқиға болды және XIX ғасырдың екінші жартысындағы нақты білімінің бастамасына айналды.

Торғай облысы жерлерінің ерекшеліктерін және қазақтарының тұрмыстық жағдайларын ескеріп Ы.Алтынсарин жасаған болыстық мектептерді салудың негізгі принциптері мына міндеттерді көздеді:

А) уездік қалаларға болыстармен бірдей мөлшерде ақша төлейтін барлық қырғыз болыстары білім алу құқығын қолдана аласын.

В) сауатты және орыс тілін білетін кыргыздар мүмкіндігінше казак қоғамы барлық қауымы тартылсын.

Сондықтан ол уездік билік мектептерді орналастыратын пункттерді таңдағанда келесі факторларды естен шығармауы керек деп есептеді. Олар :- аймаққа халықтың қоныстану деңгейі

- оқушылардың қыстауларының алыстығы.

- Лауазымды тұлғалардың орналасқан жері

- Ауқатты және беделді кыргыздар ауылына жақындығы

Ы. Алтынсарин ашылып жатқан орыс-казак мектептерінде білім алудың қажеттігі мен пайдалылығын көпшілік бұқараға ұғындыру және казак балалары білімге қызықтыру үшін «Қазак хрестоматиясының» бірінші беттерін білім үйрену, ғылым игері туралы жалынды өлең сөздерімен бастаған. Ы. Алтынсарин өзінің еңбектерінде білімсіздікті қараңғылықта адасушы, көзі жоқ соқыр, ақылы жоқ надан, сауатсыз деп теңестірді. Сондықтан өз заманының адимдары – ғылымды игеріп, біліммен қаруланған, дүниенің игілігін пайдалана білетін кісілер деп түсінді. Ғылым адамды надандықтың түнегінен шығарады, онын ой-өрісін шексіз кеңейтеді деп санады.

Ы. Алтынсариннің түсінігі бойынша, білім дегеніміз төңіректегі ақиқатты таңу болып табылды. Сондықтан «Табиғи ақыл айналадағы бізді қоршағанды ғана қамтуға қабілетті, ал, оны дамытып, біздің көрмегенімізді де білуге қабілетті ететін дүниелік білім ғана» деп көрсеткен болатын.

Сонымен қатар Ы. Алтынсаринның ағарту идеясы қоғамдағы ғылым мен білімнің рөлін дәріптеуге бағытталды. Ы. Алтынсариннің орыс-казак мектептерін ашуы, «Қазак хрестоматиясын» жазуы, казак ауылдарында орыс әдебиетін таратуы Қазақстан мәдениетінің даму тарихында үлкен оқиға болып табылады. Бұл сөзсіз патшалық Ресейдің отарлық саясаты тұсындағы казак халқының рухани өмірінің дамуының бастамасына айнала алды.

Ы. Алтынсариннің ағарту қызметі онын казак білім беру жүйесі туралы пікірлерінің айқын көрінісі еді. Ол отарланушы бұқараның қорғаушысы болып, езілген, сауатсыз халыққа жасаған қанаушылардың әділетсіздіктері мен қастандықтарына, зорлық-зомбылықтары мен заңсыздықтарына қарсы шықты. Ол қоғам

ауырпалықтары мен үстем тап өкілдерінің ел үстінен күн көрген жарамсыз мінездерін өткір сынға алды.

Өзінің шығармаларында Ы. Алтынсарин көбінесе жергілікті өкімет, сот орындарының өкілдерін, молдаларды сынады, себебі, оның шығармалары негізінен оқушы балаларға арналған еді. Ы. Алтынсарин оқушылардың көпшілігі болыс, ауылнай, сот болатынын жақсы білді. Сондықтан Ы. Алтынсарин оқушылардың бойына ізгілік өрнегін егу үшін «Қазақ хрестоматиясында» демократия және гуманизм рухында жазылған өлеңдер мен әңгімелерді басты. Келешекте қазақ ауылдарында демократиялық идеялардың таратушысы болу үшін, оларды әділеттік, тазалық, шындық рухында тәрбиеледі.

Ыбырай Алтынсарин патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген ұлт саясатында сын көзімен қарады. Реседің үстем таптарының орыс ұлтына жатпайтын басқа халықтарға жүргізген ұлттық кемсітушілік саясатын көре біліп, орыс шенеуніктерінің қазақтарды төменгі ұлт деп санауына өз наразылығын білдірді. Ы. Алтынсарин орыс үкіметінің осындай саясатын сынай отырып, керісінше «мәдениетті» ұлт ретінде қазақ халқын қорламай оның мәдениетінің дамуына көмектесуге шақырып отырды.

Әрине өз ұлтының ұлы ретінде ол өз заманының қоғамдық-саяси тәртіптеріне де сын көзімен қарап, қоғамның ауырталықтарымен қатар, жергілікті өкімет орындарының өкілдері және қазақ байлары мен молдарының кері әрекеттерін сынай отырып, ол қоғамдық-саяси құрылысты барынша түзету үшін өз үлесін қосты.

Н.И. Ильминский бастаған миссионерлік саясатты іске асырушылардың бәрі, алдымен қазақтарды татарлардың рухани ықпалы мен көршілес ислам елдерінен бөліп алып, олармен қарым-қатынас жасатпауға бар күшін салды және осы саясатты Түркістанды отарлаушы патша әкімдері әсіресе ислам дініне бұхаралықтардан қазақтарды ажырату, рухани ықпалын таратпау мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Осы себепті 1880 жылы 8 қарашада генерал адъютант фон Кауфман Ағарту министрiне жазған жолдамасында көшпелі қазақ елін тезірек араластыра отырып, Ресеймен кіріктіріп жіберу мақсатында оларды Орта Азиялықтардан бөлек ұстаудың қажеттігін атап көрсетеді. Бұл үшін қолданылатын саяси тәсіл ретінде қазақтардың жазуын орыс

жазуымен алмастыруды көзделді, олар діншіл рухани ықпалдан аулақ ұстауға қызмет етеді деп білді.

Жалпы түркі тілді халықтардың жазуын орыс емлесіне көшіру туралы ереже 1906 жылы 31 наурызда өткен мәжілісте II Николай патшаның өзі бас болып қабылдатқан болатын. Бірақ Ресей империясындағы сол тұстағы саяси әлеуметтік жағдайдың қиындауы себепті, орыс емлесін бірден жүзеге асыруға сескенді. Әзірше бұратаналардың бойын біртіндеп үйрете беру үшін, орыс емлесін ресми құжаттар мен мектеп оқулықтарында қолданумен шектелу қажет деген қорытындыға келді.

Н.И. Ильминский татарларға қойған талап тұрғысынан келіп, қазақтарға арналған кітаптардың бәрін де орыс емлесімен шығаруды талап етті. Осы жылдардағы қазақтың біртуар ұлдарының, соның ішінде Ы. Алтынсарин еңбектерінің де, нақтырақ айтқанда оқу құралдарының бәрі орыс емлесі негізінде шығару себебі де осы қатаң талаптың әсеріне байланысты құбылыс деп топшылауға болады.

1870 жылы Ағарту министрлігінің «О мерах к образованию населяющих Россию инородцев» заңы жариялан болатын. Бұл заң негізінен Н.И. Ильминский бастаған орыстандыруды көздеген миссионерлік педагогикалық жүйесі ендірілген болатын. Осы заңда орыс емес халықтарға үш түрлі категория белгіленіп, қолданысқа енгізілді. Бірінші категория бойынша, ұлт тілдерінде сабақ өз тілінде, бірақ міндетті түрде орыс емлесімен оқыту талап етілді. Мысалы, Ыбырай ашқан мектептер осы категорияның ішіне кірген болатын. Екіншісі сабақ таза орыс тілінде жүргізіліп, тек сабақ үстінде түсінбеген жері ғана ана тілінде айтуға рұқсат берілді. Ал, үшінші категорияға сай, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйлеуге рұқсат етілмеді.

Қазақ зиялыларының бірі А. Байтұрсынов мұндай миссионер атаулының өткен тарихымен жете таныс және олармен тікелей қызметтес болғандықтан да олар көздеген саяси мақсаттың шоқындыру мен орыстандыруға алып келерін жете түсінді. Сонымен қатар революция қарсаңында: «...үкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қоластында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын

орыска аударса, хукіметке онан артык іс болмас» деген ой кортындысына келуі де біз көрсеткен мәселеден мәлімет береді.

1860-1890 жылдардағы әкімшілік реформаларынан бастау алған орыстандыру саясаты Кенес өкіметінің уақытында да тоқтаған жоқ. Халықтардың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазуын өзгерту мәселесі В.И Ленин қайтыс болған соң қызу қолға алынғаны белгілі. Алдымен түркі тілді халықтардың қалыптасқан араб емлесін кириллица жазуымен алмастыру мәселесі жедел қолға алынса, кейіннен латын тіліне көшірілуі қоғамдық пікір қалыптастырып латын емлесі «бүкіл әлемдік коммунистік қоғамның алфавиті» деген кәте ұғымның орын алуына байланысты көтерілген болатын. Жиырмасыншы жылдар ішінде латын жазуы түркі тілді халықтардың жазуына айналып та үлгерген.

Сөзсіз қазақ зиялыларының білікті тобы латын емлесін қабылдауға наразылық білдірген еді. Бұл пікір, әсіресе, корнекті филолог Ахмет Байтұрсыновтың «Әліппе – танбалар жұмбағы» деген белгілі мақаласында толық көрініс тауып, латын жазуын «Европа жұртымен бірдей болу мақсатымен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасак та болар» деп өз пікірін қысқа әрі тұжырымды түрде білдірген болатын.

Патша өкіметінің осындай шовинистік және отаршылдық саясаты салдарынан қазақстандағы білім беру ісінде елеулі өзгерістер енгізіліп жатты. XIX ғасырдың 60-80 жылдарындағы әкімшілік реформалардың салдарынан және 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін де бұратана халықтар арасында мектеп ашу ісі жаңа серпінмен отаршылдық пиғылда жалғасын тапты.

Жоғарыда көрсеткен мәселелерді талқылай келе Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуын төрт кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең-арабша хат танытатын ауыл мектептерінің пайда болуы. Осындай мектептердің қашан пайда болғанын және қаншама болғанын айту қиын. Себебі бұндай мектептер уақытша ашылды және хат танытудан арыға бара алмады.

Екінші кезең – XIX ғ. бірінші жартысындағы патшалық Россияның жергілікті халықты басқаруға тарту үшін ашылған

казак-орыс мектептері, бұл кезенді үгіт-насихат кезені деп атауға болады.

үшінші кезен – XIX ғ. 60-шы жылдарындағы Россияда крепостниктік құқықтың жойылуы және қазақстанның толық отарлануына байланысты 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформадан кейін жергілікті ұлт өкілдерін басқару жұмысына тарту үшін және орыстандыру саясатын жүргізу үшін ашылған мектептердің пайда болуы.

Төртінші кезен – 1905 жылы орыс революциясынан кейін ұлттық сананың жаңа сатыға көтерілуі ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына әсер етті және олар қазақ халқының дамуына алғы шарт ретінде білім беру жүйесін дамыту үшін мемлекетке тәуелсіз білім беру жүйесін құру идеясын ұсынды.

«Уақытша ережеде» жоғарыда айтылғандай мұсылман дінін қазақтарға және қазақтардың қоғамдық өміріне ықпалын шектеуге бағытталған шараларды қарастырылды. «Ережеде» мұсылман діні иелерінің құқығына көптеген шектеулер қойылса, керісінше христиан дінін қабылдайтын қазақтарға жеңілдіктер беріліп жатты. Отаршылдыққа тап болған қазақтарға балаларын ана тілінде оқытуға тиым салынып, орыс-казак мектептердің беделі барынша насихатталды. Демек «Ереже» қазақ даласында әкімшілік қайта құрулар жасай отырып, қазақ өлкесін орыстандыру мақсатындағы рухани отарлау жұмысын да белсенді жүргізе түсті.

Сөзсіз 1860-1890 жылдардағы әкімшілік реформалардың қазақ өлкесін әкімшілік бөліністерге бөлуінде үлкен роль атқарды. Әрине ол алдымен отарлаушы саналатын патшалық Ресей үшін аса маңызды және патшалық Ресейдің мүддесіне берік негізделген күйінде жүзеге асты. Өз кезегінде бұл әкімшілік реформалар қазақ халқының дәстүрлі билігінің тармақталуы мен құқықтық реттеушілік сипаты бар салт пен дәстүрге карама-қайшылық жағдайында қабылданған болатын. Біз өз кезегімізде бұл әкімшілік реформалардың қазақ өлкесін басқаруды отарлаушылардың мүддесіне сай етіп жасалып, саяси сипаты басым болған оқиғалар ретінде мойындай келе, бұл әкімшілік реформалардың қазақ халқының рухани өміріне де барынша теріс әсер еткен деп тұжырымдаймыз. Оған дәлел ретінде келтірген тарихи деректердегі мәліметтеріміз болып табылатыны түсінікті.

1730 жылдан бастап патшалық Ресейдің құрамына өте бастаған Қазақ хандығының кейінгі саяси тарихы көрсеткендей, өзіндік мемлекеттілігінен айыратын реформалар нәтижесінде қазақ даласы патшалық Ресейдің заңды меншігіне айналып, ұлттық ерекшелігін жоғалта бастады. Сан ғасырлар мен жылдар көлемінде қалыптасып, өзіндік даму жолын таба алған мемлекеттіліктің қалыптасуы патшалық Ресей тарапынан барынша тежелді. Ол әсіресе патшалық Ресейдің жүргізіп отырған отарлық саясаты барысынан ерекше көрінді.

Патшалық Ресейдің қазақ халқына қатысты ұстанған отарлық саясаты – қазақ мемлекеттілігі мен өзіндік ұлттық ерекшелігінен сипат беретін барлық құндылықтарды жоюға бағытталған саяси әрі отарлық сипаты басым болған үдерістер қатарына жатады. Бұл отарлық саясат әсіресе қазақ қоғамын патшалық Ресей империясының отарлық саясатының мүддесіне сай етіп орайластыруымен де қатты ерекшеленеді. Әрине осы жылдар аралығындағы патшалық Ресей үкіметі алдымен қазақ жерін отарлық жүйеге икемдей отырып, басқаруды жеңілдету үшін бірқатар реформалар жүргізіп, заңдар қабылданған болатын. Дегенмен бұл қадамдар қазақ қоғамының басқа да көкейкесті тұстарын қамтыды.

Міне Қазақ хандығының ішкі саяси тұрақсыздығы мен көршілес елдердің шапқыншылығынан туындаған сыртқы саясаттағы қиыншылықтар қазақ хандары мен сұлтандарын патшалық Ресейге жақындасуға мәжбүрледі. Уақыт өте сыртқы саясаттағы қиыншылықтардан құтқаруға уәде берген патшалық Ресей қазақтарды түпкілікті отарлаудың жүйелі жоспарын жасап, ішкі өмірін түбегейлі өзгеріске ұшыратты. Патшалық Ресей қазақтарды тек саяси тұрғыдан ғана емес, рухани сала бойынша да отарлап, қазақтарды мәнгүрттендірудің анық жолына түсті. Егер де қазақ хандары мен сұлтандарының саяси билігін түрлі әкімшілік реформалар арқылы отарлауды көздесе, рухани отарлау қазақтарды орыстандыру мен христиандандыру саясатынан анық көрінді.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ОҚЫТЫЛУЫ МЕН НАСИХАТТАЛУЫ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.

3.1. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ОҚЫТЫЛУЫ

Ғылыми еңбектердің әртүрлі кезеңдерде жазылып, жариялануына байланысты зерттеушілер шынайы оқиғаны бұрмалап көрсетіп немесе ол туралы айтпай кетуі де мүмкін. Мұндай методологиялық принциптерден ауытқу кеңес дәуірінде кеңінен сипат алды. Себебі тарихшылар тарихи оқиғалар мен процестерді тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеологияның үстемдігі кезінде объективті түрде көрсете алмады. Қазақстан тарихында қазақ хандығына қатысты кезеңі кеңестік дәуірде ашық айқын айтылмады. Тіпті ғылыми зерттеу тақырыбы ретінде арнайы зерттелмеді.

Осы кезеңдегі қазақ тарихына қатысты келенсіз мәселелердің орын алуы туралы Елбасы қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты сөйлеген сөзінде былай деп өте жақсы айтты. – «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сак, гүн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы Түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды. VI ғасырда –552-жылы Алтайда Ұлы Түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді». Кеңестік кезеңде ата тарихымызға қатысты нақты деректер мен ашық шындықтар қасақана бұрмаланып, жадымыздан өшірілгені жасырын емес. Сынық сүйем жер үшін жауларымен арыстанша алысып, жолбарысша жұлқысқан хандарымыз бен батырларымыз үстем тап өкілдері ретінде көрсетіліп, аттарын атауға, еске алуға тыйым салынды. Тек Тәуелсіздіктің арқасында үш мың жылдан әріден бастау алатын ата тарихымыз жаңа қырынан бағаланып, қалпына келтіріле бастағанына бәріміз қуәміз. Олай болса, батыр

бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан өткелдерінен сүрінбей өткен ата тарихымыздан тағылым алу үшін ұйымдастырылған Қазақ хандығының 550 жылдығын Ел болып атап өтуден ұтарымыз көп. Ұлттық ой-сананы жаңғыртуға қосар үлесі зор. Ел тарихы ұлттық құндылықтарды қастерлеуден, ел, жер атауларын жаңғыртудан басталатынын бір сәт те естен шығармауымыз керек. (Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінен)

Кенестік кезеңдегі тарихилық принциптің бұрмалануы тарихшыны ғана емес тарихнамашыны да қателіктерге ұрындырып, салдары ғылым мен қоғам үшін қауіпті болды. Өкінішке орай отандық тарих ғылымында тарихнаманың өзіндік мектебі қазан төңкерісіне дейінде кенестік кезеңде де қалыптаса алмады. Республикадағы тарихнама ғылымының кеңже қалуының бірқатар себептерін атайық. Олар қазақ тарихына қатысты төл жазба деректерінің зерттеліп, ғылыми айналымға түсірілмеуі. Келесі бір себебіне Кеңес Одағы тұсында тарихнамалық зерттеулердің қатан коммунистік идеология құрсауында болып, ұлт тарихы туралы тәуелсіз ой - пікірлердің жазба тарихымызда еркін көсіле алмауы жатты.

Кенестік тарих ғылымының ең осал тұстарының бірі қазақ тіліндегі деректемелердің пайдаланбауында еді. Бұл мәселе туралы Мемлекет басшысы, Н.Ә.Назарбаев: Астанада Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: «Кеңес Одағы заманында Қазақстан мектептерінде оқушылар «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан білім алды. Жас ұрпақтың санасынан ұлы хандарымыз бен данқты батырларымыздың есімдері біртіндеп өшіріле бастады. Елімізде ханның, не батырдың ескерткіші тұрмақ, олардың атында білім мен мәдениет нысандары, көше атауларыда болған жоқ. Қазақ хандарының аты атала қалған жағдайда оларға үстем тап өкілі ретінде келеңсіз баға беріліп, қисынсыз айып тағылды. Бұл туралы ақын Ғафу Қайырбеков кезінде: «Басқаның патшасының бәрі жақсы. Неліктен біздің хандар жаман болған?» деп ашына жазған болатын»- деп кенестік кезеңдегі қазақстан тарихының оқытылуына соның ішінде қазақ хандығы тарихының оқытылу мәселесіне жан- жақты баға беріп кетті. (11 қыркүйек 2015. Егемен Қазақстан)

Коммунистік идеялогияға нәгізделген ғылыми еңбектер Ресей империясына қазақтардың «өз еркімен қосылғандығын» ал ең бастысы – бұл үрдістің прогресшілдігін санаға сіңіруді дәлелдеуге тырысушылық басым болды. Қазақ хандығын реформалар арқылы жойып, қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі деп жариялау дәл осы империяның кезінде жүзеге асқан болатын. Кеңестік тоталитарлық жүйеде ғылыми еңбектерде батыл тұжырымдамалар жасалмады. Шынайы тарихнамалық зерттеулердің дүниеге келуіне кедергілер көп болды. Кеңестік дәуірде тарихнама теориясынан түсінік беретін тарихнама пәніне арналған оқулықтардың қазақ тілінде жазылмауы себепті, болашақ қазақ тарихшылары тарихнама туралы терең түсінік ала алмай, бұл пән тар шеңберде бір жақты түсіндіріліп келді. Міне осылардың барлығы тарихи және тарихнамалық зерттеулердің жазылуында айтарлықтай кемшіліктер мен қиындықтар тудырып, еңбектердің сапасы мен деңгейінің төмен болуына әсер етті. 80 жылдардың екінші жартысында, КСРО-дан демократиялық үрдістерді басталуымен бірге, қоғамдық күштердің қысымымен, Қазақстанда мұрағатты құжаттарды пайдаланудағы негізсіз шектеулерді алып тастауға қатысты жұмыстар басталды.

Ұлы далала ғалым тарихшылар қауымы Ресейге бодандық қабылдағанша жокқа тән еді. Ресейдің бодандығын қабылдаумен қазақ тарихын зерттеуге, орыс ғалымдары араласа бастады.

А.В.Левшин, С.Роневский, В.Радлов, Н.Коншин, Н.Аристов, Г.Потанин т.б. құнды еңбектер жазды. Ұлт зиялылары Ш.Уәлиханов, С.Бабажанов, Ә.Бөкейхенов, Б.Қаратаев т.б қазақ ойшылдары мен қайраткерлері уақытына қарай өз үлестерін қосты. Орыс тарихнамасындағы Еуроцентристік көзқарас қазақ тарихын артта қалғандардың тарихы тұрғысында қастырып осы көзқарасты заңды құбылыс ретінде ұғындыруға тырысты. Қазақстандық кәсіби тарих ғылымы кеңестік дәуірде қалыптасты. Оның іргетасын 20-30 жылдары ұлт мүддесіне қызмет еткен тұлғалар С.Асфендияров, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, М.Тынышпаев, Н.Торекұлов т.б. қалады. 40-50 жылдары Е.Бекмахановтың, Г.Дахшлигердің, Ә.Марғұланнның, К.Ақышевтің, А.Мұсбековтың, Ә.Тұрсынбаевтің ғылыми-ізденістері табысты болды. Бірақ ұлттық тарихнама КОКП идеологиясының үстемдігіне байланысты ақиқатты айта алмады. Ғылым, әдебиет, өнер салаларындағы жарық

жұлдыздар: Әл-Фарабиді, Шоканды, Абайды, Құрманғазыны лайықты ұлықтауға шектеу қойды. «Қоғамдық-экономикалық формацияның феодалдық-патриархалдық сатысында тежеліп қалған өлке, социализм тұсында аға ұлттың көмегімен ғана қатарға қосылған Қазақстан»- деген ұғымды түп-орнымен орнықтыруға тырысушылық үстем болды. Осы танымды ұстанушылар «Қазақстанның шынайы тарихы 1917 жылғы қазан революциясынан басталады»- деген ұғымды бекітіп, халық санасына орнықтыруға тырысумен болды. Кеңестік империя кезіндегі ҚазССР-нің мемлекеттік әнұранында: «Торлаған тұманнан жол таппай тұрғанда, жарқырап Лениндей күн шықты, атты таң одақтас, ұрандас, елдердің қамқоры, көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына, іргелі мемлекет, ерікті болдык ел, еңбекте, майданда жеткізген жеңіске, данышпан партия – сүйікті кемеңгер» - деген жолдардың болуы осыны аңғартады. Тарих саласына, тарихи даму мәселесіне Мәскеудің көзімен қарауға ғана рұқсат берілді.

Жақсы болсын, жаман болсын, өткеннің бәрі, кеткеннің бәрі өзіміздің тарихымыз. Кезінде М.Тынышпаев «Түрік-моңғол тарихы» атты зерттеуінде «түрік-моңғол тарихы» екіге бөлген болатын: Ең ескі заманна бастап, 1456-шы жылға шейін (өзбек пен қазақ-қырғыз айырылатын жыл) Екінші кезеңге 1454-ші жылдан бері қарай қазақ-қырғыз бөлініп шыққанға шейін, қысқаша түрік-моңғол тарихының бәрін жазбақшымыз, сол жылдан бері қарай бір-ақ қазақ-қырғыз тарихын айтпақшымыз» (Тынышпаев М. Таңдамалы. Избранное. А.: «Арыс», 2001. -93 б.) Көп ұзамай Қазақстан тарихын қоғамдық-экономикалық формациялардың алмасуы негізінде қарастырыла бастады. Құл иеленушіліктен басқа формация Қазақстанның белестері ретінде қарастырылды. Кеңес дәуіріндегі бес томдық «Қазақ ССР тарихының» Бірінші том «Алғашқы қауымдық құрылыс. Қазақстан территориясындағы тайпалық одақтар мен феодалдық мемлекеттер» мәселесіне арналды. Екінші томда «феодалдық қатынастардың дамуы. Қазақ халқы мен қазақ хандығының құрылуы» сөз болады. Үшінші том мазмұны «Қазақстанның Ресейге қосылуы баяндалды. Ұлы октябрь революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстар», әлеуметтік-экономикалық қатынастар кенінен баяндалды. Төртінші, бесінші

томдарға Қазақстандағы социалистік және коммунистік құрылыс тарихымен жалғастырған.

Қазақ тарихы жазбаша ғылыми түрде кенестік дәуірде зерттеле бастады. Дегенмен В.В.Бартольдтың 1898 жылы Верныйда (қазіргі Алматы) бірінші рет жарияланған «Жетісу тарихының очерктері» деген кітабы Қазақстан тарихын зерттеуге қосылған бағалы ғылыми үлес болды. Бұл кітап б.з.б. II ғасырдан б.з. XVIII ғасырға дейінгі Жетісудың саяси тарихын көрсетуде ғылыми маңызы зор. Оның екі бөлімнен тұратын, «Түркістан монғол шапқыншылығы дәуірінде» деген іргелі еңбегіді қазақ жеріндегі мемлекеттілік туралы мол мәліметтер береді.

Қазақтың жоғары педагогикалық институтында болған кезінде В.В.Бартольд «Түрік-монғол халықтарының тарихы» (1927) деген лекция оқыды. Ол Махмұд Қашғаридің материалдары негізінде халықтар мен тайпалардың Қазақстан жерінде орналасуын сипаттап, кейіннен қазақ халқының қалыптасуында ерекше роль атқарған қыпшақтар тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін сипаттап берді.

1926 жылы В.В. Бартольд түркі тілдес халықтардың тарихын күрделі үдеріс ретінде қорытуға, тілі бойынша туыс, бірақ экономикалық тұрмысы жөнінен әр түрлі халықтардың кем дегенде екі мыңжылдық бойында жүріп өткен дербес әлеуметтік, саяси және мәдени даму жолын көрсетуге тұңғыш рет ғылыми негізделген әрекет жасады.

В.В. Бартольдтің орта ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азия тарихын бір жүйеге келтіріп белгілеген кезеңдері, тарих ғылымына қосқан сөзсіз үлесі, Қазақстан тарихын зерттеуде ерекше роль атқарады.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі жиналған мәліметтерінің байлығы және алуан түрлілігімен ерекшеленді.

Қазақстандағы тарихи-шығыстанушылық зерттеулердің бастапқы кезеңі А.П.Чулошниковтың, С.Ж.Асфендияровтың есімдерімен байланысты. А.П.Чулошниковтың ғылыми ізденістері жаңа деректемелер тартуға, қазақтардың және оларды құрайтын этникалық компоненттердің тарихын басқа да түрік халықтарының тағдырларымен байланыстыруға әрекет жасауға бағытталды. С.Ж.Асфендияров тарихтың және мәдениеттарихының көптеген түбегейлі проблемаларын -

казактардың этногенезін, казак эпосын зерттеді, Қазақстан аумағанда феодалдық құрылыс қалыптасуының күрделі және сонымен бірге әліде аз зерттелген үрдісін ой елегінен өткізіп, қорытуға елеулі әрекет жасады. М.Тынышбаев казактардың негізгі тайпалары мен рулары жөнінде баяндап, қысқаша тарихи түсініктемелер жасады.

30-жылдары да жазбаша ескерткіштердің материалдарын анықтау және деректемелердің жинақтарын басып шығару жөніндегі маңызды жаңа кезең байқалады. Мәселен, Қазақстан тарихы бойынша «Қазақстанның өткені деректемелер мен материалдарда» деген жинақ жарыққа шықты (Алматы, 1935—1936, т. 1-2), онда түрі мен мазмұны жөнінен әртүрлі ертедегі және ортағасырлық: көне грек, латын, византия, қытай, араб-парсы жазбаша ескерткіштерінің жинағы баяндалды.

Жинақ ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеушілерге орта және төменгі Сырдария бойында, Арал өңірінде мекендеген оғыздар туралы көлемді де жан-жақты деректер береді.

Кенестік дәуірде Қазақстанның ортағасырлық тарихы саласында В.В.Бартольдтің ісін тікелей жалғастырушылардың бірі А.Н.Бернштам болды. Оның археолог, этнограф және тарихшы ретінде жан-жақты қызметінің казак халқы тарихының алдыңғы кезеңін, соның ішінде усундер, ғұндар тарихының көптеген бөлімдерін зерттеудегі маңызы зор. Жазбаша (көне түрік және қытай) деректемелеріне жүгіне отырып, А.Н.Бернштам ежелгі түрік мемлекетінің әлуметтік құылым зерттеп, әскери-демографиялық қоғамның ерте феодалдық қатынастар жүйесіне ұласуын айқындады.

40 және 50-жылдарда Қазақстан жерінде мемлекеттіліктің пайда болу және даму тарихының мәселелері зерттелді Қазақстан жерінде мемлекеттік біршама кейініректе пайда болғаны туралы бұрын жалпы жұрт қабылдаған көзқарас қайта қаралды. Тарихшылардың зерттеулері Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінің сонау ертедегі тұрғындары-усундер мен канпойлердің біздің заманымыздың шебіндегі саяси құрылысының сипаты және мемлекеттік элементтердің пайда болуы туралы мәселе қоюға мүмкіндік берді.

Қазақ КСР-інің ежелгі заманнан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі тарихы жөніндегі 1949 жылы шыққан бірегей ұжымдық

енбек Қазақстан тарихы жөніндегі онын алдындағы барлық енбектерден принципті түрде ерекше болды. Соғыстан кейінгі жылдардың өзінде-ақ шығыстанушылардың Мәскеу мен Ленинградтың ғылыми мектептерін де қалыптасқан ұлттық қазақ кадрлары бірқатар ғылыми зерттеулерді жүзеге асырды. Ә.Х.Марғұлан солардың қатарына жататын. Ә.Х.Марғұланның енбектеріне тақырыптардың алуан түрлі және зерттелетін ескерткіштердің хронологиялық ауқымының кең болуы тән. Көшпелілер мен егіншілердің өзара іс-қимылы, отырықшы қоныстары мен қалалардың қалыптасуындағы көшпелілердің ролі, ертедегі және орта ғасырлардағы тайпалардың орналасу мәселелерін анықтау, ежелгі керуен жолдарын зерттеу сияқты проблемаларды талдау табысты болып шықты. Көп жылдық енбектің қорытындысы - «Орталық Қазақстанның ертедегі мәдениеті» деген монография Орталық Қазақстанның ежелгі заманын зерттеудегі маңызды кезең болып табылады.

50-жылдар мен 60-жылдардың басында ертедегі және ортағасырлық Қазақстанның этносаяси тарихының проблемалары бойынша зерттеулер меғұрлым кең өрістетілді. Олар негізгі екі бағытта: Шығыс деректемелерінің аудармаларын жариялау және маңызды тарихнамалық проблемаларды зерттеу бағыттарында жүргізілді.

Рашид-ад-Диннің (XIV ғасырдың басы) Азия далаларының көшпелі тайпаларының тарихы жөніндегі деректемелер ішінде ерекше орын алатын іргелі тарихи еңбегі «Жылнамалар жинағын» аударып басып шығару ісі аяқталды. Рашид-ад-Дин белгілі бір оқиғалар туралы өзі мәліметтер алған деректемелерінің арасында қытай, үнді, ұйғыр және қыпшақ даналарының кітаптарын атайды. Алайда, өкінішке қарай ол енбектердің өздері де, олардың авторлары да көрсетілмейді.

Сонымен қатар Н.В.Кюнер Орталық Азия халықтары туралы қытайдың құнды хабарларының үлкен топтамасын жариялады. "Юань-ши" мәліметтерінен қыпшақтар мен қырғыздар тарихы жөніндегі маңызды үзінді ғылыми айналымға енгізілді. Қазақстан тарихшыларының енбектерінде «қазақ» терминінің пайда болған уақыты мен мәні туралы мәселе көрініс тапты. Көне түрік жазуын зерттеу ісінде С.Е.Маловтың енбектерінің маңызы ерекше.

1957 жылы «Қазақ ССР тарихының» жаңа басылымы шықты, онда бұрынғы шығармаларының кателері ескеріліп, түзетілді, олқылықтары толтырылды, Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихы жөніндегі зерттеулердің өз кезіндегі негізгі нәтижелері қорытылып, кезендерге бөлудің көптеген мәселелері жанаша зерттеледі. Бұрынғы жылдардан айырмашылығы - Қазақстан тарихшылары ғалымдардың халықаралық форумдарының жұмысына қатыса бастады, атап айтқанда, шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресіне (Мәскеу, 1960 ж) этнографтар мен антропологтардың VII және VIII халықаралық конгрестеріне (Мәскеу, 1964; Токио, 1968) қатысты.

60-жылдардың ортасы, 70-жылдарда Қазақстанда тарихи-шығыстанушылық зерттеушілер табылған жазбаша деректемелерді пайдалана отырып, тайпалық одақтармен алдыңғы ортағасырлық мемлекеттік құрылымдардың тарихын зерттеуді неғұрлым жоғары деңгейге көтерді. Қазақ халқының белгілі бір тайпаларының тарихы жөніндегі кейбір түсініктер қайта қаралып, жаңа көзқарастар айтылды (В.В.Востров, М.С. Мұқанов) М.С. Мұқановтың тағы бір елеулі еңбегі Орта жүз қазақтарының этникалық тарихы мен орналасуына арналған. Шығыстың жазбаша деректемелері, сондай-ақ мұрағат материалдары негізінде XVIII ғасырдың басындағы қазақ тайпаларының этникалық тарихы мен орналасу көрінісі зерттеліп, ертедегі дәуір мен орта ғасырларға шолу жасалған.

Орыстың тарих-филология ғылымындағы дәстүрлі половец (кыпшак) тақырыбы одан әрі талданып, қорытылды (М.И.Артамонов, С.А.Плетнева, Г.А.Федоров-Давыдов).

С.Г.Кляшторныйдың монографиясында ежелгі түріктердің руналық мәтіндерінен алынған материалдар талданып, жүйеге келтірілген, олар басқа деректемелердің материалдарымен салғастырылып, қол жеткен нәтижелер Қазақстан мен Орта Азия тарихына сәйкес тарихнамалық тұрғыдан да, деректеметану тұрғысынан да қорытылған. Түріктер тарихын талдап жасаумен бірге, кангюй проблемасы, Жетісуга соғдылардың қоныстануы соншалықты мұқият зерттелді.

Л.Н.Гумилевтің түрік халықтарының тарихы жөніндегі кітаптарының жарыққа шығуы да атап өту қажет. Олар хунну державасы мем ежелгі түріктердің мемлекетіне арналған. Сол

әлеуметтік-саяси көшпелі қауымдастықтардың пайда болу, даму және жойылу заңдылықтары зерттеледі. Автор кең көлемді тарихи проблемаларға (хуннулар мен түріктердің саяси өміріне, олардың тұрмысына, дініне, мәдениетіне), сондай-ақ екі дәуір - ертедегі дәуір мен орта ғасырлар шебіндегі Ішкі және Орталық Азия көшпелілерінің географиялық орналасуына зор көңіл бөлген.

Ұлттық шығыстанушы кадрларын даярлау мен қалыптастыруға көбінесе Ресей ғалымдарының (А.Ю.Якубовский, С.Е.Малов, С.Л.Толстов, А.Н.Бернштам, Б.Ф.Ғафуров, А.Н.Кононов, И.П.Петрушевский, В.А.Ромодин, С.Г.Кляшторный, Е.И.Кычанов, Б.А.Ахмедовтардың) сіңірген еңбегі зор. Б.Е.Көмеков - IX-XI ғасырлардағы Қазақстан аумағының шығысында бір емес, бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер болғанын дәлелдеп берді.

Қазақстанның ежелгі, ертедегі және ортағасырлық тарихы жүйелі түрде баяндалған «Қазақ ССР тарихының» I және II томдарының шығарылуы (1977, 1979) ғылымға қосылған үлес болғаны күмәнсіз. Бұл ауқымды еңбек өзінің алдындағылардан берік деректемелер бағасының болуымен ерекше. Пайдаланылатын жазбаша деректемелер шеңбері едәуір кеңейтіліп, түркі тілді, парсы тілді, араб тілді және қытай деректемелері пайдаланылды. Авторлар Қазақстан археологтарының қазбаларының нәтижесінде алынған археологиялық материалдарға да, нумизматикалық және антропологиялық деректерге де сүйенеді. Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық тарихы баяндалды.

80-жылдарда тарихшылардың күш-жігері бірқатар бағыттарға: Қазақстанның тарихи географиясына (көне заманнан XVIII ғасырға дейінгі), қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихына көшпелі мал шаруашылығының генезисіне, отырықшы-сіңішілік пен көшпелі мал шаруашылығының арақатынасы мен өзара аса тығыз байланысына қатысты ең маңызды көкейтесті проблемаларға шоғырландырылды.

Қазақтың аса көрнекті ғалымы, ағартушы, саяхатшы, этнограф, Қазақстанның Орта және Орталық Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеуші Ш.Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына қарай 5 томдық Шығармалар жинағының жаңа басылымы жарыққа шықты.

Мерекелік 1985 жылы Алматыда ЮНЕСКО шеңберінде «Орта ғасырлардағы Орталық Азиядағы мәдени-тарихи үрдістер» деген атпен халықаралық конференция өткізілді. Онда VIII — XVII ғасырларда Орталық Азияда болып өткен этномәдени үрдістерге, аймақтың көшпелі және отырықшы халқы өркениетінің әлеуметтік-экономикалық базасы менолардынарасындағы өзара қатынастарға, мемлекеттік құрылыс сипатына, мәдениеттердің өзара байланысы мен ықпалына баса назараударылды.

Қытай жылнамаларының материалдарын ғылыми айналымға енгізу, ертедегі және ортағасырлық Қазақстанның түрік тайпаларының тарихын талдап шешу жалғастырылды (В.С.Таскин, А.Г.Маявкин, Ю.А.Зуев, И.Рахевильц, А.Ш.Қадырбаев).

С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтың жазбаша деректемелер мен археологиялық деректердің бай материалына сүйеніп жазған «Қазақстан. Үш мыңжылдық жылнамасы» деген кітабының шығуы Қазақстан тарихнамасында елеулі құбылыс болды. Ғалымдар Қазақстанның шығыстанушы-тарихшылары мен археологтарының халықаралық үлкен қоғамдастығы жетістіктерін қорыту еңбегін өз мойнына алған. Қазақ халқы этногенезінің жалпы үрдісін авторлар 2-3 мың жыл бойы халықтың екі тобының: үнді-еуропалық және орталық-азиялық топтарының өзара әсері мен қосылуы деп көрсетеді. Нақ солардың арасынан біздің заманымыздың екінші мың-жылдығында қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтары мен басқа да түрік халықтары қалыптасқан. Қыпшақ қоғамы қалыптасуының Солтүстік Монғолия мен Алтай аймағында өткен алғашқы кезеңдері де көрсетілген. Қыпшақ этносының құрылуын С.Г.Кляшторный біздің заманымыздағы III-IV ғасырларға жатқызады және қоне түрік жазбаларындағы сирлермен ұқсастырады.

Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігі мен мемлекеттік тұтастығын алуына байланысты тарих ғылымы дамуының саласы жағынан жаңа кезеңі басталды. Қазақтардың этногенезі, «қазақ» терминінің шығуы, қазақ мемлекеттілігінің генезисі мен эволюциясы, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы проблемаларына республика жұртшылығының ынта-ықыласы арта түскенін атап өту керек.

Кеңес дәуірінде соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты деректемелерге тоқталсақ, соңғы орта

ғасырлардағы Қазақстанның тарихын зерттеу негізінен алғанда Шығыстың шектес және алыс елдерінен шыққан авторлар жазған жазбаша деректемелердің материалдарына негізделеді. Әр түрлі, көршілес Орта Азияның (Мауараннахрдың), Иранның, Шығыс Түркістанның авторлары мәліметтері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға қатысты. Мысалы, Моғолстаннан айырмышылығы арнайы Қазақ хандығының тарихына арналған деректеме жоқ.

Қазақстан жөніндегі мәліметтер шығыс авторларының шығармаларында үзік-үзік келтірілген, негізінен алғанда саяси тарихқа, оның халқы мен билеушілерінің көрші мемлекеттердің халқымен өзара қатынастарының тарихына қатысты әр түрлі әулеттен тараған хандардың шежіресі келтірілген. Этникалық құрамы, шаруашылық кәсібі, рухани және материалдық мәдениеттің элементтері жөнінде бытыраңқы мәліметтерде бар. Шығыс деректемелерінің материалдарын батыс еуропалық кейініректе-орыс саясатшыларының, елшілерінің, ғалымдарының хабарлары, сондай-ақ орыс жылнамалары мен мұрағаттарының мәліметтері толықтыра түседі. Монғолдардың жаулап алуы түрлі тілдердегі ауқымды әдебиетті өмірге келтірді.

Фазлаллах Рашид-ад-Диннің «Жами ат-таварих» («жылнамалар жинағы», 1310-1311 жылдары аяқталған) деген тарихи еңбегі XII- XIII ғасырлардығы моңғол және түрік тайпалары мен халықтарының тарихы жөніндегі мейлінше елеулі еңбек болып табылады. Рашид-ад Дин шығармасының негізіне ресми моңғол хроникалары жаулап алған түрлі елдердің тарихи шығармалары, оқиғаларға қатысушы хабарламашылардың материалдары алынған. Әдет-ғұрыптар, діни нанымдар, көшпелі гүрмыс туралы, түрік және моңғол тайпаларының орналасуы туралы мәліметтер алуан түрлі. «Жылнамалар жинағының» екінші томында тайпалардың этникалық құрамы, Қазақстан моңғол ұлыстарының құрамына кірген кездегі саяси тарихы жөніндегі деректер, Орда-Ежен ұлысының тарихы, оның ұрпақтарының, басқа да Жошы ұрпақтары жөніндегі мәліметтер келтірген.

Рашид-ад Диннің мәліметтері бұл тақырыпты кейінгі уақыт үшін дамытқан көптеген авторларға негіз болды.

XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихи ашып көрсетілген орта ғасырлар авторларының тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының (кабылданған әулеттер бойынша шартты жіктеуге сәйкес) шығармаларынан тұрады. Оларда Темір мен оның ұрпақтарының көрші елдер мен халықтар жөніндегі саясаты ғана көрсетілмеген, сонымен қатар олардың ішкі саяси, шаруашылық, этникалық- мәдени өмірі жөніндегі материал да көп. XV ғасырдың екінші жартысы- XVI ғасырға Моғол және Шайбани ұрпақтары қалыптастырған деректемелер негізгі дерек көзі болып табылады.

Темір дәуірі тулары түпнұсқа деректемелерді зерттеушілер екі топқа бөледі. Бірінші топқа Темірдің немесе оның билік еткен ұрпақтарының әмірімен жазылған деректемелер жатады. Низам ад-дин Шамидің, Шараф ад-дин Әли Йаздидің оны данышпан, әділетті мемлекет қайраткері етіп суреттейтін шығармалары осындай.

Шығармалардың екінші тобын бейтарап авторлар- бұларға, мысалы, Рюи гонзалес де Клавихо және Батыс Еуропаның басқа да саяхатшылары жатады, сондай- ақ әмір Темір бағындырған елдердің өз еңбектерінде оның басқыншылық саясатын бейнелеген авторлар (армян, грузин, деректемелері) жазған. Темірдің саясатына теріс сипаттама берген араб авторлары Ахмед ибн Мұхаммед ибн Арабшах, әл-Айни, әл-Асади соңғы топқа жатады. Клавихо өзінің 1403-1406 жылдардағы саяхатының күнделігінде Самарқандтағы орасан зор құрылыс жұмыстарының, онда товарлардың молдығын атап өткен. Әмір Темір мен оның ұрпақтары негізгі сауда жолдарын жаулап алып, көптеген елдермен сауда және дипломатиялық қатынастырын дамытуға көп көңіл бөлді. Темір ұрпақтары тарихнамасының маңызды туындылары қатарында XV ғасырдың екінші жартысындағы шығармалар ерекше орын алады.

Темір ұрпақтары тарихнамасы тақырыбы жағынан алуан түрлі, әскери, саяси оқиғаларда да, мысалы, XIV- XVI ғасырлардағы Сыр өңірі қалаларында дала хандары салғызған құрылыстар және әмір темірдің жарлығымен Ахмет Йассаи үстінен тұрғызған таңғажайып кесенені де көрсететін шығармалардағы Қазақстан жөніндегі материалдардың шоғыры осындай.

XVI ғасырдағы белгілі тарихшы және әдебиетші Мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашиди» деген шығармасы XIV- XVI ғасырлардың басында Қазақстан аумағы мен көрші аумақтарда өмір сүрген ірі мемлекеттердің бірі моғолстан тарихына арнайы арналған. Бұл еңбек-Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған.

Шонжарлардың жоғары топтарына жататын Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хұсайын Дұғлат (1499-1551жж.) Моғолстанның аса ірі тайпаларының бірінен шыққан. Мырза Мұхаммед Хайдардың ата- бабалары-дұғлат тайпасының әмірлері мен бектері –Моғолстан мемлекетіне кірген Оңтүстік Шығыс Қазақстанның саяси тарихында зор рөл атқарған; олар аса маңызды мемлекеттік қызметтер атқарып, ұлыбектер болған.

Мырза Мұхаммед Хайдар Хижра бойынша 905 жылы (1499-1500жж.) сол кезде моғол хандарының билігінде болған Ташкентте туған.оның анасы Моғолстан ханы Сұлтан Жүністің кіші қызы болған,ал Сұлтан Жүніс белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы және акын Захир ад-дин Бабыр мен Моғолстан ханы Сұлтан Сайидтың немере туысы еді. Мырза Мұхаммед Хайдар 1512 жылдан 1533-жылға дейін Сұлтан Сайид ханның сарайында болып,билеушінің мұрагері Абд-ар-Рашид сұлтанда тәрбиеленді. 1533 жылы Абд-ар-Рашид хан дұғлаттардың жоғарылауынан қауіптеніп,оларға жазалау шараларын үйіп-төкті. Мұхаммед Хайдар Кашмирге қашып барып, Үндістан, Ұлы Моғолдар билеушілері атынан 1551 жылы шайқастардың бірінде өлтірілгенге дейін билік етті.

Мырза Мұхаммед Хайдар жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғалары мен қайраткерлерінен хабардар болды. Ол түркі тілінде әдеби шығармалар жазғанымен де, мұсылман тарихнамасына тарихи «та рих-и Рашиди» еңбегінің авотры ретінде енді.Шығарма 1542-1546 жылдары кашмирде отра азиялық парсы тілінде жазылған. Екі бөлімнен-дафтарлардан тұрады.

I дафтар моғолдың Шағатай ұрпақтарынан шыққан хандарының тарихынан тұрады,онда әмір Болатшы дуглат 1533

жылы Қашғарияға (Моғолияда) оның билік ете бастағанына дейін Моғолстанда болған оқиғаларды баяндаған.

II дафтар автор 1541 жылға дейін жеткізген мемкарлар болып табылады. Бұл бөлімде өз өмірбаяны және сол дәуірдің көптеген тарихи адамдары туралы өмірбаяндық материалдармен қоса, бірінші бөлімде баяндалғандарына қосымша Сұлтан Сайид Ханның моғолстандағы бұрынға аумақтарында- Жетісу мен Тянь-Шань өңірінде Шағатай ұрпақтарының билігін қалпына келтіру әрекеттері туралы мәліметтер бар.

II дафтарда XV-XVI ғасырлар шебінде Орта Азияда, Шығыс Түркістанда, Ауғанстанда, Үндістанда болған көптеген тарихи оқиғалар баяндалған.

Мұхаммед Хайдар өз еңбегімен моғолдар, атап айтқанда, өз бабалары – дуғлат әмірлері арасында белгілі ауызша аңыздарға, ұлысбек-дуғлаттардың қолы жететін ресми мемлекеттік құжаттарға негізделген. «Тарих и Рашиди» деректемшелерінің арасында «сенім білдіруге лайықты адамдардың» әңгімелері-замандастары мен оқиғаларға қатысушылардың айғақтары маңызды орын алады. Мұхаммед хайдар өзінің ізашарлары – Жамал ад-дин Қаршидің, Жувейнидің, Рашид ад-Диннің, Хамдаллах Казвинидің, Абд ар-Раззак Самаркандидің, Шараф ад-дин Әли Йаздидің және басқа көптеген адамдардың тарихи еңбектерін көптеп пайдаланған.

«Тарих-и Рашиди» - XIV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырдың басындағы Моғолстанның және XVI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы Қашғарияның Шағатай ұрпағынан шыққан хандардың тариха жөніндегі ғана емес, сонымен қатар дуғлаттардың шыққан атақты адамдардың Шығыс Түркістан бөлігіндегі (Маңлай Сүбе) билік ету тарихы жөніндегі де негізгі түпнұсқа деректеме. Бұл шығармада соңғы орта ғасырларда Жетісуды, Шығыс Дешті Қыпшақты, Тянь-Шань аймағын, Шығыс Түркістанды мекендеген моғолдардың, басқа да тайпалардың мен халықтардың, атап айтқанда, қырғыздардың, ұйғырлардың, өзбектердің, ойраттардың және басқалардың тарихы жөнінде бірегей материалдар бар. Онда алғаш рет тарихнамада казак хандары Жәнібек пен Керейдің көшіп кетуі туралы хабарланды (көшіп кету – жана казак хандығының өзінше бір өзін-өзі билеуінің, ерік білдіруінің нысаны), олардың этникалық сана-

сезімін қабылдау себептері туралы пікірлер айтылып, қазақ хандарының, шайбани ұрпақтарымен, моғол хандарымен, қырғыздардың, ноғайлардың, қалмақтардың (ойраттардың) әміршілерімен өзара қатынастыры айтылады.

Мұхаммед Хайдардың шығармасын көптеген шығыс авторлары мен соңғы орта ғасырлардағы Орталық, Орта Азия тарихын қазіргі зерттеушілер түпнұсқа ретінде пайдаланды.

«Тарих-и Рашиди» қолжазбасы парсы тіліндегі көптеген тізімдерде, түрік тіліндегі аудармаларда сақталған. Ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармалары жарияланған.

Шах-Махмұд Шорастың «Тарих» («Хроника») деген шығармасы қазақ хандары Бұйдаш, Хакнезар, Тәуекел, Есім және оның қлы Жәңгір кезіндегі XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының тарихы жөніндегі түпнұсқа болып табылады. Мұхаммед Хайдар Дұғлаттың «Тарих-и Рашидиі» сияқты, Шах – Махмұд Шорастың «Хроникасы» да Шығыс Түркістанның (Моғолстанның және 1514 жылы Моғолияның) Шағатай ұрпақтарына арналған деректемелер тобына жатады.

XVI-ғасырдың басындағы Орта Азиялық тарихнамада Камал ад-дин Бинай мен Молла Шадидин тәжік-парсы тіліндегі шығармалары маңызды орн алады. Камал ад-дин Бинаидың қазақтар мен Қазақстан туралы мәліметтері көп көп кездеседі. Бинаи Әбілхайыр ханнан кейінгі Шығыс Дешті Қыпшақтағы жағдай туралы, оның ұлы Шайх Хайдар ханның билікті қолдан шығарып алғаны туралы оған Жошы ұрпақтарының, соның ішінде қазақ хандары Жәнібек пен Керей, сондай-ақ Манғыр мырзаларының қарсы шыққаны туралы, Сыр өңірі қалалары аймағында ықпал жасау жолындағы күрес туралы сөз етеді. Түркістанның Отырар, Сығанақ, Сауран қалалары турады материалдары, сондай-ақ Дешті Қыпшақтың құсшы, қонырат, қият, найман тайпалары және өзбек қазақ башқұрт және басқа да түркі тілдес халықтарының ұрамына кірген өзге тайпалары туралы мәліметтері құнды.

Қазақстан мен Орта Азия тарихнамасында Ибн Рузбихан «Бухара мейманының кітабы» авторы ретінде мәлім шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508-1509 жылдың қысында қазақтарға қарсы жорығына әзірлік пен жорықтың өзіне арналған. XV-XVI ғасырлар шебінде қазақтар мен көшпелі

өзбектердің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінің көптеген жақтарын сипаттайды. Ибн Рувбиханның казактардың тұрмысы, шаруашылығы, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының этникалық құрамы, Қазақстан мен Орта Азия халқының сауда-экономикалық байланыстары, Қазақ хандағының билеушілері мен шайбанилердің өзара саяси қатынастары туралы мәліметтер де бар.

Дешті Қыпшақ пен Түркістан жөніндегі тарихи-географиялық материалдар қызығушылық тугызады. Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңіріндегі қалалары туралы мәліметтері ерекше маңызды. Олардың көпшілігіне – Түркістанға, Сауранға, Аркөкке және басқаларына ол өз еңбегінің көптеген беттерін арнаған. Ибн Рувбиханның шығармасын 1962 жылы Манучихр Сутуде Тегереанда басып шығарды.

Шайбанилік тариха әдебиет арасында Масуд Ибн Усман Кухистанидің «Трайх-и Абулхайр-хани» деген жалпыға бірдей тарихы, атап айтқанда, оның 1428-1468 жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақта билік еткен көшпелі өзбектер ханы Әбілхайрдың тарихына арналған түпнұсқа бөлігі маңызды орын алады. Шыңғыс хан мен оның мирасқорларының тарихы, Темір мен оның ұрпақтарының тарихы сияқты жоғарыда аталған XVI – XV ғасырлардағы авторлар қолжазбаларының негізінде баяндалған. Шығарма 1543-1544 жылдарда, Шайбани ұрпағы, Самарқандта 1540-1551 жылдарда билік еткен Абд ал-Латиф ханның (Әбілхайыр хан немересінің) тапсыруымен тәжік (ортаазиялық парсы) тілінде жазылған. Бұл ханға еткенге дейін Масуд Ибн Кухустани Әбілхайырдың ұлы Сүйініш-Қожа ханның хатшысы болып, Дешті Қыпшақ пен Түркістандағы XV ғасырдағы оқиғалар туралы ақпаратты Сүйініш-Қожа ханнан және Әбілхайыр ханнан басқа да серіктерінің ұрпақтарынан алып отырған.

Масуд Кухустанидің Әбілхайыр ханның заманы туралы мәліметтері ауқымды әрі алуан түрлі: онда оның билік ете бастаған кезі, оның Қазақстанның далалық аймақтарындағы Жошыдан тараған сансыз көп қарсыластары мен соғыстары, Хорезм мен Сыр өңірі қалаларын жаулап алуы, Мауараннахрдағы Темір ұрпақтарымен өзара қатынастары туралы айтылады.

XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін Хафиз Таныш ибн мир Мұхаммед Бұхаридің сол кездегі ортаазиялық тарихнамада кеңінен мәлім «Шарафнаме-йи-шахи» («Шахтар данқы кітабы») деген еңбегінің маңызы зор. Автор Шайбани II Абдаллах ханға қызмет етіп, оның қызметінің әскери жорықтарын, Орта Азия мен көршілес өлкелерде болған оқиғаларды егжей-тегжей жазып отырған. Абдаллах өзінің шайбанилік мемлекетті біріктіру жолындағы күресінде көршілес билеушілердің, атап айтқанда, казак ханы Шыдай мен оның ұлы Тәуеклдің әскери күштерін пайдаланған. Қазақтардың Сыр өңірі қалалары үшін күресі туралы мәліметтер бар. Абдаллах ханның Сарысуға Дейінгі казак жеріне жасаған жорығын суреттеуден қалалардың, сондай-ақ далалық аумақтың, экономикалық жағдайы туралы деректер алуға болады.

XVI ғасырдың түрік авторы Сейфи Челебидің «Китаб-и падишах-и вилайет-и Хинд ва Хитай ва Хотан ва Кашмир» деген шығармасында жинақталған материалдар қазақтардың шаруашылығын, әлеуметтік құрылымын, этносаяси мәселелерді зерттеуге жәрдемдеседі.

Махмұд Ибн Әмір Уәлидің «Бахар әл-асрар фи маанакиб әл-ахйар» («Өнегелі адамдардың ерліктері жайлы ғаламатқұпиялар») деген энциклопедиялық еңбегінде соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөнінде алуан түрлі және өте құнды материалдар бар. Автор XVII ғасырдың I-жартысында өмір сүрген, 7 томдық «Бахр аль-асрар» шығармасын жазған. VI- томда Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының тарихы баяндалады. Томның екінші бөлімінде Мауараннахрдағы, Моғолстан мен Шығыс Түркістандағы Шағатай ұрпақтарының тарихы айтылған. Соңғы бөлімнің көптеген материалдарының Қазақстан тарихына, қатысты мәліметтер бар. Қазақ сұлтандары Есім мен Тұрсынның егестері туралы, Есімнің ойраттарға қарсы жорығы, Имамкули ханның Ташкент пен Түркістанды Есімге беруі туралы материалдар мен басқа да деректер келтірілген. Бұл деректемені ғылыми айналымға бірінші рет В.В. Бартольд енгізген.

Орта Азия мен Шығыс Түркістанда жазылған түрік тілді әдебиет ескерткіштері соңғы орта ғасырлар дәуіріндегі Қазақстан тарихы жөніндегі деректемелер арасында маңызды орын алады. Оларда орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының қазақ халқы

құрылуымен, Қазақ хандығының пайда болуымен және дамуымен, сондай-ақ XV-XVIII ғасырдың басындағы қазақ қоғамы өмірінің көрінісін жаңғыртып көрсетумен байланысты кезеңнің ерекше маңыздылығын баяндайтын едәуір мәліметтер бар.

Тарихшы, ақын, билеуші-Үндістанда Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы Бабырдың (1483-1530) тарихнамада «Бабыр-наме» («Бабыр жазбалары») деген атпен белгілі болған еңбегі орта ғасырлардың тамаша тарихи-әдеби ескерткіштерінің бір болып саналады. Жас кезінде Бабыр Ферғананың мұрагер билеушісі болған. Уақыт өте келе Орта Азияда Темір ұрпақтарының орталықтандырылған мемлекетін құру жолындағы өзара қырқысқан күресіне белсене қатысады. Алайда Дешті Қыпшақтан келген Мұхаммед Шайбани Темір ұрпақтары әулетінің түбіне жетті. Бұл жағдай Бабырды 1504 жылы Ауғанстанға кетуге мәжбүр етіп, сол жерден ол Орта Азия мен Үндістанға жорықтар жасады. 1526 жылы Бабыр Ұлы Моғолдар әулетінің негізін қалап, онда 1530 жылға дейін билік етті.

Бабыр сол дәуірдегі көптеген оқиғалардың куәгері ғана емес, тікелей қатысушысы да болды. «Жазбалар» Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан тарихы жөніндегі өте құнды деректеме болып табылады. Бұл кітапта сол замандағы ғұрыптың мейлінше толық көрінісі берілген.

Қазақстан тарихы үшін Бабырдың Жетісу моғолдары, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілқайыр мемлекеті туралы, қазақтану институты, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың тарихи географиясы, өзбектер сияқты, қазақтардың, қырғыздардың және Орта Азиядағы басқада түрік тілдес халықтардың этникалық тарихы туралы мәліметтері ерекше маңызды.

XVI ғасырда «Шығыс-наме» деген тарихи шығарма туды. Оның авторы-Елбарыс ханның (1512-1525) қызметінде болған ықпалды отбасынан шыққан Хиуа тарихшысы Өтеміс қажы ибн Маулана Мұхаммед Дост. Ал оның ата-бабалары XV ғасырдың 80-жылдарында ұлысы Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Шайбани Жәдігер ханның боданы болған. Өтеміс қажының өзі әуелгі кезде Елбарыс хан жанында, сірә, сарай хатшысы болып қызмет еткен болса керек.

«Шығыс-наме» мәліметтерінің орта ғасырлардағы Қазақстан халқының саяси, этникалық-саяси, шаруашылық, әлеуметтік-

мәдени өмірінің проблемаларын шешу үшін зор манызы бар. Өтеміс қажының туындысы Шыңғысхан мен оның ұрпақтары билік еткен уақытты қамтиды және онда Алтын Орданың хандары туралы мәліметтер бар. Еңбек XIV ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін зор мәліметтер береді.

Шайбани ханның ресми тарихының авторы ақын әрі ғалым Мұхаммед Салих болып табылады. Оның «Шайбани-наме» («Шайбани туралы кітап») ретінде белгілі шығармасында Шайбани ханның туғанынан бастап, оның көшпелі өзбектермен бірге Мауараннахр мен Хорезмді жаулап алуына (1500-1509жж.) дейін Қазақстан (Шығыс Дешті қыпшақ) мен Мауараннахр аумағында болған саяси оқиғалар, атап айтқанда, Шайбани ханның Кереймен және Жәнібекпен, Бұрындық ханмен Қасыммен өзара қатынастары, Сыр бойының қалалары үшін күресі баяндалады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәліметтер, көшпелі өзбектердің мемлекеттік құрылысы туралы, әскери құрылысы пен олардың әскерінің жай-күйі туралы деректер бар. Қазақ, өзбек халықтарының қалыптасу ерекшеліктері, түрік-монғол тайпаларының құрамы туралы мәліметтер береді.

«Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» («Жеңістер кітабының таңдамалы тарихы») деген тарихи еңбектің авторы қазіргі шығыстанушылардың пікірінше, Шайбани ханның өзі болуы әбден ықтимал. Әулеттік тарихта Шыңғыс-хан мен оның патшалық еткен ұрпақтарының тарихы, Монғолияда, Дешті Қыпшақта, Орта Азияда билік етуші Шайбани ханның тарихы баяндалады. «Таварих-и гузидада» Әбілқайыр хан өлгеннен кейін Шығыс Дешті Қыпшақ далаларында қалыптасқан жағдай туралы да, Керей мен Жәнібектің сол даладағы іс-қимылдары туралы да айтылады. Шайбани ханның Сырдариядағы қалаларды алу жолындағы қазақ және моғол хандарымен күресі баяндалады. Сонымен бірге Жәнібек сұлтанның Орта Азиядағы жорығы туралы, көшпелі өзбектердің әскери құрылысы мен тактикасы туралы, олардың әскери-әкімшілік жүйесі туралы, Шайбани ханның еркін билік ету («казачества») жылдары туралы мәліметтер де құнды.

Қазақтың жалайыр тайпасының өкілі Қадырәли бек (Қадырғали, 1530-1605жж.) бізге дейін жеткен, шартты түрде «Жами ат-таварих» («Жылнамалар жинағы») деген тұңғыш тарихи еңбекті жазды. Бұл шығарма ауызша тарихи аңыздар мен Рашид

ад-Диннің тарихи жинағы (XIV ғ.) негізінде жазылған. Белгілі би Қадырәли бек Ондан сұлтанға, ал одан соң оның ұлы Ораз-Мұхаммадке қызмет еткен. Қалмақтардың қолынан Ондан сұлтан өлгеннен кейін Қадырғали Ораз-Мұхаммедпен бірге Көшім ханның қамқорлығымен Сібір хандығына қоныс аударған. Мұнда ол Сібір хандарына кеңесші болып қызмет еткен. 1588 жылы Сібір воеводасы Д.Чулков Ораз-Мұхаммедті оның барлық туыскандарымен және нөкерлерімен бірге алдап, тұтқынға түсіріп, оларды Қадырғалимен бірге Москваға аманат етіп жіберді. 1592 жылы Феодр Иванович патша Ораз-Мұхаммедке Касимов хандығынан жер бөліп берді. Ал 1600 жылы Борис Годунов оны Касимов қаласының билеуші хана етіп қойды, 1607 жылы Қадырғали өз туындысын сонда жазды, онда Рашид ад-Дин еңбегінің Шыңғыс-хан мен оның мирасқорлары тарихымен байланысты жекеленген бөлімдерінің қысқаша мазмұны келтіріледі. Кітаптаң қазақ хандары тарихын көп жағынан айқындайтын екінші бөлігінің дербес және өте құнды маңызы бар. XV – XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы туралы деректер едәуір ынта-ықылас туғызады, олар қазақ қоғамында ауызша тарихнамалақ дәстүр, саяси тарих мәселелеріне арналған сенімді жергілікті деректемелерге негізделген.

Екі тарихи шығарма: «Шаджара-йи түрк» («Түріктердің генеалогиясы») пен «Шаджара-йи таракима» («Түркімен шежіресі») белгілі хан Әбілғазының (1603-1664 жж.) қаламынан шыққан. Әбілғазы Үргеніште туған. Өзара қырқысқан күрестің салдарынан Бұхараға қашып барған. Содан соң Хорезмге қайтып оралып, Үргенішті үлеске алған. 1627 жылы өзбектер (Әбілғазы бастаған) мен түрікмендер (оның бауыры Исфендияр бастаған) арасындағы саяси бақталастық салдарынан Хорезмнен кетуге мәжбүр болып, қазақтарға қашып барды, онда оны Түркістанда Есім хан қабылдады. Содан соң екі жыл бойы Ташкент ханы Тұрсынның жанында болады. 1643 жылы Арал өзбектері Әбілғазыны өздерінің ханы деп жариялады.

«Түріктердің генеалогиясында» Орталық Азия аймағының көптеген өңірлерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы, этнографиясы мен тарихи географиясы туралы едәуір ақпарат бар. Көшпелі өзбектер мем-лекетінің тарихы, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Маңғыт (Ноғай) Ордасындағы Шайбанилер әулеті

туралы мәліметтер назар аударуға лайық. Моғол ұлыстарының тарихы жөнінде, Көшім хандығы, тоғыз зағтан тұратын сай тарту ғұрпы және оның мәні т.т. туралы құнды анықтамалық материал бар. Басқа бір шығарма – «Түрікмен шежіресі» маңызды тарихи деректеме ғана емес, сонымен қатар көпшілігі орта ғасырлар дәуіріндегі түрік дүниесіне тін көптеген халық әңгімелері, аңыздары, этнонимдердің халықтық этимологиясы, әдет-ғұрыптар, мақалдар мен мәтелдер шеберлікпен баяндалатын елеулі әдеби ескерткіш болып табылады.

Мұхаммед-Салық Қашғари жазған «Газкира-йи ходжаган» («Қожанын ғұмырнамасы») деген шығармада Есім ханның Шығыс Түркістандағы іс-қимылдары туралы мәліметтер бар. Бұл еңбек қазақтардың Жоңғария қалмақтарымен қарым-қатынастары, қазақ-моғол арасындағы саяси байланыс туралы мәліметтер бар. Атап айтқанда, Хакназар ханның Абд әл-Латиф сұлтанды өлтіруі және Моғолыстан ханы Абд ар-Рашид ханның қарсы жорығы туралы мағлұмат келтіріледі.

Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының проблемаларын таллап шешу үшін халық шығармашылығының ескерткіштері (шежірелер) едәуір ынта ықылыс туғызады. Қазақ халқының үш жүзінің аңыздары халық құрамына енген әр түрлі рулар тарихы, орналасуы және мәдениеті жөнінде бағалы мәліметтер бар.

Қазақтардың шежіресін ғылыми айналымға енгізудегі негізгі қиындық оларды өңдеу мен түсіндіру әдістемесін әзірлеуде жатыр. Сол дәуірде жалпы түрік ортасында болған шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және мәдени-тұрмыстық шындықтарды көрсететін көптеген қыпшақ терминдері мен лексикалық айналымдар арабша түсіндірілетін немесе тура аударылып келтірілетін лингвистикалық еңбектер басқа бір түп-нұсқа деректемелер болып табылады. Бұл топтағы туындылардан 1245 жылы Египетте құрастырылған «Китаб маджму тарджуман тюрки ва аджами ва му-гули ва фарси» («Түрік, араб емес, монғол және парсы түсіндірме сөздері жинағының кітабы») сөздігін атап өткен жөн. Оның негізіне қыпшақ тілі алынған. Бұл аноним сөздікте «үйсіз», «кезбе», «қуылған» деген мағынада, яғни этникалық емес, әлеуметтік сипаттағы «қазақ» термині тұңғыш рет айтылады. Адам мекендейтін бүкіл дерлік мұсылман дүниесін шарлап шыққан

ат-ақты саяхатшы Ибн Баттутаның (1304-1377) жол жазбалары-Дешті Қыпшақ тарихы жөніндегі маңызды деректемелердің бірі. Ибн Баттутаның саяхаты суреттелген «Тухфат ан-нуззар фи ғараиб әл-амсар ва аджаиб әл-афсар» («Қалалардың ғажайыптары мен саяхат кереметтерін аңғаратындарға сый-лық») Ибн Баттутаның Қырым арқылы Солтүстік Кавказ далаларына, Еділ Бұлғариясы мен Алтын Орда және сол жерден Хиуаға, Бұхара мен Ауғанстанға сапарының «Тухфатта» келтірілген деректерінің маңызы зор.. Алтын Ордадағы күнделікті тұрмыстың көріністері , әлеуметтік құрылыс, шауашылық, сауда жолдары, даладағы қоныстар мен қалалар және түрік халқтарының тарихына қатысты және басқа да көптеген мәліметтер тарихи еркінше құнды.

Соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде XIV – XVII ғасырлардағы орыс құжаттары мен мұрағат материалдарының зор маңызы бар. Орыс жерлері Алтын Ордаға бағынған кезең жылнамаларында орыс князьдарының Орданың билік орындарымен қарым – қатынастарының көптеген жақтары көрсетілген. Оларда Орданың ішкі, қоғамдық-саяси жағдайы туралы, атап айтқанда, XIV ғасырдың 60-70 жылдарындағы Орда шонжарларының түрлі топтарының өзара қырқысқан күресі туралы айтылады («И бысть в Орде замятня велика»). Мамай, Токтамыс, Едіге, әмір Темір заманына қатысты және бұл билеушілердің ыдырап бара жатқан Алтын Орданың тағдырына ықпал етуге және сол арқылы Москва Русіне, Литваға, Польшаға олардың мемлекеттік орталықтану жолындағы күресіне кедергі жасауға тырысқан әрекеттерін сипаттайтын материал алуан түрлі. Жылнамаға шаруашылық, халық туралы мәліметтер енгізілген, мысалы, кангиттер(хвалисстер) жерінің Батый иеліктерінен әрі орналасқаны көрсетілген. Жошы ұлысының батыс бөлігі үшін неғұрлым дәл, шығыс бөлігі үшін жанама географиялық деректер хабарланған. Мысалы, Үлкен немесе Алтын Орданың астанасы Сарай қаласы болғаны, сонымен бірге Жайықтың арғы жағындағы барлық жер – орталығы Самарқандта болған «Көк Орда» деп аталғаны атап өтілген. Көк Орда деп «Аксак Темір басып алған» «жерлер мен патшалықтар» арасында аталған, бірақ олардың ішінде Қытай да аталған, шынына келгенде бұл олай емес болатын.

Қазақстанның солтүстік бөлігінің тарихы жөніндегі маңызды деректемелер Сібір жылнамалары: Строганов жылнамасы (XVII

ғасырдың орта шені шамасында), С.Есиповтың «Сібір жылнамасы» (1687ж) және «Ремезов жылнамасы» (XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басы) болып табылады. Оларда бұл аумақтағы және Сібірдегі тайпалардың, соның ішінде керейттердің (керейлердің) орналасуы туралы, бұл жерлерде, Сібір жұртында керейден шыққан Тайбұғы әулетінің, содан соң Сібір хандығындағы Шайбани әулетінің билік етуі туралы мәліметтер бар. Ресейдің орталық (ЦГАДА, АВПР), сондай-ақ жергілікті мұрағаттарында сақтаулы материалдар мен құжаттарда Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Жоңғария, Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы хандықтар жөніндегі Ресей саясаты ғана көрсетіліп қоймайды, сонымен қатар бұл мемлекеттердің ішкі өмірі, олардың қарым-қатынастары туралы да мол ақпарат берілген. Жарияланған және жарияланбаған бұл материалдар арасында хандар мен патшалардың грамоталары мен жолдаулары, дипломатиялық миссиялар басшыларының есентері, жазбалар, күнделіктер, «ертегілер», «сұралып алынған сөздер», колтаңбалар және т.б. бар.

Орыс князьдары мен патшаларының Ноғай билеушісі Ибак пен мырзалары Москваға елшілік жіберген 1489 жылдан бастап, XVII ғасырдың ортасына дейін ноғай билерімен және мырзаларымен, сондай-ақ Жоңғария билеушілерімен дипломатиялық хат алмасулар сақталған. Ноғай Ордасына 1534-35 жылдардағы Данила 1569 жылғы Семен Мальцевтің, 1577 жылғы Борис Доможировтың елшіліктері қалдырған мәліметтер бар. Қазақ хандығы тұсындағы елшіліктер мәліметтері 1594 жылы Москваға достық қатынастар жасасу және Бұхара ханына қарсы күресте көмек алу мақсатымен Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммед жіберілді. 1595 жылы Тәуекел ханның Сырдариядағы ордасына Вельямин Степанов жауап грамота алып келді. XVII ғасырда қазақ даласы арқылы Бұхара мен Хиуадан Ресейге қырықтан астам және Орта Азияға 9 орыс елшілігі жүріп өтті. Сібір приказының материалдарында XVII ғасырдың аяғындағы, Тәуке хан тұсындағы қазақ-орыс келіссөздері туралы мәліметтер бар. «Тобольскіден Түркістанға дейінгі Қазақ Ордасы қалашықтарының тізімі...» және «Сұрап алынған сөздер» тапсырған 1696-97 жылдардағы Федор Скибин экспедициясының мәліметтерінде қазақ хандығына қатысты маңызды мәліметтер бар.

Елшіліктердің есептері, сауда миссияларының, экспедициялардың материалдары өлкедегі саяси оқиғаларды, экономикалық шындықтары көрсетіп, этнографиялық материал, Қазақстан аумағында ноғайлардың (Ноғай Ордасының шекарасы Тюменге дейін жеткен), башқұрттардың, каракалпақтардың орналасуы туралы мәліметтер берген. XVII ғасырдың аяғына қарай казак жүздері солтүскенде Тобыл мен Ертістен, оңтүстігінде Сырдария мен Ташкентке дейінгі, шығысында Еділ өзенінен, батысында Жайыққа дейінгі кең-байтақ аумақты алып жатты, олардың билеушілері саны отыздан асатын жоғарыда аталған қалашықтары иеленді.Қазак жері туралы алғашқы картографиялық материал бар. Мұның бәрі XVII-XVIII ғасырлар шебінде жинақталған бай картографиялық материалда көрсетілген.

Елшілік, сауда мен экспедициялардың сызбалары мен жазбалары XVI ғасырдың аяғында жасалған орыстың тұңғыш ресми жиынтық картасы «Үлкен Чертеждің» негізіне алынды. Онда казак жерлері туралы мәліметтер молынан кездеседі. Чертежді жасаудың алдында XVI ғасырда Ресейде зор көлемде картографиялық жұмыстар жүргізген.

Егер ертедегі шетелдік карталарда – Петр Виконтидің картасынан (1320 ж.), Каталон картасында(1375 ж.), Фра Мауронның картасында (1459ж) – Қазақстан жері мүлде дерлік айтылмай, Төменгі Еділ бойы мен Каспий теңізінің солтүстік – шығыс жағалауын бойлай жатқан жерлер көрсетілсе, С. Герберштейн (1546ж) мен А. Видтің (1555ж) орыстың картографиялық материалы пайдаланылған карталарында Жайыққа дейінгі аумақ көрсетілген. 1558 жылы ағылшынның «Москва компаниясының» тапсыруымен сауда мақсатын көздеп Орта Азияға аттанған А. Дженкинсон саяхатынан кейінгі картада казактар мен ноғайлар туралы мәліметтер бар. Картада ол казактарды Сыр өзенінде көрсеткен де, ноғайларды Жайыққа орналастырған. XVII ғасырдың аяғында Қазақстан мен Орта Азия туралы барлық картографиялық материалдарды орыстың көриекті ғалымы С. Ремезов қорытты. Оған болуы мүмкін барлық географиялық объектілерді – тауларды, өзендерді, шатқалдарды, өткелдерді, құдықтарды, сондай-ак елді мекендерді олардың арасындағы қашықтықты көрсете отырып, « Тобылдан Казак Ордасына дейінгі, Үлкен Бұхарияға дейінгі, Хиуаға дейінгі,

Жайыққа дейінгі, Астраханға дейінгі даланы жазу» тапсырылған болатын.

С. Ремезов жұмысының қорытындысы Қазақстан аумағы жөнінде тарихи-географиялық мәліметтер бар «Сібірдің Чертеж кітабы» болды. Бұл картада Арал тұнғыш рет өз атымен аталып, жеке бассейн ретінде көрсетілген.

Қазақстан және Орталық Азияның шектес аумақтары халықтарының тарихын зерттеудегі орыстың деректі материалының маңызы XVII ғасырда барған сайын арта түседі. Сол ғасырдың аяғына қарай бұл халықтардың өздері де орыстарға бұрынғысынан гөрі неғұрлым белгілі бола түсті.

XVI-XVII ғасырларда дипломаттардың, саудагерлердің, миссионерлердің (Гонзалес де Клавихо, Сигизмунд Герберштейн, Иосиф Барбаро, Амброждо Контарини, Антоний Джениксон, Адам Олеарий) және арасында соғыс тұтқындары (Ганс Шильтбергер) да болған басқа да адамдардың Азия елдері мен Московияға саяхаттары мен сапарлары қазіргі Қазақстан аумағындағы этникалық – саяси бірлестіктер, Темір билік еткен кезеңдегі әскери-саяси оқиғалар мен оның Токмыспен және Едігемен қарым-қатынастары, ноғайлар мен қазақтардың одақтастық қатынастары туралы тарихи-этнографиялық мәліметтер бар жаңа нарративтік деректердің жасалуына негіз болды.

Дипломат С. Герберштейннің мағлұматтары да «әр түрлі татар ордаларына» қатысты, ол солардың арасында қазақтарды да көрсетеді. Ал 1562 жылы А. Дженкинсон жасаған «Ресей, Московия, Татария» картасында Еділ мен Жайық арасы – ноғайлар мекендейтін жер олардан шығысындағы «Қазақия» жері деп көрсетілген.

Ағылшын көпесі А. Дженкинсон саяхатының күнделігі – Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінің оқиғалары, соның ішінде Хакназар ханның Сыр өңірі қалалары үшін соғыстары көрсетілген ең алғашқы еуропалық еңбек.

Орта Азия мен Қазақстан туралы мағлұматтар бар XVII ғасырдағы еуропалық еңбектер арасында голланд географы Н.К.Витсеннің «Солтүстік және шығыс Татария туралы» деген кітабы мейілінше құнды, ол географиялық, этнографиялық және лингвистикалық мәліметтердің орасан үлкен жинағы болып

табылады. Онда сол кезде «Татария» деген жалпы атаумен белгілі болған, Каспидің, Еділдің, Каманың жағалауларынан шығысында Тынық мұхит жағалауына дейінгі барлық аумақта қамтиды. Қазақтар, қырғыздар және басқа да түрік тілдес халықтар туралы жекелеген мәліметтер еуропалықтардың жарияланбаған күнделіктерінен, сондай-ақ араб деректерінде «барлық рулардағы татарлардан» сұрастыру жолымен алынған.

XVII ғасырдағы нарративтік әдебиетті голландықтар Ян Стрейстің, Корнелий де Бруиннің, швед дәрігері әрі дипломат Энгельберт Кемпфердің, француздар Жан Батиста Таверньенің, А. Мотренің, ағылшындар Самюэль Коллинздің, Джон Перридің және басқаларының Қытайға, Үндістан мен Иранға сапарлары нәтижесінде жазылған еңбектерінде жазылған. Оларда Қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы мәліметтерінен ақпараттық денгейі бірдей емес. Бұл жағынан шведтің соғыс тұтқыны Филипп Иоганн Страленбергтің «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс бөліктерінің тарихи-географиялық сипаттамасы» деген кітабында өзбектерден, түрікмендерден, қырғыздардан сондай-ақ қарақалпақтар мен Қазақ Ордасынан тұратын Сібір мен «Ұлы Татария» туралы XVIII ғ. басына дейін белгілі материалдарды жүйеге келтіруге тырысқан. Ол Тобольскіде алғаш рет «бұхарлықтардан» Әбілғазының «Түріктер шежіресі» қолжазбасын қолына түсіріп, оны «татар» тілінен орыс тіліне және орыс тілінен неміс тіліне аударған сөйтіп жергілікті деректемелерді ғылыми айналымға енгізудің негізін қалады.

XVIII-XX ғасырдың бас кезі кезеңіндегі қазақтардың тарихы жөнінде Қазақстанның және онымен көрші мемлекеттердің ауқымында болған тарихи оқиғалар мен фактілерді көрсететін ақпарат бар.

Шежірелерді ғылыми еңбектерде тарихи дерек ретінде зерттеудің басталуымен шежірелердің тарихтағы құндылығы өте зор екендігі байқалды. Қазақтардың жаңа тарихының кезеңі Ресей мен Батыс Еуропа, Шығыс Қытай және мұсылман деректемелерімен қатар дәстүрлі қазақ деректемелері - шежіренің өзінде баяндалған. Сондықтанда Қазақ шежірелерінің материалдары құнды тарихи мәліметтер болып табылады. Алайда қазақ шежірелеріне ұзақ уақыт бойы тиісінше ғылыми-зерттеушілік көңіл бөлінбей, тарих ғылымының деректемелік ізденістері

шенберінен тыс қалып келеді, өйткені бет алып тұрған тотаритарлық жүйе мен идеологиялық цензура ұлттық тарихи деректемелерді пайдалануға тыйым салды. Кеңестік тарихнама мен деректеметанудың казактардың тарихи деректемелері ұмыт қалдырылған кездегі кемшілігі де осыдан шығады. Тарихшылар үшін бұл деректемелердің бұл түрін ғылыми айналымға енгізуді бастаған казак ғалымдары тоталитарлық саясат тұсында қуғын – сүргінге ұшырады. (мысалы, Е.Бекмахановты, Ә.Марғұланды т.б.) Олар кейінгі тарихшыларды шежірелерді казак тарихын зерделеуде тарихи деректемелер ретінде ғылыми талдау мен зерттеудің казак тарихы үшін маңыздылығына тоқталып, кеңестік тоталитарлық дәуірде осы ұлы істі тағыда көтерді.

XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басы казак жазба шежіресі дәстүрінің қалыптасу уақыты болды. Қазактардың ауызекі шежіресінің жазбаша-библиографиялық нысанға көшуі Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев, Құрбанғали Халид, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлихан Бөкейханов сияқты ғалымдардың табанды шығармашылық еңбегінің арқасында жүзеге асты.

Бұл адамдардың ұзақ уақыт бойы атадан- балаға беріліп келген ауызша деректі жазбаша түрде көрсетудің бастамасын жасады. Аталған ғалымдардың ғылыми еңбектерінің құндылығын Қазак шежіресінің ғылыми маңызы зор екендігімен түсіндірудің өзі жеткілікті. Мұхамеджан Тынышбаев былай деп жазады: «... казак халқының әрбір жекелген руының генеалогиясын алдын ала зерттелмейінше, сондай-ақ оның кімдермен және қандай уақытқа тоқайласқанын анықтамайынша, казак халқының тарихи тағдырының жалпы көрінісін көзге елестету мүмкін емес». Тарихшы Құрбанғали Халидте казак халқы тарихын зерттеудің маңызы жөнінде былай делінген: «... Орта Азия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң, казак ахуалы мен хандары туралы жазуға кірістім. Бұл халықтың тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекелеген жазба тарихтары мен естеліктері болмағандықтан, әркім әртүрлі пікір айтып, біреулер жаман ниет-арам оймен, енді біреулері тек мұқатуды мақсат еткен. Кезіндегі бағзылар тарихты анығырақ түсініктеме беруге білімдері жете тұра, оған мән бермеген. Нәтижесінде мағынасы анық ел тарихы баяндалмады. Осындай себептермен, мен бар күш- қайратымды

жұмсап, жиырма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты ақпарлар мен жазба деректерді жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын калқып алып осы кітапты жаздым». Шәкәрім Құдайбердиевте былай деп жазады: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғумуми», «Тарих антшар алаسلام», Нәжиб Ғасымбектің «Түрік тарихы», Әбілғазы Баһадур ханның жазған «Шежіре түрік» және әртүрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным: Ралловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Қошочидам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юань-Шаумин деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-еуропа жазушыларының сөзі және қазақтың жаңылыс айтқан өтірік аталары- бәрі сол кітапта бар. Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жазамын. Ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды ауыз сөз болмаса, мұнан бұрын біздің қазақ тілімен шежіре жазылған жоқ».

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің тарихнамалық мұрасы жазбаша қазақ шежіресіндегі дәстүрлі бағыт болып табылады, онда батыс не шығыс авторларына сілтеме жасалмайды және ауызша тарихи мәліметтер бірден- бір деректеме етілген. Ол былай деп жазады: «Біздің қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. Оқу мен жазудың жоқтығының жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлак жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жар болған қариялар кейінгіге ауыздан ауызға алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған».

Бірақ көп кешікпей бұл ұлттың тарихнамалық дәстүрлер ұмыт қалдырылды. Қазақ ғылымының жарты ғасырдан астам тарихы бойында ғалымдардың бұл авторларды жариялауға және оларға сілтеме жасауға батылы бармады. Шәкәрім Құдайбердиевті өкімет орындары өлтірді, Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев қуғынға ұшыратылды. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесі қиратылды, бұл-

кенестік партия органдары вандализмінін ресми фактісі, ал тарихтағы ұлттық дәстүрді жақтаушы Ермұхан Бекмаханов сотталды. Ұлттық тарихи деректемелер мен оларды ғылыми зерттеу проблемаларына жақын болған С.Асфендияров, К.Кемеңгеровтер қуғынға салынды.

80-жылдардың аяғы – 90-жылдардың басында ғана қазақ авторларының тарих жөніндегі еңбектерін өмірге оралтып, қазақ шежірелерін жариялайтын мезгілі туды. Сөйтіп қазақ деректемелерін жаңа тарихи тұжырымдар тұрғысынан қарастыратын кез келді.

Көшпелі қоғамда тарихтың мағынасы мен мақсатын түсіну басқа өркениеттер мен халықтардағы мұндай ұғымнан ерекше. Мысалы, христиан және мұсылман дүниесінің тарихнамасында тарихи ақпарат жинақтау жүйесіндегі негізгі принцип тарихи уақыт санаты болса, көшпелілерде ол тарихи тұлға санатымен ауыстырылған. Шежіреде тарихты және тарихи оқиғаларды дараландыру өзекті мағына болып табылады. Тарихи уақыт санаты тарихи кеңістік санатынан кейінгі үшінші орынға қойылады, ал бірінші қатарға қайраткер тарихи тұлға шығарылған.

Мәселен, қазақ тарихшылары XVIII және XIX ғасырлардағы тарихи бойынша тарихи циклдарды Әз Тәуке, Абылай, Бұқар жырау, Қазыбек би, Төле би, Әбілмәмбет хан, Әбілқайыр хан, Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Қабанбай батыр, Кенесары хан, Наурызбай сұлтан, Едіге Шоң, Торайғыр, Жарылғап би, жонғар қонтайшылары Галдан-Церен, Шона батыр және басқалар сияқты әйгілі жеке тұлғалар арқылы көрсетеді.

XVIII-XIX ғасырлар бас кезеңіндегі қазақтар тарихын қарастырғанда дәстүрлі далалық деректемелердің мәліметтері де пайдаланылды. Деректеметану тарихы мен тарихнамада қазақ шежірелерін іс жүзінде пайдалану ғалымдар П.И.Рычков, А.И.Левшин, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Н.Харузин, А.Н.Аристовтар мен басқалардың есімдерімен бастау алады. XVIII және XIX ғасырлар тарихының қазақ шежірелерінде баса көңіл бөлінген оқиғаларды хронологиялық ретімен үстіртін қарап шығуымыздың өзі ғана өткеннің көптеген егжей – тегжейіне тереңдей үңілуге, оқиғалардың кейбір анық-қанығын нақтылауға және батыс немесе шығыс деректемелерінде

баяндалып та қойған дәуір рухын, мүмкін, біршама өзгеше түсінікте ұғынуға мүмкіндік береді.

XVIII ғасырдың басынан Қазақ хандығы Тәуке ханның билеуімен (1680-1715) мәлім. Тәуке өз заманының едәуір күшті әміршісі болды, оның билігі аумақтық жағынан қазақтың барлық үш жүзіне тарады. А.И.Левшин қазақ материалдарына сүйене отырып, ұлы Тәуке ханға мынадай мінездеме берген: «Оның атымен өздерінің қызба отандастарының тобырынан рухы біршама жоғары тұрған кез келген Қырғыз-Қазақтың жүрегі ізгілік пен имандылыққа толады. Ол Қазақ Ордаларының Ликургі, Айдаһары».

Қазақ халық аңыздарында оның татулық орнатушылық қызметі дәріптеледі. Ол көптеген жалдарға созылған апатты өзара қырқыс пен қантөгісті тоқтатады; ол ақылдылығымен және әділділігімен барша жұртты өзіне бағынуға көндіреді; ол күшті руларға қарсыласу үшін әлсіз рулардың басын қосады, ал күштілерін жуасытты, сөйтіп барша жұртқа ортақ қылмыстық заң жүйесін енгізді. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде», сондай-ақ басқа да көптеген шежірелерінде оның ел билеген кезі туралы өте көп мәліметтер келтіріледі ол шежірелер былай деп сыр шертеді: «Қасиетті Жәңгірден кейін Тәуке хан болды. Бұл ақылды, табанды және білімді адам еді. Халық арасында ол жөнінде оның халықты жақсы басқарғандығы туралы айтылады. Өз Тәукенің билік етуі туралы «Күлтөбенің басында күнде кенес» деген сөз нақ сол кезден қалған».

Тарихи аңыздар мен батырлар жырының материалдарына қарағанда, қазақтардың негізінен Орта жүз қазақтарының қыста көшіп жүретін жерлері XVIII ғасырдың басында оңтүстікте, Сырдария өзені аңғарында болған.

Тәуке ханның нақты әлеуметтік-экономикалық мәселелр бойынша жасаған іс-әрекеттерінің негізгі тұжырымы өлен нысанында, қазақтардың қабылдауына өте қолайлы етіп бергені көрсетіледі. Тәукенің хандық құрған кезі қазақтар өміріндегі ең бақытты уақыт, олардың әскери күш-құдыреті жоғарғы дәрежеге жетіп, сонымен бірге хандық ішінде татулық пен тыныштық орнаған уақыт деп саналады». «Езігіп келген әлсіз руларды Тәуке

олардың күшті руларға қарсы тұра білуі үшін одақтарға біріктірді. Тәуке хан кезінде билердің ролі күшейді

Халықтың өз қалауымен берген «би» деген абыройлы атақты алу қиынның-қиыны болды. Би болуға күрделі талаптар қойылды. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен ғана танылып қоймай, бірқатар сатылардан тұратын сындардан сүрінбей өтуі міндетті болды. Нағыз би атанған адамдардың кәмілеттік жасқа жету-жетпеуі міндетті болмаған. Оны біз төл тарихымыздағы бірқатар билердің (Майқы, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Тайкелтір т.б.) жас кезінен-ақ мойындалып, әділ билік айтқандығынан көре аламыз. Сонымен билерді ешкім сайламайды, тағайындамайды, оған үміткерлердің өздері дау-дамайларда ерекше көзге түсіп, әділдігімен, танқырлығымен және шешендігімен танылып «би» деген құрметті атаққа ие болады.

Би ретінде танылудың және оны таңдаудың жолы өте демократиялық сипатта болған. Билер сотындағы дауды сырттай бақылап тұрған ойы зерек, алғыр, тілі жүйрік, балиғат жастағы балалар да өз байламын ұсынып, еркін араласа берген. Қазақтың билер тарихына көз жүгіртсек, өзін мойындатқан сақа бидің батасын алған жас Төленің аты шығып, ел арасындағы дау-жанжал, келіссөзге араласып, билік айта бастапты. Бұдан біз билер сотының тарихында ерекше орын алып, үлгі ретінде ұсынылатын Едіге би, Мөңке би, Ақтайлақ би, Тайкелтір би мен Болтірік және Абай сияқты жас та болса өзінің дарындылығымен, алғырлығымен көзге түскен билер қазылық жасап, шешкен даулардан келтірілген басқа да мысалдардан әбден байқауымызға болады. Қазақ дәстүрлі қоғамында толыққанды би атанып әрі халыққа танылу үшін ерекше жеке қасиеттерімен «Дала занының» ережелерін жетік білгеннен басқа «жетілгендіктің» белгісі деп аталатын жоғарғы сыннан өтуі қажет болды. Болашақ би атақты билер мен ойшылдардың күрделі сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасаты мен таным логикасын жеткілікті дәрежеде дәлелдеуі қажет болды. Өзін парасатымен танылғандар данышпан ақсақалдардың батасын алып би атанды. Бата алу жолынан «билер атасы» атанған атақты Төле би де (1663-1756) өткен. Орта жүздің әйгілі билерінің бірі – Қазыбектің би болып қалыптасуына да ата-анасы көп ықпал еткен. Әйтеке жиырма бес жасында Төртқара руының биі, ал отыз жасында тоғыз рудың басын біріктірген Әлім, Байұлы, Жетіру

және Кете руларынан тұратын Кіші жүздің Төбе биі болып сайланады. Төбе билер хан немесе билер алкасының шақыруымен бүкілқазақтар құрылтайында немесе аймақтық жиналыстарда елеулі рөл атқарып, салмақты орын алатын саңлақ билер – Төле, Қазыбек, Әйтеке кейде өзара бас қосып, жалпықазақтық мәселелерді талқылап тиімді де, тиянақты шешім қабылдап отырды. XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтың дәстүрлі қоғамының билер соты құрылымының жүйесінде әділ билердің қалыптасуына, танылуына және таңдалуына қарай олардың кәсіптік деңгейі бірнеше түрлерге бөлінеді.

Мәселен, сол кезеңдегі қоғамдағы беделі мен орнына қарай билер: ата би, төбе би, қатар би, жеке би, төтен би, бала би болып бөлінді.

Төбе би – құрылымындағы ең жоғарғы сатысы болды. XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген атақты билер Төле би – Ұлы жүздің төбе биі, Қазыбек би – Орта жүздің төбе биі, Әйтеке би – Кіші жүздің төбе биі болып есептелген.

Төбе би болмаған билер, яғни билердің келесі деңгейі немесе тобы «қатар билер» шоғырына жатқызылды. Бұған төбе биден басқалары, яғни бір-бірінен артықшылығы жоқ тең құқылы билер жатқызылды. Әр жүздің, тайпаның құрамында өздерінің төбе билері және «қатар билері» болған. Сонымен бірге әрбір ауылда, кіші рулық бөліністерде өздерінің жеке билері болған. Жеке билер ауылдағы, кіші ру бөліністеріндегі кішігірім кикілжіңдерді, талас-тартыстарды үлкен дауға айналмай тұрғанда мәселені әділдік жолмен сол арада ізін суытпай шешіп отырған. Билердің құрылымдық жүйесіндегі ерекше бір түрі – «Бала би» болып табылады. Бала би шешендік әрі тапқырлық қырынан таныла бастаған жеткіншек. Дарындылығымен, әділдігімен танылып, ел тағдырын «тура жолдан таймай» әділдікпен шешіп отырғанын откен тарихымыз дәлелдейді.

Тәуке хан билігіндегі руларды іс жүзінде басқару үшін 6 би: 1) Ұлы Ордаға- Төле биді (дулат, жаныс атасы); 2) Орта Ордаға – Қазыбекті (Қаз Дауысты Қазыбек-арғын, қаракесек); 3) Кіші Ордаға- Әйтекені (әлім, тортқара, самарқандық Жалаңтөс батырдың інісінің немересі); 4) қырғыздарға – Қоқым би

Қараиоринді; 5) қарақалпақтарға- Сасық биді би етіп тағайындады; б) қатағандар, жаймалар және басқа да ұсақ руларға бас би тағайындады. Билер халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болды.

Бұл тұлғаның ерекшелігі сонда, биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділдікті сақтап, қара қылды қас жарып айтатын парасатты адамдар көтерілген. Биге табиғи дарын, текті ақыл, алыстан көріп, барлай алатын, оны зерделей білген дана, сөздің «майын» ағызатын дүлдүл шешендер жатқан. Міне, осы би ұғымының мәнін ашатын: «Түгел сөздің түбі – бір, Түп атасы Майқы би», деген сөз тарихта қалған.

Қазақтың атакты билері: Төле, қаз дауысты Қазбек. Өйтекеден қалған сөз билігі дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Олардың заманында, Ахмет Байтұрсынов пікірімен айтқанда, «әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын таштырма дәрі еді». Билер жақсы мен жаманды, жақын мен алысты, қымбат пен арзанды, қиын мен жеңілді салыстырып алға тартқан. Мал дауы мен жер дауына, ар дауы мен намыс дауына кесімді билік айтып, «гілмен түйіп, тіспен шеше алмас» тұжырым жасаған. Билер билік айтарда ауытқып, бұра тартқан тұстары болса, бірін-бірі тоқтатып, әділетке шақырған, «айтқан сөзі-құрған қақпандай» болған беделді билер қазақ қоғамындағы әділеттіліктің жаршысы болған.

Бүгінде «би» сөзінің шығу тегі жайлы бірауызды кесіліп-пішілген пікір жоқ. Осы мәселені зерттеген ғалымдар Г.Вамбери, В.Радловтар «би» сөзінің төркінін түркі тіліндегі биіктік, жоғарылық деген мағыналардан іздесе, Леонтьев, Ш.Уәлиханов, Халид және т.б. зерттеуші ғалымдар өзге де пікірлерге тоқталған. Тұрасына келер болсақ, «би» сөзі ежелгі түркінің «бек» сөзінен бастау алып, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету» деген ұғымдарды білдірсе керек. Осы пікірге тоқталсақ «би» терминінің шығу уақыты да ежелгі түркі заманы екені талас тудырмайды.

Қазақ халқының өмірінде билер институтының алар орны мен үлес-салмағы, маңыздылығы айрықша болды. Өйткені, оның – мемлекеттің саяси және әлеуметтік жағдайын тек әдеттегі құқықпен ғана емес, рухани-мәдени салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңестіре отырып қамтамасыз етуші бірден-бір

құрылым ретіндегі рөлі ерекше. Бұл құрылым ол кезде мемлекеттік басқару жүйесімен тығыз астасып жатты. Билер ел, жер, жесір дауын, мал-жан, кәсіп мәселесін түйінді төрт-ак ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, қарарсыз, ауызша жүзеге асырып, бітіріп отырған. Қазіргідей алтын уақыттарын жиын, мәжіліс съезбен өткізіп, құлаш-құлаш қаулы-қарар қабылдап, оны жоғары-төменді бұйрықпен таратып, төрешілдікке, қағазбастылыққа салынбаған. Ол кезде бір бидің өзі осы күнгі соттың да, прокурордың да, полицияның да, өзге де құқық қорғау органдарының қызметтерін атқарған ғой.

Би казак халқының тарихында ерте заманнан бері қолданылып келе жатыр. Билер соты Қазан төңкерісіне дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әменгерлік, көп әйел алу, т.б. патриархтық кертартпа қалдықтарды қорғап келеді» – деп (Қазак Совет Энциклопедиясы 2-том, 322-323 бб.) билердің қоғамдағы рөлін әдейі төмендетіп көрсеткен.

Ел басқаруда билердің орны ханнан кем еместігін, тіпті ханның өзін «Билер кеңесі» сайлайтынынан сескенген Ресей империясы Қазақстанды отарлау барысында олардың рөлін шектеп, мүлдем жойып тынды. Ал, қарауындағы бодан елдің күшті хандықтардан тұруы, ондағы билердің кей жағдайда хандардан да беделдері асып тұратындығы Ресей империясының отарлау саясатын ойдағыдай жүзеге асыруына кедергі деп білді.

Осы себептен билердің қызметін мүлдем жою көзделді. 1868 жылы қабылданған «Жана устав» казак даласында сұлтандық пен елді басқарудың ежелден келе жатқан дәстүрлі жүйесін жойып тынды. Енді «бөліп ал да, билей бер» деген саясатпен казак даласы ұсақ болыстарға бағынышты болды. Осындай ұсақталған болыстарды, бұрын көсемдігімен, шешендігімен халыққа танылғанда ғана өздігімен би атанатындарды енді халық сайлап, Ресей патшасының еркеше құқықты өкілдері заңдастырып бекітетін болды. Мұндай кадамға бару ғасырлар бойы мінсіз қызмет етіп, тарихтың, қоғамның қалыптасуына олардың бойындағы сан-алуан тума таланттарын біржолата жою еді. Өйткені, енді болыстыққа би – қазылыққа өзінің дара қасиеттерімен би атанғандар емес, пара беру арқылы, халықтың емес, кара басының құлқынын ойлайтын, Ресей патшасы өкілдерінің

айтқанын істеп, айдағандармен жүретін дарынсыз, жетесіз мансапқорлар «сайланды». Бұл жөнінде дана Абай өзінің «Үшінші сөзінде» әрбір старшын басы бір би сайлау саясатын сынап келіп, былай деген еді: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», әз Тәуке ханның күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті Жарғысын» білмек керек. Бұл ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескіріп, бұл жана заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ». Абайдың-«бас-басына би болған өңшең қиқым» деп қыпжылуы осы кездің көрінісіне айқын куә деп білеміз.

Ал, шығыс жұлдызы Ш.Уәлиханов «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі» деген мақаласында, «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жеттік, сонымен қатар, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Ауызша тараған немесе жинақталып қағазға түскен көне шежірелерімізге зер салсақ, бидің тек байлардың ғана арасынан емес, жоқ-жітікті кедейлер арасынан да шыққанын байқаймыз.

Сонымен, би дегеніміз – ел жұртының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өткен шежіресін, тарихын, қоғамының даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адамдардың көкірек көздеріне ой көзімен қарай алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар жандар болды.

Шешендік – көп халықтарда ертеден ұшырасатын қасиет. Тіпті, Ежелгі Рим империясы мен Грек, Мысыр елдеріндегі оқу орындарында шешендік өнер «Риторика» аталып, негізгі пәндердің бірі болып саналған. Ал, қазақ даласында билер біздегі секілді ешбір пәнді оқымай-ақ салықалы ойдың түйінін дәл жеткізуге

шебер болған. Ел басшылары сол заманда билер арқылы барлық түйінделген мәселелерді мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешуді мұрат тұтқан.

Билер саясатпен де айналысып, қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтеріліп отырған. Би – жекелеген адамдар, ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы дау-жанжалды шешумен ғана шектелмегені баршаға мәлім. Олар ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуде хан-сұлтандардың негізгі тірегі, кеңесшісі болған. Хан қаншама қаһарлы болғанның өзінде «Билер кеңесінде» көпшілік дауыспен қабылданған шешімді жеке билікпен бұза алмаған. Әйгілі әз Жәнібек ханның жанында ел ішінің сыртқы саясатының барлық мәселелерін талқылап, баға беріп, жөн-жоралғы сілтейтін билері болған. Атақты Абылай ханның жанында үнемі кеңесші 8 би болғаны тарихтан белгілі. Ал, иісі қазақтың кеменгер ханы әз Тәуке, «Жеті Жарғыны» жазғанда – Төле, Қазыбек, Әйтекелердің ақыл-кеңесін басшылыққа алғанын ешкім жоққа шығара қоймас.

Ел ішінде би ой түйіп, сөз ұстап, әділ төрелік айтумен бірге, бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқарумен қадірменді саналған. Қалай болғанда да сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген билердің рөлін қайта жандандырсақ, ұлттық қадір-қасиеттерімізді сақтауға көмектесер еді.

Бірліктен айырылу жауға жем болу. Елбасы тәуелсіздік алған күнімізден күні бүгінге дейінгі сөйлеген сөздерінде барлық Жолдауларында Бірлік, Ынтымақтастық, Өзара түсіністік, Біртұтастық мәселесіне ерекше мән беріп мемлекеттің тұрақты дамуында осылардың ерекше рөл атқаратындығын айтумен келеді. Бұл өткен тарихымыздың тәжірибесімен сабақтарының қорытындысынан туған нағыз парасатты тұжырым.

Бытыраңқылық орын алып, ел ішіне бірлік кетіп, аймақтар атакты Тәуке ханнан кейін ортақ билікті мойындамай, Ұлы Абай айтқандай бас-басына би болған тұста қазақтар ортақ жау жоңғарларға дер кезінде төтеп бере алмады. Қазақ шежірелеріндегі материалдар XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі деректемелер осы күрделі кезең туралы толық мәліметтер береді. Қалмақтардың үстемдігі орнаған кезде, Ұлы жүз-Қоқанға, Орта жүз Самарқанға

кетті, ал Кіші жүз Хиуа жағына көшті. «Ақтабан шұбырынды» зардабын әсіресе Орта жүз көп көрді. Жұт малын, жау жерін алған қарақұрым халық даламен жаяу басты. Мұндай ұзақ жүріске аяқ киім шыдамай, жаланаяк босқындардың табаны ақ қайысқа айналды. Ұлы жүз Жоңғария билігінде қалды, ал Орта жүз бәрінен бұрын жұт болып, малдардың жаппай қырылуынан, толассыз жау шабудан қатты зардап шекті. Орта жүздің азын- аулақ тірі қалғандары Сарыарқаға келіп, содан ірге тепті.

«Ақтабан шұбырынды» жылдарында қазақтар жан-жақтан: «бірінші жоңғар қалмақтары, екінші еділ қалмақтары, үшінші башқұрттар, төртінші сібір жағы..., бесінші жайық қазақтары тарапынан жасалған шабуылдан ауыр шығынға ұшырады. Жоғарыда аты аталған дұшпандар ішінен жоңғарлар мейлінше қауіпті болды, олармен 1723-1725 жылдарда шайқастарда қазақтар жеңіліс тапты. «Шақиуаұлы Ер Жәнібек» эпикалық дастанында қасіретті халықтың жай-күйі айтылған.

Бұланты және Білеуті өзендерінің арасында сол кезден бастап «Қалмаққырылған» деп аталған шағын қырка бар. Оның төбесінде құлпытастарына ру таңбалары қашап салынған қазақ сарбаздарының бейіттері деп шашырап жатыр. Тарихи аңыздарға карағанда, бұл зиратқа сол шайқаста қаза тапқан қазақ батырлары жерленген. Батырлар жырында бұлантыда шайқасқан қазақ сарбаздарының рухы мен ерлік көңіл-күйі, жауынан үстем балғандығы жырланады.

Малайсары, Олжабай, Есет, Жантай, Барак, Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбай, Сырым, Мұрын, Жаулыбай, Сарыбай батырлардың, Қазыбек пен Төле билердің есімдері, яғни әр рудан жиналған қазақ жасақтары тізіп келтірілген. Шынында да, көптеген жазбаша деректемелерде батырлар мен билердің есімдері қайтланады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінде Абылай хан туралы тарихи мәліметтер бар: Абылай хан дәуірін Шокан Уәлиханов жоғары бағалаған, ол былай деп жазады: «Қазақтардың аңыздарына Абылай әлдебір поэтикалық құрметке бөленген, Абылай ғасыры қазақ серілігінің ғасыры болып табылады». Мұндай баға халық санасында сақталып қалған сол бір тарихи дәуірді дәлме- дәл бейнелейді. Қазақ шежірелерінің жүйесі өзінің функционалдық міндетін орындады, аса көрнекті батырлардың, Абылай ханның

өзінің бейнелерін поэтикалық-эпикалық жырлар нысанында-батырлар туралы эпостарда, толғауларда және т.б. баянды етті. Ш.Уәлихановтың көптеген мақалаларында XVIII ғасырдағы қазақтардың тарихы жөнінде материалдар бар. Ол халық арасында кеңінен тараған мәлім тарихи аңыздарды пайдаланады. Ш.Уәлиханов «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» деген мақаласында әйгілі тарихи тұлғалар- Абылай, Бөгенбай, Жанатай, Байғозы, Оразымбет, Елшібек батыр, Темірхан батыр, Арқандар батыр, Баян батыр, Құдайберді батыр, Жәпек батыр және т.б. аталатын 14 аңызды келтіреді. Ш.Уәлихановтың сіңірген еңбегі мынада: ол өз мақалаларында өзіне дейін ауыздан- ауызға тарап келген құнды тарихи мәліметтерді көрсеткен.

Қазақ шежірелері қазіргі тарих ғылымына қазақ жырлары мен толғаулар жанрында кең көлемде деректемелер берді, оларда қазақтар тарихы жөнінде егжей-тегжейлі мәліметтер бар. Мәселен, белгілдері: Шоқан Уәлиханов жазып алған «Абылай туралы жыр», Көкбай жазған «Сабалақ», «Абылай хан әңгімесі», Олжабай Нұралының «Сабалақ-Абылай хан» дастандары, Мәшһүр Жүсіп Көпеевте «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп, көзге түскені», «Абылай аспас Арқанын Сарыбелі». Оларда сол тарихи заманның рухы, қазақ-жонғар, қазақ-қырғыз басқа да қарым-қатынастар жайлы терең де көлемді мәліметтер беріледі. Батырлар жыры циклында «Бөгенбай батыр», «Ер Жәнібек» жырлары кеңінен мәлім, оларда орыс, сондай-ақ қытай деректемелерінен мәлім болған оқиғалар тарихи-көркем стильде келтірілген.

XVIII ғасырдағы ауызекі тарихи дәстүр түрлерінің бірі- сол кездегі әйгілі жыраулар суырып салып айтқан қазақ толғаулары. XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары- Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үметей жырау, Бұқар жырау, Котеш ақын, Шал ақын- қазақ халқының ерлік кезеңінің өкілдері болды және өз шығармаларымен көшпелі қоғамның әлеуметтік идеологиясының қалыптасуына жәрдемдесті.

Халыққа олар ерекше тұлғалар болып көрінді, бұл шын мәнінде де солай еді, өйткені жырау көреген деп есептелді, олардың айтқаны кейде билігінен де жоғары тұрды. Олардың шығармаларында ғасырдың аса маңызды оқиғалары сөз етілді, аңызға айналған тұлғалар, әскербасылар және басқалар туралы айтылды.

Ақтамберді жырау (1675-1768)- жауға, жонғар басқыншыларына қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа шақырған халық жаршысы, өз шығармаларында ол қазақ халқының бейбіт және еркін өмірі туралы, әлеуметтік қайшылықтар жойылып, халықтың ізгі үміті орындалатын заман туралы арманын білдіреді.

Үмбетей жырау өмір сүрген кезі (1706-1778). Қазақ хандығының ең ауыр соғыс заманында, халық арасында аталып кеткеніндей, жаугершілік заманға түстес келді. Бұл кездің барлық оқиғалары жылдарда, толғауларда, жоқтауларда, естіртулерде жырланған. Үмбетей жырау өз толғауларында даланың қоғамдық-саяси өмірін жеткізеді. Оның өлеңдері халық аузында сақталған. Сонымен бірге ол- атакты колбасы, жоңғарларға қарсы соғыстың батыры. Халық арасында Бөгенбай батыр туралы жыры ерекше мәлім болды.

Дана көреген Бұқар жырау (1668-1781) Абылай ханнан ұзақ жасады. III.Уәлиханов өз зерттеулерінде казактардың жоқтау жанрына мысал ретінде Бұқар толғауларының бірін келтіріп, оны «Бұқар жыраудың Абылай өлгендегі жоқтауы» деп атаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежіресіндегі Абылай туралы тарихи әңгімелер циклында Абылайдың әскери жорықтары туралы айтылып, «Абылайдың бір жорығы» келтіріледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Бұқар жырау туралы тарихында» Абылай заманындағы шығармашылық мұрасы жазбаша шежіре аркасында сақталып қалған көрнекті тарихи тұлғалардың бірі туралы былай деп жазады: «Қаржас руынан шыққан қарт Бұқар жырау – Қалқаман батырдың ұлы. Оны білетін адамдар оны «дуалы дөмей» дейді екен».

Абылай ханның ақылшысы және идеяларының жаршысы ретіндегі Бұқар жырау қызметімен көптеген аңыздар мен әңгімелер байлаысты. Нақты жағдайда белгілі бір мәселені шешкенде ол екінің бірінде Абылайдың идеологиялық ақылшысы болып отырған. Көптеген әңгімелер мен аңыздардың әлденеше нұсқалары бар, астарлы мағыналарға толы және көбінесе саяси шешімдерге әрекеттердің қастерлі мағынасы мен олардың көрнекілігі қоса беріліп отырады. Қазақ шежірелерінде, әсіресе Мәшһүр Жүсіп Көпеевте Бұқар жыраудың бейнесі мен кісілігі әділетті көреген, қазақ халқының бірлігін белсене жақтаушы, өз бойына заманының ең жақсы белгілерін жинақтаған адам бейнесі көрінеді.

Көп ұзамай Орталық Азияның геосаяси картасынан құдыретті мемлекет- Жоңғария жойылды. Жоңғар мемлекетінің жойылуы казактарды Еуразияның екі империясы- Қытай мен Ресеймен бетпе-бет қалдырды.

Жоңғар мемлекетінің құлауына байланысты орыс-қытай катынастары кайшылыққа тірелді, олардың әрқайсысы казак жерін аумақтық тұрғыдан иеленуге мүдделі еді. Ентелей ену саясатын Қытай жағы Жоңғария талқандағаннан кейін- ақ тікелей бастап кетті. Казак шежірелерінде Орталық Қазақстанда «Шүркітқырылған» (яғни маньчжур-қытайлар қырылған) деген топономикалық жер атауы кездеседі, оны ғылыми- этнографиялық дала зерттеулерінің материалдары да растайды. Бұл жер атауы 1756 жылғы оқиғаларды тікелей растап береді, ол кезде Қытай үкіметінің Дардана бастаған батысқа жорығы нәтижесінде оның әскерлері Есіл өзеніне дейін жетіп, Қабанбайдың, Қожабергеннің, Әмірсананың казак жауынгерлерімен қақтығысуымен әкеп соққан еді.

Тұтас алғанда XVIII – XIX ғасырлардағы казактардың тарихын осы уақыт бойында жасалған казак деректемелері негізінде қорыта келгенде, қарастырылып отырған екі ғасыр тарихы казак халқының сыртқы экспансияға қарсы, әуелі Жоңғар хандығына, соңан соң шүршіттерге, (яғни - Цин билеушілеріне), кокандарға, хиуалықтарға және Ресей империясының белсенді отарлау саясатына қарсы үздіксіз күресімен сипатталады, мұның өзі халық арасында тарихи ақпарат жиналуы фатісіне ықпал жасады, казактардың тарихы санасы оянуының тереңнен жүрген үрдістерін, казак этносының этникалық жағынан белсенді түрде қалыптасуы мен дамуын дәлелдейді деуге болады.

XVIII – XIX ғасырдағы тарих кезені казактар үшін бетбұрыс кезеңіне айналды. Казак этносының көз алдында Орталық Азияның көшпелі мемлекеттері жойылып кетті.

«Бес ғасыр жырлайды» жинағының шығуы сол дәуірдің рухы мен тарихын кезең – кезеңмен қайта жаңғырту болды. «Абылай хан» «Хан Кене» деректі жинақтарының маңызы баға жеткісіз.

XVIII-XIX ғасырдағы казактар тарихы жөнінде жарияланған деректемелер мазмұны жағынан да, түрі жағынан да әр түрлі. Жоңғар билеушісі Цеван – Рабтанда болған Иван Унковскийдің

күнделіктерінде осы кезеңге сай деректер бар. Бұдан біз казактардың жонғарлар жаулап алған Жетісу жері, жонғарлардың Ұлы жүздің рубасыларын бағындыруы туралы ақпарат аламыз. Онда ойраттар жетекшілерінің есімдері және жер – су аттары келтірілді.

«XVIII ғасырдағы Сібір тарихының ескерткіштерінде» казактар туралы деректі материал бар. Қазактар жонғарға қарсы күресу үшін Ресеймен одақ жасағысы келді. Мұндай келісімнің талаптары туралы 1716 жылы «Қайып хан мен бүкіл казак ордасының атынан» казак елшілері келген Тобылда Сібір губернаторы М.Гагаринмен келіссөз жүргізілді. Бұл келіссөздердің материалдары, казактардың келесі, 1717 жылғы күресінің барысы, атап айтқанда Аягөз өзені жанындағы шайқас туралы мәліметтер, Әбілқайырдың 1718 жылы патшаға жазған хаттары және басқа деректер, сонын ішінде казак жасақтары туралы деректер казактардың сол кезеңде жонғарларға қарсы күресінің нашар ұйымдастырылу себептерін ашып береді. Бұл құжаттарда казактардың жауға қарсы күресте басқа да түрік халықтары арасынан одақтастар табуға ұмтылысы және казак жүздерінің ішкі саяси жағдайын ашып көрсететін толып жатқан мәселелер туралы мәліметтер бар.

Генерал – майор А.Тевкелевтің Орынбор өлкесі мен казак жүздері туралы «Әр түрлі қағаздары» әсіресе өлкені отарлаудың басталуына байланысты шын мәнінде бірінші дәрежелі орын алады.

А. Тевкелев патша шенсуніктерінің арасында аймақтағы көптеген түрік халықтарының тұрмысын, әдет – ғұрпы мен құқықтық нормаларын жақсы білген өте беделді адам болатын. Патша мен Ресейге әбден берілген адам ретінде Кіші жүз бен Орта жүз казактарын Ресей бодандығына қабылдаудың бастауында болды, күрделі, ал кейде қауіпті де дипломатиялық міндеттерді орындады. Қызмет еткен кезеңінде оған үлкен өкілеттіктер берілді және так иесінің құрметіне бөленді. Талай рет марапатталып, қызметі жоғарлатылды. Оның әр түрі кезде казак жүздерінде болған тарихи оқиғаларға көзқарастары, белгілі бір шешім қабылдауы, болған оқиғаны бағалауы XVIII ғасырдағы казактардың, башқұрттардың, Еділ бойы халықтарының тарихын қарастырған кезде ерекше құнды.

Қазақ хандығы туралы мәліметтердің келесі тобын құжаттар мен материалдар жинақтары құрайды. Олар: «XVI – XVIII ғ.ғ қазақ - орыс қатынастары» және «XVIII – XIX ғ.ғ қазақ - орыс қатынастары » құрайды. Кеңестік кезде жарияланған жинақтарда Кіші жүз бен Орта жүздің Ресейге қосудың бас кезіне, бұл үрдістің барысы мен дамуына, оған қазақ хандарының қатысуына, А. Тевкелевтің және Орта жүздегі башқұрттар елшілігінің (Абылай ордасында) қызметіне, Абылайдың 1771 жылы хан атағын алуына қатысты материал бар.

XIX ғасырдың I-жартысына қатысты материалдар қазақтардың Ресеймен, соның ішінде Кенесары Қасымовтың көтерілісі кезеңіндегі өзара қатынастарның экономикалық, сауда саттық және басқа да жақтарын ашып береді.

Тұтас алғанда, жинақтарды шығарушылардың алдында Ресей империясына қазақтардың өз еркімен қосылғандығын, ал ең бастысы – бұл үрдістің прогресшілдігін санаға сіңіруді дәлелдеуге тырысушылық басым болды. Бұл кеңестік дәуірдегі тарихнаманың басты идеясы болды. Алайда жинақтардың материалдарына сын көзбен қараған жағдайда, зерттеушілер өлкені отарлаудың басталуы мен барысы, қазақ қоғамының тұрмыс – тіршілігіне империя еңгізген саяси, шаруашылық және құқықтық өзгерістер туралы алуан түрлі мәліметтер алады.

1731 жылдан бастап қазақстанның Ресейге қосылу үрдісімен тікелей байланысты материалдар, негізінен алғанда патша үкіметінің заң актілері, қазақ даласында болып кеткен ресми адамдардың хабарламалары және лауазымды адамдар, ақсақалдар, билер жазған құжаттар. Жинақтың материалдары мынадай бөлімдер бойынша жүйеленген: Қазақстан Ресейге қосылған кезден бастап қазақ хандары мен патша үкіметінің өзара қатынастары; шекаралық соттар мен жазалаудың ұйымдастырылуы; XIX ғасырдың 60 жылдарындағы реформаға дейін Сібір ведомствосының қазақтарын басқару; 1867 жылдан бастап Жетісу және Сырдария облыстарын басқару; 1868 жылдан бастап Дала облыстарын басқару; 1886 жылдан бастап Түркістан өлкесін басқару; 1891 жылдан бастап Дала генерал – губернаторлығын. Сонымен жинақта 1822 жылғы «Сібір қазақтар туралы жарғы» 1844 жылғы «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже », 1867-

1868 жылдардағы «Уақытша ережелер», 1886 және 1891 жылдардағы ережелер бар.

XIX ғасырда патша үкметінің отарлық саясатының күшеюімен ұлт- азаттық көтерілістердің бірнеше ошақтары пайда болды. Бөкей Ордасындағы шаруалардың Исатай Тайманов бастаған 1836 -37 жылдардағы бой көрсетуімен бір мезгілде дерлік Орта жүз бен Кіші жүзде патша өкіметіне қарсы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс (1837 - 1847) бұрқ ете түсті, кейініректе 1856 – 1857 жылдары Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған Сыр өңірінің казактары тәуелсіздік жолындағы күреске көтерілді, ал 1855 – 58 жылдарында Кіші жүз аумағында Есет Көтібарұлы басшылық еткен казактар Орынбор жазалау отрядтарына қарсы қимыл жасаған. Алайда құжаттар бұл көтерілістердің негізгі күші өз бостандығы мен дербестігін қорғаған казак шаруалары болғандығын растайды.

1930 жылдарда кеңестік тарих ғылымында патшалық Ресейдің ұлттық шет аймақтарындағы азаттық қозғалыстарының тарихы архив (мұрағат) материалдары бойынша іздестірілді. Қ. Р Орталық Мемлекеттік архивінің қорларында жинақталған құжаттар мен материалдар жинағында Бөкей Ордасындағы көтеріліс жөнінде мәліметтер қоры бар. Бөкей Ордасындағы казак қоғамының қалың тобы наразылығының себептерін, көтеріліс қамтыған аумақты, көтерілісшілердің әлеуметтік және рулық құрамын, күрестің қиын сылтау жағдайларында Исатай Таймановтың жалтақтық көрсетуінің негізгі сырын, патшалық өкімет орындарының Жәңгір ханмен хат алысуының басты себептерін, олардың халық бұқарасымен күресінің әдістерін және басқа мәселелерді неғұрлым толық анықтауға мүмкіндік береді.

Он жылдай уақытқа созылған және үш жүздің едәуір бөлігін қамтыған, Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс. Онда 1837 -55 жылдар кезеңіне қатысты материалдар мен құжаттар жинақталған Олар көтерілістің барысын, онда іске қосылған күштерді жан – жақты анықтауға мүмкіндік береді. Кенесары Қасымұлының император Николайға көтерілісшілердің негізгі талаптары айтылған хаты мазмұны көрсетілген. Батыс Сібір губернаторына жолдаған хаттарда көтерілісшілердің бағдарламалық талап – тілектері айтылған. Материалдарда көтеріліс басшысының белгілі бір нақты ұрыс қимылдарындағы тактикалық ойларын,

көтерілісшілердің Ұлы жүз жеріне, Шу мен Іле жағалауларына кету себептерін, қазақ халқына қарсы жазалау отрядтарының белсенділігін, соңғы шайқастарды және Кенесары Қасымұлының қаза табуының мән – жайлары ашып көрсетіледі. Сонымен көтерілістің тарихымен оған қатысушылардың рөлі жөнінде әр кезде және әр түрлі басылымдарда жарияланған деректер бар.

Кеңестік тарих ғылымының ең осал тұстарының бірі қазақ тіліндегі деректемелердің пайдаланбауында еді. Қазіргі кезде зерттеушілері мемлекеттік тілдегі тарихи ақпараттардың жаңа деректерін тауып, пайдаланады және бұрыннан белгілі материалдардың ғылыми – практикалық құндылығын жаңаша бағамдайды.

80 жылдардың екінші жартысында, КСРО-дан демократиялық үрдістерді басталуымен бірге, қоғамдық күштердің қысымымен, Қазақстанда мұрағатты құжаттарды пайдаланудағы негізсіз шектеулерді алып тастауға қатысты жұмыстар басталды. Бұрынғы кол жетпейтін құжаттар мен деректердің жариялана бастауы таяуда ғана билік құрған кеңестік шындықтың тарихи деректеріне деген аса зор қоғамдық қызығушылық тудырды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабасов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, С.Садуақасов және басқалардың саяси ақталуы жаңа серпін берді. Олардың шығармалары мен құжаттық мұраларының жариялана бастау тарихи әдептілікті қалпына келтіруге жаңа жол ашты. Аталған тұлғалардың еңбектерінде қазақ хандығы дәуіріне байланысты айтылған тұжырымдар, пайымдаулар, шежірелермен батырлар жырларының тарихи маңыздылығы жөніндегі зерттеулер аз емес болатын.

80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басындағы кеңестік кезеңге арнаған жарияланымдары да қарама-қайшылыққа жол беру үрдісі айқын байқалды. Бұл бүкіл кеңестік тарихқа нақты дәлелсіз өкініш білдіру бағытындағы жарияланымдардан айқын көрінді. Бұған әсіресе журналистер, публицистер мен жазушылар бейімдік танытты. Кеңес үкіметінің теріс жақтарын ашудың қалың дүрмегінде олар тарихи оқиғаларды түп нұсқа деректемелерден тысқары, өз пайдаларына сүйеніп үстірт бағалауға жол берді. Соның салдарынан оқырмандар қандай да бір оқиғаның деректемелік негізіндегі ғылыми пайдалану орнына, уақыт пен

жағдайдан тысқары алынған эмоциялық-публицистикалық туындыны оқуға мәжбүр болды.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін тарихи деректемелерді ғылыми мақсатқа пайдалануда түбірлі өзгерістерге негіз салынды. Академик М.Қозыбаев 1992 жылы Қазақ тарихының дамуын жаңа көзқарас тұрғысында қарастырды. Ол тарихи дамуды қоғамдық-экономикалық формациялар алмасуы тұрғысында емес, Қазақ тарихындағы мынадай кезеңдерін көрсетті: Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі; Сақ, ғұндар заман; Түркі тектес тайпалар дәуірі; Қыпшақ белесі; Моңғол үстемдігі; Қазақ хандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы; Отаршылдық бұғауында; Қазақ халқы кеңес империясының бұғауында; Қазақ халқы егеменді ел болған шағында (Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. -146 б.)

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарихи таным мәселесін жаңа арнаға салды. Ұлт тарихын ұлықтауға Елбасымыз Н.Назарбаев биікке шығарды. «Тарих толқынында» кітабы Қазақстандағы тарих методологиясына тамаша нәтижелер әкелді. Қазақ хандықтары XV ғасырдың ортасынан аса ұлттық мемлекеттің шаңырақ көтеруімен XVIII ғасырдың 30-жылдарына дейін созылған 300-жылға жуық мерзім ішінде қазақ қоғамына ғана тән шаруашылық, саяси, мәдени, әлеуметтік, дүниетанымдық құндылықтар орнықты. Үш жүзге бөліну қазақ мемлекетін шын мағынасындағы әлсіздігін, іштей ыдырауына әкелді. Жоңғар шапқыншылығы тұсындағы азаттық үшін жанталас Төле, Қазыбек, Әйтеке, Абылай, Бұқар, Ақтамберді, Қабанбай, Бөгенбай тәрізді тұлғаларды дүниеге әкеледі

Отарлау қазақ мемлекеттілігін жойып, ұлттық экономиканы тұралатқанмен елдің рухани құндылықтарын біржолата тұншықтыра алмады. Тоталитарлық зорлық пен кеңістік дәуіріндегі Қазақстан тарихы жетістіктер мен де, өкініштермен де ерекшеленеді. Қазақ мемлекеттілігі қайта дүниеге келгенмен оның өз еркі өзінде болмады.

Кеңестік кезеңде Ата заңымыз қабылданғанмен іс жүзінде жұмыс істеген жоқ. Барлық жетістіктер халықтікі саналғанымен қалың көпшілік ел басқарудан, байлықтан шеттетілді, республиканың экономикалық қуаты артқанымен, ол еңбек

адамының әл ауқатын түзеуден гөрі әскери-өнеркәсіпке бағынышты болды. Ұлт зиялыларын даярлау үздіксіз қуғын сүргінмен ұштастырылды, ұлттық мәдениетке қамқорсыған қаулы-қарарлар Мәскеуде үсті-үстіне қабылданып, нақты өмірде қазақ тілінің, мектебінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қолданым аясы, тынысы тарыла жыл өткен сайын тарыла берді. Кенестік империяның құрсауында қалған қазақ зорлықтан, демографиялық апаттан жоғалуға шақ қалса да, өзінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды 1936 жылы Қазақ АКСР-ден одақтық республика мәртебесіне ие болғанымыздың өзіндік жетістіктері бар. Бұған жетпегендер КСРО ыдырағанда тәуелсіздігін жариялай алмады. 1991 жылдың 16 желтоқсанында 260 жыл бойы зорлық-зомбылықтың астында жүрсе де болашаққа деген сенімін жоғалтпаған, ұлттық құндылықтарын сақтап қалған, атамекенінен аумаған халқымыз тас қапасты бұзып, тәуелсіздігіне қол жеткізді. Қазақ халқы мемлекет құрушы ұлтқа айналды,

Тарихшылар бұрын құпия болып келген құжаттарға қол жеткізді. Орталық пен жергілікті жерлердегі бұрынғы партиялық мұрағаттар жабылды.

Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған «Тарихи – мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» (1992), «Ұлттық мұрағаттық қор және мұрағаттар туралы» (1998 жылғы 22 желтоқсан) ҚР Заңдары құжаттық және басқа деректемелерді пайдаланудың қолданған проблемаларын жаңа жағдайларға сәйкес шешуде маңызды рөл атқарды

Кейінгі жылдары Қазақстан Тарихшыларының алданда бұрынғы кездері белгілі себептермен жарық көре алмаған тарихи деректерді бір жүйеге түсіру және жариялау міндеті тұрды. Қазақстан тарихының «Ақтандақтарын» объективті түрде ашып көрсету үшін қажетті дерек көздері тапшылығы мәселесін шешуге тура келді.

Тарихшылар мен мұрағатшылардың тізе қосып еңбектенуі нәтижесінде Қазақстан мәдениетінің көп тер төгілген даму жолы туралы сыр шертетін құжаттармен материалдар жинақтары дайындалды. М.О.Әуезовтің 100 жылдық мерей тойына әзірлікпен оны өткізу кезеңінде жаңа құжаттық деректердің тұтас бір қатары жарыққа шықты. Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті К.И.Сәтбаевтың 100 жылдығына орай басылған

материалдар республикадағы ғылым мен ғылымтанудың даму тарихын жөніндегі деректемелер ретінде ерекше құндылыққа ие болды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты Қазақстан тарихы бойынша орыс, қытай, араб және басқада деректемелік материалдары бар көп томдық шығару қолға алынды. Қазақ хандығына қатысты құнды тарихи деректер осы елдердің мұрағаттарында молынан кездеседі.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында тарихи деректемелердің маңызды құрамды бөлігі болып табылатын көптеген естеліктер басылып шықты.

Кеңестік кезең тарихы деректемелерінің арасында мерзімді баспасөз материалдарының да алатын орны үлкен.

Ғалымдар өздірінін зерттеу жұмыстарында Қазақстан туралы мәліметтері бар шетелдік құжатты деректік жаңа басылымдарды кеңінен пайдаланатын болды.

Соңғы жылдары республика ғалымдары шет елдердің мұрағаттық қоймалары мен ктапханаларындағы деректерді жоспарлы түрде іздестіріп, пайдалануға кірісті. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан тарихына қатысты шетелдерде сақталған деректерді іздестіру мен олардың көшірмесін алу бойынша кең көлемді жұмыстар жүргізілді. Бұл іздестіру жұмыстары одан әрі жалғасын тапты. Отандық тарих жөніндегі материалдарды іздестіру мен жинау және олардың деректемелік негіздерін толықтыру ісіне мемлекет тарапынан қолдау көрсету өз жемісін берді.

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2005жылғы бірінші наурыздағы №183 қаулысымен Астана қаласында «Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі ақпарат және мұрағаттар комитетінің археография және деректану ұлттық орталығы» мемлекеттік мекемесі шаңырақ көтерді. Алматы қаласында оның бөлімшесі ашылды.

XX ғасырда тарихи деректерді зерттеу мен пайдалану жөнінен тарихшылардың, мұрағатшылардың, қоғамтанушылар мен гуманитарлық ғалымдардың біріккен бай тәжірибесі жинақталды. Соңғы онжылдықтардан Қазақстан тарихи деректерге қатысты білімнің жаңа салалары – мұрағаттану, деректану, археография, құжаттану ісі жолға қойылды. Мұрағат торларын қалыптастыру

мен оларды ғылыми – танымдық мақсаттарда пайдалану ісінде он өзгерістер көрініс тапты. Осының бәрі тарихи деректердің ғылым мен рухани құндылықтардың ерекше маңызды саласы ретіндегі мәнінің өсуіне қызмет етеді. Қазақ хандығы тарихын ой елегінен өткізу тек тарихшылардың ғана емес, сонымен бірге қоғамтанудың басқа салалары өкілдерінің де күш жігерін шоғырландыруды талап ететін күрделі міндет болып табылады.

3.2. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН - ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қазақстан өзінің егемендігін алғаннан кейін тарих ғылымын тәуелсіздікке сәйкес тарихи сана тұрғысынан зерттеу, дамыту қажеттілігі туды.

Осыған орай тарихи сана қалыптастыру туралы тұжырымдама қабылданды. Тұжырымдамада тарих методологиясының жаңа тарихи таным тұрғысындағы негізгі бағыттары көрсетілді.

Осыдан-ақ мемлекеттілігіміздің бастау-қайнары тым тереңде жатқанын, халық болып қалыптасуы ондаған ғасырға созылғанын, осы жолда небір қиындықтарды бастан өткергенін, ұлт болып ұйысуды бабаларымыз басты мұрат тұтқанын аңғару қиын емес. «Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп» деген пайымдауды еске түсірсек, қазақ жұртының арғы түбі сақтар мен ғұндарға барып тірелетінін аңғару қиын емес. Өткенді білмей алға бағдар жасау қиын. Өйткені, тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр, көмескі. Сондықтан, тарихымызды жастарға таныту үшін Елбасы үлкен міндеттер жүктеді. Олардың ішінде Ұлы Даланың мұрагері екенімізді талмай насихаттаудың, ойға да, бойға да сіңірудің маңызы айрықша. Ата тарихымызды ғана біліп қою жеткіліксіз. Келешегін ойлаған халық қана алға жылжиды, кемелденеді, толысады, дамудың даңғыл жолына түседі. «Мәңгілік Ел» идеясының түпкі мақсаты қатардан қалмау, озық болу, бәсекеге қабілеттілікті шындау, өркениетті елдердің қатарына қосылу деген

ұғыммен тығыз сабақтас. Елордадағы «Назарбаев Университетте» өткен «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға 40-тан астам елден көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, саясаттанушылардың, тарихшылардың келуі Қазақстанның қалыптасқан мемлекет ретінде мойындалғанын әлемдік қауымдастықтағы лайықты орнын айғақтаса керек. Оның үстіне дуалы ауыздардан шыққан әр сөз ғаламға тарап, еліміз жайлы жылы ой-пікірлер орнықтырады созсіз.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар – Қазақстанның тарихи мұрасын сақтау жөніндегі дәйекті мемлекеттік саясаттың қисынды жалғасы. Ел тарихында 2015 жылғы 11 қыркүйегі есте қалар күндердің бірі болды. Осы күнде аса мәнді мерекелердің бірегейі – Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған ауқымды іс-шаралардың ең маңыздысы өткізілді. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік сарайында мемлекет тарихындағы осы ұлы белес туралы сөз сөйледі. Еліміздің кешегісі, бүгінгі мен болашағы туралы ой толғады. «Бүгінгі қазақ халқы ерте замандардан тұлпарлардың тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сактардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы. Қара шаңырақ атажұртта сақтан қалған халық. Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын бүкіл халық болып мерекелеу Тәуелсіздіктің, тек қана Тәуелсіздіктің арқасы екендігі айдан анық. Бүкіл әлемде қабылданған мерейтойлық өлшем бойынша 550 жылдықпен салыстырғанда, мысалы, 500 жылдық, яғни жарты мыңжылдық әлдеқайда салмақты дата болып табылатыны белгілі. Ол дата 1965 жылға сәйкес келген еді. Сол жылы Қазақ хандығының 500 жылдығын атап өту тұрмақ, ондай мәселе атымен қозғалмаған, тіпті Ғылым академиясының өзінде не арнаулы мәжіліс, не конференция ұйымдастырылмаған. Қадыр ақын «Біздің тарих бұл да бір қалын тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақтағы» деп астарлай айтатыны сол кез. 1990 жылы да хандықтың 525 жылдығы аталған жоқ. Өйткені, тәуелсіздік тізгіні әлі қолымызға тимеген болатын.

Тарихымыздың осынау абыройлы белесінің өз деңгейінде, лайықты аталуы халықтың өткенінен өнеге, тағылымынан сабақ алуды тәуелсіздіктің бір тірегі, еңселі ертеніміздің сенімді кепілі санайтын Елбасымыздың ерен еңбегі екендігі талассыз. Басқаны

былай қойғанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың осы тақырыққа «Тарих толқынында» атты тұтас кітап шығаруының өзі Елбасымыздың тарихқа қандайлық мән беретінін көрсетеді. Президенттің «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» деген бір ауыз сөзінің өзі бізді ата-бабаларымыз үшін мақтаныш сезіміне бөлейді, қазақтың ендігі тарихында да сондай ізгі із қалдыруға үндейді Нұрсұлтан Назарбаевтың осы ширек ғасырға жуық уақыт аралығында сөйлеген сөздерін, жасаған баяндамаларын, берген сұхбаттарын зерделеп қарағанда біз Ұлы Дала елінің бүгінгі биігі тарих тағылымын ұғынудағы дара даналықтың да аркасы екенін анық көреміз Қазақ хандығының 550 жылдығына орай (12.09.2015) елордадағы «Назарбаев Университетінде» «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықованы ресми мәлімдеуінше (12.09.2015 Егемен Қазақстан) «Назарбаев Университетінде» өткен, «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына 1500 адам қатысса, оның 900-і этнологтар мен археологтар, философ және саясаттанушы ғалымдар, белгілі мемлекет, қоғам және өнер қайраткерлері. Конференцияға 43 шет ел қызығушылық танытқан, 318 танымал тарихшы-ғалымдар және басқа қонақтар келген: олардың қатарында Иран, Түркия, Әзербайжан, Моңғолия, Болгария, Ұлыбритания, Германия, Израиль, Үндістан, Испания, Италия, Қырғыз Республикасы, Қытай, Беларусь, Тәжікстан, Ресей, АҚШ, Өзбекстан, Украина, Франция, Швейцария сынды мемлекеттерден тарих пен мемлекеттіліктің проблемаларын зерттейтін ірі ғылыми-зерттеушілер келіп ғылыми баяндамаларын жасап қазақ хандығы тарихына байланысты ғылыми тұжырымдармен пайымдаулар жасады. Бұл конференцияның жалпыұлттық идеясы ұлы тарихи мұраларды және Қазақстан халқының жоғары адамгершілік мұраттарын болашақ ұрпаққа жеткізу. Оларға отаншылдық тәрбие беру ісіндегі жұмыстың мән-мағынасын арттыруды да көздеді. 550 жыл бұрын Жәнібек пен Керей құрған Қазақ хандығы алғаш рет өз атауында халық этнонимі бекітілді. Қазақ халқының тәуелсіздік үшін көп ғасырлық күрес жолында ұлы жеңістер мен ауыр жеңілістер болды. Осы үздіксіз күрестің тарихи тәжірибесі «Мәңгілік Ел» өзекті идеясының маңыздылығын – халық бірлігін дәлелдейді. Тарихи

дата – Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын тойлау – өткен, осы және келер шақтың мираскорлығын және ұрпақтың бабалар алдындағы қазақи мемлекеттіліктің кайнар көзі мерейтойлы датадан бұрын есептелетін мызғымас негізі мен дәстүрін сақтаудағы ерекше жауапкершілігін айрықша көрсетеді.

Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың заманауи қазақстандық мемлекеттілік құрудағы сіңірген тарихи еңбегіне ешкімнің таласы жоқ. Күшті қайраты мен стратегиялық жоспардың, парасаттылықтың арқасында Қазақстан заңды ресімделген шекарасы бар, жемісті, тұрақты, беделді мемлекетке айналды. Қазақстандықтардың ұлттық идеясы мен тарихи санасын қалыптастыруда, және халықтың бірлігін нығайтуда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ерекше рөлін атап көрсету қажет. Қазақстан «Мәңгілік Ел» идеясына біріккен көп ұлттың өкілдеріне Отан болып табылады. Қазақстандықтар бар қиыншылықтардан өтіп, ұлттық қауымдастықта лайықты орын алды. Бұған жету жолы да оңай болмағаны аян.

Ел болып еңсе тіктедік дегенде – арғы жағында арқа сүйер, табан тірер не бар екенін алдымызға тартқан тарихи конференция қазақ жұрты мен қазақстандықтардың жарасымды тіршілігінің тағы бір куәсі болды. Бір кездері Алаш арысы Міржақып Дулатов «Түрік баласы» атты жазбасында: «Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады. Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады». – деп, одан кейін Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты жазған мақаласында: «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады», – деп алып, араға жыл салып: «Бір жұрттың қайдан тарауы, өніп-өсуі, ресімі, мінезі, тілі, әдебиеті – осының бәрі әрқайсысы тарих мүшелері, барлығын жиғанда – сол жұрттың тарихы. Тарихын жоғалтқан жұрт – жоғалған жұрт», – деген еді.

Тәуелсіздік жылдарында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерекше еңбегінің нәтижесінде еліміздің мәдени және

тарихи мұраларын сақтау бойынша қажетті кешенді шаралар қабылданды.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен пайдалану туралы заңдар өмірге келіп, мәдениет саласын дамыту мен әлемдік мәдениет кеңістігіне интеграциялану үшін бірнеше салалық бағдарлама жүзеге асырылды.

Соңғы 10 жыл бедерінде мұражайлар саны 50 пайыздан астамға көбейсе, театрлар саны 30 пайызға, кітапханалар саны 20 пайызға артты. Бүгінде елімізде 8 мыңнан астам мәдениет мекемесі жұмыс істесе, олардың 62-сі – театр, 4185-і – кітапхана, 45-і концерттік ұйымдар және 224-і – мұражайлар. (Егемен қазақстан 26.09.2015)

Тарихи ауқымы жөнінен баламасы жоқ бағдарлама ұлттық «Мәдени мұра» жобасы болды. Ол ұлттық мәдениетті қалпына келтіру, отандық тарихқа бүгінгі күн тұрғысынан қарау мәселесі бойынша кең ауқымды жұмыстарға қуатты серпін берген бағдарламаға айналды.

«Мәдени мұра» жобасы аясында тарихи және мәдени бағыттағы 118 нысанға жаңғырту жұмыстары жүргізілсе, осы қатарда 96 ескерткіш бар. Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті бойынша 1,5 миллионнан астам тиражбен 600-ден астам кітап басылып шықты.

Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет республикалық маңыздағы тарихи және мәдени – 218, жергілікті маңыздағы 11 277 нысанға кең ауқымды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Әлемдік маңыздағы оқиға деп бірегей тарихи ескерткіштер – Қожа Ахмет Ясауи кешен-мұражайының, Тамғалы археологиялық кешенінің, сондай-ақ, «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері» табиғи мұрасы нысандарының ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізілгенін атап айтуға болады. Тәуелсіздік жылдарында жүзеге асқан кең ауқымды жобалар қатарында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2014 жылдың шілде айында ашылған жаңа Ұлттық музей бар. Бұл нысан Орталық Азиядағы аса ірі мәдениет орталығы болып табылады.

Еліміздің мұражай қорларында 2 миллион бірліктен астам мұра сақталып отыр. Соңғы кездері жүргізіліп келе жатқан

археологиялық және этнографиялық экспедициялар елімізге жан-жақты зерттеуді қажет ететін жаңа да бірегей жәдігерлер беруде.

2014 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мәдени саясатының тұжырымдамасы бекітілді.

200-ден астам тарихи ескерткіш мұқият сақтауда тұрса, археологиялық нысандардың ұлттық реестрін құру бойынша да айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған кең ауқымды шаралар шеңберінде Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи мұражай-кешенінде, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы ортағасырлық Сауран және Отырар қалаларындағы тарихи ескерткіштерге, Қарағанды облысындағы Алаша хан мавзолейінде, Жамбыл облысының аумағындағы Баласағұн сарай кешенінде, т.б. реставрациялық жұмыстар жүргізілсе, бұл үдеріс кейбір нысандарда мәресіне жетіп үлгерген. Тұтастай алғанда, реставрациялық жұмыстармен ұлттық тарихымыз үшін аса құнды саналатын 105 нысан қамтылған болатын.

Қытай мен Түркияға, Моңғолия мен Ресейге, Жапония мен Мысырға, Өзбекстан мен Арменияға, АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-іздістіру экспедициялары ұйымдастырылды. Нәтижесінде, Қазақстанның тарихы мен этнографиясына қатысты 5 мыңдай қолжазба мен баспа басылымдары табылды.

Қазақ хандығы туралы алғашқы кітаптар. Соңғы жылдары «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары аясында Отан тарихын жаңа көзқарас тұрғысында жазу қолға алынып, еліміздің шынайы тарихын тануға кең жол ашылды. Қаншама іргелі еңбектер, құнды зерттеулер жарық көрді. Осынау игілікті іске жамбылдық ғалымдар мен тарихшылар да үлес қосып келеді. Жақында Жамбыл облыстық ішкі саясат басқармасының «Ақпарат және талдау» орталығы Қазақ хандығының 550 жылдығы мерейтойына арналған «Қазақ болып қалыптасқан ғасырлар» атты кітап шығарды. Қазақ хандығының тұңғыш ту тіккен жері облыс аумағындағы Қозыбасы тауы екені де, мерейтойдың тарихымызды танып-білуге, ел рухын көтеруге, ұлттық мақтанышымызды оятуға бағытталған негізгі шаралар осы облыста өтеді.

Жинаққа енген еңбектердің авторлары – тарихшылардың атасы Мұхаммед Қайдар Дулатидан бастап, қазақ мемлекеттігінің

калыптасуына арналған іргелі еңбектер жазып жүрген кәсіби тарихшы-ғалымдар, зерттеушілер, жазушылар Болат Көмеков, Меруерт Әбусейітова, Клавдия Пищулина, Мекемтас Мырзахметов, Қойшығара Салгарин, Нұргелді Уәли, Уәлихан Калижан, Ислам Жеменей, Сәйден Жолдасбаев, Нұрсан Әлімбаев, Берекет Кәрібаев, Нұрлан Атығай, сондай-ақ, жамбылдықтар Дария Қожамжарова, Асқар Абдуалы, Жанна Сейітқұлова, Елен Әлімжан, тағы басқалар. Қамтыған тақырыптардың ауқымы өте кең. Оқырман Қазақ хандығының қалай құрылғаны, қалыптасуы туралы толыққанды, түпкілікті мәліметтер ала алады, халқымыздың шынайы тарихына қанығады.

«Көне Тараз» жобасы шеңберінде көне Тараздың көне ескерткіштеріне археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілу үстінде. Араларында консервацияға қойылғандары мен реставрация жасалып жатқандары да бар. Ал археологиялық қазба жұмыстарына жетекші археологиялық орталықтар қатысуда.

Мемлекеттілігімізді нығайтуда үлкен рөл атқарған көрнекті қайраткерлердің есімдерін есте қалдыру мақсатында да айтарлықтай істер атқарылғанын айта кетейік. Мәслен, Абылай ханның 300 жылдығы мен Төле бидің 350 жылдығы және Ұлы Абайдың туғанына 170 жыл толуы жоғары мемлекеттік деңгейде атап өтілді.

Айтулы датаға орай, Шымкент қаласында монумент орнатылса, Қарағанды облысындағы Ұлытау ауданында атакты Бұланты шайқасына арналған стела бой көтерді. Қазан айының басында Таразда «Қазақ хандығына – 550 жыл» ұлық монументі салтанатты жағдайда ашылу рәсімі болады.

Ал 11 қыркүйекте барша қазақстандықтар үлкен мәдени шара – кең ауқымды театрландырылған қойылымға куә болды. Ол Қазақ хандығының 550 жылдығына арналды.

«Барыс» жаңа мұз сарайында өткен тарихи шоу өзінің идеяларымен және кең ауқымдылығымен таңғалдырды. Театрландырылған қойылым көшпенділер дәуірі мен заманауи жоғары технологиялар қатар көрініс тапқан оқиғалардың үндестірілуімен ұтымды шықты.

Шоудың тарихи сценарийі негізіне Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабы алынған. Кітапта Елбасының мынадай сөзі

бар: «Тәуелсіздік – барлық қазақстандықтар үшін ең қасиетті құндылық».

Мерекелік қойылым 7 тараудан тұрса, жұртшылық назарына қазақ халқының 3 мың жылдық тарихы мен қазіргі кескін-келбеті қатар ұсынылды. Әр тарауда халқымыздың қалыптасуы мен оның ұлт ретінде пайда болуының тарихи кезеңдері айқын көрінді.

Сөйтіп, Қазақстан Президентінің «Тарих толқынында» кітабы Қазақстан тарихын егжей-тегжейлі ой-таразысынан өткізуге мүмкіндік берді. Мұнда негіз қалаушы қағидат ұлттық сана-сезімде жатқаны айтпай-ақ аңғарылды. Қазақстандық режиссерлер, хореографтар, би және фольклорлық ансамбльдер өздерінің кәсіби шеберліктерінің жоғары деңгейін көрсетті. Сахнадағы барлық іс-әрекеттер ең алдыңғы қатарлы және заманауи технологиялардың қолдауымен жүзеге асты.

Салтанатты шараға еліміздегі ең үздік 3 мың орындаушы – актерлер мен бишілер қатысты. Қазақстанда дәл осындай ауқымдағы қойылым – мереке-думан бұрын-соңды болып көрмеген еді.

Қазақ хандығының 550 жылдығы – бұл еліміз үшін айтулы даталар – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы мен ел Конституциясының 20 жылдығы секілді мерекелермен тұспа-тұс келген тарихи айтулы оқиға. Осы мерейтойлы датаны мерекелеу бастамасын Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев көтерген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ел Үкіметінің арнайы қаулыларымен Республикалық комиссия құрылып, шараны өткізу туралы жоспар бекітілген еді.

Қазақстан тарихы 550 жылдық кезеңмен шектелмейді. Жәнібек хан мен Керей ханнан басталған қазақ хандарының билеу кезеңдері қазақ мемлекеттілігінің бірігуі мен нығаюы жүзеге асқан Тәуке хан билігімен аяқталады. Мұны қазақ халқының 3 мың жылдан астам тарихындағы аса жарқын оқиғалардың бірі деп бағалаған жөн.

Тарих толқыны көне сақтардың, ғұндар мен сарматтардың, Түркі қағанатының, Алтын Орданың, Қазақ хандығының құрылуын және Қазақстанның жаңа тарихи кезеңдерін қамтиды.

Қазақ хандығының 550 жылдығы қазақ халқының бірлігін нығайтуға, патриоттық сезімін оятуға, қоғамды арқаулық

құндылықтар төңірегіне топтастыруға оң ықпал етсе, оның негізінде тәуелсіздік, тұрақтылық, бейбітшілік және келісім жатыр.

Мерейтойлық шараларды өткізу қазақстандықтар бойында тарихымызға, ерлікке толы өткенімізге, дәстүрлерімізге, мәдениетіміз бен еліміздің басқа да мұраларына құрметпен қарау қасиеттерін тәрбиелеуге қызмет ететіні күмәнсіз. Сондай-ақ, жаңа мемлекет құру жолында жалпыхалықтық мақтаныш сезімін қалыптастыру мен ел тағдыры және болашақ ұрпақ тағдыры үшін бірлескен жауапкершілік сезімін оятуда қуатты серпін беретіні анық.

Қазақ хандығының 550 жылдығы – бұл жалпыға ортақ, бүкілхалықтық мереке. Бүкіл еліміз бойынша осы тарихи датаға арналған көптеген іс-шаралар болып өтті. Олар әлі де үлкен ұйымшылдықпен жалғастырылып жатыр. Мерейтойлық шараларды ұйымдастыру мен өткізуге еліміздің барлық азаматтары үлкен белсенділікпен тартылу үстінде.

Қазақ хандығының 550 жылдығын дайындау мен өткізуге Қазақстан халқы Ассамблеясы, Отанымыздың барлық өңірлерінен қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, ғылыми қоғамдастық, жастар белсенді қатысуда. Бұл, әсіресе, Қазақстан халқының тұтастығы мен бірлігі ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі түрде ұтымдылықпен жалғастырылып келе жатқанын айғақтайды.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған негізгі шаралар қыркүйек айының ортасына таман Астанада кең ауқымда аталып өтсе, енді ол алдағы қазан айының алғашқы онкүндігінің соңына қарай Таразда жалғасын тапты. Егер қайталап айтатын болсақ, 11 қыркүйекте Астанада салтанатты жиналыс, мерекелік театрландырылған қойылым, «Қазақ хандығынан – Мәңгілік Елге» деп аталатын халықаралық кітап көрмесі және шетел ғалымдарының қатысуымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік мәслихат өткен болатын.

9 қазанда Тараз қаласында, бұған дейін айтқанымыздай, «Қазақ хандығына – 550 жыл» монументі мен «Көне Тараз» музейінің салтанатты ашылуы болады. Сондай-ақ, «Ұлы Жібек жолы» деген тақырыпта этнофестиваль ұйымдастырылады. Бұған дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақ хандығының 550 жылдығына орай 5 мың мерейтойлық монета шығарған еді. Бұдан бөлек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде

Қазақ хандығының қалыптасу кезеңдерінен сыр шертетін бірқатар кітап жарық көрген-тін. Өңірлерде 700-ден астам шаралар ұйымдастырылса, олардың арасында мерекелік концерттер, республикалық және облыстық ақындар айтысы, музыкалы және әдеби кештер, республикалық, облыстық және аудандық мұражайларда ұйымдастырылған түрлі көрмелер және фестивалдар мен байқаулар, т.б. бар.

Республикалық және облыстық театрларда «Абылай хан», «Қаракерей Қабанбай», «Кенесары-Күнімжан», «Жаужүрек» секілді 50-ден астам қойылымдар мен спектакльдер, «Ұлы Дала аңыздары» балеті, т.б. қойылды.

Жаңа кинокартиналар жарыққа шықты. Отандық кино өндірісі тарихи-драмалық «Қазақ Елі» телесериалын айналымға касса, «Қазақ хандығына – 550 жыл» деректі фильмі, көпсериялы «Қазақ Елі» анимациялық фильмі өмірге жолдама алды. Айтулы мерекелік іс-шаралар елімізден тысқары жерлерде де қанатын кеңге жайды. Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында атқарылған кең ауқымды жұмыстар біздің тарихымыз бен мәдениетімізді әлемдік кеңістікке танытты. Ел Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қол жеткен табыстарымыздың арқасында Отанымыздың беделі мен танымалдылығын нығайта түсті.

11 қыркүйекте Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған тағы бір кең ауқымды шара болды. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен қолға алынған «Ұлы Дала елі» тарихи-мәдени экспедициялары болатын. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау бойынша дәрістер оқылатын республикалық шара еліміздің барлық аумағын қамтуда. Ал еліміздің орталығы мен батысы және шығысы арқылы жүріп келе жатқан экспедициялар 9 қазанда Таразда түйіседі.

Жалпы алғанда, Қазақ хандығының 550 жылдығы Қазақ елін тарихының тамыры мыңжылдықтарға кеткен біртұтас, жұдырықтай жұмылған ұлт ретінде көрсетуде орасан зор елдік маңыз арқалап отыр. Осы орайда, мерейтойлық шаралар ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызды шетелдерде де ілгерілетуде айтарлықтай рөл атқаруда. Қазақстанның елшіліктері мен өкілдіктері Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған 40-тан астам тақырыптық

шаралар ұйымдастырды. Мерейтойлық шаралар Ресейде, Түркияда, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Нидерландта, Польшада, Қытайда, Моңғолияда, Беларусьте және басқа да елдерде болып өтті.

«Еуроньюс», «ЕуразияНэт», «АСЕАН Таймс», «Нодо ди Джордио», «Истанбул таймс», т.б. көптеген жетекші шетелдік БАҚ-тарда Қазақ хандығының тарихына арналған арнайы материалдар жарық көрді. Бірқатар шетелдерде «Қазақ хандығына – 550 жыл» деректі фильмінің тұсаукесері табысты өтті.

2015 жылдың сәуір айында 12 айдан тұратын «550kazakhstan.kz» сайты құрылды. Бұл интернет-ресурсты бүгінде тек қазақстандықтар ғана емес, сондай-ақ, Ресейден, АҚШ-тан, Германиядан, Түркиядан, Польшадан, Қытайдан, Франциядан, т.б. елдерден виртуалды қонақтар зор ықыласпен пайдаланып отыр.

Осы жұмыстардың барлығы Қазақстанның әлемдік аренадағы имиджін нығайтуға оң ықпал ететіні сөзсіз. Бүгінгі таңда Президент Нұрсұлтан Назарбаев тек Қазақ елі ғана емес, түбі бір түгел түркінің көшбасшысы ретінде мойындалған және түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайтуға барынша күш жұмсап жүрген танымал тұлға.

Ұлы Даладағы мемлекеттік дәстүр ғасырдан-ғасырға жалғасып бүгінге жеткен тарихи сабақтасты Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана қаласының активімен өткізген кездесуінде айтқан қазақ мемлекеттігінің тарихы Қазақ хандығынан бастау алатыныны жөніндегі айтқан тұжырымын халық өте жылы қабылдады. Елбасының өз бастамасымен ресми түрдегі бастамасынан кейін Қазақ хандығының 550 жылдығы 2015 жылы елімізде де, шетелдерде де кеңінен аталып, жалғасын тауып келеді. Сондай іс-шаралардың бірегейі биылғы қыркүйек айының 11-і күні Астана төріндегі Тәуелсіздік сарайында өткен салтанатты жиын болды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың терең тамырлы тарихи шындыққа негіздей отырып, Қазақ хандығының 550 жылдығына бағыштаған тағылымы терең аталы сөзі сол жиынға ұлан-байтақ еліміздің барлық аймақтарынан арнайы шақырылған аға буынды ел елеулілері мен қоғам қайраткерлерін ғана тебіrentіп қойған жоқ. Тікелей эфир арқылы бүкіл елге тараған сөз миллиондаған өзге отандастарымыздың да рухын оятып, оның ішінде, әсіресе, бүгінгі жас ұрпақтың патриоттық сезіміне ерекше әсер етті. Сондай-ақ, күллі халықтың жүрегіне жол тапқан жаппай қолдауға ие болған

осы бір ұлы той салтанаты Қазақстанды тағыда әлемге танытты. Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту барысында өткізілген іс- шаралардың тарихи құндылығы өзгеше болды. Халық осы бастаманы бұрын- соңды болып көрмеген деңгейде ерекше шабытпен жылы қабылдап кеңінен қолдады.

Біріншіден, Ұлы Даланың халқы сананы дүр сілкіндіріп жаңғыртқан өз бастаушысын танып, кез-келген құндылықтарды қадірлей білетінін де бірден байқатты. Бұл салтанатты жиынның барысында халықтың қызу қолдауымен толық дәлелденді.

Екіншіден, осыдан бес жарым ғасыр бұрын Қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған батыр бабаларымызға арналған шынайы сөздің бастан-аяқ мемлекеттік тілде айтылуы бүкіл қазақ халқын жігерлендіріп, қанаттандырды. Халықтың жігері мен қуаты ұлттың тілі дәл осылайша қадірленсе ғана биіктейтінін айқын байқатты.

Үшіншіден, Елбасы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойының әдеттегідей той тойлау үшін емес, ең алдымен, батыр бабаларымыздың мәртебелі рухына тағзым ету үшін және тағдыр талайының сан алуан тар жолы мен тайғақ кешулерінен сүрінбей өткен ата тарихымыздан тағылым алу жолында өткізіліп отырғанына ерекше тоқталып, ел назарын осы ұлы іске бұрды. Бұл пікір көптің пікірінен шықты.

Төртіншіден, мемлекет басшысы әдетте ашық айтыла бермейтін еліміздің басыбайлы кезеңіндегі қасіретке толы тағдырына қатысты ащы шындықтың тығынын түгел ағытты. Мәселен, Президент Кеңес Одағы заманында Қазақстан мектептеріндегі жас ұрпақтың тек «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан ғана білім алуға мәжбүр болып, ата тарихынан мүлде алшақтап қалғанын да, сондай-ақ, кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айбынын асырған ұлы хандарымыз бен даңқты батырларымыздың есімдері бірте-бірте ел жадынан өшіріле бастағанын да, іштен шыққан жау жаман демекші, сұркия саясаттың шашбауын көтеріп, өз хандарымызды өзімізге жамандап, өз ішімізден шыққан жандайшаптардың құрметке бөленіп келгенін де, Алматы мен Астана немесе облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде әйгілі хандарымыз бен батырларымызға ескерткіш тұрмақ, олардың атына білім мен мәдениет нысандары ғана емес, тіпті, жалғыз-

жарым көше де бұйырмағанын, оны былай қойғанда, Қазақ хандарының аты атала қалса, оларға үстем тап өкілі деген келенсіз қисынсыз айып таққанын үлкен өкінішпен ашық баяндай отырып, Кеңестік озбыр биліктің жасанды бет пердесін сыдырып тастады.

Президент «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ... Бізге бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орынды мақтан ететін болады... Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан-теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады».

Президенттің терең тебіреністі ұлтжандылықпен, осылайша, ұлы хандарымыз бен батыр бабаларымыздың өшпес рухына халық алдында тағзым етіп, әділ бағасын бергені салтанатты жиынның мәнін арттырып, ұлттық сананы қайта жаңғыртты.

Бесіншіден, Елбасы Ұлы Даланың ел-жұрты тәуелсіздік жолында «мың өліп, мың тірілген» халық екенін, сондай-ақ, Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның, ең алдымен, Мәңгі Ел болуды көксейтін өз мемлекетіміздің киелі бірлігімен егіз екенін тағы бір мәрте еске салды. Батыр бабаларымыздың ынтымағы жарасқан замандарда даңқы асып, керісінше, бас-басына би болып, билікке таласқан кездерінде берекелері мен сиқы қашып, бөлшектеліп кеткенін бүгінгі ұрпақ санасына дөп тигізді. Сосын, бірлік – барлық жеңістердің алтын қайнары, ел қорғағанда күш-қуат берер асқақ айбары, керісінше, алауыздық мемлекеттіктің негізін шайқалтатынын, тағы біраз тарихи шындықты ортаға тастады: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның Ұлы Даласында орнаған арғы дәуірдегі сак, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы Түрік қағандығы, Дешті Қыпшак пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды. Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы әлі қалыптаса қоймаған VI ғасырдың 552 жылы Алтайда Ұлы Түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке-дара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің өз ішінде берекесі кетіп, билікке талас бастағанда,

әуелі батыс және шығыс болып ажырап, кейін оғыз, карлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды. VIII ғасырда тасқа қашалған Күлтегін жазуында: «Алдау мен арбауға арандаған түрік халқы бірлігінен айырылды. Табғаштарға қайсар ұлдары құл, көрікті қыздары күң болды», – деп жазылған». Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев бүкіл әлем ғылымы мойындаған ғұлама тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазба мұраларына сүйене отырып, Қазақ хандығының заманын ат жалында күн кешкен Алаш жұртының қаһармандық дәуірі болғанын үлкен мақтанышпен түйіндеді. Сондай-ақ, Керей мен Жәнібек сұлтандардың 1465 жылы Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығып, Шу мен Таластың арасында Қазақ хандығының алғашқы шаңырағын көтергенін, олардан соң билік құрған Қасым ханның хандықтың іргесін бекітіп, керегесін керегенін, Хақназар ханның ел шекарасын Еділдің бойына дейін кеңейтіп, Тәуекел ханның Түркістан өлкесін түгелдей Қазақ хандығына қаратқанын, сол сияқты, Еңсегей бойлы ер Есім ханның елдің іргесін бекіту жолында қолбасшылығымен танылғанын, Салқам Жәңгір ханның Орбұлақ түбіндегі шайқаста жоңғарларға ойсырата соққы бергенін, Әз Тәуке ханның «Жеті жарғыны» енгізгенін әділетті айшықтай отырып, хандардың көпшілігінің өмірі көбінесе майдан шебінде өткенін, сондықтан да, қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапқанын еске салды. Нақты ғылыми дәйектерге негізделген бұл тарихи тағылым тарихта еш күмән туғызбасы анық.

Алтыншыдан, Астанада өткен салтанатты жиында Қазақ хандығының 550 жылдығын бірге ұлықтауға Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бесінші Саммитіне Президент Назарбаевтың арнайы шақыруымен келген Әзербайжан Республикасының Президенті Илхам Әлиев, Қырғыз Республикасының Президенті Алмазбек Атамбаев, Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының спикері Исмет Йылмаз, Түрікменстан Үкіметінің вице-премьері Сапардұрды Тойлиевтің қатысуы салтанатты жиын мен мәдени шаралардың мәнін арттырып, абыройын асқақтатқаны даусыз.

Жетіншіден, Жаһандану заманында тарихи тағдыр талайының салдарынан бір-бірінен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтарының бүгінгі көшбасшыларының қайта ынтымақ жарастырып, саясатта, экономикада, ғылым мен білімде,

технологияда осылайша өзара ықпалдастық байланыстарды нығайтып жатқанына салтанатты жиынның құрметті қонағы ретінде шақырылған шетелдік тұлғалар мен елшілер де куә болып, ризашылығын білдірді.

Сегізіншіден, салтанатты жиынның ертесіне, Батыс әлемінің бірнеше тілінде тәулік бойы татымды әрі шынайы жаңалықтар тарататын, абырой-атағы биік «EuroNews» телеканалы Астана төрінде өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиын мен мәдени шаралар туралы қысқа да нұсқа хабарды бүкіл әлемге таратты.. Қазақ хандығымен сабақтасып жатқан бүгінгі «Ұлы Дала елі» деген қасиетті есімді иеленіп отырған Қазақ мемлекеттігінің бай тарихынан бүкіл планета халқы да хабардар болды. Қазақ хандығының 550 жылдығы аясында Қазақстан халқының бірлігін паш етуге бағытталған, яғни, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған арнайы «Ұлы Дала елі» экспедициясы Отанымыздың түкпір-түкпірін аралап, жұртшылықпен кездесулер өткізіп, аталған тақырыпта дәрістер оқып жүргенін де айта кетсек, еш артықтығы жоқ. Өйткені, мұнын бәрі өте қажет шаралар.

Қорыта айтқанда, Елбасының ұлағатты дәрісі Ұлы Дала елінің өткен дәуірлердегі тарихы мен бүгінгі болмысын ғана қамтып қоймай, жарқын болашағына да жөн сілтеп тұр. Нақтырақ айтқанда, бұл құжатты Ұлы Дала елінің төл тарихының оқулығы ретінде орта мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары шәкірттерінің деңгейіне сәйкестендіріп, айналымға тезірек енгізу осы заманымыздың ең өзекті мәселесінің ең негізгілерінің бірі болып тұржіберсе артық болмайды

Ұлы даланы ұлықтау ұлағаты. Менің білуімше, біз «Ұлы Дала еліміз» деп саналуымыз керек. Кейбіреулер «Аспанасты еліміз» дейді, кейбіреулер «Күншығыс еліміз» дейді. Біз Ұлы Даланың ұрпағымыз. Осы далада біздің ата-бабамыз даланы сақтап қалған. Қан төгіп, тер төгіп сақтап қалған. Қазақстан мен «Ұлы Дала елі» екеуі қатар жүрсе, дұрыс болады деп ойлаймын! Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінен (Егемен Қазақстан 2015 ж).

Осындай тарихи кезеңде елімізді әлем таныған өркениетті мемлекеттер қатарына қосып, халқымыздың еңсесін көтеріп, мерейін үстем еткен – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз Қазақстанды «Ұлы Дала елі» деп атауды ұсынуы ұлтымызды тағы бір тарихи белеске шығарды. Бұл ұсыныс қазақстандықтармен қоса алыс-жақын шет мемлекеттерде тұратын қандастарымыздың тарапынан да айрықша қолдауға ие болды. Тамырын тереннен алған бұл ерекше атау егемен еліміздің дүниежүзіне бұдан да артық таныла түсуіне, мемлекеттік, ұлттық имиджіміздің көтерілуіне орасан ықпал етпек.

Дүниежүзінде бейресми атауға ие бірқатар мемлекеттер бар. Мысалы, әлем халықтары Англияны – «Тұманды Альбион», Кубаны – «Бостандық аралы», Жапонияны – «Күншығыс елі», Қытайды – «Аспанасты елі», Голландияны – «Қызғалдақтар елі», Кореяны – «Таңғы шық елі» деп біледі. Елбасы өзі атап өткендей біздің елімізге осындай атаулы бренд жетіспейді. Осы идеяны көтерген Мемлекет басшысы: «Біз – Ұлы Даланың баласымыз. Ұлы Дала, көк аспан... Біздің бабалырымыз тәнір деп, жарық пен көк түсінігін ұмытпаған. Біздің Көк туымыздың астары да осында. Біз – Ұлы Даланың балаларымыз. Міне, осы тарихымыз бен жаңа брендті байланыстыра отырып, біз Қазақстанды жаңа Қазақстан ретінде танытуымыз керек», деген келелі ойды ортаға тастады. Осы орайда, Мемлекет басшысы ата-бабаларымыздан аманат-мұра болып қалған, Алтай мен Атырауды, Арқа мен Жетісудың арасында кең көсіліп жатқан ұлан-ғайыр мемлекетіміздің «Ұлы Дала елі» атануына ерекше мазмұн, биік мағына беріп отыр.

Көне тарихи жазбаларға көз жүгіртсек, «Ұлы Дала» ұғымының ежелден бері келе жатқанын аңғарамыз. Бұл атау ғасырлар қойнауынан аршып алынып, бүгінгі күнге дейін жеткен жыр, қисса, дастандарда, түркітілдес халықтар туралы деректерде, орыс әдебиеттерінде, Қытай жазбаларында және Лев Гумилев сынды көрнекті тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде көп кездеседі. Демек, Қазақстанның «Ұлы Дала елі» деген бейресми, қосымша атауға ие болуында тарихи негіз бар. Бұл атау еліміздің географиялық ерекшелігіне сипаттама ғана емес, бұл халқымыздың кеңпейіл дархандығының, мемлекеттік күш-қуатының, айрықша мәртебесі мен Тәуелсіздігінің айнымас символикалық бір нышаны ретінде қабылдануға тиіс. Сондықтан, ендігі кезекте, осы ерекше

атауды өз санамызға сіңіріп қана қоймай, оны дүниежүзі халықтары алдында барынша насихаттап, айшықтауымыз қажет.

Ұлы Дала елі» атауы біздің ұлттық болмысымызды айқындап, идеологиялық бағыттағы іс-шараларымыздың қазығы болуға тиіс деп есептейміз. Елбасының осы бір ерен ұсынысы, әсіресе, халқымыздың Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтіп жатқан кезеңде бастау алуы – бабалар рухының қайта түлеп, жаңғыруы деп қабылдадық. Өркениетті даму жолына түскен мемлекетіміз үшін Қазақ хандығының тойын мағыналы да мәнді етіп өткізуі ең бірінші кезекте өскелең ұрпақ үшін жүзеге асырылып жатқан ауқымды іс. Ұлт тарихы – барша халқымыз үшін ең қадірлі де баға жетпес құндылық. Елбасы бір сөзінде «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ», деген аталы сөзін айтқан болатын. Шындығында, тарих тереңінен Тәуелсіздік биігіне дейінгі аралықта қаншама дәуір алмасып, қаншама тарихи кезеңдер өз таңбасын қалдырды?! Осы орайда, өткен дәуірлердің өр рухын жалау етіп желбіреткен Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі – мемлекетіміздің ерекше қуаты мен еркіндігінің, ұлттық келбеті мен абырой-беделінің, азат рухының нышаны болып табылады. Біздің ата-бабаларымыз егемен ел болуды сан ғасыр армандаған еді. Сол арманға бүгінгі ұрпақтың қолы жетті.

Ұлан-ғайыр даламызда Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрып, ұлы көшімізді оң жолға бастап, еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі болып отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сан ғасырлар бойы бабаларымыз армандап өткен егемендігіміздің туын Ақ Ордасының төріне тігіп, халқының камын ойлаған ел тұтқасына айналды. Тарихи өлшеммен алғанда аз ғана уақыт аралығында Қазақстанды дамыған өркениетті 50 мемлекеттің қатарына қосып, халқын «Нұрлы Жолға» бастап келе жатқан Президентімізді әлем жұртшылығы Ұлы Даланың данасы, Түркі дүниесінің Көшбасшысы деп бағалайтыны сөзсіз.

Ұлы Даланың о шеті мен бұ шеті қаншалықты кең болса, тарихымыз да соншалықты жықпылды да көп қатпарлы. Елбасының қай қазынасының болмасын қақпасын кім көрінгенге аша бермейтін іргедегі Қытай басшылығымен келісіп, шығыстағы Парсы мен Мысырға дейін қазақстандық ғалымдарды ғылыми зерттеу жұмысына жіберіп, шашырап қалған құнды құжаттарды жинатып алып жатқандығы, Ұлы Даланың ұрпағы екендігімізді

ұрпақ жадына сіңірудің бірден- бір негізі. Биылғы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын айтулы да аталы шараға ұластыра білген Елбасы Ұлы Даланың бүгінгі ұландарының санасын бір сілкіндіріп алды. Ұлы Даланың өткеніне бір үңілсін, оның үніне құлақ түрсін деген парасатты ойдан туындады.

Дала бізге кендікті, дарқандықты, жомарттықты, қонақжайлықты, қайырымдылықты үйретті. Осынау қасиеттердің бәрі де әр қазақтың қанында бар. Ұлы Даланы игеру, оған иелік ету қашанда ата-бабаларымызға оңайлыққа түспегені белгілі. Кезінде Қаз дауысты Қазыбек би: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басынан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, Дәм-тұзымызды ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, Анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды каматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ қарпысқалы келгенбіз, Сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітім айт, не тұрысатын жеріңді айт!»- деген сөздері бүгінгі тәуелсіздік алған тұсымызда да жас ұрпақты ұлылардың ұлағатымен тәрбиелеуде тарихи құндылығын жойған жоқ. Ел бірлігі – Ұлы Даланың ұлы бабаларының аманаты! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ел бірлігі – ең асыл қасиет деген пайымды пікірі дала даналығы мен Мәңгілік ел ұлттық идеямызды орнықтырудағы сабақтастық. Біз - далаға қарап сәйгүлігімізді баптап, тауға қарап қыранымызды баптайтын халықпыз! Ұлы Дала! Жазылып жатқан жалпақ кеңістік, жазира жайлау, жусаны мен жуасы бұрқыраған жасыл шалғын мен көлдер, өзендер самал жел, сары сағым. Ұлы Дала! Ұғымы оны ғасырдан ғасырға осы аймақты мекендеген қазақ деген қайсар, қайратты да бейбітсүйгіш халықтың табиғатына тарту, осылай жалғасын тапқан бүгінгі Тәуелсіздік! Қазақстан сынды Ұлы Дала елінің ұрпақтары. Ұлы Дала Тәуелсіздіктің Көк байрағын биікке көтеріп ел экономикасының жақсы жетістіктерімен,

ынтымағы жарасқан халқының мызғымас бірлігімен, жетістіктерімен төрткүл дүниені әліде талай танқалдыратын бүгінгі қазақстандықтардың ұлы ата- мекені Елбасының «Біз Ұлы Даланың ұрпағымыз»- деген тұжырымы, Ұлы Далада өмір сүріп жатқан Қазақстанды, Мәңгілік Елге айландырудың арманы мен мақсатынан туындаған парасатты тұжырымы.

Бүгінгі Қазақстан халқы – бақытты қоғамда өмір сүріп отыр. Біз – бақытты елміз. Өйткені, біз – болашағымызға сенеміз. Біздің жастарымыздың озық білім алып, ғылыммен айналысуына барлық мүмкіндіктер берілген. Біз барлығымыз – бақытты мемлекеттің азаматтарымыз, ата-бабаларымыздан мұра болған «Ұлы Дала елінің» перзентіміз. Терең мазмұнға ие осы құндылықтарды біз кейінгі ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, ой-санасына сіңіруіміз қажет. Мемлекет ұстанған онтайлы саясат барша қазақстандықтардың, әсіресе, ауыл жастарының келешегіне үміт пен сенім ұялатты. Қазіргі уақытта ауыл жастары заманауи озық біліммен қаруланып, еліміздегі жоғары оқу орындарымен қатар, шетелдің беделді университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болуда. Туған тамырынан нәр алған осы жастардың легіне біз дұрыс бағыттағы білім мен тәрбие бере алсақ, олар келешекте біздің ұлттық потенциалымыздың негізгі көрсеткіші болатыны даусыз. Сондықтан, ауылда туып, ата-баба салтынан ажырамай, дәстүрімізді дәріптеп, құндылықтарымызды бойына сіңіріп өскен ұрпақтың болашағын қамтамасыз ету елдік мақсат болып отырғаны даусыз. Ендеше, ата-бабаларымыздың санғасырлық арманын жүзеге асырған бүгінгі Тәуелсіз ұрпақ – Елбасы анықтап берген «Мәңгілік Ел» идеясы төңірегіне жұмылып, «Ұлы Дала елінің» жарқын болашағы үшін аянбауы тиіс деп есептейміз.

Ұлы Дала елінде өмір сүріп жатқан Қазақ хандығының заңды мұрагерлері бүгінгі Тәуелсіз қазақстан үшін тіл мәселесі ең негізгі мәселе. Қазақ тілі қазақ хандығы қалыптасар дәуірде де, оған дейінде, одан кейінде де, бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген тұста да, «Мәңгілік Ел» идеясымен «Ұлы Дала елінің» жарқын болашағы үшін маңызды рөл атқарары сөзсіз. Елбасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Саммитінде әлемдік мінбеден қазақ тілінде сөйледі! Қазақ тілінің әлемге паш етті!

Ұлы Дала елі саналатын тәуелсіз Қазақстан Көшбасшысының дүниежүзінің алдында ана тіліміздің мерейін асқақтатуы – барша

казакстандықтардың мерейін асқақтатты. Әлем құлағы қазақтың қоныр үнін, әуезді дыбыс жүйесін естіді. Ұлтымыздың, елдіктің негізгі белгісі тіл екенін көрдік, басқаларға көрсеттік. Ұлы мереке тұсында, яғни Қазақ хандығының 550 жылдығында ұлы тіліміздің мерейін өсірдік, абыройын асырдық. Ұлтымыздың абыройын көтерген бұл оқиға Қазақстан халқына айтарлықтай серпіліс берді. Саммитте Мемлекет басшысы адамзатты толғандырып жүрген ауқымды мәселелерді қозғап, Ұйымға мүше мемлекет басшыларын әлемдік экономика, экология, діни экстремизм сияқты күн тәртібінен түспей келе жатқан дүниежүзіне ортақ проблемаларды бірлесіп шешу керектігін алға тартты. Мемлекет басшысының Біріккен Ұлттар Ұйымы төрінен қазақ тілінде терең мазмұнды баяндама жасауы егемен еліміздің әлемдік саяси аренада өзінің берік орны айқындалғандығының кезекті дәлелі бола алды. Елбасының бұл ұстанымы, өз елімізде мемлекеттік тілді тиісті дәрежеде қолданбай жүрген жекелеген басшылар мен көптеген ұйым, мекемелерге көрнекті үлгі болуға тиіс деп есептейміз.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың үлкен мінбеден айтқан ұтымды ұсыныстарының ішінде БҰҰ штаб-пәтерін Азияға көшіру идеясы көп талқыланатын тақырыптардың біріне айналдып отыр. Саясаткерлердің топшылауынша, штаб-пәтерге лайық қаланың бірі – Астана қаласы болуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Елбасының бұл батыл ұсынысы Азия құрлығының мәртебесі мен елордамыз – Астананың беделін де арттыра түсті. Осындай елеулі оқиғалар арқылы әлем назары Ұлы Дала еліне бұрылатыны сөзсіз.

Ұлттың қалыптасуында тіл құндылық. Қазақ тілі ұзақ тарихи даму үдерістерін бастан кешірді. Түркістанда «орта түркі кезеңі» деп белгіленген X-XV ғасыр аралығын қамтитын кезең түркі тілдерінің қалыптасу, дамуында айрықша рөл атқарған маңызды дәуір. Көшпелі тайпалардың бірігуі, қыпшақтардың күшеюі, оғыздардың Еуропаға қарай ығысуы этностардың тілінде өз ізін қалдырды. Әртүрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты. Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақ тіліне бейімделіп, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілген. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан,

Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Еуропаға дейін тараған. Моңғол шапқыншылығы жаңа мемлекеттердің пайда болуына алып келгені мәлім. Еуразия кеңістігіндегі елеулі өзгерістер, әсіресе Жошы ұлысының пайда болуы Шығыс Еуропа, Орта Азия және Сібір территорияларын мекендеген көптеген халықтардың қалыптасуы мен дамуында үлкен рөл атқарды. Кейін моңғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі Отаны болды. Бұған әлемдік тарихтан, тарихшылар еңбегінен мысалдар аз емес. Саяси аренада үлес салмағы басым болған қыпшақтардың тілі Жібек жолының бойында халықаралық тіл дәрежесіне жеткен. «Кодекс Куманикус» сияқты сөздіктер қажеттіліктен туындаған. Бүгінгі қазақ тілінің арғы тамыры көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор М.Қашқари болатын. «Диуани лұғат ит-түрік» атты еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін талдап көрсетеді. М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе, XI ғасырда жеке қолданылған «қыпшақ тілі» болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол «қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йаруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі» деп жазады. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар біріктіргені белгілі. Осыған қарап, қыпшақ тілі аралас тіл болды деу негізге келеді.

Қазақ тілі байырғы қыпшақ тілінің заңды жалғасы деуімізге бұл да септігін тигізери сөзсіз. «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, Қазақ хандығы құрылған тұста оған қызмет еткен қазақ тілі де өсіп жетілген болатын. Аз уақытта қыранның қанаты талатын кең даладағы жартылай көшпелі қауымды бір мүдде, бір мақсатқа жұмылдыра алатын күдірет ғасырлар бойы қалыптаса келіп, бір тұтас ұлт тілі ретінде тарих сахнасына шықты. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында әдеби тілдің дәрежесін білдіретін көркем, айшықты сөз орамдар көптеп кездеседі. Мұның өзі ауызша әдеби тілдің тамыры тым әріде жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, осы әдеби тілдің бір ұшы көне түркі дәуірінен үзілмей келе жатқан түркілік жазба әдеби дәстүрде болса керек. XIV ғасырда, Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба ескерткіштер тіліндегі қыпшақтық белгілер, казакы таным-түсінігі көрініп тұрған тұрақты тіркестер, сөз жоқ нақты дәлел бола алады. Қазақ топырағында аңшылықтың тұзақ

құру, қақпаншылық, мергеншілік, ит жүгірту және саятшылық сияқты түрлері бар. Тіл – ұлт – мәдениет үштігінің ажырамас сабақтастығын білдіреді. Ұлттың қалыптасуында тіл басты этностық құндылық. Қоғамда болатын саяси тартыстар, өзгерістер, әртүрлі шиеленістер, өтпелі кезеңдер тұсында халықтың есін жинайтын, сыртқы күштерден қорғанатын ең соңғы ұясы – ұлт. Бір тілде сөйлеп, бір дәстүрде өмір сүріп, бір табақтан ас ішетін кез де осы сәт.

Тіл – ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты, халықтың ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасының жиынтығы. Тіл мен ұлт – біртұтас. Көне тарихи ақпарат, мәдениет, салт-дәстүр кейінгі ұрпаққа тіл арқылы жетеді, тіл ұлтты тұтастандырады, ұйыстырады, тәрбиелейді, кейінгі ұрпақпен сабақтастырады, жалғастырады.

Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққанда оған қызмет еткен тіл – қазақ тілі болды, өйткені, бұл тіл – осы хандықты құраған қаңлы, қыпшақ, алшын, арғын, найман, керей, жалайыр, дулат, үйсін тағы басқа да ру-тайпалар сөйлейтін тіл еді. Қазақ тілі аталған ру-тайпаларды бір-бірімен табыстыратын ұйытқы хандықты құраған күштердің бірі болған. Сонымен қатар, бұл тіл қатынас құралы ғана емес, хандықтағы адамдардың мәдени-рухани талабын өтейтін толыққанды әдеби тіл болды. Тіл бұл сипатқа хандық құрылған кезден бұрындары ие бола бастаған. Өйткені, тіл және оның өзі немесе қарапайым тіл, әдеби тіл, ауызша тіл, жазба тіл деген түрлері бір сәтте, бір жылда пайда болмайтыны белгілі. Әдеби тілдің басты бағасы сөздік қорының бай болуы. Әдеби тіл сол тілде сөйлейтін адамдарды біріктіріп, бөлініп кетуден сақтайтын күш ролін атқарады. Бұл тіл аймақтарға, өлкелерге барлық қолданушыға бірдей түсінікті тіл болуы шарт. Әдеби тіл сөйлеу тілі қатынас құралы болу сипатынан өзгеше, өте көркем, әсем, әсерлі тіл болуы маңызды. Әдеби тіл өлең сөзде поэзияда қолданыс табады. XV-XVIII ғасырлардан бастап аты белгілі ақын-жыраулардың, билердің өлең-жырларына, толғауларына қарап соңғы айтылған белгілерді көреміз. Мысалы, сол дәуірдегі Қазтуған, Асанқайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Шал ақындардың өлең-толғауларында сөз болатын қару жарық, киім-

кешек, жер-су, т.б. атаулары жалаң өзі аталмай, көркем сөздермен сипаттаған.

Сөйтіп, XV-XVII ғасырларда жыраулар мектебі мейлінше дамыған, соған лайық жыр-толғау жанрының бел алған тұсы болды. Бұл кезеңде «шешендік сөздер» қазақ мәдени әлемінің ерекше үлгісі болған. Ал XVIII ғасырда жыраулар дәстүрі әрі қарай жалғаса түсіп, жаңа белгілерге ие бола бастайды. Ол белгілер қазақ поэзиясындағы ақындық мектепке тән амал-тәсілдерге көшу процесін көрсетті. Сондықтан халық арасында XVIII ғасырда, кейде тіпті XIX ғасырдың орта тұсында жасаған кейбір сөз иелерін «ақын» деп те, «жырау» деп те атап кеткені байқалады. Бұл өлең-жыр дүниесіндегі жалғастық пен жаңалықтың айырым-шегін тануға қатысты екендігі белгілі.

Қазақ хандығы дәуіріндегі авторлы, авторсыз өлең, толғау, жырларда қазақ әдеби тілінің біршама тұрақталған жүйелі көркемдік қоймасы қалыптасқан. Сөз етіп отырған ғасырлардағы өлең толғаулардың негізгі тақырыбының бірі – жаугершілік болды. Қазақ хандығы дәуірі осы хандықты, жерін суын сақтап қалу үшін күрескен жаугершілік кезең болғаны белгілі. Шоқан Уәлиханов: «XVII-XVIII ғасырларда азаматы аттан түспеген қан жосыған жылдар болды», - дейді.

XV-XVIII ғасырларда күні бүгінге дейін бізге, қазақтарға әбден таныс айтыс өнері де орын алды. XIX ғасырда айтыс өте жоғары дамыды. Айтыс айналамыздағы өзге жұрттарды таңғалдырып отырғаны белгілі. Мұнда ақын өзінің айтпағын табан астында суырып салып жеткізіп отыруы керек. Қарсылас та осылайша жауап беруі тиіс. Кез келген ақын бұл өнерді алып кете алмайды. Бұған бала кезінен жаттығып, өзін үйреткен сөз зергерлері ғана барады.

Қазақ хандығы сияқты жаңа құрылымның басын 550 жылдан бастап атап отырғанда, ол хандыққа қызмет еткен қазақтың әдеби тілін осы тұстан бастап сөз еттік. Бірақ екеуі бірден, бір сәтте пайда болған жоқ. Әдеби тіл хандықтан әлдеқашан бұрын негізі қаланып, біршама дамып келген болатын. Бірақ, осы тілді танытатын өлеңдер мен жырлар хандық дәуірдің басталуымен сәйкес келеді. Қазақ тілінің хандықты құрып, жариялау барысындағы қызметі ең мықты күштердің бірі болғаны даусыз. Өйткені, бірігіп хандық болып, одақ құрған ру-тайпалар бір тілде сөйлеген болатын. Ал

хандықтың тілге көрсеткен қызмегіне келсек, ол да зор болды. Алдымен, қазақ әдеби тілінің сол кездегі бары мен барысын сақтап, әрі қарай дамытуға мүмкіндік берді. Біз хандық кездегі қазақ тілін танытқанда айтқан пікірлерімізді дәлелдейтін тілдік көрсеткіш мысалдарды XV-XVIII ғасырларда жыраулар мен ақындардың өлең-толғауларынан алып отырмыз. Сөз өнерінің иелері жыраулар мен ақындарды қазақ хандары жоғары бағалап, өздерінің көмекшісі, ақылшысы (сұрқылтайы) етіп отырған. Қазақ тарихында орын алған алғашқы тәуелсіз ел болғанының куәсі – Қазақ хандығын сөз еткенде, бұл хандықтың қазақ әдеби тіліне көрсеткен ықпалы мен қызметін өте жоғары бағалау керек. Қазақ хандығының құрылуы қазақтардың санасына тәуелсіздік идеясын құйып, орнатып кетті. Қазақ хандығы дәурен сүрген тұста қазақтардың санасында орын алған тәуелсіздік идеясының ұшқыны хандықтан кейінгі тарихымызда әлсін-әлсін көрініп қалып отырғанын байқаймыз. Бұған Исатай-Махамбет көтерілісі мен кейбір өлкелерде болып өткен қарсылық толқуларынан бастап, кешегі 1986 жылғы қазақ жастарының Алматы қаласының алаңында жасаған көтерілісі дәлел.

Қазақ хандығына құрылуы мен дамуы, құлдырауының нәтижесі қандай болғаны жөніндегі тарихи тәжірибелері, бүгінгі тәуелсіздігімізді бекіте түсіп, елдігімізді танып, іргемізді бекіту үшін керектігін көрсетіп кетті. Тәуелсіздігімізді нығайтып Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыруымыз үшін, әрі қарай күшті білім-ғылым, мықты экономикалық жағдай, өзге елдермен достық қарым-қатынас, бейбіт саясатты ұстануымыз қажет.

Бұл күнде ең мықты дамыған 30 елдің қатарына қосылу жөнінде жүргізіп жатқан саясатымыз бен іс-әрекеттеріміз тәуелсіздікті нығайтудың бір жолы деп танымыз.

Қоғам да, адам да тарихпен тәрбиеленеді. Биыл Қазақстан Республикасының Ата Заңының 20 жылдығы мерекесі атап өтілді. Зандарымыздың Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы зор ролін атап өтіп жатқан бұқаралық ақпарат құралдары Ата Заңымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан халқымыздың әдет-ғұрыптарының заңды жалғасы екенін айтып түсіндірді. Сонымен қатар «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» Ата Заңымыздың жасалуында зор рол атқарғанын атап өтіп жатты.

Тарих тағылымдарын дұрыс зерделемей қоғамның алға жылжуы мүмкін емес. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жаңа әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістер Қазақстан халқының санасын өзгертті. Яғни, ұлттық сана-сезім, ал сонымен бірге, Отанымыздың шыншыл да ақиқатты ғана айтатын тарихына деген ынта-ықылас та қауырт өсті. Осындай жағдайларда қазақ тарихын қалпына келтіру халықтың тарихи зердесін қайта түлетудің негізі, ұлттық бірлікті қалыптастырудың, азаматтылық пен елді құрметтеуге тәрбиелеудің аса маңызды құндылықтарына айналды. Сондықтанды қазақ хандығының құрылуы саяси мәні бар оқиға. Қазақ елінің егемендікке қол жеткізуі өзінің өткен тарихын объективтілік шындық тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік туғызды. Қазақ хандығының құрылуы тарихын жүйелі түрде зерттеп, Еуразия кеңістігіндегі көшпенділердің ежелден келе жатқан бай мемлекеттілік дәстүрі және дәстүрлі заңды-құқық ескерткіші болғандығын, сол негізде олардың дүниежүзілік өркениетке қосқан өзіндік үлесін анықтау отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналды.

Қазақ хандығының дүниеге келуі, халқының шығу тегімен және қалыптасуымен тығыз байланысты. Мемлекет аумағын мекендеген халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып заңдарын әр қырынан қарастырып, егжей-тегжейлі зерттемейінше, қазақ мемлекетінің басты тарихи кезеңдерін, эволюциясы мен дағдарысқа ұшырауын көз алдымызға келтіре алмаймыз.

Қазақ халқының дәстүрлі заңды-құқық ескерткішіне ерекше назар аударып, Қасым, Есім және Тәуке хандар тұсындағы Қазақ хандығының саяси тарихымен байланыстыра қарастыру аса маңызға ие. Мемлекеттік дәстүр дегеніміз бір мемлекеттің екіншісіне ауысып отыратын мемлекеттік құрылымының принципі мен компоненттерінің жалпы және маңызды белгілерінің тарихи-генетикалық сабақтастығы болып табылады. Еуразия кеңістігінде, оның ішінде, Қазақстан аумағында ерте және орта ғасырларда пайда болып, бірін-бірі ауыстырып отырған мемлекетіміздің қоғамдық құрылысы, институттары, т.б. белгілерінің көп жағдайда өзара ұқсастығы не қайталап отыруы осы тарихи дәстүрдің айқын дәлелі болып табылады. Жоғарыда аталған қазақтың атакты хандары өздері билік құрған кезеңдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, сонау Шыңғыс хан заманында жасалған «Ұлы жасақ»

заңын басшылыққа алғанымен, оған тек заман талабына сай, соған жауап бере алатындай өзгерістер енгізген. Бірнеше мың жыл бойы Еуразия көшпелілерінің ортасында болған қазақ рулары мен тайпаларының өз бетімен мемлекет құрған уақыты XV ғасырдың ортасы екендігі белгілі.

Керей мен Жәнібек хандардың кезінде мемлекеттілік идеясының баянды болуы үшін күрескен қазақ рулары, Жәнібек баласы Қасым хан кезінде де өз жалғасын тапты. Мемлекетті нығайту, заң ережелерін бір қалыпқа немесе бір негізге келтіру, ішкі және сыртқы саяси жағдайға байланысты заңдарды реттеп отыру мәселелері ең басты мәселердің бірі. Әлемдегі кез келген елді алып қарайтын болсақ, ішкі және сыртқы саяси жүйені реттеп отыратын заңдық жүйесі болды. Мысалы, ежелгі Вавилондағы «Хаммурапи заңы», Осман империясындағы «Канун-наме» заңдары, орта ғасырлардағы Еуропалық феодалдық мемлекеттерге тән «Сали шындығы», т.б. Сол сияқты көшпелілер тарихында Шыңғыс хан шығарған «Ясса» («Жасақ») заңы. Осы заңдардың барлығы, нақ сол мемлекетте өмір сүріп жатқан адамдардың қоғамдық қатынасын заманына қарай реттеп отырды.

XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ атын жер жүзіне жеткізген Қасым хан есімі қазақ халқының тарихи санасында мәңгі орын алып, жарты мың жылдан аса сақталып келе жатыр. «Қасым ханның қасқа жолы» – осының куәсі. «Қасқа жол», деп аталатын заң, қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде Қасым хан тұсында жасалған. Оның жасалуы Қасым ханның билігі тұсында Керей, Жәнібек және Бұрындық хандар кезіндегі қазақ қоғамы анағұрлым жоғары сатыға көтерілді. Қазақ халқының этникалық территориясы толығымен біріктірілді. Осының нәтижесінде хандық билік нығайды. Қазақ хандығының жана қалыптасқан жағдайына бұрынғы әдет-ғұрып заңы сай келмеді. Осы аталған себептер «Қасқа жолды» дүниеге әкеледі. Бұл заңның жазбаша мәтіні сақталмағанмен қазақ есінде заң атының жарты мың жыл бойы сақталуы «Қасқа жолдың» қазаққа өте қонымды, қоғамдық қатынастарға үйлесімді болғанын көрсетеді.

«Қасым ханның қасқа жолы» бір ғасырдай өз қызметін атқарған соң, тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, Есім хан билік құрған (1598-1645 жж.) тұста «Есім ханның ескі жолы»

деп аталған заңдық жүйе өмірге келді. Аталған екі заң жүйесі еш өзгеріссіз XVII ғасырдың аяғынан XVIII ғасырдың басына дейін қазақ жұртының игілігіне қызмет етті.

Тәуке хан (1680-1718 жж.) билік құрған кездегі тарихи жағдайға байланысты Заңға жаңа толықтырулар енгізу қажеттілігі туды. Қай кезеңде болмасын уақыт өте келе қолданыстағы заңға уақыт талабына сәйкес өзгеріс енгізіліп отыратыны белгілі. Жесір дауы мен құн дауы туындап екі тарау дүниеге келді. Бұрынғы бес үлкен тарауға осы екі тарау қосылып, «Жеті жарғы» жасалды. Қасым ханның «қасқа жолы», Есім ханның «ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» заңдарын қастерлеп, басшылыққа алған ата-бабаларымыз Қазақ елінде сан ғасырлар бойы ру-ұлысаралық қатынастарды парасатқа жүгініп әділ әрі тура жолмен реттеді. Ел ішінде татулық пен бейбіт өмірді қамтамасыз етті. Бұл істе ислам дінінің де үлкен үлесі болғандығы шындық. Ата-бабаларымыз айтқан «Тәртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді» деген накыл сөзі бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақ хандары ел басқаруда заңдық негіз жасай отырып, елдің бірлігін, татулығын бірінші кезекке қойды. Олардың ел басқарудағы сара жолын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көрегендікпен жалғастыруда. Ұлытау төріндегі сұхбатында: «Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз. Тарих жылы деген жылды жарияладық. Дүние жүзінен – Қытайдан, Ираннан қазақ тарихының жазба жәдігерлерін жинадық. Қазақтың көп дүниелері атадан балаға ауызекі түрде беріліп келген. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз», десе «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында: «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне

тарихтан алатынын көрсетеді», -- деп тарихқа терең үңіледі. Елбасының тарихқа деген құрметін бағалай отырып, ұлттық тарихымызды жастарға танытып, оны дәріптеу жолында бір кісідей еңбек етсек, еліміз мызғымас мемлекетке айналатыны сөзсіз. Тарих өткен өмірді сөз еткенімен бүгінгі және болашаққа қызмет ететіні тәрбиенің ең маңызды, басты құралы.

Біздің Отанымыздың тарихы Қазақстан тарихында ХҮ ғасырдың орны ерекше маңызға ие. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Астана қаласы әкімдігінде сөйлеген сөзінде: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге танымал әрі беделді осы ұғымның қазіргі мағанасындағыдай мемлекет болмаған шығар. Бірақ бұлай деп сол кезенді басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды. Біз бабаларымыздың ісін жалғастырушылармыз»- деп аталған кезеңнің ұлттық құндылығына тоқталды. Дәл осы кезеңде мыңдаған ғасырға созылған этникалық үрдүстер негізінде қалыптасқан казак халқы төл мемлекетін құрды. Тәуелсіздікпен дербестікті сақтап қалудың алғашқы қатал сынақтарына төтеп беріп, халықтың санын аумағын, нығайтудың ірге тасы осы кезеңде қаланды. Сондықтан да Елбасы осы мерзімге ерекше мән беріп, 2014 жылы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында ресми түрде 2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жыл. Қазақ хандығының 550 жылдығын лайықты атап өту жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие екенін атап өтті. Ең бастысы Президенттің Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау бастамасы «Мәңгілік Ел» идеясының ұлттық идеялогияға айналуы қажет екендігін аңғартады.

Халқымыздың ата тегінің таралуын, шығу тегін дәлелдеуде тарихи маңызы зор тарихи құнды шығармалар қатарында шежіренің алатын орны ерекше. Осы бір құнды мәлімет беретін тарихи дерек туралы Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (14.12.2012 ж.) Жолдауында: Ру мен тайпаға бөліну ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі. Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарактын

бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – казак деген ұлтқа барып тіреледі. Қай шежірені алып қарасаңыз да, ол қазақтың бірлігін, тұтастығын әйгілейді. Шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше, біріктіретін ұғым. Барша адамзаттың Адам атадан басталатыны сияқты, бүкіл қазақтың шежіре атаулысы Атам қазақтан бастау алатынын әрбір казак жүрегінің төрінде ұстауға тиіс. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ.- деп шежіренің тарихи құндылығына ерекше тоқталған.

Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туган. Ол халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұскасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Ел арасында өткен өмір тарихын өте жақсы білген “шежіре адамдар” болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің дүниетанымын жете түсінген, аңыз жырларды жадында сақтаған. Егер қазақ мәдениеті біртұтас дейтін болсақ, онда шежірені де осылай қарастыруымыз керек. Яғни, шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, өнер мен ғылым да бар, ал дәстүрлі қазақ мәдениетінен осылардың біреуін жеке дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Қолдағы бар деректерге, тарихшы-ғалымдардың жазған мәліметтеріне сүйене айтатын болсақ, қазақ хандығына дейін талай аласапыран ғасырлар, дәуірлер өткендігін байқаймыз. Жалпы Қазақ сөзі «...көне замандардан байтақ даламызда, алып аймағымызда қоныстанған этникалық тарихы аса күрделі, байырғы тайпалық бірлестіктер қауымдасуының: сонау Сак, Ғұн, Үйсін мемлекеттері Түрік, Түркеш, Қарлұқ дәуірінің, Қыпшақ ұлысы, кейінгі Алтын Орда, Көк Орда, Ноғай Ордаларының құрамна кірген түркітілдес елдер мен жұрттардың топтасқан

«Қазақы» деген сөздің мағынасы батырлықпен, ерлікпен еркін жүру, яғни, Еуропа тілімен айтсақ, «рыцарь» дегенге келеді деп, бірсыпыра ғалымдар болжам жасайды, оған Шоқан да қосылған. Профессор Мұсатай Ақынжанов: бұл – «хас-сак» деген ұғымнан шыққан деген пікірді айтады. Мағынасы – нағыз сақтар.

Сак елі Орталық Азияны біздің жыл санауымыздан бұрын жайлаған жартылай көшпелі, жартылай отырықшы тайпалар одағы екенін көне грек тарихшылары Геродот, Страбон айтып кеткен» Енді бір топ «қазақ» атауын «қаз», «ақ» деген сөздердің қосындысы» дегенді де алға тартады. Қалай десек те «қазақ» атауы көне замандарден бері пайда болғанын аңғарамыз. Қазақ қазақ болғалы небір қилы замандар өтті. Қазақ рулары құрысқан ұлы мемлекеттер жерге, билікке жеке хандардың, қолбасшылардың бүлігінен әлсіреп, сыртқы жаулардың зорлық-зомбылығына айналған замандарда сол тайпалардың бірі Алтайдан шыққан көк түріктер бас көтеріп, шаруасы шайқалған, бірлігі мен ынтымағы ыдыраған ұлыстарды қайта біріктірді. Одан кейін де олар ауыр кезеңдерді бастарынан өткізді. Ұлан-ғайыр жерге ие болып, Мәуреннахр, Моғолстан мемлекетін құрды. Алайда, құрған мемлекеттер Әмір Темірдің тұсында күл-талқаны шығып қирығылды, қайта жанданады. «Өзін «әмір» деп жариялаған Темір қолымен қуыршақ «ханнын» атынан (Шағатай тұқымы) Мәуреннахрға ие болып, күллі Орта Азияны бағындырады. 1388 жылы Хорезм мемлекетін құлатқан соң, күні кеше өзі қызмет еткен Моғолстан әскерін талқандады. 1389, 1391, 1395 жылдары үш дүркін жойқын жорықтардан кейін ол Алтын Орданы да қиратты. Алтын Орданың негізгі халқы – осы күнгі татарлардың, өзбектердің, қазақтардың тағы басқа түркі тайпаларының ата-бабалары болған» Тарихта атақты екі Әбілхайыр хан болған. соның біріншісі, яғни, XV ғасырдың орта тұсында өмір сүрген Әбілхайыр хан Жайық өзенінен Қаратауға дейін созылып жатқан аймақ халқына өз билігін жүргізеді. Тап осы жерде ол тарихқа Көшпенді өзбектер мемлекеті деген атпен өз хандығының негізін сала бастады. Көшпенді өзбек мемлекеті деудің негізгі себебі, Өзбек ханның ұрпағымыз дегенді көрсетсе керек. Алайда, Әбілхайырдың жүргізген ішкі саясаты, туралап айтқанда, қарақшылық саясаты жергілікті халықтың наразылығын туғыза бастады. Соның салдарынан көшпелі өзбектер мемлекеті ақырындап әлсірей бастайды. Ашу-ызасы тасыған көшпелі өзбектер мемлекеті жұртының бір бөлігі Орыс ханның немерелері Керей мен Жәнібектің төңірегіне топтасты. Дәл осы тұста, яғни, қазіргі тарихшы-ғалымдардың тарихи мәліметтерді жан-жақты сараптауы бойынша, 1465 жылы Керей мен Жәнібек өздерінің сөзі

мен ісін қолдайтын өзбек мемлекеті жұртының бір бөлігін, нақтылап айтсақ, 200 мыңдай адамды соңынан ертіп қазіргі Жамбыл облысы Шу атырабының Қозыбасы деген жерінде Моғолстан ханы Есенбұғаның келісімімен Туын тігіп, алғашқы Қазақ хандығын құрды. Қазақ хандығы уақыт өткен сайын нығайып, жерін кеңейтіп, қазаққа тиесілі аймақтарының басым бөлігін өзіне қаратты. Шекаралас аймақтар үшін табандасқан күрес үстінде Қазақ мемлекетінің аумағы қалыптасты. Ол Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қоныс аударып келген қазақ рутайпаларын ғана емес, сондай-ақ, Жетісу алқаптарын, Алатаудың бөктерін ежелден мекен еткен тайпаларды біріктірді. Биліктің Керей мен Жәнібектің қолына өтуі «көшпелі өзбектер мемлекетіндегі» саяси жағдай өзгермегенімен, бұл оқиға «көшпелі өзбектер атының» Дешті-Қыпшақ болып өзгеруіне ықпал етті. Сөйтіп, Жетісу өңіріне қоныс аударған адамдар Өзбек ұлысында «қазақтар» деп атала бастады. Бұл атау XV ғасырдың ортасынан ауған шақта Жетісу өңірін мекен еткен түркі тайпалары бір этникалық топқа біріге келе, қазақ халқын құрады. Бұл бағытта, сөз жоқ, Керей хан мен Жәнібек ханның еңбегі зор деп бағаланады. Қазақ хандығы дәуірі кезені XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығын қамтиды Қазақ хандығының негізін қалаған тұлғалар- Керей мен Жәнібек сұлтандар, Ақ Орданың әйгілі билеушісі (Ұрыс Орыс,Өріс) ханның ұрпақтары болатын. Үш жарым ғасырдан астам өмір сүрген Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде екі үлкен тарихи кезеңге бөлінеді.

Біріншісі - бір орталықтан басқарылған кезең.

Екіншісі - бытыраңқылық кезең 1715- 1824 жылдар аралығын қамтиды.

Бірінші кезең қазақ хандығы құрылғаннан 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңнің ерекшелігі хандықты құрушы қазақ тайпаларының бірлігі мен ынтымақтастығының ең басты рөл атқаруы. Ең бастысы ел басына күн туған жаугершілік заманда Керей мен Жәнібектің ел басқарудағы саясатының дұрыстығы. Ұлы ойшыл әл Фараби мемлекеттік қайраткерлер туралы: «Жанды емдеуші әмірші деп аталатын мемлекеттік қайраткердің міндетіне жатады. Мемлекеттік қайраткер басқару өнері арқылы, әмірші ел билеу өнері арқылы, бұл өнерді қай жерде кімге қолдану керектігін және оның қандай

түрін қамтамасыз ету керектігін анықтайды.» (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы А. «Рауан» 1994 ж. 109 б.). десе халқымыздың мақтанышы ұлы Абай кара халық билеуші қайда бастаса ол сонда халықты шынға шығаратын да, орға құлататын да көп жағдайда бірінші басшыға байланысты деп баға берген. Мемлекеттің бірінші басшысы ретінде Керей мен Жәнібектің жүргізген саясаты хандықты құрушы қазақ рулары арасында кең қолдау тапты. Көшпелі өзбек ұлысының ханы Әбілхайырдың әділетсіздігіне наразылық білдірген - Керей мен Жәнібек сондарынан ерген халқымен Моғолстанға келіп жаңа мемекеттік құрылымның негізін қалауға мүмкіндік алды. Орта ғасырлық тарихшы Мырза Мұхаммет Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде «...сол заманда Дешті Қыпшақты даласына Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы ол әулетінен шыққан сұлтандарды көп мазалады. Керей мен Жәнібек сұлтандар одан қашып кетті. Есенбұға хан оларды шын ықыласымен қарсы алып, Жетенің батыс жағындағы Шу манын және Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Соғыс салдарынан зардап шеккен жұрттың көп бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Олардың төңіргіне жиналғандардың саны 200 мың адамға жетті. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталады, бәрін де бір Алла біледі»- деп жазды (Мырза Мұхаммет Хайдар «Тарих-и Рашиди 190 б және басқа беттер.)

Қазақ хандығының пайда болуы тарихи - объективті құбылыс. Оның түп – тамыры сақтар дәстүріне, одан бергі ғұн, үйсін және байырғы түркі қағанатарына барып тіреледі.

Ұлттық мемлекетіміздің тарихын қазақ хандығынан бастау керектігін кезінде Шоқанда қолдаған. Ол қырғыздар аңызы бойынша өзінің ханы деп, Барактың ұлы Жәнібек ханды санайды, Жәнібек хан Жошы ұрпағынан шыққан қазақтардың алғашқы ханы болды....Жәнібектің басқару уақыты ноғайлар мен қазақтар бірге болған уақытында қырғыз дастандарында алтын ғасыр деп аталады. Жиренше шешеннің, әз Жәнібектің, Асан қайғының адамгершілікке байланысты нақыл сөздері мен ойлары осы уақытқа жатады», - деп жазды. Шоқан «қазақ шежіресі деген еңбегінде қазақ халқының даму ерекшелігіне сай, ел арасына кең

тараған тарихи деректер аңыз дастандардың тарихи құндылығы зор екендігіне тоқталған. (Қ. Атабаев Деректану А. «Қазақ тарихы 2007ж. 52 бет/)

Жаңа мемлекеттің ұлттық сипаттағы құрылуының басты белгісі мемлекеттің қазақ хандығы деп аталуы. 1465-66 жылдан 1715 жылы Тәуке хан дүниеден өткенше, екі жарым ғасыр ішінде қазақ хандығын 15 билеуші басқарды. Ұлттық мемлекеттің орнығуы мен нығаюы барысында билік жүйесі қалыптасты. Заң шығарушы және атқарушы билік хан қолына шоғырланды. Бас қолбасшы міндетінде хан атқарды. Ханның атқарушы және заң шығару мәртебесін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» «Әз-Тәукенің Жеті жарғысы» сынды заңнамалық актілер анықтайды. Бұлар мемлекеттің өмірі мен саясаты мен өмірін реттеуші саяси құжаттар болды. Заңдар негізінен сан ғасырлық қалыптасқан әдет-ғұрыптарды басшылыққа алумен жасалды. Мәтіндері сақталмасадан қазақтың ауызша тарих ақпараты бойынша «Қасым ханның қасқа жолы» меншікті қорғауға, қылмыспен күреске, ел қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елшілік байланыстарды дамытуға арналған. Қасым ханның тұсындағы Қазақ хандығы алғаш рет көрші ел Мәскеу мемлекетімен (оның князі Василий III билік құрған жылдары 1505-1533) дипломатиялық байланыс орнатты., Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының дамуы ілгерілей бергендігі байқалады. Атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ хандығы мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдыретті ешкім болған емес» деп жазған. Бұрыннан айтылып келе жатқан: «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» деген сөз тегін айтылмаса керек.«Есім ханның ескі жолында» алдыңғы заңды бұзғандар нақтыланды. «Жеті Жарғыда» әкімшілік қылмыстық құқтар жүйеленді. Салық дін, тәрбие, сот шешімі, т.б мәселелер заңдастырылды. Қасым хан қайтыс болған соң оның артындағы ұрпақтары тақ тартысына түсіп, біршама уақыт Қазақ хандығы әлсіреді. Алайда, Қасым ханның баласы Хакназар (кейбір деректерде Ақназар) билікке келген тұста хандық қайта өрлейді. 42 жыл бойы тақтан түспеген Хакназар хан қырғыз, қазақтың патшасы атанады. Тарихи деректерге сүйене айтатын болсақ, дәл осы Хакназар ханның тұсында Ноғай ордасы ыдырап, ондағы тайпалар – қаңлылар, қыпшақтар және Кіші жүз – Алшын

одағындағы тайпалар түгелімен Қазақ хандығына қосылғаны мәлім.

Қазақ хандығындағы билік жүйесінде билер ханнан кейінгі орында тұрды. Мұндай мәртебеге халықтың тарихымен әдет-ғұрпын толық игерген, сөзге шешен, әділдігімен тапқырлығымен ерекше көзге түскен тұлғалар көтерілді. Қазтуған, Жиенбет, Төле, Қазбек, Әйтсеке билер осындай тұлғалар. Қазақ хандығының өткен тарихын қарастырғанда сол заманның куәгерлері болған, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңі баяндалған жыраулар мен акындардың еңбектерін қолданудың маңызы зор.

Кенес дәуірінде «рушылдық», «жершілдік», «ұлтшылдық», көріністер ретінде сыналған ауызша тарих айту дәстүріне тыйым салынып, жеті атадан тарайтын қазақтың тарихи кестесі бұзылды. Сөйтіп, әке өз баласына бұрынғы бабабаларының кім болғаныны айтып, жеткізуден қорқатын заманды қалыптастырып қазақ тарихына киянат жасалып, оның рухани бай мұралары болып табылатын әдет-ғұрып, салт-сана дәстүріне шек келтірілді. Бүгінгі ұрпақ тоталитарлық кезеңдегі қазақ халқының рухани бай мұрасына қарсы бағытталған жүйелі түрде жоспарланған науқан жүргізілгенін өкінішпен еске аламыз. Қазақ хандығы дәуірінің куәгерлері болған, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңдері баяндалған жыраулар мен акындардың еңбектерін жан-жақты оқып үйренудің мемлекет тарихын оқып үйренуде тарихи маңызы зор. Өкінішке орай кенестік әміршілдік – әкімшілдік жүйе мен тоталитарлық билік нығайған жылдары халқымыздың тарихында айрықша маңызға ие болған дәл осы мәселені зерттеуге тыйым салды. Нақтылап айтсақ 1947 ж. 21 қаңтардағы «Қазақ КСР Ғылым Академиясының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер» -деген қаулы шығарылды. Қаралған мәселе Қазақ халқының революцияға дейінгі рухани мұрасын ғылыми зерттеуге тыйым салынды. Осы кезеңге дейінгі ол туралы зерттеушілер ұлтшыл, деп жарияланып олардың көзқарастарында ғылымға жат тұжырымдар толы деп жарияланды. (Бекмаханов Е.Б. Заявление секретария ЦК КПСС . 15 июля 1953 г.)

Осы тұста «Идеялық саяси қате жіберілген» еңбектер тізімі жасалынып жойылды. Олардың қатарында «Батырлар жыры» (1940), «Айтыс» т.б халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары бар. Қазақ хандығы дәуірінің куәгерлері

болған, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңдері баяндалған жыраулар мен акындардың еңбектерін жан-жақты оқып үйренудің мемлекеттіліктің тарихын оқып үйренуде тарихи маңызы зор. Керей мен Жәнібек сұлтандар құрған Қазақ хандығы алғашқы екі жарым ғасыр бойы нығайды. ХҮІ ғасырға таман Қазақ хандығы және «қазақ» этнонимі Еуразияның кең даласына кеңінен танымал болды. «Қазақ» этнонимі түркілік шығу тегі бар атауға жатады. ХҮ ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына шыққан дербес қазақ хандығы қысқа мерзімде шағын ғана көшпелі елден Орталық Азиядағы халқы көп кең байтақ іргелі мемлекетке айналды. Қазақ хандығының тарихи маңызы зор. Керей мен Жәнібек хандардан бастап Тәуке хан дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақ хандығы тәуелсіздікті сақтау, аймақтың ұлғаюы, биліктің тұрақталуы, заңның әділдігі мен қолданылуы, жеке тұлғаның тарихтағы рөлі, елдің бәсекеге қабілеттілігі, тұрғысында жана биік сатыға көтеріле алды. Оның айқын дәлелі мыналар жатады:

- осынау жаугершілік заманда қазақ хандығы бір сәтке тәуелсіздігінен айырылған жоқ. Бұл кезеңдеде ел басына күн туған кездер аз болған жоқ.

- Жаңа хандық құрылып тәуелсіз дербес ел болумен қазақ халқының қалыптасу процесі түпкілікті аяқталды. Қазақтың тілі, мінезі, әдет-ғұрпы, рулық тайпалық құрылымы бітім болмысы дараланып Қазақ мемлекеті деген елдің дараланған тұсы осы тұс.

- Осы кезеңде мемлекеттің ұлан-ғайыр жері анықталып шекаралары бекемделе бастады, қазақ хандығы халықаралық танымал мемлекет дәрежесіне көтерілді;

- Мемлекет пен құқықтық қарым қатынас реттеліп мемлекет өмірі Дала демократиясы арнасына түсірілді. Бір орталықтан басқарылған дәуірде 253 жыл ішінде 15 қазақ ханы билік басында отырған..

Мемлекеттің құрылуы қазақ халқының қалыптасуын қамтамасыз етті.

Әке тағына отырған Жәңгір ханның ұлы Тәуке хан (1680-1718 жылдары) билік құрды. Тәуке хан өзінің «Жеті жарғысымен» тарихта ізі қалды. Ол «Жеті жарғы» арқылы қазақ халқының бірлігі мен ынтымағын арттыруға ерекше мән берді. Тәуке хан Түркістан қаласын Қазақ хандығының астанасы етті. Оның тұсында Хан кеңесі, Билер кеңесі құрылып, жұмыс істеді. Бұл мемлекеттік

органдардың құрылымы деп саналады. Жыл сайын Ташкент маңындағы Күлтөбеде Үш жүздің басшыларының жиынын өткізіп тұру дәстүрге айналды. Үш жүздің әйгілі билерінің (Төле, Қазыбек, Әйтеке) қатысуымен түрлі дау-дамайлар қарастырылды. Билер хандықты басқаруға, заң шығаруға, сот ісіне араласуға мүмкіндігі туа бастады. Тәуке хан тұсында іргедегі Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынас жолға қойылды, сауда байланыстары дамыды.

Екіншісі - бытыраңқылық кезең. 1715-1824 жылдар аралығын қамтиды.

Кіші жүз ханы Әбілхайыр алғаш Кіші жүз әскерінің қолбасшысы, кейін, яғни, 1710 жылы Қарақорымдағы халықтық құрылтайда Кіші жүздің және Орта жүздің бір бөлігінің ханы болып жарияланды. Ол жастайынан батылдығымен танылып, дарынды әскербасы болды. 1726 жылы Үш жүздің қазақтары бас қосқан құрылтайда билер мен батырлар бірауыздан Әбілхайырды Қазақ хандығы әскерінің бас қолбасшысы етіп сайлады. Тарихта әскербасы болып сайланған ол қарауындағы сарбаздарына соғысудың небір айла-тәсілдерін үйретумен, олардың рухын, жігерін көтерумен тынымсыз еңбек еткендігі, соның нәтижесінде Ұлытаудағы, Балқаштың оңтүстік-шығысындағы елді-мекендерді жау құрсауынан құтқарып, жоңғарларды аяусыз қырғандығы туралы жақсы айтылады. 2013 жылы Көкшетау қаласындағы «Мир печати» баспасынан жарық көрген «Қазақ хандары және олардың ұрпақтары» атты кітаптың 37-бетінде: «1729 жылы аса танымал емес Болат хан қайтыс болады. Қазақ таңдаулылары марқұм Болаттың баласы Әбілмәмбетті жаңа хан етіп сайлайды. Аттан түсірілген Әбілхайыр өзін қорланғандай, жәбірленгендей сезінді және атаққұмарлығы басым адам болғандықтан, жауап қадамын жасады. Ол жаңа ханның пайдасына бас қолбасшылық лауазымынан бас тартты да, өзінің жасағымен Кіші жүзге қайтып оралды» делінген. Осыдан соң Үш жүздің біріктірілген әскерлерінің берекесі кетіп, ыдырай бастаған. Біртұтас қазақтың әскері ыдыраған соң, әр жүздің адамдары жаудан өздерінше қорғануға тура келді. Әбілхайыр хан бастаған Кіші жүздің қазақтары да жоңғарлардан қорғандықтан әбден қалжыраған соң Ресей патшалығына қарауға мәжбүр болады. Бұл 1731 жылдың көктемі еді.

1715 жылғы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін басталған алауыздықпен билікке таласқан билеушілердің арасындағы өз-ара келіспеушіліктен туған талас-тартыстан кейінгі хандықты жат жерлік басқыншылардың жаулап алу кезеңінен басталып, ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде Ресей билігі алдыменен Орта жүзде (1822), содан кейін Кіші жүзде (1824) хандық билікті жойды.

Жоңғариямен соғыс қазақ мемлекетінің әлеуметтік саяси экномикалық негіздерін әлсіретті. Үш жүздің аға хан орнына талас мемлекеттің тұрақтылығына өз зардабын тигізді. Ұзақ жылдарға созылған жоңғарлармен болған Отан соғысының соңына таман іргелі мемлекеттің бірімен әскери одақ болуға ұмтылыс (ресей, қытай) орыс патшалығына бодан болумен аяқталды. Ресейдің қазақ жерін отарлау саясаты бірнеше бағыттармен жүзеге асырылды. Алғаш бейбіт елшіліктер алмасу арқылы отарлау басталды. Екінші кезеңде әскери бекіністер салу арқылы отарлауды жүзеге асыра бастады. Үшінші кезеңде хандық билікті жойып ресейлік отаршылар саясатын нығайту бағытындағы реформалар жүргізу бұл саясатының ең бастысы болды. Төртінші кезең әскери күш қолдану арқылы отарлау басталды. Оңтүстіктегі Ұлы Жүзді қосып алу тікелей әскери күш қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекет билігі атауы хандық басқару жойылып бүкіл қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі - деп жарияланды. Мемлекет тарихындағы осы екі кезеңнің тарихи сабақтары қандай? - деген заңды сұрақ туады. Ең бастысы елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы. Ел бірлігі - біздің барша табыстарымыздың кілті.

Қазақ хандығы 1465 жылғы құрылған кезеңнен Тәуке хан қайтыс болған кезеңге дейін ел болып жұмылды, бар мақсат жана құрылған мемлекетті анталаған сыртқы жаулардан сақтап қалу, одан әрі дамыту, нығайту болды. Бұл идея тек бірлікте ғана мүмкін болатынын сол тұстағы мемлекеттің әрбір мүшесі жақсы түсінді. Осы идея ұлттық идеяға айналды ол нәтижесін берді. Қазақ хандығы өз дәуірінде орнығып танымал мемлекетке айналды. Ішкі сыртқы саясатта көрші мемлекеттер онымен санасатын болды. Ал Тәуке ханың билігі соңындағы қалыптасқын саяси жағдайға байланысты орын алған саяси бытыранқылық хандықтың жойылып

бодан болумен аяқталды. Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Барша Қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы! Отанды сүйу - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін - Елдің бірлігі. Ауызбірлігі жоқ алауыздық орын алған елде жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. «Мәңгілік Ел»- идеясын қайта жаңғырту арқылы қазақ мемлекеті өзін баяғы Дала империясының мұрагері ретінде көне мелекеттің дәсүрін жалғастырады «Мәңгілік Ел»- ұлттық идеясы қазіргі қазақ ұлтының мақсат мүддесіне және Қазақстанды ортақ Отан еткен жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген жасампаз идеология. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы басты мұратымыз.

Қазақ мемлекеттігін сақтау, ел тәуелсіздігі жолындағы қайсарлықтың, өжеттіктің, батырлықтың нағыз үлгісін көрсеткен тарихи тұлғаларымыздың, хан-билеріміздің, батыр бабаларымыздың рухына тағзым етеміз. Олардың қиын-қыстау кезеңдерді, мазасыз уақыттарды бастарынан өткізе жүріп, Қазақ хандығының басқару жүйесін жетілдіру арқылы сол тұста өмір сүрген ұрпақтардың, қазіргі тілмен айтқанда, патриоттық (ұлттық) сезімін жоғары деңгейде ұстата білуінің нәтижесінде бүгінгі шекарамыз айқындалып, Қазақ мемлекеті қалыптасты. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістіктеріміз нәтижесінде әлемге танымал мемлекетке айналдық. Бүгін Елбасының бастамасымен жаңа қазақстандық патриотизм қалыптасып, Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы өмірге қайта келді. Мұның өзі Керей мен Жәнібектің қазақ хандығын құру идеясының Мәңгілік Ел идеясымен сабақтастығын білдіреді.

3.3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЛАЙЫҚТЫ НАСИХАТТАУ МЕН ОҚЫТУ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН МӘҢГІЛІК ЕЛ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Тарихымызды түгендеу жолында Қазақстан тарихшыларының атқарып келе жатқан жұмысы ауқымды. Соның тағы бір дәлеліндей, Қазақ хандығының 550 жылдығына, Ата Занымыздың, Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толуына орай, еліміздің мемлекеттік маңызы бар орталықтарында облыс орталықтарында, оқу орындарында, республикалық халықаралық конференциялардың өткізілуі. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Конституциялық құрылымның мәселелері және Елбасының рөлі» атты Қазақстан тарихшыларының III конгресі болды. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары елімізге танымал тағы басқа азаматтар, шетел ғалымдары қатысты.

Қазақстан тарихшыларының III конгресі «Н.Ә.Назарбаев және Қазақстанның конституциялық реформалары», «Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы Археология. Этнология», «Жаңа және қазіргі заман Қазақстан тарихы», «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» атты төрт секция бойынша жұмыс істеді. Пленарлық мәжілістегі негізгі баяндаманы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Ерлан Сыдықов, Тарих және этнология институтының директоры Хангелді Әбжанов, Мемлекет тарихы институтының директоры Аяған Бүркітбай, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті төрағасының орынбасары Амандық Төлешов, Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының директоры Бауыржан Байтанаев, белгілі академик Болат Көмеков, тағы басқалар жасады. Тағы бір елеулі іс «Қазақстан тарихшылары конгресінің кітапханасы» сериясымен жарық көрген Ә.Бөкейханның «Қазақтар», Қ.Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан», С.Сыздықовтың «Қарлық-Қарахан мемлекеті», «Қарқаралы-Қазылық», Қ.Салғараұлының «Жер жаһанда арғы атаның ізі бар» өзге де ұлт тарихынан мол мағлұмат беретіні іргелі еңбектердің тұсаукесер рәсімі өтті.

Жиында Қазақстан тарихшылары ұлттық конгресінің төрағасы Ерлан Сыдықов: «...Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы дала елі» идеясы мемлекеттілігіміздің ұлылығы мен көшпенділердің дамуын еске салып қоймайды, мемлекетімізді өзге елдерден ерекшелеп, халықаралық деңгейде бедел қалыптастырады», деп

алдағы уақытта Елбасы идеясын қолдай отырып, «Ұлы Дала тарихы» оқулықтары мен монографиялары, ағылшын тіліндегі «Ұлы Дала» халықаралық журналын шығару, 2016 жылы «Ұлы Дала және Еуразия халқының тарихи тағдыры» атауымен халықаралық форум өткізу керектігін назарға салды. Ғылыми жобалар мен диссертациялық зерттеулер тақырыбын да көне сұрлеуден арылтып кешегі сақ және ғұн кезеңдеріне табанды түрде бет бұру, бұл еңбектер мемлекеттілігіміздің беделін бекемдей түсетінін және тарих ғылымының дамуына үлес қосатынын алға тарта келіп, Қазақстан тарихшылары ұлттық конгресінің жеке медалін шығару қажеттігін де атап өтті.

Н.Ә.Назарбаевтың әр жылдары Отан тарихына қатысты айтқан ойлары мен тұжырымдары зерттеушілер үшін негіз бола алады. Тәуелсіздік алған кезеңнен бері Мемлекет басшысы әртүрлі жиындар мен басқосуларда, елдік маңызы бар мерекелерде Отан тарихының түрлі мәселелеріне байланысты ойларын айтқаны белгілі. Ал сол айтылған ойлар мен тұжырымдардың жүйелі түрдегі жиынтығы, сондай-ақ, жалпы Отан тарихының ең өзекті мәселелеріне қатысты көзқарастары оның 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты кітабында баяндалады.

Елбасы аталған еңбекте Қазақ хандығының құрылуы және оның маңызы жөнінде «Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихы үшін белесті кезең болды», деген тұжырым жасаған.

Қазақ хандығының құрылуымен XV ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан тарихында жаңа тарихи дәуір басталды. Ол – Қазақ хандығы дәуірі. Қазақ елінің XV-XVIII ғасырлардағы тарихы осы хандық дәуірге жатады. XV-XVIII ғасырлар аралығын камтыған Қазақ хандығы дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Осы дәуірде ұлттық сана өсіп, халықтың өзіндік, өзіне тән ерекшеліктері айқындалады. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи дәуірде өмір сүрді. Елбасы осы еңбегінде: «Қазақ хандығының құрылуының саяси және қоғамдық мән-маңызына оның Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығында жатыр»-- деп баға берген. XIII ғасыр басына дейін еліміздің аумағындағы этностық үрдістер халықтық деңгейге жакындап, біртұтас ортақ этникалық кеңістік қалыптасты. XI

ғасырда құрылған Қыпшақ хандығы XII ғасырдың ортасынан бастап ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде бытыраңқылыққа ұшырады. Жазба деректерде Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы ортақ атаумен қыпшақтар деп аталынса, XIV ғасырдың ортасынан бастап, оны «өзбектер» атауы ығыстырып шығарды. Ал Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары үшін «қазақ» атауы колданыла бастады. Бұл этноним Қазақстан аумағындағы бір халықтың қалыптасуының аяқталғандығын көрсетеді.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этностық үрдістің сабақтастығымен жаңа белес қазақ халқының халық болып қалыптасуыны жағдай жасады.

Жалпы, «қазақ» сөзі шығуының түп-төркіні мен мән-мағынасына байланысты, «қазақ» атауының қай кезден бастап халық атауы ретінде колданыла бастағаны жөнінде әлі күнге дейін қарама-қайшылықты пікірлер бар. XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қатар, этностық мәнге ие болған қазақ сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай, еліміздің негізгі, мемлекет құраушы халқының атауы ретінде колданылып келе жатыр.

XI ғасырда қыпшақ тайпаларынан шыққан әулет билігінің орнауы «Дешті Қыпшақ» – «Қыпшақ даласы» деген ұғымды енгізгені белгілі. Ал Қазақ хандығының өмірге келуі «Қазақ Елі» ұғымын дүниеге келтірді. Осы ұғым XVI ғасырдың басынан алғаш рет жазба деректерде кездесе бастап, одан кейін қалыптасқан халықтық ұғым ретінде кеңінен колданысқа түсіп орнықты. Тарихта тұңғыш рет қазақ деген атауға ие болып орнығып, даму кезеңдерінен өтіп, түпкілікті қалыптасқан қазақ хандығының құрылуының бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан үшін тарихи құндылығы өте зор.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (14.12.2012 ж.) Жолдауында, еліміздің «Мәңгілік Ел» болу жолындағы ұлы мұратын ұсынды. Қазақстан XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс екенін мәлімдеді. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің,

ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Шынында да бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз. Алға қойған осы міндеттердің оң бағытта шешілуінде қазақстандағы патриотизм қандай сипатта болуы керек? - деген заңды сұрақ туады. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі. Президенттің осы жолдауындағы ең маңызды бағыттардың бірі Жаңа Қазақстандық Патриотизм идеясы. «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жана қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтанш сезімін ұялатады. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» (14.12. 2012 ж. Жолдауынан) деп қорытынды жасады. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Бұл Елбасы айтқандай Жаңа Қазақстандық Патриотизм орныққанда ғана жүзеге асады. Қазақ хандығының 550 жылдығын ел болып атап өтуіміз, Президент ұсынған осы «Мәңгілік Ел» идеясының іске асуының бір көрінісі. Тарихта тұңғыш рет қазақ деген атау алып құрылған мемлекеттің негізі 1465 жылы құрылды. Бүгінгі таңда осы айтулы ұлы датаны Қазақстан атауына ие болып отырған, Тәуелсіз Қазақстан бүкіл ел болып дүниежүзілік деңгейде атап өтті. Осы тұрғыда бүгінгі таңда Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі ең маңызды мәселе. Бұл туралы 1989 жылғы «Тіл туралы Заңда және 1995 жылғы Ата Заңымызда «Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, ал орыс тілі ұлт аралық қатынас тілі деп көрсетілген. Президент Н.Ә.Н «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Жолдауында (14.12. 2012 ж.) «Тағы да қайталап айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады. Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарамайық. Тіл

Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Бұл үшін тіл саясатын сауатты және дәйекті, қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір тілге қысым жасамай жүргізу керек. Сіздер біздің саясатымыз туралы – 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс екендігін білесіздер»- деп Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екеніне ерекше тоқталды. Бұл ұлттық идеямыз Мәңгілік Елдің орнығуында басы ашылған мәселе болды. Сонымен қатар Елбасы осы жолдауында Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналатынын нақты ескертті. Тәуелсіздігін алған тұста еліміздегі қазақтың саны 6,8 миллион немесе 41% болса, қазір 11 миллионға жетіп, 65 %-дан асты. Қазақтың саны 4 миллионға артты. Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді.

Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз. Осы ұлы идеяның табысты жүзеге асуында ұлттық интеллигенцияның қызметінің рөлі ерекше. Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер, экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие. Біздің қоғамымыздың қазіргі көзқарастарының негізін дәл осы интеллигенция беруі керек. Интеллигенция қалыптасқан мемлекет кезеңінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс. Ұлттық интеллигенцияның қажырлыда табанды еңбегі нәтижесінде қазақ хадығының негізін салған, дәуірлердегі оны қалыптастырып дамытқан және өз заманымыздың жаңа қаһармандары өмірімен байланыстырып жас ұрпақ жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленеді. Сондықтанда Елбасы: «Интеллигенция менің пайымдауымдағы Қазақстан-2050 Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальді, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс. Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. Бүкілқазақстандық бірегейлік біздің халқымыздың тарихи санасының өзегіне айналуға тиіс. Бүгінде кез келген этносқа

жататын немесе дінді ұстанатын қазақстандық – өз елінің тең құқықты азаматы. Қазақ халқы және мемлекеттік тіл даму үстіндегі қазақстандық азаматтық тұтастықтың біріктіруші ұйытқысы болып келеді. Біз: «Мен – қазақстандықпын, өз елімде мен үшін барлық есік ашық!» – деп айта алатын әділетті қоғам құрып жатырмыз. Бүгінде біздің азаматтар үшін барлық есік, барлық мүмкіндік, барлық жол ашық. Біз көппіз және бәріміз – бір Елміз, бір халықпыз. Өз еліне пайдасын тигізу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – әрбір жауапты саясаткер үшін, әрбір қазақстандық үшін парыз және абырой. Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырдық. Біз осы құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір болашақ буынына аялай ұсынуымыз керек. Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істеріміздің баянды болында Қазақ хандығынан бүгінге дейінгі дін мәселесі, ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дін мәселесі маңызды мәселелердің қатарында. Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Президент Н.Ә. Назарбаев Еліміздің «Мәңгілік Ел» болу ұлы мұратын ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (14.12.2012 ж.) Жолдауында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазхабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хак жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келенсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек»- дед» Астана, Ақорда, 2012 жыл. Түптеп келгенде Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті казак даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас

ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз. «Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асырудың басты көрінісі екенін ескере отыр. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды. Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау. «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін - Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Елбасы әлемді шарпып отырған даңдарысқа баға бере отырып ел бірлігі осы міндеттерді шешуде ең маңызды екенін атап өтті. Мәңгілік Ел елдігіміздің, бірлігіміздің, татулығымыздың белгісі екенін айтып, ұлттық идеямыздың түп басты көрінісі екенін мәлімдеді.

ҚР Президенті Н.Назарбаев (11 қараша, 2014) Қазақстан халқына жолдаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Ел идеясын одан әрі дамытты. «Біз Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы сәбәкті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы» -деп атап көрсетті. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтанш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршен ететін - Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі - бірлік, берекесі. Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз!

Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу арманы болды. Бүгінгі гүлденген Қазақстан жағдайында осы армандар ақиқатқа айналып отыр.

Елбасы 2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан халқына жолдаған *«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»* Жолдауында: *«Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?»* деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел! Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік

талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі камшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!- деп осы идеяның ұлттық құндылығына жан-жақты тоқталады.

ҚР Президенті Елбасы Н.Ә Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы қазақстан халқына жолдаған « Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Жолдауының тарихи маңызы , басты құндылығы мен маңыздылығы. Мәңгілік Елдің – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы екенін нақтылап беруінде. Жолдаудың басты мақсаты– Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуына бағытталған. Мұнда «Мәңгілік Қазақстан» жобасы енгізілген. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы Президент осы Жолдауында аталған мәселенің ұлттық құндылығын былайша баға береді: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.Егеменді дамуымызда барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағынын іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды.Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.Елбасы жастарды Немқұрайылық танытпай Стратегияны іске асыруға ат салысуга шақырды.Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің

іргетасын қаладык. «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауалға Президент болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы максаттарға жетелейтін идея Мәңгілік Ел идеясын ұсынды.

Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!

Президент «Қазақстан-2050» Стратегиясы Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары түп қазығы етіп алуды ұсынды. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі камшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

«Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Қазақ хандығы тарихын ой елегінен өткізу тек тарихшылардың ғана емес, сонымен бірге қоғамтанудың басқа салалары өкілдерінің де күш жігерін шоғырландыруды талап ететін күрделі міндет болып табылады.

Тәуелсіздік кезеңінде Абылай ханды қайта ұлықталды. Айбарлы хан сан ғасыр армандаған тәуелсіздігімізді баянды етіп, береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтау үшін өз заманында барын салған тұлға. Тәуелсіздікке дейін келеңсіз саясатқа байланысты аты ерекше атала бермеген қазақ қайраткерлерінің бірі осы Абылай хан. Себебі ол Ел басына күн туған ауыр кезеңде қазақтың бірлігін қайта қалпына келтіруге тырысқан хандарымыздың бірі болды. Абылай хан туралы ел жадында сақталған мағлұматтар көп. Ел арасында айтылатын тәмсіл бар. Абылай хан: «Үш арманым бар еді. Біріншісі – елімді бейбіт өмірге жеткізсем деп едім, қан көп төгілді. Екіншісі – халқым қала, кент сала алмады. Үшіншісі – елдің басын біріктіре алмадым», – деген екен. Абылайдың асыл армандары тәуелсіздік тұсында түгелдей орындалды.

Халқымыз екі ғасыр бойы үш жүздің басын біріктірген айтулы қоғам қайраткері жайлы көптеген аңыздар тудырды, жыр-дастандар арнады. XVIII ғасырдағы ауыз әдебиетінің асқақ кейіпкері, халықтың шексіз сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген Абылай тұлғасы жарқырай көрінеді. Халық есінде ержүрек батыр, көреген қолбасшының бейнесі өскелең ұрпақ үшін идеал болып қала берері сөзсіз. Абылай болашаққа үміт-сенім отын жандырып, Қытаймен орыстың жымысқы саясатына қарсы

тұрып, бірде айламен, бірде найзамен өнерін асырып, екі ұлы империяны естерінен тандырды. Сол қиын кезеңде қазақты тірідей үйітіп жегісі келген жалмауыз отаршылардың бағын ақылымен, айбынымен өз мақсатына бейімдей білді. Абылай хан XVIII ғасырдың әлемдік деңгейдегі алып тұлғасы, ғажайып дипломаты.

Елбасы Н.Назарбаев «Абылай аңсаған азаттық» мақаласында: «Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә», – деген толғамдары әрбір зерделі азаматқа үлкен ой салары анық. Бұдан Қазақ хандығының тарихы туралы сөз қозғағанда мемлекеттілігіміздің қалыптасуына, дамуына ұшан-теңіз үлес қосқан Абылай хан секілді тұлғаны аттап өту мүмкін емес деген ой түйе болады. Президенттің бастамасымен әзірленіп, қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт мұрасын сақтау, көбейту, зерделеу арқылы қазақ халқының қайта өрлеуіне кең жол ашты. Ұлы ханның өмірі, мемлекеттік қызметі жан-жақты зерттеліп, сонау қиын заманда халықты біріктіріп, ел тұтастығын сақтаған кемеңгер көсемнің тарихи орны ерекше атап өтілді. Әсіресе, сол тарихи дәуірдің құнды құжаттарына еш баға жетпейді. Оларды жүйелі түрде іздеп, анықтап, жинақтау еліміздің тәуелсіздік алу кезеңінен басталғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Мұрағатшылар мен ғалымдардың тынымсыз еңбектенуінің нәтижесінде Абылайға байланысты мұрағат деректерінің табылуы осы ойымызды айғақтаса керек. Бүгінде Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты Ресей империясының сыртқы саясат, Ресейдің көне құжаттар, мемлекеттік тарихи, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік, Омбы, Орынбор облыстық тарих мұрағаттары қорларынан табылған елуге жуық жәдігерлерді тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіп, жұртшылыққа ұсынды. Петропавл қаласында орын тепкен «Абылайдың ақ үйі» ақиқатқа айналып, талай жылдарға созылып келген өңбес дауға нүкте қойылды. Елбасының қатысуымен «Абылай хан резиденциясы» кешені ашылып, ескерткіш орнатылды. Облыстық мұрағаттың

оқу залында ұлы бабамыздың өмірінен, жорық жылдарынан сыр шертетін көрме ұйымдастыру дәстүрге айналды. Ондағы мақсат – Абылай ханның өнегесінде тәуелсіз Қазақ елінің келешек ұрпағын ойландырарлық тәжірибе мол екеніне, сан ғасыр армандаған тәуелсіздігімізді баянды ету үшін береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтауға, әлем елдерінің сан сүрлеуін үнемі есепке алып отыруға баулу. Белгілі тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов: «Шиеленіскен халықаралық жағдайда Абылай бытыраңқы казак жерлерін өз қол астына біріктіруге тырысты. Қазақстанды басып алуға ұмтылған көршілері – Ресей, Қытай, Жоңғар мүдделерінің қайшылықтарын дұрыс пайдалана отырып, іс жүзінде елдің тәуелсіздігін сақтап қала алды», деген тұжырымы қай кезеңде болмасын өз құндылығын жоймайды.

Абылай «Жеті Жарғы» заңдар жинағын негізге ала отырып, мемлекеттің ішкі жағдайын күшейтуге бағыттады. Қазақтың тайпа, ру басыларын жылына бір рет жинап, хандықтың сыртқы және ішкі жағдайына қатысты іргелі мәселелерді талқыға салды. Ішкі саясатта хандық билікті нығайту бағытын ұстанып, шаруашылық пен сауданы дамытты, тұрғындардан салық жинаудың жана түрлері мен мөлшерін енгізді. Мемлекетті орталықтандырылған басқару қағидаты бойынша ұлыстарды жергілікті жерлерде орталық билікке бағынатын сұлтандар арқылы басқарды. Бір орталыққа бағынған Қазақ мемлекетін орнатуда ішкі тартыстарды жоюдың тиімді жолдарын таба білді. Хан билігін нығайтып, билер мен батырлардың мемлекеттің басқару жүйесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етті. Осы арада Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында белгіленген тұжырымдамалық шешімдері ата-бабаларымыздың қазақ мемлекеттілігін құру, тура жолдан адаспау жөніндегі сан ғасырлық арман-мүдделерінің қисынды жалғасы болып табылатынын айта кету артық болмас. «Ұлытау төріндегі толғаныста» қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталып, көк түріктерге жалғасатыны, Ақ Орданың орнығып, хандық дәуірге ұласатыны, кейін Тәуелсіздікке келіп тірелетіні Отан деген ұлы ұғыммен жан-жақты байланыстырылған. Отанды қорғау әркімнің өз шаңырағын, туған-туыстарын ойлау, қорғау тілегінен бастау алатынын ескерсек, осындай үлкен тарихымыздың жастар үшін тәлім-тәрбиесі өте зор. Бүгінгі қазақ халқы ғайыптан пайда болмағанына бұдан артық қандай дәлел керек? Тарихын ұмытқан

ұлттың болашағы бұлыңғыр. Сол себепті Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын атап өтудің астарында қазақстандықтар бойында ел мен жерді сүю қасиеттерін қалыптастыру ниеті жатқанын аңғару қиын емес. Жәнібек пен Керей хандардан бастап Кеңесарыға дейінгі аралықта өмір сүрген хандарымыз бен батырларымыздың қай-қайсысын алсақ та, сыртқы саясатта қазаққа ыңғайлы дипломатиялық байланыс орнатып, сауда-саттық, экономикалық қатынасты нығайтуға ұмтылып отырды. Қан төгіп, соғысуды емес, дербес мемлекет орнатуды, ел тұтастығын сақтауды, халықтың жайлы өмір кешуін арман-мұрат етті. Абылай Ресей мемлекетімен арақатынасты да дипломатиялық жолмен шешіп отырған. Абылайдың тапсырмасымен қазақ-қытай арасындағы ресми сауданы Қабанбай батыр атқарып отырғаны жайлы деректер жиі кездеседі. Абылай үш жүздің басын қосып, біріккен күшті Қазақ хандығын құруға, қазақтың «Ақтабан шұбырынды» жылдарында айырылған жерлерін қайтарып алуға зор еңбек сіңірді. Орта Азия хандықтарымен соғыстар сәтті аяқталып, Түркістан, Сайрам, Шымкент, тағы басқа қалалар қайтадан қазақтардың иелігіне өтті.

Қазақ хандығы тарихы бүгінгі Ұлттық идеямыздың басты тірегіне айналып отырған «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтас идея. Қазақ хандығы тарихын лайықты насихаттау мен оқыту Жаңа Қазақстандық Патриотизм мен Мәңгілік ел ұлттық идеясын жүзеге асырудың басты құралы болып табылады. «Мәңгілік Ел» саясатының орнығуында бүгінгі таңдағы Негізгі ресми құжаттар басты роль атқарады. Олардың арасында ҚР Конституциясы, ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР заңы, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы", "Конституциялық Кеңес туралы", "Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы", "Сайлау туралы", "Республикалық референдум туралы", "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді стратегиясы, "Қазақстан-2030", "Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты т.б. бар. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі жыл сайынғы Жолдаулары қазақ тарихында Жаңа Қазақстандық Патриотизм мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяны жүзеге асырудың басты деректік маңызы бар

құжаттардың негізгісі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы жөніндегі маңызды дереккөздер. Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заман тарихы көбінесе Қазақстан қоғамының қарыштап дамуының стратегиялық міндеттерін ойдағыдай шешудің нәтижесі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынға Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары бүгінгі таңдағы, қазіргі заман тарихының маңызды құжаттары. Олардың тарихи маңыздылығы Жолдаулардың ережелерін іске асырудың арқасында "Қазақстан жолы" атты таңғажайып құбылыстың мүмкіндікке айналғандығы болып отыр. Республиканың тарихшы-ғалымдарының, қоғамтанушыларының міндеті-осы маңызды дереккөздерді зерттеу, қорытындылау және тарихтың игілігіне айналдыру болмақ. 1995 жылы тамызда қабылданған Конституцияға орай, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды. Басқа елдердегі осыған ұқсас парактика Қазақстан Республикасында да жүзеге асырыла бастады. **1997 жылдан 2015 жылға дейін Президент Қазақстан халқына 19 Жолдау жолдады.**

2015 жыл 20 мамырын бес бөлімнен, 100 қадамнан тұратын бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы Ұлт жоспары деген атауға ие болды.

"Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясына" кейін басталған Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы жағдайға талдау жасауға және елдің ішкі-сыртқы саясатының келешегіне арналды. Бірқатар реттерде, кейбір міндеттердің көкейкестілігін ескере отырып, нақты басым бағыттар бөліп көрсетіледі. Тиісінше мұның бәрі Жолдаулардың өзінің атауларында көрініс тапты.

**1997жыл - "Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-оркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы";*

** 1998 жыл - "Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру экономикалық және саяси реформа";*

** 1999 жыл - "Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі";*

- * 2000 жыл - "Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға";
- * 2001 жыл - "Елдегі жағдай және ішкі және 2002 жылғы сыртқы саясаттың негізгі бағыттары";
- * 2002 жыл - "Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы";
- * 2003 жыл "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары";
- * 2004 жыл - "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!";
- * 2005 жыл - "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында";
- * 2006 жыл - "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы";
- * 2007 жыл - "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" (1бөлім); "Қазақстан-2030" стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі. Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыт" (2бөлім);
- * 2008 жыл - "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты";
- * 2009 жыл - "Дағдарыстан жаңару мен дамуға";
- * 2010 жыл - "Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық орлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері".
- * 2011 жылғы саны жағынан он бесінші Қазақстан халқына Жолдауы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» ресми құжаты Қазақстанның 2020 жылға дейінгі жақын болашақтағы дамуына жан-жақты бағыт-бағдар беруімен құнды. Демек, еліміздің 2020 жылға дейінгі даму кезеңдері белгіленген бұл стратегияны «Қазақстанның болашақтағы картасы» деп атасақ та артық болмас
- * 2012 жылғы 27 қаңтарда Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту -қазақстан дамуының басты бағыты жарияланды
- * 2012 жыл 14.12 Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
- * 2014 жылғы 17 қаңтар Қазақстан жолы – 2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Жолдауы
- * 2014 жыл 11 Қараша «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол»

** 2015 жыл 20 мамырын бес бөлімнен 100 қадамнан тұратын бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы Ұлт жоспары деген атауға ие болды.*

Президент Жолдауларына егжей-тегжейлі талдау жасау арнайы зерттеудің тақырыбы болып табылады. Оның үстіне "Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты " 2015 жыл 20 мамырда қабылданған бес бөлім 100 қадамнан тұратын бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамы және Президенттің басқада жолдауларында көрсетілген бағыттарды іске асыру Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекетін дамытуда орын алатын жалпы көрсеткіштер бола алады.

Саяси реформалардың негізгі бағыттары Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жыл 20 мамырда қабылданған бес бөлім 100 қадамнан тұратын бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамында баяндалды.

Қазақстан халқына "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіру стратегиясын алға қойып отыр. Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, өркендете береміз. Сонымен қатар ұлт аралық және мәдениет аралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етуді басты нысанға алдық. Бүгінгі таңда Қазақстанның саяси дамуына берілген шетелдік бірқатар беделді бағалаулар бар. Мәселен, Астанаға 2005 жылғы қарашада келген Еуропа Парламентінің бірінші вице-төрағасы Алехо Видал-Квадрас Рока баспасөз мәслихатында былай деді: "Еуропа Парламенті Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің үрдісін, саяси жағдайдың эволюциясын және демократиялық институттардың сапасын оң бағалайды".

Президенттің Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Үш тараудан тұрады

I. Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық

келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы

8-бөлімнен тұрады

Мұнда 2030 бағдарламасының орындалуы туралы айтылған

II. XXI ғасырдың жаһандық он сын-кәтері қарастырылған

Мұнда 10 сын кәтер одан қорғанудың жолдары жан-жақты қарастырылған.

1. Бірінші сын-кәтер – тарихи уақыттың жеделдеуі

2. Екінші сын-кәтер – жаһандық демографиялық

теңгерімсіздік

3. Үшінші сын-кәтер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне

төнетін кәтер

4. Төртінші сын-кәтер – судың тым тапшылығы

5. Бесінші сын-кәтер – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік

6. Алтыншы сын-кәтер – табиғи ресурстардың сарқылуы

7. Жетінші сын-кәтер – Үшінші индустриялық революция

8. Сегізінші сын-кәтер – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық

9. Тоғызыншы сын-кәтер – өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы

10. Оныншы сын-кәтер – жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі

III. "Қазақстан-2050" Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи

жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты Мұнда

2050-ге дейінгі даму жаңа саяси бағыты айтылған

8. "Қазақстан-2030" Стратегиясы. Негізгі қорытындылар

15 жыл ішінде ұлттық экономиканың көлемі 1997 жылғы 1,7 триллион теңгеден 2011 жылы 28 триллион теңгеге өсті.

Елдің ІЖӨ 16 еседен астам өсті. 1999 жылдан бастап Қазақстанның ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсуі 7,6%-ды құрап, алдыңғы қатарлы елдерді басып озды.

Жан басына шаққанда ІЖӨ 1998 жылғы 1500 доллардан 2012 жылы 12 мың долларға жетіп, 7 еседен астам өсті.

Қазақстан әуел бастан жан басына шаққанда тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі жағынан ТМД-да көшбасшы болды. Бүгін бұл 9200 АҚШ долларына жетті.

Осылайша 2030 Стратегиясында белгіленген негізгі міндеттер орындалды Қазақстан XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның өз тәуелсіздігінде айтарлықтай нәтижелерге жетенін, мұның өзі жалпы қазақстандық жаңа патриотизмнің іргетасын қалайтынын, елдің барлық көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамында Қазақстанның келешегіне деген негізді мақтаныш пен сенімділік туғызатынын атап өтті. Халықтар өздерінің ерік жігерін тарихи ауқымдағы жобаны іске асыру үшін біріктіргенде дамудың жаңа деңгейіне көтерілетінін көрсететін жарқын мысалдар тарихта жеткілікті.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына ерекше атап көрсетілгендей: «Біздің адамдарымыз оқып үйренуге тиіс, бүкіл әлемде адамдар өмір бойы оқумен өтеді». Шыдамдылық, этносаралық келісім және конфессияаралық дүние елде тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге халықаралық дәрежеде тану шебіне шығуға және ТМД мен әлем бойынша экономикалық даму қарқынының шырқау биігіне жетуге де мүмкіндік берді. Сөз жоқ, көп нәрсеге қол жеткізу Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қызметі арқасында мүмкін болды. Қазақстан бүгінгі таңда серпінді іс қимылға көшуге дайын жағдайда тұр.

* * *

БІЗ – ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҚТАРЫМЫЗ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 12.09.2015

Іс-шараға Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Қырғыз Республикасының Президенті Алмазбек Атамбаев, Түркия Ұлы ұлттық жиналысының спикері Исмет Йылмаз, Түрікменстан Үкіметінің вице-премьері Сапардұрды Тойлиев, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, спорт, мәдениет және өнер қайраткерлері қатысты.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Мәртебелі меймандар!

Қазақ хандығының 550 жылдығына жиналған барша қауымды бүгінгі торқалы тоймен шын жүректен құттықтаймын!

Бүкіл әлемді дағдарыс жайлап, дамыған елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске ұшыраған мынау алмағайып заманда алыс-жақын ағайынның басын қосып, Қазақ хандығының 550 жылдық ұлан-асыр тойын өткізудің өзінің ерекше себептері бар. Бүгінгі той, ең алдымен, батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан қиындықтарынан сүрінбей өткен ата тарихынан тағылым алу үшін өткізіліп отыр.

Кеңес Одағы заманында Қазақстан мектептерінде оқушылар «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан білім алды. Сондықтан, жас ұрпақ ата тарихынан мүлде алшақтап қалды. Оның үстіне Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айбынын асырған ұлы хандарымызбен даңқты батырларымыздың есімдері біртіндеп ел жадынан өшіріле бастады. Оз ішімізден шыққан оларды жамандағыштар құрметке бөленді. Елімізде ханның, не батырдың ескерткіші тұрмақ, олардың атында білім мен мәдениет нысандары, керек десеңіз, жалғыз-жарым көше де болған жоқ. Қазақ хандарының аты атала қалған жағдайда оларға үстем тап өкілі ретінде келеңсіз баға беріліп, қисынсыз айып тағылды.

Бұл туралы ақын Ғафу Қайырбеков кезінде: «Басқаның патшасының бәрі жақсы. Неліктен біздің хандар жаман болған?» деп ашына жазған болатын. Ұлт жадының тамырына балта шабуға арналған осындай сұрқай саясаттың небәрі ширек ғасыр бұрын орын алғанына сенудің өзі қиын. Бірақ кеңес заманының ащы шындығы дәл осындай болатын.

Тәуелсіздік қазақ халқының өшкенін жандырып, өлгенін тірілтті. Алматы мен Астанада, облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде Керей мен Жәнібек, Абылай мен Әбілқайыр сияқты әйгілі хандарымыздың, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың еңселі ескерткіштері бой көтеріп, олардың есімдері елді мекендерге, жоғары оқу орындары мен мектептерге берілді. Бабалардың ерлік пен күреске толы өнегелі өмір жолдары жайлы том-том ғылыми еңбектер мен әдеби шығармалар жазылды. Тәуелсіздікпен бірге оралып, ұрпағына ұлан-ғайыр қоныс қалдырған батыр бабаларымыздың биік рухы қазақтардың, әсіресе, жаңа буынның арасында аса зор патриоттық өрлеу туғызып, ұлт тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатты.

Қазақ, Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» халық. Бірлігі жарасқанда даңқы асып, билікке таласқанда берекесі

қашқан. Баршаға белгілі, байырғы бабаларымыз бөрілі байрақ ұстап, Байқалдан Балқанға дейінгі алқапты еркін жайлаған. Көгімізде желбіреген алтын Күн астында қыраны қалықтаған

Туымыз мемлекеттілігіміздің үзілмей жалғасып жатқандығының айғағы. Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды. Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы да әлі қалыптаса қоймаған, ал Қытайда үш патшалық пен алуан әулет өзара қырқысып жатқан VI ғасырда – 552 жылы Алтайда Ұлы түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке-дара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің берекесі кетіп, өз ішінде билікке талас басталғанда, әуелі Батыс және Шығыс болып ажырап, кейін оғыз, карлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды.

VIII ғасырда тасқа қашалған Күлтегін жазуында: «Алдау мен арбауға арандаған түркі халқы бірлігінен айырылды. Табағаштарға қайсар ұлдары құл, көрікті қыздары күң болды», – деп жазылған. Қай заманда болса да, барлық жеңістеріміздің бастауы береке-бірлік екенін жас ұрпақ ешқашан ұмытпай, өткеннен сабақ алуы үшін Күлтегін жазуының көшірмесін жасатып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің атриумына қойғыздым.

Бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері – Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан мен Қырғызстан және дүниенің әр түкпіріне тарыдай шашылған жалпы саны 200 миллионнан асатын 30-дан астам түркітілдес ұлттар мен ұлыстардың ұлы бабасы ер түрік аталарымыз болатын. «Түрік» сөзінің бір мағынасын әйгілі түрколог академик А.Н.Кононов «берік», яғни «бірігу», «бірлік» сөзінен шығарады. Ендеше, түркі халықтары жаратылысында әрдайым бірге, береке-бірлікте болу үшін жаратылған. Бабаларымыз да бізге осыны мирас еткен.

Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің алтын қайнары, ел корғағанда күш-қуат берер асқақ айбары. Осыны әрдайым

жадымызда ұстауымыз керек. Жаһандану заманында тағдыр талайымен бөлініп кеткен, тілі, ділі, діні мен тегі бір түркі халықтары ХХІ ғасырда ынтымақ жарастыруы қажет. Сөйтіп, саясатта, экономикада, ғылым мен технологияда өзара ықпалдастық пен байланыстарды күшейте беруіміз керек. Ата тарихы бізді осыған шақырады.

Бүгінгі той – ең алдымен, Қазақ хандығының 550 жылдық тойы. Атақты Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректері бойынша, 1465 жылы Қозыбасы тауының етегінде тарихи оқиға болды. Бұл – біздің елдігіміздің тамыры тереңде жатқанын танытатын аса маңызды тарихи дерек. Керей мен Жәнібек хандар Әбілқайыр ұлысынан бөлініп, Шу мен Таластың арасында Қазақ хандығының шаңырағын көтерді. Алты Алаш анттасып, айырылмасқа сөз байласып, Ұлытауға таңбаларын қашап жазды. Осылайша, тарих сахнасына Қазақ деген халық шығып, ұлан-ғайыр өлке Қазақ жері деп атала бастады. Одан соң қасқа жолды Қасым хан хандықтың іргесін бекітіп, керегесін керді. Хақназар хан ел шекарасын Еділдің бойына дейін кеңейтсе, Тәуекел хан Түркістан өлкесін түгелдей Қазақ хандығына қаратты. Еңсегей бойлы ер Есім елдің іргесін бекіту жолындағы күресте қолбасшылығымен танымал болды. Салқам Жәңгір хан Орбұлақ түбіндегі шайқаста жоңғарларға ойсырата соққы берсе, Әз Тәуке «Жеті Жарғыны» енгізді.

Қазақ хандығы кезеңі – ат жалында күн кешкен алаш жұртының қаһармандық дәуірі. Ел билеген хандардың өмірі майдан шебінде өтті. Қазақтың алғашқы он төрт ханының жетеуі жорық жолында қаза тапты.

Осынау ұлы бабалардың биік рухына барлық ұрпақ айрықша құрметпен бас иіп, ризашылығын білдіреді. Олардың ұлтқа сіңірген ұшан-теңіз еңбегі әрдайым ел есінде сақталады. Қазақтардың талай буыны қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман орнатқан хан ретінде қадірлейтін Әз Тәуке биліктен кеткен соң халқымыздың береке-бірлігі әлсіреп, жүзге және руға бөлінушілік белен алды.

Орталық Азиядағы аса қуатты әскери мемлекет саналатын Қазақ хандығының осы осалдығын онтайлы пайдаланған жоңғарлар тұтқиылдан соғыс ашып, ел тарихына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен енген трагедияға ұшыратты. Дәл осы тұста тарих сахнасына қол бастаған Қабанбай,

Бөгенбай, Наурызбай, Малайсары сияқты батырлар, сөз бастаған Төле, Қазыбек, Әйтекедей дуалы ауыз билер, ел бастаған Абылай, Әбілқайырдай хандар шықты. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, береке-бірлігі асқан қазақ қолы 1730 жылы Аңырақай түбінде жоңғарларға күйрете соққы беріп, ата қонысын жаудан біржолата азат етті.

Қаз дауысты Қазыбек би:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз,

Елімізден құт-береке қашпасын деп,

Жеріміздің шетіп жау баспасын деп,

Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,

Басымыздан сөз асырмаған елміз.

Достықты сақтай білген елміз,

Дәм-тұзды ақтай білген елміз, – деген екен.

Бірліктің қадірін біліп, білекке білек қосқанда атамекенді жаудан азат етті.

Алайда, ағайынның араздығынан, ынтымақтың аздығынан көп ұзамай хандық жойылды. Данышпан Абай айтқандай, «Бас-басына би болған өңкей қикым» елдің сиқын кетірді. Сол кезде бүкіл дүниежүзін жайлаған, «бөліп ал да, билей бер» деген отаршылдыққа негізделген сұрқия саясат Қазақ елін біржолата Ресей патшалығының отарына айналдырды. Бұдан кейінгі Қазан төңкерісінен, Азамат соғысынан, халқымыздың тең жартысын жалмаған отыз екінші жылғы ашаршылықтан ер азаматқа да, елге де сын болған Ұлы Отан соғысынан қазақ қаншама қансырап шыкса да, азаттық аңсаған өршіл рухы мен ұлттық келбетін жоғалтқан емес. Халық аузында Абылай хан аңсаған армандар туралы айтылады. Біріншісі – елімді бейбіт өмірге жеткізсем деп едім, қан көп төгілді. Екіншісі – халқым қала, кент сала алмады. Үшіншісі – елдің басын біріктіре алмадым.. Абылайдың асыл армандары тәуелсіздік тұсында түгелдей орындалды. Қазақстанның қай түкпіріне барсақ та, қалаларымыз бен ауылдарымыз жарқырап, жайнап тұр. Даламыз жайқалған егінге толып, еліміз жасыл баққа айналды. Алтын Күн шуағын шашқан Көк байрағымыздың астында қазақ қана емес, 130 ұлттың өкілдері береке-бірлікпен тату-тәтті өмір сүруде. Мен бұдан бұрынырақ «Қазақ тарихында біз ұялатын

ештене жок» деген едім. Бүгін сол сөзімнің жалғасы ретінде: «Бізге бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орынды мақтан ететін болады», дегім келеді.

Тек өткен тарихымен ғана мақтанатын елдің болашағы бұлыңғыр. Әр буын өкілдері ата-баба данқына данқ қосып, абыройын арттырып, бүкіл дүниежүзі алдында беделін биіктеге білген елдің ғана болашағы жарқын, мерейі үстем болады. Осы тұрғыдан келгенде, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі буыны бабалар аманатына адалдық танытып, еліміздің абырой-беделін бұрын-сонды болмаған биікке көтерді деп Хайта аламыз.

Ең алдымен, бабаларымыз егемен еліміз тәуелсіздік алғанда еншімізде ұлан-байтақ жер қалды. Бірақ әлемдегі тоғызыншы территория саналатын қазақ даласы ешбір халықаралық құжатпен рәсімделмей, ашық-шашық жатқан еді.

Біз осы бір аса күрделі әрі шетін мәселені сәтімен шешіп, Ресей мен Қытай бастаған барлық көршілерімізбен арадағы жалпы ұзындығы 14 мың шақырымнан асатын шекарамызды халықаралық құжаттармен рәсімдеп, болашақ ұрпақтың алаңсыз болуы үшін біржолата әрі мәңгілікке шегендедік.

Екіншіден, бізге мұраға қалған ата қонысымыз жылдар бойы халқымызға қасірет әкелген ажал полигондары мен жапнай қырып-жоюға арналған ядролық оқтұмсықтарға толы болды. Біз соның бәрінен елімізді де, жерімізді де азат етіп, әлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық. Ақыл мен парасаттың кез келген қарудан қуаттырақ болатынын дәлелдеп, жаһандық қауіпсіздікке зор үлесімізді қостық.

Үшіншіден, екі жарым ғасыр патшалық Ресей мен 70 жылдан астам Кеңес Одағы құрамында болғанда қазақ халқы өз жерінде отырып-ақ азшылыққа, ал Қазақстан өз еркінен тыс 130 ұлт пен ұлыстың мекеніне айналды. Әлем тарихына көз тігер болсақ, соғыс атаулы не жер дауы, не ұлт артықшылығы, не дін үстемдігі үшін болатынын байқау қиын емес. Біз елімізді мекендеген сан алуан ұлт пен ұлыс, дін өкілдерін Көк тудың астына жинап, ел тыныштығын, береке-бірлігін сақтадық. Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі талай мемлекетке үлгі-өнеге ретінде ұсынған Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, бес рет қатарынан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін зор табыспен

өткіздік. Бабаларымыз мирас еткен «Кең болсаң – кем болмайсың» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, әлі талай биіктерге жетеріміз анық.

Төртіншіден, біз іргемізді бекітіп, бірлігімізді бекемдеген соң әлемдегі ең дамыған елдердің тәжірибесін зерттеп, дамудың өзіміз жасаған жаңа моделі – «Қазақстан жолын» ұсындық. Дамудың ең жарқын болашағын айқындаған «Қазақстан-2050» Стратегиясын түздік. Дәл осы құжаттың негізінде алға қойған мақсаттарымызды рет-ретімен жүзеге асырып, қуатты да табысты мемлекет орнаттық. Соның нәтижесінде экономикамыз аз ғана жылда ешқашан, ешкімде болмаған қарқынмен алға басты. 2014 жылы еліміздің ішкі жалпы өнімі 1993 жылғы көрсеткіштен 19 есеге көбейді. Ол жан басына шаққанда 696 доллардан 13 мың долларға, яғни 18 есеге артты. 1993-2013 жылдар аралығында 200 миллиард доллардан астам тікелей шетел инвестициясын тарттық. Елдің әл-ауқатын барынша жақсартып, өркениетті елдердің деңгейіне жеткіздік.

Бесіншіден, бабалар мирас еткен жеріміз қаншалықты кен болса да, бізде ұлы мұхитқа шығатын жол болған емес. Теміржол атаулы Қазақстанның байлығын тасу үшін тек солтүстікке қарай салынды. Тәуелсіздік жылдары біз жалпы ұзындығы 2500 шақырымдық теміржол салып, еліміздің барлық облыстарын бір-бірімен жалғастырдық. Нәтижесінде Қазақстанның болат жолдары Қытай арқылы Тынық мұхитқа, түрікмен жері, Парсы шығанағы арқылы Үнді мұхитына, Ресей арқылы Батыс Еуропаға, одан әрі Атлант мұхитына жететін болды. Бұған қосымша, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» еуразиялық автомагистралі де пайдалануға берілді. Ал «Нұрлы Жол» бағдарламасымен елімізде жаңа 7 мың километрден астам автокөлік жолы салынып, барлық өңірлермен байланыс екі есеге жақын болады. ХХІ ғасырдың нағыз Жібек жолы деп осыны айтуымыз керек.

Алтыншыдан, қазақты өзге ұлттан даралайтын оның тілі мен мәдениеті, руханияты. Еліміз егемендігін алғаннан кейін, жағдайдың қиындығына қарамастан, тағдырдың жазуымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен миллионнан астам қандасымызды атамекенге қайтарып алып келдік. Бабалар тарихына қатысты дүниежүзінің архивтерінде шаң басқан тарихи құжаттарды алдырып, том-том кітаптар мен оқулықтар шығарып,

ата тарихтың ақиқатын түгендедік. Тәуелсіздік жылдарында 1300-ге жуық мектеп, 1250-ге жуық денсаулық сақтау нысанын, тағы 4 мыңнан астам балабақша салдық. Халықтың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жетті.

Азаттықтың алғашқы жылдарында «Болашақ» бағдарламасын әзірлеп, он мыңнан астам талантты жастарымызды шетелдердің ең беделді университеттерінде оқыттық. Қазір «Болашақ» түлектері басқару ісіне араласып, өздері ел болашағына қызмет істеуде. Кемелімізге келген соң еліміздегі барша орта білім ошақтарына үлгі болсын деп, республикамыздың әрбір өңірінде дүниежүзіндегі ең биік талаптарға сай «Зияткерлік мектептерді» аштық. Ал, күллі жоғары білім ордалары биыл алғашқы түлектерін ұшырып, әлемдік деңгейде танылып үлгерген «Назарбаев Университетке» қарап бой түзейді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ата-бабамыздың асыл мұрасын жинақтаған соң әлемдегі ең жаңашыл өнер ордалары саналатын Бейбітшілік және келісім сарайы, Орталық концерт залы, Астана опера және балет театры, Ұлттық музей ғимараттарын салып, ұлт мәдениетінің әлемдік өркениет биігінде дамуы үшін барлық жағдайды жасадық. Мұндай мәдениет ошақтары еліміздің әр өңірінде бой көтерді.

Жас ұрпақтың жаны сұлу, дені сау болуымен қатар, күш-қайраты мол болуы үшін зәулім спорт сарайларын тұрғызып, қысқы Азия ойындарын зор табыспен өткіздік. Лондон Олимпиадасында ұлы жеңіске ие болдық, отандық спортшылар жарқын жетістіктерімен ел мерейін өсірді.

Жетіншіден, іргесі берік үйдің шаңырағы шайқалмайды. Жакында ғана біз Ата Заңымыздың 20 жылдығын атап өттік. Біздің Конституциямыз ұлттық заңнама жүйесіне берік іргетас болып қаланды. Заң шығарушы, атқарушы билік пен тәуелсіз сот жүйесінің негізін құрды. Қазақстан Парламенті ең жоғары өкілетті орган ретінде өз міндетін абыроймен атқаруда.

Сегізіншіден, бабалар даңқына мақтаумен шектелмей, үздіксіз алға жылжыған ел ғана озады. Осыдан ширек ғасыр бұрын ғана әлем картасында болмаған Қазақстан дүниежүзінің 56 елінің басын қосатын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, 57 мемлекетті біріктіретін Ислам ынтымақтастығы ұйымына абыроймен төрағалық етіп, ұлтымыздың рухын көтеріп,

жұртымыздың еңсесін биіктеттік. Қазақстан алып құрлықтағы ең түйінді мәселелерді шешетін 30-ға жуық мемлекеттің басын қосып, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес құрып, оны әлемдегі беделді ұйымдардың қатарына қосты. Әлемдегі ең ықпалды халықаралық ұйымдардың біріне айналған Шанхай ынтымақтастық ұйымын құрудың басты бастамашыларының бірі болып, бірнеше рет биік деңгейдегі саммит өткіздік.

Біздің бабаларымыз – ғұндар да, түркілер де, қыпшақтар да өткен замандарда Еуразиядай алып материктің басты интеграторы болған. Олар Ұлы Даладағы алуан тайпалардың басын талай мәрте қосып, берекесі қашқан кезде сан рет жауларына жем болған. Біз де 20 жылдан астам уақыт бойы Еуразиялық одақ құру туралы бастаманы табандылықпен ілгері жылжытып, оны бүгінде бес мемлекеттің басын қосатын посткеңестік елдер ішіндегі ең үлкен экономикалық ұйымға айналдырдық.

Тоғызыншыдан, Астананың төрінде тұрып, бүгінде бар қазақтың ортақ мақтанышына айналған елордамыз туралы айтпау мүмкін емес. Астанамыз – жаһанға танылған жұртымыздың жарқыраған жақұты, Азаттығымыздың алтын қыраны! Елорданы салу тәуелсіз Қазақстанның өте күрделі мақсат қойып, оны табандылықпен орындай алатынын күллі әлемге айқын дәлелдеп берді. Бас қаламыз қазақтың абыройын асырып, мерейін тасытты. Еңселі елордаға айналды. Астанамен бірге қалың қазақтың да даңқы артты. Еліміздің әр өңіріндегі басқа қалалар мен елді мекендер де елордаға қарап бой түзеп, жарқырай бастады. Бүгінгі торқалы тойымыз өтіп жатқан Тәуелсіздік сарайы және жаңа салынған Спорт кешені де осындай еңселі ғимараттардың бірі болмақ.

Оныншыдан, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан берік орын алып, әлемдегі үздік отыздықтың қатарына кіруді басты стратегиялық мақсат етіп қойдық. Алда Астанада әлемдегі ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің, жаңалық атаулының жетістіктерін насихаттайтын ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу міндеті тұр. Қазір адамзат қоғамы жаңа индустриялық революциямен бетпе-бет келіп отыр. Оған Қазақстанның экономикасы мен өнеркәсібі дайын болуы үшін біз «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын» әзірлеп, жүзеге асырудамыз. Дүниежүзілік сауда

ұйымына кірдік. Баршаға бірдей кәсіби, осы заманғы мемлекетіміз одан әрі табысты болуы үшін бес институттық реформа жүргізуді қолға алдық. Тиісті мемлекеттік органдар оны рет-ретімен жүзеге асыруға кірісіп те кетті. Бұл реформа бізді жаңа биіктерге бастайды.

«Егемен болмай ел болмас» дегендей, біз азаттық жылдарында шын мәнінде ұлы жолдан өттік. Тәуелсіздік кезеңі – біз үшін ғасырлар жүгін арқалаған ғаламат кезең. Кезінде Керей мен Жәнібекке ілесіп шыққан халықтың ұзын саны 200 мың шамасында екен. Бүгінгі күні сол қазақтың қатары жер жүзінде 15 миллионнан асып жығылды. Ал егер казак өткен ғасырдың ашаршылығына ұшырамаса, өткен соғыста қырылмаса қанша болар еді?

Қазақтың өз ішіндегі береке-бірлігі күшті болуы керек. Данышпан Абайдың: «Бірінді, казак, бірң дос, Көрмесең істің бәрі бос», деген өсиетін әрдайым естеп шығармайық, ардақты ағайын. Алда қандай сын-кәтерлер күтіп тұрса да бірлігіміздің арқасында біздің болашағымыз бүгінгіден де жарқын деп кәміл сеніммен айта аламын.

Бәріміздің киелі атамекеніміз бар, ол – қазақтың Ұлы Даласы. Сол далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз. Қасиетті Отанымызда қандай қиындықты да қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халық бар. Ол – ержүрек қазақ халқы, барша қазақстандықтар. Сол қаһарман халықтың алға қойған ізгі мұраты бар. Ол – Ұлы Дала төсінде өзі құрған мемлекетті Мәңгілік Ел жасау. Ендеше, әрқашан еліміз аман, бауырымыз бүтін болсын. Сіздер мен біздер құрған Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгілік Елге айналсын!

Ұлы мақсаттарға жету жолында бізге батыр бабалардың аруағы жар болсын!

Қымбатты қазақстандықтар!

2 мың жылдан астам тарихы бар ежелгі Таразда бір айдан кейін Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монумент салтанатты түрде ашылатын болады. Біз өзіміздің қасиетті жеріміздің тарихы бірнеше мыңдаған жылдарға кететінін есте сақтай отырып, өз бабаларымыздың естеліктері мен істеріне тиісті

баға береміз. Ол Еуразияның өткен және қазіргі өркениетінің өсіп-өркендеуінде өзінің айрықша ою-өрнегімен шебер өрілген. Хроностың көзге көрінбейтін арқауы бізді Қытайдың мыңжылдық тарихымен және қазіргі кезімен, Таяу және Орта Шығыс, Азия құрлығының басқа да бөліктерінің өткенімен және бүгінімен байланыстырады. Тілдік және мәдени байланыстар мириадасы арқылы біз өз бауырларымызбен – бүгінде Мұзды мұхит жағалауларынан Жерорта теңізіне дейінгі жерді мекендейтін түркі халықтарымен байланысамыз. Ұлы Түркі елі – ол біздің ортақ бабаларымыз бен батырларымыз, ортақ рухани байлықтарымыз бар ортақ арғы Отанымыз. Ол біздің бірлескен ұлы мұрамыз.

Біздің Ресей халықтарымен, бірінші кезекте, орыс халқымен жүздеген жылдарға созылатын бірлескен тарихи жолымыз бар. Тәуелсіздік жылдары ішінде біз Еуропалық одақ, Америка, Ислам әлемі елдерімен тарихымыздың бірлескен парактарына ие болдық. Олар жаңа заман уақытының көптеген халықаралық оқиғалары, оның ішінде, біздің елімізде болған оқиғалар туралы баяндайды. Қазақстан әрқашанда өз көршілерімен арадағы достықты және сенімді көздің қарашығындай сақтап, одан әрі дамыта береді, әлемнің бүкіл елдерімен ізгілікті қарым-қатынастар орнатады.

XXI ғасырда да біздің жаһандық дамуға қосар үлесіміздің тек қана арта беретініне және әлемнің оны лайықты бағалайтынына сенімім мол. Біздің жеріміздің жүріп өткен және алда тұрған тарихи жолын ой елегінен өткізе отырып, бізге Қазақстанның жаһандық қоғамдастықта танымалдығы мен мәшһүрлігін кеңейе түсетіндей етудің маңызы зор. Әлемде қандай да бір халықтың өз мемлекетінің ресми атауымен бірге айрықша бейресми ұғымды пайдаланатын мысалдары көп. Біздің қасиетті жерімізді ежелден Ұлы Дала, ал біздерді – Ұлы Дала ұрпағы деп атады. Оны сонау ерте замандардан бері туған жерге деген халықтық махаббатты домбыраның, кобыз бен жетігеннің жүректі арбайтын әуеніне айналдыра отырып ақындар жырға қосты.

Біз бабаларымызда ешқашан болмаған адам айтқысыз жана мүмкіндіктер мен перспективалар бар жаңа Қазақстанды құрудамыз. Біздің көптеген мыңжылдық тарихы бар жеріміз көз алдымызда өзгеруде. Қазіргі заманғы Қазақстанның әр ауылы мен қаласында болып жатқан өзгерістерге көк аспан куә. Дала көгіндегі

Күн біздің ізгі істерімізге нұрын шашуда. Аспан мен Күн – біздің Туымыздың түсі.

XXI ғасырда далалық Еуразияның құшақ жетпес кеңістігі қайтадан түлеп, өркендеуде. Біз өз Тарихымыздың жаңа Шамшырағын жақтық. Сондықтан да бүгінде және әр кезде де біздің Қазақстан – ол Ұлы Дала Елі! Ол – түлеген Ұлы Дала Елі. Біздің сүйікті Отанымыздың халықтық аты да дәл осы. Ол біздің Отанымыздың өткенін де, қазіргісін де, болашағын да бейнелейді. Онда қазақстандық мінез бен оның негізгі сипаттары көрініс тапқан. Олар – біздің жан-дүниеміздің ашықтығы мен кеңдігі, біздің жүректеріміздің жылуы, қонақжайлылық пен бейбітсүйгіштік, кеменгерлік пен ойшылдық, еңбексүйгіштік пен іскерлік. Ол – сүйікті жеріміздің өркендеуіне осы уақытқа дейін болмаған қол жеткізудегі өзіміздің күшіміз бен мүмкіндіктерімізге деген сенім. Мен біздің жаңа Қазақстанның осындай бейнесінің әрбір қазақстандықтың ой-санасы мен жан дүниесінен орын табатынына, бүкіл әлемде мойындалатынына сенімдімін. Тағы да қайталап айтайын, біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагерлеріміз. Осынау кең-байтақ Ұлы Даланың көгінде халқымыздың бақ жұлдызы болып Жаңа Қазақстан дүниеге келді. Біздің Қазақстанымыз – ұлы істердің ұйытқысы болған Ұлы Дала Елі! Бұл – біздің тағдырымыз! Бұл – біздің таңдауымыз! Мәңгілік Елімізде бейбітшілік пен береке болсын! Халқымыз аман болсын!

* * *

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: Ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың XXI ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын.

(29.09.2015 Егемен Қазақстан)

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында
сөйлеген сөзі**

Құрметті Төраға мырза!

Құрметті Бас хатшы мырза:

Құрметті әріптестер!

Ханымдар мен мырзалар!

Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдық мерейтойы тұсында бұл ұйымның негізін қалаушылар оған қандай терең мағына бергені жөнінде ой бөлісу маңызды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қазірдің өзінде жаһандық тұрғыдан тарихи мәні бар міндеттерді орындады.

Біріншіден, планетамызда адамдар жетпіс жыл бойы дүниежүзілік соғыссыз өмір сүріп келеді.

Екіншіден, әлемде аса ауқымды отарсыздандыру жүзеге асырылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымын 70 жыл бұрын елу бір мемлекет құрды. Ол кезде әлемнің көп бөлігін колониялар мен тәуелді аймақтар алып жатты. Бүгінде әлемдік қоғамдастықта 193 тәуелсіз ел бар

Үшіншіден, Біріккен Ұлттар Ұйымы күн сайынғы, қиын, бірақ қауіпсіздік пен даму үшін баршаға қажетті ұнқатысудың бүкіләлемдік мінберіне айналды. Адамзат одан өзінің әралуандықтағы бірлігін, біздің ғажап бірегей планетамыздың тағдырына қатыстылығының ортақтығын сезінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының негізін салушылар алдағы алыс болашаққа ой көзімен қарай білді. Әлем бүгінде олардың бастамалары мен орындалған арманының жемісін көріп отыр.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан халықаралық қатынастардағы өзара сенімді қалпына келтіруге, халықаралық құқықтың негізінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайды.

Жетпіс жыл бойы әлемдік қоғамдастық әскери қактығыстарды ақылға қонымды шешудің түйінін табуға тырысып келеді. Бірақ қактығыстар азаяр емес. Олар кейбір елдерде мемлекеттілікті күйретудің салдарынан шектен шыққан халықаралық терроризмге ұласуда. Адамзат соғыстардың алдын алу және қактығыстардың салдарын еңсерудің ескірген тәсілдерінен оларды мән-мағынасыз ететін жаңа даму стратегиясына өтуге тиіс.

Ол үшін алыстағы болашаққа батыл көз салып, Біріккен Ұлттар Ұйымына 100 жыл толатын кездегі әлемнің қандай болатынын көре білуіміз керек. Мен Жер бетіндегі өркениет таяудағы отыз жылда соғыстар мен қақтығыстардың шиеленген түйінін даналықпен тарқату үшін күш-жігер таба алатынына сенімдімін.

XXI ғасырда адамзаттың ең басты міндеті әлемді соғыс катерінен мүлде арылтатын және оның себептерін жоятын стратегияны жүзеге асыру болуға тиіс. Сол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жүз жылдығына Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынамын. Оның мәні – барлық ұлттардың әлемдік инфрақұрылымға, ресурстарға және нарықтарға қол жеткізуінің әділ шарттары негізінде әлемдік дамудың жаңа трендін қалыптастыру, сондай-ақ, адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру.

БІРІНШІ. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму кеңесіне айналдыруды ұсынамын. Оның құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сайлаған мүше мемлекеттермен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің барлық басшылары, соның ішінде Халықаралық валюта қорының да басшылары ене алар еді.

Кеңеске Жаһандық экономикалық реттеушінің міндеттері жүктелуге тиіс. Кеңес жүзеге асыратын бүкіләлемдік жобалар жаһандық экономикалық өсім нүктелеріне айнала алады. Бұл жаһандық дағдарыстар катерін айтарлықтай азайтуға, сондай-ақ, мемлекеттердің ұлттық экономика және әлеуметтік саясат мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге септігін тигізеді.

Жобасы Астана Экономикалық форумы аясында қызу талқыланып келе жатқан Дағдарысқа қарсы дүниежүзілік жоспар идеясы өте өзекті болып көрінеді.

Әлемді аландатып отырған маңызды мәселелер – терроризм, мемлекеттердің күйреуі, көші-қон және өзге де келеңсіз құбылыстар экономикалық дағдарыстың, кедейшіліктің, сауатсыздық пен жұмыссыздықтың салдарлары болып табылады.

Жаһандық дағдарыспен күресті қазіргі кезде заңдылық, демократиялылық, бәсекелестік, тиімділік және халықаралық

бақылау ұстанымдарына сай келмей отырған эмиссия мен әлемнің резервтік валюталары айналымын реттеуден бастау қажет.

XXI ғасырда әлемге сапалық тұрғыдан жаңа қаржы құралдары керек.

Жаһандық орнықты даму мен өсіп-өркендеудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін ұлт үстілік әлемдік валюта әзірлеу бағытындағы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің күш-жігерін біріктіру қажет.

ЕКІНШІ. Хиросима мен Нагасакиді атом қаруымен бомбалаудан соң 70 жыл өткенде ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың XXI ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын. Біріккен Ұлттар Ұйымының ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдауды ұсынамын.

Қазақстан – ядролық полигонды жапқан және ауқымы жағынан төртінші ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ, Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел.

Ядролық қарусыз аймақты әлемнің өзге өңірлерінде, соның ішінде Таяу Шығыста да құрған жөн. Ядролық державалар ядролық қаруға иелік етуден бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік беруге тиіс.

Біз Иран ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздердің екі раундын 2013 жылы Алматыда өткізуге бастамашы болдық. Иран ядролық бағдарламасы бойынша жалпыны қамтитын іс-қимыл жоспарына қол қойылуын қолдаймыз.

Қазіргі таңда мемлекеттердің бейбіт мақсатта қолданылатын атомға және ядролық отынға кемсітусіз қол жеткізу құқығын кепілдендіру қажет. **Нақ осы себепті біз Қазақстанда МАГАТЭ-нің Халықаралық аз байытылған уран банкіні құру туралы келісімді қолдап, қол қойдық.** Бұл – жаһандық ауқымдағы оқиға. Әлем оны атомды қауіпсіз әрі бейбіт мақсатта қолданудың маңызды қадамы ретінде бағалауға тиіс. Сонда атом энергетикасын дамытқысы келетін елдер үшін уранды өздері байытудың еш қажеттілігі болмайды.

Жаһандық антиядролық қозғалыс құру маңызды міндет болып отыр. Жер бетіндегі әрбір адам ядролық сынақтарға тыйым салу ісіне өз үлесін қоса алады және солай болуға тиіс.

ҮШІНШІ. Халықаралық құқықтың қадірінің азаюы мен жаһандық институттар рөлінің әлсіреуі қауіпті сын-қатер болып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы дүниежүзілік соғыстар мен әскери қалығыстардың миллиондаған құрбандарының қанымен жазылғанын ұмытпау маңызды.

Оның баптарының, әсіресе, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі баптарының қандай да бір бұзылуы адамзатты өткеннің қасіретті қателігін қайталауға ұрындырады.

Санкцияларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін әрекет ретінде бағалап, олардың өз бетімен қолданылуын болдырмау қажет. Миллиондаған адамдардың игілігіне әсер ететін халықаралық санкциялар қолдану құқығы Қауіпсіздік Кеңесінің ерекше құзырында болуға тиіс деп сенемін. Бұл қағидаттарды сақтамау қазіргі әлемдік тәртіптің негіздерін ыдыратады, «қырғи-қабақ соғыстың» сарқыншағына айналады.

Әмбебап ұйым ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымын алмастыра алатын балама жоқ екенін атап айтқым келеді.

Елдердің өздерінің халықаралық міндеттемелерін орындауы қазіргі әлемдік тәртіптің ең басты мәселесі болып қала береді.

Қазақстан Украина дағдарысын бейбіт жолмен реттеуді және Минск келісімін қалығысушы тараптардың толық орындауын дәйекті түрде жақтап келеді.

Қазір барлық күш-жігерді халықаралық қатынастарда үнқатысуды, өзара түсіністікті және сенімді қалпына келтіруге жұмылдыру керек. Сол үшін 2016 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарын бекітуге арналған жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыруды ұсынамын.

ТӨРТІНШІ. Терроризм мен діни экстремизмнің қауіп жаһандық ауқымға жайылып барады. Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құруды ұсынамын. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризммен күрес жөніндегі мәселенің бәрін қамтитын құжатын әзірлеп, қабылдау қажет.

БЕСІНШІ. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Баршаға арналған тұрақты энергетика» бастамасын қолдау үшін Астанада 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен бүкіләлемдік көрме өтеді. Барлық мемлекеттерді көрмені дайындауға және өткізуге қатысуға шақырамыз. Болашақты ескеріп, «ЭКСПО-2017» көрмесі инфрақұрылымы негізінде Астанадан Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдауымен Жасыл технологияларды және инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі халықаралық орталық ашуды ұсынамын.

Құрметті әріптестер!

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен «Жаңа Болашақ» (NEW FUTURE) тұжырымдамасын әзірлеу Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын жүзеге асырудың алғашқы қадамы болар еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 70 жыл өткеннен кейінгі адамзат дамуындағы жаңа кезеңнің міндеттерін нақты айқындау қажет.

NEW FUTURE дегеніміз – ядролық, энергетикалық, су және азық-түлік қауіпсіздігі, сенім, өзара түсіністік және реформалар.

Қазақстан Еуразия өңіріндегі қалыптасушы тараптарды бітістіру үшін араағайындық жасауға күш салып келеді және күш сала бермек. Аталған бағыттар мен қағидаттар Қазақстанның 2017-2018 жылдарда Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлау науқанына арқау болып отыр. 70-ші сессияға қатысушылардың барлығын біздің еліміздің кандидатурасын қолдауға шақырамын.

Ханымдар мен мырзалар!

70 жыл бұрын Женевада, жұмыс істеуден қалған Ұлттар Лигасының орнына Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған кезде оның штаб-пәтерін Нью-Йоркте орналастыруға шешім қабылданды. Бұл сол кезеңде халықаралық қатынастар бойынша Батыс Жарты шарының рөлі артқандығына байланысты болған еді.

Әлемді дамыту орталығы Кәрі құрлықтан Жаңа құрлыққа, Еуропадан жаһандық өрлеудің жаңа орны – АҚШ-қа, Нью-Йоркке ауысты. Содан бері көп нәрсе өзгерді, әлем өзгеше қалыптасты.

XXI ғасырда даму орталығы әлемнің ең үлкен континенті – ғаламшар тұрғындарының үштен екісі мекендейтін, ірі ресурстар шоғырланған Азияға қарай ойысады. Азияның дамып келе жатқан экономикаларының қуатты серпіні жаһандық үдерістердің жаңа сипатын танытып отыр. Осы үдерісті ескере отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына жаңа серпін беру үшін бұл тарихи мүмкіндікті пайдаланудың маңызы зор.

Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерін Азияға кошіру мәселесін ойластыруды ұсынамын. Қазақстанның бастамаларын ұлттар қауымдастығы қабылдайды деп зор үміт күтемін.

* * *

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ҰЛАН АСУЛАРЫ

Дешті Қышшақты билеп тұрған Шәйбан тұқымымен ат құйрығын кесісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

XVIII ғасырдағы Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлері

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биді еске алу күндерінде сөйлеген сөзінен. 1993 жыл

* * *

Түркістан қаласында қазақ хандары таққа отырғызылды. Көршілес мемлекеттердің елшілері қабылданды. Аса маңызды мемлекеттік мәселелер талқыланған аса жоғары мәртебелі жиындар өткізілді. Осындағы Күлтөбеде үш жүздің игі жақсылары Тәуке ханның басшылығымен қазақ мемлекеттілігін нығайтудың заңдық негізі – «Жеті жарғыны» қабылдады.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Түркістан қаласының 1500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінен.

* * *

Ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың XXI ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзі 29.09.2015

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ: «ТАРИХИ ТАНЫММЕН ҰРПАҚ ӨСЕДІ, ҰЛТТЫҚ САНА ҚАЛЫПТАСАДЫ» (Егемен Қазақстан 10.09.2015)

Нұрсұлтан Назарбаевтың осы ширек ғасырға жуық уақыт аралығында сөйлеген сөздерін, жасаған баяндамаларын, берген сұхбаттарын зерделеп қарағанда біз Ұлы Дала елінің бүгінгі биігі тарих тағылымын ұғынудағы дара даналықтың да арқасы екенін анық көреміз. «Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы» екенін ескертетін, «Өткенге қарап ертеңінді түзе» деп өрелі биікке шақыратын Елбасының 2014 жылы жарық көрген тоғыз томдық «Таңдамалы сөздеріндегі» тарих туралы толғаныстарынан топтама үзінділер. Біздің ұлы мұратымыз – Мәңгілік Ел!

Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңінен тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды.

Хандықтың құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің кара шаңырағын атажұртта сақтап қалған қазақ.

* * *

Тарихи таныммен ұрпақ өседі, ұлттық сана қалыпта-сады.

* * *

Дешті Қыпшақты билеп тұрған Шәйбан тұқымымен ат құйрығын кесісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек.

* * *

Қазақстан тәуелсіздігі – ең алдымен ұлтымыздың ежелден бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі.

Азаттық рухы кең көсілген Арқадан кербез Алағауға дейінгі, алтын тамыр Алтайдан кәрі Каспийге дейінгі аралықта ұлан-ғайыр даланың ұлы өркениетін қалыптастырған батыр бабаларымыздың қайсар мінезінен оянған еді.

Керей мен Жәнібекке алғашқы Қазақ хандығын құрғызған да сол бостаншыл рух емес пе?

* * *

Қазақ хандығының дүниеге келуі бұрын Қазақстанның барлық аумағында өріс алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси үдерістердің заңды нәтижесі болды.

* * *

Алтайдан Атырауға дейін, Сыр бойынан Тобылға дейін созылған кең-байтақ далада XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы Ұлы далада бұрын-соңды болмаған ұлы мемлекеттердің заңды және лайықты мұрагері болып саналады.

* * *

Қазақ ұлтының бүгінгіге дейінгі қат-қабат тарихының мазмұны азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз,

сак, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі
Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

* * *

Халқымыздың қатпар-қатпар тарих қойнауларына
тамырын жайған, бірде қасіретті, бірде мейірбан тағдыры ұда-
йы тәуелсіздікке талпынумен өтті.

* * *

Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес. Ол едәуір
дәрежеде болашақтың да көрінісі.

* * *

Қазақстан тәуелсіздігінің тарихы әппақ парак бетіне
өздігінен түсе қалған жоқ, оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі
күнді түсініп-түйсіну және болашақтың дидарын көзге елестету
үшін біз өткенге көз жіберуіміз керек.

* * *

Бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін
болады.

* * *

Түркі көшпенділерінің әлем тарихында алар орны
ерекше. Сан ғасырлар бойында түркілер құрған империялар,
әу баста жаугершіліктің арқасында дүниеге келгенімен, бара-
бара едәуір дәрежеде өркениетті ендіруші рөл атқарды.

* * *

Қасиетті қазақ жері – ата-бабаларымыздың даңқты
тарихын атының тұяғымен жазып кеткен жер.

* * *

Тарихымыздың тереңдігі мен тұтастығына ешбір байыпты зерттеушілер бүгінде таласа алмайды.

* * *

Тарих – кім-кімнен де жоғары тұрған ұғым.

* * *

Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырынды, бүгінгі тұрпатынды танысың, келешегінді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың.

* * *

Тарих – өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі.

* * *

Халқының басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сөл жолда басын бәске тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих.

* * *

Қай заманда болсын тарих жолы тылсым да қатерлі. Біздің тарихымызда да өрлеу мен құлдырау кезеңдері аз болған жоқ, халқымыз талай тауқымет пен ауыртпалықты бастан кешірген қаралы, қайғылы шақтар да болды. Сонау бағзы заманнан осы күнімізге дейін дербес мемлекеттігіміз жолында қасықтай қанын, шыбындай жанын қиған ардақтарымыздың

ісі мен есімін орасан зор құрметпен еске алатынымыз тегін емес.

* * *

Тарих жолы қашанда тайғақ.

* * *

Шын мәнінде, түп шежіресі сонау түркілерден бас алатын қазақ халқы өзінің жер бетінен жоғалып кетпей, іргелі ел, жоралы жұрт қалпын сақтап қалғаны – оның еркіндік сүйгіш ерік-жігерінің, асқақ рухының арқасы. Осы жолда арғы-бергі замандарда орын алған бас көтерулердің, қозғалыс-көтерілістердің арқасы. Елі мен жері үшін жанын пида еткен боздақтардың арқасы.

* * *

Тарихтын ұлы қайда бағыт ұстап, шерлі шежіре парактары қанша аударылса да, мыңдаған жылдар бойы Еуразия атты қарт материк талай аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де, осы апайтөс құрлықтың дәл ортасындағы ұшы-қиыры жоқ Ұлы Даланы «үстінде көк аспан, астында кара жер жаралғаннан бері» мекен етіп келе жатқан халық әр кезде де Бостандық, Еркіндік, Азаттық ұғымдарымен өмір сүріп келеді.

* * *

Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы.

* * *

Қазақ халқы өзінің бауырмалдығымен, көрші халқына адалдығымен, құшағынын кездігімен және қонақжайлылығымен ежелден аты шыққан.

Бұл біздің ұлттық мақтанышымызды құрайтын асыл қасиет. Осы қасиеттің аркасында халқымыз мемлекет құраушы ұлт ретінде татулық пен келісімнің ұйытқысы болып келеді.

* * *

Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақшы.

* * *

Тарихтан тағылым алмағандар өтемін өз қанымен төлейді.

* * *

Тәуелсіздіктің тайғақ кешулі жолында алдымыздан шығатын асу-асу белдер де болады. Ұлттың ұлан асуында ұйытқи соғатын желдер де болады. Сол асу-асу белдерде белімізді талдырмауымыз керек. Сол ұйытқи соғатын желдерде ұлы мұраттарымызды ұмыт қалдырмауымыз керек. Нағыз тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындардың ғана қолы жетеді.

* * *

Өз тарихын сыйламаған, өзін де сыйламайды.

* * *

Біз алтын таққа отырған асқақ дәуірлерді де, өзгенің бодауында болған кер заманды да бастан кешкен елміз. Сондықтан халқымыз азаттық рухын терең сезініп, жан-жүрегімен түсіне біледі.

* * *

Біз тарихты ұғынуда дақа болуға және бұл тақырыпты саясаттандыруға жол бермеуге тиіспіз.

* * *

Тарихтағы өз орнынды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпыұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетінді қорлайтын жаттанды жалалардан арылу, міне, ұлттық тұтастыққа кеніл болатын бүгінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар!

* * *

Өз тарихың қаншалықты ащы болса да оған құрметпен қарау, менің ойымша, қазіргі кез келген өркениетті қоғамға тән болуы тиіс.

* * *

Тарихи сенімділік – біздің ұлы тірегіміз.

* * *

Тарихтың тағылымы біреу-ақ: ол ешқандай тағылым бермейді дейтін тұжырымға мен үзілді-кесілді қарсымын. Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды.

* * *

Шежіре – халықты біріктіруші, тұтастандырушы сипатта рөл атқаратын идеологиялық құрал.

* * *

Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс. Сондықтан да, біз тамырын тереңге тартып, тәуелсіздікпен бірге мәуесін жайған тарихи танымды ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет.

* * *

Жұртымыз халықтығына қатер, мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы құлға, тұлымдысы күңге айналғалы тұрған сын сағатта ағайын арасындағы бұрынғы өкпе-назды сыртқа сырып тастап, намыс туын котеріп, ардақ тұтқан азаматының төңірегін топтаса білген. Арғы-бергі тарихымызда оған мысал көп.

* * *

Қазақстан жерінде байырғы да төлтума өркениеттің өсіп-өркендегенін біз әрі мақтаныш, әрі таңданыс сезімде танып-біле бастадық. Қазақтың ұлан-байтақ қуаң даласы бір кездері Еуразияның ұлы кеңістігіне тіршілік ырғағын дарытқан. Көкжиекпен астасып, үнсіз мүлгіген бейіт-қорымдар әлемдік ауқымдағы оқиғалардың куәсі. Осы даладан бірде бейбіт, енді бірде жорық сапарымен қиянға аттанған бабаларымыз өзімен бірге талай елге жеткізген білім-біліктің кейін талай-талай айтулы жаңалықтарға тұғыр болғаны да белгілі.

* * *

Біздің ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді. Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныстапған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті.

* * *

Біздің тәуелсіздігіміздің, керек десеңіз, кез келген мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасу тарихы дегеніміз бұл тек қана қоғамдық-саяси қайта құрудың тарихы емес. Бұл – өмірлік құндылықтардың, тіптен өмірдің өз мәнін психологиялық қайта парақтаудың тарихы. Бұл – әлемдік өркениеттің құшағына халықтардың және біздің әрқайсымыздың қайта оралуымыздың тарихы.

* * *

Өткенге қарап ертеңді түзе.

* * *

Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады. Қазак халқының тарихындағы сондай киелі тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі – Абылай хан.

* * *

Біз аға ұрпақты абыройлы істерін одан әрі жалғап, бізден кейінгі ұрпақ жаңылмай жүретін жол саламыз. Бұл жол – тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлдену, өркендеу және даму жолы болды.

* * *

Өткеннің өкінішін айтқанда, елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алып, кемшіліктерден безе түсетіндей етіп айту керек.

* * *

Біз тойларды тарихтан тағылым алу, ұлылықтан ұлағат алу үшін өткізуіміз керек.

* * *

Тарих бізбен тоқтап қалмайды.

* * *

Жалпақ жұртыңды, ісі алашыңды құрметтеу – алдымен өзін тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады.

* * *

Қазақ ұлты, басқа қайі ұлтпен салыстырғанда да, мемлекеттікке лайық екендігіне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен дәлелдеп отыр.

* * *

Болашаққа бағытталса ғана тарих сабақтарының мән-мағынасы бар.

* * *

Бабаларымыз бізге туымызды биік, жүрегімізді таза, дастарқанымызды бай етіп ұстауды, осы дұрыс жолда өзімізге тиесілі, біз үшін найдалы еш нәрседен де бас тартпауды аманат етіп тапсырды.

* * *

Қазіргі тарихтың кестесі тым тығыз. Бұрын жүзжылдықтарға, онжылдықтарға созылған нәрсе қазір қас-қағым сәтке ғана созылады.

* * *

Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ.

* * *

Тарих сабақтарын жалпы алғанда, сондай-ақ мәдениет тарихының сабақтарын жеке алғанда, олар халықтың жан-жүрегінен орын алса ғана мән-мағынаға ие.

* * *

Қазақ халқының тарихы бай әрі күрделі. Біз тек өткенді тиісінше бағалап қана келешегімізді көз алдымызға елестете аламыз.

* * *

Тарих сол күннің сұранысына ғана сәйкес жазылса, оның тағдыры аяушылық тудырады.

* * *

Тарихты елдің азаматтары жасайды.

* * *

Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді.

* * *

«Көшпелілер мал жайып өткен жерінің бәрін өзіміздікі санай берген» дейтін сандырақты ғылыми түрде әшкерелеу шарт.

* * *

Тарихтың тағылымы бізден ел қамын ойлар естілікті тілейді.

* * *

Өткендердің кәдірін білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру – адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамудың, ілгері басудың негізгі алғышарттарының бірі.

* * *

Атадан қалғанның бәрі алтын емес.

* * *

Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық.

* * *

Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақстанның арғы-бергі тарихының ең ғибратты тағылымы, міне, осында.

* * *

Керей мен Жәнібек тіккен сол киелі Ту жығылған жоқ. Ол Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге аспан астында қалықтаған қырандай шырқау биікке көтеріле түсті. Сондықтан біз тәуелсіздіктің көк байрағын берік ұстап, егемендігімізді көзіміздің қарашығындай қорғауға тиіспіз.

* * *

Өткенге тағзым етіп, бабаларымызды еске алып, екі білегімізді сыбанып, алға қадам басып, жастарымызды тәр-

биелеп, еңбекқор, елді сүйетін, жерді сүйетін патриот халық болып өсе берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Авеста. Избранные гимны. Душанбе, 1990.
2. Азии в древние времена. Т.1-2.М.-Л., 1950.
3. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы 1-кітап.(Көне дәуірден біздің заманның ХІҮ ғасырына дейінгі кезең) Алматы: „Білім“, 2002-292 бет
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы:1994. -289 б.
6. Апполова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией 18 начале 19 в. Москва, 1960.
7. Әбдіжапар Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін). А., 1997.
8. Әбдуали Қайдар. Қанлы (тарихи шежіре), Алматы, 2004ж.
9. Әбдуали Қайдар. Қанлы (тарихи шежіре), Алматы, 2004ж.
- 10.Әбушәріп Сайран, Мәдуан Сейтқали. Қазақтар және түрік әлемі: мемлекеттіліктің бастаулары (Б.д.д. II мыңжылдықтың соңы мен б.д.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысы) - Алматы : "Баспалар үйі" , 2009. - 357 б.
- 11.Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. А., 2007.
- 12.Бабур Захир ад- дин Мухамеммед Бабырнама. (Орыс тілінен аударған Б Қожабеков.) Алматы., 1990 ж.
- 13.Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней
- 14.Бичурин Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан: Учебное пособие. Алматы, 1997.
- 15.Байпаков К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағанбетов Т. Қазақстан археологиясы: Оқу құралы
- 16.Бичурин. Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан. А.,1997, 57. 101-66.
- 17.Бичурин Н.Я. (Иакинф) «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена».С-Петербург,1950. 2 т.с.189-198.
- 18.Бан Гу. Батыс өңірі және үйсін мемлекеті. Шыңжаң халық баспасы.Үрімжі,1987,114б
- 19.Бичурин. Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан. А., 1997,57.101-66.
- 20.Бичурин. Н.Я. Средняя Азия и Восточный Туркестан. А., 1997, 57. 10-16.
- 21.Бейжанбайұлы Ж. Арғы түркітер ақиқатының ізімен. Алматы: „Қайнар“ баспасы, 2006-336 б
- 22.Бизаков С. Түркі әлемі. – Алматы, 1998
23. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Алма-Ата, 1962.
- 24.Геродот. История в девяти книгах. Л., 1972.
- 25.Гумилев Л.Н. Хұндар. А., 1998.
- 26.Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы: „Білім“ 1994. – 480 б.

27. Гумилев. Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия М., 1993.
28. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата, 1965.
29. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. А., 2003
30. Жолдасбайұлы Е. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. А., 1995
31. Жолдасбайұлы С. М.Х. Дулати және 15-16 ғ.ғ. қазақ хандығы А., 2000
32. Жакып Мырзаханұлының «Жұнго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер». Пекин. Ұлттар баспасы, 2 томдық, 1998-2002 жж.
33. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX начале XX веков. Алматы, 1996
34. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. Москва, 1983
35. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата, 1958.
36. Иллюстрированная история Казахстана. Т.1. А., 2001.
37. Ильминский. Н.И. Воспоминания об Алтынсарине. – Казань, 1891. 272 с.
38. Келімбетов. Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. А., 2005.
39. Кляшторный С., Султанов Т. Казахстан: летопись трех тысячелетий. А., 1992
40. Кюннер Н.В. «Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока». М., 1961. с.105.
41. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. Алматы: „Ана тілі“ ЖШС, 2004-344б
42. Қадырғали Жалайыр. Жылнамалар жинағы /Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мигулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. Алматы, 1997.
43. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1961
44. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. “Атамұра”. Алматы., 1996-2004.
45. Қазақстан тарихы . Очерктер. Алматы, 1993.
46. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-2-3-4-5 томдар А., 1996., 1998., 2002., 2010. Алматы “Атамұра”, 2010.
47. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1993.
48. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 1-

- том. Алматы. 2001. 296 –бет.
49. Қасымбаев, Ж. Қойгелдиев, М. т. б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. - 232 бет, суретті. ISBN 9965-33-633-4
 50. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. 1917 ж.). – Астана, 2004. – 184 б.
 51. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы. Алматы, 1995
 52. Мусин Чапай. Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.-бет 463.
 53. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1995.
 54. Маданов Х., Мусин Ч. Ұлы дала тарихы. А., 1994.
 55. Мусин Чапай. Қазақстан тарихы. Алматы: 2003.-бет 463
 56. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1995.
 57. Мұқаметқанұлы. Н. Үйсін мемлекеті жөнінде. //Егемен Қазақстан. №27 4. наурыз, 2004.
 58. Мусин Чапай. Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.-бет 463
 59. Материалы по истории Киргизов и киргизии. – Вып. I. – М., 1973.
 60. Моисеев В.А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке. Барнаул, 1998.
 61. Назарбаев Н.А. Тарих толқынында. Алматы, 1999.
 62. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. А., 2004
 63. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. А., 2003
 64. Отениязов Е. Аттила. А., 2000.
 65. Орта ғасырлардағы дүние жүзі тарихы. -Алматы: Атамұра, 2007.
 66. Страбон. География. В 17-ти книгах. Л., 1964.
 67. Сыма Цянь. «Тарихнама-Ши цзи, 110-т., Хұндар тарауы, 50-баян. Пекин, 1997, 733 б.
 68. Смағұлов. О. «Этническая география Казахстана». Алматы, Наука, 1977, 117-121 бб.
 69. Салғараұлы. Қ. Қытай деректері: атаулар мен терминдер. Астана, 2000ж.
 70. Салғараұлы Қ. Түрік әлемі „Тарихты қайта пайымдау“ Астана. Елорда-2000. – 476 б.
 71. Салғараұлы Қойшығара. Ұлы қағанат. – Астана, Фаилант 2008-552 бет.
 72. Салғарин Қ. Түріктер, жужандар. – Алматы, 1999.

73. Сарткожаұлы Қ. Орхон мұралары: тарихнамалық – деректанулық талдау. – Астана, 2003.
74. Султанов Т.М. Кочевые племена Приаралья в ХУ-ХУІІ вв. –М., 1982.
75. Смирновой О.И. ред. Семенова. А.А. Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т.І.кн. 2. /Перевод с персидского– М.,-Л., 1952.
76. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана. – Алматы, 2001.
77. Сапарғалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. Алматы, 1966.
78. Стенограмма Дискуссии по книге Бекмаханова Е.Б. «Казахстан в 20-40-е годы ХІХ века». А., 2005.
79. Таным тармақтары (қытай тарихшыларының көне тарихымыз жөніндегі пайымдаулары). А., 1998. 87 б.
80. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М., 2002.
81. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері Ғылыми танымдық мақалалар жинағы Құрастырушылар: Б.Ғ.Аяған., Х.М.Әбжанов., т.б.
82. Уалиханов Ш. Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. А., 1984-1985
83. Хрестоматия по истории Древнего мира. Т.2, М., 1951.
84. Хан -Шу, Ше-Иуй- Жуань (Ханьнаме. Батыс өңір шежіресі). ІІ бөлім; Прошлое Казахстана в источниках и материалах (Ү в, до н.э. ХҮІІІ в.н.э.). А. Т.1, 1938. с.19-20.
85. <http://kitap.kz/sugbat/entry/2014-06-24-09-37-19>
- 86.

АЛҒЫ СӨЗ.....3

I-ТАРАУ

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚ
ЖЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ**

1.1. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР
МЕН МЕМЛЕКЕТТЕР.....5

1.2. ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТАРИХЫ МЕН
ТАҒЛЫМЫ.....64

II ТАРАУ.

ҚАЗАХ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН
ҚАЛЫПТАСУЫ.....103

2.2. XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ МЕН XVIII ҒАСЫРДЫҢ
АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДАМУ
ҮДЕРІСІ.....116

2.3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ
ҚҰРАМЫНДА.....165

III-ТАРАУ

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
ОҚЫТЫЛУЫ МЕН НАСИХАТТАЛУЫ БАРЫСЫНДАҒЫ
ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
ТАРИХЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫМЕН
САБАҚТАСТЫҒЫ.**

3.1. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫҒЫҢ КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ОҚЫТЫЛУЫ.....	210
3.2. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН - ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУДЫҢЖАҢАКЕЗЕҢІ.....	257
3.3. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЛАЙЫҚТЫ НАСИХАТТАУ МЕН ОҚЫТУ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН МӨҢГІЛІК ЕЛ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ.....	295
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	343

Басуға 15.12.2015 ж.
Шартты баспа табағы 21,7
Пішімі 64x84 1/16
Rizo басылымы.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс № 38

050063, Алматы
Яссауи көшесі, 66 «а»
ТОО «Полиграфия-сервис и К^о»